


А 2015


1376 к

*Несінбек*  
АЙТҮЛЫ

—VII—



*Несінбек*  
**АЙТҰЛЫ**



**Шығармалары**

Жеті томдық



**VII**



*Мақалалар мен сұхбаттар*

**LIANT**  
БАСПАСЫ  
Астана-2015

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

А 32

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

А 32 **Айтұлы Н.**

**Шығармалары. 7 томдық.** – Астана: Фолиант, 2015.

ISBN 978-601-7568-35-1

Т. 7. *Мақалалар мен сұхбаттар.* – 592 б.

ISBN 978-601-302-222-2

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, көрнекті ақын Н. Айтұлының көптомдығының жетінші томына қазақ поэзиясының кезеңдік табысы мен ізденісін, сонымен бірге әйгілі қаламгерлердің шығармашылық табиғатын таразылап талдайтын мақалалары мен ұлтымыздың рухани әлемі, тағдыры, тілі, ділі, тәуелсіздіктен кейін қайта жаңғырған Алаш жұртының келелі мәселелерін бүкпесіз саралайтын сұхбаттары енді.

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-302-222-2

ISBN 978-601-7568-35-1

© Айтұлы Н., 2015

© «Фолиант» баспасы, 2015



МАҚАЛАЛАР



## ӨЛЕҢМЕН ЕРТЕ ӘУЕСТЕНДІМ

Біреулер атам немесе нағашым ақын деп жатады. Қазақтың қай баласының арғы тегі ақындықтан құралақан дейсің. Бәлен бабамда, болмаса түген нағашымда ақындық бар еді, маған солардан ауысты дей алмаймын.

Ойлап қарасам, мені ақындыққа алып келген – ең алдымен ақ бесігім тербелген туған тауым – Тарбағатай және өскен ортам – Шұбартау топырағы. Шұбартау – Шыңғыстаумен көршілес жатқан тау. Семей облысының шалғай аудандарының бірі. Абай ауылымен аралас, қойы қоралас ел. Абай дәстүрін үлгі тұтқан, көпті көрген көнекөз қариялары тыңдай білген құлаққа мол ғибрат құятын.

Үлкендерге үйірсек боп, ақсақалдардың аузына көп қарағыштағанымнан болар, мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде-ақ көп өлеңдерді жатқа білдім. Әсіресе қазақтың қара өлеңін... Сол кездері жаттағандарым әлі жадымда. Зады, кішкентай кезде санаға сіңген сөздер өмір бойы өшпейтін секілді.

Орта мектепті аудан орталығы – Баршатаста бітірдім. Біздің тұсымызда мектепте әдебиет үйірмесі жақсы жұмыс істеді. Әдебиет үйірмесіне аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакциясы тікелей қамқорлық жасап тұрды. Алғашқы өлеңім 1965 жылы «Балалық» деген атпен сол газетте жарияланды. Тырнақалды туындыларыма тыжырынбай қарап, ерінбей ақыл-кеңес берген сол кездегі газетте істеген алдыңғы ағаларым – марқұм Төлеуғали Есімжанов, Төлеубек Жақыпбайұлы, Тұрдыбек Ал-



шынбаев, Әбдікәрім Рахмановтардың еңбегін ешқашан ұмытуға тиіс емеспін.

Дәстүрсіз еш нәрсе жоқ. Біздің мектептегі әдеби дәстүрдің бізге дейін де мол жеміс бергендігін айтпасқа болмайды. Бұл күндегі қазақтың белгілі ақын-жазушылары Хасен Әдібаев, Мыңбай Рәшев, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғалиев, Төлек Тілеухановтар – осы мектептің түлектері. Бір мектептен мұнша қаламгердің шығуы – үлкен абырой. Өмірінде бір ақын, не бір жазушы шықпаған мектептер де толып жатыр ғой.

Бұл күнде жиырмадан астам кітаптың, отызға тарта поэманың, сексенге жуық ән-өлеңнің авторы атанып, қазақтың қабырғалы ақынының біріне айналсам, осы қасиетті алтын ұяның арқасы шығар.

Балаларға арнап жазу тарихым 1973 жылы қазақтың үлкен ақыны, жастардың қамқоршы ағаларының бірі Мұзафар Әлімбаевпен танысуымнан басталды. Бірер өлеңімді тыңдап болғаннан кейін: «Сен балаларға да жазып көрші, оңтайың бар секілді», – деді. Мен ертеңінде-ақ «бұрқыратып» бірнеше өлең жазып алып бардым. Балаларға өлең жазу онша қиын емес сияқты көрінді.

Ақын аға әлгі өлеңдерімді асықпай оқып шықты да, қызыл қарындашпен айқұш-ұйқыш сызғылай бастады. Қалауын таппаған, балалар ұғымына ауырлау сөздерді қадап-қадап көрсетіп, балалар өлеңінің қыры мен сыры туралы көп әңгіме шертті.

Балаларға арнап өлең жазу қиынның қиыны, ақынның ақыны ғана жаза алатын ауыр еңбек екенін сол күні анық сезінгендей болдым. Әрине, өлеңдерімді алып қайттым. Бірақ тауым шағылған жоқ. Аға тәлімінің арқасында бала үшін нені, қалай жазуға болатыны жөнінде шыңдалу мектебінен өттім. Артынан «Балдырған» журналына қызметке шақырылып, көп жылдар бойы балалар поэзиясының да ыстық-суығына араластым. Бұл жылдар мен үшін ыстық та қымбат...



## АУДАРМА: ӨРЕ МЕН ӨРІС

(Разылық та, наразылық та бар)

Уақыт талабына орай тереңге тамыр жайып, толыса түскен әдебиетіміздің көрікті бір бұтағы – көркем аударма, оның ішінде өлең аудармасы. Бұл күнде екі тілді тел емген қазақ оқырмандары үшін түпнұсқа мен аударма арасындағы айырмашылықты аңдау, аударманың көркемдік деңгейін, сапалылығын бағдарлау онша қиын емес. Егер аударма түпнұсқадан асып түсіп жатпаса да, соған жетеқабыл поэзиялық қуат таныта алмаса – қалың оқырманды риза ете алмасы белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда, аудармашыға қойылар талап деңгейі уақыт өткен сайын биіктей түсері сөзсіз. Тәжірибелі аудармашыларымыздың көбі түпнұсқадан алшақ кетпеген. Басқа тілдегі ақындық рухты, асқақ ойды, ыстық сезімді, терең мазмұнды қазақ тілінің көркемдік кестесімен қайта безендіріп, жаңаша жасандыра білген. Мысал келтірейік.

Сергей Есениннің жүзден астам өлеңі қазақшаланыпты. Оны Ғ. Орманов, Ғ. Қайырбеков, І. Мәмбетов, Т. Бердияров, Қ. Жұмағалиев сынды ақындар аударған. Көрнекті ақынымыз Ғ. Орманов жасаған аудармалар өзінің табиғилығымен, көркемдік бояуларының қанықтығымен, тілдік қуатының молдығымен ерекше көрінеді. Әсіресе түпнұсқа бойындағы ақындық рухты қазақ тілінің көркемдік қазанына төкпей-шашпай шеберлікпен котаруы майталман қалам қайратын бірден аңғартады.

С. Есенин:

*Я обманывать себя не стану,  
Залегла забота в сердце мгlistом.  
Отчего прослыл я шарлатаном?  
Отчего прослыл я скандалистом?*





*Не злодей я и не грабил лесом.  
Не расстреливал несчастных по темницам.  
Я всегда лишь уличный повеса,  
Улыбающийся встречным лицам.*

Ғ. Орманов:

*Өзімді-өзім алдаман,  
Жүгім көп түнек кеудемде.  
Неліктен болдым мен алаң?  
Неліктен болдым шерменде?*

*Тонаган жоқпын орманда,  
Атқам жоқ адам сорлыны.  
Жымиған жолыққандарға  
Көшенің мен тек содыры.*

Ғали Орманов аудармалары көбінесе тілге жатық, барынша табиғи қырынан көрініп отырады. Түпнұсқа тереңінде жатқан асылды түптей тартып, дөп басуы аударма әрін арттыра түседі. Шебер аудармашы қаламнан шыққан сәтті дүниелерге ден қоя отырып, кейбір тұстарда кеткен ақауларды да ескерткіміз келеді. Мысалы, «Бұзақы» деген өлеңнің мына бір тұсын алайық.

С. Есенин:

*Русь моя, деревянная Русь!  
Я один твой певец и глашатай.  
Звериных стихов моих грусть  
Я кормил резедой и мятой.*

Ғ. Орманов:

*Шіркін, Русь, **ағаш қолды!**  
Жыршы, жаршы менмін жалғыз.*





Өлеңімді асау долы  
**Асырағам беріп жалбыз (?)**

Әрине, «деревянная Русьтің» баламасы табылмаған, «ағаш қолды» деген қазақы ұғымға онша бауыр басып кетпей тұр.

«Өлеңімді асау долы асырағам жалбыз беріп» дегенде де тосаңдық бар, түпнұсқа тамырын дәл баса алмағандық сезіледі.

Қиыннан қиысар аудармашылық өнерде озық келе жатқан тағы бір аудармашы – Ғ. Қайырбеков. Оның аудармалары төл өнеріміздің қолтума туындыларындай мейлінше жатық. Әсіресе орыс табиғатының ұлы жыршысы, сезімнің құпия да тылсым тереңдеріне еркін бойлаған сыршыл С. Есенин жырлары қазақтың су төгілмес жорға тілімен еркін тайпалады.

С. Есенин:

*Были годы тяжелых бедствий.  
Годы буйных, безумных сил.  
Вспомнил я деревенское детство,  
Вспомнил я деревенскую синь.*

Ғ. Қайырбеков:

*...Өтті құйын жылдар ауыр  
Тартып аза күйлерін,  
Еске түсті қайран ауыл,  
Қайран сәби күндерім.*

Ғ. Қайырбеков аудармаларында «Парсы саздары» да сәуелелі шыққан. Зады, аудармашы өзі аударғалы отырған ақын творчествосының жүрек соғысын, сезім буырқанысын, ой ағысын анық сезінбесе, оның жақсы аударма тудыра алатынына сену қиын. Ғ. Қайырбеков С. Есенин поэзиясының өршіл ру-



хын өз бойына сол күйінде сіңіре білген. Оның үстіне ол қолына түскен өлеңдерді аударар бермеген. Көкейіне қонып, көңіл елегінен өткен дүниеге ғана талап қылған. Айтайық, «Сиыр» деген бес шумақ өлеңді жеті шумақ етіп аударған. Егер осы өлеңді шумағын сақтап аударатын болса, түпнұсқасындағы шалқар ой өзге тілдің ерекшелігінен туған қиындық шеңберінен шыға алмай, толық жетпеген болар еді. Осыны аңғарған аудармашы дереу басқа әдіске көшкен. Шумақ саны молайғанмен, мазмұнға қосылған бөгде сөз, бөтен ой жоқ. Ғ. Қайырбеков шеберлігінің бір сыры – түпнұсқадағы ойды солғындатпай, ақындық қуатпен жеткізе білуінде.

Біз А. Шамкенов аудармаларынан да тапқырлықты аңғара аламыз. Дегенмен, кейбір тұстарда үстірттеу кетуі бар.

С. Есенин:

*Молодая, с чувственным оскалом,  
Я с тобой не нежен и не груб.  
Расскажи мне сколько ты ласкала?  
Сколько рук ты помнишь?  
Сколько губ?*

А. Шамкенов:

*Жап-жассың сен, жанарыңа жәй қарап,  
**Жай таптым мен жақсы көрмей жақсы үнмен (?)**  
Айтшы маған, қанша адамды аймалап,  
Қанша еріннің шырын балын таттың сен?*

Рас, соңғы екі жол тәуір аударылған. Ал «Я с тобой не нежен и не груб» дегенді «Жай таптым мен жақсы көрмей жақсы үнмен» деп аударуы өлең бойына қонбай тұр. Тіпті, түпнұсқадағы мазмұннан алшақтығын былай қойғанда, қазақша ұғылмайды.



С. Есенин өлеңдерін аудару барысында Қ. Жұмағалиев қаламы да шеберлік танытқандығын айтуымыз керек. Мазмұн мен түрді жымдастыруға ұмтылып, түпнұсқа деңгейінен төмен түспейді.

С. Есенин:

*За темной прядью перелесиц,  
В неколебимой синеве,  
Ягненок кудрявый – месяц  
Гуляет в голубой траве.*

Қ. Жұмағалиев:

*Шарасы көктің жарқырай  
Тұр сүзіп орман қойнауын.  
Қошақанға ұқсап алтын ай  
Жұр кезіп аспан жайлауын.*

«Гуляет в голубой траве» дегенді «аспан жайлауы» деп қазақы ұғыммен беруі өте сәтті шыққан.

Александр Блок С. Мәуленов пен Ж. Қыдыров өлеңдерін аударған. Сан қырлы, күрделі ақынды қазақша сөйлету үшін мол тәжірибе, үлкен ақындық ауқым керек екені белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда, А. Блок өз аудармашыларын тапқан. Ұлы ақынның шоқтықты бір шығармасын – «Он екі» поэмасын С. Мәуленов түпнұсқадағы стиль ерекшелігін сақтай отырып, тамаша аударып шыққан.

Аударма мен түпнұсқаны салыстыра оқи жөнелгеннен-ақ аударма көркемдігінің жарқын қырларын танимыз.

Ізденімпаз ақынымыз Ж. Қыдыров аудармалары да өрнектілік танытады. Аударма өнерінің қыры мен сырына біршама қанықтығын байқатады. Терең философиялық, сұңғыла



ойлы, күрделі тілді А. Блок өлеңдерін аудару – қиынның қиыны. Сондықтан түпнұсқа деңгейінен шығу үшін кез келген аудармашыға іздену, ұзақ толғану ең қажетті шарт болмақ. Мазмұннан алшақ, ұйқас ырқында кетушілік Ж. Қыдыров аудармаларында шаң береді. Айтайық, «Ақындар» деген өлең аудармасының кейбір шумақтары көңілден шықпайды. Өз оңтайына онша келіңкіремейтін осы бір өлеңді аудармашы былай сөйлетеді.

А. Блок:

*Напрасно и день светозарный вставал  
Над этим печальным болотом:  
Его обитатель свой день посвящал  
Вину и усердным работам.*

Ж. Қыдыров:

*Бұл жерге күн бекер нұрын құяды  
Азаннан кешке дейін әңгіме есіп (?)  
Араққа тояды екен тұрғындары,  
Сосын... жұмыс істейді өліп-өшіп.*

Ақыңдық төгілмелі тілмен, білгірлікпен, байсалды аударылған ендігі бір дүние – Ф. Тютчев өлеңдері. Ол талантты ақын З. Шүкіров қаламы арқылы туған тілімізде қанат қақты.

Ф. Тютчев:

*Как ни гнетет рука судьбины,  
Как ни томит людей обман,  
Как ни браздят чело морщины  
И сердце как ни полно ран;*

*Каким бы строгим испытаньям  
Вы не были подчинены, –*





*Что устоит перед дыханьем  
И первой встречей весны!*

### 3. Шүкіров:

*Көңілді қай алдамшы қалдырмайды,  
Азаптап уысында тағдыр-дағы,  
Тілгілеп тарам-тарам бетіңді әжім,  
Жүрекке неше жара салдырмады.*

*Қатал сын талқысына түсіп көрдік,  
Қиындық неше есіңнен тандырмады –  
Түк те емес оның бәрі, бір жұтқан шақ  
Хош иісі жас көктемнің алдындағы!*

Осындай аудармалар оқырман көңілінен шығары анық.

Сырлы сезімге, өрелі ойға бай тағы бір ақын А. Кольцов поэзиясының басты бір ерекшелігі – әуезді ойнақылығында, әнге бейімділігінде. Кольцовты Ә. Дүйсенбиев пен А. Асылбеков аударған.

Ә. Дүйсенбиев аудармалары өзіндік көркемдік қырларымен көзге түседі. Түпнұсқа ерекшеліктеріне көңіл бөле, іздену бар. Солай бола тұрса да, «Келші маған» деген өлеңінің мына бір жері жаңсақ аударылған.

А. Кольцов:

*Приди ко мне, когда весь я,  
В любовные думы погружаюсь  
Когда, красавица, тебя  
Нетерпеливо ожидаюсь.*

Ә. Дүйсенбиев:

*Келші маған, ойлар меңдей  
Махаббатқа табынғанда.*







### **Бір өзіңді ару мендей (?)**

*Сарылып бір сағынғанда.*

Түпнұсқада жігіт тарапынан айтылған тілек аудармада қыздың аузынан айтылып кеткенін аудармашы абайламаған.

Рас, түпнұсқада өлең табиғаты бір тілден екінші тілге алмасу процесінде кейбір қажетті өзгешеліктерге ұшырауы сөзсіз. Белгілі бір детальдар алынып тасталып, тың бояулар қосылатыны рас. Алайда аудармашы тарапынан қосылған жаңа сөз, жаңаша мағына түпнұсқадағы «құрбандыққа шалынған» негізгі ойдың, бастапқы мазмұнның төлеуін артығымен өтеуі тиіс. Осы орайдан келгенде, А. Асылбеков аудармаларында біраз олқылықтар орын алған. А. Кольцовтың «Шаттық шақ» деген жігерге толы, қызулы өлеңі А. Асылбеков аудармасында сәтті шықпаған.

А. Кольцов:

*Дайте бокалы!*

*Дайте вина!*

*Радость – мгновенье.*

*Пейте до дна!*

А. Асылбеков:

**Әкел кесені (?)**

*Толы шарап.*

**Кетсін кеселі (?)**

**Тәнге тарап (?)**

Біріншіден, «бокалды» «кесе» деп алуы онша қонымды емес. Екіншіден, түпнұсқадағы өрлік, жалын қайда? А. Асылбековтің өз жанынан қосқан соңғы екі жолы Кольцов өлеңінің құнын арттырып тұр ма? Әрине, жоқ. «Радость – мгновенье» дегенді



ең болмағанда «Қуаныш – бір сәттік» деп жолма-жол аударма жасағанның өзі де дұрыс сияқты. Әрі қарай...

А. Кольцов:

*Громкие песни  
Гряньте, друзья!  
Пусть нас веселых  
Видит заря!*

А. Асылбеков:

*Достар, айтайық  
Асқақ әнді.  
**Көріп қайтайық (?)**  
**Алтын таңды (?)***

Аударманың жасықтығын былай қойғанда, аяққы екі жолы дұрыс аударылмаған. Дұрысы – «біз таңды көріп қайтайық» емес, «таң бізді көрсін» ғой. Соңғы шумаққа келейік.

А. Кольцов:

*Ну-те ж все разом  
Выьем до дна!  
Пусть нас веселых  
Видит заря!*

А. Асылбеков:

***Тартып тамсансын (?)**  
**Кесе түбі (?)**  
Бізді қарсы алсын  
Таңның нұры.*

«Тартып тамсансын кесе түбі» дегені түсініксіз-ақ.



А. КОЛЬЦОВ:

*Ты помнишь, друг мой, с юных лет  
С тобою мы росли, резвились,  
И что на мысли ни придет,  
Мы всем доверчиво делились.*

А. АСЫЛБЕКОВ:

*Есіңе алыш, ең ыстық  
Өспеп пе едік **жаста бір** (?)  
Бөгелместен бөлістік  
**Ой оралса басқа бір** (?)*

Бұнда да аударманың асығыстығы атойлап тұр. Мысалға алынған шумақтың алғашқы екі жолының баламасы қазақ өлеңінде бар екенін аудармашы ескермеген. Қазақ «кішкентайдан бірге өскен құрбым едің» демей ме? Ал соңғы екі жолы да жүдеу аударылған. Сөзбе-сөз айтқанда «бір-бірімізден сыр бүкпедік» қой. Түпнұсқаның рухын, бояу, мәнерін жеткізе алмау – А. Асылбеков аудармаларының елеулі олқылығы.

Әдеби шығармашылығымыздың осы бір өзекті саласына сергектікпен қарап, талап тізгінін берік ұстайтын уақыт жеткен сияқты. Қалам қарымы жетпейтін, ақындық өресі төмен, аударма табиғатын түсінбейтін, тәжірибесі аз авторларға ұлы ақындарды аударуды тапсыруда сақтық қажет-ақ. Аталған ақындар өлеңдері түгелдей дерлік төрт аяғынан тең басып аударылды дей алмаймыз. Әлі де болса кең толғанып, өлең аудармасының көркемдік көкжиегін барынша кеңейте түсуіміз қажет.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
13 қаңтар, 1978 жыл*



## ЖАС АҚЫНДАРДА ЖАҢАЛЫҚ БАР МА?

Алуан әуенді, алуан бояулы поэзия табиғатының тылсым құпияларына терең барлау жасап, төл поэзиямыздың кешегісі мен бүгінгісіне жіті назар салып, толғай топшылап, аға буындардан арна салған даңғыл дәстүрлерді дамыта, түрлендіре түсу – бүгінгі жас ақындарға тән үлес. Табиғат сыйлаған талантқа ғана тояттап, ізденіс тізгінін ерте босатып, алыс-жақынға көз салмау – томаға-тұйықтыққа апарып соғары анық. Жастар творчествосы ізденіс, үйреніс үстінде өсуге тиіс.

Жас ақындар көп, алайда барлығы бірдей өз үнін тауып, өз қолтаңбасын танытып, айқындалды дей алмаймыз. Дегенмен, жастар поэзиясы хақында кең толғанып, кеңесіп пішетін толғақты да түйінді мәселелер жоқ емес. Өкініштісі сол, көбіміз ағымыздан жарылып: жақсыны – жақсы, нашарды – нашар, жаңаны – жаңа, ескіні – ескі деп жұрт алдында кесіп айтуға, талқыға сап, ащы шындықты ашып айтуға батыл қадам жасай алмаймыз. Алда-жалда ащы сын айтыла қалса, әділ сынды мойындап кемшілігімізді түзетуімізден гөрі, сыншының жолын күзетуіміз көбірек. Әсіресе біздің жастар жағында осындай осал әдеттердің бар екенін жасыруға болмайды. «Сын шын болсын, шын сын болсын» деген Әуезовтік принципті көбіміз ұстана бермейміз.

Қазіргі жастар поэзиясын сөз еткенде ауызды қу шөппен сүртіп, жауырды жаба тоқу мүмкін емес. Жетпісінші жылдар поэзиясының лықсып келген тасқындай өзіндік тегеурін, жаңа тынысы бар. Алыстан шаң берер талантты жастар тобы қаншама! Әрқайсысының нақыш-өрнегі, талант тұғыры, тақырып өрісі, бағыт-бағдары айқындалған: Темірхан Медетбеков, Күләш Ахметова, Дәуітәлі Стамбеков, Жарасқан Әбдірәшев, Ұлықбек Есдәулетов, Нүркенже Хасенов, Зейнолла Тілеужанов, Тынышбай Рахимов, Кеңшілік Мырзабеков, Ерлан Бағаев.





«Жалын» баспасынан өткен жылы жарық көрген бірқанша жинақтардан жас ақындарымыздың үрдіс ізденіс, үнемі талпыныс үстінде екендіктерін айқын аңғардық.

Жиырмасыншы ғасыр ақынына тән тереңдікпен тұңғыық философиялық ойларға бойлау, дәуір биігінен үн қатып, адамзат тағдыры туралы буырқана толғанып, түбірлі шығармалар тудыруға талаптану – ортақ міндет. Жоғары идеялы, адам жанының қат-қабат психологиялық қалтарыстарын аша түсетін сыршыл да сезімтал, ойлы да өрнекті шығармалар қажет-ақ. Отанды қорғау, советтік патриотизм тақырыбын бүкіл адамзат тағдырымен ұштастыра, көркемдік биікке көтере жырлау жас ақындарымызда әлі де солғындау. Әлемдік поэзияның көкжиегіне көз тастамау, ауыл айналасынан алысқа ұзамау – енжарлық.

Әдетте тақырып бар да, оны жырлау бір басқа. Отан, туған жер, туған ел, жастық, махаббат, т.б. дағдылы тақырыптар төңірегінде жас авторлардың көпшілігі сөз қозғапты. Жинақтарды оқу үстінде әрқайсысының өзінше айтсам, өзгеше айтсам деген талпынысын сезіндік, алайда қанша тамаша айттым, жаңаша айттым дегенмен де тақырыптардан таптаурындық табы аңғарылады. Тосын талпыныстарға барып, тыңнан жол салу байқалмайтыны қынжылтады.

Талантты жас ақындарымыздың бірі Нармахан Бегалиев екінші кітабын «Жиде жұпар шашқанда» деп атапты. Нармахан – кестелі өлеңдерімен көптің көкейіне орныққан автор.

*Жарқылдап жүріп семсердей сертке қайралған,  
Өз басын емес, халқының қамын ойланған,  
Шын айтқаны үшін дарға да талай байланған.  
Сол адам өзі сұраған емес атақ-даңқ,  
Сен үшін қайтпай қалды ол қанды майданнан.*





Коммунист жөнінде сөз қозғау – кез келген қалам иесіне үлкен сын, биік асу. Коммунист тұлғасындай дара, коммунист қайратындай берік, коммунист жүрегіндегі жалынды жыр тудыру үшін ақындық қуат, шамырқанған шабыт керек. Жас ақынның қабырғалы тақырыпта қалам сілтеуі құптарлық. Амал не, өлеңнің өн бойынан тосын жаңалық, таңғаларлықтай тапқыр жолдар ұшыраспайды. Тақырып көтеріп тұр демесек, көркемдік бояуы солғын дүние. Тілдік құрылымы, сөздердің құйылысында тұтастық жоқ. Ақынның «шындық» деген сөзді буынға сыйдыра алмай, «шын айтқан» деп белінен сындыру нысанадан ауытқытып тұр. «Дарға байланған» деуін де тілдік ізденіске жатқыза алмаймыз. Дегенмен, кітапта сүйсіне оқып, көңілге тоқырлық өлеңдер баршылық. Соны теңеулер, бейнелі тіркестері мол. «Мұса Жәлел» туралы өлеңінде:

*Қаймықпаған қорғасын борасыннан,  
Сенсің дар – ажал ағашынан.  
Ескерткіш боп маған бүгін қарайсың  
Қаз омырау Қазанның қаласынан, –*

дейді.

Мұнда да алынған екі жол соңғы екі жолға көркемдік тұрғыдан теңесе алмайды. «Қорғасын борасыннан» деуі ұйқас үшін болмаса, ұтымды емес. Қайта «борасын» деген сөз өлеңді әлсіретіп тұр. Боран деп алса бір басқа. Тіпті, үңіле қарасақ, алғашқы жол мен екінші жолдың арасында логика жоқ. Өлеңді өлең етіп тұрған – соңғы екі жол. «Қаз омырау Қазан» дегенінен ақындық алымдылығын, қалам қарымдылығын танимыз. Жалпы Нармахан өз творчествосына өзі жанашырлықпен қарауы керек.

Аталмыш тақырыпқа жас ақын Тұрсын Жұртбаев та қалам тербеген екен. «Мұса Жәлелдің дар алдындағы сөзі» деп аталатын өлеңінен қаһарман ақын рухының үні естілгендей әсер етеді.





*Жыр қайғысымен жасты төгермін,  
Жүрек етімді иттер талар мың.  
Қалам майрылса, тасқа егермін,  
Қажет етсеңдер, қанға малармын.*

Тұрсын творчествосының негізгі өзегі – бейбітшілік, бос-тандық үшін күрес. «Хиросима қасіреті» атты топтамасында жас ақын қаламының қарымдылығы байқалады. Тақырып ауқымдылығының кеңдігі, формалық ізденістері, философиялық толғамдары болашағынан үміт күттіргендей. Рас, кейбір тұстарда сыршыл боламын деп, айтар ойын сұйықтатып алатыны бар.

*Жамырапты бұзаулар сай жаққа өтіп,  
Отырған ем Иса Байзақовты оқып, –*

деген сияқты жолдар ұтқырлықтан ада. Тілге тұтқыр.

Бірінші кітап – автор үшін бірегей сын. Беташарыңмен қалың оқырманды баурай алмасаң, келесіде «жаулай» алмайсың. Тұрсынның тұңғыш жинағы «Қоңыр қаздың» оқырмандар көңілінен шығары даусыз.

Зады, ақынның ақындығын тану үшін бір өлең де жеткілікті. Он кітабын оқысаң да, жадында бір сөзі қалмайтыңдардан сақтасын!

*«Бейбітшілік» – біз жаттаған тұңғыш жыр,  
Сыңар қолмен жазып берген мұғалім;*

немесе:

*Кәрі жердің құлағында тұр бүгін  
Сонау жылғы жетімдердің гимні!*





Жас ақын Ғабиден Құлахметов «Көзімнің қарасы» атты тұңғыш жинағында осындай тосын даусымен елең еткізеді. Бейбітшілік жайында қалам тербемеген ақын кемде-кем. Ғабиденнің бейбітшілік туралы өлеңі аталмыш тақырыпта жазылған сәтті өлеңдердің қатарынан орын алары анық. Әлдекімдерше жалаң ұранға басып, даурықпалыққа бой ұрмайды. Образды да ойлы сөйлейді. «Бейбітшілік – біз жаттаған тұңғыш жыр, сыңар қолмен жазып берген мұғалім» деген жолдардың астарынан қаншама алапат күндердің кейпі бой көрсетеді. Жас ақынның кемшілігі сол – жасанды сағыныш пен көне суреттерге көбірек бой ұруы басымдау екен. Кешегіні жырлау керек, бірақ бүгінгі күннің тынысы сезілетін болсын.

Көпжасар Осмағамбетов те поэзия босағасын жаңа аттапты. «Хат» – алғашқы жинақ. Жас ақын жырларында асып-тасып төгілген арын, алып қашқан дарын болмағанымен, төселген, тәжірибелі қалам табы бар сияқты.

*Дөңбекшіп жатып күркіреп,  
Теңізге жалғыз түстім де,  
Дауылдан асқақ жыр тілеп,  
Отырдым толқын үстінде.*

Өлеңді оқи жөнелгенде ақын жанының алапат арпалысын суреттейтін «сұмдық» өлең болар деп ойлайсың. Амал не, сәтті басталған өлең сәтті аяқталмаған. Жас ақын келесі шумақтарда «ананы көрдім, мынаны көрдім» деп құрғақ қақпақылдауға ұрынады.

Жалпы Көпжасарда, кейбір жалт еткен жеке шумақтар болмаса, творчестволық терең тыныс, ізденіс ізін танытарлықтай тегеурін байқалмайды.

Ал Бақтыбай Айнабековтің «Арманым менің» деп аталатын алғашқы жинағында біршама тәуір өлеңдер кездеседі.



*Ару күннен алатын мол шұғыла,  
Мен құмармын теңіздің толқынына.  
Әттең, мұрша келмейді,  
Сахараға  
Қысып алып кетер ем қолтығыма.*

Бақтыбайда тақырып тараңдығы, пікір таяздығы сезіледі. Ізденіс аясын кеңітіп, әлеуметтік арналы ойларға құлаш ұрса, күйі келетіндей.

Қабылхан Күзембаев – жұмысшы ақын. Заводта істейді. «Жыл құсы» – оның екінші кітабы. Қабылхан жөнінде кезінде Қ. Бекхожин, Қ. Мырзалиев сынды үлкен ақындарымыз жылы пікір білдірген еді. Алғашқы жинағы да оқырмандар тарапынан жақсы баға алған болатын.

Жас ақынның тілі шұрайлы, айтар ойы құнарлы. Жадағайлыққа жақын бармайды. Әр өлеңін «мың ойланып, жүз толғанып» жазатын, өз творчествосына барынша жауапкершілікпен қарайтын автор. Сөз сайламдарынан сонылық, салмақтылық сезіледі.

*Найзағайы тұра алмас  
Бұлттан нөсер дауламай.  
Мұнара шың, мұнар бас  
Таулар, таулар, таулар-ай!*

Жақсы өлең. Бір сөзін де алып тастай алмайсың. Алайда Қабылхан да кемшіліксіз емес. Ғабиденге тән олқылық бұған да тән. Әсіресе тақырып жаңалығы аз. Өлеңдерінен бүгінгі күннің келбеті толық бой көрсете бермейді.

Аманқос Ершуов кезінде баспасөз беттерінде тәуір өлеңдерімен көңілге ұялаған.

*Ақ бұлттар, қара бұлттар, ала бұлттар,  
Адам түгіл, аспанда алалық бар.*





*Біреуде жас та болса даналық бар,  
Біреуде қарт та болса шалалақ бар, –*

деп келетін жақсы өлеңі күні бүгін жадымызда.

«Шырқау» жинағы да бас-аяғы жинақы, ақынның мол мүмкіндігінің барлығына куә.

*Кім айтар саптан шығып қалды ғой деп,  
Сендерге тоғысатын барлық ой кеп.  
Ассалаумағалейкум, армысыңдар,  
Әкемнің жолдастары қанды көйлек! –*




деп көсіліп-көсіліп алады. Жас ақынның публицистикалық көтеріңкі лепке, қысылып-қымтырылмай, еркін сілтейтін арындылығы ұнамды.

*Төбемнен қара бұлтын төндірердей,  
Кейбіреу шаттығымды келді көрмей.  
Садақтың жебесіндей жел сөздерге  
Болаттай қатып қалдым, белді бермей, –*

деуінен пікірімізге тиянақ тапқандаймыз.

Осы бір жақсы нышанды жас ақын Исраил Сапарбаевтың «Раушан ғұмыр» жинағынан да ұшыраттық. «Чили – менің жыр, әнім» топтамасынан дүние тағдырын ойлап, мазасызданған ақын жанының күйінішін көреміз. Әрине, жас ақын атақты М. Мақатаевтың «Чили – шуағым менің» поэмасына еліктеген. Алайда Исраилдың өз өрнегі, ой ағысы бар.

*Әділет үн!  
Арыңды қорға мәңгі!  
Сор қамалды –  
Талқанда тор қамалды!*

*Босат анау бұгаудан боздақтарды,  
Алғы шепте алып шық Корваланды!*

Сондай-ақ, жинақтағы «Табиғат – біздің анамыз» деп аталатын топтама өлеңдерден де тың леп, соны сырлар естиміз.

Жас ақындардың бірін бірі оқып, қадағалап жүруі абзал. Жастар бірін бірі жете біле бермейтін тәрізді. Сүлесок, үстірт қарайтын кездері де жоқ емес. Осыдан барып қайталаушылық, біреу айтқан ойды екінші біреу тағы айтып, таптаурын ету белең алады. Мысалы, талантты жас ақын, марқұм Дүйсенхан Нақымовтың бұрынғы жылы жарық көрген кітабында мынандай шумақ кездеседі:

*Айналып кең өлкемді шыркөбелек,  
Өтсем деп ем бәріңді күнге бөлеп.  
Шөл далада құлпырған жалғыз гүлдей,  
Жалғыз менің бақытым кімге керек? –*

десе, Израил осы мазмұнда:

*Менің қайғым бір басқа,  
Мүлде бөлек.  
(Адам өмірін өспейді күнге бөлеп).  
Жердің жаны жарақат ап жатқанда,  
Жеке бастың қайғысы кімге керек?! –*

дейді.

Біз Израил Дүйсенханнан көшіріп алды немесе оған еліктеді деп отырғанымыз жоқ. Израил ол өлеңді оқымауы да мүмкін, екі ақынның бір жерден шығып жатуы – бар нәрсе. Дегенмен, жастар бір-бірін жете білген болса, кейбір ұқсас ойлардан алдын ала қашқан болар еді.



Әбен Дәуренбеков – сыршыл да нәзік, майда қоңыр үнді ақын. «Мөлдір тамшы» деп аталатын жинағынан жас ақынның тілді жақсы білетіндігін аңғардық.

*Бойды кернеп жаңа ағын,  
Әнімді айтып жұрт білген,  
Салқынбелдің самалын  
Сағынышпен жұттым мен.*

*Адамдары жаны құт,  
Айнымаған ақ гүлден.  
Ақ сәулесін жамылып,  
Ат шалдырып жаттым мен...*

Сөз қолданысында, ой иірімдерінде, әуен ырғағында көрнекті ақынымыз Ғ. Орманов поэзиясының сарыны бар. Бұл – жақсы нышан. Еліктей отырып, өз жолын тапса, нұр үстіне нұр. Алайда Әбеннің кейде өзін-өзі қайталауы көңілге қонбайды.

*Салқынбелдің самалын  
Сағынышпен жұттым мен (41-бет);*

*Сарытауға шықтым,  
Сары самал іштім,  
Сары самал жұтып жаттым мен (43-бет).*

Махмұтбай Әміреев «Қызыл жыңғыл» деген жинағында біраз тәуір өлеңдермен көзге түседі. Туған жер табиғатын, Сыр бойының тіршілік-тынысын, еңбек адамдарының жан дүниесін жырға қосады. Өлеңдерін көбінесе нақтылыққа құрады. Ұтымдысы – сол. Әсіресе ән текстіне келгенде қаламы жүрдек. Солай бола тұрса да, Махмұтбайға көп ізденіп, көркем





ойға құлаш ұрып, тереңге бойлай түсуі керек. Жарқ-жұрқ еткен тапқыр жолдар, айыз қандыратын өрелі өлеңдер жоқ.

Шабыт шамасы, мазмұн, мәнері әр түрлі біраз ақындарды сөз еттік. Осыларға қарап отырып, қазіргі жастарымыздың «өлең жасай алатындығына» көзіміз жетті. Өлең техникасын бәрі де жетік меңгерген. Енді бүкіл дәуір тынысын, бүгінгі сан салалы күрделі өмір құбылысын танытарлықтай терең философиялы, кесек тұлғалы, кең қанатты, жаңа формадағы шығармалар жазуға талпынатын уақыт жеткендей...

*1979 жыл*





## ӨЛЕҢ ӨЗЕГІ – ӨМІР

Қазақ жырының көркемдігі үшін күресіп келе жатқан ізденгіш ақындарымыздың бірі – Сағи Жиенбаев. «Жазушы» баспасынан өткен жылы шыққан «Іңкәр дүние» – Сағи лирикасының ең таңдаулылары, творчестволық қаймағы. «Іңкәр дүниенің» ішін аралағанда ақын әлемінің әсем табиғатына қаныға түстік. Поэзияның адам жанын тербететін әсеріне бөлендік. Өлең өлкесіне келгеннен бастап, өз әуенінен жаңылмай, балбұлақтай мөлдір жырларымен қалың оқырманын сусындатып келе жатқан ақынның өсу, өрлеу, кемелдену кезеңдеріне қызыға қарадық.

*Бөлмеймін сені, байтағым,  
Теңіз деп,  
Тау деп,  
Дала деп...  
Жайлауға шығып қайтамын,  
Жамылып түнді қаракөк.*

Ақын кеңдікке, тұтастыққа құлаш ұрады. Байтақ әлемді алдына алып әдилегісі келеді. Туған Қазақстан туралы осы жырдан үлкен жүрекке тән жылылық ескендей. Қазақстан туралы қалам тартпаған ақын жоқ. Әркім әрқалай жырлады. Ал Сағи өлеңінің өрнегі өзгеге ұқсамас өзіндік ерекшелігімен дараланады.

Ақын творчествосына тән басты қасиеттің бірі – ой тереңдігі. Нені жырласа да биік тұрғыдан сөз алып, философиялық тереңдікпен жеріне жеткізе жырлайды. Сезімталдықпен дүние жүрегінің нәзік лүпілін жіті аңғарады. Адам рухын асқақтатар асқар ойларға қанат қағады.

*Әженің жайлы арқасы,  
Секілді мамық құс төсек.*





*Жабысып,  
Қолдар айқасып,  
Ертеден кешке түспеуші ек...*

*Шешеге бір сәт ұнамай,  
Түнере қалса бұлт келіп,  
Әженің бауыры –  
Ұядай,  
Кетуші ек соған зып беріп.*

Кімнің де болса жүрегін шым еткізіп, жан түкпірін жаңғыртып, ыстық сағыныш күрсінісіне түсіретін осы бір өлең адам өмірінің көрген түстей қызықты шағын, балалық дәуреннің қайталанбас күндерін көз алдыңызға келтіреді. Бір қарағанда көзге дараланып, көңілге саралана қоймайтын қарапайым тіршілікті Сағи ақын самғата жырлайды. Өмір философиясына айналдырады.

*Ақ әжем –  
Асқар тауымдай.  
Шуданы тастап шумақтап,  
Жататын оның жанында  
Боз ала бұлттар будақтап.*

*Болмайтын қаяу,  
Кіршік те,  
Жатушы ем мен де жайланып,  
Үйірген әжем ұршықпен  
Дүние қоса айналып...*

Боз ала бұлттай бұрқырап жатқан шуда мен ұршықпен қоса айналған дүние дегені тамаша емес пе?! Қуатты поэзия осылай болмақ.



Бауырын жерден көтермей, қарабайыр баяндауға салынып, көз алдынан өткен құбылыстың бәрін талғамай өлең өрнегіне түсіре беру – Сағиға жат. Әр өлеңін көкірек қазанында әбден қайнатпай сыртқа шығармайтын сырбаздық талант деңгейінің биіктігіне байланысты.

Таңдамалы кітап – кез келген ақынның творчестволық жолы, поэтикалық ғұмыры. Бал балалық, бозбала шақ, жалынды жиырма бес, ойлы отыз, кемел қырық – бәрі-бәрі әр дауыспен, әр мінезбен әр қырынан көрінеді. Ақынның қуаныш-күйініші де, арман-үміті де осында. Балапан балалықты әжесінің құс төсек-арқасында бастаған ақын сұрапыл соғыс ызғарын жүрегімен сезініп, көзімен көрді. Сол бір бақыты мен бейнеті бірдей ауыр жылдар бейнесі С. Жиенбаев жырларында өшпестей із қалдырған. «Сүт туралы баллада», «Оң аяқ», «Хат», «Асықтық сауық тойларға» сынды өлеңдер ақынның осы тақырыпты аса шеберлікпен жырлағандығына куә. Кітаптың алғы сөзіндегі көрнекті ақын аға Қуандық Шаңғытбаевтың: «Жалпы Сағидың соғыс жылдарына арналған өлеңдері қазіргі Одақ көлеміндегі поэзиямыздың үздік үлгілерінің сапында өз орнын тапты десек, мұнда ешқандай асыра сілтеу де, артық мақтау да жоқ екендігінде талас болмасқа керек», – деген әділ бағасына толық қосыламыз.

Бұл пікір ақынның тек соғыс тақырыбына арналған өлеңдеріне ғана емес, жалпы творчествосына да қатысты. Балалық шақты байыпты жырлаған ақын жас дәуренін де жарасымды оймен өрнектейді. Өз ғұмырының қызығы мен туған даласының табиғатын тұтастыра суреттей, жыр сарайын тұрғызады.

*Батамын ойға не түрлі  
Кеудеме көк пен жер сыйып.  
Шалғындар сипап бетімді,  
Башпайым басын жел сүйіп.*



*Даламның алақанында  
Жатамын бір сәт дамылдап.  
Үйіріліп құстар маңымда,  
Үстімде бұлттар мамырлап.*

Міне, дала тірлігі, дала көркі, дала мінезі ақын жырында осындай үйлесім табады. Туған дала, өскен ауыл босағасынан басталған жыр көші бірте-бірте алыс көкжиектерге сапар шегіп, қиырларға көз тастайды.

Ақынның тақырып аясы кең. Жолсапар жырларының өзінде де шынайы толғаныс, шиыршық атқан шабыт бұлқынысы бар. Жадағай жырлау, сырттай таңырқау жоқ. «Ыстықкөл самалы» циклынан үзінді алайықшы:

*Жарқырайды астымда көл, үсте аспан,  
Көл мен аспан көкжиекте ұштасқан.  
Жас қамыстың арасына тығылып,  
Көкшіл булар кетті мызғып ұшпастан.*

*Көкте бір жол жатыр таудан әрі асып,  
Көлде бір жол жатыр аймен жарасып.  
Екі жолдың ортасында тұрмын мен,  
Екеуіне алма-кезек қарасып.*

*Екеуі де тозар емес, жүргіншің  
Құстай ұшып күндіз жүрсін, түн жүрсін.  
...Бұл жолдардың қай жерлерден басталып,  
Қай жерлерден бітетінін кім білсін...*

Қарапайым ба – қарапайым. Ойлы ма – ойлы. Көркем бе – көркем. Ақынның ақындығы – жоқ жерден ой тауып, жаңа өлең жасап алуда. Әсіресе табиғат суреттерін адамның жан әлемімен астастыра өруге келгенде Сағи өте шебер.



Тіл тазалығы, ой анықтығы, әуезділік, өлеңнің қорғасындай құйылып түсуі – қалам қуатының бір нышаны. Сағи жырлары шетінен жүйрік аттай жұтынып, жұп-жұмыр боп келеді. Басы артық сөз, жібі бос жолдар кездесе де бермейді. Өлеңнің табиғи тұтастығы, түр мен мазмұнның жымдаса өрілуі де ерекше назар аудартады.

*Даланың көкшіл мұнары  
Жайыла қонып қыратқа,  
Шалғындар белі бұралып,  
Шалқайып жатыр шуақта.*

«Шуақта шалқайып жатқан шалғындар» – бейбіт өмір тынысы. Ерке бұлақтай асыр салған күміс үнді жыр жолдары барған сайын баурай түседі.

Шексіз қиял, мазасыз толғаныс, түпсіз ой – жыр қанаты. Қуа берсең жеткізбейтін, аша берсең таусымайтын ой құпиясы, сезім сиқыры, көңіл қатпары ақын санасының бір сәттік жарқылымен шарпысып барып, шуақты сәулеге, мол жарыққа айналмақ.

Өмір өтпелі. Уақыт өлшеулі. Өлімді сезбей тұрып, өмірді сүю мүмкін емес. Өлімді еске ала отырып, өмір салтанатын, болашақ үшін күрес құдіретін жырлау – ақындық сезім шынайлығының айғағы. Ақын қуанышты да, күйінішті де өз жүрегінен өткізеді. Одан кілең жарқын бояулы жырлар талап ету – поэзия табиғатын жете түсінбеушілікке саяды.

*Кеудемде жел жүр бір мұздай,  
Жылыта алмай қойды еш жалын...  
Жылыстап...  
Таңғы жұлдыздай  
Барады сиреп достарым, –*



деп жырлаған ақын жүрегінің күрсінісіне еріксіз ортақтасасың. Ақын қайғырады, күрсінеді. Бірақ күйректікке салынбайды. Сырт қарағанда көңілсіздеу көрінген өлеңнің ішінде жан тебіренерлік жалын, алапат бұлақыныс жатыр. Өлім мен өмір арасындағы мәңгілік тартысты, өнер үстемдігін жырлайды.

Сағи жырларының көркемдік сыры сан қилы. Шеберлік қыры қырық құбылады. Әр өлеңнің кілті әр басқа, жүрекке табар жолы сан тарам. Өзін-өзі қайталаудан, шиырға салудан ада.

Кітапқа кірген өлеңдер мазмұны жағынан да, тақырыбы тұрғысынан да сан алуан. Алайда, үңіле қарағанда, жалпы мазмұндық тұтастықты байқау қиын емес. Әсіресе топтама жырлар бірін-бірі толықтыра келе, тұтас Қазақстан картасын құрайды. Туған республиканың тау менен тасы, өзен-көлі, орман-тоғайы жамырай жырлап тұрғандай.

Бүгінде қазақ жырының хас жүйріктерінің бірі – Сағи Жиенбаев творчествосы поэзиямыздағы шеберлік мектептердің біріне әлдеқашан айналған. Өлең мәдениетін көтеруге ақынның еткен еңбегі мол. Ақын өз талантының құнын ешқашан түсірген емес. Арзан өлең жазып, оқырманын аулақтатудан сақ. Творчестволық лабораториясы бай, жастарға берер тәлім-үлгісі көп.

«Іңкәр дүние» – көп жылғы толассыз еңбегінің жемісі. Жүрек жалынын, қызуын сарп етіп тұрғызған өнер мұнарасы, жыр ғимараты. Жыл өткен сайын Сағи ақынның көркемдік кестесі, ою-өрнегі айшықтала түсері, жаңа толқын жас оқырмандарын да ынтықтыра қаратары сөзсіз!

«Жұлдыз» журналы,  
1981 жыл





## ӨЛЕҢ СЫЙЛАП ӨМІРГЕ...

Қастек Баянбаев – балалық дәурені соғыс қасіретінің жалынына шарпылған ұрпақтың өкілі. Сол себепті оның творчестволық тағдыры да күрделі. Өмірі өлеңге айналмаған, жалқы ғұмыры жалпыға тән ортақ сырды шерте алмаған ақынның әдеби жолы ұзақ болмасы хақ. Ақын – күнделікті өмір көріністерінен өлмес өнер картинасын жасай алғанда ғана ақын. «Жол» – автордың болмыс-бітімін, көркемдік келбетін айқындайтын, ішкі лабораториясын жан-жақты саралайтын тұтас дүние. Ақын өлеңдерінің тақырып аясы туған бесігінен әлемдік кеңістікке құлаш ұрады. Жалпылама абстракциямен желпіне сөйлеп, мағынасыз шалқу емес, пафоспен, философиялық тебіреніспен өлең өрімін жымдастыра түсіп, әдемі архитектуралық табады. Өлеңді жалаң сезімге құрудан аулақ. Конфликтіге, ой тартысына, контрастқа, өмір сырына құрады. Осы бір дара сипат, оқшау мінезімен салмақты да сабырлы ойдың ақыны екендігін танытады.

*...Жер бетіне сәулет берген әр өрнек,  
Әр гимарат,  
Әр мұнара – бәрі еңбек.  
Шебер оны болашаққа тәуелдеп,  
Берді өмірдің ұзақтығын дәлелдеп.*

*Шыныңды айтшы,  
Қолыңа нан ұста да,  
Өкінердей өмір сонша қысқа ма?  
Рас, кейде келтелігін өмірдің  
Байқатады бітпей қалған іс қана.*

Өлең өмір философиясын осылай толғайды. Жарқылдап от шығарып тұрған жалынды сөздер де емес, маржан төгіп тұрған







образды тіркестер де жоқ, қарапайым жырлау. Оқылуға оңай, ұғымға жеңіл, ойлы. Барынша келте, қою, көркем сөйлетуге машық. Ой мен образ тұтастығын сақтауға күш салады.

Азаматтық сана мен азаматтық сезімді ұштастыруға, табиғат пен адам арасындағы тұтастықты, өлім мен өмір арасындағы мәңгілік майданды дамудың гармониялық нәзік сырларына бойлай отырып, өмірбаяндық сипатты әлеуметтік тұрғыдан жырлауға келгенде Қастек қаламы жүрдек.

*Біздің ғасыр көне заман соқпағын  
Қос рельспен екі сызып тастады... –*

деген болатын алғашқы өлеңдерінің бірінде. Қоғамның бірнеше ғасырлық даму процесін екі-ақ жолға сыйғызыпты. Бұндай тапқырлық – интеллектуалды, дәстүр мен мәдениеті биік әдебиет өкіліне тән дағды.

Әр ақынның жан дүниесі – өзгеше әлем. Сырт қарағанда көптің бірі боп жүргенмен, оның көкірек-майданында алапат ұрыс жүріп жатады. Жер бетіндегі қайшылықтар мен қақтығыстар, қуаныштар мен қасіреттер оған соқпай өте алмайды. Сыртқы дүниенің әсері ақынның ішкі әлемінде көрініс тауып, сараланады.

*Көрінбек жоқ гүрпымда,  
Жұртқа жүдеу пішінде.  
Қуанышым – сыртымда,  
Қайғым болса – ішімде.  
Қызықпадым қиқымға,  
Құрап киім пішуге.  
Бүтіндерім сыртымда,  
Жыртықтарым ішімде.*





Қарапайым сөйлейді. Көкейіндегісін нақты, нанымды, шыр-шырғасын шығармай, асыққа құйған қорғасындай шымырлата төгеді. Тайыз тақпақтамайды, тау жаңғырықтырып айқайламай-ақ, әлеуметтік ауқымды ойларды майдақоңыр дауыспен жүрекке жылы жеткізеді. Өткен күндер елесін, келер күндер мұратын жырлағанда қарабайыр баяндауға ұрынбайды, поэтикалық ойға арқау боларлық детальдарды дәл тауып, сұрыптайды. Өткен өміріне, балалық шағына қиялмен оралғанда сәл мұңайып қалады. Ол алаңсыз тәтті күндерді аңсаудан ғана емес, сұрапыл соғыс сызын сезінуден туған сыр. Көпке ортақ тағдыр талқысы ақын көкірегінде қайнап, жыр тілімен сыртқа шығады. Тарихи көркем шежіреге айналады.

*Сын сағатта тынбай соққан жүрегі,  
Көп жауынгер көкірегімде жүреді.  
Бір құшағым барлығына жетеді,  
Менің әкем осылардың біреуі.*

Немесе:

*Қасымызда қарқарадай әке емес,  
Отбасында бізбен бірге мұң жүрді.*

Ақын мұңы – ғасыр мұңы. Ел басына түскен қасірет салмағы ақындар творчествосында әр алуан қырынан, әр алуан дауыспен тіл қатса, Қастек көкірегі де өзгеше күрсінеді. Күрсініп қана қоймайды, қайғыны қабырғасы қайыса айта отырып, келер күндер тыныштығы, болашақ бақыты үшін күреске үндейді. Дегенмен, Қастек – соғыс тақырыбына көп бармаған ақын, бірақ аз да жырламаған. Айтарын айтқан. Мәселе қанша жырлауда емес, қалай жырлауда ғой. Әйтеуір көштен қалмайын деп үйреншікті пікірге бой ұрмаған. Өзіне ғана тән нақышпен қиын тақырыптың поэтикасын таба білген. Десек те ананың



тақырыбы кең, мынаның тақырыбы тар деген сияқты сөздер айтылып жатады. Біздіңше, тақырыптың кеңдігі аспан астындағы құбылыстың барлығын түгендеп шығу емес. Тақырып кеңдігі ой диапазонының көкжиегімен өлшенсе керек. Осы тұрғыдан алғанда Баянбаев творчествосының жұлдызы жарқын. Сырттай қарағанда әр түрлі, әр тақырыпқа жазылған дүниелер сияқты көрінгенімен, іштей тұтастық – сезім мен сыр тұтастығы, ақындық стихияның дамуы мен ой ағысы тұтастығы бар. Бұл – жақсы нышан.

Өз заманын ой ауқымымен жан-жақты қамти алмаған қаламгер сол заман жыршысы бола алмақ емес. Демек, «Ошақтан» «Соқыр шахарға» дейінгі аралық – ақынның поэтикалық сапары, шарықтау шегі. Бұл сапарда ол көркемдік әлемінің талай құпия түкпірлеріне барлау жасап бақты. Тау қопарып, тасқын тоқтатпаса да, қайсы қойнауға қандай қазына жатқандығына көз жеткізді. Ой кенін өзінше қазды. Бүгінде Қастектің көркемдік шахтасынан шыққан әдеби рудалар – сол ізденістің нақты көрінісі. Алайда ақын өндiрген дүниелердiң барлығын шетiнен саф алтын дей алмаймыз: күмiсi де, темiрi де, мысы да, қоласы да бар. Қалай дегенде де межелi деңгейге жету үшiн ол барын салған. Сондықтан да әр сөзi қаққан шегедей берiк, көркемдiк арқауы мықты, ақылды өлеңдерге iшiмiз жылып, риза көңiлмен қараймыз.

*Асқар таудан астың ба –  
Ойпатында олжа тұр.  
Бір көпірдің астында  
Бір айшылық жол жатыр.*

Көпір туралы көп жазылды. Небір тамаша ойлар, сәтті теңеулер айтылған. Бірақ «Бір көпірдің астында бір айшылық жол жатыр» дегенді Қастек қана айтып отыр.



Поэзия құпиясы, сөз сиқыры шексіз. Тек таба білу, айта білу керек. Ақын үшін әр сөз, әр өлең – көпір. Кейде бір сәтті шумақты апталап, айлап іздеуге тура келеді. Жинақта сарылып іздеуден, сансыз ойларды сараптаудан туған, жылдар бойғы төккен маңдай тердің өтеуіне тұрарлық өлеңдер мол: «Бір орын», «Жамбыл мен Ғали», «Қаратұма», «Бөлтірік», «Көпірлер», «Батыр өлімі», «Түйе туралы хикая», «Досым мен танысым», «Іздеу», тағы басқалар – ақын қуатын айқындайтын бірегей шығармалар.

Егер Қастек Баянбаев творчествосының өзіндік сыры неде дейтін болсақ, ең алдымен оның тақырыптың поэзиясын таба білетіндігінде, өлеңді ойға құратындығында екендігін баса айтқымыз келеді. Өйткені нәзік лирикада, көтеріңкі публицистика да емес, өлеңнің композициялық құрылымы мен ой арнасының табиғи үйлесім табуында салқын сабыр, көркем қарапайымдылық басым. Мазмұн мен идея тақырыпқа кереғар болса, өлең табиғилығынан айрылып қалып, көркемдік тысы мен астарының қабыспай қалатын кездері болады. Өлең өнерінің осы сырын автордың сергектікпен аңғарып, әрқашан сақ қимылдағаны сәт сайын аңғарылады.

*Бөріктей ғана бөлтірік,  
Шыққанда алғаш інінен,  
Шошыды қатты қалтырап,  
Әлемнің жарық күнінен.*

*Бөлтірік көзін ашқалы  
Бастаған бүгін жорықты.  
Қасында қатар жарысқан  
Көлеңкесінен қорықты.*

*Бөлтірік бойын тасалап,  
Бәрінен қорқа береді.*





*Өйткені әлі жасамақ  
Қылмысы оның көп еді.*

Осы тақырыпты тек осылай ғана жырлау керек сияқты. Ортаңғы шумақтағы бірер жолдың ұйқаспауы да ақынның олақтығынан емес, мазмұнға бағынудан туған әрекет. Бас-аяғы үш ауыз өлеңде қаншама тағдыр, қаншама ой бар. Оймақтай өлең орасан жүк көтеріп тұр. Кейде сірескен ұйқасқа құрылған, оқысаң сылдырап тұратын, ал не айтып, не қойғаны белгісіз, мазмұнсыз дүниелерден мына өлең әлдеқайда артық. Екінші бір аңғарғанымыз – актуальды тақырыптарды жырлағанда жалаң үгіт, жалған ұранға бармаған. Өнер мүддесінен шығуды әрқашан естен шығармаған. Заман тынысы, бүгінгі күн келбеті, замандастар ой-арманы ақын өлеңдерінде өзінше өрнек тапқан. «Ғарышкерлерге», «Байланыстар», «Атай неге солақай?», «Жанымда Қызыл Октябрь», «Отанға ода», «Сібірде» іспеттес өлеңдер – автордың ақындық позициясын айқындайтын туындылар.

*Батырады мені ойға  
Алдымдағы әр міндет.  
Айта қою оңай ма  
Дүниеде бармын деп?*

Оқылуға жеңіл болғанмен, ауыр өлең. Автормен бірге өзің де дүниеде бар-жоғыңды бір сәт еске алғандайсың. Өнер – міндетің екендігін ұғына түсесің. Зады, оқырманды ойландырмайтын, бей-жай қалдыратын өлең – өлең емес. Қастек туындылары елең еткізбей қоймайды. Бір өлеңінен бір шумақ, тіпті бір жол болса да поэзия табатындығымызға сендіреді.

*Дастарқаниша жайдым оны достыққа,  
Қастыққа да қарсы тостым не түрлі.*



*Қинай берем сол жүректі...*

*Аштықта*

*Өз табанын сорған аю секілді.*

Көңіл күй лирикасына келгенде де тапқырлық, тереңдік танытады. Жеке бастың қуаныш-мұңымен шектеліп, өзін-өзі әлдилеп кетпейді. Азаматтық, әлеуметтік күйді жүрек сырымен ұштастыра шертеді. Жалған мұң, жасанды сырдан ада. Реалистік шындықты көркем ойдың кестесімен әдемі әшекейлеуге күш салады. Тосын теңеу, тың образдар табуға бейім.

Жалпы поэзияның ішкі құпиясын, сыр-сипатын тілмен айтып жеткізу қиын. Оқу керек. Өлең мен оқырман бетпе-бет сырласпай, жақсы жырдың жұмбағы шешілмейді. «Жүректі достыққа дастарқанша жаю, қастыққа да қарсы тосу» бір қарағанда жадағайлау екені рас. Көркемдік кілті соңғы түйінінде – «Қинай берем сол жүректі... аштықта өз табанын сорған аю секілді» деуінде. Қастек жырларының кез келгенінен көркемдік табамыз деуіміз осындай сәттіліктерге сүйсінгенімізден.

Автор поэмаға көп үйір болмаған екен. «Ақжал» дастаны – бұл салада азды-көпті еткен еңбегінің шоқтықтысы. Дастанда шиыршық атқан оқиға да жоқ. Бірақ өз мақсатын орындаған, бас-аяғы балғадай, берік шығарма. Ақынның балалар өлеңінің шеберлерінің бірі екендігі мұнда да анық байқалады. Ойнақылық, ширақтық, ішкі динамика поэманың басынан аяғына дейін бәсеңсімейді. Ақжалды жырлай отырып, ел басына түскен ауыртпалықты шебер бейнелейді. Ақындық тебіреніс финалда биіктей түседі. Ат тағдырында символикалық сипат күшті.

Әдетте бүкіл болмысымен әдебиеттің ыстық-суығына түсіп жүрген ақындар творчествосы туралы айтылар сөз, қозғалар сыр айрықша болуға тиіс. Қастек Баянбаев жөнінде де мерзімді баспасөз беттерінде, сыншылар еңбектерінде аракідік болса да





орнықты пікірлер айтылып келеді. Айтыла береді де. Шағын мақалада үзіп-жұлып айтылған пікіріміз ақын творчествосына жан-жақты талдау болмақ емес.

*...Ризамын өмірге,  
Шалқып өмір сүремін.  
Әр қазақтың төрінде  
Ақынға бар бір орын.*

*Жарқырап кең маңдайым,  
Қуанамын,  
Күлемін.  
Мейлі, қайда бармайын,  
Даяр маған бір орын, –*

деп өзі айтқандай, қазақ поэзиясының төрінде оның ойып алған өз орны бар...

*«Жұлдыз» журналы,  
1981 жыл*



## ЖЫРДЫҢ ЖАРҚЫН МІНЕЗІ

Уақыт тұлпарымен таласа үзеңгі қағыстырар құдіретті күш адамдық рухта ғана. Жұмыр жер төсін тік басып ғұмыр кешкен әрбір адам өз жанының ұшқын-алауымен адамзат рухының ұрпақтан-ұрпаққа сәуле шашар ұлы шұғыласын бір мысқалға молайта алса, нұр үстіне нұр болмақ. Бірден-бірге алмасар бірегей дәстүр, асыл мұра – тек осы. Осынау ғажайып қазынаны төкпей-шашпай замана заңғарларына алып ұшар, болашақ төріне, келер күндер күмбезіне жеткізер – тек өнер ғана. Өнер міндеті – ауыр да асқақ. Ол – тек таланттылар пешенесіне жазылатын бір-ақ келер бақыт, қайталанбас құбылыс.

Өнер өзенінің арынды бір саласы – поэзия. Поэзия өз тұсының бет-бейнесі, кескін-келбеті боп қана қоймай, ол уақыт жүрегімен қоса соғып, уақыт даусымен қоса жаңғырып, өмір өзегін, тірлік тынысын танытпақ. Әр кезеңнің көңіл күйі, жан дүниесі поэзия айналасында көрініс тауып отырары хақ. Поэзияның көктемі, шуақты жазы болғанмен, қыраулы күзі болмайды. Ол мәңгі қылшылдаған жас, құлпырған жасыл. Сондықтан да ақынның жойқын жылдармен табан тіресе тартысып: «Жүрегім жиырма жасқа кеп, тұрды да қалды жас қоспай», – деуінде, тосын естілгенмен, шындық бар. Жылдар жотасына шығып, ызғырық желге жонын тосса да, қызуы қайтпаса ақын жүрегі осылай болуы керек

Жүзін жылдар айшықтап, өшпес ізін қаншама айқын салса да ақын жаны сол баяғы жастық даусынан жаза басып, жаңылмақ емес. Егер де ақын жүрегі бұлай соқпай, өмір тынысының нәзік дірілін қағілездікпен қабылдаудан қалса, өрен жыр одан іргесін аулақ салды дей бар.

Әрбір қарапайым жанның көкейіндегіні дәл басып, көңіл түкпіріне өзінен бұрын үңіліп, жан бесігін жайлап тербетіп, сезім балына батыра білсе – ақын парызы өтелгені.





Сезімталдық, өмірге ғашық көзбен ынтығу – ақын жанының жарқылы көпке ортақ көркем сөз қазанында қайта қорытылып шығып, қиялыңа жаңаша қозғау салады. Біз төскейге тартқан қазақ поэзиясының салқар керуеніне күн сала қарағанда Тұманбай Молдағалиев творчествосының салтанатты көшіне аялдамай өте алмаймыз. Тұманбай творчествосы – бүгінгі қазақ поэзиясының әсем де сазды тарауы деген жөн.

Тұманбайға лирик ақын деген ат әлдеқашан берілген. Қолына қаршадайынан қалам алып, советтік тұрмысты, ел бақытын, жеңіс салтанатын жырлаған коммунист ақынға таяуда Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілуі – тек «Жүректегі жазулар» жинағы үшін емес, жалпы ақын творчествосына берілген әділ баға. Ақынның жыр бәйгесіне қосылғанына ширек ғасыр болыпты. Осынау ұзақ сонар шабыста оның талант-тұлпары тас басқан сайын өршелене түссе, бұл сапарға бел аспай жатып аты болдырып, жыл өтпей жатып тұрманы тозғандар да бар. Әрине, бұл – табиғи заңдылық.

1957 жылы шыққан тұңғыш кітабы «Студент дәптері» жас ақынды қазақ поэзиясының болашақ ірі өкілі ретінде бірден танытқан еді. Бұған сол кездегі айтылған пікірлер, берілген бағалар дәлел. Тіпті сол тұста Т. Молдағалиев бастаған бір топ жастардың қазақ поэзиясына жаңа бетбұрыс әкелгендігі әлдеқашан мойындалған шындық. Тұманбайлар сұрапыл соғыс кесірінен біраз үзіліс тапқан сыршылдықты қайта жаңғырту, шуақты көктем, жарқын жазға ұласатын шын поэзиялық атмосфера тудырды. Әсем айшық, философиялық тереңдік алып келді.

*Өзенменен жас қиялым бірге ақты,  
Көңіліме бір ой түсті ырғақты.  
Асау өзен секілді екен жас өмір –  
Асығатын алға қарай тым қатты, –*





деп сонау алғашқы «Студент дәптері» жинағынан бастап-ақ өмір туралы тебірене толғанады. Өмір тынысын, уақыт сырын ерте сезінеді. Байыптап қарасақ, Т. Молдағалиевтің ерте сөйлегенін, ақындық ойдың ерте тарлан тартқандығын байқаймыз. Мұны бір жағынан ақынды ерте есейткен өмірдің өзі, сұрапыл жылдар десек, екінші жағынан талант кесектігі деп білеміз. Шын талантта балаңдық болмайды. Он бесінде елудегінің ойын айта алатын бірегейлер де, елуінде он бестегінің ойын ойлай алмайтын дүрегейлер де болады. Өмір туралы жырлау жарқын бояулармен үнемі әсем сурет салу емес. Өмір туралы тереңірек толғанып, сұңғылалық танытқан кейбір жас ақындарды жас мөлшеріне қарап, бұған мұндай ой айтуға әлі ерте деп жазғырушылық жиі ұшырасады. Бұл мүлде дұрыс емес. Айтайық, Абайдың «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» деген өлеңі бозбала кезінде жазылғандығын, Ю. Лермонтовтың алғашқы өлеңдерінің бірі өлім жөнінде екенін ескере бермейміз.

Т. Молдағалиев – жастықты жақсы жырлаған, жете жырлаған, іргелі ой айтуға ерте құлаш ұрған ақын. Өмір кезеңдері, жылдар белестері – бұрын-соңды ақындардың бірсыпырасы ат ізін салған үйреншікті тақырып. Кім де болсын айналып өте алмайтын дағдылы өткелге Тұманбай да соққан. Алайда көзжұмбайға сап көне сүрлеумен өте шықпаған, таязға тартпай өзіндік өрнекпен, айрықша мәнермен толғанады. Салмақты, сабырлы сөйлейді. Уақыт алдында аласармайды. Отызға қарыз төлеп, өз парызын өтей отырып, қырыққа құрық бермей, ақынға тән асқақтық танытады:

*Отызға қарыз мен төлеп,  
Қырықты келдім танымай.  
Тағы он жыл саған еркелеп  
Өтейін, жігіт шағым-ай!*

(«Мен де жиырма жастамын»)



Жалпы Тұманбай жырлары соғыс зардабын тартқан ауыр тіршілігінен, жетімдік күндердің көріністерінен бастап, студенттік шақтар, жастық дәурен, азаматтық кезеңге дейінгі өмір көрінісіндей. Ақын өмірі өз замандастарының өмірімен өзектес. Тұманбай творчествосының қызығы – өз ортасы. Қырқыншы жылдардан кейінгі өмір сырын ақынға тән көрегендікпен, кемелдікпен жырлаған ақындарымыздың бірі – Т. Молдағалиев. Қайсы өлеңін алсаңыз да егіле отырып, өршілдік танытатын оптимистік рухқа толы сарын бар.

Шын ақын қашанда қалыптасқан сыралғы мінез танытуға тиіс. Ақын жанының көкжиегі неғұрлым кеңейіп, аспаны соғұрлым биіктей түссе, өлең өресі де барынша асқақ болатыны белгілі. Тұманбай кітаптан кітапқа көшкен сайын өсіп отырады... «Қош, көктем», «Зулайды күндер», «Шақырады жаз мені», «Жүрегім менің сапарда» жинақтары – ақынның отыз бен қырықтың аралығындағы өрелі биіктері. Әсіресе «Зулайды күндер» жинағында Тұманбай шын мәніндегі халық жыршысына айналды. Өмірдің өзінен туған отты да ойлы жырлардың жаңа үлгілерін танытты. Одан кейінгі кезеңдердегі «Хаттар, хаттар», «Мен де жиырма жастамын», «Махаббат оты сөнбейді» жинақтары да тамаша таланттың жарқын қырларын аша түскен дүниелер. «Махаббат оты сөнбейді» кітабы ақын мүмкіндігінің барынша молдығын, шабыт қайнарының тереңдігін байқатты. Өзіңді жырлау – өмірді жырлау екендігін ұғындыра түсті.

*Шашыма менің қарама,  
Маңдайдың көрме әжімін.  
Өзіміз туған даладан  
Жанымның тыңда мээ үнін.*

*Күшімді қайда жұмсайын,  
Кеудемнен тұлпар шапқандай.*



*Жүрегім менің жыл сайын  
Жасарып бара жатқандай.*

Ақын жастығы – өнер жастығы. «Махаббат оты сөнбейді» кітабы да алғы күндер еншісіне тиетін асыл қазынаның бірі.

Тұманбай творчествосы сапа жағынан да бай. Ақын үшін тақырып проблема болуы тиіс емес. Шын ақын иненің өзінен үлкен поэзия табады. Хас талант үшін әр сағат, әр күн – өлең. Толассыз өтіп жатқан өмірдің әр сәті – біріне бірі ұқсамайтын өзгеше әлем. Сондықтан да әр мезеттің сыры басқа. Сол құпияның нәзік қылын дәл баса білгенде ғана көркем өнердің көсегесі көгермек. Т. Молдағалиев талантының тарландығы да осында. Ол секундтармен сөйлесе алады, сағаттармен сырласа алады. Сөйте отырып, поэзияның әлеміне еркін еніп, сайрандап жүре береді. Оның жырларын оқып отырып қуанасың, қайғырасың... Адамға тән көңіл күйдің небір сырларына қаныға түсесің.

*Ержеткенін ұқтырады көп інің,  
Егдемін деп басылады көңілің.  
Өзіңді өзің ұққан сайын қорқасың,  
Қор боп жатқан жоқ па екен деп өмірім.*

Ақын алаңдауы заңды. Ол өзі үшін, өзгелер үшін алаңдайды. Әлем, Отан, туған жер алдындағы азаматтық парызын терең сезінеді. «Махаббат оты сөнбейді» жинағын тағы ашсаң, мына жолдарды сүйсіне оқисың:

*Көзім ашық – ақ-қараны айырдым,  
Арманы көп келер күн мен айымның.  
Керексіз боп қалған күні саған мен,  
Дерексіз боп кетуге, елім, дайынмын.*





Түбірлі ойдың бетін ғана қопсытпай, түбіне дейін қопару, жеріне жеткізе айту, жалт еткен сезім ұшқынын сабырмен үрлеп, сананы маздата өшпес өртке айналдыру – алымды қаламгерге тән дағды. Ақын жырларындағы нәзік лиризммен астасқан азаматтық байыпты әуеннің үнемі бой көрсетіп отыратындығы да содан.

*Тон тозып, атымды арытып,  
Төгілтіп аиқы терімді,  
Мен де бір ерлік танытып,  
Қуантар ма екем елімді?!*

Бір қарағанда жұпыны көрінетін осы шумақта қаншама салмақты ой, салиқалы пікір жатыр.

*Достықтың гүлін мәпелеп,  
Жайната түстім жазымды.  
Бұл достық менің әкемнің  
Қанымен жерге жазылды.*

*Келгенде сонау қатаң күн,  
Жауларға ор да қазылды.  
Бұл достық менің атамның  
Арымен көкке жазылды.*

Ақын тағы да биік тұғырдан сөз алып, азаматтық тұрғыдан байлам жасайды. Халық өмірінің арғы-бергісіне жете үңіліп, терең тебіренеді. Дүниені дөңгелетіп көз алдыға алып келе отырып, жыр жанарына ұялатады. Ұлы достық – халықтар достығын шабыттана жырлаған осынау өлеңнен біз Тұманбай кредосын одан сайын түсіне түсеміз. Ақын жырынан әсем өрнек тапқан замана келбетіне қызыға қараймыз. Шебер қолдан шыққан бұйымға сүйсінеміз.





Пікір жалаңдығы, қызылсөз қуушылықтан ада. Жылажып аққан өзендей байыптылық, тереңдік бар. Ауа жайылу жоқ. Нақтылық, түсініктілік, жұмырлықты берік ұстанады. Әсіресе тақырыптың поэзиясын таба біледі. Халық поэзиясының кәусарынан еркін сусындап, бойына мол сіңіргендік сезіледі. Өлең табиғатын бес саусағындай танып, әр кірпішін қолмен қойғандай жымдастырып әсем қалайды. Жырларының көбінесе халыққолды болып кетуінің сыры – қайталанбас көркем қарапайымдылығында. Баттасқан бояу, басы артық сөзбен өлең әрін келтірмейді. Тағы бір ұтымды жері – адам көңіл күйіндегі шындықты, өмірлік шындықты жалтармай, бүкпей, бүгежектемей, іркілмей алдыға жайып салады. Ол осы шыншылдығымен ұнамды. Жасандылық, жалған егілу, жалған қуанудан алыс.

Бәзбіреуден Тұманбай өзін-өзі қайталап кетті деген сөздерді аракідік естіп қаламыз. Зер сала, ойлап қарасақ, бұл пікірдің жаңсақтығына көз жеткізу онша қиын емес. Рас, жоғарыда айтқанымыздай, Т. Молдағалиев жырының алтын өзегі – өзінің тұрмыс-тіршілігі. Сондықтан да оның сол тақырыпқа қайталап соғып отыруы заңды құбылыс.

Ақынның түбегейлі тақырыбын жаңғырта, жаңаша құлпырта жырлауын қайталау деп ұқпауымыз керек.

Өмірге бойлай айту, күнделікті тіршіліктегі жәйттерді аса сезімталдықпен көңіл елегінен өткізіп, күн сайын бүкіл болмысымен жырға айналу – үлкен талант иесіне ғана берілетін енші. Әр күннен өлмес өлең тудыратын хас шебер Қасым Аманжоловтың өзгеден озық қасиетін біз жақсы білеміз. Осы бір ұқсастық жалыны Т. Молдағалиев творчествосынан да алаулайды. Бағдарлап байқасақ, сонау соғыс жылдарының өртіне шарпылған жетім бала тағдырынан бастап, бүгінгі ортан қолдай ақын өмірінің бел-белестері көз алдымызға келеді. Жайшылықта көбіміз көңіл аударып, елеп-ескере бермейтін



сәттер қанатты жырға айналып, Т. Молдағалиев қаламынан  
самғап ұшып жатады. Сол себепті де оның:

*Басқа жақтан іздемей өнерге азық,  
Көңілімнің көргенін келем жазып... –*

дегеніне шүбәсіз сенеміз, сенеміз де қайталап оқи түсеміз.  
Талант бақыттылығы да осында.

*«Жетісу» газеті,  
22 қаңтар, 1983 жыл*





## КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН КӨП ОЙЛАР

Он екі айда бір айналып келетін дәстүрлі әдеби жыл қорытындысында поэзиямыздың тұтас бір жылғы өнімін қылдай тізіп, судай сүзіп, егжей-тегжейлі талдап, жіктеп, жіліктеп шығу оңай шаруа емес екендігі өздеріңізге мәлім. Ол мүмкін де емес. Өткен жылы газет-журналдарда шыққан өлең-поэмаларды былай қойғанда, екі баспадан 50-ден астам жинақ жарық көріпті. Біле-білсек, бұл – қыруар дүние. Мәселе кітаптың санында емес, сапасында ғой. Солардың барлығы бірдей әдебиетіміздің көркемдік қорына қосыла бермесі де анық. Елу кітаптың он кітабы шынайы жақсы, он кітаптың бір кітабы тосын құбылыс болып жатса, ол жылға әрқашан ризамыз. Осы тұрғыдан алғанда, өткен жылдың ұпайы түгел сияқты.

Поэзиямыздың бір жылғы жеткен жетістіктері мен табыстарын сарапқа салып, саралап берген әділқазы ағаларымыз – Хамаң мен Ғафекеңнің баяндамаларында біраз мәселелер айтылды. Негізінен алғанда, биылғы баяндамаларда жас ақындарымыздың творчествосы кеңірек сөз болды. Жас дегенге құлағымыз көніп, етіміз өліп алғаны болмаса, сөз болып отырған буынның өзі алды қырыққа келіп, арты отыздан асқандар. Сондықтан баяндамашы ағаларымыздың бұл лекке көбірек ойысып, кеңірек тоқталғаны заңды да.

Байқап қарасақ, Ж. Әбдірашев, С. Тұрғынбеков, З. Тілеужанов, А. Егеубаев, Д. Стамбеков, И. Сапарбаев, Ж. Ерманов, К. Мырзабеков, И. Оразбаев, Т. Рахымовтардың әдебиетке келгеніне жиырма жылға тарта уақыт болып қалыпты. Тіпті біздің өзіміз жас деп жүрген Ұлықбектер отыздан асты. Мен осы талантты да табанды өз замандастарыма қуана да, аяй да қараймын. Себебі бұл жігіттер – кітап шығарғыштардың көбейген, оқырмандардың азайған, алақолдылықтың белең алған, адалдықтың әлсіреген кезеңінде әдебиетке келіп, өздеріне лайық сыбағаларын әлі ала алмай жүргендер.







Өмірімізде үлкен бетбұрыс болып жатқан шақта, уақыт тазалықты, әділдікті талап етіп отырған кезеңде біздер де шаңнан сілкініп, етек-жеңімізді қағуға тиіспіз. Өлең өлкесін арамшөптей басып кеткен көкежасық жырсымақтардан, сүреңсіз кітаптардан дәл осы тұста арылып алмасақ, ешқашан құтыла алмамыз кәміл. Ол үшін Әбекең бастаған әулие тұтар ақсақалдарымыз бен Сырбай, Мұзафар, Ғафу, Қадыр, Тұманбай, Сағи, Мұхтар, Фариза, Қастек сынды тізгін ұстар ағаларымыз ағынан жарылып, ақты ақ, қараны қара деп, таланттылар мен талантсыздардың аражігін ажыратып, тиісті сыбағаларын таразылап берулері шарт. Егер шындықты айтудан ол кісілер қайқақтаса, қырыққа келгенше әлі жас атанып жүрген Кеңшіліктердің тайсақтамасқа лажы қанша? Әрине, мен ағаларға өкпе артып, бұра тартқан жерлеріңіз болды деп тұрғаным жоқ. Тек жақсы өлеңнің маңдайынан дер кезінде сипар алақандардың сиреп бара жатқандығын, әлжуаз шығармалардың мойны әлі де озыңқырап тұратындығын еске сала кету ғана.

Осыдан туатын бір ұсыныс – Жазушылар одағына мүшелікке қабылдағанда, кітаптың санына қараумен қоса, талант салмағына да назар аударылса. Әйтпесе, өйтіп-бүйтіп, ебін тауып бес-алты кітап шығарып үлгерген, әдебиетке бергені де, берері де жоқ кездейсоқ қалам ұстап жүргендер жетерлік. Олар одаққа мүшелікке әдебиет үшін емес, жеке бастарының қамы үшін өткісі келеді. Ертең Жазушылар одағынан үй алуы керек, басқа мүмкіндіктерін пайдалану керек деген сияқты. Сондықтан жастығына, кітап санының аздығына қарамастан Аманхан Әлімов, Ерік Асқаров, Әбубәкір Қайранов, Есенқұл Жақыпбеков секілді жастарға жеңілдік жасалса демекпін.

Баяндамашылар айтып кеткендей, 1985 жыл айрықша жыл болды. Ұлы Жеңістің 40 жылдығына байланысты тың шығарма тудырмаған бірде-бір ақын болған жоқ десек, артық айтқан-



дық емес. Өткен жылғы газет-журнал беттерін көктей шолып өткенде, жылдың шоқтықты шығармаларының қатарына Ә. Тәжібаевтың, Ә. Сәрсенбаевтың, Д. Әбілевтің, Қ. Бекхожинның, М. Әлімбаевтың, Қ. Мырзалиевтің, С. Жиенбаевтың, Т. Медетбековтің, К. Ахметованың, Ж. Әбдірашевтің, А. Егеубаевтың, З. Тілеужановтың, И. Сапарбаевтың, Е. Раушановтың және тағы басқалардың өлең-поэмаларын көреміз. Бұл шығармалар – сөз жоқ, жылдың жақсы табысы.

Баяндамада қамтылмай қалған кітаптың бірі – Ғафу Қайырбековтің «Туған топырақ» жинағы. «Туған топыраққа» соңғы жылдары туған сапарнама жырларымен қатар ертеректе – бозбала шағында жазылған махаббат лирикалары еніпті. Ғафекеңнің ескертуіне қарағанда, «Жастығым, сені сағындым» деген атпен берілген кітаптың бұл соңғы бөлімі осыдан 40 жылдай бұрын жазылып, жеңгейдің сандығының түбінде сары майдай сақталып жатқан жырлар көрінеді. Кітапқа қиюын тауып әдемі кіргізген. Бүгінгі оқырманды тұнық та ыстық сезімге бөлейтін, сағынып іздесең қайтып елес бермейтін алыс дәуреннің әдемі сыры, ақынның махаббат күнделігі, бозбалалық шақтың өмірбаяны. Әрине, бүгінгі толысқан, кемелденген егде Ғафекең махаббатты жырласа, жас Ғафудан гөрі шебер де шырқатып жырлауы мүмкін, бірақ сол жылдағылардай шынайы елжірей алмасы анық. Жастық жырларының баландығы бола тұра, табиғилығымен, тазалығымен баурады.

Жинақтың алғашқы бөлімі – туған жер туралы толғаныстар мен арнаулар. Нені жырласа да, қайсы тақырыпты толғаса да өз биігінен түспейтін Ғафекең «Туған топырақта» да сол баяғы сыршылдығынан, серпінділігінен айрылмаған.

*Тағы есімде,  
Әрең қарсы ап әр таңды,  
Суық пешке  
Сүйеп қойып арқамды,*

Жарты-ақ уыс қуырып ап бидайды,  
Жай ыңырсып  
Айтушы едім жарты әнді.

Бүтін әнге  
Бүтін үзім нан керек,  
Сен айтқанмен,  
Сені тыңдар жан керек,  
Тіршіліктің тарантасы  
Қаңсыған  
Шаңды жолда  
Ән айтады дөңгелеп.

Ақын өзінің балалық тағдырын, өмір философиясын осылай толғайды. Толғағанда көркем ойдың көктеміне құлаш ұрып, тақырыптың тетігін, ойдың кілтін таба жырлайды.

Жинақтың шоқтығын көтеріп тұрған ортаңғы бөлім – «Дос құшақтар». Оның ішінде «Эльбрус ертегілері».

Онымен кездесуім он жасымда,  
Аз еді ақыл-мидың дорбасы да.  
Дүние қызыл-жасыл бояу еді,  
Сабырсыз сапырылған бір басымда.

Бұлттармен ойнаушы едім аспандағы,  
Созылып қиялымның баспалдағы.  
Әп-сәтте жетуші едім оларға мен,  
Жұп-жұмсақ шудаларын жастангалы.

Жеп-жеңіл ұшушы едім тағат қалмай,  
Асығып тынбаушы едім тағы аттанбай.



*Жайылып кетуші едім кең ауаға,  
Астында қолтығымның қанат бардай.*

Кавказ әсерлері, Лермонтов тағдыры осы циклда әдемі өрілген. Ақын көргенінің бәрін талғаусыз өлеңге айналдыра бермейді. Аласапыран сезімнің, терең тебіреністің жемісін ғана қағазға түсіруге тырысады. Бір кезде Байронның «Еврей әуендері», Есениннің «Парсы саздарын» Гафекеңнің жақсы аударғанын білеміз.

«Эльбрус ертегілері» – сол әйгілі циклдармен сарындас, сабақтас, үндес, деңгейлес туынды, ақынның соңғы жылдардағы творчестволық табысының биік шоқтығы деп те айтуға болады.

Гафу Қайырбеков – бап талғамайтын, жер таңдамайтын – өрге де, еңіске де, жазыққа да бірдей шабатын жүйрік секілді арынды да жалынды ақын. Рас, кейде Гафекеңнің шеңберді бес айналып, көмбеге озып келіп тұрса да, ағынын тоқтата алмай, артық жер айналып, артық тер төгетін тұстары болатын еді. Бір жақсысы – «Туған топырақ» ондай артық айналыстардан ада. Қысқасы, бұл жинақ өткен жылдың жақсы кітаптарының бірі екені даусыз.

Шексіз қиял, мазасыз толғаныс – жыр қанаты. Қуа берсең жеткізбейтін, аша берсең таусылмайтын ой құпиясы, сезім сиқыры, көңіл қатпары ақын санасының бір сәттік жарқылымен шарпысып барып, шуақты сәулеге, мол жарыққа айналмақ.

*Жақсы деп ұқ көрсең-дағы қандай түс,  
Қанат қақсаң, ең биікте самгай түс.  
Сендерді бір таңырқатсам деймін де,  
Ұзақ таңға көз ілмеймін мен байғұс.*

Мазасыздық, ізденгіштік – Тұманбай ақынның туа біткен қасиеті. Көп жазады, көркем жазады. Дәуірдің әр дыбысына елеңдей құлақ түріп, дер кезінде үн қосып отырады.





*Өткен жылмен өміріміз өлшеніп,  
Кеме міндім келешекке мол сеніп.  
Өзі мұнда, Тұманбайдың қиялы  
Алыстарға кетіп қалды жол шегіп.*

Тұманбай өлеңдерінің көбінесе еркін, мүдіріссіз болып келетіндігі – күні бұрын жоспар құрмайтындығынан. Кенеттен жазады, көз алдындағы күнделікті құбылыстардан поэзия табады. Тұманбай ақын үшін күнделікті өмір – өлең. Өткен жылы 50 жасқа толуына орай шыққан «Тынық мұхит дәптері» кітабы – міне, осы толастамас, тоқталмас шабыттың, үзбей ізденістің нәтижесі. Бұл кітап жөнінде Мұхамеджан Қаратаев ағамыз «Қазақ әдебиеті» газетінде арнайы мақала жазып, тиісті бағасын берген болатын. Ғафу ағамыздың сөзімен айтсақ, «Тұманбай Молдағалиеві бар поэзия – бақытты поэзия».

Жыл ішінде ауыз толтырып айтуға тұрар еңбектің бірегейі деп Сәкен Иманасовтың «Бел-белес» кітабын айтар едім. Секциядағы арнаулы талқылауда да осындай мәмілеге келгенімізді Ғафекең де, басқалар да біледі, одан кейін «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», тағы басқа газеттерде бұл кітап жайлы өте ыстық ықыласқа толы мақалалар болғанын да білеміз.

Қайсы ақын болса да, өлең сайын жаңалық ашып, қалыптасқан өзіндік бет-бағдарын жиі-жиі өзгертіп отырмайтыны анық, ол шарт та емес. Тіпті табиғат құбылыстарының өзі де белгілі бір тұрғыда инверсиялық түрленулер мен вариациялық қайталаулардан тұратыны ақиқат. Олай болса, ақын да жаңа туындыларында талантының жете танылмаған қырларын аша отырып, ақындық табиғатының бұрыннан мәлім сипаттарын айқындай тереңдете, жетілдіре түспегі ләзім. Оқырман қауымның ақындық болмысы бимағұлым жастан гөрі бет-бағдары танымал белгілі ақын творчествосына неғұрлым орныққан кәнігі көзбен қарайтыны да осыдан болса керек.





Біз Сәкеннің «Бел-белес» жинағын басынын аяғына дейін байыптап оқып шыққанда, оның осынау талап биігіне қиналмай көтерілгеніне көзіміз жетті. Ақын бұл кітабында жүрегінің үнін, көңілінің күнін күллі тынысымен, барша шуағымен оқырманына ұсынады. Бірақ осының өзі ақынға оңай болып па? Оның жан дүниесін жаңғыртып, ыстық қанын ыршытып дүниеге келген дүрия-жырдың қадірін біліп, қасиетін түсіну үшін де құм ішінен алтынды екшеп алғандай сезімталдық пен сергектік керек. Кітаптың беташарында:

*Соның бәрі, оқушым, осы өлеңде,  
Осы өлеңде – көгерген көсегем де.  
Күл астында қып-қызыл шоғы жатыр,  
Бабын тауып, байыптап көсегенге, –*

деп автор оқырманына осыны аңғартып өткендей. Бұл – оқырманды өлеңге үйреншікті көзбен үңіліп қараудан сақтандырады. Әйтпесе, бетіндегі күлін көріп, астында қоздап жатқан қып-қызыл шоғын сезінбей қалу да жоқ емес.

Сәкен Иманасов творчествосына тән басты сипаттардың бірі – оның шыншылдығы дер едік. Тегінде, шыншылдық дегенде, оны көбіне ақынның азаматтық борыштарымен байланыстыра айтамыз да, оның поэзиядағы шынайы орнына ден қоя бермейтініміз бар. Ал турасына келгенде, поэзиядағы шыншылдық – оның ең негізгі көркемдік шарттарының бірі. Жасандылық пен жалаңдық, жаттандылық қоныстас. Оны өлең өміріне ұя салып кіріп алған қара күйемен ғана салыстыруға болады. Шынайы айтылмаған бір сөздің өзі өлеңнің сұрқын қашырады. Ал тұтастай жасанды өлең оқырмандарды одан сайын бездіреді. Сәкеннің: «Оқырманым! Тағы да өлең бе деп, айнымасын көңілің менен кенет», – деуінде осындай астар бар. Шындықты айтудың бәрі өлең емес екені қандай ақиқат



болса, шынайы өлең – шырайлы өлең екені де сондай ақиқат. Нені айтса да ағынан жарыла, ойын бүкпесіз білдіріп, соның өзінде қарадүрсіндіктен бойын аулақ салатын автордың бұл ерекшелігін кезінде Ф. Оңғарсынова әдемі айтып кеткен еді.

Ақын өзінің көркемдік және идеялық концепциясын «Бел-белес» жинағында да берік ұстаныпты. Кітаптағы өлеңдердің көркемдік деңгейінде белгілі бір айырмашылықтар бола тұра, солардың бәріне ортақ бір қасиет – адам болмысына, өмір құбылыстарына барынша жақын, табиғилығында. Алайда ақын мұраты – көрген-білгенін термелеп, қаз-қалпында қайталау да емес, мәнсіз күліп, мәжнүнше жылау да емес. Жаманды көрсе еңсесі түсіп езілуді де, жақсыны көрсе кеудесін ұрып кекіреюді де білмейді. Ақын суреткерлік критерийі мен күрескерлік кредосын тең ұстап, батыл, ойлы жырлардың ізін байсалды арнаға түсіре білген. Басты ашық бір жай: Сәкен Иманасов – творчестволық күш-қуаты толысып, кемел шағына жеткен, қазақ поэзиясының талантты өкілі. Сондықтан оның:

*Бір ақыны түздің де  
Тауға шығып жол қарар,  
Жырымызды біздің де  
Жымың қағып қолға алар, –*

деп айтуға толық қақысы бар. Сәкен көтеріліп отырған «Бел-белес» бізді осыған сендірді. Ендеше көрмеген, елемеген болуымыз лайықсыз. Жақсыны – жақсы, барды – бар деп айту азаматтығымызға нұқсан бола қоймас.

Мұңсыз ақын болмайды. Мәселе – ол мұң кімнің мұңы, ненің мұңы? Жеке бастың шерін қозғап, күйкі тірлікті күйттеген ақыннан керемет жыр тумасы анық. Ақын көңіл күйі халық көкейіндегі ой-арман, тілекпен ұштасып, заман, ғасыр қасіретін қозғағанда ғана өз парызын өтей алмақ. Біздер, совет ақындары,





Отанымыздың бақытын аспандата жырлай отырып, әлемдегі әрбір құбылысты қалт жібермеуіміз керек. Дүние тағдыры тартыста тұрған осынау шиеленісті шақта ақынның жан даусымен шырылдамасына амалы жоқ. Сайып келгенде, ол тартыс – адамның ішкі жан дүниесіндегі адалдық пен арамдық, жақсылық пен жамандық тартысы. Тіршілік шайқасы, өмір драмасы. Фариза Оңғарсынованың «Дауа» жинағы, міне, осы бір мәңгілік тартысты үлкен ақындық қуатпен, терең тебіреніспен жырлайды.

Жинақ ойлылығымен, сезім шытырмандығымен, соны ізденістермен өз тұғырын биіктете түскендей. Бұл жинақта Фариза ақын жаңа бір қырынан ашылғандай әдемі әсер қалдырады.

Сондай-ақ, арнайы тоқтауды қажет ететін тағы бір кітап – Марфуға Айтхожинаның «Қыран жеткен» жинағы. Марфуға өлеңдері бүгінгі заманымызды, республика келбетін, еңбек ардагерлерінің өмірін жан-жақты, кең тыныспен толғайды. Ақынның «Тағдыр» поэмасы бір үзік өмір сырын ширата шертеді. Поэманың композициясы, оқиға өрімі, жырлау мәнері, ой ағысы өзара жымдасып, тұтастық тапқан.

Әмина Шалабаеваның «Құс жолы», Тоқтарбек Қызықбаевтың «Сәуір лебі», Есләм Зікібаевтың «Алтын сағым», Серікбай Оспановтың «Тіршілік тамыры» жинақтары да баяндамаларда сөз болмады.

Әмина Шалабаеваның халықтар достығын жырлаған поэмалары – жылылығымен, өрнектілігімен ойда қалар туындылар.

Қағаберісте қалып, көп сөз болмай жүрген ақынның бірі – Тоқтарбек Қызықбаев.

*Кемел шақ!*

*Саған айтар аз ба сырым,*

*Пернесін жүрегімнің қозға, шыным.*

*Қолтаңбам бар секілді азын-аулақ,*

*Қораштау көрінсе де көзге асуым.*







*Ойлап та қойсам-дағы анда-санда,  
Басқаның атағына жармасам ба?  
Өз әнім –  
Мейлі, қайтіп шырқасам да,  
Өз жырым –  
Мейлі, қалай толғасам да, –*

деп сыпайы ғана сыр шертетін Тоқтарбек жырларына құлақ түрмеске хақымыз жоқ.

Есләм Зікібаевтың алғашқы жинақтарының бірі туралы кезінде Қадыр ағамыз «Қазақ әдебиеті» газетінде арнайы сөз еткен болатын. Содан бері ақын бірқанша жинақ шығарыпты. Оның үстіне, «Жер ортасы – көк төбе» дегендей, биыл елуге шығып отырған жайы бар. Әрқашан өз биігінен көрініп келе жатқан ақынның «Алтын сағым» жинағындағы жырлардан біз сыралғы әуен, дағдылы мінез таныдық. Социалистік Еңбек Ері Мариям Аязбаева туралы шағын лирикалық поэмасы да жүрекке жылы, көңілге қонымды.

Серікбай Оспановтың поэмасы туралы баяндамада айтылған сынға мен де қосыламын. Алайда, сынмен ғана тынып қойсақ, сөз жоқ, ақынға обал болар еді. Серікбайдың «Тіршілік тамыры» атты жинағы – оның жаңаша серпілісін, тың тынысын айқындаған кітап. Рас, Серікбайдың бұрынғы жинақтарында техникалық шеберлік жағы жетіп жатқанымен, кей сәттерде ой тапқырлығы, сезім шынайылығы жетісе бермейтін. Жұрт жүріп өткен жолға үйірсектеу болатын. Мына кітабында Серікбайдың одан арылғанын, керегесін кеңейте түскендігін көреміз. Сол үшін де қуанамыз.

Талантты ақындарымыздың бірі Жүрсін Ерманов әдебиетке келгеніне біраз жыл болса да, осымен екінші жинағын ғана шығарып отыр. Алғашқы өлеңдері сонау 70-жылдары «Жас кереуенге» шыққан Жүрсін анасына арнаған өлеңінде:





*Кәусарым едің құмарым, сірә, қанбаған,  
Өзіңе деген сезімге мендік таңғалам.  
Қарлығаш болып, қанатым талып қалғанша,  
Өзіңе қарай ұшатын шығар жан балаң.*

*Қарлығаш балаң, қанаты талып құласа,  
Қуантпас бірақ, жан анам, сені бұл аса.  
Қанатын беріп құлайтын шығар сен жаққа,  
Сонан соң ғана жылайтын шығар жыласа, –*

деп осыдан 15 жыл бұрын 20 жасында осылай төгіле жырлап еді. Сонан Жезқазғанда біраз жыл жатып алды. Жатарын жатса да, Алматыға қайта жете алмай әлек болды. Әйтеуір жетті.

*Айтарымды айтар жерде айта алмай,  
Ергенмін-ау азғындарға сайтандай.  
Жанұшырып шығып кетіп шығанға,  
Жүргендеймін енді кері қайта алмай.*

*Қайда жүрмін?  
Қайда түстім?  
Теріскей?  
Дүлей боран тынар емес керіспей.  
Оралғым кеп мекеніме жып-жылы,  
Арпалысып келем әлі беріспей, –*

дей келіп:

*Мүз кеміріп, қар шайнаймын – әлденем.  
Бір қараға жетем бе екен әлде мен?!  
Елсіз, күнсіз қу далада әйтеуір  
Ешкім маған тартпас шана көлденең.*





*Сәби күні сыр-сыр еткен ақ шанам,  
Арман қайсы – енді мені тапса аман!  
Алға қарай жылжу керек,  
Амал не,  
Енді кері бұрылатын жоқ шамам!*

Шынына келсек, Жүрсін ақынға бұрылуға мұрша бермей, ақ боранымен үйіріп алып бара жатқан Жезқазған даласы емес, жыр сапары екен. Соны жақсы сезінген Жүрсін жырға деген жауапкершілігін әуел бастан қатты ұстанған.

Жүрсін жырлары – жоспар қуып, жедел жазылаған дүниелер емес, көкірек қазанында көптен қайнап жүрген көрікті ойлар. Сол көрікті ойларды талантты ақын ақ қағазға әсем кестелеген. Анық көзіміз жеткені – «Арайлы күн, армысың!» жинағы оның өсу жолындағы кезекті бір орнықты баспалдағы екен. Жақсы ақынға баспалдағың биіктей берсін демекпіз!

*1985 жыл*



## ТАЛАНТ ТЕГЕУРІНІ

Көпшілік қауым Қадыр Мырзалиевті ақындық жұлдызы ерте жарқырап, бәйгенің алдын бермей келеді, яғни өмірде де, өлеңде де жолы болған ақын деп есептейді. Біздіңше, Қадыр ақын сырт көзге солай көрінгенімен, іштей үңіле қарағанда өлең азабын, творчество мехнатын басқалардан гөрі көбірек тартқанға ұқсайды. Ол осынау даңғыл жолға шығу үшін қаншама соқтықпалы соқпақтарды басып өтті. Оған себеп – Қадыр қай тақырыпқа қалам тартса да түбегейлі кірісіп, тереңнен қозғайтындығы, кеңге қанат жаятындығы, өлеңнің саны үшін емес, сапасы үшін тер төгетіндігі.

Сондықтан да Қадыр кітаптарының архитектуралық тұлғасымен, шеберлік қырларының әсемдігімен, өрнегінің күрделілігімен ерекшеленеді. Оның кітаптан кітапқа көшкен сайын жаңа қырынан көрініп, өзін-өзі қайталамауға күш салатындығы да қуатты қаламға тән мінез. Әдетте Қ. Мырзалиев поэзиясы оқырман жүрегіне жол тапқыш дейміз. Ол автордың жолы болғыштығынан емес, талант өресінің биіктігінен, ақындық салмағының басымдығынан екендігін айтқан жөн.

Қадыр ақын есімі біздің санамызға ең алдымен балаларға арнап жазған өлеңдері арқылы сіңген еді. Алпысыншы жылдары қазақ балалар поэзиясының дүр етіп көтерілген тұсы болатын. Сол тұста Қ. Мырзалиевтің балалар поэзиясына келуі үлкен құбылыс болды. Қадыр балалар өлеңіне соны тыныс, тың тақырыптар әкелді. Бүлдіршіндерге арнап қалай жазу керектігін үйретердей үлгі танытты. Балаларға арналған қайсы өлеңін алсаңыз да, бұлшық еті бұлтылдап тұрған шымырлығымен, ойлылығымен, тапқырлығымен дараланады. Ақынның «Көктем», «Жаңғалақтар», «Кішкене Қожанасырлар», «Ноян қоян», «Алуан палуан», «Сабақ», т.б. кітаптары қазақ балларының қолынан түспес қымбатына айналғалы қашан!





Балаларға арналған өлең ұғымға жеңіл болу керек дегенді кейбір ақындарымыз жаңсақ түсініп, жадағайлыққа ұрынатыны бар. Қадыр ақын ұғымға жеңіл жазғанмен, тақырыптың жүгін жеңілдетпейді. Арқалы ойлардың өзін алтын асықтай ойната біледі.

*...Ана тілің – біліп қой,  
Еркіндігің, теңдігің.  
Ана тілің – біліп қой,  
Мақтаньшың, елдігің.*

*Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!*

Ана тіл туралы қазақ балалар поэзиясында қаншама өлең жазылды. Бірақ бірде-біреуі Қадырдың осы өлеңіндей қалың оқырман көкейіне қонған жоқ десек артық айтқандық емес. Бұл өлең тек балалар ғана емес, сонымен бірге үлкендерге да ой салар дүние. Балалар өлеңі – тек балалар үшін деген қағидаға өз басым қосылмаймын. Балаларға арналған көркем шығарма үлкендердің де кәдесіне асып жатпаса, онда оның өміршең болуы екіталай.

Әдебиет – ең алдымен тәрбиеші. Ал бұл міндет поэзияға тіпті мол жүктеледі. Сонау эпостан бастап, бүгінгі поэзиямызға дейінгі ғаламат қашықтыққа көктей көз жіберсек, халық өмірінің барлық кезеңдерінде де, екіталай күндерде де тек өлең ғана озып алға шығып отырғандығын көреміз. Осы бір ұлы дәстүр поэзиямызда барған сайын өркен жайып, кеңейіп келе жатыр дейтін болсақ, сөз жоқ, алғышқылардың бірі болып Қ. Мырзалиев есімі ауызға ілінеді. Бұл дәстүрді Қадыр ақын





берік ұстанған. Ол өлеңді көбінесе ойға құрғандығымен ұтады. Ой болғанда бәзбіреулерше жалған, құрғақ пәлсафа соқпайды. Не ойласа да, не сөйлесе де халықтық тұрғыдан қозғайды. Елінің кешегісі күйіндірсе, бүгінгісі сүйіндіреді, ертеңі алаңдатады. Ақын өлеңдерінің әрқайсысының мойнында ауыр жүк бар.

Ол жалған үгіт, жадағай ұранға қалам тартқан емес. Екі қанжығасына екі қап тұз теңдеп шапқан жүйріктей, ақындық миссиясына барынша адал қарап, өзіне өзі қатал талап қойып келе жатқандығын көреміз. Көреміз де сүйсінеміз, сүйсінеміз де сүйеміз.

*Маған болу керек еді о бастан-ақ көк орман,  
Мен көк орман болған болсам, көктер еді көп арман.  
Маған болу керек еді о бастан-ақ қыр гүлі,  
Мен қыр гүлі болған болсам, тағар едің бір күні.  
Маған болу керек еді о бастан-ақ тау суы,  
Мен тау суы болған болсам, көрмес едім таусылып.  
Маған болу керек еді о бастан-ақ бұла таң,  
Мен бұла таң болған болсам, нұр жұтады ұлы Отан.  
О бастан-ақ анам – Дала, әкем менің – Күн екен,  
Осы мені ата-анамнан бөліп алған кім екен?!*

Бүкіл болмысымен табиғатқа айнала білу, мәңгілік өмірдің сырына үңілу – хас таланттарға лайық ғадет. Қадыр ақынның поэзиясын оқып отырып, біздің де дүниенің тылсым сырларына бойлап, табиғаттың өзіндей өмір кешкіміз келеді.

Оқырманды жетелей білмеген өлең өлең емес. Қадыр көптің көкейіндегіні тап басып, жаныңды мазалап жүрген ойлардың үстінен түседі. Бұл – ақынның бақыты, поэзияның ұлылығы.

Қай заманда болсын үлкен ақындар поэзиясында уақыт, табиғат, халық біртұтастық тауып, тынымсыз тіршілік тынысы, күрделі өмір күресі жалғаса жырланып келе жатқаны белгілі.





Қ. Мырзалиев творчествосын төменнен жоғары, не жоғарыдан төмен қарайтын болсақ, әдемі қаланған биік ғимарат көз алдымызға келеді. Ол ғимарат – өлең боп өрілген, қиюын тауып кітап боп қаланған халқымыздың рухани шежіресі деуімізге болады. Ал көлденеңнен көз салсақ, керегесін кең жайған ақ орданы елестетеміз. Бұл ақынның тақырып өрісінің кеңдігіне куә.

Ақын – заман жаршысы, тағдыр тамыршысы. Ел өмірінің, тарих көшінің қилы-қилы кезеңдеріне ақындық биіктен үн қатып, ұрпақтан-ұрпаққа тәлім таратып отырушы болғанда ғана поэзия парасаты арта түспек. Мырзалиев поэзиясы да өз халқымен бірге жасайтын халықтық поэзияға айналды деп батыл айтуымызға болады. 1232 жылы Орта Азияда болған халық көтерілісінің қаһарманы, елек жасайтын шебер Махмут Тарабидің елді ерлікке шақыру өлеңін алайық:

*Ағайындар, қараңдар,  
Айтатын бір зарым бар:  
Тольп кетті арамдар,  
Тольп кетті зальымдар...*

*...Ерлік мәңгі өлді деп,  
Ездерің жүр тіл безеп.  
Ұн ғана емес,  
Елді де  
Елеу керек бір кезек...*

Немесе 1639 жылы Делиде туып, 1702 жылы сонда өлген тәжіктің ақын қызы Махфидің (Зебуннисоның) аузынан айтылған өлеңдегі мына жолдарды тебірәнбей оқу мүмкін емес:

*...Туған жерің – қайда тусаң, сол жер емес, ей, пенде,  
Туған халқың қайда болса, туған жерің сол екен!*





Қ. Мырзалиев поэзиясы туралы көп сөз айтуға болады. Ақынның небір айтулы өлеңдерінен мысал келтіруге болады. Ал шағын мақалада ақын творчествосының сыры мен қырына жан-жақты талдау жасау өте күрделі болмақ. Ол аз күнде айтылып біте салатын эстрадалық ән емес, ұзақ жылдар бойы, уақыт өткен сайын жарқырап, биіктей, ашыла түсетін халық әні, халық жыры. Біз Қадыр ақынды осы тұғырдан көрсек, ешбір әбестігі, артықтығы да жоқ деп ойлаймыз. Өйткені ол кейбіреулерше ақын деген атқа ие болу үшін күресіп жүрген жоқ, ақын болып туған адам. Сол ақындық талантын халық үшін қызмет ететін поэзия атты киелі өнер жолында сарп етіп жүрген жан. Сондықтан да Қ. Мырзалиев поэзиясы – ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының алдағы күндерге нық сеніммен алып баратын бір асылы.

*«Қазақстан мұғалімі» газеті,  
11 қаңтар, 1985 жыл*







## 1987 ЖЫЛ ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

Өткен жылы екі баспадан үлкенді-кішілі елуге жуық жыр кітабы жарық көріпті. Мұның ішінде Аманжол Шамкеновтің, Фариза Оңғарсынованың таңдамалылары, Қуандық Шаңғытбаевтың, Тұрсынхан Әбдірахманованың, Сәду Машақовтың, Сабырхан Асановтың, Рза Қуанақованың, Мұхтар Құрманалиннің қайта басылымдары бар. Сондай-ақ, Октябрьдің 70 жылдық мерекесіне орай «Жазушы» баспасынан шыққан «Октябрь шұғыласы» атты ұжымдық жинақтың үлкен тойға елеулі тарту болғандығын алдын ала айта кеткен жөн.

Поэзияның бүгінгі бағыт-бағдары, хал-ахуалы қандай, теңеуіміз бен таязымыз, биігіміз бен бөктеріміз қай деңгейде, жетістігіміз неде, кемшілігіміз қайсы дегенге саятын болсақ, оған жауапты алыстан іздемей-ақ, алдымен өткен бір жыл ішіндегі әдеби өнімімізге үңілуіміз керек.

Рас, қазақ поэзиясы талантқа бай. Шартты түрде салыстырсақ, көршілес ағайындарымызға қарағанда мойнымыз озық, жотамыз жоғары екендігі өзгеге де, өзімізге де аян. Алайда, өткенімізге көз жіберсек, өкінішіміз бен өксігіміз де жетерлік. Отанымыз бен халқымыздың басынан өткен қиын кезеңдер, күрделі тағдырлар поэзиямызға да салқынын тигізбей қойған жоқ. Соның зардабы күні бүгінге дейін сай-сүйегімізді сырқыратып, жүрегімізді сыздатып келеді. Арыға бармай-ақ, соғыстан соңғы жылдарға дейін созылған жеке басқа табынушылықтың зардабы мен одан кейінгі тоқыраушылыққа ұрынған кезеңдердің кесірінен көбіміз жалтақтыққа, жадағай мадақшылдыққа, жалаң ұран мен науқаншылдыққа бой үйретіп алғанымызды айтсақ та жеткілікті. Талай таланттылардың ішкі жан дүниесі, мол мүмкіндіктері толық ашылмай, орынсыз шарттылыққа ұрынып, өздерін шашыратып алды. Шынайы әдебиеттің мерзімдік науқандардан биік тұратындығын





естен шығарып, поэзияны журналистиканың жүгін көтерісуге жұмсадық та, бәйгенің атын арбаға жеккеннің кебін кигіздік. Осыдан барып, мәңгілік өмір жаршысы құдіретті поэзияның өршіл де күрескер рухының поэтикалық қызуын әлсіретіп алмадық па деген ой келеді. Соның айғағындай өлең-очерк деген өлеусіреген дүбәра жанр пайда болды. Жүрек түкпіріндегі ұйықтап жатқан ойларды түртіп оятатын тебіренісі, сезімді сілкіндіретін серпілісі жоқ, тосын бұлқыныс, ерекше мінез танытпайтын, сырты сыпайы, іші сұрқайы, тоқпейіл, тоғышар өлеңдердің топаны басып кетті. Батыл ойларға бой ұрған өткір жырлардың жолы ауыр болды. Қолындағы жұтаң да жарытымсыз орфографиялық, түсіндірме сөздіктерге құдай сөзіндей табынып, Әуезов тұрмақ, Абайдан дәлел келтірсең де міз бақпайтын, өзі білмейтін сөз кездесе, «мұндай сөз қазақта жоқ» деп, бүкіл қазақты қанжығасына бөктере салатын тоңмойын редакторлардың ұрдажық қаламының астында қаншама құнды сөздеріміз сұраусыз кеткендігін жалған деп айта аламыз ба? Қысқасы, тоқырау жылдарындағы өміріміздің сан саласын шарпыған келеңсіздіктің көлеңкесі поэзиямызда да кеңінен көрініс тапты. Өнердегі мұндай тұманды ауа райы, әсіресе, талантсыздарға қолайлы екені даусыз. Олар әлеуметтік тақырыпты қалқан ғып ұстап, саясаттан сауыт киіп, жаппай шабуылға көшті. Өлең өлкесіне кимелей кіріп, қымсынбастан қақ ортадан өздерінің алты қанат ақ ордасын тігіп алды да, енді таланттылардың қоңырқай қосына көз аларта бастады. Мықты болсаң орнынан қозғап көр! Еркінсудің шектен шыққандығы сонша, баспаларда, билік басында отырғандар өздерінің орташалау кітаптарына алғысөз жаздыруға әдебиетіміздің беделді адамдарын да есебін тауып мәжбүр етті. Ол ол ма, өлеңді ермек көріп, ақын деген атқа оп-оңай ие бола салғысы келушілерге де баспалардың есігін айқара ашып қойдық. Қарап отырсақ, баспадан кім кітап шығармады десеңші! Автоинспектор, бухгал-



тер, райком секретары, тұтынушылар қоғамының, әлеуметтік қамсыздандыру мекемесінің қызметкерлері, қыл аяғы шөп дәрі сатып, балгерлікпен айналысатындарға дейін баспаның ерке балалары болып алды. Әрине, «өлеңге әркімнің де бар таласы» дегендей, жазғандары әдеби талғамға толық жауап беріп жатса, кімнің дауы бар? Алда-жалда арымызға жүгінсек: Камардин Бектұрсынұлы, Амангелді Жылқышиев, Әбен Дүйсеков, Кәдірбек Амангелдиев, Аманғали Сұлтанов, Мешітбай Құттықов, Нұрмияш Көбенов, тағы басқаларды ақындар санатына сеніммен қоса аламыз ба? Осы орайда марқұм Мұқағали Мақатаевтың күнделігіндегі: «Әдебиетімізді арам шөптерден тазартатын күн туар ма екен? Қайдам... Осы күнгі әдебиет нағыз таланттардың әдебиеті емес, пысықтардың, жерлестер мен достардың, жағымпаздар мен қорқақтардың шатпағы...» – деп ашына жазған ойлары ойға оралады.

Бір уақыт ащы шындықты мойындайықшы. Жайылып жастық, иіліп төсек болған сол сабаздардың көбін кезінде көңілшектік жасап, әдебиет үйіне жетектеп енгізіп жіберген осы отырған өздеріңіз емес пе? Енді арам шөптер бұрынғыдан да қаулай түсіп, аткөпір арзан өлеңдерден оқырман жерініп, жыр жинақтарының тиражы күрт төмендеп, тығырыққа тіреліп, «мына баланы сен таптың ба, мен таптым ба?» десіп, бажырая қарасып отырған жайымыз бар.

*Сағындырар шабытым – шын қонағым,  
Келе қалса бір жүріп, бір қонамын.  
Ақын – жігіт, шабыт – жар, жыр – перзенті,  
Ұл боларын кім білген, қыз боларын...*

Кезекті жинақтың авторы өз дәрменсіздігін алғашқы беттегі өлеңде-ақ мойындайды. Өлең аты – «Мойындау». Келесі өлеңін оқып көрейік:



*Біреу ордан орғыса, сайдан аттап,  
Біреу өтер айналып жайбарақат.  
Жол жалғыз да, әр түрлі аяқталыс,  
Жүретұғын мен гана тайғанақтап.*

Автордың «сайдан аттап» деген сенімсіз тіркесіне кешіріммен қарар-ақ едік, қойыртпақтың көкесі ар жағында жатпаса.

*Жамбасымды тағы да тұрмын қасып,  
Тегіс жерде жалт еттім, қырын басып.  
Алдыңғылар сияқты өте алмадым,  
Көрінгенмен бас изеп, жымыңдасып.*

О заман да бұ заман жалт етіп құлаған адамның жамбасын қасып тұрғанын кім көрген?

*Аңқау емен, амал не, түйсіктімін,  
Түзудің де байқаймын қисықтығын.  
Сара жолдың көп екен салалары,  
Ми мазасыз, тапса да мишық тыным.*

Мынадан кейін ми мен мишықты түсіну үшін, қолында анотомиялық анықтама кітабы болмаса, оқырманның да миы айналары сөзсіз. Міне, «Құтты мекен» атты кітаптағы өлеңдердің сиқы бастан-аяқ осындай. Пікір жазған – Бүркіт Ысқақов. Редакторы – Бақтыгерей Ысқақов. Авторы – Аманғали Сұлтанов.

Шәймерген Әлдибековтің «Көгілдір жиек» атты жинағы да осының ар жақ, бер жағында.

*XXVII съезі өткен партиямның,  
86 – ақ таң боп атқан жылым.*





Өшпесін деп ошағы әр ұяның,  
Бейбіт күннің алауын жаққан жылым.

Планета тағдыры толғандырып,  
«Правдадан» шындықты айтқан жылым.  
Ғаламға тіл қаттырып, қолға алдырып,  
Жер төсіне гүлдесте таққан жылым.

ООН-ның шешімдері жер үстінде  
Көгерішін жылы орнасын деген жылым.  
«Қай істе де келейік келісімге», –  
Деп болашақ қамын да жеген жылым.

Талдап жатуға келмейтін, поэзияға үш қайнаса сорпасы  
қосылмайтын осындай әлжуаз дүниелердің жоспарға қалай  
кіріп, баспадан қалай шығып кеткеніне таңғаласың.

Балалар өлеңінің белді өкілдерінің бірі Ескен Елубаевтың  
үлкендер поэзиясына жасаған эксперименті де сәтсіздікке  
ұшыраған:

Қазақстан бұл біздің!  
Біле бер сен қандайын:  
Тракторлар бір жүз мың  
Жерін жыртып айдайды.  
Біле бер сен қандайын  
Қазақстан жерінің:  
Жүз елу мың комбайн  
Жинайды оның егінін.  
Қырманға астық тасырда  
Шығатындар жол салып:  
Екі жүз мың машина,  
Кеме, вагон соншалық.





Ескен өзінің болгарлық досына Қазақстан келбетін осылай цифрлар тілімен суреттемек болған. Бірақ цифрларды образбен ойната алмағандықтан, ұйқасқа түскен бухгалтерлік есеп сияқты әсер қалдырады.

Автордың Қазақстан жерінде «екі жүз мың машина», «соншалық вагон» жүр дегеніне де сенер, ал екі жүз мың кеме жүр дегеніне болгарлық досы илана қояр ма екен?

*Мен былай деп ойлаймын:*

*Граниті Қордайдың*

*Тұғыр болған ақынға,*

*Тұғыр болған батырға.*

*Мүмкін емес мұндайда,*

*Жоқ айтатын түк дауы.*

*Гранит шыққан Қордайдан*

*Ақын мен батыр шықпауы.*

Егер Ескенше қарайтын болсақ, сонда көмір шығатын Қарағандыдан, магнит шығатын Магнитогорскіден, газ шығатын Бұхарадан, май шығатын Маңғышлақтан қандай адамдар шықпақ?

Қашан, қай заманда болсын ақынның азаматтық тұлғасы халық алдындағы өз биігінен төмендемеуі керек. Ақын кім үшін ақын? Егер ол халқының қамын ойлап, жұртының жоғын жоқтамаса, көптің көкейінде қоздаған ойды көсемесе? Абайлар, Махамбеттер өздерінің жеке басының рахаты үшін емес, қалың елдің қамын ойлап қабырғалары қайысты емес пе? Олардан бергі ардагер ағаларымыз да өнердегі күрескерлік туын қолдарынан түсірмей, ақын деген ардақты атқа шаң жұқтырмай өткені аян.

Ашығын айтуымыз керек, соңғы жылдары көпшілігіміз «ақын – елдің еркесі» деген қасиетті ұғымның бағасын ар-



зандатып алдық. Елге еркелеу деген елге еміну емес екендігін естен шығардық. Әдептен озып, бейбастақтық көрсетіп, ауылға ақын келді дегенде күдікпен қарайтындай халге жеткіздік. Тоғышарлықтың өзімізден асып, өлеңімізден де орын тепкендігі сонша, енді көл жағасындағы көк шалғынға ақ орда тігіп, тоғай түбінен саяжай салып, әйелімізге асыл тон жаппады деп ауылға өлеңмен өкпе айта бастадық. Дәлел керек болса:

*Талай атты мінгізіп тақымына,  
Әйеліне тон жауып ақырында,  
Жағасынан өзеннің таңдап жүріп,  
Дача салып беріпті ақынына, –*

дей келіп:

*Күндемейміз оларды, күндемейміз,  
Құрметтесе ақынын мін бе дейміз.  
Өз ауылың түскенде есіңе тек  
Үндемейміз, әрине, үндемейміз.*

*Көңілі жақын іні едің ізгі, тәуір,  
Неменеге бүйірің қызды, бауыр?  
Астана – шам, шам түбі қараңғы гой,  
Ал сол шамның түбінде біздің ауыл.*

Автор өзінше әдіс тауып, өлең шекесіне Оспанхан Дубәкіровка деп айдар тағыпты. Бірақ бұл әдіс ар жағында бүлкілдеп тұрған өз көмейін бүркей алмаған. Оспанхан сияқты талант иесінің атын орынсыз жерге тықпалай беруге болмайтындығын Ескен ескермеген. Сонда шам түбіндегі қараңғы ауыл қайсы ауыл болды екен?

Жалпы әдебиетті жеке бастың игілігі үшін пайдаланғысы келетіндер қатты қателеседі. Творчестволық азаптың тау-





қыметін тартпай, жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүруді әдебиет көтермейді. Қолына қалам алғанның бәріне қойылатын талап біреу-ақ. Ол – тек жақсы жазу. Біздер көбінесе жасы үлкендер туралы сөз қозғағанда сыпайылыққа салып, сипай қамшылаймыз да, керісінше, аузымызды иі жұмсақтау жастар жағына батыруға бейім тұрамыз. Зады, әдебиетімізде сыйлағанын сынамау тенденциясы дағдыға айналған. Рас, қазақ өлеңінің бәйтеректерінің терең тамырлы творчествосына әрқашан құрметпен қарап, олардың жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп отыру – кейінгі ұрпақтың парызы. Ағаларымызды ардақтайық, алайда әдеби сын объектісінен өзін тысқары қоюға ешкімнің де қақысы жоқ екенін ұмытпайық.

Егер жазғаны жарамсыз болса, неге Сырбай Мәуленовті сынамасқа, ал тамаша туындылар беріп жатса, неге Ерік Асқаровты мақтамасқа? Аға буын ақынымыз Әбу Сәрсенбаевтың «Қасиетті махаббат» кітабы бірыңғай дастандардан тұратындықтан тоқталмаймын. Дихан Әбілевтің «Көңіл гүлдері», Қалижан Бекхожиннің «Кешкі жаңғырық», Сағынғали Сейітовтің «Зерде», Сырбай Мәуленовтің «Күзгі бұлттар», Мұзафар Әлімбаевтың «Сүймеген жүрек семеді», Тоқаш Бердияровтың «Жебе мен ракета» кітаптары әрқайсысы өздеріне тән үйреншікті иірім, сыралғы мінез, дағдылы деңгейлермен назар аудартады.

Уақыттың жүрек лүшілін сергектікпен сезініп, дүбірлі оқиғаларды әлеуметтік ойдың сәулелерімен тебірене толғауға келгенде аға буынның қаламы қарымды да шалымды екені даусыз. Поэзиямызда саяси лириканың қыруар алтын қоры жасалды дейтін болсақ, мұнда да олардың үлес салмағы мол. Алайда Отан, партия, Ленин, революция, бейбітшілік, халықтар достығы сияқты келелі тақырыптарды жырлағанда жаппай схематизмге, сыпыра бірсарындылыққа салынып бара жатқан жоқпыз ба деген ой келеді. Сөз жоқ, бұл тақырыптар жырлануға тиіс, жыр-





лана береді де. Мәселе – қалай жырлануында. Октябрь революциясы таң болып атты, бақыт әкелді, достығымыз мызғымайды, бейбітшілік жасасын деген тәрізді мектеп оқушыларына белгілі қарапайым ұғымдарды мың сан рет жырлаған ұрандарымыз жинақ көлемін толтырғанмен, оқырмандар көңілін толтыра қояр ма екен? Тың образдар, тосын теңеулер, шынайы тебіреністер толастаған жерде тақырыптың да тоқыраны анық. Тіпті осалдығын көре тұра мұндай жасық дүниелерге қалам батыруға редакторлардың да батылы бара бермейді. Жадағай жырларына жол ашық болған соң ақындарымыз да оңайға иек сүйеп алды. Сондықтан Қасымның «Советтік менің өз елім», Мұқағалидың «Большевиктер», Жүмекеннің «Ақ қайраны» тектес біртуар шығармалар саны сирексіп кеткенге ұқсайды.

Халқымыздың «Су басынан тұнады» деген қағидасына табан тіреп, турасына көшсек, жоғарыда айтылған ортақ кемшіліктер алдымен ағалардың жинақтарына қатысты. Дихан ағамыздың:

*Бейбітшілік – елге ырыс,  
Бейбітшілік – әділ іс.  
Соғысшылдар, танып қой,  
Әділ істе құдірет-күш.*

*Барша халық, барша адам  
Тірлікпен ғана бақытты.  
Тірліктегі барша жан  
Бейбіт күн, бейбіт уақытты*

*Жүрегіне теңейді.  
Одан артық өмірде  
Бақ-бақыт бар демейді;*

немесе:





*СССР! – Құдіретті төрт-ақ әріп,  
Сол төрт әріп әлемге ұран салып,  
Барша адамға тыныштық, тірлік тілеп,  
Жүректерге түсіріп отыр жарық;*

Сағынғали ағамыздың:

*Арқа жоннан ағыл-тегіл тер тамып,  
Еңбек еттік, есейдік біз ел танып.  
Байқап тұрсақ, біздің Ұлы Одақтың  
Аты төрт-ақ әріп екен, төрт әріп;*

немесе:

*Революция тасқын күші селдейді,  
Бөгеттерді шыбын құрлы көрмейді.  
Қорықпайды қоқан-лоқы, бопсадан,  
Нейтрондай тажалға да көнбейді;*

немесе:

*Компартия! Баста, саған ереміз,  
Марштарда адымдарды кереміз, –*

деген сияқты жадағай жолдары көрнекті ақындарымыздың абыройлы творчествосына көлеңке түсірмесе, көркейте қоймас деп ойлаймыз. Ұйқасып тұр демесек, күнделікті баспасөз беттерінде шығып жатқан қарабайыр мақалалардың жүгін арқалаған жұтаң жырлардың күні өткендігін және мұндай арзан ұрандардың келелі тақырыптың құнын түсіретіндігін ендігі жерде үлкен-кішіміз мықтап мойындағанымыз жөн. Ал поэзиямыздың алтын туын жоғары көтеруді ойласақ, Маяковский, Сейфул-





лин сынды саяси жырдың саңлақтарын оқып өскен сауатты оқырмандарымызды да бір сәтке аяғанымыз абзал!

Арнайы тақырыпқа қатысты айтылған бұл пікірге қарап, аталған кітаптардың жалпы сапасы төмен екен деген жаңсақ ұғым тумауға тиіс. Рас, Дихан Әбілевтің замандастар, өмір, уақыт хақындағы ой-толғамдары, Сағынғали Сейітовтің кейбір топтамалары мен туған республикаларға барған сапарынан туған жырлары көңіл аударарлық.

Соңғы жылдары сырқатпен көп арпалысып, сырт көзге сәл қажыған сияқты көрінген Қалижан Бекхожин ағамыздың «Кешкі жаңғырық» кітабының ішіне кіргенде шабыт үстінде дүр сілкініп отырған ақиық ақынға тәнті болдық. Ақын өлеңдеріндегі табиғи ұнасым, шынайы толғаныс, арпалыса ізденіс ауқымды ойларға арқау болған. Кітаптың көркемдік сипатын айқындап тұрған, әсіресе, көңіл күй лирикалары.

*Қайран жарқын дүние,  
Жұлдызды түн, шуақ күн.  
Тұрса әсем күйінде,  
Жатар үйде шыдап кім?*

*Сәл сергісем жатам ба,  
Ерте тұрып жүгірем.  
Кетем алыс сапарға,  
Түнде туган жырыммен.*

Әйтеуір күнімді құр өткізбейін деген ниетпен жазу столына отыра салу Қалижан Бекхожин творчествосына жат. «Торда тұрған жолбарыстай теңселдім» деп өзі айтқандай, ақынның үнемі шабытын шақырып, шарқ ұрып жүретіндігіне жігерлі жырлары куә. Өзінің үлкен әдебиеттің өкілі екендігін сезініп, өз биігінен төмендемей, шарықтай түсу де талант тектілігін танытқандай.





Рас, кітап кемшіліксіз емес. Алдыңғы айтылған ортақ оқылық «Кешкі жаңғырықта» да бар.

*Съезде рапортын ел береді,  
Тың десе кең даламыз тербеледі.  
Миллиард көшін бастап коммунистер,  
Ауқымды міндеттерді меңгереді, –*

тәріздес шумақтар тарлан ақын қаламынан туғанына қынжыламыз.

Творчестволық шеберханасынан қызулы көріктің гүрілі, дамылсыз созылған балғаның шыңылы күндіз-түні естіліп тұратын, қазақ жырының өрнекті сөзден түйін түйетін зергерінің бірі – Сырбай Мәуленовтің «Күзгі бұлттар» кітабы да көркемдік қырларының алуандығымен ыстық әсерге бөлейді.

Сырбай Мәуленов дүние құбылыстарын тек өзіне ғана тән нәзік сәулелер арқылы қабылдайды. Ой мен сезімнің дағдылы тұтастығы, поэтикалық бояудың молдығы, жыр жолдарының еркін құйылысы – ақын творчествосының даралық сипаты. Мәуленов өлең сайын жаңа өрнектер, айшықты нақыштар табуға жүйрік.

*Жарық сәуле құйылады кеудеме  
Маралдардың жанарлары арқылы.  
Жарық сәуле құйылады кеудеме  
Сар даланың самалдары арқылы.*

Көкірегіңе құйыла кететін мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мәуленов творчествосының мәуелі болып келетіндігінің ендігі бір себебі бүкіл өмірімен өлеңге айнала білетіндігінде. Жаңа жинақтағы жырлардың берік тартылған желісінен ақынның өмірбаяндық тағдырын танимыз. Сол арқылы тұтас өмір





тартысын, заман келбетін көзге елестете аламыз. Ұлы Отан соғысы, тың игеру, одан кейінгі жылдардағы ел басынан өткен елеулі оқиғалар, бүгінгі күн тынысы – бәрі-бәрі жырларының өзегінде сайрап жатыр. Сондықтан да:

*Таулардың бұзып қоршауын,  
Жұттым мен талай жол шаңын.  
Көзімде қалды тізіліп  
Жаумаған мөлдір моншағым, –*

деуі орынды.

Сырағанның өзін-өзі қайталап алатын тұстарын айтпай өтуге болмайды. Кейде бір бұрынғы өлеңдердің жаңғырығы құлаққа келетін сияқты. Мысалы, барлығымыз жатқа білетін:

*Мың қолдар сау болсын деп,  
Мен бір қолымды бердім.  
Мың жолдар жалғансын деп,  
Мен бір жолымды бердім, –*

деген атақты өлеңнен кейін:

*Безгек мені тоңдырды да жандырды,  
Сүзек мені талай естен тандырды.  
Соғыс менің сол қолымды күйретіп,  
Өміріме өшпестей із қалдырды, –*

деп қайталап жату қалай болар екен?

Немесе 1978 жылы шыққан «Жасыл жұлдыздар» жинағындағы:

*Баян тауы – жасыл көлдер,  
Баян тауы – жасыл желдер.*



*Жасыл аспан – жасыл асқар,  
Жасыл орман – жасыл тастар, –*

деп басталатын өлеңдегі бояу реңі:

*Жарық аспан, жасыл далам,  
Сендерден сыр жасырмағам.  
Бірі жаңбыр,  
Бірі тандыр  
Беріп мені асыраған,  
Екеуіңсің асыл анам,  
Жарық аспан, жасыл далам! –*

өлеңінде де бірден көзге шалынады.

Зады, Сырағаңның кітаптан кітапқа, өлеңнен өлеңге көшіп жүретін бірыңғай түстес бұлттары мен найзағайы, дауылы мен жауыны, қызыл-жасыл бояулары бірінен бірі егіздің сыңарындай айнымайтыны алаңдатады. Әдетте табиғат түсі сәуленің түсіне байланысты реңін өзгертіп отыратыны аян, егер ақынды табиғаттың төлтумасы деп қарасақ, әр өлеңдегі колориттік бояуы да сан құбылып, оқырмандарына контрастық әсер беруге тиіс. Сондықтан Сырағаң да өз өлеңдеріне жүрек сәулесін көбінесе бір қырынан төкпей, әр қырынан түсірсе деген тілек бар.

Әр сөзін мың ойлап, жүз толғап, саралап, сығымдап айтатын, өлең арқауын көбінесе нақылға, нақтылыққа құратын шебер ақынымыз Мұзафар Әлімбаевтың «Сүймеген жүрек семеді» атты кітабына соңғы ондаған жылдардың творчестволық есебі іспетті әр түрлі сипатта жазылған өлеңдері мен балладалары және нақылдары топтастырылған екен. Он жылығы еңбек ақынның он жылығы өмірінің күнделік дәптеріндей. Әр өлеңнен мазасыз тіршіліктің мұңы мен сыры, азаматтық үлкен жүректің қажымас қайраты, оптимистік рухы сезіледі.





*Тәнім қалар бейітте, жаным қалар,  
Жаным емес, рухани мәнім қалар.  
Нәрсіз де, мәнсіз де еш атанбадым,  
Мәнін ұзақ өлмейтін әнім айтар.*

Адамдықтың түп қазығы, табан тірер тұғыры – өз бойыңдағы асылыңды, нәріңді соңғы ұрпаққа аманаттап кету – жарық дүниеге келген әрбір жұмыр басты пенденің парызы. Бұл нышан ақынның «Ой иірімдері», «Көкше кестесінен», «Ел есінде ерліктер», «Қорқыт ата толғауларынан» атты топтамаларынан айқын аңғарылады.

Көкше тақырыбы бұған дейін де сан жырланған, талай қалам шиырлаған үйреншікті соқпақ екені белгілі. Көне сүрлеуге түстің екен, қалайда соныға жанамалай тартып, өз ізіңді айқынырақ қалдыруға тиіссің. Өйте алмаған жағдайда өнер мақсаты орындалмақ емес. Ақын осы бір сыннан сүрінбей өткен.

Мұзафар Әлімбаев творчествосына тән сипат ойшылдық, берік байламдар, сөз саптауларындағы нақты тұжырымдар дейтін болсақ, оның олқы соғатын тұстарын да осы орбитадан іздеген дұрыс.

Мұзағаң нақылдатып, лақылдатып айтамын деп кейде сезімнің нәзік қалтарыстарына онша үңіле бермейтін секілді. Сайып келгенде, поэзиядағы жан дүниенің астан-кестен ететін сезімнің нәзік дірілін сірескен ұйқас та, сындарлы сөз де жеткізе алмауы мүмкін. Сол ішкі сиқырлы сезімді сыртқа шығаратын, өзге жүрекке төкпей-шашпай жеткізе алатын қарапайым оралымдар ғана. Шешендіктің кейде өлеңнің сыртын жарқылатқанмен, ішін салқындатып жіберетін сәттері болады. Бұған сақ болған абзал.

*Онда мен он бес жастан жаңа астым ба,  
Жасымнан жақсылармен жанастым да,*





*Қаңтарда қалғысам да қар астында,  
Қалғам жоқ бастырылып тау астында.*

*Ағынға қарсы жүздім қолым созып,  
Тасқынмен тегеурінді таластым да.  
Абайсыз ажыраған өз салынан  
Аққұла бөренедей адастым ба?*

Біріншіден, өлең аяқталмай тұр. Екіншіден, сезімге тиер эмоциялық әсері аз.

Немесе:

*Жас қауым жаңа арманмен жалындайды,  
Достыққа қандай қамал алынбайды.  
Шынайы интернационалистіз,  
Бізге қарап адамзат адымдайды, –*

деп, көне жол жорғасынан жаңылып, желе шоқырақтата жөнелуі өзіне де, өзгеге де қатал редактор Мұзағаңа жараспайды. Және оқырманын да сендірмейді.

Поэзияның оқ тескен шинелі үстінен түспеген жаны сірі солдатты Тоқаш Бердияровтың ізденуден табаны таймағандығын жаңа жинағы да қуаттайды. «Жебе мен ракетада» ақынның талант тегеурінін танытатын, тағдыр сырларын шертетін сыршылы өлеңдер баршылық. Әрқашан әлеуметтік ойлардың биігінен табылып, дүние тыныштығы үшін мазасыздана мұң кешуі – Тоқаш творчествосының алтын өзегі.

*Зеңгір көк күркіреп  
Қарақошқыл бұлтқа «түйілген».  
Найзағайдың от-жалын шимайы  
Бұлттарды қойдай үйірген.*







Көк аспан – көк сиыр  
Емшегі иіген.  
Өрекіп,  
Дүркіреп,  
Күн жауса сүйінем,  
Қызықтап қып-қызыл қырқаны,  
Киініп  
Шығамын үйімнен.  
Жау, жаңбыр,  
Ақ жаңбыр!...  
Құрысын бомбалар шүйілген.

Тоқаш ақын өзіне тән осы бір ырғақ, екпінге салғанда бауырын жазған жүйріктей көсіле түседі де, басқа ырғақ, басқа буынға көшкенде кібіртіктеп қала береді. Соның салдарынан тіпті ұйқас қайталауға ұрынады.

Жарқырауық зермен қойған сырғызып,  
Басқұрлары, желбаулары бір қызық (?)  
Сыр толғайды бүркіт, арқар суреті...  
Үйдің іші – толған аңыз, жыр қызық (?)

Немесе:

Бере ме уақыт мұрсатты-ай,  
Қой төлдету – қауырт жай...  
Қозылары тұсақтай,  
Тұсақтары саулықтай.

– Саулықтың көп егізі, –  
Деп қояды Баржақсы.  
(Ғажап қой қазақ лебізі)  
Мал-жан аман, хал жақсы, –



деген сияқты ойға олқы, сырға жұтаң жырларды оқығанда көрнекті ақынның танымал қолтаңбасынан көз жазып қаламыз. Жалпы Тоқаңның бойына өзінің олпы-солпы сұр шинелі болмаса, қара өлеңнің қалың күпісі онша қона қоймайтындығы көрініп тұр.

Өзінің оң жамбасына келетін тарихи тақырыптарға келгенде, обалы кәне, Хамза Абдуллиннің арындап алатын тұстары – «Ел суреті» жинағының жақсы нышаны.

*Күміс құс Кавказ шыңын көлбей ұшты,  
Әрі асты, Евфраттың шөлдеді үсті.  
Киелі монастырьге қонды барып,  
Лаулаған жүрек оты сөнбеді ішкі.*

*Күмістей ақ сәулесін жиган айдан,  
Тасқын су құлағандай Гималайдан.  
Шіркеудің іші у-шу,  
Бұл көріністі  
Табиғат әкелді екен сыйға қайдан?*

*Үңгірден Асмағ оты сығалаған,  
Тыңдардай тау бұлағы тына қалған.  
Ақынға босагадан аттап кірген  
Қарады Нестан төмен Мұнарадан.*

Алайда осы екпін жинақтағы өлеңдердің көпшілігінен табыла бермейтіндігі қинайды. Бүгінгі поэзияның интонациясын жете сезініп, тамыр лүпілін дәл баса білмейтіндігі – ақынның басты кемшілігі.

*Нүркемай бар алған Ленин орденін,  
Ер Баян бар басқалардан зор бүгін.*

*Кеудесінде алтын жұлдыз жарқырап,  
Көрсетіп жүр биіктерден орғуын.*

Дәлелдеуді қажет етпейтін, бетінде жылтырары жоқ мұндай қатықсыз қара көжелерді түбімен қотарып, түгендеп жатуды уақыт көтермейді.

Жалпы әдебиет туралы сөз көпке ортақ болғанда ғана өз орнын таппақ. Әдебиеттің әр буыны хақында сөз қозғалып отыруы тиіс, алайда әр толқынды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды.

Әдебиет – біртұтас жанды организм. Бастан аяқты бөліп қарау біржақтылыққа ұрындырады. Әдебиетте толқыннан толқынды бөліп тұрған Қытай қорғаны жоқ. Бола қалған күнде ол таланттылар мен талантсыздардың арасында ғана орнауға тиіс. Бірақ әлі күнге дейін қайта құрудың біздің әдебиет деп аталатын үлкен ауламызға ендеп кірмегенінің салдарынан халтура мен дарынды дүниелер арасын айқындап тұрған шекараны әзірше көре қойған жоқпыз. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби сынның мойнында алдағы уақытта атқарар міндеті көп. Біз әдетте соңғы жылдар поэзиясы, жастар жөнінде сөз етуге бейімбіз. Бұл қажет-ақ. Алайда қазақ поэзиясының ірі тұлғалары туралы түбегейлі әңгімелей алдық па? Олардың сан салалы күрделі творчестволарын саралап, салмақтап, өз бағаларын беріп біттік пе? Жоқ. Аға ақындарымыздың, әсіресе, осыдан 20-30 жыл бұрынғы творчестволарына ауық-ауық оралып, поэзиямыздың бүгінгі жанды процесімен, табиғи заңды дамуымен байланыстыра қарамасақ, әдеби дәстүрімізге дақ түсірері сөзсіз.

Рас, поэзияның жастыққа лайық жанр екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Уақыт өткен сайын, жас келген сайын өмірден түйген әсерлер, қаламгерлік тәжірибе молайғанымен, жастыққа лайық сезімталдық, ақындық эмоция, қуат-күштің азая бастары ақиқат: байқап қарасақ, кейбір үлкен ақындардың өздерін өздері жиі қайталап, басқан ізін таптаурынға сала беретіндігі осы бір табиғи заңдылықтан туындап жатқанға ұқсайды.



Бұлай ойлағанда, өмірінің аяқ шенінде Абайдың қара сөзге көшуі де, қырыққа жетпеген Пушкиннің прозаға ден қоя бастауы да тегін емес. Кешегі Сәкен, Ілиястардың да прозаға ауысуын кездейсоқтық дей аламыз ба? Осыны дәлелдегендей, орыс поэзиясының ақсақалдары Павел Антокольский, Арсений Тарковскийлердің соңғы кезде эсселер, естеліктер жазып, творчестволық лабораторияларының тәлім-тәжірибесін әңгімелеуге бет бұрғандықтары немесе бұдан елу жыл бұрынғы жас кезіндегі өлеңдерін енді жариялатып жатулары да ойланарлық жай.

Өзімізге келсек, ағаларымыздың ішінде Әбділда Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Мұзафар Әлімбаев, Ғафу Қайырбеков, тағы басқалардың соңғы жылдары жыр жинақтарын сирек шығарып, қолдан-қолға тимей оқылатын эссе-естеліктер беруге ынта қоюлары да дегдарлықтың белгісі. Демек, ғұмырдың әр кезеңдерінің табиғи ерекшеліктеріне дер кезінде мән беріп, әдебиетке пайдалы жағынан қалам тарту да үлкен өнер.

Өткен жылды сөз еткенде, ағалыққа аяқ басып қалған ақындарымыз Өтежан Нұрғалиевтің «Тыныштық», Жарылқасын Амановтың «Асуым – алғы күндерім», Мағираш Сарикованың «Қос қағыс», Оразақын Асқардың «Өркеш» жинақтары да тілге тиек етуге тұрарлық туындылар.

Әр кітабын айғаймен шығаратын Өтежан Нұрғалиевтің жаңа жинағынан адуын ақынның азулы жырларын оқып сүйсіндік. Өтежан өлеңдерінің өрімі шымыр, айтары айқын да айшықты. Ой өткірлігі мен тапқырлығы, кейде аспандап, кейде астарлап сөйлеуге келгендегі кең құлаштылығы қуантады.

*Атқан оғым артық кетсе межеден,  
Өз қатемді ұғамын да тежелем.  
Менің межем – жеткен жері сөзімнің,  
Жүйрік бар ма шындық атқан жебеден? –*



деп жырлайды шындық туралы. Ақын жырлап отырған шындық – бүгінгі күн шындығы. Қайта құру, бетбұрыс кезеңі талап етіп отырған уақыт шындығы.

Өтежанның кейде өткір айтамын деп қатқыл айтып, қырыс сөйлеймін деп бұрыс сөйлеп, ойының мәнін, сөзінің сәнін кетіріп алатыны да рас. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, әдетке айналған айғайдың басы да Өтежанның дәл осы ағаттығында жатыр.

Мүмкін, әдебиетке кешеуілдетіп келгенінен болар, он шақты кітап шығарып үлгерсе де творчествосы жөнінде кесімді пікір айтылмай келе жатқан ақынның бірі – Жарылқасын Аманов.

*Бақытына ұқсамайтын басқаның,  
Бақытым бар,  
Бақытсыз деп қашипағын.  
Кештеу келіп өмірімнің көктемі,  
Кешеуілдеп шешек ата бастадым, –*

деп оны өзі де ескерткеніндей, үстірттеу соғып, жеңіл ұйтқытып кететін тұстары бола тұра, «Асуым – алғы күндерім» ақын мүмкіндігін айқындаған мәнерлі жинақ екені мәлім.

Мағираш Сарикованың:

*Жұмыр бастан жайлар өтті не түрлі,  
Темір топшы сан қайрылып жетілді.  
Бірақ кексіз сол қалтымда қалдым мен,  
Желге кепкен жібек жаулық секілді, –*

деп сыршылдыққа бой ұрып, сезім толқынын ақтара жырлауы «Қос қағыста» әдемі үндестік тапқан.

Қоңыр үнді, нәзік бояулы Оразақын Асқардың сөзбен сурет салуға шеберлігі, ақындық сырын аспай-саспай, қарапайым майда тілмен шерте білуі елең еткізеді.



*...Бітсін сөздің басқасы,  
Шыңдарға көз тасташы.  
Жіңішкеріп қалған қар  
Секілді аттың қасқасы...*

*...Арқырап көбік шаиқан тау өзені,  
Ағарып ағып жатыр сүт қатқандай...*

*...Қу бұтақ ну ішінен ағараңдар  
Мамонттың музейдегі мүйізіндей...*

Осындай тапқыр теңеулер, тың образдар ақынның шабыт көзінің қырағылығын көрсетеді.

Бір қызығы – Есіктен табылған алтын адам туралы Оразақын да «Алтын адам» деген өлең жазыпты. Өлең тәп-тәуір болғанымен, Мұқағали Мақатаевтың «Алтын адамының» шаңында қалып қойған. Әсілі, бұрын біреу жазып кеткен тақырыпқа қалам тартқанда іштей творчестволық жарысқа түсіп, алдыңғыдан асыра айтып, атқан оғынды межелі жерге жеткізе алмаған соң – еңбегің зая.

Айтайық, Байронның «Еврей әуендері», Есениннің «Парсы саздары» – осындай өзектес дүниелер. Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттерінен» кейін, сол ізбен Мұқағали Мақатаевтың өз атамекенін таныстыруы да ақындық таланттың таразыға тартылуының, творчестволық тайталаста бір-бірімен жарысуының классикалық үлгісі деуімізге болады.

Бір өкініштісі – қазіргі талантты деген ақындарымыздың өздері бірін-бірі оқи бермейді. Содан барып, бұрын бірі қазып кеткен кенді екіншісі қайта қазып, бірі тапқанды бірі қайта тауып жатады. Басқаның жазғанын қадағалап отырмағандықтан өз жазғанының бәрі өзіне жаңадай көрінеді. Үйректің балапанындай ұқсас өлеңдердің оқырманды әлдеқашан жалықтырып





біткеніне көбіміз бас ауырта бермейміз. Егер соңғы жиырма жыл ішіндегі поэзиялық шығармаларымызды сүзгіден өткізіп, танып, түстейтін болсақ, қалың вариацияның тасқынына тұншығарымыз анық. Осыдан жиырма жылдай бұрын Зейнолла Тілеужанов «Қаңғыбас кәрі төбет» деген өлеңінде:

*Бұл жан сырым, бауырым, іш күйерлік,  
Қысылғанда бірі жоқ күш тігерлік.  
Бұғып келіп қылтаңды қиятұғын  
Қайда барсаң қаптап жүр ипион ит, –*

деп жазды.

*Оқты көзбен әуелі бір атамын,  
Түсінікті одан соң «кет» дегенім.  
Мен өзіңдей иттерді ұнатамын,  
Мен өзіңдей иттерді жек көремін, –*

деп жазды 1971 жылы шыққан «Найзағайлы жаз» жинағындағы «Марикке» деген өлеңінде Жарасқан Әбдірашев.

*Ақша берсең ашылмайтын кілт те емес,  
Өмір солай, аяқ асты бітті елес.  
Алтын беріп ала алмайтын қасиет,  
Ол – адамда, қанша айтқанмен итте емес, –*

деп жазды ит базары туралы Өтежан Нұрғалиев қолымыздағы жинағында.

Жұрт қаланың итін жырласа, мен адресін өзгертіп даланың иттерін жырлайын деген болуы керек, Ғұсман Жандыбаев та жаңа шыққан «Арай» жинағында «Көш. Иттер» деген өлеңінде:





*Шүкір, біз де аман-сау жүрміз бүгін,  
Соңымыздан әредік ит үргізіп.  
Ит үреді...  
Жалғасар тіршілігің,  
Қалам ұстап, жер қазып, үй тұрғызып, –*

деп жазады.

Ағаларынан қалыспаған жас ақын Шәкизада Әбдікәрімов те таяуда «Қазақ әдебиетінде» «Иттер көрмесінде» деген өлеңінде:

*Ит деген не...  
Ал талаттың, талаттың,  
Соры эншейін балтыр менен балақтың.  
Ту сыртымнан естілгенде ырыл бір,  
Итіне емес, иесіне қараптын, –*

деп жазды. Біздің көзімізге түспеген тағы да қанша иттердің жүргенін құдай білсін...

Жекелей алғанда, осы өлеңдердің бәрі жақсы. Көркемдігі бір-бірімен деңгейлес жатқан дүниелер. Ал жалпы поэзиямыздың мүддесін ойлайтын болсақ, осы өлеңдер тақырыптық жағынан қазақ өлеңін байытып тұрған жоқ. Шынайы айтсақ, бәрі – бір-ақ өлең.

Сондай-ақ, ана жүрегі туралы аңыздың желісімен жазылған Ақұштап Бақтыгерееваның өлеңі, ұмытпасам, осыдан біраз жыл бұрын жарық көрді. Осыдан кейін өткен жылы «Жалын» баспасынан шыққан Қожабек Ахметовтің «Бейбітшілік бесігі» жинағында «Ана жүрегі», «Жұлдыздың» 12-санында Жәрем Тоғашевтың тағы да «Ана жүрегі» атты егіз қозыдай өлеңдері жарияланып жатуы – алаңдатарлық жай.

Белгілі аңызды ұйқасқа түсіріп, оқырманға қайта-қайта ұсына беру – қағаз шығындаудан басқа ештеңе емес. Бұл орайда баспа-





лар мен газет-журналдардағы поэзияға жауапты жолдастардың атына айтылар сын көп. Сол жолдастар бұрын-соңды шыққан поэзиялық шығармалардан хабардар болып, алдына келген өлеңдерге жан-жақты қарап, саралап, сүзіп отырса, әлгіндей әттеген-айларға ұрынбас едік.

Кейде жалпы тақырып объектісі ортақ болған жағдайда сол тақырыптың табиғатынан туындайтын ішкі логиканың шеңберінен аса алмай, ақындарымыздың бәрі бір ойдың төңірегінен шығып жататыны болады. Жоғарыда келтірілген мысалдарымыз соның айғағы. Ал кейде ақынның бұрын ешкімнің аузына түсе қоймаған тосын ой, өрнекті образ, тың тіркес табатыны сияқты, тек алғашқы тапқан авторға ғана тән, басқаның оны қайталауға қақысы жоқ, бүкіл болмысымен дара өлеңдер дүниеге келіп жатады, біреудің санасын сарқып, шарқ ұрып іздеп тапқан мүлдем жаңа сол туындысын жарыса жазып шығу, әсіресе, талантты ақындарға жараспайды. Әдебиетімізге абырой әпермейтін осы бір ұнамсыз әдетке көбіміздің етіміз үйреніп бара жатқанға ұқсайды. Бір мысал:

*Күндер, оған бер биікті,  
Тереңді.  
Күндер, оған бер төзімді,  
Бер енді!  
Әнеки, ол ауыр басып аяғын,  
Келе жатыр құрсағында көтеріп  
Жұмбақ жұмыр әлемді.*

*Қайнап жатқан қазандай  
Магазіндер мен базарда  
Жол бер оған,  
Адамдардың лектері!*





*Келеді ол көтерін  
Болашақтың шаттығын,  
Болашақтың мұңы мен  
Болашақтың кептерін...*

Бұл шумақтар – Темірхан Медетбековтің қолымыздағы жаңа жинағындағы «Екіқабат әйел» атты өлеңінен. Ал Дәуітәлі Стамбековтің де жаңа жинағындағы «Аяғы ауыр әйел туралы сөз» деген өлеңінің бірер шумағын оқып берейік:

*Ей, болашақ,  
Өлме сен,  
Өлме, күндер!  
Ей, адамдар!  
Ақылға тез келіңдер.  
Автобуста,  
Дүкенде,  
Көшелерде  
Аяғы ауыр анаға жол беріңдер.*

*Әйелдер ғой өмірге балағаның,  
Болсын дәйім алдында адал арың.  
Аналарды ауызға алғаннан соң  
Көшем енді халіне Жер-ананың.*

Екі өлеңнің бір-бірінен айырмашылығы шамалы. Екі өлең де ана құрсағындағы сәби арқылы әлем тағдырын толғайды. Екі кітап та баспадан өткен жылы жарық көрген. Алайда қайсысының өлеңі бұрын жазылғандығы бізге беймәлім. Тарихта екеуі жер шарының екі түкпірінде жатып, бір мезетте бір жаңалық ашқан ғалымдарды білеміз. Бірақ кім бұрын жарияласа, авторлық право сонікі болған. Темірханның өлеңінің бір-екі жыл бұрын «Қазақ әдебиетінде» шыққанын Дәуітәлі көрді ме, көрмеді ме, білмеймін. Егер көрген болса, тіпті одан бұрын





жазған күннің өзінде, осы өлеңді жариялаудан саналы түрде бас тартса, Дәуітәлі ұтпаса ұтылмайтын еді.

Жаңа жинақ деп шартты түрде айтқанымызбен, жарық көрген дүниенің барлығы жаңа емес. Өткен жылғы кітаптардың біразының ішінен іліп алар тың туынды таппағанымызды жасыра алмаймыз. Қанша үңіліп қарасақ та, қанша ақтарып көсесек те қоламта арасынан жылтыраған ұшқын көре алмай, әуреге түскендей күй кештік. Таптаурын ой төңірегінен шыға алмаған татымсыз жинақтар көпшілік ақындарымыздың поэтикалық талғамының төмендігін, ізденіс аясының, ойлау масштабының тарлығын тағы да дәлелдегендей болды.

Творчестволық мақсаттан гөрі көлем толтыруға құлшыныс, жүрген-тұрғанын, көрген-білгенін, оқыған-тоқығанын жөнді-жөнсіз өлеңге айналдыра берушілік, әсіресе, Серікбай Оспановтың «Назқоңыр» жинағына тән. «Жүрегім» деген өлеңін оқып көрейік:

*Өзіңдей көріп едің,  
Ұмыта аламысың,  
Егіліп еңіредің  
Әкем мен анам үшін.*

*«Аман бол, Жер үсті!» – деп  
Аттадың еркін алға.  
Әділге жеңіс тілеп,  
Жүрдің сен Вьетнамда!*

*Не кінә таға алармын  
Кейде өзің үріккенде?  
Сен қатты жараладың  
Чилидегі бүліктен де, –*

дей келіп:





*Болгасын адам иең,  
Өйтпеуге қақың да жоқ.  
Тиеді саған кілең  
Әлемдегі атылған оқ, –*

дейді.

Бұл шумақтар «Дүниеге түскен сызаттың бәрі ақын жүрегі арқылы өтеді» дейтін Гейнениң көпке әйгілі афоризмінің өлеңге олақ көшірілген көлеңкесі ғана. Бұдан бұрынғы кітаптардан тәп-тәуір жырларымен оқырман көңіліне ұялаған Серікбайдың нағыз ақындық серпінін танытатын тұсында ізденістен гөрі із қуалаушылыққа салынып кеткен жайы бар.

Осыдан бірер жыл бұрын шыққан «Бозторғай-жүрек» деген өлеңімде мен (Н. Айтұлы):

*Бозторғай-жүрек құртымдый,  
Қысқандай біреу сығымдап.  
Апыр-ау, неге бір тынбай  
Шырқайды келіп шырылдап? –*

деп жырласам, Серікбай бозторғайдың «бозын» алып тастап, «торғайын» қалдырып:

*Бақытым болған Отан-ай,  
Жырлай алмауым ұят-ты.  
Шырылдап тұрған сол торғай  
Жүрегім менің сияқты, –*

деп қайталайды. Жалпы алдағы уақытта өз соқпағын салып, өз үнін танытпаса, Серікбай өлеңдеріне тағылар мін, айтылар сын көбейе бермек.

Сондай-ақ, Қаныбек Сарыбаевтың «Сезімдер сарайынан репортаж», Рысты Шотбаеваның «Достық жолында», Сей-

фолла Оспановтың «Көңіл сәулесі», Жарасбай Нұрқановтың «Терең барлау» жинақтарының қадау-қадау тұстарына көңіл тоқтатқанымызбен, әйтеуір көне сүрлеуден көз жазбай, көштен қалмай келе жатқандарына қанағат етеміз де қоямыз.

Бүгінгі поэзиямыздың жай-күйін байқап отырсақ, көп жылдардан бері тоспадай тұтасып тұрған толғақты мәселелеріміз бастан асады. Жариялылық, жаңа бетбұрыс тынысымызды кеңейтіп, құлашымызды ұзартқан кезеңде көп отырып қалған орнымыздан бұлқынып, шаңымыздан сілкініп алмасақ, өлең шаруашылығымыздың шаңырағы шалқайып тұрғаны рас. Жыр жинақтарының өтпей жатуының бір себебі қазіргі қазақ поэзиясының алып діңіне шырмауықтай оралып, бой көтертпей тұрған халтурщиктер ғана емес, ең алдымен өлең техникасын жетік меңгеріп алған, өздері әдеби өнім бермейтін, бірақ ақындар санында жүрген қара көбейтушілер. Олар – ең болмағанда әдебиетте Байбота Серікбаев тартқан азапты тартпай, Әбділда Тәжібаев көрмеген рахатты көріп, қолын жылы суға малушылар. Басқаның фабрикасынан шыққан бұйымды өңін айналдырып, өз этикеткасын жапсырып, базарға қайта шығаруға келгенде алдарына жан салмайтын олардың өздері мұнысын еліктеу, ал сыншылар болса, әрі кеткенде вариация деп жауырды жаба тоқыған болады. Алайда бұл көрініс плагиатқа апаратын төте жол екендігін естен шығармауымыз керек.

Осы плагиаттық құбылыстың флагмандарының атын айғайлап айтып, тосқауыл қоятын уақыт әлдеқашан жетті. Ол үшін алдағы бір үлкен мәжілісті қазақ поэзиясының бүгінгі толғағы жеткен толып жатқан проблемаларына арнауымыз керек. Тіпті жаңағылардың поэзия жөніндегі талғам-түсініктері де қызық. Олар үшін поэзияның басты шарты – тақырып. Егер тақырып біткенді түгел қамтып, бастан-аяқ мазмұндап шықса, шаруа бітті деп ойлайды. Поэзия уақыттық құбылыстың қарадүрсін көшірмесі емес, керісінше, оның көркем де жанды,



реальды суреті екенін сезіне алмайды және сезінгісі де келмейді. Олардың ақындық өресі, поэтикалық танымы, міне, осындай. «Поэзия – мен үшін жанымның шырылы. Басқа ештеңе де емес» деген Мұқағали сөзіне олар илана қояр ма екен?

Әдетте өлең кітаптарының өтпей жатқандығының екінші бір себебін кітап саудасы қызметкерлерінен, баспалардан, қала берді оқырмандардан көріп жатамыз. Көп жазғанның бәрі классик емес, тасырдың бәрі талант емес екендігін айыратын кез жетті. Жеке басымыздың мүддесі тұрғысынан емес, жалпы әдебиет қамын ойлап көрейікші. Сонда көз алдарыңызға кітап дүкендерінің сөрелерінде шаң басып, сіресіп тұрған мұқабасы серке терісіндей сере қарыс кітаптардың келетініне біз кепіл. Ол кітаптар неге тұр дейсіздер ғой. Өйткені ол кітаптардың авторлары – өздеріне әсте шаң жұқтырғылары келмейтін жоғарыдағы айтылған қара көбейтушілер. Өтпейтін кітап авторының ақындық деңгейінің қандай екенін оқырман қауым қырық жылдан бері бес саусақтай біледі. Қысқасы, кітабынан бұрын авторы оқылып болған. Мұны жаңағы ақынның өзі өлдімалла мойындағысы келмейді. Басын тауға соғып, тасқа ұрса да, арыз жазып айқайласып, баспа басшыларының алқымынан алып жүріп, жыл сайын қалың-қалың кітап шығарады. Осыдан келіп ұзақ жылдар бойы, үлкен болсын, кіші болсын, талантына қарап емес, жасқа қарап жоспарға енгізіп, сақалға қарап сыбаға үлестіру әдетке айналды. Сөйтті де жаңағы өтпейтін, оқырман жүрегіне жетпейтін том-том кітаптардан кейінгі толқынның алдынан бұзылмас тас бөгет пайда болды. Бұл тосқауыл әдебиет атмосферасын жыл құсындай жаңартып тұратын жас толқынға кедергі жасап қана қойған жоқ, поэзия мен оқырмандар арасындағы дәстүрлі байланысты үзуге әкеліп соқты. Оқырмандарға керегі 30-40 жыл бойы құлағы үйренген сыралғы саз емес, алмасып отыратын жаңа толқынның жаңа әуендері. Күнде келген қонақ сияқты татымсыз автордың жыл



сайын шыққан кітабы оқырмандарды да жалықтырады. Қанша тыңдасаң да жанға ләззат бермейтін арзан айғайлар жазылған ескі пластинкаларды қаншаға дейін айналдырып қоя бермекпіз? Ақсақалдарымызды айтпаған күннің өзінде, ортамызда жүрген поэзиямыздың беделді өкілдері Қадыр, Тұманбай, Сағи, Марфуға, Фариза, Қастек, Мұхтар, Сәкен, тағы басқалардан кейінгі буын – Күләш, Темірхан, Кеңшілік, Жарасқан, Иранбек, Исраил, Зейнолла, Жұматай, Тынышбай, Серік Ақсұңқарұлы, Серік Тұрғынбеков, Жәркен, Дәуітәлі, Ғұсман, Жүрсін, Асқар, Тұрсынай, Ұлықбек, Есенғалилардың алдының әдебиетке келгеніне 20 жыл болды.

Ойлап көрейікші. Жиырма жыл деген ақын үшін тұтас бір ғұмыр емес пе? Осынша уақыт ішінде талант не танылып бітуі керек, не жанып бітуі керек. Ал творчестволық тағдырлары тоқырау кезеңіне тап келген, қырықтан асып, елуге аяқ басса да жас атанып отырған менің замандастарыма уақыттың мейірі онша түсе қоймады. Жетпісінші жылдардан бергі қазақ поэзиясының жалаңаяқ жұмыскерлері осылар бола тұра, бұлардың даусы республикамыздың түпкі-түкпіріне әлі толық жеткен жоқ. Өзгені айтпағанда, Күләштан басқа бірде-бірінің осы күнге дейін 10 баспа табақ қайта басылымының шықпағанына кім кінәлі? Әрине, жоғарыдағы айтқан жағдай. Онан кейін, арнайы қаулы шыққанына қарамастан, творчестволық жастарға қамқорлықтың жоқ екендігінің, болса да формальды түрде ғана болып келгендігінің кесірі.

Бұлардың жағдайы осындай, ал бұлардан кейінгі қаулап өсіп келе жатқан жас таланттардың жай-күйінен көпшілігіміз бейхабармыз. Олардың өзін жас деуге де болмайды.

Аманхан Әлімов, Ерік Асқаров, Ертай Ашықбаев, Әбубәкір Қайранов, Мейірхан Ақдәулетов, Әбілғазы Қайырбеков, Мәди Қайыңбаев, Қайрат Әлімбеков, Бауыржан Жақыпов, Абзал Бөкенов, Бауыржан Үсенов, Гүлнар Салықбаева, Кө-



пен Ерқасов, Есенқұл Жақыпбеков, Светқали Нұржанов, Қадірбек Құныпиянов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Шәкизада Әбдікәрімова, Назым Байоролова, Гүлнар Шәмшиева, Шәмшия Жұбатова, тағы басқалардың ұзақ жылдар тек ұжымдық жинақтармен шектеліп, жеке кітаптарын шығара алмай таулары шағылғандықтан кейбіреулерінің әдебиеттен түңіле бастағандығын білеміз. Егер әдебиетке жанымыз ашитын болса, алдымен соңымыздан желкілдеп өсіп келе жатқан жастарға қамқор болуымыз керек. Оларға жан-жақты көмек ауадай қажет. Жазушылар ордағының басшылары әкенің баласына емес, алдымен әдебиеттің баласына жағдай жасауға міндетті. Бұл тұрғыдан ағаларымызға да айтар өкпе аз емес. Ағалар алақанына жастар қашанда зәру. Сондықтан ағалар мен інілер арасындағы рухани байланысты қайтадан қалпына келтіру – кезек күттірмейтін мәселе. Әдебиетке әуреден басқа ештеңе әкелмеген Әбулақаптарға ара түсіп, ақ тер, көк тер болып жүретін үлкен-үлкен тұлғаларымыздың жүрек жылуы жастарға қарай бұрылса, қазақ поэзиясына әлдеқайда пайдалы болар ма еді деген ниеттеміз.

Өзіндік орны бар, қолтаңбасы айқын қалыптасқан талантты ақындарымыздың бірі Темірхан Медетбековтің «Жүректегі ендіктер» деп аталатын кезекті жинағы – оның талант мүмкіндігінің молдығының, кітаптан кітапқа өсіп келе жатқандығының куәсі. Таяуда поэзия кеңесінде Темірхан творчествосы арнайы талқыланып, ол туралы толымды пікірлер айтылған болатын.

Кітаптың композициясы мен мазмұнынан Темірханның поэтикалық бұрғысы ойдың терең қатпарларына еркін сүңгіп, іздегенін ала білетіндігін байқадық. Ақын өткенге үңілу арқылы бүгінгі күннің проблемасын батыл қозғайды.

*Көрсем оны, бір орнымда тұра алмай,  
Кетемін гой қазір енді сынардай...*





*Музейде енді жатыр кісен шынжырлы,  
Екі басты шұбатылған жыландай.*

*Шығамын да қатырам деп табанда,  
Ашқарақ бір аузын ашып жалаңдап,  
Екі басты темір жылан ысылдап  
Жүрген менің даламда.*

*Иретілген шынжырлардан жаралған,  
Шыға келіп қауіпті іннен, қамалдан,  
Аттаттырмай қарға адым жер  
Сол жылан  
Ақиқаттың аяғына оралған...*

Темірхан жадағай, жауыр сөйлемейді. Бейнелеп, бедерлеп айтуға шебер. Көкейдегі көрікті ойын қағазға түсіргенде соңғы тамшысына дейін қалдырмай сығады. Бір қызығы – әдеттегі көп жинақтарды оқып шықанда жадында жалғыз өлең қалмайды, ал Темірхан ақынның әр өлеңі есте қалатындығымен ұтымды. Себебі ақын бар салмақты ойға салып, әрі өлеңге ауыр жүк арта біледі. Медетбеков өлеңдерінің көбінесе іргетасы мықты, діңгегі нық, дәдегесі берік болып келетіндігі де сондықтан. Рас, Темірханның сөз сарайы мың құбылып жарқылдап тұрмайды, көркемдік бояулары жұтаңдау. Оны мойындау керек. Оның бұл кемшілігін кейбіреулер стильдік ерекшелігіне балап жүр. Өзі соған сенгендіктен орынсыз олпы-солпылыққа тізгін беріп алатын секілді. Біздіңше, Темірханның стильдік ерекшелігі мен кемшілігін шатастыруға болмайды.

*Толған жасау... үй иесі бай неткен,  
Шәй ішеміз алтындатқан шәйнектен.  
Күн сәулесі құйыла алмай тұр бірақ  
Көптен бері жуылмаған әйнектен, –*





дей келіп:

*Жаңбыр шайып өткен жазғы шалғындай  
Бәрімізге парыз екен тазару, –*

дейді «Тазалық туралы жыр» деген өлеңінде талантты ақын Күләш Ахметова.

Күләштің лирикалық кейіпкерінің рухани тазаруға, жан дүниеміздегі пендешіліктің кір-қоқысынан арылуға шақырған жан даусы оқырманын бей-жай қалдырмайды. Ақын өзін ортадан бөлек қойып, сендер тазарыңдар деп сырттай үкім айтпайды. Жаңғырудың жалпымызға ортақ парыз екендігін парасатылықпен пайымдайды. Азаматтық ар тазалығы, кіршіксіз өмірге құштарлық, ел мен жерге деген мөлдір махаббат – «Арғымақтар даласы» жинағына кірген жырлардың басты сипаты.

Жалпы Күләш – нәзік сезімдерден ғана көркем кесте тігетін, қас қағым сәттердегі жалт ете түскен әсер сәулесінен старт алып, кеңге құлаш ұрып, биікке қанат қаға білетін ақын. Сыршылдық мәнерінің нәзік лүпілі жаңа жинағында да әр қырынан жарқылдап көрініп отырады. Оның бүгінгі Қазақстанның поэтикалық панорамасын жасауға талпынысы, азаматтық үнінің ашықтығы сүйсіндіреді.

*Мейіріміне қалай мен тоя аламын,  
Сол емес пе аяулым, сая бағым.  
Халқым аман болсын деп көзімді іліп,  
Халқым аман болсын деп оянамын, –*

дейді өзінің ақындық миссиясын терең сезінген ол.

Бытырғы жинақтардың бір ерекшелігі – бірқатар ақындарымыз өнер ардагерлерінің поэтикалық портреттерін сызуға жаппай атсалысыпты.





Қалижан Бекхожин, Жәркен Бөдешев, Күләш Ахметованың осы орайдағы топтамалары, сырттай ортақ ұқсастықтары байқалғанымен, шеберлік шешімдері, ой мен сезім суреттерінің сырлы бояулары әрқайсысының өздеріне тән тұрпатта құбылады. Күләш жинағының тағы бір жетістігі осы нүктеде. Күләш Темірхан сияқты кітаптың композициялық қабырғаларын алдын ала тұрғызып, ойдың көркемдік ансамблін бір тақырып төңірегінен тудыратын ақын емес, сәттік әсер мен шабыттың шарпуында өртенетін ақын екендігін айтып өттік. Сондықтан да оның болашақ кітаптың мазмұндық маңызына, тақырыптық тұтастығына бағынып, жоспарлы, мақсатты түрде көтеріңкі әуенге барған өлеңдерінде жалаң патетикаға ұрынып, сезімнің жібек жібіне кілең маржан мөлдіретудің орнына, арзан моншақтар тізіп кететін мезеттерін ескерткіміз келеді. Рас, Ахметовадан оқырман көңілі қалып көрген жоқ. Ол мүмкін де емес. Дегенмен, бұрынғы кітаптарындағы шынайылығымен көз жасындай төгіліп тұратын Күләш пен мына кітаптағы Күләшті салыстырып қарайтын болсақ, бұл жолы әдемі жырлар үшін жанын үзетін әдеттегі ақын Күләштан гөрі, әсем кітап шығаруға көбірек алаңдаған іскер Күләштің алдыңғы планға шығып кеткен сыңайы бар.

Көп еленбей жүргенімен өрелі өлеңдерімен еріксіз мойындататын ақынның бірі – Жәркен Бөдешевтің «Зейін» жинағы былтырғы жылдың саусақпен санарлықтай таңдаулы кітаптарының қатарында.

Жәркен – тегінде кітабилық кінәратынан ада, табиғи талант. Тау суындай сылдырап, ақ жарылып, еркін құйылып тұратын тұнық жырлары көкейге қалтқысыз қона кететін дәйекті ойымен, таңдайыңды уыздай үйретін мәйекті тілімен құнды.

Ақынның күйінішті де сүйінішті күрделі тағдырының табы әр өлеңінде шым-шымдап шымырлап қайнап, өмір шындығымен астасып жататындығы да оны өзгеден даралай түседі.



*Бас иемін өзіңе, Ана-шындық,  
Сен жоқ жерде тұншығып, аласұрдық.  
Тек өзіңсің жалпыға, жалқыға да  
Келе жатқан көрсетіп жанашырлық;*

немесе:

*Ұсақтағым келмейді, ұсақтағым,  
Ойларымның қайтемін тұсап бағын.  
Бір Отанды,  
Бір елді,  
Бір сені емес,  
Күллі әлемді келеді құшақтағым!*

Ана-шындыққа ғана бас иіп, күллі әлемді құшақтағысы келетін ақынның азаматтық тұлғасы өлең сайын өрлеп, басқыштап, биіктей береді. Жәркен тіпті жеке бастың мұңын жырлағанда да боркеміктік танытпайды. Өз тағдырының бетіне тура қарап, оптимистікпен үн қатады.

*Мені баулып өсірген көкешім зой,  
Көкешімнен хат алдым кеше тілдей.  
Туған тауға тұрады көңілім ауып,  
Парктегі арқардың текесіндей;*

немесе:

*Туғанда бөлінбеген бүтін едім,  
Емізген бүтіндікке сүтін елім.  
Қу тағдыр бұтағымды бұтарлады,  
Бетіне сол тағдырдың түкіремін, –*

дейді кейде ашынған ақын. Кітапта өміріміздің күнгейі мен көлеңкесін бірдей қамтыған, қайта құру кезеңінің жарқын ру-



хымен қанаттанған бүкпесіз батыл жырлар мол. Жәркеннің кемшілігі – көмбеге жеткенін аңғармай, арындап асып жығылып жататындығы.

Ақындық ситихиясы қарама-қарсы ағыстардан тұратын, бірде жұмсақ, бірде ұнтап немесе бірде қазып, бірде қажып сөйлейтін Иранбек Оразбаевтың «Дүние жарығы» да, сөз жоқ, сәтті жинақ. Өлеңдерінен гөрі драмалық поэмаларымен көпті мойындата бастаған ақынның бұл кітабына кез келген сауатты оқырманның барынша сын көзбен қарары заңды.

Шындығына көшсек, алғашқы жинақтарындағы ойпыл-тойпыл аяқ алысы, иі қанбаған сөз саптаулары Иранбектің иығын онша оқшаулата қойған жоқ еді, оның қыза шапқан жүйрігінің жал-құйрығын жел сүзіп, суырылып шыға бастағаны соңғы үш кітабында байқала бастады. Оразбаев поэзиясының болмыс-бітімі, мақам-мәнерінің бөлектігі кейбіреулердің көзіне оғаш көрініп, құлағына тосаң естілуі мүмкін. Алайда «Дүние жарыққа» кірген өлеңдердің көпшілігі – жүрек түпкірінен туындаған тегеурінді дүниелер. Сыртқы әсерден тұтанып, көз алдын суреттеуден гөрі, өзінің ішкі әлеміне көбірек үңіліп, тосын жарылыстар жасауға бейімдігі – Иранбектің ой тереңіне бойлауының негізгі нышаны. Сондықтан:

*Күн әлдилеп,  
Жер тербетіп,  
Тау – Адам,  
Туылысың алып уақыт – Анадан.  
Қызыл гранит тектес тәнің шыңдалып,  
Қуаң тартар Оттан, Судан, Ауадан...*

*Таусың – Адам!  
Таулығыңа жоқ күмән!  
Бауырың жасыл,  
Ұшар басың ақ тұман.*



*Мәңгі-бақи шаттығыңа шомылып,  
Орансам-ау деп тұрам;*

немесе:

*Сарғайып жеткен мұратты  
Сезініп іштен, сүйіне,  
Қысырдың тайы сияқты  
Құрықтан қашқан дүние, –*

деген секілді ұтқыр да тапқыр жырлар кімнің болсын жанына жақын.

Әрине, Иранбек поэзиясы кемшіліксіз емес. Ол шешен сөйлейді. Нені қалай айтуды біледі. Үнінен жыраулардың мақамы, сөзінен билердің мақалы есіп тұрады. Ауыз әдебиетінен мол сусындағандығы, көп үйренгендігі оның драмалық поэмаларға барған қадамына игі әсерін тигізді. Бірақ драмалық поэмалардағы диалогқа, ауызекі шешендікке, ескі билерше сөз тастауға машыққандығы лирикасына кері әсер еткендігі, тіпті кейде жадағайлыққа жақындатқаны байқалады. Лириканың нәзік иірімдері бірыңғай сыпыра жыраулыққа көнбейтіндігін Иранбек ескеруі керек.

*Жақсы әйелдің ішінде  
Бесігімен бала жатады.  
Жаман еркектің ішінде  
Табытымен нала жатады.  
Ердің қамын ойлаған,  
Елдің қамын ойлаған,  
Әлем қамын ойлаған,  
Кере қарыс бейнеті,  
Сынық сүйем зейнеті*



*Хас таланттың ішінде  
Жазылмайтын жара жатады.*

Егер осы жолдарды «қайсысыңнан туған, танып ал» деп поэзия мен ауыз әдебиетінің арасына тастайтын болсақ, ұйқасына қарап поэзия сәл шырамытқанымен, шешендік сөздердің шырылдап бірден бассалары сөзсіз. Бізге керегі – шешендік сөздер емес, өрнекті поэзия.

Ашық дауысты, айқын бояулы Дәуітәлі Стамбековтің «Бұлақтар даланы аңсайды» жинағы да оның мол мүмкіндігін дәлелдейтін туынды. Өлеңді жеріне жеткізе, межелі нысанадан өткізе толғауға келгенде тілінің мүдіріссіз еркіндігі, поэтикалық тынысының кеңдігі Стамбековтің ұтымды жақтарын көрсетеді. Ақын жүрегі дүниенің әр дыбысына мазасыз құлақ түреді. Жеке басының қайғысынан бастап, әлем басына төнген ауыр халге дейін оның творчестволық желісін тынымсыз тербеп, поэтикалық қозғалыста ұстайды.

*Кіп-кішкентай,  
Керемет гұмыр еді.  
Есіме алсам көңілім бүлінеді.  
Анасының қолынан шығып кетіп,  
Көл жағалай бір бала жүгіреді.*

*Кеудесі оның толы еді армандарға,  
Қолын бұлғап осынау ән-жалғанға,  
Кете барды айдыңның тереңіне...  
Не бар көлдің түбінде?  
Маржан бар ма?*

*Не бар көлдің түбінде, біле алмадым,  
Қалды жетім менің де сұрауларым.*



*Маржан қуған баламен көл түбіне  
Кете барды менің де бір арманым.*

Дәуітәлі жүрегіне түскен осынау кездейсоқ трагедия тауқыметінің салмағы:

*Танысым да жоқ онда, қимасым да,  
Туысым да жоқ онда, сыйласым да.  
Жер-ананың бір көрген қасіреті,  
Жүрегімде жаралы Хиросима, –*

деп басталатын өлеңінде одан сайын ауырлай түсіп, әлемдік қасіретке ұласып кетеді. Рас, Стамбековтің сөздерінің сыңғыры сүйкімді, ойларының шылбыры жинақы. Көңілге қонымды, жүрекке жағымды жырлары жеткілікті. Алайда:

*Ауыл,  
Қала сыйысқан аумағына,  
«Қазақфильм» микроауданына,  
Жексенбіде келіп кет  
Сейілдетіп  
Алмалы тау жағына, –*

деп өзі жырлағандай, оның өзі тұратын «Қазақфильм» микроауданында ғана емес, бейнелеп айтсақ, поэтикалық микроауданында да біраз бұлғақтап жүріп алғаны әмбеге аян. Дәуітәлі әлі күдірге түсіп, табанына тас батпаған, ащы тері алынбаған бұла жүйрікке ұқсайды. Оған алдағы уақытта асу-асу белдерден, адыр-адыр шөлдерден асып, ешкім ат ізін салмаған аймақтарға сапар шегуіне тура келеді. Салқын қора, салулы жеммен жал күдірейткен ипподромның сұлу сәйгүліктеріндей үйреншікті сызықтармен бұдан былай айнала беруге болмайтындығын ақындарымыздың дұрыс түсінгені жөн.



*Әрбір жүйрік шабады өзі халынша,  
Аруақтанам – көңілім хошы табылса.  
Жаза алмаймын,  
Жазғым және келмейді  
Тұманбайша, Сағиша да, Қадырша, –*

дейді Ғұсман. Сөзді шегедей қағып, шымыр жазатын Жандыбаевтың өзіндік ою-өрнектері бар, қолтаңбасы қалыптасқан ақын екендігі айтпаса да түсінікті. «Арай» жинағы қалай екен деген сауалмен үңілгенде жақсы ақыннан көңіліміз сәл суып қалғанын жасыра алмаймыз. «Жыр қадірі» атты өлеңінде:

*Назырқансам –  
Сырын өзің сез мұның,  
Бағаламай жүрек қанын, көз нұрын.  
«Көлемді» етіп,  
Өлеңдетіп жүргенде  
Төмендетіп алмадық па сөз құнын? –*

дейді.

Өзін емес, өзгені меңзеп отырғандай көрінгенімен, дәл осы «көлемді» етіп жүріп сөз құнын төмендетіп алу алдымен Ғұсманның өзіне қатысты. Шұбалаңқылық, орынсыз қайталаушылық – «Арай» жинағының басты ақаулары.

Поэзиядағы сауаттылық ең алдымен өлеңдегі әр сөзге, әр жолға жауаптылықтан басталады.

*Талқандап көрген емен кісі есігін /?/  
Бар менің ардақ тұтқан үш есімім:  
Адаммын,  
СССР азматы,  
Және де КПСС мүшесімін.*



Анкеталық сипаттағы бұл шумақтың жай хабар ғана екенін әңгіме етпей-ақ қояйық. Осындағы «Талқандап көрген емен кісі есігін» деген сыйымсыз жолды ұйқас үшін ғана құлағынан сүйреп әкелгені тайға таңба басқандай көрініп тұр. Егер өлең логикасының ырқына жүрсек, кісі есігін талқандаудан бергі дүние Ғұсман үшін ойыншық сияқты. Одан аман болсаң болды, КПСС мүшесі бола беруіне қақың бар дегендей жаңсақ ұғым туатынын ақын аңғармаған.

Әрине, жинақта Жандыбаевтың қалам қуатын танытатын тамаша өлеңдер бар. Андрей Вознесенскийдің таяуда «Жалын» журналында шыққан «Ор» поэмасының аудармасы да оның ақындық арқасының айғағындай. Ғұсман өлеңдерінің жібі босап, жүдей бастағандығының бір себебі оның қырықтан асып, елуге аяқ басса да баспанасыз жүргендігінен бе екен деген ойға да қаламыз. Үш баласымен тауық ұядай жалдамалы пәтерге тығылып, төсегінің үстінде дәптерін тізесінің үстіне қойып жазып отырған ақынды көзге елестеткенде қабырғамыз қайысады. Амал не, қолдан келер көмегіміз шамалы.

Төрт-бес жинақ шығарып үлгерген Байбота Серікбаевты жас деп қарауымызға болмайды.

*Нұрға малып маңайды шашқанда алтын таң шуақ,  
Құс тілінде сайрайды құйқылжытып әнші бақ.  
Уылжыған сары өрік үзіледі ағаштан,  
Маңдай тері әкемнің жатқандайын тамшылап.*

«Тіршілік ұясы» кітабындағы осындай әсерлі жырларды ол Ғұсман ағасындай жүгін арқалап, бала-шағасын шұбыртып, пәтерден пәтерге көшіп жүріп жазды. «Аманжолов көшесі» деген өлеңінде былай дейді:

*Мен-дағы саған, астанам, гашиқ адаммын,  
Қуандым, күлдім, мұңайдым – жасымағанмын.*



*Сен маған перзент сыйладың қылығы балдай,  
Тарту да қылдың тағдырын Қасым ағамның.*

Қырқыншы жылдардағы Қасымның зары бүгінгі Байботалардың басына ауысып, пәтер мәселесінің қазақ поэзиясында тұрақты тақырыпқа айналып отырғанын да осы жерде айтпасақ, қайда айтамыз?

Байбота – тек Байботаша жазатын ғана ақын. Оның ұяңдау үнін кез келген қалың нөпірден оңай ажыратуға болады. Өлеңнің бүкіл болмысын ұйқастан туындатып, ырғаққа бағындыру – Байбота творчествосының айрықша пошымы. Оның бұл ізденісі қандай нәтиже берері әлі беймәлім. Өйткені Байбота жырлары фольклордың бесігінде тербеліп, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» жырларға бауыр басқан оқырмандарымыздың көкейіне бірден қона кетуі екіталай. Себебі көп ретте мазмұнды сірескен ұйқасқа жүгіндірген, оқығанда тынысыңды талдыратын жолдардың санаға сіңуі қиындау соғады.

*Қарағай, емен, үйеңкі, банан,  
Бетеге, жусан – бәріңнің  
Қара жер мына – иең, ұлы анаң,  
Басыңды и оған! Табыңғын!*

*Арыстан, қасқыр, түйе мен керік,  
Бәрің де оған тағзым ет!  
Бәріңе лайық иең өң беріп,  
Жаратқан!  
Қандай ақ жүрек!*

Осындағы «үйеңкі, банан» – «иeң, ұлы анаң», «түйе мен керікке» – «иeң өң беріп» деген сияқты зорлықпен иіп келтірген ұйқастар, сатылап шұбатылып аяқталмай жатқан,



ұғымға ауыр жолдар оқырманды поэтикалық әсерге бөлеудің орнына, сөйлемнің аяғы қай нүктеде бітетіндігін қадағалауға мәжбүр етеді. Өлең сөздері әлсіз жіпке әрең ілініп, үзілейін деп тұрған түймелер тәрізді. Қысқасы, Байботаның бағы да, соры да түбінде осы ұйқас қуалаушылықтың төңірегінен табылары хақ. Әзірге кесіп-пішіп не дей қоямыз, бәрін оқырман талғамы, уақыт шешеді. Сөйтсе де:

*«Күнім!»» деші, апатай, күн болайын,  
Нұрын шашқан көгілдір аспаныңда!  
«Ұлым!»» деші, апатай, іңгәлайын,  
Сәби болып қайтадан қас қағымда, –*

деп «Сәби болғым келеді» дейтін Мұқағалидың әйгілі өлеңінің мазмұнын қайталап жатуы талантқа тән қасиет емес.

Байботаға қарағанда қолтаңбасы көмескілеу Төрегелді Тұяқбаевтың «Орман аңызындағы» жырлары да әрі-сәрі әсерде қалдырды. Төрегелді қаламының қарымы лирикадан гөрі эпикаға батымдылау көрінеді. Өлеңдерінде әлі орныққан мінез жоқ, аумалы-төкпелі, толқымалы көңіл күй басым. Еліктеу, іздену арнасынан шыға алмай жүрген пішін танытады. Кейбір өлеңдерінде Шахановтың мәнері немесе өз замандасы Байботаның ырғақ, екпіні жүр. Көптеген жырлары кондициясына жетпей, орта жолда үзіліп қалып жатады.

*«Қыстау деген аты бар, заты қайда?..»  
Деп тұр едім әуелде батып ойға.  
Өрттен қалған қораның орнын көріп,  
Амалсыздан тірелдім «апыр-ай»-ға.*

*Қойлар үркіп қасқырдан, қойшы жасып,  
Ақ боранға кетіпті өрт ұласып.*



*Қас қағымда қыстаудан қалыпты тек  
Жапан түзде жарбиган жарты лашық!*

*Біреуге сор, біреуге сауап болып,  
Жауап алып біреуі, жауап беріп,  
Анықтаудан қалың қой тіріле ме,  
Өртке кеткен тірідей кәуәп болып, –*

дейді. Ақының міндеті – хабарлау емес, көргенінен көркем ой тую. Қораның өртеніп, қойдың күйіп кеткенін жұтаң тілмен үзіп-жұлып жеткізумен тынған да қойған. Тұяқбаев поэзиясына тән олқылықтың кілтипаны осы осалдығында жатыр. Қалай болған күнде де Төрегелдінің өзін-өзі аласұра іздеп жүргені рас. Соған жетуіне тілектеспіз.

Қорыта айтқанда, поэзия тазалығын, оның жанды организмін өзімізді қорғағандай қорғамасақ, келешекте орны толмас өкінішке қаларымыз кәміл. Кейде бір өлеңді өлтіріп не тірілту үшін сол өлеңге жан бітіріп тұрған бір сөзді немесе бір жолды алып тастау жеткілікті. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ поэзиясы ұзақ жылдар бойы редакторлардың орынсыз сақтығының салдарынан жапа шегіп келгендігі көпке белгілі жай. Сауатсыз редакторлардың қайшысының астынан қансырап, мүгедек боп шыққан қаншама жырларды білеміз. Марқұм Жұмекен Нәжімеденовтің кезекті бір жинағының да кезінде қиянатқа ұшырағанын көзімізбен көргеніміз бар. Талантты ақын Төлеужан Ысмайыловтың көптеген өршіл өлеңдерінің көз жұмған соң көп жылдан кейін шыққан толық жинағына кірмей қалғаны қандай аянышты. Әйтпесе оның Абай туралы:

*Адам болып жер астына түстің де,  
Тас құдай боп шыға келдің үстіне, –*

деген сияқты екінің бірінің аузына түсе қомайтын қуатты жолдары кітабында жүрмес пе еді?



Қазір өткенімізге сын көзбен қарап, жоғымызды түгендеп, сынғанымызды бүтіндеп жатқан шақта, күні бүгін ел аман, жұрт тынышта қисынсыз қиянат көріп, құлағы кесіліп құнтияп, мұрны кесіліп шұнтияп шыққан өлең-поэмаларының жарасын жазып, қазақ жырының ұлы денесіне парықсыздығымыздан пайда болған өлі еттерді сылып тастап, жоғалған жанды клеткаларын қалпына келтірмесек, алдағы уақытта өлең кітаптарының жағдайы қазіргіден де қиын болмақ. Біздің баспаларымызға редакторлық мәдениеттің әлі кіре қоймағандығы да қазақ поэзиясының үлкен сорына айналып отыр.

Баспа редакторлары авторлық право дегеннің не екенін білмейді, білсе де жорта жон көрсетеді. Жақсы өлеңді өткізу үшін күресетін редактор некен-саяқ. Ал жақсы жырға араша түсу, түптеп келгенде, қазақ поэзиясының қамы екендігі олардың қаперіне де кірмейді. Бізде керісінше, баспаға барған соң ақын болған әлгі редактор жолдастар ең бірінші өздерінің әлжуаз кітаптарына тоғыз қабат тон кигізуге жанталасады. Әйтпесе, «өзі жоқтың көзі жоқ» дегеннің кебін келтірмей, кеше ғана арамыздан кеткен қазақтың талантты ақыны, марқұм Еркеш Ибраһимнің көзі тірісінде өзі қолымен тапсырған соңғы кітабын «Жалын» баспасының «Өркен» редакциясының жөндеп шығаратын жөні бар емес пе?

Жалпы қаламгерлер үшін әділеттік ең алдымен баспадан басталуға тиіс. Қыл аяғы кітапты безендіру мәселесі де сол қолжазбаның көркемдік сапасына лайық шешілуге керек. Ол үшін жоспар бойынша сол жылғы қолжазбалар баспаның бас редакциясында алдын ала сарапқа салынып, киетін шапаны нарқына қарай күні бұрын белгіленсе, әркім көрпесіне қарай көсілер еді ғой. Өйтпеген жағдайда сырты жалтырап, іші қалтырап тұрған кітаптар оқырмандарды адастыратыны айдан анық.

Бүгінгі ғалымдар, тарихшылар, әдебиет зерттеушілері советтік социалистік әдебиетіміздің демократиялық бағытына

сүйене отырып, ашылмай жатқан қазыналарын кең көлемде зерттеуге бет бұрып отыр. Дәл осы сәтте біз кеше «жеке басқа табынушылық», волюнтаризм мен «тоқырау» кезеңіндегі қалың жұртқа жетпей қалған, жеткізбей тастаған шығармалардың тағдырын ұмытпауымыз керек. Орыс әдебиеті «табынушылық» пен «тоқыраудың» шаңына көміліп қалған аса талантты деген шығармаларын қағып-сілкіп, жарыққа шығарып жатыр. А. Твардовскийдің, А. Бектің, А. Ахматованың, Н. Набоковтың, тағы басқалардың «тұтқыннан» босаған туындылары осының нәтижесі.

Қазақ әдебиетшілері төл әдебиетіміздің кейбір қилы тағдырлы қиямет жолын кешкен қалам қайраткерлерінің творчествосын ыждағаттылықпен зерттеуге шұғыл кірісулері керек. Біз ұлттық әдеби процесімізде эстетикалық құнды шығарма берген, бірақ қара басының биографиялық кілттипаны бар, кейбір дақпыртпен Отан, ел алдынды кінәлі болған Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек Аймаутов сияқты авторларды айтып отырмыз. Бұл ретте «ақтау», иә болмаса «кешірім» деген сөздердің өлшемі емес, сол фигураның салмағына қарай принципті көзқарас, терең барлау, байсалды пікірдің тұрғысынан қарау шарт. Әдебиет тарихындағы «ақ парақтың» орны толуға тиіс, қымбатымызды жасырып, барымызды бағаламай тастауға хақымыз жоқ.

Бұл құбылысқа республика баспасөзінде алдымен мұрындық болып отырған «Қазақ әдебиеті» газетінің игі қадамдары құптарлық. Арыға бармай-ақ, әдебиет пен өнеріміздің басы ашық өкілдері Дулат Бабатайұлы, Нұрхан Ахметбеков, Жайық Бектұров, Бүркіт Ысқақов, Шахан Мусиннің сарғайып жатқан шығармаларының өзекті тілер ащы шындығымен оқырман қолына жетуі қандай ғанибет!

«Қазақ әдебиеті» мен «Жұлдыз» журналының өткен жылғы поэзиясын жолай шолғанымызда газеттің поэзия бөлімінің



жұмысы бұрынғыдан әлдеқайда жаңдана түскеніне әлдеқайда көз жеткіздік. Газет бетіндегі авторлар салмағы да, өлеңдер сапасы да көңіл толарлық.

Ал «Жұлдыз» журналының өткен жылғы жырларының ішінде жекелеген жақсы нышандары бола тұра, жалпы көмескі, көңілсіз көрінісі бөлім жұмысының ескі стильден әлі арыла алмай отырғандығын көрсетеді.

Демократия кең өріс алып, жариялылық жаңаша ойлауға міндеттеп отырған уақытта әдебиетіміздің әлеуметтік тағдырына батыл араласып, беті ашылмай, қордаланып қалған құнды мұраларымызды насихаттап, поэзиямыздың таңдаулы дүниелерін ғана жариялаудың орнына әдебиетте беделі жоқ авторлардың айналасынан шыға алмаушылық журналға абырой әпермейді.

Міне, өткен жылғы қазақ лирикасының кескін-келбеті мен жалпы поэзиямыздың біз байқаған көңіл күйі осындай.

1988 жыл





## ДАРАБОЗ

Ел үшін еңіреп, қасықтай қаны қалғанша қас дұшпанмен айқасып, бүкіл ғұмырын ат жалында өткізген боздақтарды ұрпағы ұмытса, аруағы атпай ма? Рас, күні бүгінге дейін тарихымызды тұмандандырып, келешегімізге күмәндандырып, тамырымызды қырқып, тілімізді құртып, талапайға салғысы келген сұрқия саясаттың кесірінен қасиетімізден айырылып, қанатымыздан қайырыла жаздадық. Миымызды айналдырып, саналымыздың өзін сандалтып қойды. Қырыққа бөліп, қырық пышақ қылып, естіні де, есерді де мансаптың майлы жілігінің соңынан шұбыртып, иттей ырылдастырып, арашашы болғансып жаппай темір таяғына жығып келді. Маңдайыңнан таяқ кетпесе, мәңгүрт болмасқа лажың қайсы? Батырларымыздың мазарын күреп тастап, орнына шошқа қора салса да мыңқ етпеген күндерді бастан кешірдік.

*Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,  
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.  
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған  
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.  
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан  
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.  
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,  
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.  
Арқаның селі, желі, шөлі, белі  
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас! –*

деп көкірегін қарс айырып, тілінен бал, көзінен жас, көңілінен зар ағызып ұлы Мағжан толғағандай, қазақ даласы мен қазақ халқы мәңгі ұмытпайтын құдіретті тұлғалардың бірі – Қаракерей Қабанбай батыр.





Қабанбайдың 1723-1750 жылдардағы жоңғар басқыншыларымен арадағы қиян-кескі шайқаста көрсеткен ұлан-асыр ерлігі мен тарихта алған орны Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта исі қазаққа мәлім болатын. Құдайдан кейін батырларының рухына бас иіп, аруағына сыйынып өткен халқымыз Қабанбай есімін де пір тұтты. Батыр өмір сүрген ортаның ұрпақтары ішінде қысылғанда «Қабанбайлап» ұрандамайтын кісі жоқ.

Жоңғарлардың 1607-1608 жылдары қазақ жеріне бастаған шабуылы бірнеше қатты тойтарыс алғанына қарамастан бір жарым ғасырға жалғасады. Ел іргесінен тыныштық қашып, әбден ығыр болады. Тәуке хан тұсында ғана біраз аял тапқан жау шабуылы 1716 жылы қайта үдейді. Бұл кезде Тәуке хан да дүниеден өтті. Қазақ халқының басына осыдан бастап шын қаралы күн орнайды. Хандар арасындағы алтыбақан алауыздық ел ішінің берекесін кетіріп, әлсіретуге әкеп соғады. Мұнымен қоймай, «Жығылғанға – жұдырық» дегендей, 1723 жылдың сұрапыл жұты кеп килігеді. Тарихта бұл жыл «қайың сауған, ақ тышқан жыл» деп аталады. Қазақтардың қалжыраған мезетін аңдып отырған жоңғар шонжарлары жетпіс мың қолмен жеті бағытқа бөлініп, қазақ сахарасына баса-көктеп кіреді. Онсыз да жұттан шығып, сіңіріне сүйеніп, тарамысына ілініп отырған ел бас көтеруге шамасы келмей, ат тұяғының астында қалады. Халық «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған зар заманға ұшырайды. Бұл сұмдық сойқан Абылай мен Қабанбай бастаған қазақтың қалың қолы жоңғарларды күл-талқан етіп, біржолата жеңгенге дейін ұласады. Ол 1750 жыл еді. Қазақ халқының бұл тарихи жеңісіне 2000 жылы 250 жыл толады екен. Осы күнге дейін атаусыз келген бұл Ұлы жеңісті тойлауға бүгіннен бастап дайындалуымыз керек. Ол үшін әлі қағазға түспей, ел аузында жүрген қазақ батырларының ерлігін, өмірбаяның, жатқан жерлерін, ұрпақтарын анықтап, толық батырлар шежіресін жасауымыз қажет. Оларға ескерткіш қою, зираттарын жаңалау,



есте қалдыру үшін тағы басқа шараларды жүргізу – кезек күттірмейтін міндет. Бес жылғы Ұлы Отан соғысын да елу жылдай жырлап келеміз ғой. Ал аттай бір жарым ғасырға созылған қазақ халқының азаттық күресін жылы жауып қою – қиянаттың нағыз қиянаты. Құдайға шүкір, 1991 жылды Қабанбай жылы деп, батырдың туғанына 300 жыл толуына атап кірісуіміз – халқымыздың батырлар аруағының алдында атқарар ұлы борышының басы іспетті көңілге қуаныш ұялатады.

1723 жылғы бұл тарихи соғыс қазақтарға ғана емес, исі түркі жұртына сын болған еді. Алайда тағдыр салған ауыр сынға түркі елі төтеп бере алмады. Қашанғы сүйекке сіңген әдетіне басып, басы бірікпеді. Қысылғанда бір-біріне қол ұшын беруге жарамады. Жер қайысқан жоңғар қолымен қазақ сарбаздарының жекпе-жек айқасуына тура келді. Соғыстың ұзаққа созылуының бір себебі осында жатыр еді. Бұл жағдай қазақ жырауының түрікпендерден көмек сұраған мына бір жырынан анық байқалады:

*Ей, Келімбет, Келімбет,  
Келіп тұрмын елім деп.  
Алаштан туган туыс ең,  
Қалмаққа кеттің телімдеп.  
Қырылған ел, аққан қан  
Ойламаңдар тегін деп.*

Осы адам айтқысыз алапат соғыста қазақ батырлары ғаламат ерлік көрсетті. Солардың қасқа маңдайында Қабанбай жүрді. Ал бүкіл майданның, тұтас жеңістің алтын діңгегі Абылай болды. Абылайдың хандығынан батырлығы әлдеқайда басым жатыр. Оның тарих сахнасына билікпен емес, батырлықпен шыққаны әмбеге белгілі. Оның үстіне Абылайдың бар ғұмыры ат үстінде жорықта өтті. Абылай тұлғасын бұрынғы тоғышар хандармен



шатастыруға болмайды. Ол – қазақтың бас батыры. Жауды жеңуге Абылай данышпандығы, Абылай көрегендігі ұйытқы болды. Тағдыр оған Қабанбай сияқты хас батырды тұстас келтірді. Олар бір-біріне сүйеніш бола білді. Қабанбайға «Дарабоз», «Хан батыр» деген атақтарды берген де Абылайдың өзі. Деректерге қарағанда, ұзақ тірескен осы соғыста Қабанбай бас сардарлық міндет атқарады. Мұны оған Абылайдың «Хан батыр» атағын беруі де дәлелдейді.

Жоңғарларды жеңу барысында қазақ даласында бірнеше жерде шешуші шайқастар өтті. Соның барлығында қазақ батырлары Қабанбайдың қолбасшылығымен ірі-ірі жеңістерге жетіп, ақыры жоңғарларды жерімізден аластайды. Жоғарыдағы Қабанбай ерліктерін баяндайтын «Қабанбай батыр» деген кітабында Шыңжаң қазақтарының жазушысы З. Сәнік тарихшы Құрманғали Халидұлының «Шығыстағы бес елдің тарихы» деген атақты еңбегінен былай деп мысал келтіреді: «Абылай ханның дәуірінде батыр және әскербасы болып келген адамдар – Қаракерей Қабанбай батыр, Ақтанберді батыр, Еспенбет батыр, Матай Шөнкей батыр, Керей Жәнібек батыр, Бура Ақпантай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Бәсентиін Малайсары батыр және басқалар. Бұлардың әрқайсысы батырлықтарымен асқақ атақ алған болса да, олардың барлығынан өресі биігі – Қабанбай батыр еді».

Мұны Бұқар жыраудың Абылайға айтқан мына толғауынан да көруге болады:

*Ал тілімді алмасаң...  
Ай, Абылай, Абылай,  
Мен сені алғаш көргенде  
Тұрымтайдай ұл едің.  
Түркістанда жүр едің,  
Әбілмәмбет патшаға  
Қызметкер боп тұр едің...*



*...Уа, сен, Қанжығалы Бөгенбай,  
Тақымы кеппес ұры едің,  
Түн қатып және жүр едің.  
Қабанбайдан бұрын найзаңды  
Қай жерде жауға тіредің?*

Қабанбайдың балалық шағындағы ерліктері, ат жалын тартып мінгеннен кейін батырлықтары, жоңғарға қарсы күрестегі бас сардарлығы, қайраткерлігі «Қабанбай батыр» аталған кітапта едәуір зерттеліп, жан-жақты баяндалған. Алайда Қабанбай жөніндегі аңыз-дастандар ел ішінде әлі де ұшан-теңіз. Қабанбай есіміне байланысты тарихи жер аттары шекараның арғы-бергі жағында күні бүгінге дейін сайрап жатыр. Тарбағатайдағы «Қубастың кезеңі», «Түйебасы», Қоңыроба саздағы «Ащы төккен», Еренқабырғадағы «Аттың тауы», «Қабанбай шоқысы» деп аталатын жерлер батыр туралы деректерді толық-тыра түсері сөзсіз. Барлық тауындағы Қабанбайдың ақ бас атанының басын соңғы кезге дейін көргендер бар. Айтуларына қарағанда, ақ бас атанның бас сүйегінің үлкендігі қойдай көрінеді. Сондықтан батырлардың 300 жылдық тойына орай Қабанбай жорығының ізімен экспедиция ұйымдастырып, Қабанбайға байланысты тарихи жерлерді суретке түсіріп, фотоальбом жасаса артық болмас еді.

Қабанбай бабамыздың туғанына 300 жыл толуын атап өтуді қолға алып, белсенділік көрсетіп отырған Талдықорған облысының азаматтарына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бұл тойға Семей облысы да қызу кірісіп кетті. Мақаншы ауданы «Қарабұлақ» совхозына Қабанбай есімін беріп үлгерді. Қабанбайдың ескерткіші жасалып, музей ұйымдастырылып жатыр деп естиміз. Ертеректе Жарбұлақ маңындағы Қабанбай ұрпақтары қолында Қабанбайдың туы мен қолтырмашы бар деп естіген едік (қолтырмаш – қолтығының астына тағатын



қалқанша). Сол заттар болашақ музейден орын алса, батырдың аруағы риза болар еді.

Жалпы Қабанбай заманын, Қабанбай ерлігін сөз еткенде батырдың жары Гауһардың есімін атамай өтуге болмайды.

Гауһар – атам заманнан жалғасып келе жатқан қазақ қыздарының батырлық дәстүрін ту етіп көтеруші. Гауһар батыр да қырық жыл бел шешпей Қабанбаймен бірге жаумен айкасқан. Бертін келе Гауһар қартайғанда қызы Назым атқа қонған. Кешегі Ұлы Отан соғысының батырлары Әлия мен Мәншүктерге ұласқан ерліктің түп-тамыры Гауһарларда, тіпті одан ары Құртқаларда жатқанын көреміз. Сондықтан 1723-1750 жылдардағы ұлт-азаттық соғысының батыр қыздарын да естен шығармауымыз керек. Ерлермен тізе қосып, көк найза ұстап, көк сауыт киіп өткен аруларымыздың да аруағын ұмытпай, ардақтау – парызымыз. Осы орайда Мақаншы ауданы жұртшылығының Қабанбай аты берілген совхоздың қатарынан тағы бір совхозды Гауһар атына беріп жіберсе, нұр үстіне нұр!

Тарихымыздағы Алпамыс пен Гүлбаршын, Қобыланды мен Құртқа, Ер Тарғын мен Ақжүніс, Қамбар мен Назым тұлғалары қандай біртұтас болса, Қабанбай мен Гауһар да сондай бөлінбес бейнелер.

Өткенімізді саралап, батырлық дәстүрімізді даралап көрсету – елдігіміз бен бірлігімізге сын. Халық мүддесінен шығып, бір төбенің басынан табылу әсіресе бүгінгі біздерге қажет-ақ. Бұл тұрғыда ел шетіне жау келгенде Қабанбайдың қазақ батырларына жар салған мына бір ұраны көп нәрсені аңғартып, әрқайсымыздың мойнымызға ауыр парыз жүктегендей әсер қалдырады:

*Жай жатқан елімді шапты,  
Ерім өлді, ырысым шайқалды.*



Албастыны басынтып,  
Бастырмайық сайтанды.  
Аластайық ішіміздегі  
Екібеткей сайқалды.  
Аттаныңдар, қалмаңдар,  
Ісі қазақ батыры.  
Ісі аққа Тәңірі жар,  
Біздікі жеңіс ақыры.  
Бас қосқалы жиналып,  
Саралайық ақылды.  
Ер намысы – ерге күйік,  
Жолбарыстын ашулы.  
Елім үшін жаным садаға,  
Жерім үшін қаным садаға,  
Екеуі үшін арым садаға.  
Қан төксем кегім үшін төгем,  
Жан қисам елім үшін өлем.  
Елімді қылған мазақ үшін өл,  
Жан аялап келмей қалсаң,  
Лағынет айтады ел!

Міне, осылай деп жар салып өткен Қабанбай батырдың 300 жылдық тойын республикамыз болып атап өтсек – үлкен мерей. Қабанбайдан басталған бұл қасиетті қозғалыс әрі қарай жандана, жарқырай түсері сөзсіз. Бір айтарымыз, әр батырды әр аймақ өз төбесіне ғана көтеріп, бүйректен сирақ шығаратын әдетімізге баспай, тұтастыққа көшіп, батырларымызға жалпыхалықтық құрмет көрсетуіміз керек. Сонда ғана ел болып, жұрт болып, ұрпақтарымызды ортақ мақтанышқа, ұлы сезімге баули аламыз. Бір тудың астынан табылған қазақ батырларының ұрпақтары да бір тілектің астынан табылуға тиіс. Енді Қабанбай батырдың 300 жылдығын өткізу үшін оның алдында Алматыдағы





қатар жатқан үш көше Абылай, Қабанбай, Бөгенбай атына берілсе, Талдықорған облысының Андреев ауданы Қабанбай ауданы деп аталса, Абылай бастаған қазақ батырларына арнап ортақ ескерткіш орнатылса деген тілегіміз бар.

Андреев ауданын Қабанбай атына беру керек дегенде оған мынандай дәлелдеріміз бар. Біріншіден, Қабанбайдың көп жортқан жері – сол аймақ, екіншіден, Андреев кім? Оның Қабанбай жүрген тұтас өңірді иеленетіндей қандай еңбегі сіңген? Көп болса Патшалық Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асырушылардың бірі шығар. Төртіншіден, Қазақстан жерінде Андреевка, Алексеевка, Николаевка, Дмитриевкадан көп нәрсе жоқ. Бәрі де жаулаушылық саясатынан туған, тарихи жер аттарын зорлықпен бұрмалаған жасанды аттар. Тиісті орындар осы жағын қатты ескерсе керек.

Сөзіміздің басында Қабанбай батырдың «Дарабоз» атанып, хан ұранына айналғанын айттық. Халқының болашағы үшін қан кешкен қаһармандарымыздың қасиетті есімі мен киелі рухы қазіргі алмағайып кезеңде де, болашақта да ұранымыздан түспек емес.

«Қабанбай! Қабанбай!»

*«Халық кеңесі» газеті,*

*25 сәуір, 1991 жыл*







## ЖҮРЕГІ – ЖЫРДЫҢ ҰЯСЫ

Ақындық өнер сүйегіне біткен қазақтың есімі де, өлеңі де бізге жетпей, уақыт топанының астында ғайып болған талантты қыздарының қанша екенін бір құдайдың өзі ғана біледі. Ал аты өшкенімен, ән мен жыры ғасырдан ғасырға көшіп, халықтың өлмес мұрасына айналғандарының өзі қыруар. Оны тек көңілдің көз ілеспес сәулесімен сезініп, ой елегінен өткізбесек, ара жігін ажыратып, атын атап, түсін түстеп, ен тағып, еншілеу мүмкін емес.

Аузымызда айтылып жүрген нәзік әуенді, әсем нақышты халық әндерінің де көбін жатжұрттыққа жаратылып, сағынышпен сарғайған қазақ қыздары шығарғаны, шырқағаны шүбәсіз. Бесік жырынан бастап, қазақтың қара өлеңі хақында да осыны айтуға болады.

*Балталы, Бағаналы ел аман бол,  
Бақалы, балдырганды көл аман бол,  
Туған ел, енді есен бол-ай! –*

деп келетін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қарабай қыздарының елмен, жермен қоштасуының түп тәркіні тарихи шындыққа саюы әбден мүмкін. Қайсы заманда да ақындар оқиғаны аспаннан алмаған. Көркем туынды – жердегі қымқиғаш тіршілік тартысының кестеленген көрінісі екенін ескерсек, бағзы ақындар тек болған оқиғаның арқауын түрлендіріп, жыр маржанын тізген.

Бізге өлеңдері там-тұмдап жеткен қазақтың ақын қыздары Жазық, Ұлбике, Рысжан, Ақбала, Сара, Нұрила, Майра, Шолпан, тағы басқалардың тағдыр-талайларын таратып айтса, әрқайсысы өз алдына бір хикая. Ежелдің ен күнінен ақындарға бақыт пен тақыт бұйырып көрмеген. Тіршіліктің қатқан көні





оларға келгенде одан сайын қуырыла, жиырыла түскен. Бұрын да солай болған, қазір де солай.

Ойлап қарасақ, арғы-бергі замандағы ақындар тартқан мехнат пен азап қамытынан ақын қыздарымыз да құтылмаған екен. «Қолымыз күнге жетті» деген Кеңес өкіметі тұсында да қазақ қыздарының қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болғаны шамалы.

Мәриям Хакімжанова мен Зияш Қалауовадан бері қарай саусақпен санасақ, тұрманы бүгін, төрт құбыласы түгел ешқайсысы жоқ. Бәлкім, маңдайына талант бұйырған жандарға дүниеден солай өту керек те шығар, кім білсін? Құдай шулаған пендесінің бәріне жапа-тармағай шүлен тартатын көпес емес қой. Онда өмірдің несі қызық? Бірақ, тәңір жарылқамағанмен, халық өз кіндігінен жаралған ұл-қыздарын ешқашан жатырқамаған. Әсіресе өнер киесінен көген алмай, өлең алған қыздарын төбесіне көтерген.

*Қайдасың, ақын Зияш Қалауова,  
Кавказдың шығып едің қай тауына?  
Мәриям екеуіңді сыйлаймыз біз,  
Әйтпесе қап жүрерміз қыз дауына, –*

деген Қасым ақынның достық әзілінің астарында үлкен қасиет пен құрмет жатыр.

Қазақтың ақын қыздары қай кезде де ер мен елге сүйеніш бола білді. Тіпті жүректері жараланып жалғыз жүргендері де қазақ жырының отын жағып, түтінін түтетті. Естігендерге Мәриям Хакімжанова мен соғыста қыршын кеткен ақын Абдолла Жұмағалиев арасындағы әпкелі-бауырдай сыйластық, бір-біріне деген қамқорлық – естен кетпес есіл сыр. Айдың-күннің аманында дүниеден күңіреніп өткен мұңлы Мұқағалидың да ақын қарындасы Фаризаға мұң шағуы көлеңкелі өмірдің көп қалтарысын аңғартса керек.



*...Өмірде ақындардың бәрі жалғыз,  
Шыдай-шыдай ақыры жалызармыз,  
Бірімізден біріміз арылармыз.  
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,  
Шаң басқан архивтерден табылармыз.*

Иә, шынында да ақындар жалғыз. «Ақында адамзаттан дос болмайды, жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына» сүйеніп, көлден кешігіп көтерілген қоңыр қаздай өз тобынан үнемі оңаша, ой құшағында жүретін қазақтың ақын қыздарының бірі және бірегейі – Қанипа Бұғыбаева.

Қанипа – Сара мен Ілияс дүбірлетіп жырдың аламан бәйгесін өткізген, өнер бесігінің құндағы құрғамаған Ақсу бойының түлегі. Ұрпақтан ұрпаққа шашыраған сиқырлы жыр ұшқыны таңдап кеп, Ақсу бойында туған кішкентай қара қыздың жүрегіне түсіпті. Қанипаның ақындық өмірбаяны, міне, сол сәттен басталады.

Рас, қаршадай Қанипа қолына қаламнан бұрын таяқ ұстады. Тағдырдың қабағы жібіп, таяғын қаламға ауыстырғанға дейін қасіреттің көзге көрінбейтін өткір де жыртқыш тырнағы бойжеткен қыздың нәзік жүрегін қаншалықты жұлмалап, жаралағаны өзіне ғана аян. Бір сырласқанымда Қанипа Ақсу бойында өткен бала күнін сағынышпен есіне ала отырып, былай дегені бар: «Кішкентай кезімде үнемі Ақсудың жағасына жеке барып, өз-өзімнен қыстығып жылап алатынмын. Неге екенін білмеймін... Екі бөлмелі жатаған үйіміз болушы еді. Бір күні үйдің ішін сыпырып-сиырып болған соң далаға ойнауға кеттім. Үйде ешкім жоқ болатын. Біраздан кейін қайтып келіп, есікті ашып қалсам, тура қарсы алдымда білектей қара жылан қақшиып ысқырып тұр. Шошығаным-ай! Есікті сарт еткізіп жаба салып, тұра қаштым. Әке-шешем келгенше үйдің маңына жоламай қойдым. Әкем келген соң үйдің ішін астаң-кестең қылып ақтарып әлгі жыланды таба алмады».



Қанипаның осы әңгімесі үнемі ойымнан шықпайды. Шынында да әлгі қара жылан қайда кетті екен? Бәлкім, бір саңылау тауып шығып кеткен шығар? Мүмкін елес болар? Немесе қашан да жақсыларды торуылдап жүретін жамандық жас қыздың көзіне жылан кейпіне кіріп көрінген болар? Кім білсін, аяғына қасірет боп оралып, таяғына жабысып, біраз жылға дейін қолынан түспей, қасынан қалмай қойған сол қара жылан емес пе екен? Бәлкім, сол қара жылан әлі де әр жерден ақынның алдынан кескестеп жүрмегеніне кім кепіл? Жамандыққа жорымайын десең, Қанипадай таланттың тасырқаған тағдыры кейде еріксіз ойға қалдыра береді.

Бойжеткен ақын алғашқы өлеңдерінде-ақ жанына батқан жарасын қысылып-қымтырымай, егілтіп, төгілтіп жайып салды. Шырылдап, шырқырап айтты.

*Көгімнен шуақ төгіп тұршы, күнім,  
Сезімнің ашылмаған бүршігімін.  
Қолдағы мынау таяқ мен сүйенген –  
Туған жер, өзіңде өскен бір шыбығың, –*

дейді.

Осы бір шумақ өлеңінің ішінде ақынның туған жерге ыстық махаббаты да, басындағы қайғы-мұңы да, жаңа бүршік жарған арман-тілегі де – бәрі-бәрі әсем үйлесім тауып тұр емес пе?!

*Вальс әні кетті тағы ырғалып,  
Көздер, көздер қадалады-ау ұрланып,  
«Билер едім, эттең, менің аяғым...» –  
Деймін-дағы бір өшемін, бір жанып.*

Би кешінде барып, билей алмау жас қыз үшін қандай қасірет?! Жүрекке де, жүйкеге де ауыр. Бірақ Қанипаның сол кездегі



өзегін өртеген бұл күйінішті қиын тағдыры жүрегінен жалын шарпыған жыр боп туындап, екінші бір сүйінішті, ақсамас, аһ ұрмас өмірге айналып жатты.

*...Сөзімнен неге жаңылдым,  
Қайдасың, дәрігер, жан сақтар?  
Жарасын жабық жанымның  
Ақтарып кетер саусақтар.*

Осылай жан азабын жырлаудан серпін алған Қанипаның ақындық әлемінің аспаны бірте-бірте биіктей түсіп, көкжиегі халықтың көз алдында кеңейгені көпке мәлім. Жеке бастың қуаныш-қайғысы бұл күнде бүкіл елдік тұғырға көтеріліп, Қанипа жырлары әр қырынан жарқылдап, алыстан көзге шалынды. Біреулер қуатты жарқылды көрмегенсіп әдейі көзін жұмады, біреулердің жыр сәулесін шалуға жаралмаған жанары көруге дәрменсіз. Таяқты тастағалы да қашан. Ақынның екі аяғы тең басып, дүниедегі жауыздықтармен арбасып, жақсылықтармен жалғасып, ордалы ошаққа, сәбилі құшаққа, мәуелі бұтаққа айналуына септігін тигізген үлкен-кіші көптеген адамдардың ішінде қазақтың ақсақал ақыны Әбу Сәрсенбаевтың қамқорлығын айтпасқа болмайды. Әбекеңнің жары, қазақтың белгілі журналист қызы, марқұм Ләзиза Серғазина да Қанипаға шешесіндей мейірім танытыпты.

*Ақтарып ақ көңілден тасқынымды,  
Көзіме мол шаттықтан жас тығылды.  
Жетсе егер құдіретім, берсем деймін,  
Қайтарып осы өлеңмен жастығыңды, –*

деп жырлапты Қанипа тұңғыш кітабында Ләзиза апасына деген ризашылығын.



Бүгінде жиырмаға тарта жыр кітабының иесі Қанипа Бұғыбаеваның ақындық табиғатының тылсым түпкірлерін тінте зерттеп, көркемдік құпиясы мен айшықты бояуларының күрделі құрамына зер сала үңіліп, оның қазақ жырына қосқан мол үлесін саралап, салмақты пікір айтатын мезгіл әлдеқашан жеткен еді. Әйтеуір қазақ өлеңінің жай-жапсары сөз бола қалған отырыстарда Қанипаның тегеурінді ақындығын кез келгеніміз бас шұлғып ауызша мойындаймыз да, сол ішкі пікірімізді қағаз жүзінде қадап айтып, көпке жариялауға келгенде тайқып кетеміз. Әлде Қанипаның жалпымен бірдей жалпыдап жарасым таба бермейтін томаға-тұйықтау мінезінен бе, әлде әдебиетке бергенінен алғаны көп кейбіреулердей иненің көзінен арқан өткізе алмайтын момақандығынан болар.

Қанипа тұрмыста қандай қарапайым болса, өлеңде де әсіре қызылдықтан, жасандылықтан, жаттандылықтан таза. Қылаусыз, кіршіксіз қара өлеңнің әсем ағысымен еркін тербеледі. Қарапайымдылығы – көркемдігі, көркемдігі – қарапайымдылығы.

*Қол соғасың дауысымды сен тыңдап,  
Саған деген сезімім жүр еркімді ап.  
Топырағыңа бауырымды басып бір,  
Шырт ұйқыдан оянамын солқылдап.*

*Туган елім, көңіліңе құмармын,  
Сыр алдырмай сынағыңа шыдармын.  
Биіктеген бәйтеректің басынан  
Жапырақтай сырлар шертіп тұрармын.*

*Бір өзіңсің сүйенгенім, сенгенім,  
Жыр-отың боп жанып тұрдым, сөнбедім.  
Төбіренген сәттерімде, туган ел,  
Көкірегіме сыйып кеттің сен менің.*

Бізде көбінесе қаламгерге тән қайраткерлікті біржақты түсінетініміз бар. Кім топты жерде төрге жүгіріп, мінбені ерттеп мініп, жерден жеті қоян тапқандай өңешін жыртатын болса, соны көш бастаушы серкеміздей көріп, жапырыла құлаймыз. Құдайым-ау, үндемей жүріп-ақ халық үшін қабырғасы қайысқан қаһармандық сөзін осыдан он-жиырма жыл бұрын қаламмен айтқан, қазір де айтудан танбаған ақын-жазушыларды кісі санатына қоспайтындарға таңғаламын. Өзімізді өзіміз оқымай, ойжота шабуға келгенде алдымызға жан салмаймыз. Айтыстағы жеңіл-желпі, шала-шарпы әзілдерге алақанымыз қызарғанша қол соғамыз да, пайымды поэзияның парасатын тануға керенауымыз. Бұл тұрғыдан алғанда қалың оқырмандарымыздың да көкірек көзі әлі қалғып-мүлгуден арылған жоқ. Абай заманындағы сауатсыз надандықтан осы күнгі сауатты надандық болашағымыз үшін әлдеқайда қауіптірек екенін аңағара бермейміз. Сайып келгенде, қайраткерліктің көкесі желбуаз жандайшаптық, жағы талмас жарапазанда емес, тайға таңба басқандай қағазға түскен көркемдік шындықта ғой. Ауызбен орақ орып, бау баулайтын қазақтай халыққа ендігі жерде қайырлысы – қажырлылық пен нақты қарекет. Қанипа ақын да үндемей жүріп халқына үлкен жүректің сөзін жеткізген, өлең сайын өрге жүзген таланттар тобында өз қаламының бедерін өшірмей, беделін түсірмей келе жатыр. «Қайтемін бақыт сұрап бақыттыдан, Барлығын бүріп түсер уақыт қыран», «Тербелсін менің ағаш кереуетім, Жел тұрған теңіздегі қайықтайын» деген тәрізді қиналмай құйылаған өлең жолдарынан ақынның оқырманды елең еткізбей қоймайтын оқшау қолтаңбасын жазбай танимыз.

Қазақ поэзиясының жарты ғасырға жуық тақырып өрісін шолып қарасақ, көпшілік жырлар Отан соғысы салған зобалаңға арналғанын бірден байқаймыз. Майдан, жеңіс жырларының саны ұшан-теңіз. Бір белгісіз солдат туралы жазылған өлеңдердің өзі қыруар. Бұл заңды да. Алайда



соғыс шындығының екінші – қасіретті қатпары жабулы қазан күйінде қалып келеді. Қажет болса, екі саяси жүйенің немесе екі империяның қақтығысында аранның аузына алдымен аз санды халықтардың түскенін қанша жасырғанмен, түптің түбінде шеті шықпай қоймайды. Одақта Отан үшін төгілген қан да әділеттілікпен тең бөлінген жоқ. Аздың қаны көп, көптің қаны аз төгілгені құпия емес. Ақындарымыз жалпы патриотизмді жан сала жырлады да, қырғынның көлеңкелі жағына келгенде тіл тістеді. Ашығына көшсек, шіркін, қасықтай қаныңды өзіңнің ұлтарақтай жерің үшін төккенге не жетсін?! Осыны аңғарғандай, Қанипа белгісіз солдаттан гөрі, белгісіз батыр бабалар аруағын жиі еске алып, жиі толғанады:

*Тағдырымен елімнің туыс далам,  
Қабатында гасырдың тыныстаған.  
Түртіп қалсаң әр сайы, әр төбеден  
Түрегеліп кетердей қылышты адам.*

*Өмір сырын өмірден оқып өткен,  
Суарылған жүректің оты кекпен.  
Жер қойнында белгісіз батыр жатыр,  
Көкірегін уақытқа көпір еткен.*

Жұрт жалған патриотизм мен жамаулы ұлттар ынтымағының шашбауын көтеріп, судыр саясаттың желімен ұшып, жерге түспей жүргенде өз топырағынан табанын аудармай, өз тамырынан ажырамай, қазақ өлеңінің көсегесін көгертіп, халқының жүрек қылын шерте білгендердің бірі де Қанипа болды.

Бір кезде айналасына жас қыздың нәзік жанарымен қызыға қараған ақын енді бір сәт арпалысқан қым-қуыт әлемге ана көзімен үңіле түсіп, аналық мейіріммен дүние, өмір тағдырына алаңдап шырылдаған балапан жырларын мазасыз жүрек ұясынан жиі ұшырады.





*Сезбегенге жанымен болар бір сәт ертегі,  
Үшқын шашқан көздері жанып тұрған өрт еді.  
Домбыраны алдына ап, келіншек күй шертеді,  
Келіншектің құрсағын келер өмір шертеді, –*

дейді «Домбыра шерткен жүкті әйел» деген өлеңінде. Шынайы ақындық бүйрегіңді осылай бұлк еткізіп, күңгірт тартқан көңілді кенеттен жарқ еткізеді.

Қанипа өлеңдері ешқашан олақ қолдан шыққан олпы-солпы бұйымдай оғаштық танытпайды. Оқи жөнелгенде табиғаттың өзінен туған тіршілік иесіндей жан-сезіміңді бірден үйіріп әкетеді.

Адам еш нәрсені жаңадан ойлап таппайтын көрінеді. Айталық, айналамыздағы адам қолымен жасалған неше түрлі заттардың, толып жатқан ғажайып машиналардың барлығының нобайы (моделі) әу баста осы қалпында табиғаттың белгісіздік құшағында тұрды емес пе? Біздің қиялымыз – тек сол белгісіздік кеңістігінде жасырынған дүниені дәл басып, елестен бейнеге айналдырушы. Көркем шығарма да солай. Кез келген туынды – өзімізге бұрыннан мәлім мыңдаған, миллиондаған сөздердің бірінен кейін бірі қиюын тауып қаланған жиынтығы. Ойлап көрелікші, егер бәлен сөзден кейін бәлен сөз тіркесіп, өзіне қажетті ретімен жалғасса, тұтас бір мазмұнды шығарма туады екен. Демек, белгілі шығарма өзі дүниеге келгенге дейін болмыста бар деген сөз. Соны тылсым дүние құшағынан суыртпақтап суырып, жарыққа шығару адам қабілетіне байланысты. Біздің айналамызда әлі адам санасы ашып үлгермеген қаншама кереметтер, қаншама көркем туындылар күтіп тұр. Ғайыптың шымылдығын ысырып, оларды жоқ дүниеден бар дүниеге көшіру – таланттың маңдайына жазылған жұмбақ. Халықтың «Бақ пен талантты құдай береді» деп жататыны тегін емес-ау... Қанипа сияқты



арқасы бар ақындарымызға да болмыстың осы бір биігінен қарағанымыз абзал. Ақын деген ұғым да таланттың бір баламасы. Ал ақын атын жамылып жүргендердің жөні басқа. Олар жоқты барға айналдырушылар емес, әлдеқашан барға айналған дайын дүниені малданып, алданушылар.

*Қалған мезгіл болар, бәлкім, таң атып,  
Ажал мерген құлатыпты мені атып.  
Қос жанары жабылмаған басымды  
Таулар жаққа қойған екен қаратып..*

*Бірі болып тоқтаған от жүректің,  
Түсімді сол оянғанда жыр еттім.  
Жарық дүние қызығына тоймаған  
Өз көзімді өзім көріп дір еттім.*

*Қабағымен тілдескендей жай ымдап,  
Қабірімді жүр біреулер дайындап.  
Қос жанарым ашық жатыр өмірге  
Келіп-кету заңдылығын мойындап.*

*Азығына тура келген аңшыдай,  
Ажалым тұр ардың атын қамшылай.  
Жерге сіңіп бара жаттым бабамның  
Жанарынан құлап түскен тамшыдай.*

*Өтті солай қорқынышты бір түнім,  
«Түс дегенің – құйрығы ғой түлкінің».  
Дір-дір етіп жылап тұрды көктегі  
Жалғыз жұлдыз шегелеген кірпігім.*

Болмыстың өзінен туған мұндай таза поэзияны таратып, талдап, түсіндіріп беру мүмкін емес. Оны әркім өзі ояу көңіл,



сәулелі жүрекпен сезініп, санаға сіңіргенде ғана жаны жай тауып, тылсымға тура жол табады. Ұғымы екі жерде екім – төрт дегеннен арыға бара алмайтын бітеу бастар үшін мұндай өлең, әрине, Қиясбайдың қиыстырғаны болып көрінеді. Қанипаның сәл нәрседен тұтанып, күйіп-жанғыш, құпияны көргіш, әсершіл, ояу жүректің құлағына сыбырлағанын ғана қағазға түсіретіндігі – өзіндік ерекшелігі. Бәлен тақырыпқа барлау жасайын, түген тақырыпты түгендей қояйын дейтін арзан мінез мүлдем байқалмайды. Сыншылардың «тақырып аясы тар» деген тоқыраудан қалған соқыр сылтауы шынайы ақынға жүрмесі керек. Түймені жырлап отырып-ақ дүниені аударып-төңкеруге болады. Мәселе ақындықта, айта білуде. Төгілген тіл мен өрнекті ой ғана өлеңге жан кіргізетіні рас болса, Қанипа жырларында екеуі де жеткілікті.

Қанипа поэзиясының әсемдік айшықтары жөнінде көп тоқталуға болады. Көсіліп айтсаң да, есіліп айтсаң да еңбегің еш, тұзың сор болмасы анық. Оның халқының атынан сөйлеп келген, сөйлеуге хақысы да бар ақынымыз екенін мойындайтын болсақ, өзбектің Зульфиясы, қырғыздың Майрамханы, тәжіктің Гүлрухсұры, армянның Сильвасы, орыстың Белласы сияқты қазақтың Қанипасы да бар екенін бірде болмаса, бірде еске алып қойғанның әбестігі жоқ.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
27 наурыз, 1992 жыл*





## МАЙКӨТ АҚЫН НЕМЕСЕ ЕКІ ӨЛЕҢНІҢ БІР ТАРИХЫ

Өткен ғасырдағы Қаратау маңынан шыққан ірі ақындардың бірі – Майкөт. Майкөттің ақындық даңқы, әсіресе, Сыр бойы мен Жетісу өңіріне кең тараған. Жамбыл Майкөтті өзіне ұстаз тұтқан. Оның Құлыншақ, Майлықожа, Бақтыбай, Түбек, Жамбыл, Құлмамбет, тағы басқа ақындармен айтыстары айтыс өнерінің озық үлгілеріне жатады. Майкөт шығармаларының халыққа үзіп-жұлып жеткені немесе кейбір айтыстарының академияның қолжазбалар қорында сары майдай сақтаулы жатқаны болмаса, толық жиналып, рухани игілігімізге аспай жатыр. Бұл тұрғыда жалғыз Майкөт емес, талай ақындарды атауға болады. Құланаян Құлмамбет, Төртуыл соқыр Ноғайбай, Әзімбай Бижанұлы, Сабырбай, тіпті күні кеше көз жұмған Ауған, тағы басқа толып жатқан ақындардың ұшан-теңіз әдеби мұралары су аяғы құрдымға ғайып боп, бүгінге жете алмай қалды.

Майкөт қатарлы ақындардың қолда бар дүниелерін ықтияттап, ел ішін әлі де сүзе түсіп, толықтырып, кітап етіп шығаруымыз керек. Майкөттей әйгілі ақынның зерттеушілер назарына көп ілікпей, қағыс қала беруінің бір себебі – тағы да жетпіс жыл бойы жүрелетіп келген солақай саясаттың салдары. Тарихымыздағы ел басқарған белгілі тұлғаларды жырлаған ақындардың бәрі байларды, билерді мадақтаған делініп, ағаш атқа мінгізгені мәлім. Оған көп дәлелдің бірі – Майкөт ақынның Сарыбайдың асында елдің игі жақсыларына қаратып айтқан өлеңі.

Сарыбай – Ұлы жүз Шاپырашты, оның ішінде Екейден шыққан әрі батыр, әрі би, ел тізгінін ұстаған адам. Сарыбайдың зираты Алматы облысы Ұзынағаш селосынан Жамбыл музейі-



не баратын үлкен жолдың үстінде. Өткен жылы басына ескерткіш қойылып, қасындағы совхоз Сарыбай атына берілді.

Сарыбайдың кісілікті, өз заманының тарихи тұлғасы болғандығын Жамбылдың «Сарыбайға» деген мына өлеңінен анық көруге болады.

*Сарыеке, салдым бір сөз сыныңызга,  
Сіздің сын таразы гой сырымызга.  
Қолыма домбыра алып талап қылдым,  
Бересіз қандай бата ұлыңызга?!*

*Жаманның көңілі көкте, жерде басы,  
Алыс қой аңғарғанға екі арасы.  
Жақсының өзі кішік, ойы биік,  
Бірдей ме екеуінің мартабасы?*

*Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,  
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.  
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,  
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?*

*Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,  
Ұстауға Күн мен Айды жуықтап жүр.  
Біреулер қара сөзді қамишы қылып,  
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.*

*Қайсысын маған соның еп көресіз?  
Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз.  
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,  
Өлең болсын серігің деп берерсіз!*

Өлең мазмұнына қарағанда, бала Жамбыл ақындық жолына түсерде ең алдымен ел ағасы Сарыбайдың алдына келіп, бата сұрағанға ұқсайды. Сарыбай жөніндегі қысқаша мағлұматты





біз Жамбылдың 1982 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген екі томдық шығармалар жинағына фольклорист ғалым, әдебиет зерттеушісі, Сүйінбайдың шөбересі Сұлтанғали Садырбаевтың жазған түсініктемесінен кездестіреміз:

«XIX ғасырда Жетісу өлкесінде ірі дауларды шешетін төрт кісіден қазы сайланған: бірі – Сарыбай (Екей), екіншісі – Смайыл (Әжіке), үшіншісі – Балпық (Жалайыр), төртіншісі – Тіленші (Дулат).

1890 жылы «Дала уалаяты» газетінде Алатау аймағының атақты биі Сарыбай Айдосұлының қайтыс болуына байланысты некролог (қаралы хабар – Н.А.) жарияланады, келесі 1891 жылы Майтөбе жайлауында ұлан-асыр ас болатындығы қоса айтылады.

Уағдалы хабарланған уақытта Майтөбедегі Үлкенсаз жайлауында Екейдің беделді адамы Сарыбайға ас беріледі, бұған көрші қырғыз елі, бір жағы Шымкент, Әулиеата, бір жағы Жоңғар Алатауындағы Найман, Жалайыр, төрдегі Албан жұрты шақырылады. Жиынның иесі Сүйінбай болады, ал Жәпек батырдың ұрпағы Қосай Ажыбаев шешен асты басқарады.

Осы асқа Әулиеатадан отыз кісімен Майкөт ақын келеді:

*Болганда жерде тұлпар, көкте сұңқар,  
Өлмейтін бұл дүниеде қандай жан бар?  
Екейдің мұқалмаған қылыш тілі,  
Армысың, ер Сүйінбай – аға сұңқар.*

*Ел жаңа елу жылда, жүз жыл – қазан,  
Қандырар құлақ құрышын ертеңгі азан.  
Өлді деп Сарыкемді естіген соң,  
Барсам деп, күндіз-түні кетті мазам, –*

деп Майкөт Сүйінбай бастаған салтанатты топқа өлеңмен амандасқан», – деп жазады.



Өткен ғасырдың аяғындағы Сарыбайдың, осы ғасырдың басында Алакөл маңында берілген Қабанбайдың ұрпағы Сүлейменнің асы қазақтың ұлы дәстүрінің ең соңғы сілемдері болған сияқты. Сүлейменнің ұзындығы – 63, ені – 21 метр қара кірпіштен соғылған төрт құлақты зираты Семей облысы Мақаншы ауданындағы «Жарбұлақ» совхозының іргесінде тұр. Ұрпақтарының айтуына қарағанда, бұл бүкіл әулетіне арналған сыртқы қорғаны көрінеді. Ал соның ішінде Сүлейменнің өзінің қызыл кірпіштен соғылған алты қырлы күмбезін белсенділер бұзып, шекарашылардың комендатурасын салуға пайдаланыпты. Аруақты аяқасты етіп, қорлаған имансыз қоғамнан не сұрайсыз? Естуімізше, Сүлейменнің сол асында Ілияс Жансүгіров бәйгеге шапты деген сөз бар. Ақынның «Құлагер» поэмасын жазуына, қазақтың ас беру салтын қолмен қойғандай суреттеуіне бала кезінде көрген осы көріністердің игі әсері тиюі әбден мүмкін.

Майкөттің Сүйінбайды «Аға сұңқар» деуі – Сүйінбайды тек Жамбыл ғана емес, сол заманның әйгілі ақындарының көпшілігі пір тұтқан. Сарыбай сияқты атақты адамның асына Сүйінбайдың иелік етуі оның от ауызды, орақ тілді ақын болумен қатар, қабырғалы ел қорғаны екендігін де дәлелдейді.

Жоғарыда айтылғандай, осы асқа Майкөт ақын Шымкенттен көп нөкерімен арнайы келеді. Бұл жөніндегі деректі Саяділ Керімбетов 1935 жылы академияның қолжазбалар қорына «Майкөт ақынның Сарыбайдың асында Жетісудың болыстарына амандаса айтқан өлеңі» деген атпен тапсырыпты. Онда былай баяндалады:

«Екей Сарыбайдың асына Шымкент, Сайрамнан Бүркітбай датқа қырық кісімен Майкөтті ақын қылып алып шыққан екен. Қырық жігіттің аттарын парлап, сәулет асырғалы он боз атқа мінген адамдардың кигені – ақ киім, он қара жорға атқа мінген кісілердің кигені – қара киім, он торы атқа мінгендер де аттың



түсіне қарай киінген және он шұбар жорға мінгендер де шұбар киім киінген екен. Олар Қарабалта-Соқылыққа келгенде басшысы Бүркітбай қатты ауырып, атқа жүре алмай, сол жерден қайтпақ болады. Сонда Бүркітбай Майкөт ақынға: «Асқа сіз барыңыз, Жетісудағы ағайындарға сәлем де, осылай болып қалды деп айт», – дейді.

Майкөт келгенде Екей елі Үшқоңыр жайлауында үй тігіп, ереже сөйлесіп, асқа дайындық көріп жатады. Бұрынғы салт бойынша бәйгеге жетім, жесір тігіледі екен. Сарыбайдың асынан бастап бұл рәсім тоқтатылып, мал, ақшалай тігетін болыпты. Жайлау үстінде көк шалғында алқа-қотан отырған Жетісудың игі жақсыларына Майкөт өлеңмен амандасыпты:

*Шымкенттен Майкөт келді көрейін деп,  
Сәлемін, игі жақсы, берейін деп.  
Көрмеген Жетісудің саңлағын  
Аралап атқа міндім келейін деп.*

*Бұл жаққа Майкөт келді қадам басып,  
Игі мен елде жақсы амандасып.  
Баласы Ұлы жүздің бірсытыра,  
Аралап кетпек едім лебіз шашып.*

*Ақын боп Майкөт жорға аталып ек,  
Ақыннан Майлықожа бата алып ек.  
Аман ба ел жақсысы Ұлы жүздің,  
Өлді деп Сарыекеңді хат алып ек.*

*Ұл туып Сарыбайдай өле бермес,  
Салаңдап Майкөт ақын келе бермес.  
Өткенін Сарыекемнің естігенде,  
Бүркітбай елін жиып қылды кеңес.*





Шаршы топ шар басынан сияз болса,  
Иығы кімнің келер оған теңдес?  
Боларсың сен де сондай, Қиысбай ер,  
Тоқтыны тәңірі асыраған бөрі жемес.

Өтіпті дүниеден ер Сарыбай,  
Жарымас ерге Қызыр, бақ дарымай.  
Бес торсық, Оразәлі, аманбысың,  
Қояйын сәлемдесіп Солтанайға-ай.

Әрқашан қылған ісі ұнай берген,  
Қадамың күннен-күнге ұзай берген.  
Сыртыңнан көрмесем де естуім бар,  
Ерекше ірілігің бар, Құдайберген.

Жүргенің, Құдайберген, гүл-гүл жайнап,  
Көп кездің бұл жалғанды тамашайлап.  
Ат шауып, ұлы думан боп жатқан соң,  
Ауылыңа түсе қалдым «Қарасайлап!»

Кешкенің, амансың ба, Қаратайы,  
Айқымның Тәнебай мен Тоқтабайы?  
Жігіттің сүбеленген бірі дейді,  
Қожақтың, амансың ба, Телібайы?

Ассалаумагалеюм, молда Сәтім,  
Туылған сәтті күнде азаматым.  
Өзіңе өткен қыста хат салып ем,  
Қолыңа тимеді ме жазған хатым?

Отырған Онбай, Кенбай ағасына,  
Асылдың кім жетеді бағасына.



Ер Мөңке, Үмбеталы – ел қорғаны,  
Дулаттың тіреу боп тұр баласына.

Мәлібек, амансың ба, Алпысбаймен,  
Ыдырыс, амансың ба, Дүйсенбай, сен?  
Көрмеген Жетісудың көп саңлағы,  
Атыңды тегіс атап өткенім жөн.

Аман ба, албан Қосай, Тілепберген,  
Сәкіде молда Шоқа ізет көрген.  
Қартайған Еспет пенен батыр Боран,  
Бектердің бірі дейді күлтеленген.

Бәзілдің, аманбысың, Сарыжаны,  
Артыңнан Қызыр еріп дарығаны.  
Болғанда жаман арзан, жақсы қымбат,  
Қымбатты қымбат алсаң не қылады?

Түргеннен сіз де кепсіз, Батқал төре,  
Ат жетпес алыс жерде жатқан төре.  
Қыдырбай, Шәутен, Шөпшек, аманбысың,  
Қояйын сәлемдесіп сендерге де.

Мынау ма Үшкемпірдің Саймасайы,  
Қалқаның үстіндегі күн мен айы.  
Сиқымға бұл жақтағы тұтқа бопсың,  
Аман ба, Қусирақтың Диханбайы?

Бақ қарап, Қызыр ерген Қожамқұлға,  
Байсерке – арыс елге болған тұлға.  
Солардың үлгі көрген дарағы едің,  
Рахым, молда Мәді, амансың ба?



Барамын бұдан былай Сары Үйсінге,  
Жете алмай мен отырмын әлі Үйсінге.  
Сарының Қызыр көрген немересі  
Ерсағит, есен-аман сен жүрсің бе?

Естінің, амансың ба, Қасабегі,  
Базарбай, Жауатар мен Қаракөгі.  
Дәулетбақ, есен-аман сен жүрсің бе,  
Ыстыға мұра болған ата-тегі?

Байқожа, Күрті елінде аманбысың,  
Құрбыңнан озып шыққан бұлбұл құсым.  
Әр тұста қисық, қыңыр тентектерге  
Естимін көрсетеді деп үлкен қысым.

Сарыкем, құдай ісі, болды қаза,  
Менімше, ажал оғы тиді жаза.  
Қожбанбет, Сарыкеме жолдас едің,  
Секілді болып тұрсың жалғыз қара.

Ботбайда Диханбайдың Құрымбайы,  
Майкөтің қызған сайын арындайды.  
Арғы атаң Қапсалаңнан бері қарай  
Басыңнан бақ-дәулетің арылмайды.

Бесбайдың күнбатыста Аршабегі,  
Шынжырлы жеті атадан қаракөгі.  
Көрмеген Жетісудің саңлағы,  
Майкөттің күнде базар жүрген жері.

Барғанда Аршабекке саңлақтар,  
Іргебай мизам қуған сізді жақтар.



Білімді Орманбетті бір жігіт деп  
Сыртынан азаматты әркім мақтар.

Үлгі алған Кебекбайдан Солтан ағам,  
Іс барар жайқалғанда сізге таман.  
Ер құны біреулерге түсіп келсе,  
Алдыңнан бірі бітпей кетпен эман.

Нұрбек, аманбысың, Ырыскелді,  
Ақынға ер Әжібай мініскер-ді.  
Көрмеген Жетісуда өңкей саңлақ,  
Сырқырап салар Майкөт жүріске енді.

Аман ба, Жарылғаптың Қашағаны,  
Атаңнан құдай артық жасағаны.  
Ерлерім Бектас, Тулақ, аманбысың,  
Алтынды ұстап тұрсың босағаны.

Жігіт жоқ Есембайдай бір дуанда,  
Қарақол, Біспек, Ояз, Пржевалда.  
Саңлағын Жетісудың тегіс көрдім,  
Бұл Майкөт кеп тұрады анда-санда.

Кеп қалдым Әулиеата оязынан,  
Кедейдің үйі жырттық, қойы азынан.  
Бай болсам мен ол жақта жатпас па едім,  
Дәулеттің жүрмін қаңғып саязынан.

Сонда Құдайберген болыс:

– Ей, жұртым, мынаның сөзі – тәмсіл, білдіңіздер ме? – дейді.

Мөңке болыс:

– Е, білдік, өзіне қатын әперу керек, үстіне үй тігіп, алдына мал салсақ, мұнан басқа бізде не ақысы бар? Ақын сонымен разы болмай ма? – дейді.



Құдайберген:

– Ой, мұрныңды ұрайын пұшық, қатын ала ма, қартаға сала ма, өзі біледі. Беретініңді бер көптің көзінше! – дейді. Және өзінің інісі Нұртайға:

– Кешегі үйдің сүйегін артып келген ақ бас атан, қара жорғамен тоғыз қылып, ақынның алдынан жүргіз! – дейді.

Ноғайбай болыс ішінен күбір етіп жақтырмай қалады:

– Мына Шапыраштының жынды шалы елдің шуын түсіретін боды-ау! – деп Нұртай тоғыздың аяғын жібек шапан қылып жүргізіп жібереді.

Сонда Сәт болыс орнынан түрегеліп:

– Майкөт шырағым, аты дардай дегеніңмен, үйіме қонақ қонса, қой да тауып соя алмаймын, сонда да күдер үзіп кетпе, қалтамда қалғаны мынау екен, – деп жүз теңге тастайды да, – үйіме тағы бір келерсің! – дейді.

Сонда Сағит болыс:

– Біреудің елден асқан байы – болыс, біреудің жұрттан асқан мырзасы – болыс, елдің тері-тарамысын алайын деп тұрмысыңдар, бәсеке мен сауда жоқ, – деп елу теңге тастайды.

Сарыжан болыс:

– Қарап отырып дүң-дүңге түстік, – деп отыз теңге тастайды.

Дүйсенбай болыс:

– Жігіттің озбағы да, қалмағы да топта, – деп жетпіс теңге тастайды.

Ақынның өлеңінде аты аталған адамдар бәрі де осы қатарлы сый береді. Барлық ақшаның жиыны – тоғыз жүз теңге болыпты...».

Міне, Баяділ Керімбетов жазып, тапсырып кеткен бұл дерек, «Ақын боп Майкөт жорға аталып ек» деп Майкөттің өзі айтқандай, оның аққан судай төкпе ақындығынан сыр шертіп қана қоймайды, сол кездегі ортаның тарихи-әлеуметтік жағдайларынан, белгілі тұлғаларының атақ-абыройы, шыққан





тегі, ел алдындағы атқарып жүрген қоғамдық қызметі хақынан да мол хабардар қылады. Үңіле зерттеген адамға Майкөт меңзеп отырған өлең жолдарының астарында ел өмірінің қатпар-қатпар тартысты оқиғалары жатыр. Мысалы, «Байқожа, Күрті елінде аманбысың, әр тұста қисық, қыңыр тентектерге естимін көрсетеді деп үлкен қысым» дейді. Бір шумақ өлеңнің өзегінде сол кездегі көпке белгілі ел ішіндегі ірі оқиғалардың ізі сайрап тұр. Майкөт оның бәрін таратып жатпайды. Емеурінмен ғана білдіріп өтеді. Және біздер өткен заманның болыс-билерін қаншалықты жамандап, халыққа құбыжық қып көрсеткенімізбен, олардың өнерді түсіне білетін, ақынды ел ардағы деп танып, бас иетін парасат иесі екендіктеріне көз жеткіземіз. Олардың кісілік тұлғасы осы күнгі алдына барып өлең оқысаң бетіңе бажырайып қарайтын билікшіл бюрократтардан әлдеқайда биік екенін көріп еріксіз езу тартасың. Осыған қарап бүгінгінің Мұқағалиынан кешегінің Майкөтінің тұрмысы әлдеқайда тәуір болған-ау деп ойлайсың. Бұрынғы ақындарға ауқатты адамдардың тоғыздан сый тартып немесе ат мінгізіп, шапан жауып жатуы – оларды мүсіркегендік емес, өнерге деген құрмет, қалыптасқан халықтық дәстүр. Қажет болса, қоғамдық міндет. Әйтпесе, бұрынғы өткен ақындардың бәрі тақыр кедей, қызыл сирақ қайыршы болмаған. Ал дәл қазір ақынның қамын, поэзияның келешегін ойлап, бас қатырған өкімет басшылары бар ма? Әрине, жоқ. Сол себептен, «Жайдағымнан жаяуым тыныш» дегендей, XX ғасырдың бастығынан XIX ғасырдың болысы әлдеқайда қайырлы ма деп қаласың.

Осы аста Майкөт Жамбылмен де кездеседі. Сүйінбайға қаратып айтқаны ел ағаларымен амандасудың ішінде деп есептейміз. Өйткені игі жақсылардың ортасында Сүйінбайдың отырмауы мүмкін емес. Сондықтан Майкөт амандасуды, өлеңнің өзінен көрініп тұрғандай, алдымен ас иесі Сүйінбайдан бастаған. Бірақ Саяділ Керімбетов жазбасында Сүйінбайға қатысты жері түсіп қалса керек.



Майкөт келгенде Жамбыл ас қамында жүреді де, қарсы алуға қатыса алмай қалады. Майкөт Жамбылды арнайы шақыртып алып, екеуі өлеңмен дидарласады.

Жамбыл:

*Үлкенсаздың басында,  
Кішісаздың қасында,  
Сарыкемнің асында,  
Қамбардың қара қасқа атындай,  
Мен саламын желіске.  
Құйрығымды түйген соң,  
Қанатымды сүзген соң,  
Жел аударған қаңбақтай,  
Келді сөйлер кезім де.  
Үлкен аға, кішіні  
Сөйлеп бір енді берейін.  
Қас жүйрікті айтамын  
Шапқан сайын үдеген.  
Қас сұңқарды айтамын  
Алыстан тоят тілеген.*

Майкөт:

*Сапар тартып келіп ем  
Сарыбайдың асына.  
Отыз кісі елімнен  
Еріп еді қасыма.  
Шырқайын деп шығып ем  
Майтөбенің басына.  
Жаңғырықсын дауысым  
Алатаудың тасына.  
Естуші едім дабысын,  
Жамбыл бар деп осында.*



*Ақын болса келмейді  
Неге менің қасыма?  
Неге сәлем бермейді  
Мендей кәрі досына?*

Жамбыл:

*Ассалаумағалейкум, Майкөт аға!  
Есітіп дауысыңды келдім жаңа.  
Алдынан үлкендердің өтейін деп,  
Аялдап әдеп еттім біраз ғана.  
Сіз бе еді ақын аға Майкөт деген,  
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.  
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,  
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.  
Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,  
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.  
Сүйреңдеп алдыңызда көп сөйлемей,  
Етейін деп ойладым әдеп-ізет.  
«Сөйлеген аға тұрып ініден без»,  
Ежелден елде сондай бар еді сөз.  
Алалау ағайынды бір бұл емес,  
Әлі де сізбен талай болармыз кез.*

Әдемі әдеппен басталған дидактасу ары қарай Майкөттің  
Жамбылға бата беруімен жалғасып:

*Саудагерден бөз қалар,  
Ақындардан сөз қалар, –*

деген аталы сөзбен аяқталады. Осындағы «Алалау ағайынды  
бір бұл емес» деген жолдағы «бір бұл емес» тіркесі қате ба-





сылған немесе әу баста хатқа дұрыс түсірілмеген. Дәл осы қалпында қабылдасақ, ағайынды алалаудың бас-аяғы бұл емес деген жаңсақ ұғым шығады. Дұрысы – «емес бұл бір» болуы керек. Жалпы келесі басылымда Жамбыл текстологиясына сақ болған жөн. Жамбылдың өз қолжазбасы болмағандықтан, ең алдымен сөздің мағыналық қисынына жүгінген абзал.

Сөйтіп, сол кезде жетпісті алқымдаған Майкөт ақын жетпістің жуан ортасынан асқан ұстазы Сүйінбай ағасымен, ақындық кемеліне келген қырық бес жастағы шәкірті Жамбыл інісімен жүздесіп, шер тарқатысады. Мұнан кейін олардың осындай ұлы дүбірде бас қосқан-қоспағаны белгісіз. Жеті жылдан соң Сүйінбай дүние салады. Майкөттің жарық дүниемен қай жылы қоштасқаны беймәлім. Әйтеуір білетініміз – Майкөттің Жетісудың жақсы-жайсаңдарымен сәлемдескені және Жамбылмен дидактасқан өлеңі Сарыбай асында бір мезгілде туғандығы.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
8 қаңтар, 1993 жыл*



## ҒАСЫРДЫҢ КӨЗІ ТІРІ КУӘГЕРІ

*Салпаң да салпаң жортармын,  
Сары атанға қосымды артармын.  
Торлаусыз өскен құланмын,  
Мезгілсіз жусап, өрермін.*

*Байраққа біткен құрақпын,  
Саусағым жерге түсірмен.  
Жапанға біткен терекпін,  
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.*

*Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,  
Балталасаң да айрылман.  
Сырттым құрыш, жүзім болат,  
Тасқа салсаң да майрылман!*

Бұл – XVIII ғасырдың айбарлы туы, айбынды үні болған, қазақ жерін қалың қалмақтан тазартқан, сүйегі Шыңғыстаудың бір бүйрегі – Жүрекжардың жотасында жатқан Ақтанберді жыраудың жүрекжерды толғауы. Ұлы бабамыздың зираты ауыл іргесіндегі күлтөбенің қасында жермен-жексен болып жатушы еді. Ел аруағын сыйлаған «Құндызды» совхозының директоры Меллат Дүйсенбаев бастаған ауыл азаматтары жыраудың күмбезін қайта жаңартып бір игілікті іс тындырды. Бүкіл бір халық тағдырының ғасыр бойғы куәгері әрі күрескері Ақтанбердінің рухы қазақ елінің әдебиеті мен тарихында мәңгі жасайтыны сөзсіз.

Жоғарыдағы жырдан Ақтанбердінің қарағайға қарсы біткен бұтақтай ақындық әлемін, балталаса бұзылмайтын батырлық бейнесін, бүкіл бір ғасырдың аласапыран әлегін, топалаң бейнетін көреміз.



Ақтанберді 1768 жылы 93 жасында дүние салыпты. Сол Ақтанберді жатқан төбенің түбінде жыраудың жиырмасыншы ғасырға қалдырып кеткен көзіндей боп, данышпан Абай мен ғұлама Шәкәрімнен кейінгі уақыттың сөзіндей боп тоқсаннан асқан Шәкір Әбенев отыр. 1900 жылы Шыңғыстаудың бөктерінде, Құндызды қойнауында туған, жеті жасында мұсылманша қара таныған, Семейдегі приходская школадан дәріс алған, тырнақалды туындысы Кеңес өкіметі орнамай тұрғанда, сонау 1916 жылы «Айқап» журналында жарық көрген, қалың оқырманға ежелден әйгілі Шәкір ақынның мүшелтойы 1990 жылы тоқсанға келгенде ғана республикалық көлемде өмірінде тұңғыш рет аталып өтті. Демек, Шәкір Әбеневтің 50 жылдығы да, тіпті 60, 70, 80 жылдығы да онша ескерілген жоқ.

Шәкір Әбенев Кеңес өкіметін бозбала шағында қарсы алды. Шыңғыстау өңірінде колхоз құру, ауылды советтендіру ісіне құлшына кірісті. Басқарманың атшысы, Жамбылдың хатшысы болды. Қашып-пысып Алтай, Алатау айналып жүрді. Өзі сұранып барған Ұлы Отан соғысының қанды соқпағынан жаралы оралды. Өзін отқа да, суға да түсірді. Бірақ қолынан қаламын түсірген жоқ. Кеңес заманының жалған мадақшысы емес, шындықтан жалтармас жалаңтөс жыршысы да, советтік түрменің «тұрақты тұрғыны» да бола білді.

Саналының жүрегін мұңды қылған, саңылаусызды жынды қылған, мінезі мың құбылған түлкі құйрық мезгілдің бұлаңына арбалмай, бұлтаңына алданбай, тура жолдан тайқымаған Шәкір ақын тоңмойын тағдырды еріксіз мойындатып, тұңғыш Президентімізге ақ батасын беріп, Тәуелсіздік алған тарихи күнді де көріп, ғасырдың өрінде, елінің төрінде тойлап отырса, ол – жалпының сөзін айтқан жақсыны көрсе үдірейген, жетесіздіктен желкесі күдірейген әміршілдік пен мәңгүрттіктің жалының күзелгені, заман бетінің түзелгені шығар...



Кәрі Шыңғыс не көрмеді... Талай тарихи тауқыметті басынан өткеріп келеді. Жиырмасыншы ғасырдың зобалаңынан зардап тартып зар еңіреген де Шыңғыс. Сай-сүйекті сырқыратқан сынақ сілкінісі қасиетті таудың жүрегіне жара салып, жотасы аласарып, көлі тартылып, бастауы сарқылып жатса да адамзат көші керуен тартқалы толастамай, тоқтамай жалғасып келе жатқан ұлылық желісін үзе алған жоқ.

Шыңғыстау – тек ұлы таланттар туғызатын ұлы ана! Кешегі жиырма сегізінші жылғы қаймағы бұзылмаған қалың елді торғайдай тоздырған, Шәкәрімдерді оққа байлаған зұлмат кезең де, отыз екінші жылғы ақсөңке аштық қырғыны да, отыз жетінші жылғы құзғын көмей қарақшылық нәубеті де, жерімізді фәнидегі ғарасат майданына немесе алапат аймағына айналдырған полигон пәлекеті де Шыңғыстың хан биігінің басын қақыратса да, таланттар биігін құлата алған жоқ. Жарты ғасыр бұлт бүркеніп, көзден тасаланып тұрған Шәкәрім шыңының басы шайдай ашылды. Соған жалғас Шәкір шоқысы да алыстан менмұңдалап, төңірегіне түгел көрініп, түптеп таныла бастады.

Біздің дәуіріміз басталғаннан бергі жиырма ғасырдың бір ғасырын бір өзі тұтас көзбен көріп, қолмен өткеру, әсіресе, пешенесіне талант бұйырған пендеге оңай шаруа емес. Оның үстіне адамзаттың ақыл-ойы мен қиялы дамудың шырқау шегіне жетіп, мейірім мен қатыгездік қақтығысып, дүние қыл үстінде қалтыраған ғасырда адамдықтың ақ туын қолдан түсірмеген, атадан қалған сара сүрлеуден адаспаған саусақпен санарлық саңдақтардың бірі – Шәкір ақын.

Шәкірдің адами өмірбаяны қандай шытырман болса, әдеби әлемі де сондай күрделі. Жалпы Шәкір ақынның көл-көсір, шалқар қазынасы түгел қағазға түсіп, халыққа жетіп болған жоқ. Көп дүние көпке белгісіз қалпында көкірек сандығында әлі құлыптаулы жатыр. Жайшылықта ашық-жарқын әзілқой, аузын ашса көмейі көрінетін ақынның жүрек түкпіріне сезімтал көңіл



көзімен үңіле қарасақ, «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» дегендей қалың-қалың ойды, қатпар-қатпар мұңды көреміз. Неге екенін білмеймін, Шәкір ақынмен кездескен сайын, әйтеуір, оның ішінде ашылмаған бір құпияның жатқанын сеземін де тұрамын. Бәлкім, ол «Мен тауда ойнаған қарт марал, табаным тасқа тиер деп, сақсынып шыққан қиядан» деп Махамбет айтқандай, қабағы салқын, сыры жат жылдардың сүргінін көп көрген ақын жанының секемшілдігінен болар...

Әдетте Шәкір Әбенov шығармалары хақында сөз қозғала қалса, Шәкірді Жамбыл, Нұрпейіс, Нартай, Шашубай, Иса, Нұрхан, Төлеу сынды импровизаторлық өнердің ақтабан дүлдүдерінің жалғасы ретінде сипаттайды. Рас, Шәкір Әбенov – солардан тәлім алған, ауыз әдебиетінің айтулы білгірі, халық шежіресінің шалқар айдынынан жүзіп ішкен жүйрік. Алайда біз осы пікірге байланып қалсақ, творчествосы сан салалы, сан қырлы ақынға қиянат жасаған болар едік. Ауыз әдебиетінің алтын бастауынан еркін сусындамаған ақын жазба поэзияның да көсегесін көгертпесі анық. Егер қазіргі қазақ ақындарының кейбіреулерінің көркемдік кестесі келіспей жатса, ауыз әдебиетінің уызына жарымағандығынан, өнердегі өз жүрегіне бөленбегендігінен дер едім. Сондықтан Шәкір Әбенovтің алып та, шалып та жығатын артықшылығы оның әдебиеттен алатын орны мен бағасына көлеңке түсірмеуі керек.

Шәкір – әдебиеттің екі енесінен тел емген, атап айтқанда, фольклор мен бүгінгі поэзияның бел ортасынан қайнап шыққан бөлекше бітім. Өйткені Шәкірдің тек ауыз әдебиетінің ғана аққапталы емес, әлемдік классиканың бұрын-соңды озық үлгілерінен мол хабары бар, Байрон, Гете, Пушкин, Лермонтов, Фет, Блок, Есенин өлеңдерін таза орыс тілінде жатқа соғатын ақын екенін көпшілік біле бермейді. Шәкір шығармаларына байыптап қараған адам оның әдебиеттің екі жағалауын алтын көпірдей ұштастырған, өз поэзиясының бәйтерегін халықтық



терең тамырдан, ұлттық топырақтан өркендеткен, Абай үлгісін мұрат тұтқан қаламгер екендігін анық байқайды. Сөзіміз құрғақ болмас үшін бірер мысал келтірейік:

Күләпараң қақ болмай,  
Тұтқан кірмен сірідей;  
Сар жарғақтың жағасы  
Теріңменен шірімей;  
Көбентайдың арқасы  
Күнге күйіп ірімей;  
Жауыңның етін өзіне  
Жегізбесең тірідей;  
Аптасында бір татып,  
Айында белің шешілмей;  
Күдері бел күреңнің  
Төсі айылмен кесілмей;  
Қылыштан қырық дақ түсіп,  
Денең оққа тесілмей;  
Малтаның суын қорек қып,  
Ишегің ій боп есілмей;  
Қалшылдаған қанжарың  
Балдагынан қан болмай;  
Іңірде жортсаң үдере,  
Дамылдар сертің таң болмай;  
Атың алпыс руға  
Білініп даңқың ұзармай;  
Қойныңнан аққан қанменен  
Ат тұяғы қызармай;  
Шілдеде шілгір ыстықта  
Тамшыдай суга тарықпай;  
Сүйіп алған сұлуың  
Сарғая күтіп зарықпай;





*Қалшылдаған қаңтарда  
Таң күзетіп мұздамай;  
Маңдайыңа найзаның  
Сабын тіреп мызғымай...  
Ер мұратқа жетпесе,  
Тіршілігі бекер де!*

Міне, бұл – сонау XV ғасырдағы Асан қайғы, Қазтуған, Шал-гездерден басталып, Ақтанберді, Бұқар, Махамбет, Дулаттардан желі тартқан жампоз жырдың жалғасы. Немесе:

*Түгі түлеп, өзгеріп, мал ыраңдап,  
Ойда орман, қырда тастан күй-жыр аңдап.  
Майда желмен тұрғандай әзілдесіп,  
Көктемдегі гүл біткен бұралаңдап.*

*Тар кеңіп, тандыр иіп, тапшы ұлғайып,  
Төлменен дәулет өніп, ел де байып,  
Аяғөздің бойына келіп қонды,  
Қалың ел қарлығаштай қанат жайып.*

Міне, мұны қазіргі поэзияның көркем көрінісі емес деп кім айта алмақ? Салған жерден Абай әсері, классикалық суреттеу әдісі, сөз саптау кестесіндегі еркіндік, құйылып түскен қорғасындай тұтастық, бөтен сөзбен былғанбай, жарасымды жымдасым тапқан жыр өрімі көңілге жақын, көзге ыстық. Немесе:

*Құздардан құлап аққан мөлдір бұлақ,  
Мөлшеріндей суы бар жұлма құлақ.  
Құздардың ең басында ақ қарлы тау,  
Көлденең нардай шөгіп жатыр сұлап.*



*Аюлар мекен еткен құздың басын,  
Адамға сондықтан да қауіп басым.  
Нар қабырға, піл қабақ, қабан тұмсық  
Тау күзеткен екі жақ босағасын.*

*Ойшыл шалдың қосы тұр жағасында,  
Сағаның ықтай қонған қия тасын.  
Алуан түрлі өсімдік бір қимылмен  
Тойлайды ойшыл шалдың тоқсан жасын.*

Міне, бұл – өршіл рухты, тылсым мінезді, тұнық сезімді Лермонтов поэзиясымен сарындас, сырлас, тұрпаттас ақындық қуаттың серпінді тегеуріні. Осындай ойлы орамдардан кейін Шәкір ақынды ауыз әдебиетінің ақ ордасының астынан ғана көру қисынға келе қояр ма екен? Шәкір Әбенев бүгінгі поэзияның тастан қаланған зәулім ғимаратының төрінен де өз орнын әлдеқашан ойып алған төрт құбыласы түгел ақын екені даусыз.

Ақын творчествосын сөз еткенде алдымен оның дастандарын ауызға аламыз. Себебі Шәкір шығармаларының шыңы да, шырайы да осы дастандарында жатыр. Әр жылдары күзеліп те, күйзеліп те қиындықпен жарық көрген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Кейпін батыр», «Таңшебер – Жапал», «Ортақ арал», «Аңыздар», «Пәрмен», «Аналар», тағы басқа поэмалары – Шәкір Әбенев эпикалық жанрдың хас зергері екендігін дәлелдеген дүниелер. Бұған қоса ақынның әлі баспа бетін көрмеген «Тоқтамыс» поэмасы мен айдауда жүргенде жазылған уытты жырлары, толғау-термелері қаншама?! Оның үстіне кейінгі ширек ғасырда дүниеге келген өлең-жырлар мен қара сөздерін қос. Шәкірдің сатирасы – өз алдына бір төбе. Шәкір айтты деген тапқыр сөз, ұтымды әзіл-қалжың ауыздан ауызға көшіп, шашылып ол жатыр. Осындай қыруар қазынаны



жинап, жүйелеп, оқырманның қолына тигізу – көп болып жұмылатын ортақ парызымыз.

Ақын дастандарын тақырыптық және мазмұн тұрғысынан саралағанда қазақ-қалмақ арасындағы жаугершілік замандардан сыр шертетін және шығыстық аңыздардың негізінде жазылған шығармалар деп екі топқа бөлуге болады екен. Солардың ішінде көлемі жағынан да, көркемдігі жағынан да басым жатқаны – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы. Біреулер «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының халықтық нұсқасы бар емес пе? Белгілі дүниені қайта жырлап, шиырлағанда Шәкір не ұтты, әдебиет не ұтты деуі мүмкін. Егер олай деп ұшқарылыққа ұрынсақ, өз білместігімізден ғана көруіміз керек.

Шәкір Әбеновтің халықтық классиканы өзінше жаңарта, жаңғырта жырлауы – нағыз таланттың қолынан ғана келетін ерлік. Ақынның бұл батыл қадамынан әдеби дәстүрдің алтын өзегін үзбей бүгінге жеткізгендігін көріп сүйсінеміз. Себебі бұрын жырланған тақырыпты қайта жырлап, талант бәсекесіне түсу, ақындық күш сынасу – шығыс әдебиетінде атам заманнан бар әдіс. Айтайық, шығыс поэзиясының жұлдыздары Низами, Жәми, Науаи, тағы басқалар, «Фархад – Шырын», «Ләйлі – Мәжнүн», т.б. дастандарын жарыса жазған. Әрқайсысы әр түрлі шеберлік танытып, әр түрлі шешім тапқан. Шәкір де қазақ поэзиясында сол ұлы дәстүрді жалғастырушылардың бірі.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы эпостық дәстүрден гөрі жазба әдебиетке етене жақын. Низами мен Науаидың «Ләйлі – Мәжнүнін», Пушкиннің «Руслан мен Людмиласын» еске түсіретін бірегей туынды. Бұл пікірімізді көрнекті сыншымыз Рымғали Нұрғалиевтің ақын кітабына жазған алғысөзінде: «Тіл байлығында, оқиғалық негізде фольклор қазынасынан алған дүниелер көп, ал пейзажда, диалогта, монологта, сюжет поэтикасында, идеялық тереңдікте классикалық жазба әдебиет дәстүрі барлығын айту дұрыс», – деген тұжырымы да одан әрі бекіте түседі.



Ақынның ендігі бір шоқтықты шығармалары – «Таңшебер – Жапал», «Кейпін батыр», «Ортақ арал» поэмалары. Бұл дастандарда да шытырман оқиғалар, қым-қуыт тағдырлар, қилы заман қасіреті кеңінен сөз болады. Бір ерекшелігі – Шәкір Әбенев дастандарындағы бейнелер бірін-бірі қайталамайды. Ақын әр шығармасын жазған сайын тыңнан жол салуға, жаңа портреттер жасауға ұмтылады. Оқиға қуып, қарабайыр баяндауға салынбайды. Дастандардың кез келген тұсынан ойып оқысаңыз суреткерлікті байқайсыз.

*Іңірдің салқын лебі қоңыр майда,  
Толықсып он төртінен туган ай да.  
Бұлақтар жапырақтың арасынан  
Түн жамылып, сығалап қарайды айға.  
Айдан бейне ұялып атасындай,  
Көлеңкелер тығылып терең сайға.  
Көлеңкеде бала тұр ана күткен,  
Өзі де әлі білмейді – бармақ қайда?*

«Таңшебер – Жапал» поэмасындағы тұтқынға түскен ана мен бала тағдыры, ержетіп әке кегін қуған ұлдың батырлығы шеберлікпен өрнектеледі. Ананың баласын елге жасырын аттандырғалы тұрған сәтін ақын табиғат суретімен астастыра әдемі бейнелейді. Мұндай көркемдік олжалар Шәкір шығармаларының әр жолынан жолығады десек артық айтқандық емес. Ақын әсіресе көшпенді өмірдің қат-қабат қырын, салт-санасының сырын, табиғат тілін айшықтауға келгенде еркін көсіледі.

«Кейпін батыр» поэмасы – өзгеше тұрпатты, ақын творчествосының берік қазығы боп тұрған туындылардың бірі. Кейпін бейнесі – қазіргі қазақ поэмаларында қадау-қадау кездесетін күрделі тұлға. Орта ғасырдағы шығыс елдерінің



тыныс-тіршілігі жазылған дастандардың ішіндегі сүйектісі де осы.

Шағын мақалада Шәкір ақын шығармаларының бас-аяғын түгел шөргемдеп, талдап шығу мүмкін емес. Алайда оның өлең-жырлары туралы бірер сөз айтпай өтуге болмайды. Рас, ақын дастандары көбінесе өткен өмір шежіресін, көне замандағы қилы күндер хикаясын жырласа, өлеңдерінің өзегінен тек Шәкірдің өз бейнесін көреміз.

Шәкір Әбенев алдына ақ қағазды жайып қойып, арнайы ойланып, бармағын сорып өлең жазатын ақын емес. Шабыты келгенде көкірегінде қоздап жүрген шынайы сырларын ақтара салатын төкпе талант. Ақпа сөзді, шақпа тілді Шәкірдің жырлары – өмірдің өзінен туған, қоспасыз таза дүниелер.

*Кәрілік мені мүлде жазалады,  
Бойымнан күш-қуатты тазалады.  
Талай жыл тас жастанып, мұз төсеніп,  
Артымда қалды үзіліп азап әні.  
Мен – жатқан күл басында бір қақ сүйек,  
Құрт-құмырсқа жорғалап мазалады.  
Нәрі жоқ, дәні де жоқ қақ сүйекті  
Түсінбеген біреулер қажалады.*

*Мендей жан өлмей, сірә, тыншыға ма,  
Жарыдым тыңшыға да, сыншыға да.  
Мен өлгенмен, ақындық, сен өлмейсің,  
Мазамды алып, жанымды шымшылама!*

Осы бір өлеңінен-ақ ақынның аумалы-төкпелі заманнан жазықсыз тартқан жапасын, еріксіз көрген азабын, кейде айналасынан қалған көңілін, өксігі мен өкініші көп өмірін оқығандай боласың. Өлең бойында күйініш те, реніш те, қажыр-қайрат





та, ең бастысы, өз творчествосына деген үлкен сенімі жатыр. Қайталап айтсақ:

*Мендей жан өлмей, сірә, тынышыға ма,  
Жарыдым тыңшыға да, сыншыға да.  
Мен өлгенмен, ақындық, сен өлмейсің,  
Мазамды алып, жанымды шымшылама! –*

деуінде терең мән, ащы шындық бар.

Ақын өлеңдері баспасөздерде аракідік болса да жарияланып жүргенімен, әлі де өз алдына енші алып, жеке кітап болып шықпай келеді. «Кеме келсе, қайық судан таяды» дегендей, қабырғалы дастандардан шағын жырларға орын тимей жүргені де анық, алдағы уақытта бұл да бір ойласатын ісіміз.

Зерттеймін, зерделеймін деген адамға Шәкір шығармашылығы – әлі мұрты бұзылмай жатқан тың дүние. Сыншыларымыз бен зерттеушілеріміз, зерттеу былай тұрсын, Шәкір жөнінде ауыз толтырып әлі ештеңе айта алған жоқ. Ақынмен етене жақын араласып, жақсы көргендеріміз дастархан басындағы әзіл-қалжыңына тамсанып, ауызша насихаттаумен шектеліп жүрміз. Өзгені қойғанда, Шәкір поэзиясының ұшан-теңіз тілі арнайы зерттеуді керек етеді. Халықтың байырғы тілін Шәкір ақындай жетік білетін адам қазір қазақта жоқ. Шәкірді астанадан арнайы іздеп келіп-кетушілердің көбі – ақын-жазушылар мен журналистер. Ал тіл мамандары Құндыздыға ат ізін сала қойған жоқ десем қателеспейтін шығармын. Әйтпесе, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» күләпара, саржарғақ, көбентай, күдері, балдақ, ыраңдап, жұлма құлақ деген тәріздес сирек кездесетін сөздердің мағынасы орын алар еді ғой. Бүгінгі оқырмандар түсіне бермейтін мұндай көне атаулар ақын шығармаларында көптеп кездеседі. Тек көре білетін көз, түйсіне білетін зерек көңіл, зерттей білетін зерде керек.



Шәкірдің сан салалы қабілетінің бір қырын – тек ақындық өнерін ғана сөз еттік. Ал оның қазақ әдебиетінің көне мұраларын жинауға жұмсаған ұлан-ғайыр еңбегі көбімізге беймәлім. Шәкір ақын – Жанақ, Түбек, Дулат, Байкөкше, т.б. ақындардың мұрасын қағазға түсіріп, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Әдебиет институтының қолжазбалар қорына тапсырушы. Көптеген көне күйлер мен әндер де Шәкір Әбеновтің айтуымен өз ортасын қайта тапты. Жыраулардың аруағы Шәкірге риза! Ал әлі нотаға түспеген, тек Шәкір ғана білетін бұрынғы өткен ақын-жыраулардың сарыны қаншама?! «Қажыр-қайратымның бар кезінде алып қалыңдар...» деп Шәкір ақын зар қақсағалы талай жыл болды. Амал қанша, сүйекке сіңген салақтығымыздан арылмай-ақ қойдық.

Ақынның өз әндері, күйлері де шәкірттерінің орындауында анда-санда айтылып жүргені болмаса, нотаға толық түскен жоқ. Жазушылар одағының жанынан Шәкірдің 90 жылдығына байланысты құрылған комиссия ақынның әндері мен күйлерін жеке кітап етіп бастыруды «Өнер» баспасына тапсырған болатын. Баспа жоспарға енгізгенмен, ақынның ән-күйлерін нотаға түсіртіп, тапсыруды міндетіне алған аудан жігіттері уәдеден шыға алмай келеді. Қысқасы, Шәкір Әбенов творчествосына ықтияттықпен қарап, тиянақтап іс тындыру – сайып келгенде, өз тарихымызға, өз келешегімізге сергек қарау деген сөз.

*Құр қалды деменіздер мені үлестен,  
Тарих мені шығармас өлсем де естен.  
Қаулап өскен ну орман арасында  
Мен – бұйығы ағашпын жемісі өскен.*

*Қаулап өскен ну орман – қалың елім,  
Саялап, паналайтын саям менің.  
Шомылып, шоршып жүрген мен бір шабақ,  
Елімнің мол дәулеті – шалқар көлім! –*



дейді алақанға сап ардақтап отырған халқына қалтқысыз ырза ақын.

Бүгінде көнеден қалған алтын төбедей боп ортамызда отырған ақын Шәкір Әбенев өз дәуірінен алар еншісін алып, тарихқа қосар мол үлесін қосты. Таяуда «Жазушы» баспасынан шыққан ақынның таңдамалы дастандар жинағы да соның дәлеліндей. Шынында да, Шәкір Әбенев – өзі айтқандай, «қалың елі қара орманның ортасында өркен жайған мәуелі ағаш!»

*«Қазақ әдебиеті» газеті,*

*17 қаңтар, 1993 жыл*





## ӨЛЕҢ ЕТІП ӨМІРІН

Дүние-ай!.. Қарап тұрсаң, ақындардың тағдыры да тұлпарлардың тағдыры сияқты қым-қиғаш екен. Көмбеге кедергісіз жетіп, көл-көсір қызыққа кенелген бірі жоқ. Жұлдыздай ағып келе жатқан сәттерінде көлденеңнен тартқан сұрқия ниетті сұр жебеге ілінбегендері кемде-кем. Көкіректерін қарс айырып, қара жамылтқан неткен қасіретті ғұмыр?!. Күңіреніп Абай, қан жұтып Мағжан, зарлап Қасым, боздап Мұқағали өткен. Солар кім үшін күңіреніп, кім үшін қасірет тартты? Қара бастарын баққа жеткізіп, тақымдарын таққа тигіземін десе қай-қайсысының да қабілет-қарымдары жететін еді ғой. Бірақ олар құлқынның құлы болғаннан гөрі халқының ұлы болуды мұрат тұтты. Маңдайларына жазылған тағдыр тауқыметін қабақ шытпай қабылдап, өкініштің уын жұтып, өмірден өксіп кетті.

*Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?  
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?  
Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір,  
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?*

*Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?  
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.  
Қай қызығы татиды қу өмірдің  
Татуды араз, жақынды жат қыларға?*

*(Абай)*

*Қажыдым енді, күш бітті,  
Көңілсіз, салқын, күн бұлтты.  
Жел бұйығып тербелген,  
Әлдекімнің өлгенін,  
Оны қалай көмгенін  
Әңгіме ғып күңіренген.*





*Жел, күңіренбе, жасың тый,  
Өлім күйі – тәтті күй,  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле,  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..*

*(Мағжан)*

Иә, тіршілік иесіне жарық дүние қымбат. Алайда өмір бар жерде өлім бар. Өмір сүре білу де, қартая білу де, өле білу де – өнер. Қорыққанмен жан қалмайды. Ең қорқынышты нәрсе – өлім емес, өмірдің мағынасыздығы. Сондықтан өлім ешкімге жат емес. Өмір мен өлімнің арақатынасын терең сезінгенде ғана мәңгілік тіршіліктің мағынасына көз жеткізе түсетініміз анық. Нәзік жүректі, алғыр ойлы ақындықтың керек жері де осында. Қашанда нағыз ақындар ит тірліктің итпегіне түспеген. Қара боранға қасқайып қарсы тартқан. Халық қайғырса, ақындар Қаратаудай күңіренген, халық қуанса, бұлттан шыққан күндей жарқыраған. Ел басындағы қилы ахуалдың көрінісі ақындардың көңіл күйі арқылы тарих бедеріне түсіп отырған. Барлық уақытта да ақындар армандаған бақытты өмір көз ұшында бұлдырап, сезімтал жүректерді қиянаттың шеңгелі сан рет жентектеген. Ортасынан озып туған ойлы жандар төңірегіндегі тобырдың тепкісіне шыдай алмай, зарын жалғыз сенері – қаламына төккен. Абай айналасының қорлығынан, Мағжан қоғамның зорлығынан, олардан арғы-бергі талай ақындар заманның тарлығынан жапа тартқан.

Күні кешеге дейін біздің қоғамның шекесі қызған жоқ. Қазақ елі ғасырлар бойы көріп келе жатқан көрешегінен Кеңес өкіметі тұсында да құтылмады. Талантты ақындарымыз ел мұңын сол қиын-қыстау, тар жол, тайғақ кешулердің өзінде де астарлап та, тұспалдап та айтып келді. Ал санын шапалақтап, саясаттың ал-





дына түсіп шапқылаған арзан сөздің авторларына қашанда дауа болмаған. Олардың зауалы тек уақыттан ғана.

Жалпы шынайы ақын өмір шындығын ғана толғаған. Жымысқы, сырты жылтыр алдамшы саясаттың көшіне ермеген. Тұтас ел қамын, ұлт мүддесін ойлаған ақындардың кейде тамағы тоқ, киімі көк, көл-көсір тұрмыста болуы мүмкін. Бірақ ішкі жан дүниесі қаңыраған жұрттай құлазып, көптің қаралы күйін тартқан. Айтайық, Абай қалай шайқаймын, қалай шалқимын десе де әке абыройы, ата байлығы асып-төгіліп жатыр еді ғой. Мағжан да тақыр тулақтың үстінде тумаған, атақты Жұмабай қажының немересі. Жетімдік, жоқшылық зарын тартса Қасым, Мұқағалилар тартты. Тағдыр солай. Алайда, қуа түссек, олардың да арғы тегі қаракөктің тұқымынан. Зайыры асыл тектен шығады, тексізден талант тумақ емес. Кез келген таланттың арғы түбі алтын кіндікке тіреледі. Кеңес өкіметі тұсында «жетіммін, езілген таптан шықтым» деп күні үшін кедейлік шапанын жамылған талай таланттардың да тегі қара табан құл емес екендігі белгілі. Тіпті күні бүгінге дейін «жетімдігін» жырына арқау еткен Тұманбай ағамыздың да тегі алмауыт тұлпар тұрпаттыдан. Бұл жерде біз Тұманбай есімін бекер ауызға алып отырған жоқпыз. Қазақ өлеңінің аспанында қырық жылдай шабыт құсы қалықтап, халыққа қырыққа тарта жинақ берген ақынның шығармашылық әлеміне әлсін-әлсін көз жіберіп, ол туралы көптің көкейінде қалыптасқан пікірлерді көңіл таразысынан өткізіп, оқырман талқысына салып отыру – біздердің парызымыз.

Тұманбай ақынның балалық шағы қазақ елінің басына нәубет төнген тажал жылдарға тұспа-тұс келді. Отыз екінші жылдың ақсүйек аштығынан, отыз жетінші жылдың алапат апатынан, қырқыншы жылдың қанды қырғынынан кейінгі жарым көңіл, жарты құрсақ уақытта сәбилік, балалық ғұмыр кешкен Тұманбайдың балғын жүрегін өксік үсігі шалуы әбден заңды. Он



жастағы бала соғыстың халыққа түсірген сұмдық ауыртпалығын – ананың зарын, атаның аһ ұрғанын, жесірдің жоқтауын естіп өсті. Балдәуреннің қызығынан гөрі кем-кетік жадау тұрмыстың қайғысына көп батты. Тұманбайдың шәкірттік шағы да шала-шарпы оқулықтарға тап келді. Ол ақсақалдардың күңкілдеп айтқан әңгімесінен атын естігені болмаса, Мағжан, Ілияс жырларын мектеп қабырғасында оқи алмады. Абай өлеңдерінің уызымен де толық ауыздана қойды деу қиын. Бірақ, оның есесіне, ол кезде ел ішінде әлі де сарқыла қоймаған халық ауыз әдебиетінің ойдым-ойдым қайнарынан үзіп-жұлып болса да сусындап өскені жас таланттың жүрегіндегі ақындық бұлақ көзінің кең ашылуына тікелей әсер еткені күмәнсіз.

Елуінші жылдардың ішінде Тұманбай Алматыға келіп, студент атанған тұста қазақ әдебиеті сірескен қалың мұз басып, сәл жылымықтан бөктері енді-енді ери бастаған алып тау сияқты еді. Оның үстіне ақындық әлемі жау шауып кеткен ауылдай қаңырап бос қалған болатын. Соғыстан аман-есен оралған бірен-саран таланттар болмаса, поэзияның қазіргідей самсаған сарбаздары жоқ еді. Расын айту керек, соғыстан соңғы сол есеңгіреген тұста ақындық босағасын аттағандардың қатарында хас таланттардан гөрі иен жатқан қонысты иелене қояйық деушілердің мол болғандығын айтпасқа болмайды. Егер қазақ поэзиясында соңғы қырық жыл бойы қара көбейтіп, шаңдатып шапқандардың мол екенін есептесек, соның дені – сол тұста қолайлы мезетті пайдаланып, баса-көктеп кіргендер. Поэзияға жадағай ұраншылықтың сүрлеуін салғандар да, әдебиеттің обалына қалғандар да солар. Олар өздерін осы күнде әдебиеттің атасы, поэзияның сақасы санайтындарын қайтерсің? Ертең-ақ уақыт тұлпарының сауырынан сыпырылып түсіп, ер-тоқымдарын жинап алуға шамалары келмей, айдалада қалатындарын сезсеші, шіркіндер! Бірақ пенде байғұста тәуба, нысап болған ба?



Кейде бірді айтып, бірге кететініміз жаман. Ойға оралған соң айтпасқа болмайды. Әйтпесе Тұманбай туралы сөзімізді түгендеп, ойымызды жүгендеп жөнімізге жүрсек, қой дейтін кім бар?

Бозбала ақын Тұманбай әдебиетке келгенде поэзия дүниесіндегі ызғырық қара суықты қуалап, жылы шуақты бір көктем алып келетін өзгеріс керек еді. Саясаттың салқын қабағы жібіп, темір тізгін сәл босаған сәтте жас Тұманбай көптің көкейіндегі көптен күткен арманның нәзік тамырын дәл баса білді. Оның тоңды жарып шыққан бәйшешектей қарымды да қызулы жырлары шынында да өлең өлкесіне көктем шуағын алып келген құбылыс болды. Ол жылдары қайта түлейтін Қасым жоқ. Қазақ жырына жыл құсындай болып келген жаңа толқынды, тың серпінді бастау бақыты он жеті жасар Тұманбай Молдағалиевке де тиді. Бұл пікір бізден бұрын да сан айтылған. Алайда Тұманбай туралы сөз болғанда ешкім соқпай өте алмайтын алтын көпір болғандықтан біз де әңгіmemіздің негізгі түйінін осы тұстан тарқатып, әрі қарай өрбіткенді жөн санадық. Шынында да Тұманбайдың келуімен қазақ лирикасының үзілуге айналған жібек жібі қайта ширатылды. Қайта түлеу, қайта жаңғыру ептеп болса да басталды. Қысылып-қымтырылған қазақ өлеңі керегесін кең жая түсті. Соның басы Тұманбайдың «Студент дәптері» атты алғашқы жинағы болды.

*Кештер, кештер, жазғы кештер,  
Өтіп жатты жанға жайлы.  
Көз алдымда жақсы елестер,  
Бір тәтті үміт құшақ жайды.*

*Аспанды бұлт бүркемеген,  
Шашылып мол жатыр жұлдыз.  
Сыбдырлайды бір шоқ емен,  
Жүрмін жалғыз, жоқ қой сол қыз.*





*Бір шоқ емен! Келе берем,  
Араңда сол қыз тұрғандай.  
Ойға кетем терең-терең,  
Жас жанымда жыр тұр қандай?*

*Саялайын, емен бағы,  
Жырды ұрлай бер, сырды ұрлай бер.  
Екеу болып келем әлі,  
Сыбдырлай бер, сыбдырлай бер.*

Әрине, жас ақынның буыны бекімеген балғын лирикасы Абай, Мағжан сынды ұлы шеберлер көркемдік шыңына шығарып кеткен өлең өнерінің теңдессіз туыңдыларымен үзеңгі қағыстыра алмайды. Және де ғасырлар бойы сөз бен жыр қазынасының небір асыл жауһарларымен жасанған қазақ поэзиясының өсу деңгейі де бола алмайды. Ол тұстағы Тұманбай творчествосының құндылығы шыңырауға құлдыраған қазақ поэзиясының өз биігіне қайта көтерілуіне бірден-бір себеп болуында. Құдайға шүкір, елуінші жылдардан бері Абай шыққан ұлы шыңға шама-шарқымызша тырмыса көтеріліп келеміз. Оған әзірге ешкімнің шыға алмасы және айдай анық. Мүмкін, Абай пенде баласына мәңгі жеткізбейтін, жақындаған сайын сиқырлы күшпен әрі қарай биіктей беретін, өсе беретін құдіретті заңғар шығар.

«Студент дәптерінен» кейін-ақ атағы дүрілдеген Тұманбай бірден әдебиеттегі абыройлы ағаларының қамқорлығына ілікті. Жұлдызы жанған жүйріктей жарқылдап ел алдына шықты. Кітаптары бірінен кейін бірі толассыз шыға бастады. Арқада егін шықпай қалған жылдар болды, бірақ Тұманбайдың кітабы шықпай қалған жылдар болған емес. Ақынның жемісті қаламы аз жылдың ішінде мәуелі бәйтерекке айналды. Тұманбай сөзіне жазылған әндер қазақ даласының аспанын шарлап кетті. Келесі



«Көктем таңы», «Алатау қызы», тағы басқа жинақтарында ақын қанатының қатая түскендігі сонша, тіпті биіктей ұшты.

*Күнім сенсің, тас төбемде тұрса түн,  
Анам сенсің, жолдан тайсам ұрсатын.  
Саған қарай ұшып келем, туған жер,  
Көктем жаққа құстар солай ұшатын.*

*Сенде көктем, сенде алма ағаш гүлі бар,  
Аспаныңда аяулы елдің жыры бар.  
Ақ сұңқарың қанша биік ұшса да,  
Саған келер, саған келіп жығылар! –*

деп жырлады. Үлкен жұрттың үлкен жыршысына тән биіктікпен, нағыз ақынға тән лапылдаған махаббатпен толғады. Тұманбайдың сол тұста өзінен кейінгі толқынға әсер еткендігі сонша, осы өлеңнен соң осы тақылеттес жырлар көбейіп кетті.

«Алатау қызы» жинағында жас ақынның азаматтық даусының саңқылап, самғап естілуімен бірге, мұңды, сырлы ойшылдыққа бой ұра бастағандығын көреміз. Әнге айналып, ел аузынан түспей жүрген «Құстар әнінің» сөзі де сол тұста жазылды.

*Жаз өмірін, маз өмірін қысқартып,  
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып.  
Зымырайды менің бала кезімдей,  
Бір жалт етіп өте шыққан сезімдей.*

*Біздің жаққа бауыр басып кеткен бе,  
Көңілді ән сап келіп еді көктемде.  
Өскен жерін қимай кетіп барады,  
Өскен жерге сыймай кетіп барады.*



*Құстар, құстар сызылтып ән салады,  
Сол әнімен тербетеді даланы.  
Ал адамдар күліп бастап өмірді,  
Кетерінде жылай да алмай қалады.*

Осы бір нәзік мұң Тұманбай творчествосының өн бойында алтын жіптей бірге өріліп келеді. Егер әр ақынды өз заманының жыршысы, өз уақытының жоқтаушысы дейтін болсақ, Тұманбай да соғыстан кейінгі ұрпақ өмірінің, әсіресе қазақ ауылының көлеңкелі де күрсіністі ғұмырын жүрегін езе отырып, өкси жырлаған ақын. Әдетте «Тұманбай өзінің жетімдігін көп жырлады» деген қаңқу сөздерді жиі естиміз. Расында ол Тұманбайға ғана тән тауқымет пе екен? Тұманбай мұңы – тұтас халық мұңы. Жалпыға бірдей қасірет. Алайда Тұманбай өзі өмір сүрген күрделі ортаның, қатпарлы қоғамның бетпердесін жұлып, шырқыраған шындыққа араша түсе алды ма? Қалай айтамын десе де талант қуаты еркін жететін ақын ондай батылдыққа қадам жасай алмады. Рас, ол кезде кім-кімнің де жүрегі дауалай қоюы екіталай еді. Дегенмен, өлең тілімен айтылмайтын ой, түйінделмейтін пікір жоқ екенін ескерсек, Тұманбайдың көтерген жүгінің көтерер жүгінен әлдеқайда жеңіл екенін байқаймыз. Әлде алдыңғы ағаларының оппаға жығылғандығын көзімен көргендігінен бе, әсіре сақтыққа бой алдырған тұстары көп. Махаббатты жырлау арқылы мәңгілік өмір салтанатының мәртебесін асыру да, соғыстан кейінгі жылдардың мұңын, жүрегі жаралы жандардың жан дүниесін жыр кестесіне керемет көркемдікпен түсіру де – сирек таланттың қолынан ғана келер өнер. Бірақ нағыз өмір шындығы сол ғана ма еді? Тұманбай сынды тегеурінді таланттың бұдан да тереңдей түсуіне, ұлттық ойдың тізгінін ұстауына болатын еді. Неге екенін кім білсін, ол саналы түрде оған бармады. Бұл «әттеген-айдың» орнын кейіннен Қадыр мен Мұқағали толтырды. Егер елуінші жылдардың аяғы,



алпысыншы жылдардың басында қазақ жырының қайта қаулап көктеуіне Тұманбай мұрындық болса, алпысыншы жылдардың ортасынан ауа Қадыр ұлттық ойға қозғау салды, жетпісінші жылдарға ілігерде Мұқағали ел жүрегін еңіретіп, ұлттық мұңның шерлі күйін күңіренге тартты. Кез келген ақынға «сен бұлай жазбадың» деп мін тағу ағаттық. Біздікі жеке таным тұрғысынан айтылған құлаққағыс қана. Оның үстіне бір ақынның бойынан өнерге біткен барлық қасиетті таба қою тағы да қиын. Қалай дегенде де Тұманбай Молдағалиев – өзінің асып-төгілген ақпа талантымен, табиғи көркемдігімен қазақ жырының төріндегі көрнекті тұлға. Келер замандарда жиырма-сыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясы хақында сөз бола қалса, саналы ұрпақтың Тұманбай Молдағалиевтің жыр құмбезіне бас сұқпай өтуі мүмкін емес.

*Әкелер бізге үй салып беріп кетпеген,  
Майданда көбі оққа ұшты.  
Өртенді олар жауына деген кекпенен,  
Сол кектен, сірә, жоқ күшті.*

*Әкелер біздің айқайлап барып жығылды,  
Біз үшін құрбан болды олар.  
Жығылды өзі, жықпады менің туымды,  
Қалдырған үйі сол болар.*

Ойлап қарасақ, жер бетіндегі қыбырлаған құрт-құмырсқадан бастап, бүкіл айқас, талас-тартыстың бәрі ұрпақ үшін күреске тіреледі екен. Кез келген әділетті, әділетсіз соғыс ұрпақ қамы үшін екені даусыз. Фашизмнің өзі әлемге фашист ұрпақтарының үстемдік жүргізуі үшін әлемді ойран етті емес пе? Сайып келгенде, ол да ұрпақ қамы... Құзғын өз ұрпағы үшін қырғын салады, аққу өз ұрпағы үшін құрбан болады. Адамзат та солай.





Қазақ ақындарының ішінде майдан алапатын жеріне жеткізе жырлаған ақын Сырбай Мәуленов болса, тыл тақсіретін, жетімдік, жесірлік қасіретін тұтас творчествосына арқау еткен – Тұманбай Молдағалиев. Ақынның осы тақырыпқа жазылған өлең-дастандарын бір жүйеге келтіріп, топтайтын болсақ, бүкіл тарихи өмір көрінісін көз алдыға әкелер өлең-роман құралары анық. Әсілі, ақын шығармашылығын басты-басты бірер тақырып айналасынан ғана бағдарласақ, қиянат болар еді. Біз бүкіл творчествосына тірек болған арналы тақырыптарын көбірек сөз еткенімізбен, ақын қиялының қанаты кең дүниені күніне әлденеше шарлап қайтады. Оны бірде туған тауының басынан көрсек, бірде Тынық мұхиттың төсінде көреміз.

*Біздің тауда тағасыз ат жүрмейді,  
Тағасыз ат тайғанақтап құлайды.  
Тау баласы жалтаңдауды білмейді,  
Тағдырын да сол биікте сынайды.*

*Өр келеді біздің таудың шалдары,  
Сәлемді оған аттан түсіп бересің.  
Отырады күнді болжап алдағы,  
Ол не айтса, бәріне де сенесің.*

*Тау ықылас көрсетпейді тегінге,  
Табынбасаң құтылмайсың қорлықтан.  
Кенет тауга шыққандардың көбінде  
Басы айналып құлайтыны сондықтан.*

Осы өлеңді оқығанда ойыма үнемі Расұл Ғамзатов жырлары оралады. Расұлда да осы мінездес, осы үндес өлеңдер бар. Расұлды қайтадан сүзіп оқып шығам да, іштей өзімнің Тұманбай ағаммен салыстырам. Рас, Расұлдың ұлттық сезімі,





туған халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, азаттық, тәуелсіздік аңсаған өткір де ауқымды ойлары басым түсіп жатады. Әйтпесе ақындық жағынан біздің Тұманбайымыз одан осал түсіп жатпаған секілді.

Иә, бізде мықты ақындар жетерлік. Әрқайсысы бір елдің өлең көшін бастайтындай тұлпар таланттар алдымызда да, қатарымызда да, соңымызда да мол. Бірақ олардың бәрінің творчествосын тәптіштей зерттеп, саралап пікір білдіріп жатқандар шамалы. Көбіміз ауызша айтамыз да, қағазға отыруға кере-науымыз. «Жабулы қазан жабулы» күйінде, сыншылар назарына ілікпей жатқан өлі-тірі таланттармыз қаншама?! Тіпті аты әйгілі, азуы алты қарыс Тұманбай ақынды тұтас табиғатымен танып болдық па? Рас, ешкімді қолдан классик жасай алмаймыз. Құмнан тау үйгенімізбен, ертең қайта сусып жермен-жексен болары сөзсіз. Сондықтан әр ақынның өз бағасын көпіртпей, көпшік қоймай дәл бере алсақ, адам да, Алла да разы. Тұманбай ағамыздың да өзінің басына лайық емес алтын тәжді кигізе қой демейтініне кәміл сенеміз. Алайда оның қазақ поэзиясы тарихы төріндегі орны әлдеқашан күреулі екенін жоғарыда айттық. Әйтпесе оған кешегі Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы, Республика Мемлекеттік сыйлығы, Түрік дүниесінің Физули атындағы сыйлығы берілер ме еді? Ешқайсысын өзі сұрап алмаған болар.

Иә, еңбекқор ақын қолына қалам ұстағаннан бері толастап көрген жоқ. Көп жазды, көп жазып жүр. Оның жырларын жатқа соғатын шәкірттері де баршылық. «Жаңа дәптер», «Шақырады жаз мені», «Ескерткіш», «Жүректегі жазулар», «Көктем таңы», «Отан деп соқса жүрегің», «Қырым дәптері», «Саха дәптері», «Жүрек ояу қашанда», «Махаббат оты сөнбейді», «Мен де жиырма жаста едім», «Құстар қайтып келеді», «Таудан түскен сәуле», «Тынық мұхит дәптері» жинақтары – ақын еңбегінің көп жылдарғы мәуелі жемісі. Ақынның осы



ғұмырлық еңбегінің қорытындысындай 1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген үш томдық шығармалар жинағы жоғарғы аталған кітаптардан таңдап алынған, бүкіл творчествосының кілегейіндей кілең құнарлы өлеңдерден тұрады. Осы үш томдықты сүзе оқыған адам ақынның өсу жолына, шеберлік сырына, азаматтық нысанасына анық көз жеткізеді. Тұманбай өлеңдері қашанда өзінің қарапайымдылығымен, сыршылдығымен, еркіндігімен оқушысын тез баурайды.

*Құрметіне бөлендім туган елдің,  
Уақытымның біразын дуга бердім.  
Алыстаған ағайын – дертім болды,  
Жақындасқан көп жанды тума көрдім.*

*Сөйле деді туган ел сөзді беріп,  
Дүниені қиялым кезді келіп.  
Сіміргенде шалқайтып от шарапты,  
Өссем деген бір қулар безді көріп.*

*Арман қалды қасымда, қалды көктем,  
Қарлы-мұзды шыңдардан қарғып өткем.  
Қалды менің қасымда өзім тектес,  
Аппақ көңіл біреулер, ақ жүректер.*

*Мұхит арман бетінде жүзіп барып,  
Басқалардың бақытын қызықтадық.  
Біз қыздырдық тойларды таңға дейін,  
Өзіміз де тоқтадық қызып барып.*

*Тебірендік, тербелдік біз адамша,  
Қойғамыз жоқ, ойласам, қыза да онша.  
Бір тілеулес жанарлар қарап тұрды,  
Сол ауылдан машинама ұзаганша.*

Үш томдыққа кірген өлеңдердің дені – осындай шын ықыластан, қалың елінің ортасындағы ақынның күнделікті өмірінің өзегінен туған дүниелер. Ақын нені жырласа да төгіле, егіле жырлайды дедік. Сол шабысынан, дәстүрлі дағдысынан айнымайды. Қарапайым тірліктің қалтқысыз көңілін ашады. Бір тәуірі – үш томдыққа ақының ақкөңілдігінің куәсіндей толып жатқан той-томалақтарда белгілі-белгісіз жандарға арнаған өлеңдері кірмепті. Сондай-ақ, бірін-бірі ой жағынан қайталаған қыруар өлеңдер де сұрыпталыпты. Ашығын айтуымыз керек, әйтпесе соңғы жылдары Тұманбай ақынның көп жазамын деп өзін-өзі көп қайталап, оқырмандар көңілін біраз суытып алғаны баршаға аян. Әдетте әншіге әніңді тоқтат, ақынға қаламыңды таста деу – қиянат. Сөйтсе де әншіге әніңді жаман айтпа, ақынға жырыңды арзандатпа деуге тыңдаушы немесе оқырман ретінде әркімнің де хақысы бар. Жалпы Тұманбай Молдағалиев – қазақ поэзиясына берерін беріп, шығар биігіне шығып болған ақын. Ендігі жерде дағдылы жүйріктің тек осы шабысынан жаңылмауын тілейміз. Бұл жалғыз Тұманбай ақынға ғана емес, аға буын ақындарымыздың бәріне қаратып айтылған ортақ пікір.

Ақын творчествосын дерліктей шолғанда оның поэмалары туралы айтпай өтуге болмайды. Әсіресе лирикалық поэманы көп жазғандардың бірі – осы ақын. Үш томдыққа кірген он поэма да кезінде сыншылар мен оқырман қауым тарапынан лайықты бағасын алған сүбелі туындылар. Соғыс азабынан зардап тартқан қилы адамдар тағдыры әр поэмада әр қырынан көрінеді. Кейіпкерлердің қасірет жалыны шалған ішкі жан дүниесі мен ақынның жүрек даусы үндесе күңіреніп, күрделі өмір күйін тартады. Тұманбай кейіпкерлерлері қарапайымдылығымен көкейде қалып қояды. Ақын шымшытырық оқиғаға құлаш ұрмай-ақ, табиғи тірліктің өз ағысымен толқындай сырғиды. Қысқасы, Тұманбай Молдағалиев –



қазақ жырындағы лирикалық поэманың хас шеберлерінің бірі немесе бірегейі. Рас, оның алды-артында бұл жанрда талай тамаша өрнек танытқан өрен жүйріктер бар.

Ә. Тәжібаев, Х. Ерғалиев, Қ. Бекхожин, Ғ. Қайырбеков, М. Әлімбаев, Қ. Ыдырысов, тағы басқа көптеген ағалары лирикалық поэманың озық үлгілерін жасағаны белгілі. Алайда Тұманбай ақынның поэмалары Тұманбайға тән еркін тыныспен, кең құлашпен қияға қанат қағып, қазақ жырының көкжиегін кеңейте түседі. Келешекте қазақ поэзиясы сарайында лирикалық дастандардың көрмесі өткізілетін болса, нақ ортасында Тұманбай ақынның «Хаттар, хаттар», «Жеңеше», «Өшпей қалған сәулелер», «Кәмила», «Алатау қызы», «Мазасыз махаббат», «Диірменші қарт», тағы басқа поэмалары жарқырап тұрары сөзсіз.

Біз, бүгінде қырықтан асқан ақындар тобы, ағаларымыздың ішінде Тұманбай ақынның аясы мол қанатының жылуын көп көрдік. Талайымызға сәт сапар тілеп, ақ батасын берді. Көшеде көрсе шақырып алып, ақын інілерін үйіне шұбыртып апарып, өз ошағының басында жыр кешін өткізіп жататын да көбінесе Тұманбай ағамыз. Кейде сырласа қалғанда сезімтал ақын өзінің бір атадан жалғыздығын көп айтады. Шынында ол жалғыз емес еді. Қазақ поэзиясының қара шаңырағының астында ағалары да, інілері де көп, ең бақытты ақынның бірі – Тұманбай Молдағалиев.

Жалпақ жұртқа аты әйгілі ақын туралы сөзді бұдан әрі соза беруге болар. Бірақ оның ел алдындағы атқарған қызметін, әдебиетке сіңірген ұлан-ғайыр еңбегін, шымырлап аққан Іле өзеніндей арналы талантын, Алатаудай биік азаматтығын менсіз де туған халқы бес саусағындай біледі. Сондықтан да сөзімді осы жерден үзіп, мақаламды Тұманбай ақын 50 жасқа толғанда, осыдан сегіз жыл бұрын жазылған өлеңмен аяқтауды мақұл көрдім.



Жырсыз күнің өткен емес ешқашан,  
Жабырқадың ойдан ұшқын шаапасаң.  
Көктем күйі күмбірледі сәт сайын,  
Сен қолыңа қалам ала бастасаң.

Сен жырласаң, дала жырлап кеткендей,  
Алатауың алтын нұрға бөккендей.  
Алматыңа ақ жаңбырын төккендей,  
Нәзік жаның өзің туган көктемдей.

Сен жырласаң, таудан сырғып ақ тұман,  
Шыға келді ақ бұлақтар атқыған.  
Аққу-қаздар аспан астын тербетіп,  
Көк төсінен төгілгендей шаттық ән.

Сен жырласаң, сыр қалмайды жасырын,  
Мөлдіреттің моншағын көз жасының.  
Тайга мінген Тұманбайды сағынып,  
Күрсінеді көк жайлауы Асының.

Сен жырласаң, көбейгендей аз үміт,  
Сөйлейді өмір қысы – жұтаң, жазы – құт.  
Соғыс сызы, жетім-жесір әуені...  
Жатты бәрі жүрегіңе жазылып.

Арман жолы болған емес кең көше,  
Бұзып өттің тағдыр өткел бермесе.  
Өрнек салып өлкесіне өлеңнің,  
Көктем алып келіп едің сен кеше.

Күлімдейсің сол бір көктем қалпыңмен,  
Шуақ болып тілдесесің халқыңмен.





Көлеңке мен ызғар барда тірлікте,  
Қайран ақын қалай ғана алсын дем?

Көпке жетер көңілің бар ақ айран,  
Емін-еркін дәмін татты талай жан.  
Жиренесің Оразбайдан, Дантестен,  
Үйренесің Пушкин менен Абайдан.

Қазынасы таусылмайтын кең кеуде,  
Ақтарылды кеткенге де келгенге.  
Күйкілікке кеуіп қалған шөлсің де,  
Дариясың кісілікке келгенде.

Біреу анау, біреу мынау демейсің,  
Адалға дос, арамдарға өгейсің.  
Мейірімге, шаттануға байсың да,  
Менменсуге, мақтануға кедейсің.

Жырмен жалғап алыс-жақын арасын,  
Жырмен гүлдеп, жырмен тыныс аласың.  
Алатаудың бауырында туған ұл,  
Алатаудай биік тартып барасың.

«Қазақ әдебиеті» газеті,  
28 мамыр, 1993 жыл



## ЕСЕНҒАЛИДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Есенғали ақынмен алғаш рет осыдан он-он бес жыл бұрын «Лениншіл жас» газетінің бетінде жүздескенім есімде. Маған алғашында Раушанов деген фамилиясы қызық көрінді. Ол кезде біздің де айналадан жеріне қоймаған, әйтеуір өлең көрінсе оқудан еріне қоймаған, өзімізше орда бұзамыз деп маңдайымызды тауға да, тасқа да соққан, соқыр сенімге ілескен шалдуар шағымыз еді. Ол кезде қазақ жыры дәл қазіргідей мүшкіл халге түсіп, төрдегі басы есікке барады деп кім ойлаған?

Біздің әдебиет қазір аса бір қиын кезеңді өткеріп отыр. Оның ішінде поэзия. Жасыратыны жоқ, өлеңнің жанашырлары аз қалды. Сол аздың өзі андыздай бастады. Қалың елге, ойлы оқырманға өкпе артуға болмас. Суға кететінің анық болса, салындыдай сүйретілгеннен не пайда? Тал қармап жағаға шыққанмен, жарылқайтын тағдыр тағы да жоқ. Көптеген ағаларымыз тұрмыстың тынысы тарылған сайын байбалам салып жоғарыға барғыш. Әдебиеттің тағдырын жоғарыдан, үкіметтің ықпалымен шешкісі келеді. Әй, қайдам... Қай заманда нағыз әдебиет биліктің күшімен, қамшының ұшымен жасалып еді? Әдебиет өз бетінше өмір сүруге тиіс. Рас, Кеңес өкіметі өзінше әдебиетін жасағысы келді. Бірақ ол әдебиет пе еді? Әрине, жоқ. Қайта, керісінше, әдебиетті әдебиетсіздендірді. Әдебиет насихат құралына айналды. Қаламгерлерді еріксіз өтірік сөйлеуге тәрбиеледі. Турасы – желкелеп көндірді. Таланттардың табанына шеге қақты, басқан ізін бақты. Имандай шынымызға көшсек, кеңес заманы тұсында жасалған әдебиеттің тең жартысы – қойыртпақ. Хас шебердің қолынан шыққан шығармалардың өзінде де лажсыз қосылған лай су бар. Қазір кітапханаларымызда, төрімізде сықап тұрған, ендігі жерде рухани қажетімізге жарамайтын кітаптың қыруар қара топаны қалай пайда болды? Біздіңше, бұл да жоғарыдан жасалған жөнсіз «қамқорлықтың» нәтижесі.





Кеңес өкіметінің, коммунистік партияның әдебиетшілерге қамқорлығы, сайып келгенде, өзінің сойыл соғарларын дайындау еді. Құдіретті «жарылқаушының» арқасында партияның оқ өтпес, қылыш шаппас қызыл сөзін бетіне ұстап, әдебиетке талантсыздардың сансыз сарбазы баса-көктеп кірді. Жетпіс жыл әдебиет майданы төрінде солардың туы желбіреді. Бірақ қазір олардың туы жығылды. Оны біз емес, уақыт жықты. Алайда кең жайлаған қонысынан, мұрт майлаған табысынан қараптан-қарап айырылу – қасірет қой. Мейлі, отыра берсін, оларды қуып жатқан ешкім жоқ. Масқара болғанда біраздан кейін әдебиет ауылынан оларды итпен іздесең де таппайсың. Жалынсаң да қаламмен жалғыз сөйлем түртпейді, ерегескендей қағазға қолын да сұртпейді. Өйткені әдебиет күнкөріс көзі болудан біржола қалды. Қазіргі біздің басымыздағы ауыртпалық – міне, осында.

Бізді қинайтын қымбатшылық емес, көркем әдебиетке зауалдай өткен құрғақшылық. Топталған күйімізде топырлап кеп жол айырығында тұрмыз. Айырылысар күн жақын. Мүмкін бұл табиғи заңдылық та шығар. Енді көпшілігіміз бет жыртыспай-ақ, қоянша «қанжығада көрісейік» деген тәуекел сөзді бір-бірімізге іштей айтуымызға тура келеді. Әсіресе, ақындар...

Таяуда ақындар бас қосқан мәжілісте Хамит Ерғалиев ағамыз: «Әдебиетте жастар, кәрілер творчествосы деген жоқ. Әдебиетке бәріміз бірдей жауаптымыз. Қаламгердің үлкен-кішісі болмайды. Бөліп-жару дұрыс емес», – деді. Имандай шыны сол. Әдебиетке қалам ұстағанның бәрі бірдей жауапты. Дегенмен, әдебиет тізгіні сенімді қолда – тек таланттылардың қолында болғанға не жетсін (бұл арада мен билікті айтып тұрғаным жоқ). Бұдан былай «Соқыр көргенінен жазбайдының» керін келтіріп, әдебиеттің тізгінін бірыңғай ақсақалдарға, құйысқанын жастарға ұстата беру – көрінеу тұрған жарға құлаумен бірдей. Түптеп келгенде, алдағы әдебиеттің тағдырына жауап бере-





тін – кейінгі толқын. Ақсақалдарға «бата бер» деу – жақсы, алайда жастарға «тыныш жата бер» деу жараспас... Осыны ойлағанда ойыма қадау-қадау таланттар түседі. Соның бірі – Есенғали Раушанов.

Есенғали мақтаудан кеңде емес. Тұғыры жайлы, тұрманы да сайлы, қанжығасы да майлы. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейтін халықтық қағиданы да берік ұстанған. Бірақ ұлттық әдебиеттің ұлы мақсаты құбылып тұратын замана емес. Оны тазы боп шала алмайсың, қыран боп ала алмайсың. Ол – тіршілік пен адам, адам мен табиғат қатынасының сана құдіретінің сиқырлы күшімен ғана қағазға түсетін өшпес сәулесі. Есенғали бойындағы талантта жаратылыстың осы бір бұлжымас қағидасын қасиет тұтқандық бар. Талайлар аласапыран уақыттың ат құлағы көрінбес ақ боранында адасып кеткенде, оны әдебиеттің асыл мұратынан айнытпай бүгінге жеткізгенде ана сүтімен біткен сол қасиет. Әйтпесе, ақын болар ма еді? Тіс-тырнағына дейін қанға батқан жиырмасыншы ғасырда – халқымыз қасіретке белшесінен батқан ғасырда біздің гүл мен қызды ғана жырлайтын, алаңсыз, бақытты ақын болуымызға хақымыз да жоқ. Бола да алмаймыз. Жалған рахатқа, жасанды бақытқа бөленгісі келгендер өздері білсін. Бұл ғасырдағы қазақ ақынының ұлы міндеті – күрескерлік, Мағжандар бастаған киелі керуеннің қарасынан көз жазып қалмау. Бұл ғасырда халқының қасіретін ақ қағазға адал айшықтамаған қаламның сиясы арам. Қазаққа қазір кітап шығару үшін емес, қаңыраған жүректерді асыл рухпен суару үшін, көптің жүрегін жану үшін туған ақындар керек.

*Қара-қара түлейден қаптап өріп,  
Қарақұйрық су ішкен қаққа келіп,  
Қарақұйрық – ғасырлар көше берген,  
Қара желін даланы қақтап емін...*





Не айтасыз? Ішпен ғана ұғынасыз. Жүрек көзімен ғана көре аласыз. Зуылдаған қарақұйрық – ғасырлардың елесі санаңызда жұлдыздай ағып бара жатады. Жан түкпірінен үн қататын, бір шумағы бүкіл бір шығармаға жүк боларлық мұндай маржандар Есенғали қаламынан толассыз төгілетініне кәміл сеніңіз. Керек десеңіз, бар өлеңін тұтас оқиық:

*Бұл – жүрекпен еститұғын асқақ үн,  
Көруің аз,  
оқу керек тастарын...  
«Тұрпатында бес кешеннің сәні бар,  
Тұрысын-ай қасқаның...» –*

*Деп кезінде жырға қосқан көп ақын,  
Сары белде сағана там болатын.  
Бір-ақ түнде құлап түсті сол көне,  
Дүр сілкінтіп Келінтөбе қолатын.*

*Қап-қара боп кеткен қышқа үңіліп,  
Ауылдастар мәнін енді тұр ұғып.  
Сыр берместен келіпті гой, тектім-ай,  
Сырты зордай, іші бордай үгіліп.*

*Жерге құлан тартып туар озалдан,  
Сағанамның сарқытынан көз алман.  
Іштей тынып,  
өзін-өзі жей берген,  
Бір ол емес,  
бір ол емес...  
О, Жалған!..*

Бір өлеңнің өзегінде тағдырдың бүкіл талқысы жатқан жоқ па? Ессіздің еңірегені емес, ойлы жанның ішкі күңіренісі мен күрсінісі. Қара бастың қайғысы емес, өзін-өзі іштей мұжыған



мұңлы халықтың көкірек түкіпірінде үнсіз азаға айналған лажсыз ызасы. Біз көбіне поэзия туралы сөз қозғағанда алдымыздағы нақты өлең немесе кітап төңірегінде ғана толғанамыз да, сол өлеңді тудырған ақынның болмысына, оның жан дүниесінің ішкі иірімдеріне үңіле бермейміз. Ұрпақтан-ұрпаққа кететін, көптің зердесіне жететін шынайы туынды шынайы ақындық табиғаттан ғана шығады. Бір көргенде, бір оқығанда сезімді алдайтын, жасанды толғаныстан туған сырты сұлу өлеңдерден көз сүрінеді. Рас, «өлең жазылмайды, туады» дегендей, өздігінен толғататын өлеңдер бар. Ол да, сөз жоқ, шабытты шақтың жемісі. Ал шабыты тасып немесе арқасы қысқаннан емес, халқының арын қорғамай, заманының зарын қозғамай тұра алмайтын ақындар болады. Халықтық ақындар деп соларды айтуымыз керек. Нағыз халық ақыны – отызда да халық ақыны, тоқсанда да халық ақыны. Халық ақыны болу үшін біздегідей сексенге келу шарт емес. Небәрі қырыққа тарта өлең жазып, отызға жетпей кеткен грузин халқының ұлы ақыны Николоз Бараташвилиді қайда қоямыз? Мұндай мысалдар әлем әдебиеті тарихында толып жатыр. Қашанда жүре қасқалар көп, туа қасқалар аз. Осы екеуін ажырата алмаған жерде әдебиеттің сорпасы – сор.

Есенғалидың айыбы – туа қасқалығында, талант тұрпатының басқалығында. Қаршадайынан «Халқым!» деп қабырғасы қайысатындығы да оның жиырмасыншы ғасырда ат жалы, атан қомында белден-бел, елден-ел асып, үрейлене, үдере көшкен үркердей ауылда кіндігі кесілгендігінен, аузы арақ сасыған көксақалдардың шатпағын емес, көкіректері қобыздай күңіренген абыз ақсақалдардың асыл сөздерін құлағына құйып, ойына ерте тоқығандығынан. Есенғали өлеңдерінің халық тағдырымен терең тамырласып, заман зарымен қапысыз үндесіп жататындығы да содан болуы керек. Кейде сөз саптасынан көне жыраулар иірімдеріндегі сезім толқындарын бұзбай, бүлк





еткізіп тереңге тарта жөнелетіндігі – ақындық қарымының кеңдігі.

*Айдай, менің заманым,  
Айдынына толған ер,  
Аймақты жұрт,  
Ордалы ер,  
Айлақы төс аршынды  
Ай қасқаға қонған ер;*

немесе:

*Ауыл,  
Көктем,  
Қардың суы сайға ағып,  
Жарқабалқа сүйкенеді тай барып,  
Ескі атызда ұмыт қалған тырманың  
Тісін санап қарғалар жүр айналып.*

Екі мысалдан-ақ оның талант мүмкіндігінің оңы мен солы айқын көрініп тұр. Ақын өлеңдеріндегі осы өрелілік дастандарға барғанда еті қызған жүйріктей бауырын одан сайын жаза түседі.

Есенғали өз тұрғыластарының ішінде поэманы мол жазды. Мол жазғанда «миллиардтатып» көпірткен жоқ, сөзді бір-біріне соғып «бильярдтатып» секірткен жоқ, қазақ поэзиясының эпикалық жанрында сырғып аққан Сырдай өз арнасын салды. Тың тыныс, жаңа құбылыс әкелді. Әсіресе, пәлсафалық мағынасы алыс ойларға жетелейтін «Ғайша бибі» поэмасы – оның әзірге шыққан биігі дер едік. Есенғали поэмаларының көркемдік қырларын, оның өзіне ғана аян құпия сырларын кеңінен сөз ететін уақыт әлі алда.

*Кереге бойым жиырылып,  
Келте де болды-ау, ой, заман.*

Қызыл көз қоңыз шүйлігіп,  
Желкеме қонды-ау, ой, заман.

От-жалын шырмап келеді,  
Торына мықты, ой заман.  
Ордамның асты кең еді,  
Сорыма бітті, ой, заман...

...Шұбар да менің ұлдарым  
Шұбырып бері тығылды.  
Аяй гөр, әй, өрт,  
қырмағын,  
Берейін жұлып тілімді.

Атан да бойлы ақ жалын,  
Бір ұрпақ қалдыр ордадан,  
Көрініп келген көкжалым,  
Көмегің болсын сол маған.

Поэмадағы «Жыландар жыры» – жылан ниетті тіршіліктің түбінде айдаһар аранды заманның отты көмейінде шыжғырылатындығының мәңгілік нышанындай сезіледі. Ақын тарихи аңыздарды арқау ете отырып, қилы-қилы қиялдарға, орамды-орамды ойларға құлаш ұрады. Поэманың түпкі пайымын қылатқысыз түсіну үшін нәзік түйсік керек. Соңына таман:

Аулақпыз атасы арзан болжамдардан,  
Жұртында әр ғасырдың олжаң қалған.  
Жамигат,  
Біздің тарих – алтын шынжыр,  
Әр жерден жиі үзіліп,  
Көп жалғанған, –

дейді.



Жөн сөз. Тауып айтылған. Осылай деп отырып, ақын тарихты баяндап жатпайды, қалай өмір сүрдік дегенге жауап бермейді, енді қалай өмір сүреміз деген жауап іздейді. Зады, біздер бір-бірімізді жассынбай, жатсынбай, Есенғали сынды таланттарымыздың творчествосын егжей-тегжейлі зерттеп, түбегейлі пікір айтатын мерзім әлдеқашан жетті. Әр пікір өз уағында айтылуымен құнды. Әр талант дер кезінде бағалануымен нұрлы. Сонда ғана әдебиеттің бағы жанады, қазіргідей әдебиет оқырманды емес, оқырман әдебиетті іздей бастайды. Біздің Есенғалидың көкжиегі кең творчествосы туралы бұл пікіріміз оның ақындық ерекшелігін толық қамтиды дей алмаймыз. Кемшілігімізді келешек толтырарына күмәніміз жоқ.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,*

*1993 жыл*





## ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

Қашанда үлкен іс тыңдыратындардың үнсіз, түк бітірмейтіндердің алыпқашпа, айғайлағыш келетіні қызық. Әйтеуір, байыптылардың бәйгесі бара-бара озып, даурықпалардың дүбірге еліктегіш дүбәралары далада қалатыны уақытқа аян. Осы бір ойлар көкейге оралғанда, толдым деп тасымайтын, болдым деп босаңсымайтын, қаламы қарымды, мінезі сабырлы қайратты ағалар қатарынан жазушы әрі ақын Құрманбай Толыбаевты да көріп көңіліміз сүйсінеді.

Жазушы Құрманбай Толыбаев есіміне қалың оқырман кеңінен қанық болғанмен, оның шұрайлы да шырайлы шығармашылығына әдебиетіміздің саңлақ сарапшыларының ұзақ жылдар бойы назар аудармай келе жатқаны өкінішті. Рас, жас Құрманбай жөнінде кезінде Сәбит Мұқанов, Мариям Хакімжанова сынды әдебиетіміздің биік тұлғалары ықылас білдіріп, ақ баталарын берген еді. Одан бергі отыз-қырық жыл көлемінде көп шолуларда анда-санда аты аталып, қадау-қадау пікірлермен шектеліп келеді. Шындығына жүгінсек, Алматы түбіндегі Шелек ауданында дүниеге келіп, сәби кезінде әкесінің арқасына жабысып арғы бетке асқан, отызға дейінгі жастық шағын Шығыс Түркістанның тәуелсіздігін аңсаған азаматтар сапында ұлттық ойдың ұранын шырқап, туын көтеріп өткізген, одан ондағы қуғын-сүргіннің қысымынан жігіт ағасы болғанда атамекенге қайта оралып, мұндағы қилы тұрмыстың ащылы-тұщылы дәмін татқан жазушының өмір шындығын айшықтаған «Қайдасың, досым?», «Әсет» секілді сүбелі шығармалары әдебиет қазынасына қосылған қомақты үлес.

«Қайдасың, досым?» – Құрманбай Толыбаевты қалың оқырманға қарымды жазушы ретінде алғаш танытқан шығармасы. Онда Шығыс Түркістандағы халқым деп қан құсқан қазақ зиялыларының қасіретті де қасиетті күресін, Қытай империясының басқыншылық жымысқы саясатының құрбаны





болған үзеңгілес, мақсаттас жолдастарының өкінішті өмірін өзегі өртенге отырып, аса шынайылықпен суреттейді.

«Әсет» эссе-романы – жазушының көп жылғы тірнектеп жинаған еңбегінің жемісі. Жазушы бала кезінен Әсетті көзімен көрген, әнін тыңдаған, Әсетке шәкірт болған адамдармен бірге өсіп, біте қайнасқандықтан да әншінің шытырман өмірінің шиырынан адаспайды. Өзіне таныс тұрмыс пен өзіне етене ортаны әншіге қатысты оқиғалар дерегін суреттегенде қысылып-қымтырылмай, ойдан қиыстырмай, кең көсіліп, еркін сілтейді. Ана сүтімен сүйекке сіңген мәйекті тілмен майын тамыза баяндайды. Кітапты оқыған адам әнші Әсетпен жүздескендей әсерге бөленеді. Әсет арқылы сол заманның аласапыран арпалысымен де беттескендей болады.

Әсетті жазуға бала кезінен бірге өскен әнші досы Дәнеш Рақышевтің де әсері аз болмаса керек. Дәнешпен бірге Сайрам көлінің жағасында сайрандап өткізген бозбала күндері, Әсет жүрген жайлаулар Қызай елінің қызыққа толы көшпенді өмірі романның шынайылығын арттыруға үлкен ықпал еткендігі көрініп тұр.

Әсет – аса күрделі тұлға. Әншінің өмір деректері туралы да қайшы пікірлер бар. Әсетті зерттеу, ол жөнінде көркем шығармалар жазу күн өткен сайын соны соқпақтар тауып, жалғаса берері сөзсіз. Ал, Құрманбай Толыбаевтың басқалардан бір артық мүмкіншілігі – Әсетке қатысты деректер ізі көп суымай тұрғанда көкірегіне тоқып қалғандығы.

Әсеттің аруағы ең алдымен Дәнешке қарыздар. Әсет әндерінің түтінін үзбей, қоламтадан үрлеп қайта маздатып, туған жұртына табыстаған адам Дәнеш Рақышев болса, халық арасында шашылып жүрген ән сөздерінің біразын жинап, ретке келтірген адам Құрманбай Толыбаев екенін екінің бірі біле бермейді. Басқасын айтпағанда, бір ғана «Аңшының әні» сөзінің адасқан шумақтарын түгендеп, қайта тірілткенінің өзі неге тұрады. Мұны Дәнештің аузынан әлденеше естігеніміз бар.





Дәнеш аға мен Құрманбай аға тай-құлындай тебісіп өскен достар ғана емес, бір енеден туған егіз қозыдай еді. Екеуі де әкеден жалғыз. Мен білетін Құрекеннің досы да, туысы да Дәнеш болатын. Дәнеш марқұм Алматыға келсе, түсе салып Құрманбай досын іздейтін. Біз інілері екі ағаның айнымас, ажырамас достығы мен өнердегі әдемі әріптестігіне қайран қалушы едік. Дәнеш аға кеткелі Құрекенің де көңілі жапырағынан тоналған күзгі бақтай құлази бастады. Амал не, өмір заңы солай.

Ақын Құрманбай сазгер-әнші Дәнештің талай әндеріне сөз жазды. «Саясында алманың» секілді қазақ сөз өнерінің алтын қорына қосылған әндер – екеуінің ортақ рухани перзенттері.

Құрманбай Толыбаев сарыла ізденетін, тапқанын сарқа пайдаланатын, арғы-бергі тарихқа жүйрік, білім қоры мол жазушылар қатарына жатады. Мұны «Шалқар» газетінде Құрекен туралы мақаласында Мұзафар Әлімбаев та айтыпты. Құракен, әсіресе, шығыс әдебиетінің білгірі. Түркі тілдерін түсіне береді. Көптің қолы жете бермейтін көне кітаптардан ол кісінің оқымағаны кемде-кем. Жаны жайсаң жақсы ағаның қамқорлығына бөленіп, білім кенішіне кенелген көп шәкірттерінің бірі мен болым. Әлішер Науаидың «Ескендір қорғаны» дастанын аударуыма түрткі болған да, аудару үстінде көне шағатай тілінен жолма-жол аударма жасап, көмек көрсеткен де Құрекен еді. Кейде тіпті түсінбеген сөздерімнің мағынасын түн жарымында телефон шалып сұрап алып жүрдім. Сонда ерінбей, жалықпай, қабақ шытпай ұйқысынан оянатынын қалай ұмытарсыз?

Бұл күнде жетпістің жотасына шыққан қаламгер Құрманбай Толыбаевтың өмір тарихы небір тауқыметке толы. Әкесі Игілік Кеңес өкіметін өз қолымен орнатысқан, колхоз басқарған білікті азамат болған екен. Ашыққан елге қырманнан бидай таратқаны үшін «халық жауы» атанады. Ақыры басына қауіп төнген соң ауылын бастап, бір түнде арғы бетке өтеді. Құрекеннің жалғыз әпкесі Нұрбүбі шешейдің айтуына қарағанда сәби Құрманбай онда үш жас шамасында болса керек. Әлдеқандай күн туса



тым болмаса жалғыз ұлын аман алып өтуді ойлаған әке баласын арқасына таңып, сыртынан тон киіп алады. Онда барғанда да қатал тірлік маңдайынан сипамайды. Бірер жылдан кейін шешесі, соңынан әкесі дүние салады. Құрекенді өзінен бес-алты жас үлкен әпкесі Нұрбүбі жетелеп жүріп жеткізеді.

1955 жылы атамекенді аңсап, шекарадан бері аттайды. Бірақ атақоныстан орын тимейді. Қызыл өкімет кешегі «халық жауының» тұқымы, бөрінің бөлтірігіне сенсін бе? Кең байтақ Қазақстаннан жер жетпегендей Қырғызстанға асырады. Онда бірер жылдай жүріп, ежелгі ата-бабасының қонысы – Матай тауына, қазіргі Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ұжымшарына қайта көшіп келеді. Әпке-жездесі сол араға орын тепкен соң, өзі Алматыға оқуға аттанады. Жазушылықтың күре жолына тағдырдың осындай сүрлеу-соқпақтарына табанын тоздырып келіп түседі.

Көңіліне жаққан кісіге болмаса, мұндай сырын жазушы көп шешіліп айта бермейді. Құр сөзден қуырдақ қуырғаннан гөрі көркем ойдың кестесін қағаз бетіне мезгілінде түсіруді мұрат тұтады. Қазір жүрегіне біраз салмақ түскеніне қарамастан өндіре жазуда. Бұйырса, Дәнеш әнші жөніндегі көлемді шығармасын да аяқтап қалатын шығар.

Жасынан ұлттық санасы ояу отбасында тәрбиеленген, туған халқының бостандығы мен тұтастығы үшін түн ұйқысын төрт бөлген, сол үшін өз хал-қадерінше күресе білген жазушы Құрманбай Толыбаевтың жан дүниесіне үңілген адам оның асыл мұраттан айнымайтын, мынау мың құбылған заманда құбылуды білмейтін, түзу жүріп, тура өскен жомарт жүректің, маңғаз мінездің иесі екендігіне көз жеткізеді. Мұраттас, мұңдас, сырлас, тағдырлас інісі боп соңына ере жүріп, атадан жалғыз жігіттің сүйетіні туған халқы – қазағы, сүйенетіні қолындағы – қаламы ғана екендігіне өз басым имандай сенем.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,*

*1996 жыл*



## НҮКЕШ АҚЫН

Біздің қазақтың басынан қашан зар кеткен? Қазақтың тарихы да, тағдыры да, әні де, жыры да, күйі де зар. Құдай адамзатты жаратқанда қайғы-зарды тап бір қазақтың еншісіне әдейі белгілегендей. Арыға құлақ түрелік:

*Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Қарындастан айырылған жаман екен,  
Қара көзге мөлдіреп жас келеді.*

Беріге құлақ түрелік:

*Қайғы шығар ілімнен,  
Біза шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң,  
Зар шығады тілімнен.*

Міне, әулие Абайды да Қаратаудай күңіrentкен, ұққан жанның ішін иттей ұлытар ұлы зар – осы.

*Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты гой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп-жанады да.*

Мағжандай бағланның басын жұтқан, сай-сүйегінді сырқыратар, түбіне құрық бойламайтын зар-зындан бұл.

*Алатаудың басынан қар кетпейді,  
Төлеужанның басынан зар кетпейді.*





Қайғыруға хақың жоқ кешегі кеңес заманында Төлеужан Ысмайловтың аузынан шыққан, Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов, Әділбек Абайділданов қатарлы ағаларымның жүрегін сыздатқан зар тұманы. Сол марғасқалардың маңдайына ойда жоқта атқалы тұрған тәуелсіздік таңын көру жазылмағаны қандай өкінішті.

Қайтадан «Қаратаудың басынан» түсіп көрелік:

*Қаратаудың басынан көш келеді,  
Бір орысқа бір орыс дос келеді,  
Бір қазаққа бір қазақ өш келеді.*

Бір жағы қалжың болса да, бұл – біздің басымыздағы зар.

Байқап отырсыздар, әр заманның, әр ұрпақтың өз зары бар. Мезгілі басқа болғанымен, мазмұны бір. Қысқасы, қолына қалам алған жанның көлдей шалқып, қаздай қалқығаны некен-саяқ. Осыған қарағанда, өлең-жырдың түп атасы, тұңғыш анасы – ең алдымен мұң мен зар сияқты көрінеді де тұрады. Солай да шығар.

Енді алпыстың алтын тұғырына мініп, алдымызда мүшел мерекесін тойлап отырған, бір қарағанда қарны тоқ, қайғысы жоқ сияқты көрінетін Нүкеш ақынның соқтықпалы өмір соқпақтарына, өлеңінің сағынышқа толы өксікті сарындарына, мөлдіреп жас тұнған көңіл көзіне бір сәт үңілейікші:

*Сыздады менің жүрегім,  
Өсек-сөз тырнап жарасын.  
Сарғайып жүрген ұл едім,  
Сағынып айдай анасын.*

*Бір сезім құстай шуылдап,  
Жанымның түбін кернейді.*

Балапан көңіл шырылдап,  
Байырқау маған бермейді.

Жатқандай болып дүрбелең,  
Апыл да гүпұл күй кешітім.  
Сырымды, сірә, білмеген,  
Жаныма менің күймессің.

Тырнағы мұңның мұқалып,  
Тыншиды қашан құстарым?  
Боз тартқан сайын жұқарып,  
Асқына түсті-ау құштарым.

Міне, әншейінде көбімізге сезіле бермейтін оқшау тағдырлы Нүкеш ақынның жан дүниесін жегідей жеген сағыныш қасіреті осылай шымырлап басталады. Үйірінен адасқан жалғыз қаздай туған үйін, аяулы анасын, бір ұяның балапанындай бауырларын тастап, алмағайып заманда атамекенге сопа басы оралған жас ақын, «Ақында адамзатта дос болмайды, жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына» деп ұлы Мағжан айтқандай, қаламына ғана сенді, қаламына ғана сүйенді. Өйтпегенде қайтсін, отызыншы жылдардың дүрбелеңінде сонау Шұбартау өңірі, Бақанас өзені бойынан Қытай асқан Бәдіғұлдың Қытайда туып, алпысыншы жылдары әке тағдырын қайталап шекарадан бері аттаған ұлына иен-тегін еркіндік қайдан келсін? Әкеден балаға мұраға қалғандай бұралаң тағдыр Нүкеш ақынды да тауқыметті тірліктің сан бұлтарысына салып бақты. Аузыңа қақпақ, қаламға қарауыл қойған кеңес заманы кімнің құйрығына көзге көрінбейтін қоңырау байламады? Сол жылдары Нүкеш ақын да шынайы зарын сыртқа шығара алмады. Бүгежіктеп айтты, бүкпелеп сездірді. Әйтпесе жоғарыдағыдай:



*Сыздады менің жүрегім,  
Өсек-сөз тырнап жарасын.  
Сарғайып жүрген ұл едім,  
Сағынған айдай анасын, –*

деп булыға сөйлер ме еді?

Құдайға шүкір, жалпы қазақ ақындарының, әсіресе Нүкеш тағдырлас ақындардың бағы да, жағы да тәуелсіздіктің алтын қақпасымен бірге ашылды. Қараңызшы, Нүкеш жүрегі енді қалай аңырап тұрғанын:

*Үш қарындас, төрт іні – бауырларым,  
Қалғанын-ай шалғайда ауылдарың.  
Тағдырдың жастай көріп дауылдарын,  
Мезгілсіз ұялаған жаныңда мұң.*

*Күншуақ түсе ме деп кең өлкеден,  
Шыбықтай мойнын созған көлеңкеден.  
Ынтыққан жақсылыққа өмір бойы,  
Өзегін сағыныштың шөлі өртеген.*

Ақын ағытқан тоғандай екпіндеп сала берді емес пе?! Шіркін, бас бостандығы мен тіл бостандығына не жетсін?!

Бүгінде қазақтың қабырғалы ақындарының біріне айналған, оннан аса кітаптың авторы, «Алаш» сыйлығының иегері Нүкеш Бәдіғұлов атамекенге табаны тиген күннен бастап құлшына еңбек етті. Өлеңін жаза жүріп, колхозда кірпіш құйды, институтта оқыды, көп жылдар табан аудармай «Жетісу» газетінде жұмыс істеді. Одан Жазушылар одағына ауысты.

Газетте істеген жылдарында Нүкеш Бәдіғұлов ақын ғана емес, майталман журналист екендігін де танытты. Облыс еңбекшілері өмірінен жазған көптеген мақалалары мен очерктері өз оқырмандарын бей-жай қалдырмады. Әсіресе, атақты



шопан Мұқан Көккөзов жөнінде жазған деректі дүниесі әлі есімізде. Иә, өткен күндердің қайбір сорақы қылықтарын айттып тауысқандайсың, өкпеңді кімге айтқандайсың? Сол Мұқан Көккөзовтің сол тұста Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғандығын естігеніміз бар. Обалы кәне, төл алуға келгенде алдына жан салмайтын шопан деген атағы республикаға әйгілі болатын. Бірақ бақталастық пен қызғаншақтық не істетпейді қазаққа?.. Көрсеткіш жағынан Көккөзовті сүріндіре алмасын білген бәсекелестері «Ойбай, Көккөзов қытайдың шпионы екен, жартастың түбінде рациямен хабар беріп жатқанын көргендер бар...» деген лақапты таратады да жібереді. Енді Көккөзовке Мемлекеттік сыйлықтан аспандағы бұлт жуық, байтал түгіл бас қайғы болады. Көбіміз сеніп те қалдық. Бірақ «шпион шопан» әне ұсталады, міне ұсталады деп жүріп, ақыры ұсталмады. Әйтеуір сол тұста шекараның сыртынан келген қазақтың шапанының етегіне «шпион» деген атақ шоңайнадай жабыса кететін еді. Осындай қатерлі де қорқынышты дақпырт өрттей қаулап тұрған шақта «шпион шопаннан» үрікпей, тізгінін ірікпей, ол туралы кітап жазу журналистік батылдық қана емес, азаматтық ерлік болатын.

Нүкеш не жазса да шын жүрегімен, қайда істесе де шын пейілімен істеді. Өз ортасына сыйлы болды. Талайымыз дүбірге еліктеп, додаға кіріп кеткен айғай-шудан, дау-дамайдан бойын аулақ ұстады. Үлкенге іні, кішіге аға, алысқа жақын бола білді.

*Қазақпын берген баста атам үлгі,  
Көргем жоқ төмен санап қатарымды.  
Тұрсам да өзім тоңып, сен жылын деп,  
Үйренгем шешіп беріп шапанымды, –*

деп өзі айтқандай, адамдықтың алтын жұлдызынан адасқан жоқ. Сағынышын сарқа жүріп, болашаққа үмітін арта жүріп, атамекен – аяулы Қазақстанның:



*Атамекен, шулы өзен Бақанасым,  
Сағындырған сен де бір ата-анасың.  
Суың жұтып, ауаңмен тыныстамай,  
Қалай ғана бойыма батады асым?*

*Өзіңе сақтаған бір сырды ақтарып,  
Жадыраймын жаныма шуақ тауып.  
Күміс арқан секілді жатырсың сен,  
Қашағанға лақтырған шумақталып, –*

деп емірене жырлады. Жырлап қана қойған жоқ, қазақ өлеңінің қалы кілемінің бір шетіне өзінің айшықты өрнегін салды. Бақанас сияқты бұрала аққан өзенді қашағанға лақтырған күміс арқанға теңеуі қандай жарасымды.

Жүрегі атамекен деп соққан, бүйрегі туған жер деп бүлкілдеген Нүкеш ақынның тағдырын түсіну үшін:

*Аралап көрсең нанасың,  
Әлемде талай қызық бар.  
Бақыт пен сордың арасын  
Бөліп тұр қызыл сызықтар, –*

деп Қабдеш ағам күңіренгендей, Қазақстан шекарасының сыртында қалған қазақ халқының тұтас бір бөлігінің тағдырын түсіне білу керек. Іргелес мемлекеттерде жатқан қазақтар тағдырына бүгінгі шекаралық бөліктер тұрғысынан қарау – өз тарихыңды көпе-көрнеу тәрк ету, байырғы атамекеннің жат қолында қалған қасіретті пұшпағын мүлде ұмыту екендігін ескерген жөн.

Иә, әкесі Бәдіғұлдың алтын бесігі Бақанас өзенін алғаш көргенде өзегі өртене тебіренген Нүкеш ақын біраз жылдан соң:

*Жасымнан жалған сөйлеп үйренбегем,  
Сырлассаң сыр ашуга именбегем.*





*Қораштау көрінсем де жайшылықта,  
Үлкенмін ұлы елімді сүйгенде мен, –*

деп өзінің ақындық биігін айқындай түсті. Ақынның әр жылдарда шыққан жыр кітаптарын ой елегінен өткізе оқыған адам сырлы да мұңлы өлеңдердің ішкі әлеміне бойлай еніп, мың құбылған жалған дүниенің тұрлаусыздығына көз жеткізеді.

Нүкеш өлеңдері көбінесе ойға, оқиғаға құрылғандығымен де көңілге ұялайды. Ақын тіршілік құбылыстарын қалт жібермей өлең жолдарына түсіруге шебер. Әсіресе айналасындағы адамдардың жан дүниесіне жиі үңілігіш. Жұмыр басты пенде көңілінің сан саққа жүгіргіш сиқырлы сәулелері ақын жырларының жібек жіппен тіккен үзілмес өзегіндей әсер қалдырады.

*Бірде ренжіп, бірде мен көңілденем,  
Күнде шаттық әкелмес өмір деген.  
Ащы, тұщы аралас тағдыр кешпей,  
Ер жігітке жоқ екен жеңу деген.*

Жалпы Нүкеш шығармашылығын сөз еткенде оның талқысы көп өксікке толы өмірбаянына айналып соға беретіндігіміз тегіннен-тегін емес. «Ащы, тұщы аралас тағдыр кешкен» жанкешті ақын осынау азды-көпті ғұмырында талай азапты күндер мен түндерді басынан өткерді. Іштей мұжыған мұңлы сағыныш сарыны ақынның жырларынан да, толғау-дастандарынан да желдей есіп тұратындығы сондықтан.

Ақын өмірінің небір көңіл толқытар сәттеріне ойда жоқта куә болғаным бар. Әлі есімде, жетпісінші жылдардың ішінде кабинетіне кіріп барсам, Нүкең екі көзінен жас моншақтап, бір суретке тесіле қарап отыр екен. «Шешем ғой...» – деп суретті маған ұсынды да, өзі екі иығынан зіл қара тас басқандай үнсіз



шөгіп отырып қалды. Менің де көңілім босап, жан дүнием алай-түлей болып кетті. Сөйтсем артта қалған анасы мен бауырларынан 20 жылдан кейін әрең дегенде хат-хабар алып отырған сәтіне тап келіппін.

Мен Нүкеш ағамның тағдыр-талайына сол жолы әңгіме үстінде әбден қанықтым. Нүкеш бері өткеннен кейінгі соңында қалған туыстарының көрген қорлығын құдай басқа бермесін. Үлкен ұлы Қазақстанға қашқан шешені ағаш атқа мінгізіп, қалған бала-шағасымен жер аударады. Ұзақ жылдар құғын-сүргінге салады. Осының бәрі ақын жүрегінің жүгін ауырлата түсті. Егер Нүкеш жырларының мұңлы жанарынан мөлтілдеген жас көбірек шалынса, оған аса таңырқаудың қажеті жоқ.

Кейін екі ел арасындағы жағдай түзеліп, жол ашылаған сәтте алғашқылардың бірі болып құстай ұшты. Амал қанша, өмір бойы аңсаған анасын көруге тағдыр жазбады. Ана қабірінің жаңа түскен жас топырағына көз жасын төгумен тынды.

*Қанымды неге сордың, сары маса,  
Қан сормай қиындай ма халің аса?  
Қызыл шоқ бүйіріңнен көрініп тұр,  
Жарар-ау қанымдағы от қарымаса.*

*Жұлайын тұмсығыңды қан соратын,  
Қанымда бар еді, ей, қанша қақың?  
Отымды, қансорғыштар, ұрлағанмен,  
Кенімді қайтіп менің тауыса аласың?*

Маза бермей қанын сорған сары маса – сағыныш пен өзегін қызыл шоқтай қарыған шер-күйкке ақын жаны әлі шыдаумен келеді. Сары уайым – сары маса жанын сорғанмен талант нәрін сора алған жоқ. Қашанда қайраткерлік тұғырынан табанын тайдырмаған ақын қайғыға қасқая қарай отырып, халқының



жігерін жанып, қиялын қанаттандыратын өткір жырларды көптеп жазды. Еңбегі де бағаланды. Қазақ жырының тарлан-бозы Мұзафар Әлімбаев сынды ағаларының аузынан талай-талай жылы лебіздер естіді. Соның арқасында жабырқаған жаны қуаныш нұрына бөленіп, ақындық құлашын еркін сермеп, көңілі марқайған тұстары да аз болған жоқ.

*Туған жерге сан әулет келер-кетер,  
Жақсы-жаман талай іс елеңдетер.  
Қаңбақ-тағдыр дәуірдің желі қуған,  
Мына жалған сенен де, менен де өтер.*

*Бізгер қайтар,  
Қаулайды сағыныш-гүл,  
Сағынышсыз адамның халі мүшкіл.  
Келер біреу сол кезде және алқынып,  
Бінтық көңіл қанатын қағып ұшқыр! –*

деп өзі айтқандай, мынау бес күндік алдамшы жалған біздің де басымыздан тайып, ізім-ғайым жоғалар. Сонда жарық дүние аспанына ынтыға қанат қағып келген келшек жас ұрпақ Нүкештей нысаналы ақынның да өміршең жырларымен ыстық ықыласпен қауышар! Лайым соған жазсын.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
1996 жыл*





## ШЕКАРА БОЙЫ – ШЫТЫРМАН ТАҒДЫР (Т. Әлпейісовтің «Жоңғардың соңғы қашқыны» романы туралы)

Қазақ халқы өзінің тарихи жолында талай тар жол, тайғақ кешулерден өткені белгілі. Әсіресе өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың отызыншы жылдарына дейінгі аралықта көрген қорлығы мен тартқан тауқыметі XVII ғасырдағы құба қалмақ шапқан қырғыннан асып түспесе, кем соққан жоқ. Жерден шыққан жеті басты жалмауыздай кенеттен пайда болған Кеңес өкіметі ұлтымызды аз жылдың ішінде аздырып та, азайтып та жіберді. Халық қолындағы тіршілік тіреуі – төрт түлік малын түгел тартып алып, ашаршылыққа ұшыратты. Ашаршылық қазақ халқының миллиондаған адамын қынадай қырып қана қойған жоқ. Сонымен қатар халықтың жүрегіндегі ғасырлардан бері қордаланып, айрандай ұйып келе жатқан асыл сезімдерді де ірітіп кетті. Өйткені аштыққа шыдамаған ел бірінің етін бірі жеуге дейін барды. Мүшкіл халге түскен халық есеңгіреп, естен танды. Біздер қазір жоқтай беретін халқымыздың бойындағы ежелгі дегдарлық, бекзаттық, мәрттік қасиеттердің көбінен осы тұста айырылып қалдық. «Ораза-намаз тоқтықта, сәлден қалар боқтықта» дегеннің кебін киген елдің ар-ұяты ашылып, жалаңаштанып қалды. Әлі де сол жалаңаш қалыптамыз.

Солай десек те, ұлттық ой-санамыздың өрістеп, өсіп, өркениеттік өреге көтерілу дәстүрлі халықтық қалыпты сақтап қалуға деген азаматтық талпыныстардан айқын көрініс тапқан еді. Бұл талпыныстың табиғи даму барысы Алашорда сынды ұлттық-саяси қозғалысқа ұласып, өзінің болашақ көкжиегін көрсете бастаған болатын. Рухани ұйытқысы саналатын осынау ой ордасын ойрандау елдің ұлттық келбетін өзгертіп, басқа арнаға салып жіберудің төте жолы еді. Қазақ халқының



мәңгүрттенуінің түп-төркіні де сонда жатыр. Ал халықты туған жер, атамекенінен бездіріп, орнына бөгде жұрттарды айдап әкеліп қоныстандыру – тарихта сирек кездесетін құбылыс. Басқаны былай қойғанда, осы айтылған үш түрлі зобалаң ұлтымыздың басына бір кезеңде түсе қалуы таңғалдырады.

Кеңестік үстемдіктің осыншама аяр, аққаптал саясатының астары бүге-шігесіне дейін ашылды деуге әлі ерте леу. Өйткені бодандық заманның соңғы он-жиырма жылында тамақ тоқ, киім көк болғанына алданып, қолынан келсе қазіргі бостандықты кешегі бодандыққа қайта айырбастап жібергісі келіп жүргендер де жеткілікті. Бұл біздің ұлттық санамыздың қай деңгейде тұрғанын айқын көрсетсе керек.

Халқымыз бастан кешкен тар заманның тауқыметтері әдебиетімізде енді ғана шынайы көрініс таба бастады. Соның бір дәлелі – айтылмай келген шындықты шымырлатып шығарған жазушы Тұрсынғазы Әлпейісовтің «Жоңғардың соңғы қашқыны» атты романы («Жалын» баспасы, 1997 жыл). Жазушының жаңа шығармасын қолға алғанымызда ел тағдыры тәлкекке түскен зұлмат жылдардың шытырман шындықтарына көз жеткіздік. Оның өксікке толы өмірбаянынан да хабардар болғандықтан, аталмыш тақырыпқа тереңдеп баруы заңды екендігін де аңғардық. Романда жазушы өз ортасының шынайы тарихына құлындай кезінен қанып өскендіктен, 1930 жылдары Ұлы жүз суан жұртының басына түскен аласапыранды қолмен қойып, көзбен көргендей нанымды суреттейді. Себебі Тұрсынғазы да сол алапаттың жалынына шарпылып, қаршадайдан қанаты күйген ұрпақтың бірі.

Әкесі Кәмал бозбала шағында Кеңес өкіметінің қысымынан қашып арғы бетке асып, жетпістен асқан шағында жат топырақта көз жұмса, сол әкеден сәби күнінде айырылысып бері асты Тұрсынғазы. Қырық жыл бойы әке мен бала бір-бірін көруге зар болды. Ақыры тағдыр жазып, әке мен бала 1996 жылы кездесті де. Сол кездесудің себепшісі де, куәгері де болғаным бар.



1980 жылдың аяғын ала көршіміз Қытай елімен арадағы 30 жылдай сірескен шекара ашылып, екі жақта бөлініп қалған ағайын-туыстар қайта қауыша бастағанда алғашқылардың бірі болып сол жаққа барудың сәті маған да түсті. Жолға жинала бастаған күндердің бірінде бұрыннан сырлас досым, жазушы Тұрсынғазы өз өмірі туралы бір оқшау сыр шерткен еді.

1930 жылдары Қытай асып, шекаралық өңірлерде отырған бір қауым ел елуінші жылдардың ортасында атамекенге қайта үдере көшеді. Сол көшпен бірге бала Тұрсынғазы да оралады. Әскерлік міндетін өтеп ішкі жақта жүрген әкесі Қытайда қалып қояды. Тұрсынғазы атамекені Қазақстанда өседі, ержетеді. Білдей жазушы болады. Бірақ көңілден бір қаяу мұң кетпейді. Бір белдің астында сағыныш жасын селдетіп тірідей айырылған туған әкесі жүрсе, бір қыраттың астында әкесін көруге зар Тұрсынғазы жүреді. Әйтеуір ұзынқұлақтан әкесінің тірі екенін естиді. Сұрастыра жүріп әкесінің Үрімжі қаласының маңында тұратындығынан дерек алады. Тұрсынғазы осы жайларды айта келіп: «Сен енді сол елге кетіп барасың, әкең қасыңда жүр дегенмен, сенің де тағдырың мен шамалас, сондықтан осы жолы қайтсең де менің әкемді тауып, жолық. Қазақстандағы Тұрсынғазы деген ұлың аман. Көруге зар дегейсің. Мына шапанды иығына жап!» – деп толқып тоқтаған.

Мұндай сәлемді қалай жеткізбессің?! Сонымен шекара асып, бабамның басы жатқан туған жер, туысқан жұртты көріп, біраз күн аунап-қунап, мауқымды басқаннан кейін Үрімжі шаһарына тартып кеттім. Кәмал ақсақалды тауып, ұлының сәлемін жеткізу мақсатым еді. Үрімжіде әріптес ақын-жазушылармен кездесіп, дидарласқаннан кейін, оңаша бір отырыста осы жайды айтып, көмектесулерін сұрадым.

Ол тұс Кеңес өкіметінің әлі қаһарлы, екі ел арасындағы аңдысқан тоң-торыстың жиби қоймаған шағы еді. Кез келген қарым-қатынаста ызғар сезіліп тұратын. Әсіресе Кеңес елінен



барған зиялы қауым, ақын-жазушылардың өкілдеріне қытай жағғы қауіптен қарайтын. Ұзақ жылдар Қытайдың Кеңес Одағына қарсы жүргізген үгіт-насихаты өтіп кеткен ел қорғаншақ та үркек. Оның үстіне көп жыл әскери салада істеген адамды іздеуім тіпті күмән тудырса керек. Жаңағы ақын-жазушыларымның ешқайсысы белсеніп шыға қоятын емес. Қипақтап, қорғалақтай береді. Мен оларға ешқандай бөтен мақсатымның жоқ екендігін, бір-бірінен көз жазып, 40 жыл зар болған әке мен баланың сәлемін бір-біріне жеткізуім керек екендігін, осыдан келер бәле болса, басыммен жауап беретіндігімді айтып, ант-су ішіп, әлгілерді әрең икемге келтірдім. Сөйтіп, олар Кәмал ақсақалды тауып берді. Әңгімелестік, сырластық. Тұрсынғазының сәлемін жеткізіп, шапанын жаптым. Қартты қуанттым, жылаттым. Мені көріп, баласын көргендей қуанған қайран әке көкірегі бір кеңіп қалды. Мен аттанарда Кәкең баласына сәлемдеме бермек болып қамдана бастады. Мен ол кісіге: «Балаңа басқа ешқандай сәлемдеменің керегі жоқ, көп әуре болмаңыз. Онда бәрі де жетеді. Оған жетпей жүрген бір ғана нәрсе бар, ол – әке иісі. Сіз басыңыздағы теріңіз сіңген қалпағыңызды беріңіз, Тұрсынғазы өмірінде тұңғыш рет әке иісін иіскейтін болсын», – дедім. Жоғарыда айтқандай, кейін ол кісі Алматыға келіп, баласымен көрісіп, ел-жұртымен қауышты. Өлгені тіріліп, өшкені жанды. Арманы орындалған әке бірер жылдың алдында дүние салды. Тұрсынғазы отбасымен барып, топырақ салып қайтты. Ал мен әкелген қалпақ Тұрсынғазының төрінде Құранмен бірге ілулі тұр...

Міне, біз шығармасын сөз еткелі отырған жазушы Тұрсынғазы Әлпейісовтің тағдыры осындай. Жүректі сыздатар бір ғана оқиғадан бүкіл қазақ өмірінің кеңестік отаршылдық кезіндегі қыруар шындығын көруге болады.

Бізде қызыл империя кезінде қалыптасқан, санамыздан айырылмай келе жатқан бір теріс түсінік бар: ол – он алтыдан бастап,



отызыншы жылдар аралығында қызыл қырғыннан қашып, шетке ауа көшкен қазақтардың барлығы Кеңес өкіметіне қарсы болған бай-бағландар, алашордашылар дейтін ұғым. Кеткендердің басым көпшілігі солар болғаны рас та шығар. Ал оларды Отанға опасыздық, сатқындық жасады деуге дейін барып, халыққа кері ұғындырып келді. Көп адамдар күні бүгінге дейін сол солақай түсініктің шылауынан шыға алмай, орыс отаршылдары қаңғыртып жіберген қандас бауырларын жат санап, жауға балап жүр. Қарнын кім тойғызса, соның табанын жалайтын, ұлт деген ұғым санасынан сөніп кеткен шолақ белсенділердің жөні бір басқа. Бойында қазақ қаны тулап тұрған, ұлт тұтастығын ұлы мұрат тұтып жүрген арлы азаматтарға мұндай ұғымды малдану ұят. Туған елдің тәуелсіздігін қорғайтын Алаштың әрбір азаматына отаршылдардың ойды улап, бойға сіңірген кеселді наным-сенімдерінен арылатын уақыт жетті. Тұрсынғазы Әлпейісов осындай үлкен ойларға жетелеп, халқымызды рухани тазаруға шақырады.

Шығармада Жаркент өлкесін мекен еткен суан елінің екі айырылып, ақ пен қызыл болып жан алысқан жылдардағы алмағайып тағдырлары оқырманын сан қилы ойға қалдырады. Сай сағалап, су жағалап, бейбіт өмір сүріп жатқан қазақ ауылына бүйірден келіп бүйідей тиген жаттың жаугершілігі елді торғайдай тоздырады. Бүкіл Ресейде ту алып төске өрлеген, жолындағыны аяусыз жаншып, жапырып келе жатқан қызыл үстемдіктің өз өлкесіне де орнамай қоймайтынын түбегейлі түсінген суанның болысы Мұқа елді қытай шебіне көшіріп әкетуге әрекеттенеді. Жайылып жатқан жалпақ ел оның айтқанына көніп, айдағанына жүре қоймайды. Мұқаның да мақсаты белгілі. Өзінің енді бұл жерде табан тіреп, тиянақ тауып тұра алмайтынын білгендіктен, елін тайлы-таяғын қалдырмай ала кетуге бел байлайды. Ал «Көшпейміз, атамекеннен ауа жайылмаймыз» дегендер мен болыс арасындағы бір үзік сөз сайысы былай өрбиді.





Мұқа:

– Менің ойлағаным қарақан басымның, қатын-баламның уайымы ма екен? «Қызыл» деген қызылкөз бәле шықпады ма осы кезде. Қыл аяғы қойныңдағы некелі қатыныңа дейін тартып алып отырса, енді қайт дейсің маған?! Қатынға бір ауыз сөзден қалсаң, тартып алды деген сол емей немене? Алғаш осы өңірге тулақтай ғана жер сұрай келген қаңғыбас орыстар осы күні Байтүгей, Тоқарыстанның балаларын құл орнына жұмсап отырғанын сен неге білмейсің?! Мен көшсем суанымның қамын ойлап көшіп отырғаным жоқ па?! Мен көшсем ежелгі ата-бабамның жеріне көшіп отырғаным жоқ па?! Албан, суанды былай қойғанда, Семей, Өскеменнің арғын, найманы, теріскейдің қалың жалайыры, оны аз десең, Сыр бойындағы қалың қазақ дүркіреп ат тұяғы жетер жерге кетіп жатқанын сен неге естімейсің?! – дейді.

Оразбай:

– Әй, Мұқа, көшетін болсаң, өзің көш! Туған жеріңді тастап қайда барып табан тіремексің?! Құлжаға дейінгі Іленің екі жағы албан, суанның жері болғаны рас. Бірақ осыдан қырық-елу жыл бұрын Қараменде Шәнти би бастап, Қорғастан бері өтіп, Ресейдің қарамағына кіргеніңді неге ұмытасың? Мен тірі тұрғанда бұл ауылдан ешкім ешқайда қозғалмайды! – деп кесіп тастайды.

Осы тайталас бір ғана Жаркент өлкесіндегі суан елін ғана емес, бүкіл қазақ даласын шарпыды. Амалы қалмаған қалың ел ұрпақты аман сақтауды ойлап, атамекендерінен қотарыла көшуге мәжбүр болды. Ал Кеңес өкіметінің даңғазасаясатына сенгендер мал-мүліктерін ортаға тапсырып беріп, өздері тақыр жерге отырып қалды. Ақыры 1932 жылдың ашаршылығына ұшырап, қынадай қырылды. Жан сауғалап шекара асуға да шамалары келмей, қара жолдың бойында ит пен құсқа жем болып жатты. Шекара бұзып шет елге кеткен қазақтар болса жат жер-



де жалтаңкөзденіп, талай тауқыметті тартса да ұрпақ өсіріп, елдік қалпын, қазақтық салтын сақтап қалды. Тілінен де, ділінен де айырылған жоқ. Бошалап кетіп, боталап қайтып, кең-байтақ қазақ даласының қойнын толтырып, ежелгі құт-берекесін қайта қалпына келтіруге мол үлестерін қосқаны даусыз.

Романның бас кейіпкері Қажыбектің тағдыр-талайы да зұлмат жылдардағы әр қазақтың бастан кешкен қиямет-қайым өмірімен өзектес. Әкесі Оразбай бір елдің бетке ұстаған бесік балтыр балуаны еді. Қоныс сұрап қаңғырып келген Афанас деген орыс аз жылдың ішінде көтеріліп алғаннан кейін, ақ пен қызылдың үркін-қорқынына түскен қазақтарды жолшыбай ұстап алып, бір шыбықпен айдайды. Осы қорлыққа шыдамаған Оразбай Афанасқа барып, жөнін айтып: «Қазақтарды босат», – десе, биті семірген томаға көз неме: «Менің ұлдарыммен күрес, соларды жықсаң ғана босатамын», – деп кергиді. Аты аймаққа мәлім балуан қартайғанына қарамай Афанастың қарулы жас ұлымен күресе кетеді. Аруақты Оразбай еңгезердей орыстың қабырғасын күйрете жығып, бейбақтардың басына бостандық әпереді. Бірақ осы күресте өзінің де миына қан құйылып, қапыда қаза табады.

Бұл тұс – Қажыбектің азамат болып, ат жалын тартып мінген кезі. Қаңғып келіп өздерінен пана тапқан жалғыз үй орыстың мына мазағына қорланып, әке кегін қуады. Афанасты өлтіріп, бір ұлын ауыр соққыға жығады. Жаркентте жаңа құрылып жатқан Кеңес өкіметі Қажыбекті ұстап, түрмеге жабады. Осы өлкенің бір қауым атқамінер азаматтары – ел ағалары да қамауда жатқан болатын. Оларды түрмеден атаман Дутовтың көмегімен Мұқа болыс құтқарады. Қажыбек те бірге шығады. Міне, осы сәттен бастап Қажыбектің жолы Мұқа болыс және оның айналасындағы атқамінерлермен түйіседі. Ал Кеңес өкіметі орнайтын елде Мұқа болыс сияқты бай-бағлан, молда-қожалардың өмір сүруіне орын қалмаған еді. Қапияда

қиылысқан Қажыбектің де енді бұл елде табан тіреп, тиянақ табуы неғайбылға айналады. Оның үстіне Қажыбек ақылына көркі сай Бикен сұлуды сүйеді. Әкесі Бикенді жас күнінде атастырған Сұлтанғазыға келіп сөйлеседі. Бірақ екеуі тіл табыса алмай тарқасады. Кеңес өкіметінің өкілінің қалыңдығын тартып алып, қасқайып жүре беретін құдірет Қажыбекте қайдан болсын? Бикенді алып қашып, Матайдағы нағашыларына апарып жасырады. Кейін Қытай шегіне өткізіп әкетпекші болып әкеле жатқанда соңына Сұлтанғазы бастаған қызыл әскердің қуғыншысы түседі. Арада атыс болып, Қажыбек Сұлтанғазыны атып өлтіреді. Қажыбектен адасып қалған Бикен құтылып кете алмайды. Қолды болады. Бұл олардың ақтық айырылысуы екен. Бір-біріне қайта қосыла алмайды. Қажыбек сол беті Қытай асып кетеді. Көп өтпей атаман Дутовтың әскері мен Мұқанның қолы күш біріктіріп, Жаркентке қайта шабуыл жасайды. Бірақ қаптаған қызылдың қалың әскеріне төтеп бере алмай, Қытайға қайта қашады. Әрине, бұл қосынның ішінде Қажыбек те бар. Оның бар арманы – Бикенді тауып, алып кету еді. Сәті түспейді. Ақыры бар өмірі жат топырақта өкінішпен өтеді. Махаббат сағынышы, туған жер мен өскен ел қасіреті – бәрі-бәрі Қажыбек жүрегін жегі құрттай жеп тауысады.

Шығармаға өріс болған осы шытырман оқиғалар кейіпкерлер қақтығысы арқылы табиғи арна тауып отырады. Автор жасанды қисынға қарай тартпайды. Өмір өз бояуымен көрініс беріп, суреттеліп отырған дәуірдің көкжиегін бұлдыратпай, айқын көрсетеді. Өзекті оқиғалардың терең иірімі де айдындағы адасқан адамдарды уысынан шығармай, тұңғыыққа бойлата түседі. Шалғай шекара бойында туып-өскен қазақтың қарапайым, бейкүнә азаматының қысқа ғұмырын осынша асулардан асырып, өмірін қасіретпен тәмамдатқан қандай тауқымет? Мойнына қанды қарыз арқалап, әкесінің басы жатқан туған өлкені тастап, қырғын көріп, Қытай асуына



не себеп? Шығарма, міне, осындай кенеулі мәселелерге жауап іздейді.

Романда Қажыбектен басқа Мұқа болыс, Жұмабек, Мұқай батыр сияқты көптеген кейіпкерлердің көркем бейнелері де сомдалған. Бұл кейіпкерлердің әлеуметтік орны мен өмірге көзқарастары әр түрлі болса да, олардың кейіпкерлік келбеті кесек-кесек. Әсіресе Жұмабек, Мұқай батырлар жаумен соғысса бір төбеге ие, жортуылда жолдасын жауға бермейтін қазақтың жырынды да жайсаң жігіттерін еске салып, қызықтыра түседі. Өздері отқа да, суға да түсіп жүріп, жарлы-жақыбай, жетім-жесірге қылдай қиянаты жоқ. Қайта бұлар бардан алып, жоққа беріп, жарлыны жарылқай жүреді. Шығарма шоқтығын осы кейіпкерлер де биіктете түскендей.

Шығарманың айрықша бір көркемдік жетістігі – тіл тазалығы. Жазушы нені бейнелесе де қылаудай қысыр сөз қоспай, ойлы да орамды тілмен жеткізеді. Әр кейіпкер өзінше ойлап, өзінше сөйлейді. Би, ауыл ақсақалы, батыр, балуан, тағы басқалар болсын көсемсіген көпірме сөзге бармайды. Ой өріміндегі салмақтылық, сабырлылық, жазу мәнеріндегі өзгеге ұқсамайтын өзіндік өрнек шеберлік куәсіндей. Оқырман шекара бойындағы шытырман тағдырлардың көпке белгісіз қияметті көріністерімен толқи жүздесіп, шынайы тебіренеді. Жазушы мұраты да осында!

*«Қазақ әдебиеті» газеті,*

*26 маусым, 1998 жыл*





## ТАЛАНТ ТАБИҒАТЫМЕН ТАМАША

Асқар таудай ағаларымыздың да, қара ормандай қатарымыздың да, тіпті соңымыздан желкілдеп өсіп келе жатқан інілеріміздің де біразы бұл дүниеден озыпты. Енді олардың мәңгі жас жырларымен ғана жүздесіп, жүрекке сәуле түсірген сонау сағымды жылдарды сағына еске аламыз. Өткендер елесіне зар болған сайын қасыңда жүрген жандардың қадір-қасиетін терең сезіне бастайды екенсің. Кім білсін, «жер ортасы – Көктөбеге» шығып қалғандығымыздан да болар.

1969 жылы біздер оқуға келгенде алдымызда бір шоғыр жас жігіттер университетті жаңа бітіріп, республикалық газет-журналдарда жұмыс істей бастады. Арамыз онша алшақ болмаса да, алғашқы өлеңдеріміз алдарынан өткендіктен оларды аға тұтұшы едік. Әсіресе ол тұста «Жалын», «Лениншіл жас», «Қазақстан пионерінде» істеген Оралхан, Сағат, Жарасқан, Нұрландардың қамқорлығын көргенімізді әрдайым айтып жүрміз.

Алдыңғы толқынның қарасына ілесе, олардың аяқ алыстарын қалт жібермей қадағалап отыру – кейінгі толқынға тән ғадет. Біз бұл күнде қабырғалы ақындарымыздың біріне айналған Нұрлан Оразалин жырларының табиғатын ерте танып, ішкі-сыртқы әлеміне етене бауыр бассақ, сол бір жұлдызды жылдардың әсері. Нұрланның сол кезеңдегі сырлы да сазды жырлары жанымызға жақын еді. Ой ағысы, сезім толқынындағы тазалық тәнті ететін. Кейіннен Нұрлан ақын драматургия ауылына бет бұрды, қоғамдық жұмыстарға араласты. Өткен жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Құралайдың салқыны» атты кітабы араға жылдар салып барып қолымызға тиді. Ақын жырларын жариялауға асықпаған. Есесіне ондаған жылдар бойы іштей буырқанып, жыр көрігінің қызыл шоғын маздата үрлеуден тынбаған. «Құралайдың салқынына» енген өлеңдер мен «Қарақазан ғасыр» атты драмалық дастан – заман тудырған,



өмірдің отты өзегінен жарып шыққан шынайы да шабытты туындылар. Нұрлан өлеңдеріндегі мінез байыптылығы, бетінен қалқымай, беталды шалқымай, ағыстың астымен шымырлап сырғу, ой тереңіне сынаптай сүңгу – ілуде біреуге ғана бітетін бірегейлік.

*Медеу сайы...*

*Талықсып құз бұлағы...*

*Сам жанды да аспаннан сыз құлады.*

*Сағат тілі секілді сырт-сырт етіп,*

*Бір жыр менің жанымды сызғылады.*

Нұрлан да сіріңкенің сырт еткенінен алдағы жанатын оттың ауқымын көзге елестетіп, бүкіл дүние тынысын тани алатын әсершіл ақын. Қуаныш пен күдігі егіз мынау опасыз жалғанға ақын көңілі сергек қарайды. Шабыт құшағындағы әр мезеті – төгіліп тұрған өлең. «Сағаттың тілі секілді сыртылдап, ақын жанын сызғылаған жыр» – аса сезімталдықтан туған сәтті жолдар. Мұндай маржандар жинақтың өн бойынан молдап кездеседі. Шебер ақынға көз алдында тұрған шегені де өлең етіп, одан ой өзегін өріп шығу онша қиын емес. Дегенмен, ондай жыр жолдарының ішінде жылтылдап жасандылықтың шоғы жүретіні тағы бар. Нұрлан өлеңдері одан ада.

*Түн қараңғы.*

*Түндей көңіл қараңғы,*

*Мұң-көкбөрі...*

*Ашатындай аранды.*

*Аспан толы мың-мың жұлдыз – мың аруақ,*

*Бір жетім ой қаситындай жарамды.*

*Қараңғыға ұмтылады неге ойым?*

*Қамықтың деп кімді қалай сөгейін?*



*Беу, көк аспан, аруақтардың мекені,  
Тіл қатшы бір, тірілерге не дейін?*

*Таба алмастан жанның асау бір емін,  
Тірелгендей тұйыққа кеп жүрегім.  
Сендер қалай?  
Жердегі жұрт шаршады,  
Білмей ертең қалай өмір сүрерін.*

Нұрланның ой көзі де заңғар биіктегі осы бір алтын қазықтың ұшын ертерек шалыпты. «Жердегі жұрт шаршады, білмей ертең қалай өмір сүрерін» деп ақын ғаламшардағы адамзаттың XX ғасыр соңындағы тауқыметті тіршілігіне ғарышпен тілдесе отырып, қабырғасы қайысады.

Кітапқа алғы сөз жазған заманымыздың ұлы жазушысы Ш. Айтматов пікірі де қазақ поэзиясына соңғы жылдары қосылған бір асыл қазынаның сүйіншісіндей қуанышқа бөлейді. Әдетте әр түрлі жағдаймен алғы сөздер жазылып жатады. Кейбір дүниелер алғы сөз авторларының атағының қанжығасына байланып, жалаң мадақтың құрбанына айналып кететінін де жасыра алмаймыз. Мына кітаптың көркемдік келбеті Шыңғыстай жазушының ағалық ақ тілегіне әдемі орайласқаны көңілге ілтипат ұялатады.

Жинаққа топтасқан жырлар өзара іштей үндестігімен де ұнамды. Толғаныс, тебіреністерде тыныс кеңітетін тұтастық бар. «Құралайдың салқыны» деген аты да іргелі шығарманың шарайнадай төңкеріліп тұрған сәулелі қырларынан хабар бергендей. Ақын өмірдің сыртқы суреттерін қызықтаудан гөрі өз жүрегіне көбірек үңілуге, сол арқылы бүкіл тіршілік көкірегінің қуаныш-қайғысын жыр жолдарына түсіруге құштар. Талант даралығы деп осыны айтар болар.

Нұрлан ақын тек өзіндік туа біткен табиғатымен тамаша көрінеді. Көбінесе тереңнен қозғап, сыр түбіндегі тұнық



ойды аялап тербетеді. Қайғырса да, қуанса да жырдың жібек орамалының көркем кестесін құлпырта түседі. Қайсы өлеңін оқысаңыз да әуені мен мәнерінен жаңылмай, өнердің көсегесін көтеруге талпынған ақын қаламының айшықты ізін танысың.

*Көңілдерде жаңылып ән ырғағы,  
Қан да салқын тартқандай тамырдағы.  
Қан жылады жүрегім...  
Үсік ұрған  
Табиғатты көргенде мамырдағы.*

*Қатал қандай,  
Апыр-ай, аспан мына?..  
(Бір алапат ішімде басталды ма?!)  
Шие ағаштың бүртігі бүрісіп тұр,  
Ұқсап анық тұл жетім – тастандыға...*

Күнделікті тіршілікте, қызмет бабында салиқалы, салмақты, іскер көрінетін жігіттің жырмен бетпе-бет келгендегі жанның нәзіктігі ақындық табиғаттың мөлдір тамшысындай дірілдейді.

Ақынның қарапайым өмірдегі болмысы мен шабытты шақтағы жан дүниесі мүлде екі басқа.

*Бір бойымда екі адам тіреседі,  
Біріншісі өртеніп, жыр еседі.  
Екіншісі жасырып өз сезімін,  
Ел алдында «кісімсіп», сіреседі.*

*Алғашқының сезімі бұлақтайын,  
Асып-тасып жатады құлап дәйім.  
Ал екінші?  
Ұстамды шамадан тыс,  
Қара көрік кеудесі – сұрақ дәйім.*







Осы арада өнер алдында өтірік айтып көлгірси алмайтын, ағынан жарылған ақын жүрегіне риза боласыз. Шынында да, бұл ақиқатты Нұрлан көңіл қатпарында бүгіп қалса, оның жыр жалауы биікте бұлай желбіремес еді. Әрине, өлең бітімінен асыққа құйған қорғасындай құйылып түскен көркемдік айшық онша көзге ұрмаса да, күйкі пендешіліктің парасат құдіреті алдында тізе бүккеніне шүбәсіз сенесіз. Сенесіз де өнер ләззатын терең сезінесіз.

Нұрлан туындыларындағы тағы бір тосын мінез – өзі туған ортасын емірене, тебірене өзгеше толғауында. Ақын тақырып іздеп, ауа жайылмайды. Төңірегі тұнған сыр мен жыр. Қысылып, қымтырылмайды. Еркін көсіледі.

*Ойға мені қыркүйек батырады,  
Қайың қыздың ұшады жапырағы.  
Қарақазан тірлікті ұмыттырып,  
Қаз-тырнаның дауысы шақырады.*

*Шақырады ойымды, ән, мұңымды,  
Тербетіп бір баяғы балғын үнді.  
«Қазан ұрып, қараша, желтоқсан кеп,  
Қар басады қайтадан шалғыныңды...»*

Әр жырлаған сайын жарқылдап әр қырынан елес беретін сиқырлы дүние-ай! Нұрлан ақын да соны қатты сезінеді. Сайып келгенде, ақынға ешқандай эпитеттің керегі жоқ. Ақын екен деген сөздің өзі жетіп жатыр. Нұрлан Оразалин – ақын. Бізге қымбаты да – сол!

«Қарақазан ғасыр» драмалық дастаны туралы арнайы тоқталған абзал. Ақынның драмалық шығармаларға ертерек ойысып, жинақтаған тәжірибесі үлкен дүниеге діңгек болғаны байқалады. Ақын XX ғасырдағы халық басынан өткен



зобалаңға үкім айта отырып, арқалы ойларға құлаш ұрады. Кейіпкерлердің жан толқытар тағдырлары, жүрек дауыстары терең ойға батырады. Шығарманың шиыршық атқан сезім, ой шарпысулары, ақ пен қараның мәңгілік тартысы мен арман-үміттің өмір талқысындағы талпыныстары ақындық қуаттың куәсіндей.

Дастандағы ой батылдығы, қиыннан қиысқан көркемдік тапқырлықтар оқырманын ынтықтыра түседі.

*Аспан, дала кең дейді,  
Қоғалы жер көл дейді,  
Көл, сулы жер – құйқалы,  
Көл жағалай ел дейді.  
Ел ішінде бір атты,  
Ел тірегі бел дейді.  
Көл төсінде бір аққу,  
Қалқып ұшып көлбейді.  
Аққу төгіп зар-мұңын,  
Сағыныштан шөлдейді,  
Ел сыйлаған арлының  
Асыл сөзі өлмейді.*

Сонау халықтық алтын бастаулардан Мұқағали ағасынша сусындаған Нұрлан ақын осылай толғайды. Дастандағы Едігенің қаралы хабарды естірту күйі – бұл. Міне, бұл – Нұрлан өзі айтқандай, «асыл сөздің өлмейтіндігінің» бір белгісі.

Мына заманда талант тұлпарын тасырқатпай өрге шапқан ақындарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Нұрлан тәріздес тұлғалы ақындарымыздың қатары сиремесе екен деп тілеймін. Себебі өнер жүгі – ауыр жүк. Оған нардың қайраты, батырдың айбаты қажет.



*Құралайдың салқыны далада жүр,  
Құралайдың салқыны санада жүр, –*

дейді Нұрлан ақын.

Екі жолдың астарында екі ғасыр аралығындағы ұрпақ үні жатыр.

*«Заман-Қазақстан» газеті,  
4 желтоқсан, 1998 жыл*



## ҚАЙРАН, ЖӘНІБЕК!..

Ән өнерінің сонау Біржан, Әсет, Әміре, Үкілі Ыбырай, Ақан, кешегі Жүсіпбек, Манарбек, Дәнеш, Ғарифолла, Кенендермен жалғасқан ұлы көшінің соңғы бір тұлпар текті ақ бестісінің ажал оғына ұшқанына да бес жылдан асып барады екен. Жәнібектің өлімі екінің бірінен, егіздің сыңарынан айырғандай өнер қабырғасын ойсыратып кетті. Қайрат сопайып жалғыз қалды. Соңындағы ізбасары Бекболат ағасын жоқтап аңырап жүр. Әрине, ел бар жерде өнер өлмейді, ұрпақ үзілмейді. Бірақ Жәнібектің орны бөлек еді. Ол – қазақтың ұлттық ән өнерін ХХ ғасыр аяғында төнген қатерден бозторғайдай шырылдап жүріп, аман алып қалған бірен-саран таланттардың бірегейі.

Жәнібек Абай әндерінің мөлдір тұнығынан сусындаған, Жүсіпбектей ұлы ұстаздың туған ұлындай болған қайталанбас тұлға еді. Әншілігін былай қойғанда, төкпе шешендігі мен асқан зерделілігі таңғалдыратын. Жәнібектің репертуарында мен білгенде 300-дей ән болатын. Алайда сол әндердің басым дерлігі таспаға түспей қалды. Кезінде биліктің мама ағашына ат байлаушылардың ішінде оны қақпайлаушылар да болды. Солардың да зияны тиді ме, кім білсін? Амал не, сол бозымдар Жәнібекке ғана емес, жалпы ұлттық мұраның тамырына балта шауып, қиянат жасағандарын сезбейді-ау!..

*Бізге тағдыр әуелден жақсыларды қизан ба,  
Артық бақыт қазақтың маңдайына сыйған ба?  
Жәнібегім, қайтейін, жетпеуші еді бір саған  
Жүзден озған жүйрікті мыңнан таңдап жиганда!*

*Аз гұмырда көп болды арқалаған азабың,  
Сен мерт болып, деп не едім қаралы өлең жазамын.  
Бозторғайдай шырылдап шығушы едің аспанға,  
Екі өкпесін зар қысып, еңіресе қазағың.*



Өлді деуге өзіңді қалайша мен сенемін,  
Біле алмадым жалт етіп сөнген оттың себебін.  
Әнге салсаң шырқатып – тасқындаған дария,  
Қара сөзге келгенде таудан аққан сел едің.

Арғы бабаң – аруақты ән мен жырдың атасы,  
Боздап туған сен едің аруананың ботасы.  
Сенің даусың шыққанда кетуші еді асқақтап  
Алатаудың арқасы, Шыңғыстаудың жотасы.

Ағып түстің жұлдыздай жанымдағы, жарығым,  
Қара пышақ қақ тілді жүрегімнің жарымын.  
Жылағанмен жібір ме басыңдағы қара тас,  
Жұтап қалдым әп-сәтте, енді кімге жарыдым?! –

деп жазған едім дос қазасынан соң. Егер тірі болса, Жәнібек алдағы жылы елуге келетін еді. Тағдыр оған өз тойын тойлауға жазбаған екен. Алайда туған халқы барда Жәнібектей ұлы әншінің аты өшпек емес. Соңында қалған ән-мұрасы мен домбырасын көздің қарашығындай сақтап, келер күндерге табыс ету – бүгінгі тірі жүрген біздердің парызымыз.

Жәнібек сынды жұлдыздарымызды жоғалтып алмайық, жамағат!

**«Қазақ әдебиеті» газеті,**  
25 желтоқсан, 1998 жыл





## КӨК ШАПАНДЫ, КӨТЕК АРБАЛЫ КЕРІМ

Таяуда Қытайда тұратын бір таныс қаламгерден хат алдым. Хатында өзінің көңіліне сыймайтын бір келеңсіз жайды маған құлақ қағыс етіпті. Амандық-саулықтан соң былай дейді: «...Қазақстанға осыдан төрт-бес жыл бұрын бізден Керім Елемес деген кетіп еді. Естуімізше, бара сала Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданыпты. Ондағы ағайындар қолдап-қолпаштап үй беріпті дейді. Президенттік стипендияға да ілініпті. Өлеңдері де газет-журналдарда бұрқырап шығып жатқан сыңайлы. Алдыңғы жылы «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» оралман ақындар арасында мүшәйра ұйымдастырып, бәйге де берген көрінеді. Алсын, болсын, толсын! «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озғаны» – қашанда қазаққа қуаныш. Атажұртқа оралған әрбір қазақ шынайы махаббатпен тебіреніп, ақ көңілмен еміреніп, білекке – білек, тілекке – тілек, жүрекке – жүрек қосып жатса, бұл жалғанда ата-бабаның арманының орындалғаны емей немене!

Орайы келіп, елге оралған туыстардың атажұртта жұлдыздарының жоғары тұруы – бізге де мәртебе, медеу. Алайда, Керім Елеместің мұндағы жұрттың бетіне шіркеу келтіріп, онда «бір қарын майды шіріткен бір құмалақша» бүлдіріп жүргені қынжылтады. Керімнің келеңсіздігінен сырттағы біздер ұялып, жерге қарап отырмыз. «Құр айғай бақырған құлаққа ән бе екен» дегенді еске түсіріп, теледидардан өлең оқығанда өңешін өлермендене созып, жер тепкілеп айғайлайтынын қойшы. Сөзінде мән-мағына жоқ. Қайдан мағына болсын «аңсап» барған атажұртына жүректен шыққан жарты ауыз шынайы жылы сөзін қимаған шіркінде? Осы, бүксітіп, бықсытып жүрген Керімнен байқаңыздар! «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан» болғанға не жетсін?! Бірақ сырттан барғанның бәрі сұлтан емес екендігін бірде болмаса



бірде ескермесеңіздер Керім Елеместер әдебиетті алатайдай бүлдірері анық. Сенбесеңіз, мына мен жіберіп отырған, 1992 жылы Шыңжаң Халық баспасынан «Замана жыры» деген атпен Қытай коммунистік партиясының жетпіс жылдығына арналған жинақтың 309-бетіндегі Керім Елемесұлының «**Партиям тілім-ділімде**», «Егемен Қазақстанның» 1994 жылғы 17 желтоқсандағы газеттің жетпіс бес жылдығына арналған мерекелік санында жарияланған «**Сен ғана**», «Қазақ елінің» 1997 жылғы 23 мамырдағы санындағы «**Менің Қазақстаным**» атты үш өлеңін салыстырып оқыңыз, Керімнің шынайы кейпінің қандай екеніне көзіңіз жетеді. Өйткені алыста жатқан біздер атажұртта шығатын газет-журналдарды келген-кеткендерден болса да ара-тұра алдырып оқып тұрамыз. Басқасын айтпай-ақ қояйын...»

Мен араб әрпімен басылған Қытай мемлекетінің қызыл туы түстес қалың кітаптың 309-бетін асыға ашып, өлеңді оқи бастадым:

### **Партиям тілім-ділімде**

*О, жарық жалған!  
Мойныңды сәл бұр,  
Төр менде,  
Егейім-елім!  
Жендетерге енді жерленбе.  
Қақ жарып түнді,  
Самұрық-жүрек сарнап тұр,  
Кешегі шерлі  
Тілі бар тілсіз шерменде.*

*Сарнап тұр әне,  
Миллиардтардың тілінде,*



Ақ алмас-арым –  
Партиям тілім-ділімде.  
Жауларым менің,  
Ділімді бұзып,  
Тілімді кеспей жерге енсін...  
Шығыста шырқап,  
Ақ жарық, мәңгі күлімде!

Күлімде мәңгі!  
Жау жасып жалт-жұлт қарасын.  
Әніңмен асқақ  
Жер-ана жазсын жарасын.  
Мерейтойыңда  
Мезгілдің күйі шертіліп,  
Ақиқат – аққу  
Ақ қанаттарын тарасын.

Сілкініп жылдар,  
Бұлқынып жылдар аққанда,  
Арыңа сенің  
Арсыздар күйе жаққанда,  
Жексұрындардың  
Жөргегінде үнін өшіріп,  
Миллиард шырқар  
Айналдың шексіз мақтанға.

Ғасырдың бұла  
Қойнауларында сан қатпар  
Іздерің қалды...  
Мағынам менің мандаттар!  
ЖИЫРМА БЕС МЫҢ ЛИ,  
ӨШПЕЙТІН МӘҢГІ ТАРИХ,  
ЖИЫРМА БЕС МЫҢ ЛИ  
КЕТПЕЙТІН МӘҢГІ ҚАН-ДАҚТАР...





Жетпіс жылыңда  
Жетелі жырым кернесін.  
Ғаламның әнін,  
Ғасырдың басып пернесін.  
Зымырап биік  
Баратқан асып сұңқарға,  
Үндесіп ұлы  
Сұңғыла ел неге ермесін?!

Ереді елім!  
Биікке бірге самғайды.  
Ақиқат барда  
Ақ жолдан арым танбайды.  
Малмандай нұрға  
Малынып мекен тұрғанда,  
Сүмелек сұмдық  
Аулаққа кетсін қам-қайғы.

Аулаққа кетті!  
Кешегі жоқтық кемес-ті,  
Кереметтермен  
Кеңістікте ойың кеңесті.  
Жұлдызы жанып,  
Бақыты елдің бағының  
Тектілерменен  
Терезелері теңесті.

Планетаның  
Бойлығы менен ендігін  
Қос қанат етіп,  
Самғадың, самға сен бүгін!  
Сен ғана мынау  
Секемшіл сергек заманда





*Сақтай аласың  
Әлемнің тепе-теңдігін!*

Несі бар? Сөзінің бәрі рас. Әлемнің тепе-теңдігін сан жағынан миллиардтан асқан халқы бар Қытай мемлекеті сақтамағанда кім сақтайды? Сүйікті партиясына өлең арнаса арнаған шығар. Заман, жағдай солай. Совет дәуірінде бәріміз де «Советтер одағы – бейбітшілік тірегі» деген ұранға имандай ұйығанбыз. Неге Керім Елемес миллиард қытайға, оның коммунистік партиясына «сен ғана сақтай аласың әлемнің тепе-теңдігін» деп сенім артпасқа?! Өңкей лепірме, көпірме сөзін миллиард санды ұлы Отанынан аясын ба? Бұл үшін Керімді кінәлауға болмайды. Атажұртқа қайтар алдында «су ішкен құдығына түкірмей» Қытай коммунистік партиясының көңілін аулап қою да бір есептен, керек болған шығар.

Қанша айтқанмен бойында қазақ қаны бар ақын ғой, атажұрты Қазастанға арнар аяулы сөздерін, ыстық сағынышын жүрек түкпірінде сақтап келген шығар, Алла бұйырса, шабытын шақырып, жырдың шаңқан бозына мінетін шағы алда ғой деген үмітпен жүргенде, 1994 жылы 17 желтоқсандағы «Егемен Қазақстанға» жарқ етіп шыға келіпті. Бас салып оқысам, о, Керім, о, керемет... мына қараңыз:

### **Сен ғана**

*(«Егемен Қазақстан» газетінің 75 жылдығына)*

*О, жарық жалған!  
Мойныңды сәл бұр, төр менде.  
Егейім-елім!  
Жендеттерге енді жерленбе.  
Қақ жарып түнді  
Самұрық-жүрек сарнап тұр,  
Кешегі шерлі  
Тілі бар тілсіз шерменде.*

Күлімде мәңгі!  
Жау жасып жау таң қарасын,  
Әніңмен асқақ  
Жер-ана жазсын жарасын.  
Мерейтойыңда  
Мезгілдің күйі шертіліп,  
Ақиқат – аққу  
Ақ қанаттарын тарасын.

Сілкініп жылдар,  
Бұлқынып жылдар аққанда,  
Арыңа сенің  
Арсыздар күйе жаққанда,  
Жексұрындардың  
Жөргегінде үнін өшіріп,  
МИЛЛИАРД шырқар  
Айналдың шексіз мақтанға.

Ғасырдың бұла  
Қойнауларында сан қатпар  
Іздерің қалды.  
(Мағынам менің мандаттар!)  
ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛЫҢ –  
ӨШПЕЙТІН МӘҢГІ ТАРИХ...  
ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛЫҢ  
ЖЕМІСІҢ ЖЕРДЕЙ САЛМАҚТАР.

ЕРЕДІ ЕЛІМ!  
БИІККЕ БІРГЕ САМҒАЙДЫ,  
Ақиқат барда  
Ақ жолдан арым танбайды.  
Малмандай нұрға  
Малынып мекен тұрғанда,  
Сүмелек сұмдық аулаққа кетсін қам-қайғы.



ПЛАНЕТАНЫҢ  
БОЙЛЫҒЫ МЕНЕН ЕНДІГІН  
ҚОС ҚАНАТ ЕТІП  
САМҒАДЫҢ, САМҒА СЕН БҮТІН!  
СЕН ҒАНА МЫНАУ  
СЕКЕМШІЛ СЕРГЕК ЗАМАНДА  
САҚТАЙ АЛАСЫҢ  
ҒАЛАМЫҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН...

Өз көзіме өзім сенбей, қайта оқыдым. «О заманда бұ заман әкесін арбаға байлап қойып сабағанды кім көрген?» депті ғой біреу әкесін сабап жатқан әумесерді көргенде. Анау-мынау емес, «Егемен Қазақстандай» республикалық газетті аузы-мұрны қисаймай мазақ еткеніне жол болсын. Біреу болмаса, біреу байқайды-ау деп секем алсашы сабаз? «Шіркінде ес болсайшы сезед деген» деп, дәл осы Керім сияқтыларды айтқан екен ғой қайран Абай атам. Керімнің көзсіз «ерлігін», жөнсіз «жомарттығын» «Егемендегі» әріптестер қайдан білсін? «МИЛЛИАРД ШЫРҚАР АЙНАЛДЫҢ ШЕКСІЗ МАҚТАНҒА» деген жеріне мәз болған. Миллиард дегенді – қытай емес, қазақ деп ұққан ғой. Оның үстіне Керімнің «Егейім» деген сөзі құлағын едірейтіп, егемен деген сөзге сүйкеніп тұрса, қалай көңілденбесін. Бір кісідей қазақ тілін білем деп жүрген менің де «егейімді» түсінбей есім шықты. Егеменді еркелетіп «егейім» деп алып отырған шығар дейін десем, қытай коммунистік партиясына арнаған нұсқасында да «егейімі» еңіреп тұр. Шамасы бұл Керімнің өзі ойлап тапқан, екі жаққа бірдей еркін қызмет ететін сиқырлы сөзі болса керек. Жаңалық ашқыш Керім қулықтан да құралақан емес. Қытай коммунистік партиясына арнаған нұсқадағы «мағынам менің мандаттар» деген жолды мына нұсқада жақшаға алып қойыпты. Онысы – Қытайдан алған мандатына адалдығы болар. Әрі қарай:



ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛЫҢ –  
ӨШПЕЙТІН МӘҢГІ ТАРИХ...  
ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛЫҢ  
ЖЕМІСІҢ ЖЕРДЕЙ САЛМАҚТАР, –

деген тұсын оқығанда газет қызметкерлері одан сайын арқажарқа шаттанғанында шек жоқ. Шіркін, сонда олардың құлағына періште кеп:

ЖИЫРМА БЕС МЫҢ ЛИ,  
ӨШПЕЙТІН МӘҢГІ ТАРИХ,  
ЖИЫРМА БЕС МЫҢ ЛИ  
КЕТПЕЙТІН МӘҢГІ ҚАН-ДАҚТАР... –

деген жолдарды сыбырлап, «жиырма бес мың ли» қытайша «жиырма бес мың шақырым» деген мағына береді. Бұл – Мауоның революцияның ұзақ-сонар жорығында жүріп өткен жолы. Қытай коммунистік партиясына арнап, тебірене толғанған өлеңінің езуінен жырып, сендерге енші беріп отыр. Осыған да разы болыңдар. Қазақстандағы қалың ақыннан газет мерекесіне жібі түзу өлең жазатын бір ақын таппаған өздеріңнен көріңдер, ағайындар» десе, қайтер еді? Керімге салсаң: «Әлемнің тепе-теңдігін сақтаушы МИЛЛИАРД қытайдан кейінгі «Егемен Қазақстан» газеті емей енді кім?» деп тағы да айды аспанға шығаратын түрі бар.

СЕН ҒАНА МЫНАУ  
СЕКЕМШІА СЕРГЕК ЗАМАНДА  
САҚТАЙ АЛАСЫҢ  
ӘЛЕМНІҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН! –

Түйірдей түйсік болсашы өзінде. «Әлемнің тепе-теңдігін «Егемен Қазақстан» газеті сақтап тұр дегенге сене қоятындай.



Бірақ Керім одан сайын көпіртіп, «Ереді елім, биікке бірге самғайды!» деп, Қытай коммунистік партиясына арнаған сөзін попугайша қайталап, сендіріп отырса, «Егемен Қазақстанға» одан артық не керек?!

Мына сорақылықтан сескене отырып, енді «Қазақ елінің» 1997 жылғы 23 мамырдағы санын қолға алдым. Мүшәйрада бәйге алған өлеңдер жарияланыпты.

### **Менің Қазақстаным**

*О, жарық жалған!  
Мойныңды сәл бұр, төр менде.  
Егейім-елім!  
Жендеттерге енді жерленбе.  
Қақ жарып түнді  
Самұрық- жүрек сарнап тұр,  
Кешегі шерлі  
Тілі бар тілсіз шерменде.*

*Сарнап тұр әне  
МИЛЛИОНДАРДЫҢ тілінде  
Ақ алмас-арым!  
Жарқылда тілім, ділімде.  
Ділімді бұзып,  
Тілімді кеспей, жерге енсін...  
Шығыста шырқап  
Ақ жарық, мәңгі күлімде!*

Осы араға келгенде еріксіз күліп жібердім. Қанша парықсыз болса да өзінің мүлт басқанын аңғарған-ау шамасы. Әлде Қазақстан Республикасы Президенті атынан ай сайын алатын нәпақасы есіне түсті ме екен, «МИЛЛИАРДТАРДЫҢ ТІЛІНДЕ» дегенін «МИЛЛИОНДАРДЫҢ» деп Қазақстанға



лайықтап ықшамдапты. Мұнысына да шүкір. Жалпы өлеңді жіліктеп талдасақ неше түрлі қойыртпақтың шығары хақ. Онымен оқырманның миын Керімше ашытуды жөн көрмедім. Қайтсін-ай, «ШЫҒЫСТА ШЫРҚАП, АҚ ЖАРЫҚ, МӘҢГІ КҮЛІМДЕ!» деп Қытай коммунистік партиясына берген ақ батасын Қазақстанның басына да сол қалпында айна-қатесіз үйіп-төге салыпты. Кім біліп жатыр? Керімге Қытайы не, Қазақстаны не? Екі есеп – бір қисап. Әйтеуір алда-жалда Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы Керімнің «керемет» өлеңіне таласып, екі ел арасына іріткі түсіп жүрмесе жарады. Ал, қызыл шеке болған екі мемлекет Керімнің алдына төрелікке жүгіне қалса, «көрмейсіңдер ме, басында кімге арналса, өлең соныкі, Қазақстанда менсіз де ақын толып жатыр. Аңқау Қазақстанды алдаусырата салғаным ғой» деп қытай көкелерінің құрығынан құтыла салуы оп-оңай. Құдай оның бетін ары қылсын.

«Егемен Қазақстанды» алдап соққан Керімге «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» мен «Қазақ елі» газетін қанжығасына бөктере салу сөз бе, тәйірі? Өлеңнің атын тағы да өзгерткен де, ебін тауып, өрге шауып шыға келген. Пай, пай десейші, Қазақстан да қарық, Керім де қарық. Мүшәйраны ұйымдастырушы қауымдастық қызметкерлері де жаза басып, өлеңнің «Егемен Қазақстанға» жарияланған нұсқасын байқамай қалғаны қандай рахат болған. Керекеңнің асығы түгел. Сақасы алшысынан түсіп тұр. Қой, «Қазақстанға арнаған тебіреніске толы, жүректарды жырымды үзіп тастадың» деп Керім керіс шығармас үшін әрі қарай жалғастырайын:

*Күлімде мәңгі!*

*Жау жасып жалт-жұлт қарасын.*

*Әніңмен асқақ*

*Жер-ана жазсын жарасын.*



Мерейтойыңда мезгілдің  
Күйі шертіліп,  
Ақиқат-аққу  
Ақ қанаттарын тарасын.

Сілкініп жылдар,  
Бұлқынып жылдар аққанда,  
Арыңа сенің  
Арсыздар күйе жаққанда,  
Жексұрындардың  
Жөргегінде үнін өшіріп,  
МИЛЛИОН шырқар  
Айналдың шексіз мақтанға.

Ғасырдың бұла  
Қойнауларында сан қатпар  
Іздерің қалды,  
Мағынам менің мандаттар!  
Жетпіс бес жылың –  
Өшпейтін мәңгі тарих...  
Жүзіңде жатыр  
Кетпейтін мәңгі қан-дақтар...

Рухың ұлы!  
Биікке бірге самғайды,  
Ақиқат барда  
Ақ жолдан арым танбайды.  
Малмандай нұрға  
Малынып мекен тұрғанда  
Сүмелек сұмдық  
Аулаққа кетсін қам-қайғы.

Аулаққа кетті  
Кешегі жоқтық кемес-ті,







*Кереметтермен кеңістікте  
Ойың кеңесті.  
Жұлдызы жанып,  
Бақыты елдің бағының  
Тектілерменен  
Терезелері теңесті.*

**ПЛАНЕТАНЫҢ  
БОЙЛЫҒЫ МЕНЕН ЕНДІГІН  
ҚОС ҚАНАТ ЕТІП  
САМҒАДЫҢ, САМҒА СЕН БҮТІН!  
СЕН ҒАНА МЫНАУ  
СЕКЕМШІЛ СЕРГЕК ЗАМАҢДА  
САҚТАЙ АЛАСЫҢ  
ҒАЛАМНЫҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН...**

Шіркін-ай, Керімнің айтқаны кеп, еліміз әлемнің тепе-теңдігін сақтап тұратын таразыға айналса қандай ғажап болар еді. Амал не, оған көңіл құрғыр сенбейді. Сенер едік-ау, Керімнің қытай сияқты алып мемлекетке бағыштап айтылған «алып» ойларының жойдаусыз тақымына Қазақстан қайдан тола қойсын? Әттеген-ай деп өкіндім сонан соң қиялыма тағы бір ой келе қап. Өлең арнауның оңай жолын тапқан Керім оңтайлы бір сәтті қалай қолдан жіберіп алды екен? Астананың тұсаукесер тойы тұсында аты құбылып тұратын хамелеон өлеңін «Менің Астанам» деп және бір қайталап, періп жібергенде ғой, бұдан да қатып кететін еді?..

Мәселе құбылып тұратын өлеңнің атында емес, азаматтың затында ғой. Апыр-ау деймін: «әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппастың» кері ғой мынау. Бүкіл бір дәуір алмасып, өзегі талып әрең жеткенде атамекенге, туған елге арнап жалғыз ауыз жаңа өлең жаза алмаса несіне қалам ұстап, ақын атанып



жүр? Қытай коммунистік партиясына егіле, төгіле арнаған өлеңінің қытайы шапанын Қазақстанның иығына әкеп жаба салғаны қай сасқаны? Әлде Керім үшін Қазақстан, атажұрт деген қасиетті ұғымның құны көк тиын тұрмағаны ма? Жоқ, олай емес. «Бақсақ бақа екен» дегендей, Керімнің бақай қулығы арыда жатыр. Қытайы не, «Егемені» не, Қазақстаны не – бас-басына өлең арнап басын қатырып қайтеді.

Міне, екі мемлекетті, бірдей бір газетті жалғыз өлеңмен-ақ жарылқап, сылқ-сылқ күліп кәмпитін сорып отыр. Бұл дегенің – екі қоянды бір оқпен атқан былай тұрсын, екі қоян, бір қырғауылды бір тартқанда-ақ топ еткізгенмен бірдей. Көрдің бе шикі сөзді Керімнің шиті мылтығының пәрменін?

Сонымен шабыттың шыңжаңдық көк шапанын киген Керім Елемес әдебиет ауылының тас төселмеген көшесінде қулықтың көтек арбасын салдырлатып қашанға дейін шаңдата бермек? Мейлі шаңдатса шаңдата берсін деп, қолды бір-ақ сілтейін десең аузыңды өзі қыздырады. «Қазақ елінің» сол 1997 жылғы 23 мамырдағы санындағы «**Бөрінің бөлтірігімін**» деген екінші өлеңінің бір жерінде:

*ҚЫРЫҚ МЫҢ ҚЫЛЫҒЫМДЫ КЕШІП ЕДІ,  
МЫҢҚ ЕТПЕЙ МИЛЛИАРД ТА МҰҢҒА БАТҚАН, –*

деп, мүләймсиді. Оу, Керім мырза, деймін теріме сыймай өз-өзімнен: «Қырық мың қылығыңды кешетіндей» Қытайда сен не бүлдіріп едің? Өлеңіңнің басында «скиф те, үйсін де, сақ та – мен» дегенің орынды-ақ. Бөрі байрақты көкжал бабалардың бөлтірігі болуға әбден хақың бар. Мен бірдеңе түсінсем, сен бүкіл тарихты қозғап, халықтың атынан сөйлеп отырсың. Егер қазақ екенің рас болса?.. Ал, сонда «МҰҢҒА БАТҚАН МИЛЛИАРД» деп сен мүсіркейтіндей қытай, қай заманда мүсәпір болып еді? «Қырық мың қылығын кешетіндей» қазақ қашан



қытайдың тас ошағын шағып еді? Керісінше болған жоқ па? Арыға бармай-ақ, өзің «аса құрмет тұтатын» әйгілі Таңжарық ақынды тыңдап көрейікші:

*Бәрі қан Үрімжінің айналасы,  
Ескі там, ұңғыл-шұңғыл сай-саласы.  
Ишегін иттер тартып өлген жанның,  
Домалап, қарға шоқып жатыр басы.*

*Келсеңдер Үрімжінің қаласына,  
Көзің сал қалтарыс, сай-саласына.  
Ұмытпа өле-өлгенше осыны деп,  
Балаңның тапсырып кет баласына!*

Мұны қайда қоясың? Кереке, Қытайдан келген жалғыз сен емес. Біз де Қытайды көргенбіз. Кіндік қанымыз тамған туған топырақты, артта қалған туыстарды аңсап талай жүйке босатар жырлар жазғанбыз. Алайда, келіп алып, «МИЛЛИАРДҚА» қарап мөңіреген жеріміз жоқ.

Қайдам? Менің мұныма Керімнің мұртының қылы қисая қояр ма екен?

*О, ЖАРЫҚ ЖАЛҒАН!  
МОЙНЫҢДЫ СӘЛ БҰР, ТӨР МЕНДЕ! –*

деп, төс қаға, күңірене айғайлап тұр емес пе? Тап біреу талтайып отырған төрінен сүйреп апарып, босағаға байлап тастайтындай-ақ. Дегенмен Керімнің сөзінің қисыны да жоқ емес. Өйткені, адал өлең арнап Қытай мемлекетінің төрінен алған орны қашанда дайын, Қазақстанның төрі әуре боп жалған өлең арнамаса да келген қазаққа кең, тіпті қысылып бара жатса, «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясындағы бір орындық



Керімдікі емей кімдікі? Тек таза масқара болғанда бір күні сағынышының сауыны келіп, «миллиардқа» қарай тұтқиылдан тапырақтай жөнелгенде Керім қасқа көк шапаны мен көтек арбасын ұмытып кетпесін деңіз!..

*«Жұлдыз» журналы,  
№3, 1999 ж.*



## МӨЛДІР МҰҢ

Қаламның ұшына қалтаның күші билік жүргізген мына кер кезеңде рухани әлемді өгейсітпей, өлең жазып, өрге шауып, көптің көкейіндегі шерді шертуден танбаған, тауқыметке мойын салмаған ақын замандастарыңа разы болмағанда, кімге разы болғандайсың?! Иә, кеше: «Солдаттың етігіндей жаным сірі...» – деп еді-ау қазақ өлеңінің таудан-тастан қайтпаған қаһарманы Қасым марқұм. Ақындық ғұмырдың тағдыр-талайын тобықтай сөзбен түйіндеу осындай-ақ болар. Енді:

*...Киіс көрген керзі етіктің  
Жұлығындай тозып барам, –*

дейді менің Жүрсін досым мұңға батып. Қандай әдемі үндестік?! Қандай тамаша ой ұштастыру?! Сырт қарағанда Қасым жырының әсері бар. Іштей сараласаң, екеуіндегі ой сарыны өзектес жатқанымен, сезім толқынының дірілі екі бөлек. Қасым – қан майданда, Жүрсін – жүректі жылымқұрттай кемірген жымысқы күрестің ортасында. Меніңше, бұрын-соңды жаралған жер бетіндегі ақын біткен – тұтас бір әлем. Олар біріне бірі мәңгі әсер етіп, бірін-бірі мәңгі қозғап отырады. Біздің ұлы ақындарды үнемі қайталап, жастанып оқитынымыз сондықтан. Өзара ықпалсыз, өзара әсерсіз өнер өмір сүре алмайды. Әдеби дәстүр дейтініміз де осыдан барып шығады. Жүрсін түгіл, Абайға да әсер еткен ақындар жеткілікті. Ал Абай үлгісі шексіз... Мұқағали Қасым жөнінде: «Қасым солай болмаса несі Қасым, Қасымның бәрімізден десі басым», – дегенде Қасымға табынып қана отырған жоқ, Қасымнан өз бойына ауысқан қасиетті танып та отыр. Абай рухымен ауызданып, Қасым талантының сарқытын сарқа ішкен, Мұқағалидың мөлдір мұңымен мейлінше сусындаған Жүрсінге де сүйсінуіміз сол себептен.





*Жүрегімен арыстанның  
Қозыдайын көгенделдім.  
Дел-сал болған данышпанмын,  
Қайғы жұтқан кемеңгермін, –*

дейді. Ақынды қойып, қарапайым қай пенде өзін ақымақ санайды? Шабыт үстінде ақын – патша, ақын – құдай... Ғаламдық кеңістікке ғаламат биіктен қарай алғанда ғана ақын құдіретті. Жүрсін, міне, осыны меңзеп, арпалысып отыр.

*Ойыма мұң мінгесуде,  
Тәңірім-ау, есірке бір.  
Тақуа боп күн кешуге  
Тати ма екен осы ит өмір? –*

дейді енді бір жерінде. Бұл – түңілу емес, ашыну. Ақын алдымен ішіндегі мұңын ақтармай, сырын ақтара алмақ емес. Сайып келгенде, сыр дегеніміздің өзі – мұң. Мінсіз өмір болмаған жерде мұңсыз көңіл болмайды. Ақындық – адам көкірегіндегі өмірге құштарлықтың, ыстық ләззаттың, сағыныш пен сарғаюдың, үміт пен күдіктің, қайғы мен қуаныштың, мұң мен шердің сыртқа шығар терезесі іспетті. Сол терезе көзінен тек қана күн шұғыласы шалқып тұруын талап етіп келдік қой күні кешеге дейін. Егер Жүрсін осы өлеңді осыдан он бес жыл бұрын жазса, сөзінің құйрығына шала байлап жіберер едік. «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» дегендей, құдайға шүкір, тілдегі күрмеу, ойдағы тұсау шешілді. Енді айтарыңды айта алмасаң, өз талантыңа сын. Заманға да, адамға да өкпелеме. Бұрын іштен тынып, булығып келген Жүрсін қатарлас ақындарымыз бауырын жазған жүйріктей көсіле де, шешіле де жырлай бас-тады. Бұған қалай қуанбассың?!



Жүрсіннің әр жылдардағы өлең жинақтары мен «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы екінші, 1997 жылғы үшінші санындағы топтама жырларын салыстыра оқып шыққанда оның кеңдікке, тереңдікке, шынайылыққа, сыршылдыққа бой ұрып, өзін өзі тапқанына тәнті болдым. Ақынның бәріне Абай, Мағжан, Мұқағали болу шарт емес. Өзін табу – міндет. Өзін өзі тапқан ақын – бақытты. Елу кітап шығарып, өзін әлі іздеп жүргендерге кейде жаның ашиды. Шіркін, қазақ жырының ордалы ауылының шетінде өз қара қосыңның қалқып тұрғаны қандай ғанибет!

*...Құпиялы жыр-сезім  
Құйылатын шақ қандай.  
Бір сөзіңнен бір сөзің  
Асып түсіп жатқандай!*

*Жүгіресің шапқылап,  
Естіртуге даусыңды.  
Судың бәрі – ақ бұлақ,  
Шудың бәрі – ән сынды.*

*Жан көрінбей көзіңе,  
Ой ойлайсың не түрлі.  
Қыздың бәрі өзіңе  
Құмартатын секілді.*

*Өртесе өлең өзекті,  
Өзіңдікі бұл ғалам.  
Өлеңің бар газетті  
Оқитындай күллі адам...*

*Биік ұстап еңсені,  
Тасымасқа тасатын,*





*Сағындым-ау мен сені,  
Жайраңдаған жас ақын! –*

деп сағына еске алады жырға ғашық жастық шағын. Біздің де бүйрегімізді бұлк еткізеді. Бәрімізге таныс ақындық ортақ жолдың сырын шымырлатып шертеді. Ақындықтың қыры мен сырына әбден қаныққандар кез келген өлеңге ой жүгін батпандап арта бермейді. Оны көтеретін де, көтермейтін де өлең бар. Кейбір көбелектің қанатындай үлбіреген сезімге құрылған жырдың жұлынын үзуге бір мысқал артық салмақ жетіп жатыр. Дүниеге келер әр өлеңнің нәзік табиғатын ақын тамыршыдай дәл басып, жазбай тану керек. Сөз өнерінің осы бір сиқырлы сағым-сәулесін Жүрсін де жыр жүрегіне дәл түсіруге шебер.

*О, Тәңірім, қуат берші қаламға!  
Біздей шерлі шайыр бар ма ғаламда?  
Сан сұрақтар самсап менің санамда,  
Алаң болам келсем осы алаңға! –*

деп басталатын өлеңі жүректі тілімдеп, өзекті өртеп, Желтоқсан оқиғасын бірден көз алдыға тартады. Ақын жалаң ұранға тізгін беріп, тағдырдан тосын араша тілемейді. Күйзелісі де, күңіренісі де қияпат көңіл күйін қозғайды.

*Құлағыма талып жетсе сұмдық үн,  
Көңілімнің жабам неге түндігін?  
Қара шашы қызыл қанға боялып,  
Сол алаңда қалды менің Шындығым!*

Қара шашы қызыл қанға боялып, алаңда қалған шындық символын елестетіп көріңіз. Шын ақын ғана осылай айта алады. Ақынның меңзегені екінің біріне белгілі жалаңаш шындық





емес, адам қолы жете бермейтін, Тәңірінің рақымы түскенде ғана бұйыратын ақиқат нұры.

*Қорлансаң да, күйініп жиренсең де,  
Сатуға алып шық бәрін үйден сен де.  
Жұрттың сені сатқаны аз болған жоқ,  
Енді, ақыным, сатуды үйрен сен де.*

*Ал сат, ақын, өлеңді, сөзіңді сат,  
Алпауытқа телміріп көзіңді сат.  
Жалындаған, лаулаған сезімді сат,  
Бәрін де сат, алдымен өзіңді сат.*

*Кезің болды заманнан үлгі алатын,  
Бұлданатын түгің жоқ, тұлданатын.  
Алыпсатар қоғамның күні туды,  
Нең бар еді, ақыным, пұл болатын?*

Бұл өлеңді оқығаннан кейін қазақ ақындары халық мұңына қабырғасы қайыспай, тәуелсіз елдің тілеуін тілемей, тас бүркеніп жатып алды немесе күнкөрістің қамында кетті дейтін көпірме керауыздар не дер екен? Ашына айғай салған ақындық дауыс намысты оятып, жігерді жаниды. Ақын қоғамдық өзгеріске, нарықтық қатынасқа қырын қарамайды, заман көшін қисық жолға бұратын қырсыздыққа, алыпсатарлық пен алаяқтыққа қарсы.

Рас, өзгеге кедей болсақ та жырға баймыз. Жүрсіндей мұрагерлері барда қазақ жырының қара сабасы ешқашан қаңсымайды. Кейде маған адамзат тарихындағы алғашқы өлең-жырды шығарушы біздің белгісіз бабаларымыздың бірі сияқты сезіледі де тұрады. Егер болашақта әлдеқандай бір зауал төніп, сөз өнері саптан шықса, жер бетіндегі ең соңғы өлеңнің



авторы да біздің халық болатын шығар деймін. Оның бетін аулақ қылсын!

Заман сипатына орай өлең түрленер, жыр жаңғырар, әуен өзгерер. Жұртымыз аманда ақындықтың ақ туы құламас! Алайда осы күні қияметтің талай қылкөпірінен алтын арқауын үзбей аман өткен қазақ жырының жаназасын шығарып, өзінен басқаның бәрін кешегі социализмнің жарына жыға салғысы келетін арам пиғылды біреулер пайда болды. Социализм тұсындағы әдебиет те ерікті-еріксіз халық басынан кешкен қилы да күрделі тарихтың заңды жалғасы екендігін жоққа шығарғысы келеді. Бірақ оларға қарап тарих дөңгелегі кері айналмайтыны аян. Болашақ ұрпақтарымыз кеңес заманындағы әдебиеттің қызыл бояулы беттерін ләззат алу үшін емес, тарихи сабақ алу үшін оқитын болады. Мәселе социализмді жырлауда емес, ұлт мүддесін ұмытып, империяның итпегіне мүлде түсіп кетпеуде еді ғой. Кейбір өлеңшілер болмаса, қазақтың аруақты ақындары сол қоғамды жырлай отырып, халық көкірегінде қоздап жатқан ұлттық ойдың қоламтасын үрлеп маздатумен келді. Сондықтан кеңестік кезеңдегі ақындар туындыларының сыртқы сипатына қарап, біржақты баға бермей, олардың жан дүниесінің ішкі сырына үңіле білуіміз керек. Аласапыран алапаттың ортасында екіталай ғұмыр кешкен солардың орнына өзіңді бір сәт қойып барып сөйлеген жөн сияқты. Бұл – сайып келгенде, өзімізді өзіміз түсіну деген сөз. Әйтпесе Қасым «Советтік менің елім!» деп емірене отырып:

*Дүние – жалт-жұлт еткен кең мекенім,  
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.  
Арпалыс, алақұйын заманалар  
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?! –*

деп өкініштің уын жұтар ма еді? Арбасып тұрып алған заманалар – бостандық пен бодандықтың арпалысқан тартысы, ұлт ба-



сына төнген зобалаңның көлеңкесі екені тайға таңба басқандай айқын емес пе!

*Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,  
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.  
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,  
Алыстан көрінгенмен мұнарлана, –*

деп тағы шегелей түседі. Қасымға «алыстан мұнарлана көрінген» коммунизмнің елесі емес, бүгінгі тәуелсіздіктің сол кездегі әлсіз де бұлдыр сұлбасы екені даусыз.

Иә, «Барлық ақын баласы бір ананың...» деп Мұқағали ағасы айтқандай, Жүрсін ақын тағдыры да алдыңғылар тағдырымен тамырлас. Зар-мұңы солармен сарындас, сабақтас. Олардан айырмашылығы – шабытты шағында туған халқымен бірге тәуелсіздік таңын аман-есен көруі.

*Өткеніңді өлшеп көрсең жобалап,  
Өзіңе де, сөзіңе де обал-ақ, –*

депті өзі де өткен күнге өкініп. Қайтеміз, бәрі де өмір ғой...

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
2001 жыл*





## БІЛІКТІ ҰСТАЗ, БІРЕГЕЙ ҒАЛЫМ

Біздер Қазақ мемлекеттік университетіне 1969 жылы келіп түстік. Журналистика факультетін таңдағанымызбен, аңсарымыз өлеңде еді. Бір күні филология факультетінде ақындармен кездесу кеші болады екен деген хабар естідік. Алғаш түскен жылы курста жиырма алты ақын бар едік (келекеле одан екі-үшеуіміз ғана қалдық-ау деймін). Түгел бардық. Қазіргі Төле би көшесіндегі корпустың үлкен залында ине шаншар орын жоқ. ҚазМУ ғана емес, Алматыдағы басқа да жоғары оқу орындарының студенттері де сықасып, тік түрегеп тұр. Мінбеде – Кеңшілік.

*Түн құшағында түнеріп жатты байтақ қыр,  
Боз бие басын сүлесоқ қана шайқап тұр.  
Астары мынау аударылып қалған тың жерге  
Ащы көденің шықпай қалғанын байқап тұр! –*

деп бұрқырата өлең оқуда. Дүр-дүр шапалақ. Кеңшілікке ақындық даңқ әкелген осы өлең сол тұста үлкен ерлік екен. Мұны кейін, есейе келе аңғардық. Кеңшіліктен соң Темірхан шықты. Темірхан ол кезде бүгінгідей бұғыдай шомбал хатшы емес, венгр ақыны Шандор Петефиден аумайтын талдырмаш қана тамаша жігіт еді. «36 градусын» оқыды. Тағы да овация. Поэзияға деген жастардың құштарлығында шек жоқ еді ол кезде. Сахнада кешті басқарып отырған сымбатты оқытушының қасында – Мұқағали, Өтежандар. Мұқағали жас ақындардың өлеңіне сүйсінген тұстарда ширығып, шыдай алмай орнынан тұрып кетеді де, шашы бұрқырап ерсілі-қарсылы көптің көз алдында жүріп алады. Орта тұста Мұқағали шықты. Жаңа жырлар оқыды. Соңында:



*Махаңдар жоқ, Махаңдардың сарқыты  
Мұқағали Мақатаев бар мұнда! –*

деп мәлімдеме жасады. Зал сілтідей тынды. Бұл да империялық саясатқа деген іштей қарсылық еді. Жастардың көкірегіндегі бұлақыныстың, ұлттық рухтың жалынын үрлеп жібергендей қатты әсер етті. Енді залдағы белгісіз жас ақындар да шуылдап, кезек сұрай бастады. Бәріне сөз берсе, таң атқанша созылатын түрі бар. Кешті басқарушының байыпты қоңыр даусы жас тұлпарларды сабырға шақырады.

– Бұл кім? – деймін қасымдағы Алматыға бізден бір жыл бұрын келіп қайтқан, тәжірибелі Тұрсын Жұртбаевқа.

– Сұлтанғали Садырбаев деген ғалым осы кісі, Сүйінбайдың шөбересі, Мұхтар Әуезовтің аспиранты болған, – дейді болашақ әуезовтанушы, білгір Тұрсыным.

Кезек Жүрсінге тиді:

*«Лениншіл жас» кеспесе тұсауымды,  
Бырт-бырт үзіп, бір күні өзім кесем! –*

деп, ол төтесінен кетті. Қазіргі қазақ жырының жұлдызды жүйрігі Жүрсінге жұрт сол сәтте тәнті болды. Тұрсынға кезек тимеді. Ақындық шамасын Сұлтанғали ағамыз сезген болуы керек.

Санамызға сілкініс тудырған, тәуелсіздіктің алыстан өлең тілімен ескен лебіндей осындай тарихи кештер ол кезде ҚазМУ-де ай сайын өтіп жататын. Сол рухани киелі орданың төрінде төредей болып Сұлтанғали ағамыз отыратын. Кеш соңында жас ақындардың жаңа өлеңдеріне талдау жасағаны бізді таңғалдыратын. Поэзияның нәзік тамырын дәл басатын аса сезімталдығы, тереңнен толғайтын білгірлігі айтулы ғалым екендігін айнытпай танытатын. Қашанда сабырлы да сырбаз қалпынан жазбайтын, жас ақындардың жанашыр жетекшісі



әрі ұстазы Сұлтекең күндіз лекциядан шаршап шыққанына қарамастан, түннің бір уағына дейін ортамызда жүретін. Енді ойласам, осы күнгі қолына қалам ұстап жүрген көбіміз Сұлтекең ұйымдастырған сол Әуезов бірлестігінің ұясынан қанаттанған екенбіз. Содан бері аттай отыз жыл өтіпті. Содан бері Сұлтекеңнің қасында екенмін. Ол кездегі жиырмадағы біздер елуге, қырықтағы Сұлтанғали ұстазымыз жетпіске келіп қалыпты.

Осынау жетпіс жылдық ғұмырында «ақырын жүріп, анық басып», үнемі елдіктің үдесінен, ұлттың мүддесінен шығып, көптің көкейіндегі істің басы-қасында жүретін білімпаз ұстаз, білікті ғалым Сұлтанғали Садырбаевтың кісілік тұрпатынан сонау сұңқар Сүйінбай бабасынан қалған тектілік нышанын таныған сайын сүйсіне түсесің. Тағдыр осындай тұлғамен тіршілік атты тоғыз жолдың торабында тоғыстырып, дәмдестүздас, сыйлас, сырлас еткеніне кейде шүкіршілік етесің. Мен сонау Тарбағатай бөктерінде, ол Алатау бауырында тусақ та, қан туыстығынан жан туыстығы жарасқан жылуы мол аға жүрегіне әрқашан ризасың. Өзге інілері мен шәкірттері сияқты мен де Сұлтекеңнің ағалық ақылына кенелдім, кісілік қамқорлығына бөлендім. Сүйінбай, Жамбыл туған аймақтың жыр-шежіресіне Сұлтекең арқылы қанықтым. Ақындар ауылының таутасына, орман-тоғайына, өзен-көліне еркін еркелетіп, бауыр бастырған да Сұлтекең еді. Соның нәтижесінде Жамбылдың 150 жылдық тойы қарсаңында шыққан ақынның академиялық екі томдығын дайындауға Сұлтекеңнің ұсынысымен қа-тысқанымды өзіме рухани олжа санаймын.

Құдай қосқан қосағы Зүкен әпкеміз да отағасы бақытының алтын діңгегіндей. Алғаш әулие Әуезовке жайылған киелі дастарханды ырымдап, көзінің қарашығындай сақтап отыруында да үлкен мән жатыр емес пе?! Апамыздың сандығындағы сол аппақ дастарханнан талай жас ақын-жазушылар, ғалымдар, өнер адамдары дәм татып, Мұхаң аруағына бас игені көпке



мәлім. Ақын Шөмішбай Сариев «Әуезовке жайылған дастархан» атты өлең де жазды.

Әдеби бірлестіктен бастап, үйіне дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігінде ұлы Әуезов дәстүрін ұстанып, қасиет тұтып келе жатқан Сұлтанғали ағамыздың ұстаздық, азаматтық үлгісін былай қойғанда, қазақ әдебиеті тарихы мен мәдениетіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Сұлтанғали Садырбаев – ең алдымен қазақ ауыз әдебиеті тарихын түбегейлі зерттеп, дәйектеп берген көрнекті ғалым. Фольклорист, этнограф, публицист, филология ғылымдарының докторы, профессор ретінде халық ауыз әдебиеті мен қазақтың салт-дәстүрлерін зерттеудегі зерделі пікір-пайымдарының орны ерекше. Білікті ғалым ауыз әдебиеті тарихы мен ұлттық болмысымызды зерттегенде түркі халықтары әдебиетінің түпкі күретамырынан тарта ой өрбітіп, аса кең ауқымда қарастырды.

1965 жылы «Қазақ эпосының тұтастану мәселесі» («Циклизация казахского эпоса») деген тақырыпта кандидаттық, ал 1994 жылы «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» («Народное творчество и его исторические основы») деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Бұл еңбектерінде ғалым Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» дастандарының тарихи негіздерін саралап, талдап, толғамды да тың ойлар айтады. Сондай-ақ, ауыз әдебиетін түбегейлі, жеріне жеткізе зерттеуді мақсат тұтқан ғалым Сұлтанғали Садырбаевтың «Фольклор және эстетика» («Жазушы», 1976), «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» («Мектеп», 1977), «Қазақ халық әдебиеті» («Рауан», 1990), «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» («Қазақ университеті», 1992), «Фольклор және Жамбыл» («Ана тілі», 1996) деген монографиялары мен оқулықтары әдебиеттану тарихына қосылған үлкен үлес екендігін қадап айтуымыз керек. Білікті ғалым Сұлтанғали Садырбаев баба аруағы алдындағы ұрпақтық парызын да бір сәт естен шығарып көрген емес.



Қазақ халқының ұлан-ғайыр ауыз әдебиетін зерттеумен қоса Сүйінбай, Жамбыл өлеңдерін жинап, зерттеп, толықтырудағы ізденістері өз алдына бір төбе. Сүйінбайдың 1976, 1990, 1996 жылдары үш том өлеңдер жинағы, Жамбылдың 1982, 1996 жылдары академиялық толық басылымы Сұлтанғали Садырбаев басқаруымен жарық көрді. Мұнымен бірге «Сөздің пірі – Сүйінбай», «Жамбыл – адамзаттың ұлы жыршысы», «Қыз ұзату» атты төрт бірдей телефильм ізденгіш ғалымның тағы бір жаңа қырын жарқырата танытты. «Қыз ұзату» телефильмінің көзден ғайып, көңілден таса болып кеткен ұлттық салт-дәстүрімізді жас ұрпақ зердесінде қайта жаңғыртуға тигізер септігі мол.

Сұлтанғали Садырбаевтай бірегей ғалымның барлық еңбектерін сабақтап, саралап, тереңдей үңілген адам ендігі жерде Садырбаевтың өзі зерттеу объектісіне айналуы тиіс екендігіне көз жеткізеді.

Университет қабырғасында қырық жыл ұстаздық, М. Әуезов атындағы әдеби бірлестікке жиырма бес жыл жетекшілік еткен, туасы елгезек, табиғатында тынымсыз зерделі ғалымның әр кез игілікті шаралардың басында шырылдап жүргенін көргенде, шіркін, үлкендердің бәрі осы кісідей болса ғой деп ойлайсың. Әсіресе Сүйінбай, Жамбыл музейлерінің кем-кетігіне қатысты шаруаларға жаны ауырып, жар құлағы жастыққа тимей, жауапты мекемелермен жиі хабарласып, жоспар-жобасы, қыл аяғы экспонаттарының қойылу ретіне дейін тәптіштеп, қадағалап жүргенін талай көрдім. Осындайда өз басынан гөрі елдің, өнердің, болашақтың қамын ойлайтын, сол жолда табан тоздыратын қадау-қадау тұлғаларға құдай қуат берсе екен деп тілейсің.

*«Заман-Қазақстан» газеті,*

*11 мамыр, 2001 жыл*





## ДУЛАТ АҚЫННЫҢ ҚАБІРІ ҚАЛАЙ ТАБЫЛДЫ?

Аякөзге менің алдымда ғана Қабдеш Жұмаділов ағамыз келіп кеткен екен.

– Ол кісі Аякөз өңірінің тарихи орындарын түгел сүзіп шықты. Дулаттың басына барып тәу етіп қайтты, соған қарағанда, тағы бір үлкен шығармаға дайындалып жүрген тәрізді, – деп сөзін бастады аудан әкімі Айбек Кәрімов ініміз.

– Дулаттың зираты табылды ма? – деппін өз құлағыма өзім сенбей. Өйткені Дулат ақынның жатқан жерін көптен бері сұрастырып, іздеп жүргендердің бірі өзім едім.

– Дулат – отаршылдыққа қарсы қаламын найза, тілін қылыш етіп күрескен, қазағым деп күңіреніп өткен, халыққа қиянат жасаған ел билеушілерін сөзбен іремей сойған аса қуатты ақын ғой. Амал не, бұл бабамыздың бағасын әлі толық бере алмай келе жатырсыздар. Келесі жылы Дулаттың туғанына 200 жыл толады. Тәуелсіздіктің 10 жылдығына орай Дулат жатқан жердің нақтылана түскені үлкен қуаныш болды. Әйтпесе, бұған дейін біреу – анда, біреу – мында деп келеді. Әлі де талас бар. Көзі тірі куәға сенсек, Дулаттың зираты өзінің атақонысы – Ілебайдың Қызылағашында. Мұны Дулаттың туысы – тоқсан алты жастағы Шәрбан Асқарқызы дәлелдеп отыр. Барам десеңіз, жігіттерге хабарлайық, – деді әкім.

Ертеңінде аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, журналист Ақаш Көксеменовтің жол бастауымен, қасымызға аякөздік фотосуретші Балуанбек Ақжолов деген жас жігітті алып, Дулат зиратына тарттық.

Ақаш Дулат зиратының қалай табылғандығын жіпке тізгендей баяндап келеді. Айтуына қарағанда, осыдан бір жұма бұрын жазушы Қабдеш Жұмаділов Ақаштың үйінде қонақта отырып, Дулат жөнінде әңгіме қозғайды. Әңгіме



үстінде үй иесі Дулаттың зиратының белгілі екендігін, оның егжей-тегжейін Аякөзде тұратын тоқсандағы шежіре қарт әрі қаламгер Ғабділахмет Шәкерұлынан естігендігін айтады. Қабдеш ағамыз сол арада қолма-қол Ғабділахмет ақсақалға телефон шалып, анық-қанығын сұрайды. Келесі күні Ғабділахмет ақсақалды, Ақашты, тағы бірнеше адамды ертіп, «Ақшатау» кеңшарына қарасты Қоңыртау қойнауындағы Ілебайдың Қызылағашы деген қоныстағы Дулат зиратына барып құран оқиды. Атан түйе кірсе көрінбес қараған-бұта басып кеткен сайдың ішінен Ғабділахмет қарттың көрсетуімен Дулат жатқан үлкен тас бейітті тауып, басына белгі қойып кетеді. Кетерінде зираттың маңын қараған-бұтадан арылтуды да ескертеді. Дулат мүрдесінің мұнда жатқандығын қазір тоқсан алты жастағы Шәрбан Асқарқызы 1993 жылы Ғабділахмет ақсақалға арнайы келіп хабарлайды. Шәрбанның бастауымен Ғабділахмет қасына сол кездегі Ақшатау ауылының басшысын ертіп, Дулаттың басына барып қайтады.

Дулаттың зиратын Шәрбан әжеміз шамамен 13-15 жасында көрген. Бұл кісі 1905 жылы туған. Шәрбанға зиратты жетектеп барып көрсеткен – шешесі Ұлбай. Ұлбай 1978 жылы қайтыс болған. Оқиға былай: 1916-1920 жылдар аралығында, осы Ілебайдың Қызылағашында отырғанда Шәрбанның әкесі Асқардың үйіне ақын Әріп Тәңірбергенов келіп жатады. Ілебай – Асқардың үлкен әкесі, Дулаттың аталас туысы. Ілебайдан – Жақсылық, Жақсылықтан – Асқар туады. Дулаттың да қыстауы осы жер. Үйлерінің орны қаз-қатар жатыр. Асқардың кірпіштен қаланған, бір қабырғасы құлаған зираты да Дулат зиратының аяқ жағында тұр.

Әріп пен Асқар осы күндері Дулат жөнінде көп әңгімелеседі. Қастарында әңгіме тыңдап отырған кішкене қыз Шәрбан Дулаттың кім екенін білгісі кеп, әкесінен қайта-қайта сұрап сөзін бөле береді. Мұны байқаған шешесі (мүмкін Әріп пен

Асқардың тапсыруы бойынша ма, кім білсін) қызын үйден жетектеп шығып, әудем жердегі Дулаттың зиратына алып барып: «Міне, Дулат деген ақын атаң осы қоршалған тас зиратта жатыр, ұмытпай жүр», – деп құлағына құяды. Үлкендер арасындағы осы әңгімеден Әріптің: «Бір қиын заман келе жатыр, Дулаттың аты ұмыт қалмаса жарар еді...» – деген сөзі Шәрбанның күні бүгінге дейін есінде екен.

Біз жолай Ақшатау ауылына соқтық. Ойымыз – зиратты суретке түсіру үшін қалың қарағаннан аршуға қолғабыс тигізетін жігіттер алу еді. Ауылдан Айдар Орынғазин, Талғат Нұғыманов деген екі жігіт қосылды.

Ақшатаудан шығып, Шыңғысты бетке алып, Қоңыртау қойнауына кірдік.

– Аякөзден қанша жер? – деймін мен.

– Тура алпыс шақырым, – дейді рөлде отырған жас жігіт Асқар Сиқымбаев, өткен жолы да келгенін еске салып.

Алдымыздан қайыңды бұлақ кезікті. Бір ақсақал өткелдегі қара суға атын көлденең байлап қойып, өзі шөп шауып жүр. Арбасы анадай жерде көлеңкеде тұр. Еріксіз тоқтап, сәлемдесіп, жөн сұрастық. Өзін Есенаман Әмірхановпын деп таныстырды. Жасы алпыс тоғызда екен. Біздің Дулат зиратына бара жатқанымызды білген соң:

– Жарасқұлдан Қойбас, Шағалақ туады, Қойбастан Дулат тарайды, ал мен Шағалақтың ұрпағымын, – деді де Дулаттың бір ауыз өлеңін айтты:

*Жігіттер, түрлене бер тотықұстай,  
Адамға қоршылық жоқ тәңір қоспай.  
Түбінде әр төбенің өлген жатыр,  
Тіріге қысы-жазы қосылыспай.*

– Тағы не білесіз? – деп сұрадым.



– Біраз білуші едім, аузыма түспей тұр. Осы жолмен қайтасыңдар, тағы тоқтаңдар, ойыма оралса, жазып аларсыңдар, – деді. Өкінішке қарай, біз кеш қайттық. Қартты кезіктіре алмадық.

Былай шыға қолымдағы Дулаттың кітабын парақтасам, әлгі шумақ жоқ. Соған қарап, «Әлі жиналмай жатырсың-ау, желге ұшқандай шашылып, ғайып болған қайран асыл қазына...» деп іштей толқып бара жаттым.

Көп ұзамай зират басына жеттік. Жарықтық, жаңа ғана өзі айтқандай, шынында да төбенің түбінде жатыр екен. Сыртынан қарағанда қалың бұта басқан өзекті зират бар деп ешкім ойламайды. Ит тұмсығы өтпестей жүз жылғы жыныс. Қалыңды жапыра отырып, зиратқа келдік. Тастан шыр айнала қаланған он екі қанат үй орнындай зират көрінбей тұрғаны болмаса, бұта арасының бәрі толған тас бейіт. Жігіттер қалың қарағанды отамақ болды. Бірақ мүмкін емес. Оның үстіне тозып тұрған мүрделер кетпеннің соққан салмағымен ойылып кетуі мүмкін. Көкейімде «Егер Әріп ақынның келгені рас болса, қайтсе де бір белгі қалдырған шығар...» деген үміт тағы қылаңдайды. Алда-жалда жазуы бар тас кезігіп, абайсыз кетпен тиіп кетсе, күл-паршасы шығары да сөзсіз.

– Өртесек қайтеді? – дедім жігіттерге.

Бәрі үдірейе қарасты. Анадайда қыстау. Мал жатыр.

– Ауылға барып ақылдасып, рұқсат сұрайық, – дедім жігіттердің көңіліндегі қорқыныш сезімін сейілткім келіп.

Ауыл ағасы Жұмажан Оспанов деген ақсақал екен. Жағдайды түсіндіріп, келісімін алдық. Баласы Асхат Оспановтан ақсарбас қой алып, зират басына әкеліп қан шығарып, құран бағыштадық.

Бүрлеп тұрған жас қараған бұта бытырлап әрең жанады. Күні бойы алыстық. Күн бата өзекте жасырынып жатқан тас зираттардың сұлбасы сорайып көріне бастады. Суыған соң Дулатікі деген үлкен зираттың құлаған қабырғасынан жапа-



тармағай көтерілдік. Зираттың ішінде он шақты қабір жатыр. Кейбіреулері ойылып түсе бастаған. Төрде жатқан қабірлерді солдан оңға қарай санағанда төртінші топырақтың басынан қалақтай қара тас көзіме шалына кетті. Байқасам, бетінде жазу бар. Ақырын ішімнен оқи бастадым. Өз көзіме өзім сенбеймін. Төте араб әрпімен үстінде – «Дулат», астында – «Әріп» деп ап-анық жазылған. Қарапайым тасқа аса қиындықпен қашалған сөз екені көрініп тұр. Тастың басы сүйірлеу келіп, сөз сыймағандықтан арабша «т» әрпін «ла» әрпінің астына түсірген. Қуанғанымнан арабша танитын Ақашты шақырдым. Ақаш та оқи жөнелді. Сағатқа қарап, қойын дәптерімді алдым да, «Дулат қабірі 2010 жылы 1 маусым күні кешке қарай 21 сағат 10 минутта табылды» деп жаздым.

Аякөзге оралып, сүйінші сұрадық. Аудан әкімі Айбек Кәрімов қуанышты Алматыға, Астанаға хабарлады. Екі күннен кейін Алматыдан «Хабар» агенттігінің тілшілері Байзақ Асылбеков, Қайрат Атагелдиев келді. Ақынның басына қайта бардық. Айбек ініміз де ақсарбас айтып, жиналғандарға құдайы тамақ берді. Тележурналистер Дулат ақынның қыстауының айналасын түгел түсірді. Қыстаудың алдындағы шошақ төбе де, анадайдағы қара жартас түбіндегі жылжып аққан төс бастау да, іргедегі шоқ-шоқ қайыңдар да ақынды сағына іздеп, құлазып, күрсініп тұрғандай. Құлағымға отаршылдардан елін, жерін қызғыштай қорыған Дулат:

*Ақжайлау мен Сандықтас –  
Атамның қонған қонысы:  
Түн асса тұтам түгі өскен,  
Басылмайтын сонысы.*

*...Көл қорыған қызғыштай,  
Сен десе салам байбалам.*



*Өксігіңді ойласам –  
Ұйқы беріп, қайғы алам! –*




деп сыбырлағандай болды.

Сонымен, Бұқар мен Ақтанберді жырауларды ұстаз тұтқан, көне түркі поэзиясынан мол сусындаған, қазақтың жазба поэзиясының алтын бастауларының бірі саналатын, өлеңге мүлде жаңа өрнектер әкеліп, мазмұн, түр, көркемдік тәсілдер тұрғысынан биік сатыға көтерген жыр дүлдүлі Дулаттың қабірі табылды.

Дулатты ұлы Мұхтар Әуезов те аса қастерлеп, бағалаған. 1948 жылы шыққан «Абай» романының бірінші кітабында Дулат бала Абайға бата берген рухани ұстаз тұлғасында суреттеледі. Мұхаң кейінгі басылымдарда саяси қысымның әсерінен Дулатты Барлас деп өзгерткені көпке мәлім. Дулат пен Абай арасындағы рухани сабақтастықты М. Әуезов былай бейнелейді: «Дулат біреуді мақтап, біреуді сұрап айтатын ақын емес. Абай мен шешелерінің кешкі уақытта тыңдаған жырларының көбі Дулаттың өзі сүйген құлақ күйі сияқты, термелері болады. Мұндай кезде Дулат Абайға күндізгі Дулаттан басқа болып көрінеді. Қызықты қызуды, қыздырманы ғана айтатын күлкішіл, сауықшыл Дулат емес, кешкі бір кездерде ол бір үлкен өсиетші, кейде шерлі де қарт сияқтанады. Сондай-сондай кездерде өзінің де іші ашып:

*Сырымды менің сұрасаң,  
Тұманың тұнық суынан.  
Кеудеме қайғы қонған соң,  
Тұнық жырмен жуынам.  
Сорғалаған нөсердей  
Жырын тыңда Дулаттың, –*

дейді. Тыңдай келе, Абай Дулаттан тағы соны сөздер естіді.

*Аға сұлтан қазының  
Ел сілкінді ісінен.  
Ауылдың атқа мінері –  
Жемтікке қонған күшіген, –*

деп бір кетті.

*Майырдың алса бұйрығын,  
Борбайға қысып құйрығын,  
Ел тысығы жортады,  
Өзі елді қорқытып,  
Онан өзі қорқады.*

Бұл старшын Майбасар деп ойлайды Абай.

*Алдына түсіп томпаңдап,  
Бір торпаққа он болып,  
Жарлылардың торпағы,  
Пысықтардың ортағы.*

*Қара шығын алымы,  
Бай-кедейге бірдей боп  
Шаңыраққа салығы,  
Ел ұйтқысы шайқалып,  
Төгіліп судай аққаны-ай...*

Абай Дулаттың қайғысын да танығандай болды.

Бұрын Абайдың естімеген зар-шері сияқты Асан қайғы, Шортанбай, мына Дулат – бәрінің кеп құйып жатқан бір сағасы бар. Жас бала Дулат және қасына ерген шәкірті Байкөкшемен біржолата дос, жақын болып алды. Бертін келе, түнде Дулаттың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Мұның



ұғымтал, зеректігіне қатты риза боп, шын сүйсінген Дулат бір оңашада жай ғана тақпақтап:

*Шырағым, ержетерсің,  
Ержетсең, сірә, не етерсің?  
Алысқа шырқап кетерсің,  
Шындасаң шыңға жетерсің, –*

деп келіп, Абайға домбыраны бере отырып:

– Міне, балам, осы менің батам болсын, тіпті шын пейіліммен айтып отырмын, – деген екен. Абай Дулаттың батасына ықылас қойып, басқа ақындардан ерекше бағалап, өзіне ұстаз тұтып, сый беріп, ат мінгізіп қайтарған екен» (М. Әуезов. «Абай». 1948. – 86-88-беттер).

Міне, талай жылдар ұрпақ жадынан өшіріліп, өзгертіліп келген ұлы Дулат бейнесі ұлы Мұхаңның көкірегінде осылай жарқырайды. Болашақ данышпан Абайға Мұхаң кездейсоқ адамға бата бергізіп, ұстаз тұтқызбасы және анық.

Дулат өлеңдерін жинап, бүгінге жеткізуде жүз жасаған ақын Шәкір Әбенәттің еңбегі өте зор болса, Дулат жырларын Кеңес өкіметі саясатының ызғарлы сызына қарамастан түбегейлі зерттеп, монография жазған ғалым марқұм Құлмат Өмірәлиев еді. Талантты ғалым Құлман Өмірәлиев: «...Дулат – отаршылдық езгіге түскен халықтың ар-ұжданы. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи жағдай Қазақстанның қиыр бір шетінде Махамбетті берсе, екінші бір шетінде Дулатты берді.

Бірақ осы ақын – сонау ХІХ ғасырдың бірінші жартысында езгіне қатты сезініп, екі жақты қанауды өз шығармаларында ашық айта алған ақын неге бұл күнге дейін өз бағасын алмай келеді?» – деп ашына жазады (Дулат Бабатайұлы. «Замана сазы». «Жазушы» баспасы, 1991. – 26-бет). Сондай-ақ, Дулат хақында ғалым-жазушыларымыз Рәбиға Сыздықова мен Мұхтар





Мағауин үнемі зерделеп айтып келеді. Рәбиға апамыздың Дулат ақын поэзиясының інжу-маржанын жарқырата ашып берген зерттеу мақалалары дулаттануға қосылған үлкен еңбек екені сөзсіз. Ал бес ғасырлық жыраулар поэзиясының білгірі Мұхтар Мағауин Дулатқа: «...Дулат жырларының күш-құдіреті оның көркемдік қуаты, мазмұн байлығымен қатар, замана келбетін бар бедерімен көрсете білген шыншылдығында», – деген баға береді («Бес ғасыр жырлайды», 1991. – 11-бет).

Иә, Дулат жөнінде тереңнен толғап айтылған түйінді пікірлердің бас-аяғы бұл емес. Әдеби қауым Дулатты мойындағалы қашан. Егер тәуелсіздікті шын толғап, шын ардақтайтын болсақ, ең алдымен Дулаттың, Мұраттың аруақтарын әспеттеуіміз керек.

Келесі жылы тәуелсіздіктің 10 жылдығымен қатар Дулаттың туғанына 200 жыл толатындығы жоғарыда айтылды. Осы тұста ақын қабірінің анықталып жатқаны да өзекті ойларға жетелейді. Дулаттың басын көтеріп, 200 жылдығын атап өту – кезек күттірмейтін мәселе. «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, салмақ ең алдымен Шығыс Қазақстан облысы мен Аякөз ауданын басқарып отырған азаматтарға түсетіні белгілі. Алайда Дулат бір облыс, бір аймаққа сыятын тұлға емес, бүкіл қазақ халқының мақтанышы әрі рухани тірегінің бірі. Сондықтан Дулатқа байланысты шараға үкімет тарапынан нақты да дәйекті шешімдер қажет. Елім деп еңіреп өткен Дулаттай дуалы ауыз ақынды танып-білу, оның әлі де ел ішінде терілмей жатқан маржан жырларын жинап, қайта басып, келесі ұрпақ қолына тигізу, сайып келгенде, Дулатты әдебиет тарихындағы өзінің Тәңір сыйлаған тағына қызғанышсыз, қиянатсыз отырғызу – әрбір тірі жүрген қазақтың ұлттық парызы!

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
25 шілде, 2001 жыл*



## «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» КҮМБЕЗІ НЕГЕ ҚҰЛАЗИДЫ?

(немесе жырдың 1500 жылдығын қалай атап өтпекпіз?)

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күмбезі – бүкіл түркі жұртына ортақ, баға жетпес тарихи жәдігер. Мәңгілік махаббат символына айналған, ауыздан-ауызға, ғасырдан-ғасырға көшіп келе жатқан ғажайып ғашықтық жырының дүниеге келгеніне биыл 1500 жыл толмақ. Жырдың түпкі тумасы қай жылда шығарылғаны беймәлім болғанымен, тамырлас жұрттарға әуелі бізден тарағаны күмән тудырмайды. Өйткені оқиғаның отаны, жырдың жөргегі – қазақ даласы.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының адамзаттың рухани қазынасына қосар ұшан-теңіз үлесін былай қойғанда, тәуелсіздігіміздің түп-тамырын бекіте, тарихымыздың тұңғыық тереңін тұндыра түсетін киелі мұрамыз, ұлттық мақтанышымыз екені екінің біріне белгілі.

Исі түркі жұртына жайылған жауһар жырдың тек өзімізде ғана жиырмадан асқан нұсқасы бар. Сабырбай, Бекбау, Жанақ, Шөже, күні кеше арамыздан өткен Шәкір Әбенев жырлаған нұсқалары аса көркем де құнды. Бұл жыр әлемдік ғалымдар назарын көптен аударып келеді. В. Кастанье, Г. Потанин, В. Радлов, Н. Абрамов, Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан секілді ғұламалар тамсана жазған, А.С. Пушкин 1630 жылы жыр мазмұнын жазып алып, шығыстың Ромео – Джульеттасына балаған. Қызыққаны сонша, жыр негізінде шығарма да жазбақ болған. Ш. Уәлиханов махаббат күмбезін көзімен көріп, суретін салып, жыр туралы толғана тебіренген. Әлкей Марғұлан өз зерттеуінде жыр кейіпкерлерінің өмір сүрген мерзімін сақ заманына жатқызып, көне мұраның ғұмыр-жасын анықтап беріп кетті. Сонымен күмбездің қазақ жеріне ислам



діні тарамай тұрып тұрғызылғаны анықталып отыр. Бұған 1856 жылы Ш. Уәлиханов қағазға түсірген күмбез қасындағы тас мүсіндер де дәлел.

Шоқан мүсінінде қасиетті құты ұстаған үш әйел мен бір еркектің бейнесі салынған. Аңыз бойынша, үш әйелдің бірі – Баян сұлу, екіншісі – сіңлісі Айқыз, үшіншісі – әпкесі Таңсық, ер адам – Қозы делінеді. Қазір ол тас мүсіндердің ізі де жоқ.

Еуропалық кезбелердің қолында кетті ме, жергілікті тұрғындардың керегіне жарады ма, кім білсін? Енді олардың қайда екені бір Аллаға аян. Әйтеуір көне күмбездің көрмегені жоқ. Тозған, тоналған. «Жөндеушілер» жүдеткен. Жетпісінші жылдары Семей жоғары оқу орындарының студенттеріне күмбезді жөндеу тапсырылған. Студенттер күмбездің сыртынан цемент сылақ жүргізген, өздерінше жаңа үйленген жастар тағзым ететін орынға лайықтаймыз деген ниетпен қадым заманғы қабірдің үстін көтеріп, кірер ауыздың табалдырығын биіктетіп, баспалдақ жасап, білгендерін істеген. Қысқасы, бүлдірілген. Оларды жұмсап отырған ғұзырлы мекемелер де мұраны жөндеу үшін арнайы маманның қолы қажеттігін ескермеген. 1975 жылы күмбездің осы мүшкіл халін көрген белгілі журналист Жанболат Аупбаев та «Лениншіл жас» газетінде «Ғасырлар бәйгесінен озып келген» атты көлемді мақала жазып, өткір мәселе көтергені есімізде. Естуімізше, сол мақаланың дүмпуімен аздаған қайта түзету жұмыстары жүргізілген көрінеді. Одан не пайда? Күмбез іші күні бүгінге дейін сол бүлінген қалпында.

Күмбез Аякөз ауданына қарасты Таңсық теміржол бекетінен небәрі 12 шақырым жерде, Аякөз өзенінің бойында тұр. Халқымыз үшін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи мазары қаншалықты қасиетті болса, бабаларымыздың махаббаты көмілген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күмбезі де соншалықты қымбат екені даусыз.



Күмбез республикалық дәрежедегі тарихи ескерткіштер санатында болғандықтан Аякөз ауданының әкімі Айбек Кәрімовтің күмбезді қалпына келтіруге, оған баратын жол, өзеннен өтуге көпір салуға, мазар басын көріктендіруге, жанынан мұражай ашу және басқа көптеген мәдени-көпшілік жұмыстарын жүзеге асыруға, атап айтқанда, туристер мен меймандар үшін арнайы маршрут ашуға мүмкіндігі аз. Сондықтан да оған мемлекет маңыз беріп, үкімет қамқорлығына алу керек екені түсінікті. Сайып келгенде, әлдеқашан сүйегі қурап қалған аруақтарға ештеңенің керегі жоқ. Күмбез бізге керек. Өткенімізді түгендеп, ертеңімізді айқындау үшін керек.

Осыны ескергендей боп үкіметіміз үстіміздегі жылы 31 қаңтарда «2001-2002 жылдар кезеңінде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндер тізбесі» бойынша «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының 1500 жылдығын өткізу жөнінде қаулы шығарып, оны биылғы жылы қараша айында жүзеге асыруды белгілеп отыр. Алайда біздің бұқаралық ақпарат құралдарымыз жыл басында қаулыға кірген ғашықтық жырының 1500 жылдығы жөнінде әлі жұмған аузын ашқан жоқ. Алдымызда екі-ақ ай уақыт қалды, бірақ он екі де бір нұсқамыз жоқ. Көршілес қырғыздар «Манас», өзбектер «Алпамыс» жырларының 1000 жылдықтарын қалай өз дәрежесінде өткізгенін ойласаң, салың суға кетеді. Ал, өткізейік! Сонда қалай өткізбекпіз? Күмбездің күн астында күңіреніп тұрғаны анау. Сонда Қозы мен Баянның басына тәуап етпей, күмпілдеп-күмпілдеп Аякөзден ғана қайтпақпыз ба? Шетелден келген меймандар барамыз десе, не бетімізді айтпақпыз? Әлемдік мәні бар мұндай маңызды шараны өткізу үшін бірнеше жыл бұрын қозғалуымыз керек еді. Той алдында ең болмағанда күмбез қалпына келтіріліп, баратын жол, өзеннен өтетін көпір салынып тұрса қандай ғанибет болар еді? Осылай боларын сез-



гендей, Аякөз ауданының әкімі Айбек Кәрімов жеті жылдан бері шырылдап бақты. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1500 жылдығы таяп қалғанын ескертіп, ол үшін алдын ала қыруар дайындық, жөндеу жұмыстары керектігін айтып, Қажыгелдиннен бастап бүгінгі үкімет басшыларына дейін хат жолдап, көмек сұрағанын біз сол ауданнан шыққан қаламгер болған соң жақсы білеміз. Егер Айбектің тілегі болып, алдын ала үкімет тарапынан қаржы бөлінгенде, ендігі күмбез жөнделіп, жол, көпір салынып, қонақ үй тұрғызылып, туристер мен меймандар үшін арнайы маршрут ашылып, мерекеге сақадай сай тұрар ма едік деп те ойлайсың. Амал не?

Рас, тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы аясында республика көлемінде ел есінде қалар қаншама іс тындырылып жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Көне тарихымыздың көзіндей сонау VII ғасырдағы Күлтегін ескерткіш тасының Премьер-министрдің орынбасары, ұлт үшін туған азаматымыз Иманғали Тасмағамбетовтің тікелей қажыр-қайратымен Астанамыздағы рухани шаңырағымыз Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің төріне әкелініп қойылуы қандай ғанибет!

Осы тұста сол Күлтегін заманының атамекендегі екінші бір көрінісіндей Қозы Көрпеш – Баян сұлу күмбезінің 1500 жылдығы тарихқа тағылым қалдырарлықтай дәрежеде өтіп жатса, елдігіміздің еңсесі одан сайын биіктей түспепе еді? Бірақ оған елең етіп жатқан қай шенеунік бар? Анықтауымызша, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының 1500 жылдығын өткізу жөніндегі үкімет қаулысының орындалуына жауапты Шығыс Қазақстан облысының әкімі В. Метте айтулы шараға байланысты тіпті Премьер-министрдің орынбасары И. Тасмағамбетовтің нақты тапсырмасына да әлі тырс етіп жауап қайырмай отырған көрінеді. Сонда Өскемен қаласының қақ ортасында бүгінге дейін



тапжылмай, тәуелсіздіктің 10 жылдығын бізбен бірге қарсы алғалы тұрған қызыл империя көсемінің ескерткішіндей мінез көрсетіп В. Метте міз бақпады екен деп ұлы мұрамыздың 1500 жылдығын өткізбей, жылы жауып қоямыз ба? Өйтсек әлем алдында масқара болмаймыз ба?..

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
4 қыркүйек, 2001 жыл*



## ШӘКӘРІМНІҢ ДӘЛ ӨЗІ

«Егемен Қазақстанның» 4 маусым күнгі санында жарияланған Шәкәрім қажының бұрын белгісіз фотосуретін көргенде қуанышымда шек болмады. Мақала атын «Шәкәрім қажы деп отырмыз» деп екіұштылау қылыпты. Мына фотосуреттегі кісі Шәкәрім екеніне күмән келтіру артық. Шәкәрімнің дәл өзі. Мақала авторы Марат Әбдешевтің зерттеулері дәлелді. Ол өз алдына. Менің «Шәкәрімнің дәл өзі» деп батыл айтып отырғаным: біріншіден, Шәкәрім тошаласы Семей облысы Шұбартау ауданының Байқошқар ауылынан 30 шақырымдай қашықтықта, Шыңғыстаудың күнгейіндегі Шақпақ деген жерде. Қажының өмірінің соңын сонда өткізгені, сонда оққа ұшқаны көпке мәлім. Мен бала жасымнан сол жайлауда өсіп, тошаланың орнын әбден көріп, қанық болған адаммын. Жыла сайын елге барғанда, аракідік болса да арнайы соғып, Шәкәрім су ішкен бастаудан дәм татып жүремін. «Шәкәрім тошаласы басында» деген өлең де жазғанмын. Фотосуретті көрген кезде Шәкәрімнің артында тұрған тошала қабырғасы көзіме оттай басылды. Қазір құлап, аласарған тошаланың шикі кірпіштен қалаған қабырғасы бұдан 30-40 жылдай бұрын едәуір биік еді. Тошаланың көлденеңі, биіктігі менің көз мөлшеріммен дәл келіп тұр. Және тошала сәл қия бетке орналасқан. Іргесіне назар аударыңыз. Тошала шынында да таудың етегіне салынған.

Екінші – Шәкәрімнің сол жақ иығынан асыра зер салсаңыз, тошаладан бері жатқан қойдай үлкен тас көрінеді. Сол тас күні бүгін де жатыр. «Шәкәрімнің бүркіт қондырған тасы-ау...» деп талай үңілгенім есімде. Тошаланың солтүстік жағында аттың жарты денесі көрініп тұр. Бұл да бұлтартпас дәлел. Аттан ары – тау сілемі. Сол таудың түбінде, тошаладан 20-30 қадам жерде бастау бар. Себебі қажы атын тошаланың қабырғасын қос қабаттап салған қора ішінде ұстаған.





Тошаланың есігі оңтүстікке қарап тұр. Есіктен бір адамның жартылай денесі көрінеді. Қажының бақыршысы болса керек. Есіктен әрі бір терезе бар. Ол тошала қиыс тұрғандықтан объективке ілінбеген. Шәкәрім тошаланың шығыс жағында отыр. Тошалаға Байқошқар жақтан келіп тірелетін жолдың үсті. Егер қазір қолыңызға осы фотосуретті ұстап, Шақпақтағы Шәкәрім тошаласының шығыс жағынан келсеңіз, тура осы панорама көз алдыңызға келеді.

Үшінші – фотосуреттегі кісінің бет-бейнесі Шәкәрім екеніне күмән туғызбайды. Бала кезімде біздің ауылда Мұқан Мақатаев деген ақсақал болды. Көп әңгіме білуші еді. Сол кісі: «Шәкәрім қажының сақалы аппақ, ұзын, кеудесіне түсіп тұратын, атылардан бірер апта бұрын көрдім, басында ақ тұмағы болушы еді», – деп отыратын. Мұқан ақсақалдың сол сөзі де мына фотосуреттегі ақсақал Шәкәрім екеніне көңілімде күдік қалдырмады.

Ал мақала авторы Марат Әбдешевтің Шәкәрімнің бұрынғы кітаптарында басылып жүрген жалғыз суретті де Ф.А. Филистров түсірді дегеніне қосылмаймын. Себебі ол суреттегі Шәкәрім мына суреттегіден әлдеқайда жас. Сақал-шашы қапқара. Соған қарағанда, ол сурет 1927 жылдан бұрынырақта, кем дегенде он шақты жыл бұрын Семейде, не сол Шыңғыстауда түсірілген болу керек деп жорамалдаймын. Мақала соңында редакция тарапынан «Табылған суретке ҚР Ұлттық Ғылым академиясындағы институт мамандары не дейді? Мәселеге сарапшы-ғалымдардың кәсіби тұрғыдан назар аударып, өз пікірлерін айтуын қалар едік» делініпті. Ол да жөн шығар. Бірақ Шәкәрім екені айдан анық көрініп тұр ғой. Шәкәрім қажының керемет фотосуретін тауып, халқын қуантқан музей қызметкері Марат Әбдешовке мың да бір рахмет!

*«Егемен Қазақстан» газеті,*

*26 мамыр, 2002 жыл*





## КІТАП-ҒҰМЫР

Өткен жылы жарық көрген салмақты кітабын оқып шыққаннан кейін жазушы, сыншы, қоғам қайраткері, жастан сырлас, сыйлас ағалардың бірі – Сұлтан Оразалының азаматтық тұлғасы бұрынғыдан да биіктеп көрінді. Көпке белгілі тұлғаның шын бейнесін тану үшін алдымен оның жүрек түкпірінен тас бұлақтың суындай қайнап шыққан жан сырына үңілу керек екендігіне көз жеткізіп, жазушының жан дүниесі, ғұмыр сәулесі қаламның ұшы арқылы ақ қағаз бетіне өрнек боп түсіп, өз алдына екінші өмір бастайтындығына тағы да дәлел тапқандай болдық. Бұл кітап сырттай қаламгердің өмір шежіресі, көп жылғы шығармашылық есебі іспетті көрінгенімен, іштей үңілгенге өмірдің әр алуан кезеңдерінен сыр шертетін, ел басынан өткен әр қилы оқиғалардың айнасындай, қоғамдық күрестің бел ортасында бәйтеректей бой көрсетіп, уақыт дауылына иілмей өткен ұлы тұлғалардың өшпес дидарындай көңіл қозғайды.

Көлемі кірпіштей қалың болғанымен, кітап алғашқы беттен-ақ жүрдек, жеңіл оқылады. Оқу үстінде автордың шығармашылық өмірбаянына шолу жасай отырып, бәріміз бастан өткерген бүкіл ғұмырды көзбен қайта шолып шыққандай әсерге бөленесің. Жазушымен бірге мұңданасың, қуанасың, қиялға берілесің, алысқа ой жібересің.

Туған жер – алтын бесік дидарын тебірене толғаудан басталатын алғашқы бөлім атына сай «тас бұлақтың суындай сылдырап», алыстан бұлдырап көрінген қасиетті Шыңғыстаудың сай-саласына қиялыңды жетелеп, Ұлы Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген тарихи топырақтың аңызға толы қойнауына қалай кіргізіп жібергенін аңғармай қаласың. Атадан қалған асыл сөздің сарқытын көп ішкендігін, туған тілдің уызына бесіктен жарығандығын жүйрік қалам иесі бірден байқатады. Жүрген сайын шежіре Шыңғыс көне тарих шымылдығын түріп, әр





төбесі Нысан абыздай күңіреніп, шешіле сөйлейді. Сен де бір ғасыр кейін шегініп, өткен заман адамдарымен бетпе-бет жүздесіп, тілдесіп, сырласқандай күй кешесің.

Шыңғыстау туралы қалам тербеу әрі оңай, әрі қиын: оңай болатыны – қарт Шыңғыс жазушының ой шылбырын ұзақтан өзі тартып, жебеп, жетелеп отырады. Қиындығы – Мұханды айтпағанда, осы өңір туралы жазыған дүние ұшан-теңіз. Шыңғыстың табиғаты мен тарихын бес саусақтай тарататын жазушы ағасы Кәмен Оразалин мен Бөрілідегі Мұхтар Әуезов мұражайының шырақшысы Бекен Исабаевты қайда қоясың? Сұлтан Шәріпұлы Шыңғысқа өз көзімен қарап, өзінше сыр толғап, ой түйеді. Шыңғысқа тартқан Сұлтан қаламының соқпағы Абай атасынша «алыстан сермеп, жүректен тербеп» барып, көкжиегі көмкерілмес ой әлеміне жол тартады.

Енді алдыңнан ұлылар бой көтереді. Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ілияс Есенберлин, Ғабдол Слановтармен қайта қауышып, Шыңғыс Айтматовпен сұхбаттасасың. Көз алдыңа теледидар айнасы өткен жылдар елесін алып келгендей, өлгенің тіріліп, өшкенің жанғандай қуанышты сезінесің. Бұл турасында кітапқа жазған алғы сөзінде Зәки Ахметов ағамыз: «Жүрегінің жылуын, жанының мейірім шуағын барынша төге түсіп, аса бір сүйіспеншілікпен беріле жазған Сұлтанның қос Ғабең туралы, Ілияс жайлы, шоң Шыңғыс Айтматов жөніндегі эсселерін тебіренбей, толқымай оқуы мүмкін болмады. Автордың көңіл камерасындағы асыл бейнелер қалам қуаты, сөз нәрі арқылы қозғалысқа келіп, толыққанды көркем тұлғаға айналған. Сұлтанның эсселері – естелік емес, қимас ағаларына көркем сөзбен сомдап келістіре соққан елеулі ескерткіші...

Асылы, біз кешегі біртуар арыстарымыздың бейнесін, асыл қасиеттерін сөзбен сомдап, көзбен көргендей суреттеуге талпынамыз. Бірақ осы талпынысымыздың бәрі қимас жандарымыздың тірі бейнесін бір көргенге жете ме? Бүгіндері



қазақ көркем әдебиетіндегі алыптар шоғырының соңғы тұяқтары – қос Ғабеннің (Мүсірепов пен Мұстафин) асыл бейнелерін кезінде Сұлтан Оразалинов әзірлеген «Сұхбаттан» өзге қайдан көре аламыз? Көру ғана емес-ау, ұлы тұлғалардың жүрек лүпілін сезу, қуаныш-күйінішіне куә болу кімге де болса аз олжа емес», – дейді. Академик ағамыз Сұлтан інісін көтере мақтап отырған жоқ. Шыны сол, Зәкидей заңғар ағамыздың ағынан жарылып, Сұлтандай азаматтың келешекке ерте көз жіберіп, ел тарихы үшін білгірлікпен тындырған ісіне разылық білдіргеніне біз де сүйсіндік. Ұлт ұйытқысын ойлаған жандар осылай бірінің табысын бірі қызғанышсыз көре білсе, барды бүкпей бағалай білсе керек.

Расында да Сұлтанның ұлылар туралы эсселер циклы мен кезінде олармен жүргізген телесұхбаттары – күн өткен сайын қадірі арта түсетін қымбат дүниелер. Әр сұхбаты – бір кітапқа бергісіз бірегей қазына. Теледидар тарихында мұндай сүйекті де көркем әдеби хабар жоқтың қасы. Жазушы естелік-эсселерінде ұлы тұлғалармен кездесу сәттеріндегі қарым-қатынас, пікір алмасу аясында қалып қоймай, олардың ішкі жан сарайларының алтын кілтін тауып, көңіл қазыналарының қақпасын аша біледі. Ұлылардың жан дүниесіне қалай үңілудің үлгісін көрсетеді.

Ойлап қарасақ, Қазақстандағы көркем теледидардың негізі Сұлтан Оразалиновтың осы сұхбаттарынан бастау алады екен. Оның Қазақ теледидарында әдеби-драмалық бағдарламалар бас редакциясын тұңғыш ұйымдастырып, оны басқарған жылдарында тікелей эфирде ашық пікірлерге кең жол ашылып, дуалы ауыздардан ұлттық ойдың тиегі ағытылғаны көпке мәлім. Сол тұста ақын-жазушылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері теледидар айнасынан жиі көрінді. Өкінішке орай, бүгінгі телеарналар сол бір үрдісті үзіп алды. Себебі көркем теледидардың қыры мен сырына жетік Сұлтандай сұңғыла азаматтар қазіргі телеарналар маңынан көріне бермейді.



Жалпы көркем теледидардың Қазақстанда қалыптасып, өріс алуына Сұлтан Оразалиновтың сіңірген еңбегі қыруар. Сұлтан даярлаған кадрлар Қазақ теледидарының көсегесін көп жылдар бойы көгертіп келгені шындық. Сондықтан да әдебиетші, сыншы, тележурналист Сұлтан Оразалинов – қазақ көркем теледидарының негізін салушылардың бірі деп батыл айта аламыз. Айтылып та жүр.

Сұлтан Оразалинов теледидар ісін шебер ұйымдастырушы, білікті басшы ғана емес, өзі де қалам қайратын сарқа жұмсаған жазушы, сценарист ретінде кеңінен танылды. Бұған осы кітапқа кірген үш жүзге жуық әдеби сценарий мен ой-толғамдары айғақ. Сондай-ақ, кітапта Сұлтан шығармашылығының керегесін кеңейтіп, бақанын берік ұстап тұрған тұғырлы еңбектің бірі – Ғабдол Слановтың жазушылық шеберлігін зерделей зерттеген монографиясы. Монография – арнайы диссертация қорғамаса да Сұлтан Оразалиновтың ғылым теңізінде де желқайықтай еркін жүзе алатындығының айқын көрінісі. Бұл еңбек туралы кезінде көрнекті ғалым-сыншылар Бейсенбай Кенжебаев пен Сағат Әшімбаевтар сындарлы пікір білдіріп, жоғары бағалаған болатын.

Монография – ғылымның қасаң тілімен емес, еркін тыныспен, оқырманын ой иірімдеріне тартып, қызықтырып отыратын қалам қуатымен жазылған, тиянақты да терең талдаудан туған көркем шығармаға парапар дүние.

Кітаптың «Өнер өрісі» деп аталатын келесі бөлімінде ұлт мәдениетіне қатысты келелі мәселелер кеңінен сөз болады. Өзі де осы саланың суығына тоңып, ыстығына күйе жүріп, көптеген мақалалар жазып, көңіліндегі көлеңкелі де шуақты ойларын жарқырата көрсетеді. Ел болу үшін ең алдымен ұлттық салт-дәстүріміздің алтын діңгегі қисаймай, нық тұруы керектігін қазып айтып, қадап ескертеді. Әсіресе телесұхбаттарында толғағы жеткен, тығырыққа тірелген жағдайлардың нақты шешімін көрсете отырып, ұлт тағдырына алаңдап, көл қорғаған

қызғыштай шырылдайды. Кезекті сұхбатында: «Академик Д. Лихачев «Мәдениеттен жұрдай болып, имансыздыққа ұшыраудың салдарынан орыс халқы, тіпті бүкіл отанымыз аса қауіпті жағдайда тұр» деп жар салды. Қазақтың ақиық ақыны Жұбан Молдағалиев өмірінің соңғы кезінде жазған бір мақаласында республикамызда жас ұрпақты халықтық дәстүрде, ұлттық мәдениет рухында тәрбиелеудің жойылып кеткенін күйінішпен еске алады. Міне, соның нәтижесі: ұлда – намыс, қызда – ар қалмай барады», – деп ашына айтады.

Мұндай өткір пікірлер кітапқа кірген мақалалардың кез келгенінен молдап ұшырасады. Сұлтан Оразалинов қаламынан туған дүниелер көпірме көпсөзділіктен таза, білімділіктің, байсалдылықтың, керек жерінде батыллықтың берік қазығындай көрінеді маған.

Батылдық демекші, қайраткер Сұлтан Оразалиновтың ұлт мүддесін жан сала қорғап, бел шеше күреске түскен кезеңі – Тіл комитетін басқарып жүрген жылдары екені аян. Мемлекеттік тілдің мәртебесі жолында қалам қуатын да, қайрат-қажырын да сарқа жұмсады. Бұл пікірімізді С. Оразалиновке «Туған тіл – қыдырың» деп аталатын бөлімге жазған алғы сөзінде Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Ана тілімізді аялап-әлпештеу – менің де азаматтық борышым» деп түсініп, өз тіліміздің де, көп ұлтты қазақстандықтардың төл тілдерінің де мемлекеттік заңды негізде дамуына тікелей атсалысып жүрген қайраткер Сұлтан Шәріпұлының еңбектері – тақырыбы кең, мазмұны терең, туған тіліміз бен туысқан тілдердің тағдыры үшін маңызы зор туындылар», – деп берген бірегей бағасы бекіте түседі.

Тіл мәселесіне байланысты атқарылған қыруар жұмыстар мен оны жолға қою барысындағы бастан кешкен қиындықтар кітапта жан-жақты, егжей-тегжейлі сөз болады. Егер мемлекеттік тіліміз болашақта төрт аяғынан тік басып, айдарынан жел есетін күн туса, Сұлтандай елін сүйген азаматтың жан



айқайындай естілетін оның ескіrmес туындылары да туған тіл тарихының төрінен құрметті орнын ойып алары сөзсіз.

Кітаптың келесі телефьесалар бөлімі де өзіндік көркемдік ерекшеліктерімен С. Оразалиновтың қаламгерлік қырының тағы бір жарқын бетін ашқандай көңіл оятады. Автордың теледрама табиғатын жете білетіндігі осында топтасқан әр шығармадан шырай береді.

Соңғы бөлімдегі орыс тілінде жарияланған мақалалар да кітаптың әлеуметтік салмағын көтеріп тұр. Орыс тілді оқырмандар да осы шығармалармен танысу арқылы Сұлтан Оразалиновтың қазақ мәдениетінің, ұлт мүддесінің, көп ұлтты Қазақстандағы халықтар достығының үлкен жүректі ұйытқысы екендігіне көз жеткізері анық.

Міне, тәуелсіз еліміздің рухани әлемінде өзіндік орны бар тұлғаның қияға құлаш ұрып, күреске толы күндерінің жарқын көріністерін көз алдыға тартатын осынау кітаптың соңғы бетін жапқан соң ойланып көп отырдым. Мына алыс-жұлыс, арпалысқан тіршілікте кейде қасымызда жүрген жандардың қадірін біле бермейтінімізге, тау көтеріп келе жатса да көре қоймайтын керенаулығымызға іштей қынжылдым. Әйтпесе алдымыздағы ағалардың, соңымыздағы інілердің ішінде де Сұлтан Шәріпұлындай өмірдің сан саласында тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін шарқ ұрып жүрген азаматтар аз ба?

Шіркін, жаманды жерлеп жасыта бергенше, жақсының нұрын тасыта бергенге не жетсін?! Соның бір үлгісі – осы кітапқа Зәки Ахметов, Әбіш Кекілбаев сынды ел ағаларының ағынан жарылып жазған алғы сөздері емес пе?!

Халқына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан қарымды қаламгер, қажырлы қайраткер Сұлтан Оразалинов ағамыздың еліне сыйлаған жақсы кітабына бір ауыз жылы пікір білдіруді мен де жөн санадым.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,*

*9 тамыз, 2002 жыл*



## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ЖЫРШЫСЫ

Бағзы замандардан бері қоңырауын күмбірлетіп, күңірене көшкен жыр керуенінің сүрлеу-соқпағы баба тарихымыздың бел-белестерінде тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Өмір өзгеріп, тұрмыс қанша түрленсе де, елім деп еңіреген, жерім деп күйзелген ата жыр өзінің түп тамырын жұлдырмай, өзегін үздірмей өркен жайды, күннен-күнге кемелденіп, дамып келеді. Сан ұрпақ келіп, сан ұрпақ кетіп жататын жұмбақ жалғанда көздің шырағы сөнсе де, сөздің шырағы ешқашан сөнбек емес. Бұған VIII ғасырдағы Күлтегіннің көктасына түскен елдік жырының ғажайып рухының Қорқыт, әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Кетбұға, Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтанберді, Бұқар, Махамбет, Дулат, Абай, Мағжанға дейін, онан кейін де ұласа шеру тартуы айқын дәлел.

Күлтегін ескерткішінің авторлары: «...Ағалы-інілілердің дауласқандығынан, Бекті халқының жауласқандығынан түрік халқы елдігін жойды», – деп күңіреніп, XVI ғасырда Доспамбет жыраудың: «...Кірмембес ауыр қолға бас болып, күңіреніп күн түбінде жортқанмын», – деп шамырқануы, XIX ғасырда батыста Махамбеттің:

*Темір қазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме? –*

деп атой салуы, шығыстан Дулат:

*Өксігіңді ойласам,  
Ұйқы беріп, қайғы алам.*





Қилы-қилы заманды,  
Заманға сай адамды,  
Салғастырып қарасам,  
Су мүйіз болған танадай,  
Шыркөбелек айналам.  
Кешегі бір заманда,  
Қайран қазақ, қайтейін,  
Қасиетті еді хан, қараң.  
Мынау азған заманда  
Қарасы – антқор, ханы – арам,  
Батыры көксер бас аман,  
Бозбаласы – бошалаң,  
Қырсыға туды қыз балаң,  
Нары – жалқау, кер – балаң,  
Құсы күйшіл, ат шабан;  
Жырғалаң жоқ, зобалаң,  
Ебі кеткен ел болды,  
Енді қайда мен барам? –

деп зар шегуі де, олардың ізін баса шыққан Абайдың:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың, –

деп көкірегі қарс айрыла жырлауы, тіпті XX ғасырда Мағжан-ның:

Қазағым, таянды ғой қылта мойның,  
Жер-мал кетіп, бос қалдың біздің қойын.  
Қарашы өзіңе өзің көз жүгіртіп,  
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.





*Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,  
Біреулер алып қала салып жатыр.  
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,  
Жерінен аузын ашып қалып жатыр, –*

деп жүрегі қанжылап, жан айғайға басуы – үзілмей келе жатқан дәстүрлі поэтикалық ойдың әр кезеңде берген жемістері. Сондықтан әл-Фарабидің нағыз адам, «шынайы бақыт» туралы концепциясы мен ұлы Абайдың «толық адам» туралы тұжырымдардың тегі бір арнада тоғысып, үндестік тауып жатса, көне түркі ескерткіштеріндегі түркі халқына ой салар идеялар ұлттық ояну дәуірінде Дулат, Міржақып шығармаларынан қайталанып көрініс берді. Қазақ жырының поэтикасындағы осы үзілмеген дәстүр жалғастығын тану арқылы біз замандар бойы екі көзіміз төрт болып тілеп күткен тәуелсіздіктің үмітімізді үздіре жаздап барып, кенеттен жарқ етіп оралуының өзі отаршылықтың қамшысы мен қылышының астында сор өзенін кешіп жүріп, өз үнін өшірмеген жанкешті ұлттық рухтың үздіксіз күресінің ұлы жеңісі екендігін анық пайымдаймыз. Осы ұлы жеңісті, шексіз бақытты қолымызға ұстатқан алтын арқау – ұлттық рухтың үзілмей жалғасуында өзінің алды-артында жасаған ұлылар тектес Дулаттың да алатын орны ерекше.

Дулат қазаққа «қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, қайырусыз жылқы бақтырған» Абылай дәурені өткен, отаршылардың ортамызды ойып орын алып, төрімізге жетіп, төбемізден қарай бастаған аса бір ауыр кезеңінде дүниеге келді. Дулатты тудырған дәуір оған ел басына төнген отаршылдық ауырлықтың салмағы мен одан келер қауіпті, сондай-ақ оның соңғы нәтижесін жете танытты және оны былайғы көпке жеткізе айтып, жұрттың көңіл көзін ашу міндетін арқалатты.

Сондықтан оның жырлары елді бірлікке, берекеге шақырумен бірге әлеуметтік қайшылықтардың түп тамырын қазып,



аршып, жеріне жеткізе айтатын ерекшелікке де ие болды. Елін сатқан намыссыз ұлықтармен аяусыз күресті. Алайда Дулат олардың ұлықтығына өшікпейді, қайта ел басына төнген қауіпті сезінбейтін аңғарсыздығына, отаршылдардың айтқанына көніп, айдағанына жүрген дәрменсіз аянышты халіне ашынады. Туған халқының басынан өткен қилы-қилы қиянатты тауқымет Дулат ақынды да өрмекшінің торындай шырмап келді. «Тұманың тұнық суындай» жыр тудырған, ұлттың жігер-күшін құдіретті сөз қуатымен бұлқындырған Дулаттай дүлдүлді де тарих көзінен тасалап, ұрпақ зердесінен аулақтатып бақтық. Отаршыл саясаттың астарын қазып отырып, халқына ой салған ақынға кешегі Кеңес Одағы тұсында да отаршылдардың іші жіби қойған жоқ, олар Дулат шығармаларының халыққа кең таралуына тістырнауымен қарсы болды, Дулат жырларының өміртанытқыш теңдессіз қуатынан өлердей қорықты. Сондықтан күні бүгінге дейін Дулатты танып-білу халықтық сипат ала алмай, қанатын кең жая алмай отыр.

Дулатты жеке-дара түрде емес, Абаймен байланыстыра қарау керек еді. Біз бұл салада да ағаттықтар жібердік. Ол ағаттықтарымыз абайтануға да көлеңке түсірмей қалған жоқ. Абайтанушылардың бәрі де ұлы ақынның нәр алған рухани қайнар көзін үш салаға бөледі. Олар: шығыс әдебиеті, орыс әдебиеті арқалап келген Еуропа мәдениеті, қазақтың ауызша поэзиясы арқылы атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық өнер дәстүрі. Кеңестер Одағы тұсында Еуропа мәдениетінің Абайға тигізген ықпалы жеріне жете зерттелді. Тіпті кейде асыра айтылған тұстары да болды. Ал Абай нәр алған ұлттық мәдениетіміз көбіне аты аталып, заты талданбай, ескерусіз күй кешті. Сондықтан күні бүгінге дейін Абайға рухани нәр берген төл ұстаздары туралы шындықты жұрт қабылдай алмай келеді.

Абайдың ақындық өнердің биігіне көтеріле алуына әлемдік әдебиеттің мол қайнарынан сусындағандығы себеп болды.

Дегенмен, өзі көктеген топырақтан нәр алмаса, өз топырағы құнарсыз болса, сыртқы әсер қашанда оның осындай ғажайып табысқа жетуіне толық әрі қажетті шарт бола алмаған болар еді. Абай әлемдік ойдың жетістіктерін ғана қабылдап қойған жоқ, өз халқының рухани мұрасынан да армансыз сусындады. Еуропаның ұлы әдебиетшілерін өзіне ұстаз ете алған ақын өз халқынан ұстаз таба алмаса не болғаны?

Абай дүниенің төрт бұрышына көз салып, әлемдік әдебиеттің алып айдынынан сусындамас бұрын өзін өмірге әкелген қазақы жырдың қасиетті қара уызына мейлінше жарып өскендігін естен шығармаған абзал. Бұл тұрғыдан алғанда, Абай өнеге алған ұстаздардың бірі де бірегейі – Дулат Бабатайұлы. Академик Зәки Ахметов: «Абай поэзиясы мен Дулат секілді дарынды, кемел ақынның өлең-жырларындағы үндестік туралы айтқанда жекелеген ұқсастықтарға назар аудару, әрине, жеткіліксіз. Абай да, Дулат та өнерпаздық тұлғасы мүлде өзгеше суреткер десек те, олардың өмір сүрген ортасы, заманы жалғас, жақын, сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, әр түрлі әлеуметтік топтардың мінез-құлқын бейнелеп көрсеткендігінде де ұқсастық, сабақтастық бар», – деген тұжырымы арқылы Абай мен Дулаттың әлеуметтік сыршылдықтағы ұқсастығын тудырған – олар жасаған тарихи кезең деген ойға меңзейді. Бұл да шындық. Ал ұлы Абай мен Дулаттың ортасындағы рухани сабақтастықтың тамыры тереңде, ғасырлар бойына жалғасып келген ұлттық ойлау жүйесінде, ұлттық эстетикалық талғамда, ұлттық салт-дәстүрде, оларды тудырған құнарлы топырақта жатыр. Оның төркінін көне түркі жазбаларынан, Қорқыт, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтанберді, Бұқар, тағы басқалардың жырларынан іздеу керек. Абай мен Дулат ортасындағы сабақтастық жеріне жете зерттелмеген тақырып екені рас, десе де бұл шындықты бағамдаған ғалымдарымыз бар. С. Негимовтің: «Әдебиет әлемінде ұлылығымен



де, сұлулығымен де, тереңдігімен де ерекшеленетін ерен дарын Абайдың ақындық күмбезінің сән-сәулетін Дулат соққан мұнарасыз елестету мүмкін емес», – деуі – аталған екі ақынның арасындағы рухани тұтастықты ашуға деген құлшыныс. Алайда «Дулат соққан мұнарасыз» деген сөздің орнына «Дулат соққан іргетассыз» десе, дәуірлік хронологиялық тұрғыдан да, рухани даму тұрғысынан да қисынға келер еді.

Талантты сыншы Тұрсынжан Шапай: «...Абайдан бастап, жалпы поэтикалық үрдістермен қатар, әрбір ақынға ерекше ықпал еткен, оның поэтикалық әлемінде үзілмей желі тартып жататын жеке есімдер пайда болды. Абай үшін қазақ топырағында ең алғаш тұлға даусыз – Дулат», – десе, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов: «Өз кезінде Дулаттың ұлы Абайға ұстаз, үлгі болғанын, кейін Абай, Мағжандар дамытқан ойлар мен теңеулердің бастау көзі Дулатта жатқанын көзіқарақты оқырман жақсы біледі», – дейді. Дулат жөнінде әдебиеттің білгір мамандары осындай ойға тоқтайды.

Дулат пен Абай – біртұтас әлем, сөз өнерінің ықылым замандардан бері ұласып келе жатқан ұлы дәстүрінің жақын көрінісі. Бұл тұжырымдарды тура қабылдай алмайтын, Абайға жасалған қиянаттай көретін көзқарастар да бар. Ол ұлы ақынды тағы бір мықтыға шәкірт дәрежесінде көргісі келмегендіктен болар.

Сөз жоқ, Абай – біздің ұлттық мақтанышымыз, әдебиетіміздің темірқазық жұлдызы. Абайға қарап өткен-кеткенімізді сараптап, бар мен жоғымызды түгендеп, бағыт-бағдарымызды анықтайтынымыз да содан. Бұл – мәселенің бір жағы. Екінші жағына келсек, кез келген кемеңгер өзін туғызған халқынан ұлы да, одан биік те бола алмайды. Дүние тарихындағы ұлы тұлғалардың барлығының да ұстаздары болған. Дулат – Абайдың рухани ұстазы деген сөз намыс емес, мақтаныш. Одан Дулат Абайдан биік деген ұғым тумайды. Абай өз биігінен аласарып та кетпейді, қайта асқақтай түседі.



Абай – өз биігіне шыққан адам. Оның үстіне, қазақта Абайға ұстаз бола алған Дулаттай тұлға болса, ол қазақ үшін мерей емес пе? Одан қазақ ұтпаса, ұтылмайды. Біздің оған намыстануымыз – жалған намыс. Егер шынымен намысшыл болсақ, Абай бойындағы артықшылық қасиеттің бәрін Еуропа мәдениетінен келген кірме қасиет деген шалағай, тұрлаусыз көзқарасты әлдеқандай етіп көпіртіп көрсетуден намыстанайық.

Біз Абайдың ұлттық нәр алған рухани ұстаздарын жоққа шығару арқылы Абайды туған халқының ұлылығына шүбә келтіреміз. Сол сөзіміз арқылы қазақ халқының Абайға дейінгі небір жарық жұлдыздарын берген ұлттық сөз өнерін тәрк етіп, Абайды көргені кем, тексіз етіп шығаратынымызды аңғаратын кезге жеттік. Шынында, Абай Бұқар, Дулаттарды берген құнарлы топырақтан нәр алмағанда, дәл бүгінгі биігіне шыға алмағанда болар еді. Біз қазақ халқының намысын ойласақ, Абайдың өз ұлтынан шыққан ұстазы жоқ деп даурыққанша, рухани ұстазы көп деп, Абай ойының тамырын сол көп ұстаздарының бойынан іздеуге тырысайық. Абайдың көп ұстазы дегенде біз әжесі Зере, әкесі Құнанбайдан бастап, Абайдай ұлы дария бастау алған қасиетті қайнар көздерді меңзеп отырмыз.

Абай халық поэзиясын, соның ішінде Дулат поэзиясын өз бойына сіңіріп, синтездеп, қорытып, жаңа сапаға ие етіп, сол арқылы өз ұстаздары көтеріле алмаған биікке көтерілді. Оның ұлылығын сол тұрғыдан іздеу керек. Абай өз ұстаздарының бәрінен де биік болғаны секілді, Дулаттан да биік. Сонымен де ол – Абай.

Бір халықтан бір ұлы адам көрінсе болды, қалғандарын соның қалқасына тығып, өздерінің мүддесіне қайшы келетін идеясы бар деп білгендерін атауға, өз орнында бағалауға тыйым салып отыратын отаршылық жүйе қалыптастырған бұрынғы қасаң көзқарас ендігі жерде рухани қажеттілікті өтеуден қалды. Бұл, ең алдымен, әдебиетке, оның ішінде әдебиет тарихына, әдебиет



тарихын жасаушы жеке тұлғаларға да қатысты екені белгілі. Біз Абай мен Дулатқа осы қасаң көзқарастың тар шеңберінен шығып, ұлттық тұрғыдан, жаңаша көзқарас биігінен қарағанда ғана олардың ұлылық әлемінің көкжиегі кеңдігін сезініп, шығармашылық шыңына шығуда басып өткен шытырман жолдарын және өнер мен өмірді ұштастыра білген жұмбақты тағдырларын бұрынғыдан да терең тани түсетініміз кәміл.

Халықты бір шыбықпен айдаған, батырының басын кесіп, ақынының тілін байлаған зұлым заман да келмеске кетті. Аллаға шүкір, ұлт та ұлы жыршысымен қайта табысты. Дулат туралы шындық айтыла бастады: «Абайтанудың жүз жылдық ұзақ-сонар даму тарихына ой жіберіп, шола қарағанның өзінде ұлы ақын мұрасын бірде жатырқап, артынан қайта табысқанымыз немесе бірде жалаң танып, артынан тереңдей түскеніміз жасырын қалар сыр емес, кеше ғана көз алдымызда болып өткен тарих сүрлеуі емес пе?

Дәл осындай болмаса да, осыған тағдыры ұқсас, бірақ әдеби мұрасы екі рет күйген тағдыр тәлкегін Дулат жыраудан көреміз. Ол Абайға дейінгі ауызша айтылып, импровизаторлық дәстүр негізінде дамып, жалғастық тауып келген қазақ поэзиясы мен жаңаша бағыт-бағдарымен даму жолына түскен жазбаша әдебиетті ұштастырып, рухани көпірге айналды, әдеби мұрасымен өз заманындағы саналы ойдың иесіне айналды. Дулат мұрасы жартылай танылған «ақтаңдақ» қалпында қалып, аты аталса да әдеби жұртшылық арасында оқтын-оқтын қозғау да салып отырады. Бірақ ел жайында айтылар шындықтың толық, тұтас күйінде айтымай, жартыкеш күйінде орнығуы себепті, тарихи әлеуметтік өмір болмысына орай туындаған Дулат шығармаларының басты да туынды сарыны, лейтмотиві ғылыми тұрғыдан ашылмай қала берді», – деп ашына да ашыла айтқан білгір ғалым Мекемтас Мырзахметұлының осы пікірі әлі күн тәртібінен түскен жоқ. Турасына көшсек, дулаттану

енді басталды. Рас, Дулаттың кесек таланты мен оның әдебиет тарихынан алатын орны хақында айтып кеткен һәм айтып келе жатқан Қ. Жұмалиев, Қ. Өміралиев, З. Ахметов, М. Мырзахметов, М. Мағауин, Т. Кәкішев, Р. Сыздықова, Қ. Жұмаділов, С. Қасқабасов, М. Жармұхаммедұлы, С. Негимов, Т. Шапай, Т. Қожакеев, Қ. Жарықбаев, М. Қараев, Х. Сүйіншәлиев, Қ. Раев, Б. Омарұлы, С. Қорабаев бастатқан ғалымдар мен жазушыларға халық та, ақынның аруағы да разы.

Жоғарыда аты аталған зерттеушілердің бәрі де Дулатты қазақ жырына жаңа тұрпат әкелген, көркемдік өрнегін түрлендірген, жазба поэзиясының басы деген тоқтамға келеді. Бұл олардың Дулатқа деген жалаң ықыласынан ғана туып отырған жоқ. Мұндай тұжырымды тудырып отырған – ақынның еш қоспасыз, халықтың саф алтындай таза тілімен өзінің жаңашыл, тапқыр ойларын үндестіре білген шеберлігі, өз заманына терең талдау жасап, дәуір сипатының образын жасай білген шыншыладығы. Сондай-ақ, болашақты болжай білген көрегендігі. Академик Қ. Жұмалиев: «Абайға дейінгі ХІХ ғасырда өмір сүрген ақындардың ішінде поэзиямызға жаңа бір түр кіргізген ақын – Дулат», – деп, Дулаттың ақындық талантына аса жоғары баға берген еді. Дулаттың қазақ поэзиясына алып келген жаңалығы туралы халық жазушысы М. Мағауин де: «Ақынның көңіл-күй, табиғат лирикасы да сол дәуірдегі қазақ поэзиясы үшін жаңашыл сипатта болды», – деп Қ. Жұмалиевтің ойын нақтылай түседі. Осындай ойды М. Жармұхамедұлы да айтқан болатын. Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Рабиға Сыздықова Дулат жырының табиғатына одан әрі ішкерлей кіріп: «Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасын қалаған Абай болса, оны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен – Дулат...» – деп, Дулат ақынның ұлы Абайға өнеге



болар ой қалдырып, оның әлемдік биікке көтерілуіне алтын баспалдақ, рухани іргетас, сондай-ақ ұлттық нәрінің ұлттық қайнар көзі болғандығын дәл басып айтады.

Бұлар – біздің дулаттануда жеткен жетістігіміз. Дулат туралы іргелі ғылымның қалыптасуы үшін әлі де зор сенім, қажырлы еңбек керек. Әсіресе Дулаттың өзінен бұрынғы халықтық поэзиядан алған нәрін өзінен кейінгі ақындарға қалай жеткізгендігі, кейінгі ақындардың оны қалай дамытқандығы, оның қазақ өлеңінің поэтикалық дамуындағы алатын орны – күрделі зерттеулерді күтіп тұрған тақырып екені даусыз.

Дулат туған халқымен табысты, әдебиет тарихындағы және халық тарихындағы өз орнын алды. Бұл – қазақ халқының мақтанышы. Ал ұлы ақынның 200 жылдық мерекесінің өзі бір жыл кешігіп, әупіріммен аталып жатса, обалы – бодандыққа әбден бас ұрып, дертін асырып жіберген құлдық психологияның мойнында. Дулат – ұлтқа керек ұлы жыршы.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
3 қыркүйек, 2003 жыл*



---

❧

## М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫНЫҢ С. БЕГАЛИН КӨШІРМЕСІ

«Байырғы түрік мұралары – қазақ мәдениетінің қайнар көзі» деген тақырыпта өтіп жатқан бұл халықаралық ғылыми конференцияға бүкіл түрік дүниесінің ұлы ақыны, түрік рухының асқақ жыршысы М. Жұмабаев есімінің де тікелей қатысы бар. Ықылым замандардан бері үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық рухтың алтын арқауын Мағжан Жұмабаев шығармаларынан да анық көре аламыз. Сонау VII ғасырдағы Күлтегін бабамыздың көктасындағы қашалып жазылған мәңгі өлмес бабалар сөзімен сабақтасып, өзектесіп кеп бүгінгі ұрпақ санасында жаңғырып тұрған да осы Мағжан ақын жырлары. Бағзы бабалар:

*Түрік халқы, тыңдаңдар!  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың.  
Барған жерден не пайда таптың?  
Қаның судай құйылды,  
Сүйегің таудай үйілді.  
Бек ұлдарың құл болды,  
Пәк қыздарың күң болды... –*

деп күңіренсе, кешегі Мағжан:

*Япыр-ай, айырылдық па қалың топтан,  
Шабылып қайтпайтұғын қалың оқтан?  
Түркінің жолбарыстай жүрегiнен,  
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?*

*Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,  
Шынымен ауырды ма бітіп халі?*



*От сөніп жүректегі құрыды ма,  
Қайнаған тамырдағы ата қаны? –*

деп шыбын жаны шырқырайды алыстағы ауыр күн кешкен түркиялық бауырластарға арнаған өлеңінде. Жалпы түрік халқының өр рухы, ел бірлігі, азаттық сарыны Мағжан жырларының адастырмас темірқазық жұлдызы екені баршаға аян.

Ұлт үшін у ішіп, Отан үшін опат болған Мағжан ақынның қолжазбалары қаншалықты сақталғаны әзірге бізге беймәлім. Қазіргі оқырмандар Мағжанмен 1989 жылы ақын ақталғаннан кейін «Жазушы» баспасынан шыққан бір томдық шығармалар жинағы арқылы ғана таныс. Егер КГБ-ның қармағынан аман қалып, жұрт қолында жүрген Мағжан қолжазбаларының жұрнақтары болса, жинап, ғылыми айналымға түсіру алдағы күннің еншісінде. Зады, 1937 жылдың нәубәтіне ұшыраған қазақ қаламгерлерінің қолжазбалары сақталмаған. Бар болса, там-тұмдап қана.

Өздеріңізге белгілі, Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы 1928 жылы «Шолпан» журналында басылған. Ал осы поэманың жазушы Сапарғали Бегалин көшірген нұсқасы өткен жылы С. Бегалиннің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына келіп түскен архивінің ішінен шықты. Бұл – әдебиет тарихы үшін үлкен жаңалықтың бірі.

С. Бегалин жазушы, ақын ғана емес, халық ауыз әдебиетін жинаушы, өнер зерттеушісі, ұлттың жанашыры болатын. Оның әдебиет тарихына сіңірген еңбегі әлі өз бағасын толық алған жоқ. С. Бегалиннің Жамбыл, Мәди, Үкілі Ыбырай, Ықылас, Қазанғап, Шашубай, Бақтыбай, Әсет, Біржан, Ақан, Төлеу Көбдіков, тағы басқа тарихи тұлғалар өмірінен жинаған қазыналары ұшан-теңіз. Жазушының архивтік мұрасы өте бай. Оны зерттеп, саралау енді ғана қолға алына бастады. Мысалы, халық ақыны Төлеу Көбдіковтің Кеңес өкіметі тұсында



жариялауға болмайтын «Ақтайлақ би» поэмасы мен қанша өлеңдері С. Бегалин архивінде сақталып келіпті. Басқасын былай қойғанда, 1941 жылы Мәскеуде Ленин атындағы кітапханада айлап отырып жинаған материалдарының ішінде Абылай ханның Түркістандағы қабіріне байланысты дерегі өте құнды. С. Бегалиннің «Айқап» журналынан көшіріп алған дерегі Абылайдың қазіргі анықталып отырған қабірінің күдіксіз екендігін дәлелдей түседі. Бұл да тарих үшін үлкен олжа. Ал 1956 жылы Ілияс Жансүгіров ақталған соң жұрт «Құлагер» поэмасын еш жерден таба алмай дал болғанда, құс жастығының ішінен суырып алып берген де Сапарғали Бегалин екен. Міне, үндемей жүріп ұлт үшін үлкен іс тындырған ер деп осындай кісілерді айтса болар.

Сапекең «Батыр Баян» поэмасын да қиын-қыстау кезеңде көшіріп алып, келешек үшін көзінің қарашығындай сақтап келген. Қолжазба қазір «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының сирек қолжазбалар бөлімінде сақтаулы тұр. Поэманың көшірмесі – жолсыз, жалпақ, қолдан түптелген сарғыш дәптерге араб әрпімен жазылған. Барлығы – 24 бет. Алғашқы 14 беті қызғылт көк сиямен, қалған 10 беті жасыл сиямен көшірілген. Ең соңғы бетінде «Аяғы. Жазып алдым 13 мамырда, 1928 жылы» деп жазылған. Міне, бүгін бұл қолжазбаның көшірілгеніне 74 жыл 4 күн толып отыр. Осы көшірменің өткен жылы Еуразия университеті жанынан ашылған «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына келіп түсіп, бүгінгі байырғы түрік мұраларына қатысты халықаралық конференцияда сөз болып отыруы да тегіннен-тегін емес, бабалар мен ұрпақтар рухының үнсіз ұштасуының көрінісіндей әсер қалдырды.

«Батыр Баян» поэмасының С. Бегалин нұсқасын 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан жинақтағы нұсқасымен салыстырып көргенімізде көп өзгешелік байқалмады. Тек бірлі-жарым сөздердің орны ауысқан.





Мысалы, жинақта: Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі.

С. Бегалин көшірмесінде: Қызыл тіл кісендеулі қолым емес.

Жинақта: Арқаның көз жіберсем алабына.

С. Бегалин көшірмесінде: Арқаның көз жіберіп алабына.

Міне, осы тәріздес өзгешеліктер ғана болмаса, жалпы поэма мазмұнында ауытқу, не қысқарып қалған, не қосылған жолдар жоқ.

Бүкіл түрік поэмасының інжу-маржандарының қатарынан орын алатын, қазақ халқының аруағын аспандата жырлаған, ұлтымыздың өшпес рухының жарқыраған алауындай «Батыр Баян» поэмасының тағдыр-тарихы да халқымыздың басынан өткен тар жол, тайғақ кешудің айғағындай. Сондықтан әдебиет тарихында «Батыр Баян» поэмасының С. Бегалин қолымен көшірілген нұсқасының да орны айрықша, мәні зор деп білемін.

2003 жыл



## МҰЗАРТ МҰЗАҒАҢ

Сексеннің сеңгіріне шыққанға дейін қолынан қаламын бір сәт түсірмеген, қиялмен қиянды шарлап, тұңғиық ой тереңінен сөз маржанын терген марғасқа Мұзағаңның (Мұзафар Әлімбаев) шәкірті болып соңына ергеніме табыны күректей отыз жылдың жүзі болыпты. 1973 жылы Қазақ университетінің журналистика факультетінің IV курсында оқи жүріп, Мұзағаңның шақыруымен «Балдырған» журналына қызметке келдім. Көп өтпей 50 жылдық мерекесі тойланды. Мерекелік жиналыс Қазақстан Жазушылар одағының сол жылы ғана салынып біткен, осы күнгі мәжіліс залында өтті. Мерейтойды алғаш көруім. Залда ине шаншар орын жоқ. Студент-жастар жағы иін тіресіп түрегеп тұрды.

Салтанатты мәжілісті Сырағаң (Сырбай Мәуленов) басқарып, баяндаманы Тұмағаң (Тұманбай Молдағалиев) жасады. Жиналған жұрттың ақынға деген ықыласы ерекше болды. Қалың құттықтаулардан соң сөз той иесіне тиді. Жанары жарқылдап, жүзі бал-бұл жанған ақын ширақ басып мінбеге көтеріліп, халқына ризашылығын білдіргеннен кейін бірнеше өлең оқыды:

*Мерт болды ер.  
Жүзі оның күліп қапты,  
Туған жер ыстық қанын суытпапты.  
Ырғағын қағып алып жүрегінің,  
Сағаты қолындағы жүріп жатты.*

Өзі бастан-аяқ кешіп өткен қан майдан туралы қаншама өлең жазды. Алайда бүкіл майдан суреті сыйып тұрған осы бір жалғыз ауыз өлеңнің орны айрықша. Өлеңді мен де іштей күбірлеп, қосыла жатқа оқып тұрдым. Өйткені мектеп қабырғасында жүргеннен жатқа білетінмін. Өлең өлкесіне алғаш қанат қағып,



шарқ ұрып ізденіп жүрген шағымда Мұзағаңның кітабы алғаш қолыма түсіп, басыма жастап оқығаным бар. Сонда көкейіме мөрдей басылып қалған жырлардың бірі – осы өлең еді. «Өзі де осы өлеңін жақсы көреді екен-ау» деп ойладым мен іштей. Өлең ары қарай оқылып жатты. Менің көз алдымда қайғы мен қуанышы қат-қабат түсіп жататын өмірдің қилы суреттері кезек алмасып, көңіл түкпіріне құйын үйіріп тұрды.

*Өмір сонша ала қолды болар ма?!  
Біреу тойда... миллиондар боранда...  
«Он сегізде... оңдырдым он сұлуды...» –  
Деп лепіріп тылда біреу жүрулі.*

*Он сегізде он танкіні қиратып,  
Отыр солдат он тал мұртын ширатып.  
Өмір сонша ала қолды болды ма?  
Біреу тойда, миллиондар боранда...*

Қысқа да шымыр өлең. Бірақ қысқа өлеңнің бойынан бес жылға созылған ұзақ-сонар сұрапыл соғыстың қыруар қайғы-қасіретін көруге болады.

Мұзағаң әдебиетке біздер сияқты мектеп қабырғасынан емес, ажалдың аузынан – майдан төрінен келді. Сондықтан да оның майдан жырлары өзінің майдандас, қаламдас досы Сырбай Мәуленов жырларындай жалын шарпыған ойларға толы. Жас ақынның сызды окоптарда туған тырнақалды туындыларының өзінен ерте есейген азаматтық үн аңғарылады. Майдан жырларының ішіндегі ең шоқтықтысы – «Ту тіккен» поэмасы. Берлинге жеңіс туын тіккен қазақ Рахымжан Қошқарбаев ерлігі туралы бұл поэма – шебер қолдан шыққан шымыр туынды. Оқ жауып тұрғанда жүз қадам жерді бауырымен жылжып өткенше жүз жылдай көрінген қиямет сәтті ақын өте ұтымды да нанымды бейнелеген.



Елінің өткені мен ертеңіне терең үңіле білген ақын ұзақ жылағы шығармашылық ғұмырда бірде бетін, бірде сыртын беріп, мың құбылған алмағайып кезеңдерде де өзінің азаматтық биігінен төмендеген жері жоқ. Ұлтының ұлы бола білді. «Менің Қазақстаным» поэмасы да өз заманының шындығын шырқата жырлаған, халықтың өмірге, болашаққа деген сенімін арқалаған кемел шығарма.

*Қозы ұстап, қой қайырып, құлын мініп,  
Қырынан жидек теріп, гүлін жұлып,  
Тілдіріп табаныңды қияғына,  
Өскен жер қаршадайдан сырын біліп.*

*Кім білер ел қадірін есі кірмей,  
Туған үй өз босағаң, есігіңдей.  
Туған жер – жайлы төсек көзің жұмсаң,  
Бөпе боп тұңғыш жатқан бесігіңдей.*

Ақын уақыт үкіміне бағынып, саясат шылауында кетпейді. Тереңнен толғап, көкейіндегі көрікті ойдың реңін аша, құлпырта суреттейді. Жалпы эпикалық жанрға 1958 жылы «Құрбымның күнделігі» атты тұңғыш поэмамен құлаш ұрған ақын «Естай – Қорлан» поэмасында еркін көсіледі. Махаббат мұңын мөлдірете жырлайды. Елуден астам кітап шығарған Мұзағаң әдебиеттің қай саласында болсын өнімді еңбек етіп, ерлік үлгісін көрсетті. Қазақ өлеңінің көшін қара нардай өрге тарта жүріп, балалар әдебиетінің де іргетасын бекітуге атсалысты: ауыз әдебиетін зерттеді; ән-өлеңдер, жүздеген эссе, сын мақалалар жазды; мақал-мәтелдер шығарды. Ақынның тереңнен маржан сүзгендей талмай ізденіп тапқан әдеби олжалары келешекте талай зерттеушілердің көз майын тауысары анық. «Өрнекті сөз – ортақ қазына», «Қалам қайраты», «Көңіл күнделігінен»,



«Мың бір маржан», тағы басқа көптеген кітаптары – әдебиет қазынасына қосылған құнды еңбектер.

Зады, Мұзағаң – ойшыл ақын. Өрнекті сөздің кестесін құлпырта әшекейлеуге, әр тіркесті майдан қылшық суырғандай епті қолдануға, тіл тазалығы үшін күресуге келгенде ерекшелігімен көзге түседі. Қазақ өлеңінің хас шеберлерінің бірі Мұзафар Әлімбаевтің шығармашылық шеберханасынан шалағай бұйым шығып көрген емес. Көбік ой, көпірме сөзден аулақ.

*Теңіз де тартылады,  
Мұхит та сарқылады.  
Құлайды орман-тоғай,  
Қирайды орда-сарай.*

*Жер болып тау шөгеді,  
Жайқалған бау семеді.  
Көз жастан қақ қалады,  
Сонда не сақталады?*

*Мәңгілік сөз қалады,  
Қозғайды, қозғалады.  
Өтерміз біз де бір кез,  
Қалар ма бізден бір сөз?*

Біқылым заманнан бері мынау опасыз жалғаннан кімдер өтпеген? Дүниеде өзгермейтін еш нәрсе жоқ. Бәрі де өзгереді, бәрі де өшеді. Өшпейтін, өзгермейтін – сәулелі сөз ғана дейді ақын. Расында да, соңында бір сөзі қалған адамда арман бар ма?! Ал Мұзағаңдай мұзарт ақындардан бір емес, мыңдаған сөз қалатынына өз басым кәміл сенемін.

Мұзағаң балалар әдебиетінің қара шаңырағына айналған басылым – «Балдырған» журналында ашылған күннен бас-





тап, отыз жылдан аса бас редактор болды. Осы жылдар ішінде қазақ балалар әдебиеті аршындап өсті. Қаншама шәкірттер дайындады. Бүгінде балалар поэзиясының классиктері атанып жүрген ақындардың көбі Мұзафар мектебінің түлектері десек артық айтқандық емес. Әнуарбек Дүйсенбиев, Қадыр Мырзалиев, Жақан Смақов, Қабдікәрім Ыдырысов, Мүбәрак Жаманбалинов, Құрманбай Толыбаев, Сұлтан Қалиев, Жәнібек Кәрібозин, Ермек Өтетілеуов, Бейсебай Кірісбаев, тағы басқалар Мұзағанның ықыласына бөленді. Өзі де жазып, өзгеге де жаздыра жүріп, ойдым-ойдым тоғайдан балалар әдебиетін көз жеткісіз көк орманға айналдырған бағбан болды.

Талмай іздену, уақытты бос өткізбеу – Мұзафар ақынның басты қасиеті. Әр минуттың қадірін білу де кемеңгерлік екенін Мұзағаңа қарап білесің. Өзі шығарғанын былай қойғанда, Мұзафар Әлімбаев жинаған, аударған мақал-мәтелдер – қазақ халқымен бірге жасайтын бірегей дүниелер. Осы күні кімде-кім мақал-мәтелден мысал келтіру керек болса, Өтебай Тұрманжанов пен Мұзафар Әлімбаев жинаған жауһар қазына қоймасына қол созатыны да сондықтан.

Әйгілі әншілеріміздің аузынан күн сайын шырқалып жүрген көптеген әндердің өлеңін де Мұзағаң жазғанын әрқашан мақтаныш етеміз. «Ақ маңдайлым», «Ақ сұңқарым», «Өзің де, жігіт, қызықсың», «Маралдым» әндеріне жазылған өлеңдер тыңдаған сайын тамсандыратыны сөзсіз.

Сан қырлы талант иесі, сөз өнерінің кемел қариясы – сыр-дариясы Мұзағаңның шалқар шығармашылығын бір мақалада түгел қамтып, зерделеп шығу мүмкін емес болғандықтан сөз аяғын өлеңмен түйіндеуді жөн көрдім.

*Қайық боп суга түстің де,  
Кеме боп тарттың жағаға.  
Тулаған толқын үстінде  
Талайды көрдің, жан аға!*



Айырып ерте есебін,  
Өмірден әкең сырғыды.  
Жетімдік деген көшенің  
Болып та көрдің тұрғыны.

Емес қой, сірә, жастық шақ  
Қызулы жардың төсегі.  
Аузынан бүріккен от бұршақ  
Соғысты көрдің кешегі.

Алдыңды қанша орады  
Арпалыс өрті сұғынып.  
Жылдардың дауыл, бораны  
Кеудеңде жатыр бұғынып.

Тереңнен тартып толғаған,  
Аңғартып сырды азырақ,  
Қақпаңды ашсаң,  
Сол боран  
Соғардай қайта азынап.

Төгесің шуақ ал бірақ,  
Бізгарын қыстың жасырып.  
Жайнайсың гүлдей албырап,  
Мерейін жырдың асырып.

Жан бар ма уақыт жанишымас,  
Жырыңмен асқақ, заңғарсың.  
Көзіңде тұнса тамшы жас,  
Оныңды кімдер аңғарсын?!

«Астана ақшамы» газеті,  
22 қараша, 2003 жыл



---



## ЕЛБАСЫНЫҢ КҮРЕСКЕРЛІК ӨМІРНАМАСЫН ДЕРЕКТЕРМЕН СОМДАУШЫ

*(Белгілі қоғам қайраткері Махмұт Қасымбековтің «Егемен Қазақстан» (24 сәуір, 3 шілде, 2004 жыл) және «Казахстанская правда» газеттерінде жариялаған Елбасы туралы толғаныстарын оқығаннан кейін көңілге оралған ойлар)*

Құрметті Маха, Елбасы туралы толғаныстарыңызды газетке шыққан күндері оқып, іштей толқыған болатынмын. Өзім де Елбасының биік тұлғасын, тұңғыық жан дүниесін терең сезіне жырлауға тырысып жүрген авторлардың бірі болғандықтан Президент жөнінде жазылған материалдарды қалт жібермей оқып, көңілге тоқып жүретінмін. Алайда осы күнге дейін Елбасы хақында қаншама шығармалар дүниеге келді. Олардың әрқайсысының өз орны бар. Әрине, әр қаламгер әр қырынан келеді. Сіздің қаламыңыздан үлкен кісі жөнінде туған толғаныстарды өзіңізбен кездескеннен кейін бірнеше қайталап оқып шықтым да ойға қалдым. Егер бұл шығармалар «Бәйтеректі» жазып жүрген кезде қолымма түссе, кім білсін, поэмаға басқаша өрнектер қосылар ма еді?..

Алдымен Елбасының қасында, қазандай қайнап жатқан қарбалас істердің ортасында жүріп, қалам тартуға уақыт тауып, аса сергектікпен, сезімталдықпен Президенттің жан дүниесіне үңіліп, мынадай маңызды туындыларды халқымызға сыйлағандығыңыз үшін ризашылығымды білдіремін.

Сіздің басқа қаламгерден артықшылығыңыз (бақытыңыз) – Елбасының дәл қасындасыз. Президенттің күнделікті жұмыс барысында ел тағдырына байланысты толғақты мәселелерді шешу үстіндегі тарихи сәттерінің куәгерлерінің бірісіз. Бұл күндері Елбасының алдынан өтіп жатқан мыңдаған маңызды

қағаздар – біздің дәуіріміздің шежіресі. Сіз сол қасиетті шежіренің болашақ алтын кітабын түптеп, қаттап отырған адамсыз.

Толғаныстар өте шынайы жазылған. Асып-төгілу, асыра мақтау жоқ. Көз алдыңызда өткен тарихи сәттерді қағазға мөлдіретіп түсіресіз. Қарапайым тілмен. «Сағыныш» деген алғашқы тарауда Елбасының жүрек түкпіріндегі сезім тебіреністерін әдемі бергенсіз. Шынында да Нұрағаң сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға ғой. Әсіресе ақынжанды. Ақынжанды болмаса елін осыншама сүйе алар ма еді?! Халқын осыншама биікке, бақытқа жеткізе алар ма еді?!

Осы арада сіздің ақындар туралы айтқан пікіріңіз көңіл толқытты. «Саяси көзқарасы үшін түрмеге отырған ақындар тарихта молынан ұшырасады. Бірақ ұрлық жасап, әйтпесе кісі ақысын жеп, абақтыға түскен ақынды өз басым естімеспін. Сірә, естімеспіз де», – дейсіз. Бұл сөзіңіз – айдай ақиқат. Өлеңге сұранып тұрған тамаша ой.

Толғаныстарыңызда Елбасының адами тұлғасы барынша жарқырап ашылады. Мемлекеттік маңызды мәселелерді шешумен қатар, жеке адамдардың да тағдыр-талайын назардан тыс қалдырмай, қол ұшын берген жайларды нақты мысалдармен оқырман алдына көлденең тартасыз. Қысқасы, Президент пен халық арасындағы байланыс шеберлікпен өрілген. Мұндай материалдар бүгінгі таңда ауадай қажет. Халықтың Президентке деген сенімін одан сайын орнықтыра түседі. Оның үстіне Елбасыға хат жазушылардың әр ұлт өкілдерінен болуы да ел тыныштығының, мемлекет іргесінің беріктігінің кепілі іспеттес.

Сондай-ақ, Президент пен зиялы қауым өкілдері арасындағы адами байланыс та оқырман көңіліне ойлы сәуле құяды. Бұған әсіресе Президенттің халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовпен жазысқан хаттарындағы жан тебіренерлік тұстары куә. Президент пен қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров арасындағы қарым-қатынас та бүкпесіз, шынайы

бейнеленген. Жасыратыны жоқ, «Тоқтар неге шеттеп жүр?» деген тәріздес пікірлер ел арасында да, баспасөз беттерінде де қылаң беріп жүр. Сіз соған шағын да болса нақты жауап беріп, көптің көңілін орнықтырғандайсыз. Тоқтар сияқты саяси тұлғалар елдің саяси өмірінен шеттетілмеуі тиіс. Бұл ең алдымен оның өзіне байланысты. Батырлық пен саясаткерліктің көбінесе ұштаса бермейтінін өзі де түсінуі керек.

Сіздің қаламыңыздан туындап жатқан болашақ кітаптың нобайы көбінесе Президенттің жұмыс үстіндегі іс-қимылдарын баяндауға құрылатын сияқты. Бұл өте дұрыс. Оқырманға керегі де осы. Алайда, жасыратыны жоқ, Елбасының тәуелсіздікті орнықтыру жолындағы терең ойланып жасалған батыл қадамдарын дер кезінде түсіне алмай жататын ағайындар да бар. Күңкіл-сүңкіл сөздер де сол түсінбестіктен туып, елді алаңдатып жатады. Айтайық, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы, әсіресе, ауылға түскен қиыншылықтарды Елбасының қателігіне санайтындар бар. Малдың азаюы, елдің қалаға көшуі, облыстардың қосылуын құптамайтындар әлі де бар. Меніңше, бұл жағдайлар уақыттың өзі туындатқан тарихи қажеттілік еді. Егер қазақ сай-сайда сол баяғыша қойдың соңында жүрсе, қаланы өз қолына алмаса, мына заманда қалай мемлекет болып тұра алмақ? Елбасының сұңғыла саясаты халықты өз бетімен іс-қимыл жасауға үйретті. Бұрынғы құмды-шөлді Торғай, Семей сияқты аймақтардағы елді Өскемен, Қостанай, Көкшетау, т.б. қалаларға өздігінен көшуге мәжбүр етті. Бұл процесс қолдан жасалған қиыншылық еді. Біздің республиканың жағдайында ұлттық мүдденің айғайлап ашып айтуға келмейтін нәзік тұстарын Елбасы осындай өмірдің өзінен туындайтын жағдайлар арқылы шешті. Бұл саясатты әлі де ашып айтуға ерте шығар. Дегенмен, болашақ кітаптың ішіне қисынын тауып кіріп жатса артық болмас.

Сайып келгенде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарды Мемлекет басшысының қателігіне санап



жүргендер өзі қателеседі. Соның ұлы айғағы – астананың Ақмолаға көшірілуі. Бұл – аса кемеңгерлікпен ұлт үшін жасалған ұлы ерлік. Болашақ кітапта Елбасының ел тағдырына қатысты ұлы істерді шешу сәттеріндегі шиыршық атқан жан тебіреністерімен оқырман жүздесіп жатса деген тілек те бар. Айтайық, тіл мәселесі жөнінде де Елбасы дұрыс саясат ұстанып келеді. Алғашқы кездерде тілді тізеге салуға келмейтін еді. Оған алдымен, басқаны былай қойғанда, қазақтың өзі дайын емес. Нұрағаң аса көрегендікпен, сабырлылықпен әліптің артын бағып, өзінің негізгі нысанына бет түзеп келеді. Қазақтар көп тұратын облыстарды бірте-бірте мемлекеттік тілге көшіріп, солтүстіктің мұзын еппен ерітіп келе жатыр. Сәтін салса, Елбасымыз аман болса, мемлекеттік тілдің де маңдайы жарқырайтын күн алыс емес сияқты.

Сіздің толғаныстарыңыздан бір түйгенім: Президент ұлтқа жүрек түпкірінде жатқан ішкі ойын көбінесе ашып айта бермейтін сияқты. Көсемдер сондай болуы да керек шығар. Біздер, қазақтар, әсіресе Елбасының әрбір қимыл-қадамдарын айттырмай, қабағынан түсінуіміз керек. «Үй артында кісі бар» дегенді әрқашан есте ұстауымыз қажет. Елбасының: «Махмұт, мені аяуды қашан үйренесіңдер?» – дегенін өзіңіз жазғандай, біз Елбасыны аялап, қорғауымыз керек. Бұл – түптеп келгенде, Тәуелсіздік кепілі. Ұлт болып ұйып, Президенттің айналасынан табылудың орнына өзара айқасып, елді жікке бөліп, Елбасының жүйкесін жұқартып жүрген парықсыз ақсақалдарымыз жоқ емес. Соларға Елбасы осы күнге дейін ұшан-теңіз қамқорлық жасап келеді. Мемлекет басшысының осы еңбектерін де елге жеткізе түссеңіз артық болмас. Оған мысал өте көп. Сондай-ақ, Елбасының кабинеттегі тыныс-тіршілігін көрсетіп қана қоймай, өзіңіз қатысқан барлық отырыс-жиындардан да әңгіме өрбітсеңіз, кітап бұдан да мазмұнды, мағыналы болар ма деп ойлаймын.

2004 жыл



## БИКТЕП БАРА ЖАТҚАН АҚЫН

Қазақ әдебиетіндегі есімдері не болмаса аты-жөндері бір-біріне ұқсас ақын-жазушылар бұрын да болған, құдайға шүкір, бүгін де баршылық. Мәселен, Мұхтар Әуезов, Мұхтар Шаханов, Жұбан Молдағалиев, Тұманбай Молдағалиев... тағысынтағылар. Қазақтың ақын қыздарының ішінде де бұл дәстүр өз жалғасын тапқан. Марфуға Айтқожа, Марфуға Бектемірова, Гүлнар Салықбай, Гүлнар Шәмшиева... осылай кете береді. Мен бүгін солардың ішінен өзім көптен білетін, өлеңдерін әрдайым көзден таса қылмай оқып жүрген ақын Марфуға Бектемірованың шығармашылығына тоқталғым келеді. Марфуғаның ерте-ректе жазған мына бір өлеңі әлі күнге есімде:

*Қара бұлтқа тығылады тоңған ай,  
Көзім талды түн ішінде жол қарай.  
Ызың-ызың жел еседі... осы түн  
Махаббаттың соңғы түні болмағай.*

*Суық сөздер естімесін жұлдыздар,  
Жауратпасын жұлдыздарды түнгі ызғар.  
Арқа жақта елеусіздеу жыр жазып,  
Аспан жақты аңсап жүрген бір қыз бар, –*

деп жазған еді сол кездегі жас ақын қыз. Бала кезден өлеңге өз үнімен келген Марфуғаның поэзиясы бүгінде оқырман жүрегіне мықтап орныққаны анық.

«Ей, перзентім, егер ақын болғың келсе, сөзің тілге жеңіл, көңілге қонымды болсын. Түсінуге қиын, қисынсыз сөздерді қолданудан сақтан! Өзіңе түсінікті болғанымен, өзгелерге түсініксіз сөздерді қолданба. Өлеңді өзің үшін емес – халқың үшін жазуың керек», – деген екен шығыстың ұлы шайыры Кейқауыс.





Марфуғаның бір ерекшелігі – өлеңді күшке салмай, еркін жазатындығы. Оның өлеңдерін оқыған кезде қиналмай оқысың.

*Сағынышым – сары гүл, толар аймақ,  
Жол шегеді адамдар соған айлап.  
Менше теңіз күрсінсе, күңіренсе,  
Жастық шағым жүреді жағада ойнап.*

Есейген соң жастық шағын сағынбайтын адам бар ма? Содан кейін өкінгеннен не пайда, жастық шақ өтті де кетті дейміз. Ал ақынның жастық шағы жағада бала болып мәңгі ойнап жүреді. Ақын қиялында шек жоқ деген осы. Жастық шаққа қайта оралу мүмкін емес деген табиғаттың заңын мойындағысы келмеген ақын, теңіз күрсінсе күрсіне берсін, ал менің жастық шағым жағада ойнап жүреді деп оның мәңгілік бала бейнесін көз алдыға келтірмек болады.

Кейбіреулер өлеңді оп-оңай жазыла салынатын дүние көргенімен, оның әдіс-тәсілдері, амалдары қаншама?! Сөздегі үндестік, теңеу, пішіндеу, дамыту, құбылту, астарлау, асқақтату, ажарлау, айшықтау, түйдектеу, меңзеу, ырғақтау, бейнелеу секілді, тіпті одан да басқа ақындық шеберлікке қажетті дүниелер өлең жазған кезде міндетті түрде ескерілуі керек.

*Қара түн...  
Қара аттай тыпыршиды,  
Тұяғы жер тарпыса...  
Бұлт ыршиды.  
Тұяғы тұлпарымның тиді ме екен,  
Аспанда...  
Ай ақырын ыңырсыды.*

Қараңыздаршы, бір өлеңнің шумағында төрт түрлі теңеу, ауан түрлі образ бар. Қара түнді – қара атқа теңеу, жансызға





жан кіргізу, оның тыпыршып бір орнында тұра алмайтындығы, сол тұлпардың тұяғының айға барып тиюі, аспанда айдың ақырын ыңырсуы... кейіпкерін құбылту, айтар ойды астарлап жеткізу, оңына қарай түйдектеу, ырғақтау, бейнелеу білген адамға көп нәрсені аңғартады.

*Тағы бір жапырақты... жақсы жаным,  
Жанымның жарасына жапсырамын.  
Сені сүйген жүректі кеудемдегі  
Мен енді бір Аллаға тапсырамын.*

Біздің кішкентай кезімізде ауылдағы үлкен кісілер, ата-әжелеріміз алыс жолға шыққан балаларының маңдайынан сүйіп: «Саған көз-қырын салып жүрсін, бір Аллаға тапсырдым...» – деп жатушы еді. Бұл өзі қарапайым сөз секілді көрінгенмен, қасиетті сөз. Махаббат дегенің үлкен, ұлы сезім болатын болса, ол да ақынның сапарға аттанған жалғызындай.

«Өзі берген жанды Алла өзі алады» дегендей, осы бір құдіретті сезімді маған берген Алла еді, соны өзіне қайтарамын, өзіне тапсырамын деп философиялық тұжырым жасайды. Ақынның ойы терең, шынайы, адам жанының небір құпия қалтарыстарын үңгіп келіп, оралымды ойлар айтуымен қымбат.

*...Махаббат өзенін  
Лайлауға болмайды, –*

деп махаббаттың ұлылығын әспеттеп, мұндай қасиетті сезім қашанда таза болуы керек, көрінген келіп оны лайлай берсе не болады деген ой тастайды.

Бүгінгі күнде тәуелсіздік алдық, бостандыққа қолымыз жетті деп жатырмыз. Ол туралы ақын:



*Сенсіз мен не істер едім, ойлашы,  
О, бостандық, жүрегімнің жолдасы!  
Шамам жетсе, мен де сені қорғайын,  
Шамаң жетсе, сен де мені қорғашы! –*

деп, өз халқын қорғай білмеген тәуелсіздік, бостандық кімге керек, ең алдымен өз халқыңды, оның арман-мұраттарын қорға деген ойды айтады.

*Жыр жолы – ауыр да ұзақ жол.  
Қараңғы аспан түсірді неге қабағын,  
Жұлдызды іздеп, жанарды көкке қададым.  
Көлікке мініп сен кеттің, сенің соңыңнан  
Жұлдызды жолмен жаяулап кетіп барамын, –*

деп ақынның өзі айтқандай, Марфуға – поэзияның ауыр да ұзақ жолында көңіліне қанат байлап, биіктеп бара жатқан ақын.

*«Жалын» журналы,  
№3. 2006 жыл*



## ЕР ЖӘНІБЕК НЕГЕ ЕСКЕРУСІЗ?

Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлігімен ел есінде қалған, Абылайға арқа сүйеу болған әйгілі батырлардың бірі – керей Ер Жәнібек Бердәулетұлы. Батырдың дәл қай жылы туып, қай жылы қайтыс болғаны туралы жазба дерек сақталмаған, ел аузындағы қария сөзге қарағанда, Жәнібек 1708 жылы туып, 1792 жылы дүниеден өткен. Қазақ тарихында аты аңызға айналған Әз Жәнібек, Шақшақ Жәнібек сияқты «Ер Жәнібек» – батырдың халық берген аты. Тарихта әйгілі Жәнібектердің соңы болғандықтан кейде «Ақыр Жәнібек» деп те атаған.

Ер Жәнібектің әкесі Бердәулет Сарыұлы 1680 жылы туған, 1723 жылы елді «ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан қазақ-қалмақ соғысында қаза тапқан. Жәнібек «ақтабан шұбырындыдан» кейін, қазақ қолының қайта ес жинаған кезінде ерлігімен ерекше көзге түскен. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Шақшақ Жәнібектерден кейінгі ұлы қолбасы, қазақ-жоңғар соғысының соңғы қаһарманы.

Халық аңызы бойынша, Жәнібек – киелі батыр ғана емес, асқан шешен де болған адам. Оның бұл қасиеті туралы аңыздар ел арасында күні бүгінге дейін ұмытылмай айтылып келеді. «Жәнібекке көкбөрінің даруы», «Көк дөнен», «Жәнібектің Абылайдың оң тізесінен орын алуы», «Жәнібектің Қабанбайдан бата алуы», «Қотырақ уақиғасы», «Жәнібектің Бидайық тауын көруі» сияқты небір көркем аңыздар сақталған. Осы аңыздар негізінде туған «Ер Жәнібек» атты төрт жыр бар. Бұлар Абылай дәуіріндегі қолбасшылар туралы туындылардың ішіндегі шоқтығы биік жырлардың қатарында.

Соның бірі – 1984 жылы Қытайда «Ұлттар» баспасынан шыққан «Қазақ қиссалары» деген кітаптағы Жәнібек туралы дастан:



*Осыдан екі ғасыр бұрын өткен,  
Аңыз боп ел ішіне тарап кеткен.  
Атасы – керейдің сары руы  
Бір әңгіме айтайын Жәнібектен.*

*Жәнібек жиырмаға келген жасы,  
Бұлиық етті, бура сан, зор тұлғасы.  
Жауырынды, иықты, қас-қабакты,  
Ержүрек батырдың бар нысанасы.*

*Жәнібек жастайынан мінген атқа,  
Жайылған батыр даңқы әр тарапқа.  
Досымбек, Өмір дейтін асқан батыр,  
Сары үйсін нағашысы батыс жақта, –*

дей келіп, дастанда әрі қарай соғыста Жәнібектің Абылайды қатерден қалай құтқарғандығы баяндалады.

Бір жорықта тұтқиылдан қалмақтардың қалың қолына жолыққан қазақ жасағы қатты сасып, шеті сөгіліп қаша бастайды. Мұны көрген Абылай бастаған қазақ батырлары тұстұстан қолдың алдына шығып, тоқтатуға тырысады. Алайда астарындағы болдырған аттар қашқан қолға жете алмайды. Артынан жау басып келе жатады. Сондай қысылтаяң кезде, аты болдырып келе жатқан Абылайды Жәнібек көріп қалады да, астындағы атын ханға көлденең тартады. Жігіттің дөненіне мінуге Абылай арланып:

– Батырым, мынау кісі сыйласатын кез емес, сені жауға тастап, атыңды міне қашқаным жөн болмас, одан да тезірек барып қолдың алдын тоқтат! – деген екен.

Сонда Жәнібек:

– Тақсыр, мен қолдың алдына барғаныммен, маған ешкім тоқтамас, ал сіз барсаңыз, жігіттер намысы оянып, қайта

қайратына мінер. Қазақта батыр көп, хан Абылай біреу-ақ. Оның үстіне жау арттан қаптап келе жатқанда, сізді тірідей жауға тастап кете алмаймын. Егер мына атқа мініп, қашып құтылмайтын болсаңыз, ханның басын қалмаққа қалдырып, қорлатқанша өзім алып кетемін! – деп қылышын суырған екен. Сонда Абылай хан Жәнібектің көк дөненіне қарғып мініп, қашқан қолды қуып жетіп, тоқтатып, өкшелей келе жатқан жауға қарсы шайқасқа қайта кірген екен. Қалмақты жеңіп, естерін жинап, олжаны бөлісіп болған кезде Абылайдың есіне бағанағы көк дөненін мінгізген жігіт түседі:

– Мана, жан алып, жан берген сәтте маған бір жас жігіт осы дөненді мінгізіп еді, иесін тауып келіңдер, – дейді.

Шабармандар көк дөненді жетектеп, Жәнібекті іздеп жүрсе, бір қостың іргесінен біреудің күректей табаны шығып жатқан көрінеді. Көк дөнен әлгі табанды иіскеп, оқыранып тұра қалыпты. Жәнібек сол екен.

– Абылай хан сені шақырып жатыр, – депті шабармандар.

– Мені қайтпек, көк дөненді ханға бір мінгізгем. Енді ханның тақымынан қайтып алмаймын, – деп жата беріпті.

Шабармандар қайтып келіп:

– Жәнібекті таптық, бірақ «Ханға берген атымды қайтып алмаймын» деп келмей қойды, – десіпті.

Хан қайта жұмсап:

– Ханның бұйрығын орындасын, алып келіңдер! – депті.

Шабармандар Жәнібекке ханның әмірін жеткізіпті. Сонда Жәнібек:

– Абылай оң тізесінен орын берсе ғана барамын! – депті.

Хан батырдың тілегін қабылдап, оң тізесінен орын беріпті дейді.

Алайда ел арасында Жәнібек туралы жыр-аңыздар әлі жүйелі түрде жиналып, зерттелген емес. Тіпті Жәнібек Бердәулетұлына қатысты кейбір деректер Шақшақ Жәнібектің



атына көшіріліп жүр. Бұл есімдердің ұқсастығына қатысты кеткен қателіктер болса керек. Бүгінгі ұрпақ Ер Жәнібектің атын Шақшақ Жәнібек қойғанын да біле бермейді. Ер Жәнібек Шақшақ Жәнібекті пір тұтып, әкесіндей сыйлап өткен көрінеді. Оған Жәнібектің Шуаш шешенге:

*Сен кемсек ауыз, жарғақ құлақ,  
Жалқыға суат бермес лайсың.  
Астыңа ала шолақ ат берсе,  
Алты ай мініп арытпассың.  
Қолыңа қырық кез оқ берсе,  
Дұшпанға бірін атып дарытпассың.  
Сен би болып та жарытпассың.  
Менің дауысым Қазыбекке тартқан,  
Сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартқан! –*

деген сөзі дәлел.

Халық Жәнібекке түркінің көк бөрісі дарыған деп те аңыз қылады.

Бала кезінде нағашысының үйінде жүрген Жәнібек бірде далада ұйықтап қалыпты. Уақытында келмеген соң артынан іздеп барған балалар Жәнібекті екі қасқыр жеп жатыр екен деп қашып келеді. Оны естіген үлкендер атқа қонып, балалардың бастауымен Жәнібектің жатқан жеріне барса, ұйықтап жатқан Жәнібектің басына бір қасқыр, аяғына бір қасқыр мініп отыр екен дейді. Бұл нысанды көрген үлкендер бұл бала асқан батыр болады екен десіп қуанып қайтады. Ақсарбас айтып тілеу тілейді. Жәнібек шынында да асқан батыр болып ержетеді.

Ол туралы айтылатын аңыздың бірінде қазақ-қалмақтың бір жолғы соғысында қалмақтың бір нояны: «Жекпе-жек! Жекпе-жек!» – деп майданға шығады. Қазақ жағынан жас батыр Жәнібек шығады. Жәнібекті көрген соң әлгі айқұлақтанып



кісі жейтіндей болып тұрған қалмақ нояны кері бұрылып, қаша жөнеледі. Жұрт таң-тамаша болады да қалады. Ноян өз қолына барып:

– Мынау тегін адам емес екен. Біз соғыспай, келісімге келелік, – дейді. Ноянның айтқаны болады. Соғыс болмай, екі жақ бейбіт келісімге келеді. Артынан тарту-таралғысын алып қазақ қолына келген әлгі нояннан Қабанбай батыр:

– Ой, ноян, бағана майданға жараған бурадай шабынып, екпінді шығып едің, біздің батырды көрген соң жының неге қағылды? Соғысқалы келіп сауға берген қалмақты алғаш көрдім, бұл қалай? – дейді. Сонда әлгі қалмақ нояны:

– Сіздің батырыңыздың екі иығында екі көкжал отыр екен, ала алмайтынымды және жолымның болмайтынын содан білдім. Сіздерді емес, артымнан ерген елімді аядым. Өзіме де жан керек емес пе... – депті.

Жәнібектің атын қазақтың басқа батырларына қатысты жыр-дастандардан да жиі ұшыратамыз. «Қабанбай» жырында:

*...Кейбір жан айырылады мал баға алмай,  
Жарымес жаңылады сөз таба алмай.  
Қабекең қайғыланды дегенді естіп,  
Келіпті өзі батыр хан Абылай.*

*Мінгені ханкемнің қарагер-ді,  
Еседі бейне желдей қара жерді.  
Қабекең қайғыланды дегеннен соң,  
Батырдың өзі тұстас бәрі келді.*

*Қан құсты қайғылы боп ер Қабанбай,  
Жауымнан қалам ба деп кек ала алмай.  
«Намысын Қабекеңнің әперем!» – деп,  
Келіпті Қанжығалы ер Бөгенбай.*





*Жатушы ек елімізде сары қазы жеп,  
Шабатын біз қырғызға не қылып ек?  
«Намысын Қабекеннің әперем!» – деп,  
Керейден іздеп кепті ер Жәнібек! –*

деген жолдар бар. Жәнібек аты осы жырда Абылай хан, Бөгенбай, Бердіқожа, Жантай, Көкжал Барақ, Малайсары, би Боранбай, Шөрек, Қасабай, Дәулетбай батырлармен қатар аталады.

Ер Жәнібек әсіресе қазақ даласының шығысын жоңғар басқыншыларынан тазартуда жеке ерлігімен, жеңісті жорықтар ұйымдастыра білген қолбасылық өнерімен ел сеніміне ие болған. Қазақ руларын Зайсан, Алтай өңірлеріне орнықтыруда елге тірек болып, көзінің тірісінде даңққа бөленген. Абылай мен Қабанбайдан бата алған. Сол ерлігін ақын Ақыт Үлімжіұлы «Ер Жәнібек» дастанында:

*Қазаққа Қап тауындай қорған болдың,  
Жауыңа жасыл түсер зордан болдың.  
Шайқаста тізеңді имей, дауда бермей,  
Еліңді Алтай бастап Ордан келдің, –*

деп жырлаған.

Жәнібек – жорықта Абылайдың ақ туын ұстаған аруақты батыр. Осы арада мына бір жайды есте ұстаған жөн: Абылай кезінде әр рудың қолбасы батырларына ту ұстатып жауға аттандырған. Оларға берілген ту, әрине, Абылайдың өз туы емес, дегенмен Абылай берген жорық туы болғандықтан жұрт оны «Абылайдың ақ туы» атап кеткен. Жәнібек батыр ұстаған Абылайдың ақ туы ХХ ғасырдың 40-жылдарына дейін батырдың ұрпақтарының қолында болған. 1940 жылдардағы





Қытай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі кезінде ол туды Жәнібектің жүрежаты Зардықан деген батыр ұстап жүрген екен. Көрген адамдардың айтуынша, ту тозып, етегі жыртылып кеткендіктен сыртын ақ матамен қаптап тастаған дейді. Тудың онан кейінгі тағдыры туралы дерек жоқ. Егер Қытайдағы мұражайлардың біріне өткізілмеген болса, Алтай аймағы Шіңгіл ауданында тұратын Сағдат Мырзахметұлының қолында болуы мүмкін.

Қытайда жасаған тарихшы Асқар Татанайұлы Жәнібек батыр туралы 80-жылдарда біраз мақалалар жазып, көптеген деректерді қағазға түсірген. Оларда Жәнібектің ерлігі, шешендігі, киелілігі, сыншылығы, т.б. қырлары туралы қызықты материалдар бар. Қытайда тұратын жазушы Шәміс Құмарұлы батыр туралы ел аузындағы аңыз желісімен «Ер Жәнібек» (1998 ж. Шыңжаң халық баспасы) атты роман жазды. Моңғолияда тұратын бауырымыз Сұлтан Тәукейұлының «Ақыр Жәнібек» (2000 ж.) атты романынан да хабарымыз бар.

Тәуелсіздік алғаннан бері тарихымызды түгендеп келеміз. Елім деп еңіреп өткен есіл ерлерді еске алып, аруағын әспеттеп ас беріп, той өткізу, басына күмбез тұрғызу сияқты игі шаралар бүгінде салтқа айналды. Сондай-ақ, олар туралы жазылған көптеген көркем шығармалар мен тарихи еңбектер рухани өміріміздің көкжиегін кеңейте түсуде. Қарасай мен Ағынтайға, Қабанбайға, Абайға, Шәкәрімге орнатылған ескерткіштер, Түркістанның 1500 жылдық тойының өтуі – соның айғағы. Өкінішке қарай, исі қазаққа әйгілі, ерлігі жырға айналған Жасыбай, Олжабай, Бердіқожа, Малайсары, Көкжал Барақ, Баян, Баймұрат бастатқан, берірек келсек Сұраншы, Саурыққа дейінгі әлі талай ұлы батырларымыз атаусыз жатыр. Соның бірі – Ер Жәнібек.

Ер Жәнібектің бұл күнде кішкентай төмпешікке айналған зираты Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының



орталығы Георгиевка селосынан 10 шақырымдай жерде, Қалба тауының сілемінде қараяды. Батырдың сүйегі жатқан жерді 60-жылдары жергілікті көнекөз қариялардың айтуы бойынша тауып, анықтаған, бүгінде Семейде тұратын тарихшы-ғалым Мұхаметқазы Мұхамәдиұлы мен басына белгі орнатуға мұрындық болған және қазақ жеріндегі талай тарихи орындарды айтып кеткен қоғам қайраткері Әшімбек Бектасов марқұмға аруақ қашанда разы! Бір әттеген-айы – цементтен құйылған шағын белгіге «Жәнібек Қошқарұлы» деп әкесінің аты қате жазылған. Дұрысы – Жәнібек Бердәулетұлы. Зады, Әшімбек ақсақал Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасындағы:

*Балталы, екпінді оттан Оразымбет,  
Сырғалы, шапшаң оқтан ер Елшібек.  
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін,  
Тәкаппар Қошқарұлы ер Жәнібек! –*

деп аталатын Жәнібекпен шатастырып алған секілді. Мағжан поэмасында және басқа да аңыз-әңгімелерде аталатын Қошқарұлы Жәнібек – Шақшақ Жәнібек.

Ер Жәнібектей баһадүрді осы уақытқа дейін ескерусіз қалдырып келгеніміз естір құлаққа да, көрер көзге де ұят. Тағы бір өкініштісі – «Қазақ совет энциклопедиясында» да, жаңадан шыққан «Қазақстан ұлттық энциклопедиясында» да Ер Жәнібек туралы екі ауыз сөз жоқ.

Анау-мынау дейтіндей екінің бірі, егіздің сыңары емес, біздің бүгінгі бақытымыз үшін, ел мен жердің тұтастығы үшін өмір бойы кеудесін оққа, мойынын қылышқа төсеп өткен, Абылайдың өзі оң тізесінен орын берген қазақтың Ер Жәнібегі емес пе еді бұл батыр!



Алдымыздағы 2008 жылы Ер Жәнібектің туғанына 300 жыл толады. Осы датаға дейін батырдың басына кесене тұрғызып, зираттан таяқ тастам жерде тұрған Жарма ауданының орталығы – Георгиевка селосының атын өзгертіп, «Ер Жәнібек ауылы» деп атасақ, тәуелсіз еліміздің айбынын асыра түсер бір игілікті шара болар еді!

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
19 сәуір, 2006 жыл*



## ЖЫР ЖҮЙРІГІ

Күләш Ахметова – өз халқының жүрегінің төрінен әлдеқашан орын алған ақын. Күләш туралы бізге дейін дуалы ауыз ағаларымыз да, тегеурінді тұстастарымыз да, зерделі іні- қарындастарымыз да ағынан жарылып, адал да шынайы пікірлерін айтып келеді. Қашанда нағыз ақын, кесек талант хақындағы сөз сарқылмайды, қайта күн өткен сайын оның жұмбақ та құпия қырлары гауһар тастай жарқырай ашылып, жан-жағына өз сәулесін шаша түсері сөзсіз.

Күләш қазақ жырына ешкімге ұқсамайтын өзінің ерекше кестесімен келіп, бірден биіктен көрінді. Ұмытпасам, 1970 жылдары – студент кезінде Қазақ университетінде ұстазымыз Сұлтанғали Садырбаев ағамыз басқаратын М. Әуезов атындағы әдеби бірлестігінің жыр кешінде оқыған «Әйгерімнің әні» деген өлеңімен алғаш танылды. Жас ақын Күләш сол сәттен бастап жыр-сүйер қауымның көңіліне мықтап орнады деп ойлаймын. Әдетте бірнеше кітабы шықса да ешкім танымайтын, таныла да алмайтын авторлар болады. Керісінше, бір өлеңімен-ақ даңққа бөленетін дарындар болады. Сондай жүйріктің бірі – Күләш.

*Жаратқанның кемелдігі кітапта,  
Таланттардың тереңдігі кітапта, –*

депті «Құт» кітабында. Шынында да Күләштің «Ақ гүлім менің» деген алғашқы жинағынан бастап, соңғы кітабына дейінгі аралықта жыр әлемінің шексіз кеңістігі мен түпсіз тұңғиығына еркін бойлап, елі мен жерін – байтақ Қазақстанын үлкен махаббатпен жырлап келе жатқан үлкен жүректі тұлға екені даусыз.

Күләш жырлары тұнықтығымен, ойлылығымен, сыршылдығымен, табиғилығымен, тектілігімен баурайды. Әрбір



өлеңі – сырттай әрқайсысы өзінше жеке туынды, іштей бір-бірімен үндесіп, ұласып, ұштасып жатқан тұтас әлем.

*Сайран салған сағынышпен келем де,  
Қарлығаштар айналады төбемде.  
Қырымнан да, Римнен де артықсың,  
Сенен ыстық жер жоқ маған әлемде...*

*...Аязыңды еске аламын алдымен.  
Ақ қарың ше?  
Көрген жоқпын еш жерден  
Ондай мөлдір, көп-көгілдір қарды мен.*

Өзінің алтын ұясы Үшаралын Күләш осылай жырлайды. Үшаралдан ұшқан ақындықтың ақ құсы бірте-бірте кеңге қанат жайып, биікке самғайды. Сол биіктен Күләш түскен емес. Жылдан-жылға, жырдан-жырға көшкен сайын кемелденіп, көркейіп, қазақ жырына жаңа тыныс, тосын серпін әкелуде. Күләш жырларының әсерінен қанаттанған қаншама ақын қыздар дүниеге келді. Олардың өзі қазір жыр бақшасының шоқ гүліндей боп көздің жауын алады.

Күләш нәзік жаңды сыршыл ақын болуымен қатар, азаматтық тұғыры биік, заманның құбыла соққан күретамырының бүлкілін дәл басып, дер кезінде үн қосатын қайраткерлігімен де ерекше. Қампитып кітап шығару үшін емес, халқының қамы, ұлт болашағы үшін тіл өнерінің азапты да ләззатты жолында жүрек отын алаулата жағып, айналасына жыр шуағын шашып келе жатқандығы қуантады.

*Қиялым шарлап галамды,  
Көтеріп кие, күш аппақ.  
Жер бетіндегі адамды  
Жеке-жеке құшақтап,*



*Құттықтап шықтым жүрекпен,  
Пәк тілек айтып мына Мен.  
Жақсылыққа толы тілекпен,  
Жарқырай түсті Күн, Әлем.*

*Көрмеген заман келіп тұр,  
Қуат бер, Тәңірім, ерен бір!  
Құтты мезгілмен жолықтыр,  
Қуаныштарыңа кенелдір!*

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – десе Абай атасы, Күләш та «жер бетіндегі адамды жеке-жеке құшақтап сүйгісі келеді». Береке, бірлік, ел амандығы, әлем тыныштығы, адамзатқа деген ұлы махаббат – оның бүкіл шығармашылығының алтын өзегі. Міне, өресі биік ақындар ғана әрқашан осылай биік сөйлейді.

Қаратау өңірінде XIX ғасырда өткен әйгілі айтыс ақыны Ұлбике туған топырақта дүниеге келген Күләш алдымен қазақтың қасиетті қара өлеңінің қара уызынан нәр алып өсті. Оның өлеңдерінің «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», оқырмандарын әрқашан қанатты ойларға жетелейтіні сондықтан. Күләш жырды өмірдің өзінен тудырады. Әйтеуір өлең жазу керек екен деп қолына қалам ала бермейтін талғампаз ақын. Өнердің киесін, жырдың қасиетін барынша қастерлейді. Сөз қадірін кетіріп алудан қатты сақтанады. Дегдарлық, пәктік, сезім шынайылығы – Күләш шығармаларының басты қасиеті. Ұлбикені ауызға алғанда Күләштің ертеректе жазылған «Ұлбикенің соңғы тілегі» атты монологы еріксіз ойға оралады. Сол кездің өзінде-ақ Күләштің сезімге, сырға толы мөп-мөддір жырларына қызыға қарағанымыз есімде.

*Бітіргенде мен үшін күндер демін,  
Қабірімді көмкерер гүлдер менің.*



*Мөлдіреген өмірді сол қалпында  
Өлеңіме сыйғызып үлгермедім.*

Иә, түнек заманда туып, тауқыметті тірлік кешіп, ерте ағып түскен қазақ өлеңінің жарық жұлдызы Ұлбике апасының аруағы Күләшқа әрқашан риза. Риза болатын себебі – Ұлбикелер «өлеңіне сыйғыза алмай кеткен өмірді» Күләш өлеңіне сыйғызып, ұлт рухының үзілген алтын жіптерін өзінің нәзік сезімге толы жырларымен әрі қарай жалғады. Жалғай береді де. Күләш жырларының көкжиегі кең. Ол нені жырласа да, қай тақырыпты қозғаса да жеріне жеткізе, айтар ойының астарын барынша жарқырата аша біледі.

«Құт» кітабына ақынның соңғы он бес-жиырма жыл көлеміндегі әр кездерде жазылған өлеңдері енгізіліпті. Соңғы жиырма жыл ішіндегі ел басынын өткен тебіреністі сәттердің бәрі Күләш жырларынан көрініс тауыпты. Әсіресе ғасырлар бойы күткен Тәуелсіздік келгеннен кейінгі халқымыздың көңіл күйі, өтпелі кездердегі қуаныш-қайғысы «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық» толғауында бар болмыс-бітіммен әдемі өрілген. Ақын Тәуелсіздікке тағзым ете отырып, Бостандықтың іргесін бекіту жолында алдымызда әлі де қиын асулар, тар жол, тайғақ кешулер тұрғандығын бар дауыспен жеткізеді. Сол жолда елдің Елбасыға арқа сүйейтінін, тағдыр тізгінін, ел аманатын да сеніп тапсыратынын төгіле толғайды:

*Қайтып жатыр оралып тұз алтыны,  
Алда – биік асқар шың, мұзарт ұлы.  
Президент!  
Қазақтың дербестігін  
Бүкіл дүние таныды Сіз арқылы!*

*Ұзай алмас шідерін үзбеген ат,  
Ұлы жолда қатса да мұзға қанат.*



*Тұқыртқанға көнбеді тұлпар-тағдыр,  
Сол тағдыры халықтың Сізге – аманат!*

Президентке салмақ сала сөйлей отырып, халық болашағына алаңдайтынын да жасырмайды. Ел ішіндегі кейбір келеңсіз жағдайларды ашына да ашық айтады. Сонысымен де Күләш поэзиясы парасатты, қадірлі, құнды.

*Елге барсам – құрулы қақпандар көп,  
Ептілерге жем болып жатқандар көп.  
Момынның ақысын жеп жатқандарға  
Айғайлағым келеді «Тоқтаңдар!» деп.*

*Біз ұшырдық үміттің құсын кеше,  
Дүшпан оғы жерге атып түсірмесе...  
Азаттықтан не пайда, аудармасыз  
Баламның тілін әкем түсінбесе?!*

Тіл тағдыры – ел тағдыры, мемлекет тірегі. Осы тұста халқын, ұлтын сүйетін, ұлт бесігінде тербелген әрбір ұл мен қыз туған тілдің келешегі үшін күресуі керек екенін, туған тілсіз Азаттықтың да көк тиын құны жоқ екендігін қатты ескертеді.

Күләш өлеңдерін көкірек көзімізден өткізе отырып, оның сыршыл ақын, өлең-сөздің зергері болумен қатар халқымыздың қайраткер қызы екендігін де тани түсеміз.

Күләш туралы қазақтың әйгілі ақыны Қадір Мырза-Әлі ағасы: «Күләш Ахметова – көп ақынның бірі емес. Өз алдына бөлектеу тұрған сегіз қырлы, бір сырлы тұңғиық ақын. Жан-жағынан келіп қарауға уақытым болмай, бір қырынан ғана келдім. Бірақ соның өзін жеткізіп айта алдым ба? Білмедім. Анық көзім жеткені бір-ақ нәрсе – ол Күләштің нағыз ақын екендігі», – депті.





Меніңше, Күләшқа осыдан артық баға беру мүмкін емес секілді. Ақынға «нағыз ақын!» дегеннен артық қандай баға керек?!

«Құт» кітабы – Күләш ақындығының шыңы, бүгінгі қазақ жырының олжасы. Оған кірген Тәуелсіздік жырлары көркемдігімен де, ой мен сезімге кемелдігімен де тәнті етеді.

*«Егемен Қазақстан» газеті,*

*5 желтоқсан, 2006 жыл*





## ҚАДЫР ТУРАЛЫ СӨЗ

(ЕҰУ-не студенттермен кездесуге  
Қадыр Мырза Әли келгендегі сөз)

Құрметті ағайын, студент жастар, қазақ жырының хас жүйрігі, әйгілі Қадыр ақынның Астанаға, оның ішінде Еуразия университетіне келіп, Сіздермен жүздесуі – үлкен оқиға. Халықтың сүйікті ақынына «Қадамыңыз құтты болсын, төрлетіңіз!» демекпіз!

Шығармашылық әлемі өте кең, сан қырлы талант иесі Қадырдай күрделі ақын туралы сөз сөйлеу оңай емес. Қадыр өлеңдеріне үңіліп, оның шығармашылық лабораториясын барласақ, әңгіме ұзаққа кетеді. Өйткені бүкіл саналы өмірін қазақ поэзиясына арнаған аса үлкен дарынның жыр мұхитын түгел шарлап шығу да мүмкін емес.

Мен өзім Қадыр жырларын үзбей оқып келе жатқан оқырманның бірімін. Және Қадырды аса құрметтейтін, ойлы да сырлы, жауһардай нұрлы жырларына тәнті адаммын. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында, атап айтқанда, алпысыншы жылдарда кеңес заманының қасаң саясатының тоңы жіби бастады. Осы тұста мұзжарғыштай жаңа таланттар шыға бастады. Тұманбай қазақ жырына көктем алып келгендей әсер етсе, Қадыр ойлылықты алып келді. Шоқ жұлдыздай жарқырап шыққан сол топтың ішінде Қадырдың да жыр жұлдызы өте жарқырап, бірден биік көрінді. Олар Мұқағали, Қадыр, Тұманбай, Жүмекен, Сағи, бұлардан сәл кейін шыққан Фариза, Төлеген, тағы басқалар еді.

Қадыр алғашында балалар өлеңінен бастады. Сақаға құйған қорғасындай шымыр да ойнақы өлеңдері балалар поэзиясының алтын қорына кірді. «Күміс қоңырау» атты балаларға арналған таңдаулы өлеңдерінен тұратын тамаша кітабы әлі есімде.



*Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте! –*

деді Қадыр балаларға сонау жылдары. Ол кезде қазақ ақындары әлі еркін сөйлеуге жасқаншақтап, жүректеріндегі қайнап жатқан ащы ойларын сыртқа шығара алмайтын тұс еді. Осы тұста балалар өлеңінен үлкен поэзияға көшкен Қадыр жанартаудай атылды. Үлкен батылдыққа, батырлыққа барды. Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ жыры көркемдік биікке, мүлде жаңа сапаға көтерілсе, сөз жоқ, Қадыр Мырзалиевтің арқасы еді.

*Қалада туып ұлдарым, қалада ұзақ тұрсам да,  
Кемедей мұзды мұхитта амалсыз қалған құрсауда,  
Мен өзім, достар, білсеңіз, далалық гүлдің бүршігі ем,  
Кең дала болып күлемін, кең дала болып күрсінем!*

Міне, бүкіл болмысымен дала мінезін көзге елестететін Қадыр қазақ жырына даланы жырлау арқылы еркіндікті, тәуелсіздікті аңсауды, ұлттық рухты алып келді. Бұл ұлттық ойдың басында тұратын бірегей ақындардың табиғатынан туатын құбылыс еді. Ол тұста Кеңес Одағында мұндай өткір де өршіл рухты жырлар Расул Ғамзатовтың қаламынан туса, екінші Қадырдың ғана қаламынан туған еді.

*Бабамыздың шоқ басқан табанымен,  
Бірдей екен жақсысы жаманымен:  
Бір жаманы – тынымсыз көше берген,  
Бір жақсысы – қимаған даланы кең.*

*Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,  
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.*



*Бір жаманы – кетпенге орашолақ,  
Бір жақсысы – найзагер, мерген екен.*

*Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан,  
Бір жақсысы – күйлері көбік шапқан.  
Бір жаманы – қыздарын малға сатып,  
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.*

*Бір жаманы – шаруасын мандытпаған,  
Бір жақсысы – қулықпен жанды ұтпаған.  
Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне,  
Бір жақсысы – жесірін қаңғытпаған.*

*Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,  
Бірге тоңып, суықта бір мұздаған.  
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,  
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған.*

Міне, Қадыр осылай жырлады. Осы өлеңнің өзінен-ақ қазақтың бүкіл болмысы көрініп тұр. Қадырдың кез келген кітабын ашсаңыз да халық тағдыры, ұлттың ой-арманы даланың боз жусанының иісіндей бұрқырап, аңқып тұрады. Туған халқының мінез-құлқын, өз заманының кескін-келбетін шалқар шабытпен, аса шеберлікпен жырлаған ақынның бірі – біздің Қадыр.

Қадырдың ақындық шеберлігінде шек жоқ. Оның өлеңдері бұл күнде ел аузында мақал-мәтелге айналып кетті. Қадырдай ақыны бар қазақ халқы бақытты. Қадыр – халқының бағына туған ақын. Мына маржандай жырларды қараңызшы. «Сөзімнің қыл сыймайды арасына» деп Құлмамбет ақын айтқандай, Қадыр сөздерінің арасына қыл сыймайды.



*Көрсөқырға таяғынан қымбат жоқ,  
Қаңғыбасқа аяғынан қымбат жоқ.*

*Хас әниіге дауысынан қымбат жоқ,  
Хас батырға намысынан қымбат жоқ.*

Қадыр жырлары – намыстан туған жырлар, асылдың сынығындай, тұманың тұнығындай, халықтың өз көкірегінен шыққандай шынайы жырлар.

Өз басым Қадырды аса жоғары бағалаймын. Халқы да әлдеқашан бағасын берген. «Бір жаманы – сонда да үй салмаған» деп Қадыр жырлаған қазақтың ұрпағы, құдайға шүкір, міне, енді өз алдына ту тігіп, тәуелсіз ел болып, қала салып, Астана тұрғызып жатыр. Сол Астананың төрінде қасқайып Қадыр ағаларың отыр. Бұл – Тәуелсіздіктің арқасы! Бұл күнде қазақ халқы да, қазақ жыры да өз төріне шықты. Осы киелі Тәуелсіздікті аңсап, төгіле жырлаған Қадыр арманы орындалды десек те болады. Біз кеше Сәбит Мұқановты, Ғабиден Мұстафинді, Ғабит Мүсіреповті, Әбділда Тәжібаевты, Ілияс Есенберлинді, Мұқағали Мақатаевты, Сағи Жиенбаевты, Бердібек Соқпақбаевты, Оралхан Бөкеевті, т.б. көрдік. Солармен жүздескенімізді, дәмдес болғанымызды әлі күнге бақыт санаймыз. Адам баласының өміріндегі қайтып оралмайтын қимас сәттер солар болады. Қадыр секілді алып ақынмен бүгін жүздесіп отырған сендер де бақыттысыңдар, жас ұрпақ! Бәрі де баянды болсын! Аман-есен жүрсін халқымыздың аяулы перзенті!

2008 жыл



## БАҚҚОЖА

1969 жылы біз Алматыға келіп, КазГУ-дің журналистика факултетіне түскенде, осы күнгі қазақтың көрнекті жазушылары Баққожа Мұқаев пен Смағұл Елубаевтар соңғы курста оқып жүр екен. Ол кезде жыл сайын бірінші курс пен соңғы курстың дәсрүрлі танысу кеші өтетін. Қазір де солай шығар.

Баққожамен таныстығымыз сол кештен басталды. Кеште Баққожа бастаған аға-курстың қыз-жігіттері сөйледі. Ақыл-кеңестерін айтты. Сонан соң кезек біздерге тиді. Бір ай бұрын Талдықорған облысы Панфилов ауданының Пиджим селосында ауылшаруашылық жұмысында жүргенде бір-бірімізбен жете танысып, кімнің қандай өнері бар екенін білісіп алғанбыз. Санасақ, сол жылы оқуға түскен елу екіміздің жиырма алтымыз өлең жазады екенбіз. Бізді ауылшаруашылық жұмысына курс жетекшіміз, ұстазымыз Әбілфайыз Ыдырысов бастап барған болатын. Әбекең ай бойы кешкі жұмыстан соң біздерге өлең оқытып, біраз машықтанып қалғанбыз. Сол әдетіміз бойынша суырылып шыға бастадық. Дәуіталі Стамбеков, Қошқарбай Жұматаев, Асқар Егеубаев, Жүрсін Ерманов, Тұрсын Жұртбаев, Айтуған Шәйімов, Жанболат Аупбаев және мен, бас-аяғы жиырма шақтымыз өлең оқыдық.

– Ой, курстастарыңның тең жартысы ақын екенсіңдер ғой, неге филфакқа түспегенсіңдер? – деп күлді Баққожа. Біз «ақын екенсіңдер» деген сөзге арқаланып, марқайып қалдық. Кеш өте қызықты, тартымды өтті. Әсіресе жоғары курс студенттерінің бауырларына тарта сөйлеген мейірімді, жылы сөздері республиканың әр түкпірінен қалаға жаңа келген біздерге демеу, арқа тірек болғандай әсер етті. Соның ішінде көбірек есімізде қалғаны – Баққожа мен Смағұл.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары қазақ жастарының санасын дүр сілкіндірген Мәскеудегі «Жас тұлпар» ұйымы,

оның қалай тарқатылғаны жөнінде әркім әр түрлі айтып жүрген алыпқашты әңгіменің анық-қанығын сол кеште өзара пікірлесуде Баққожадан естіп-білген едік. Артынша біздің де делебеміз қозып, жеті-сегіз бала өзімізше «ҚҰҚ» (Қазақ ұлтын қорғау) деген ұйым құрып, «Толқын» деген қолжазба журнал шығарғанмыз бар. Ол журналдың тұсаукесеріне жазушылар Жекен Жұмаханов пен Оралхан Бөкеевті шақырған болатынбыз. Журналдың алғы сөзін Оралхан жазған еді. Екі нөмірден кейін журнал тоқтатылды.

Арамыз екі-үш жас қана болса да, сол кештен бастап өкшелес келе жатқан біз Баққожа мен Смағұлды аға тұттық. Ұмытпасам, арада көп өтпей факультеттің қабырға газетінде Смағұлдың «Бұралқы» деген әңгімесі жарияланды. Шағын ғана әңгімеде бір иттің көшеде қаңғып жүріп, қалай аштан өлгендігі баяндалады. Бас-аяғы жұп-жұмыр, әдемі әңгіме. Болашақ жазушылық үлкен жолдың бастауы іспетті. Жабыла оқып, Смағұлды қуана құттықтастық. Бірақ қуанышымыз ұзаққа созылмады. Аяқ астынан шу шығып, факультетте әлгі әңгімені талқылау жиналысы өтті. Талқылауда әлдекімдер сөйлеп: «Бұл әңгіме Совет өкіметіне қарсы жазылған. Смағұлдың қаңғыбас ит деп меңзегені кім? Совет адамын бұралқы итке теңеп отыр», – деп соқты. Оқуға жаңа түскен біздер аң-таңбыз. Смағұлды іштей аяғанымызбен, қорғап сөйлеуге ешқайсымыздың батылымыз да, ақылымыз да жетпеді. Мұғалімдер де үнсіз. Сол сәтте орнынан Баққожа көтеріліп, бұл әңгімеге соншама саяси астар беріп, тырнақ астынан кір іздеудің реті жоқтығын, зоологиялық үрдістегі мұндай шығармалар үлгісі әлемдік әдебиетте бар екендігін айтып, Смағұлға араша түсті. Манадан не істерін білмей түнеріп отырған деканымыз марқұм Тауман Амандосов та арқасынан ауыр жүк түскендей сілкіне сөйлеп, болмашыдан бәле іздеудің аяғы жақсылыққа апармайтындығын айтып, шыр-пыр болды. Ұзаққа созылған талқылаудың аяғы Смағұлға



сөгіс берумен тынды. Сөгіс бермеуге деканда да амал қалмаған сияқты. Желдің қай жақтан соққанын кейін аңғардық. Сөйтсек, бұл бәлелі айғай- шуды шығару біреулерге Амандосовты орнынан кетіру үшін керек болған көрінеді.

Осы талқылау жиналысынан кейін Баққожаға деген біздің құрметіміз бұрынғыдан да арта түсті. Оның тұлғасы бірден биіктеп кеткендей әсер қалдырды.

Алды-артына қарамай зымырап бара жатқан уақыт-ай! Содан бері де қырық жыл өтті. Бір елі ауызға екі елі қақпақ қойған, тырп етсек төбемізді ойған қоғам келмеске кетті. Құдайға шүкір, еңсе көтеріп, ел болдық. Кешегі бозбала Баққожа – бүгін самайын қырау шалған, алпысқа аяқ басқан қазақтың қабырғалы қаламгері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, елінің елеулі азаматы.

Ойлап қарасам, көшкен бұлттай бұлдырап, аққан судай сылдырап өткен қырық жылдың көбін тағдыр Баққожамен дәмдестүздас, қатарлас, қанаттас жүруге жазыпты. Ол «Білім және еңбек», мен «Балдырған» журналында көршілес қызмет еттік. Жастықтың қызықты да тәтті кезеңін бірге өткіздік. Ол кезде қазіргідей бильярд жоқ. Ермагіміз – карта. Преферансты да бірге ойнадық. Ақаң (Ақселеу Сейдімбек), Жәнібек бәріміз талай таңды-таңға ұрып, кеш қайтып жүрдік. Шаршауды білмейтін қайран күндер қалды артта.

Кейінірек Жазушылар одағында да қызметтес, сыйлас, пікірлес болдық. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде ел күйзеліп, жастар жапа шегіп, зиялы қауымның, әсіресе қаламгерлердің басына да қара бұлт үйірілгенде Баққожа Олжастың қасынан табылып, айғайлап мінбеге шықпаса да, айналасына азаматтығымен, турашылдығымен, табандылығымен ықпал ете білді.

Жазушылар одағында балалар мен жасөспірімдер әдебиетінен әдеби кеңесші бола жүріп, ұлт әдебиетінің өсіп-өркен-



деуіне, жас таланттардың қанаты қатаюына көп еңбек сіңірді. Сол тұста қазандай қайнап Жазушылар үйінде өтіп жататын әдеби-мәдени шаралардың барлығына да аянбай атсалысты. Осы кезде өзі де өндіре жазды. Жазушы әрі драматург ретінде қалың оқырманға кеңінен танылды. Қайраткерлік тұлғасы да толыса түсті. Жазушылар одағынан Мәдениет министрлігінде репертуар бөлімінде бастық болып істеді. Осы кезде қоғамдық жұмысқа да кеңінен араласты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуына, өркен жаюына аянбай еңбек етті. Қайраткерлік көрсетті.

Қаламгерге қанат беретін құдай берген талантына қоса шыққан тегі, тербеген бесігі, туған топырағы, ішкен суы, жұтқан ауасы, өскен ортасы екені анық. Баққожа – кешегі Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманында» суреттелген Албан көтерілісі өткен тарихи да киелі топырақта туған төл. Арыда албан Саршуаш жырау (әйгілі Қаракерей Қабанбай батыр туралы дастанның авторы), Өтейбойдақ емші, албан Асан, Таңжарық, Көдек ақын, Қожеке күйші, Жәмеңке, Ұзақ батырлар, бергі Бердібек Соқпақбаев, Мұқағали Мақатаев, Еркін Ібітанов, Сағат Әшімбаев сынды саңлақтар шыққан Хантәңірінің бауырынан Баққожа да қанат қақты. Алғашқы кітаптары – «Жаңбыр жауып тұр», «Аққу сазынан» бастап, сүбелі романдары – «Жалғыз жаяу», «Өмірзая», драмалық шығармасы «Тоят түніне» дейінгі аралықта үлкен жазушылық жолдан өтті.

Талай тауқыметті бастан кешірген, аждаһамен алысып, арыстанмен жұлысқан ата-бабаларының шерлі шежіресін, ерлік жырын құлындайынан көкірек аясына құйып өскендігінен болар, шығармаларында шиыршық атқан шытырман өмір шындығы, ел тағдыры, заман мінезі, қилы-қилы оқиғалар аса бір шеберлікпен қамшының өріміндей жымдасып жатады. Баққожаның қаламынан туған дүниелерді оқып отырып, сол шығарманың ішінен әркім кеше ғана бастан өткерген өз заманын, өз тағдырын таниды. Жазушы өткен ғасырдағы сырт



қарағанда керемет көрінетін кеңестік қоғамның ішінде бұғып жатқан мұздың астымен жүрген жылымдай сұрқия саясатының қыр-сырын, ішек-қарнын өте көрегендікпен суреттейді.

«Жалғыз жаяу» романында шекара бойындағы кеңестік қоғамның қиянатына шыдай алмай ары асып, бері асып жүріп, өз жеріне, өз еліне өзі өгей көрінген қазақтардың азап-тозағы сөз болады. Басына қандай іс түссе де ұлт үшін, ұрпақ үшін тау қыранындай қайтпай күресе білген ерлер өмірі көз алдына келгенде еріксіз толқисың. Тәуелсіздік жолында құрбан болған жандар рухына бас иесің.

Баққожаның бүкіл шығармаларының алтын өзегі – ел тәуелсіздігі, бостандық үшін күрес. Басына оңайлықпен бұғау салдырмайтын арда, асау бабаларындай Баққожа да қаламын қару етіп, саналы өмірін күреспен өткізіп келе жатқан жазушы. Күрескерлік сарын, рухани сабақтастық бір шығармадан бір шығармаға көшкен сайын үзілмей үндесіп, жалғасып жатады. «Өмірзая» романындағы Аяған бейнесі арқылы жиырма-сыншы ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен ұлттық трагедия суреткерлік шеберлікпен көрініс тапқан. Тұяғынан қан сорғалаған жыртқыш, зымиян қоғамның отаршылық сұрқия саясатының астарын батыл әшкерелейді. Аяғанның басынан өткен оқиғаларды суреттей отырып, сол кездегі қоғамдық ортаны, тағдыры тәлкекке түскен ұлт қасіретін, халықтың аянышты жағдайын жайып салады.

Аяғанның қасіреті – ұлт қасіреті. Лажсыздық, басыңды тауға ұрсаң да түк шығара алмайтын шарасыздық ұлт басына түскен ауыр бұғаудың бұлжытпас, мойын бұрғызбас салмағынан еді. Сол зілмауыр бұғауды сілкіп тастай алмай, кешегі Алаш арыстары да мынау жарық жалғанның есігін соңғы рет ышқына бір теуіп, жан қиып кете барған болатын. Аяған да сол кепті киіп, фәни дүние қорлығына еріксіз мойынсұнып, бақилыққа аттанады. Міне, «Өмірзая» романы – кеше ғана басымыздан өткен



күрделі өмірдің айнасы. Романды оқу үстінде сол Аяған ғұмыр кешкен қоғамда өзің де бірге жүргеніңді сезінгенде жаның түршігеді. Ойға қаласың, өзіңе өзің сұрау қоясың.

Жазушы оқырманын толғандырғанда ғана, ой салғанда ғана өз мақсатына жетеді. Бұл тұрғыдан алғанда Баққожа – өз мақсатына, мұратына да жеткен жазушы. Өйткені Баққожа – өз заманының жазушысы. Қаламгердің ең үлкен бақыты да сонда.

Баққожа сияқты сарабал жазушының қат-қабат суреткерлік қырларын жарқырата ашып, терең талдау жасауға менің шамам келе бермес. Менікі – қатардағы оқырман пікірі. Алдағы ағаға деген інілік көңілдің ризашылдығы. Ақынға қара сөзден өлең оңай болғандықтан сөзімді өлеңмен аяқтағанды жөн көрдім.

*Болғанымен, уа, Бәке, бұл өмірге өкпең көп,  
«Өмірзая» дегенмен, ғұмыр зая кеткен жоқ.  
Алпыс рет қар басып, жылдарменен жалғасып,  
Алпыс рет жайнадың, қызуы мол көктем боп!  
«Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шығып бір күні»,  
Есігіңді қағады жетпіс пенен сексен кеп.  
Қанишама жыл қаламың ақ қағазға төкті өрнек,  
Халқың үшін жасаған кеткен емес текке еңбек.  
Қаршадайдан сенің де қаңырығың түтеді,  
Шөліркеген еліңдей Бостандыққа жетсем деп!  
Иығыңа жабатын менде шенді шекпен жоқ,  
Шекпен киген талайлар саған бірақ жеткен жоқ.  
Саясына жиналсын жамыраған жас ұрпақ,  
Өзің еккен шыбығың бұтақ жайып, көкке өрлеп!*

...Тағдырдың жазуына шара бар ма? Баққожа туралы шағын мақаланың нүктесін қойып отырғанда телефон шыр ете қалды. «Жас Алаштан» Әмірхан Меңдеке інім екен. Абзал дос, атпал азамат, белгілі жазушы Тұрсынғазы Әлпейісов дүниеден өтіпті.



Осыдан екі ай бұрын Жаркенттегі әкесінің сексен жасқа толған тойына шақырып еді. Соған бара алмағаным үшін өкпе айтып еді қайран дос. Ауырғанын да естіген жоқ едім. Төбемнен жай түскендей болды.

Ертесіне Алматыда Тұрсынғазыны соңғы сапарға аттандыру үстінде Баққожаның қазасын естіп, одан сайын күйредік. Айналасы бір айдың ішінде төрт бірдей азаматтан айырылды. Өтепберген Ақыпбекұлы да қандай азамат еді, балалар өлеңінің өрен жүйрігі еді ғой. Ұлы әнші Дәнештің шәкірті Жақсылық Мырқаевтың орны да ойсырап қалды. Амал не?

Баққожа туралы мақаламның аяғын өлеңмен жалғап, «Есігіңді қағады жетпіс пенен сексен кеп» деген тілек айтыппын. Құдай ол тілекке жеткізбеді. Ажал шіркін ертесінде-ақ есік қағатынын кім болжаған? Бірақ тәубе! Баққожаның жасамаған жасын ұрпағына берсін. Оның есігін ендігі жерде рухани өмір қағады. Артында өлмес мұрасы барда, қалың ел, өсер ұрпақ барда Баққожаның есігі мәңгі жабылмайды. Ол халқымен бірге жасай береді. Оны алда талай тойлар күтіп тұр. Баққожадай асыл ердің рухы қашанда көптің жүрегінде, көңілдің төрінде, өмірдің өрінде!

*«Астана ақшамы» газеті,*

*31 қаңтар, 2008 жыл*



## ТӨЛЕУҒАЛИ

*Ағады екен балбұлақ бұратылып,  
Жатады екен көзінен нұр атылып.  
Әнші болып, шіркін-ай, әр қайыңы,  
Тұрады екен сыңсып бір ыргатылып.*

*Үлгермей-ақ адамын танып-біліп,  
Қояды екен қызыққа қарық қылып.  
Жүреді екен кілең бір қара көздер  
Алматының көшесін жарық қылып.*

*Қиялыңды көл-көсір жырға малған,  
Күніне бір гажайып сырға қанғам.  
Әкетер ем бәрін де Семейіме,  
Қимайды ғой адамдар мұнда қалған.*

Қолыма қалам алып, қара танығаннан бері Алматы жайында көздің жасындай мөлдіреген талай әдемі өлеңдерді оқыдым. Бірақ бәрінен маған Төлеуғалидың осы өлеңі ыстық та әсерлі. «Алматым – әсем астанам» деген мақтаныш сезімді ақ қағазға қарапайым да көркем айшықтаған. Ең бастысы, ақынның Алматыға деген шынайы махаббаты, сұлулығына ғашық нәзік жүрегінің лүпілі қапысыз сезіледі.

*Жүреді екен кілең бір қара көздер  
Алматының көшесін жарық қылып.*

Қандай тамаша?! Өзінен бұрынғы да, соңғы да еш ақынның аузына түспеген, тек Төлеуғалиға тән табиғи тапқырлық. Бір кезде аса талантты ақын ағасы Төлеужан Исмайылов «Есіл» поэмасында:





*Есілдің кең, жалпақ жаясы,  
Түгінен май тамған шөбіңді құшармын,  
Аңсаған Асан атамның Желмаясы.  
Есілдің толқынын,  
Сұлудың көзіндей көліңді  
Асан қайғы:  
– Әкетем, – деп еді,  
Торсығына сыймайтын көрінді, –*

деп жырлайды. Әрине, Төлеуғали Төлеужан емес. Алайда үлкен жүректі жандардың, шынайы таланттардың ой-сезімдерінің қашанда ұштасып жататындығына тәнті боласың.

Өмір-ай десеңізші! Төлеужандар мен Мұқағалилардың, Тоқаштар мен Жүмекендердің, Төлеубектер (Жақыпбайұлы) мен Төлеуғалилардың, Кеңшіліктер мен Жұматайлардың Алматы көшелерін дуға толтырып, жырға толтырып жүргені кеше ғана сияқты еді. Енді, міне, сәт сайын көзімізден алыстап, бір белгісіз ауырлық көңілімізді жаныштап, бірте-бірте елеске айналып бара жатқан сұмдық та сиқырлы дүние. Осындайда Абай атамның:

*Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар.  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау құрғырлар, –*

деген құдіретті жолдары еріксіз ойға оралып, көзге жас үйіріліп, көмейге өксік кептеледі.

Кеше ғана қасыңда жүрген аяулы жандарды, қатарың сиремеген қуанышқа толы жылдарды сағынасың, сарғаясың. Аузын ашса жүрегі көрінетін арқалы ақын әрі жазушы марқұм Төлеуғали Есімжановтың Алматыға арналған жаңағы өлеңі

«Жұлдыз» журналында жарияланған кезде біз ауылда жүрген бозбала едік. Төлеуғали болса отызды алқымдаған, жұлдызы жарқылдаған жігіт еді.

Басқаны қайдам, Шұбартау сияқты алыс ауданның бір түпкірінде жатқан мен сияқты қойшының баласына Аягөздің өзі астанадай көрінетін сонау жылдарда Төлеуғали ақынның осы бір өлеңі Алматыны бізге жұмақ төріндей елестететін еді. Төлеуғалиға еліктеп өлең жазып жүрген біздер, ол Алматыға барып қайтқан сайын ғажайып астана туралы, ондағы атақты ақын-жазушылар туралы ағыл-тегіл әңгімесін естуге асығатынбыз. Ал Төкең болса, Алматыдағы ақын ағаларымен қалай танысқанын, әсіресе Сырағаңа (Сырбай Мәуленов) еріп, Көктөбеге қалай көтерілгенін, Шәміл Мұхаметжанов ағасымен қалай сайран салғанын, Еркеғали Рахмадиев ағасының үйіне еркелеп барғанын бізге жыр қылып айтатын. Біз тамсана тыңдайтынбыз. Төкеңнің әдемі әңгімесінен кейін бұрын келіп көрмеген Алматыны тек қана пайғамбарлар мен періштелер тұратын шаһар деп ойлайтынбыз. Сөйткен Алматыға соңынан біз де келдік. Қалаға тән қызықты, қиындықты бастан біз де өткердік. Пенде кім, періште кім, пайғамбар кім – танып-білдік.

Төлеуғали Есімжанов 1942 жылы Семей облысы Шұбартау ауданының Малкелді ауылында дүниеге келді. Бесік жырының әлдінен гөрі соғыстың зар күйін, ананың жоқтауын көбірек тыңдап өсті. Орта мектепті тәмамдағаннан кейін ҚазМУ-дің тіл-әдебиет факультетін сырттай бітірді. Туған ауылында мұғалім, облыстық газетте тілші, аудандық газетте бөлім меңгерушісі, аудандық мәдениет бөлімінің бастығы болып қызмет істеді.

Төлеуғалидың тұтас өмірі туған ауданының мәдени-әдеби өмірін көркейтуге кетті. Төлеуғалисыз өткен шопандар тойы, аудандық, облыстық ақындар айтысы ол тұста болған емес. Бірақ бұған қарап сол кезеңде Төлеуғалидың айдарынан үнемі жел есіп жүрген екен деп әсте ойлауға болмайды. Шынайы



шығармашылық адамының арқасына әрқашан аяздай бататын заман, қоғам ауыртпалығынан Төлеуғали да құтыла алған жоқ.

Төлеуғали 1976 жылы Жазушылар одағына мүшелікке қабылданғаннан соң Алматыға көшіп, «Ара» журналына хат бөлімінің меңгерушісі болып қызметке орналасты. Астанадағы әдеби ортамен енді еркін араласып, жазушылық көшін түзеп, құлашын кең жаза бастағанда, 1978 жылы наурыз айында журнал тапсырмасымен сапарда жүргенде қисынсыз өлімге ұшырады. Дөңгеленген дүние-ай! Содан бері де отыз жыл өте шығыпты.

Отыз алты-ақ жасында жер жастану, әсіресе, талант үшін қандай аянышты. Алматыны, әдебиетті аңсап келіп, ойлаған арманына жете алмай, ерте мерт болған өзінің талай тағдырластары сияқты Төлеуғали да арманда кетті. Соған қарамастан соңында қомақты мұра қалды.

Ол екі жанрда бірдей жазатын. Алғашқы өлеңі «Жыл құстары», алғашқы әңгімесі «Бәйшешек» атты жинақтарға кіргенде балаша қуанып, той жасағаны есімде. Амал не, өлеңінің жеке кітабын шығарып үлгермей кетті. Көзі тірісінде «Дала тынысы» атты әңгімелер жинағы шықты. «Мамыр айы – махаббат айы», «Соғыстан соңғы жыр», «Қарагер», «Бір ұяның қарлығаштары» атты повестері тегеурінді таланттың қолтаңбасын танытқан дүниелер болды. Әсіресе оның атын шығарған туындысы 1976 жылы республикалық әдеби жабық бәйгеде бірінші орын алған «Бір ұяның қарлығаштары» атты повесі еді. Повесте тақырып тұрғысынан сол кездің науқандық мәселесі қозғалғанымен, шебер қаламның ізі сайрап жатыр. Төлеуғали шығармаларының алтын өзегі туған жер тынысы, шым-шытырық қилы кезеңдерді басынан өткерген Шұбартау халқының шынайы тіршілігі болды. Ол өз замандастарының қайталанбас бейнесін жасай білді. Егер Төлеуғали тірі болса, осы уақытқа дейін талай тартымды шығармалар жазар еді.





Төлеуғалидың ақындық қуаты да серпінді, жүзіп ішкен суаты толқынды, талант тегі төркінді еді. Абай атасынан бастап, қазақ жырының арғы-бергі жампоздарын жатқа соғатын.

Тұнық айдындардан жасынан еркін сусындаған, арысы Дулат, Ақтанберді, берісі Әзімбай, Сабырбай, Жазық, Қуандық, Шәкәрім, Уәйіс, Төлеу сарынын көкірегіне құйып өскен, асыл сөздің нәріне ұйып өскен зерделі талант ұлы көштің бүгінге ұласқан заңды жалғасының бірі еді. Бауырмал да көпшіл еді. Ол біздің әлдебір ағаларымыздай ауыл-үйді алалап, ала қойды бөлек қырыққан жікшіл емес еді. Өзінен үлкен ағаларына демеу, кіші інілеріне медеу болатын. Әйгілі Шәкір Әбенев, атақты айтыс ақыны Қалихан Алтынбаевтар Төлеуғалиды әрқашан жоғары бағалап, оң тізелерінен орын беріп отыратын.

*Жадыраған жазық өңір, кең мекен,  
Сағынышты сағым қылып мен кетем.  
Мың отындай туган жердің жансын деп,  
Мың арманды бір кеудемде тербетем, –*

депті құдай аузына салғандай. Марқұм «сағынышты сағым қылып мен кетем» дегеніне қарағанда, өз тағдырын күні бұрын болжап білгендей. Төлеуғалидың өлеңдеріне үңіле қараған адам оның нәзік жүрегінің қанаты сынық балапандай үнемі бір жаққа асығып, тынымсыз талпынып, мынау жарық дүниемен, туған жерімен, аяулы Алматысымен үзіле, өкси қоштасып жүргенін анық байқайды.

Жалпы таланттар бәрін де күні бұрын қолмен қойғандай сезетін сияқты. Қараңыздаршы, мына бір өлеңінде:

*Кеудеме құйып мол нәрін,  
Жылдар да өтер жаңғырып.  
Жүрегімді сомдадым  
Ескерткіш қып мәңгілік.*





Қайда да саған табам жол,  
Көңілім сен деп босаған.  
Аман бол, дәйім аман бол,  
Алтын діңгек босағам! –

деп туған жерімен қоштасса, енді бір өлеңінде:

Алматым, енді қош енді,  
Жәннатым менің, қош енді.  
Қызықтап жүрдім бірталай  
Думанға толы көшеңді.

Сауық та сайран үзілмей,  
Балбырап жүрдім біраз күн.  
Бағыңдағы жүзімдей  
Албырап жүрдім біраз күн, –

дейді. Иә, ол жақсы жандардың бәрімен достасып үлгермей жатып, жарық дүниемен қоштасып үлгерді. Оны таза жүректен шыққан тартымды шығармалары тұрғанда ешқашан ұмыта алмаймыз. Қайта күн өткен сайын қадір-қасиетіне терең бойлай түсіп, өлмес рухымен бірге жасаймыз.

«Алматы ақшамы» газеті,  
1 наурыз, 2008 жыл



## ТҰЛПАР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Тұлпар туралы жыр-дастандар халқымыздың ауыз әдебиетінде ежелден бар. Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қабанбайдың Қубасы, Кенесарының Қызылауызы, Ақанның Құлагерін ақындар жырға қосқан. Аттың сыны жөнінде де өлең өте көп. Соның ең үздігі Абайдың өлеңі. Абай дәстүрі, Абай салған даңғыл бүгінге жалғасып жатыр.

Кәп Құмарұлы – жасынан өлең жазған, жүйрік ат ұстаған, өзі ұстаз, көп білетін адам. Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданында тұрады. Мен жыл сайын жазда Алакөлге барар, не қайтар жолда Кәп ағаға соғып тұрамын. Осыдан үш-төрт жыл бұрын барғанымда Кәкең көңілді отыр екен. Мен барған соң көрші-қолаңын, сол маңдағы өлең жазатындарды шақырып, бір марқасын сойып, арқа-жарқа болды да қалды. Әңгіме ұзақ таңға ұласты. Арғы-бергіні айтып, жүйрік атқа ойыстық. Кәп аға Арпагер деген тұлпардың тарихын баяндап берді. Кіре тартып бара жатқандардан бір қыз әкесіне айтып, бір тайды саттырып алғандығы, сол тайдың кермет жүйрік болғандығы, ақыры оның ұрлап әкеткендерден қашып келіп, тоқтаған жерінде аязға қатып өлгендігі туралы баяндады. Мен Арпагер оқиғасына қатты қызықтым. Тәңертең шай үстінде: «Арпагерді рұқсат етсеңіз мен поэма етіп жазайын», – деп қолқа салдым. Кәп аға үндемеді. Күлді де қойды. Келесі жылы барсам, Арпагерді өзі дастан етіп жазып жатыр екен. Сәттілік тіледім. Таяуда Дәулеткерей: «Арпагерді шал жазып бітірді, сіз оқып көрсін деді», – деп маған әкеп тастады. Оқып шықтым. Көңілім толды. Атты білетін, тілді білетін ақын тұлпар туралы тамаша толғаныпты.

*Құс топшы, барыс сүбе, жылан бауыр,  
Бота көз, күдір жота, киік сауыр.*





*Кең құрсақ, жібек сіңір, сілбісі кең,  
Аршын төс, бүркіт қабақ, мінезі ауыр.*

Жүйрік аттың сынын Кәп ағамыз осылай суреттейді. «Жібек сіңір», «сілбі» деген сияқты көп ақындардың аузына түсе бермейтін, сирек қолданылатын тың сөздер дастанда көп. Мұнан бұрын шыққан «Кәрібоз» атты кітабында да жүйрік ат туралы поэмасын оқыған едім. Ағаның мына поэмасы да халқымыздың қанатты тұлпарын жырлаған Ілияс ақынның дәстүрін әрі жалғаған жұлдызды дүние екен. Оқып көріңіздер, ағайын!

2008 жыл



## ШЫҒА ШАПҚАН ЖҮЙРІК ЕДІ

Ақын Ерік Асқаровты алғаш рет жетпісінші жылдары жыр кешінде көрдім. Ол кезде студент едік. Көбінесе жыр кештерін біз ұйымдастыратынбыз. ҚазМУ-дің бас ғимаратындағы (қазіргі Өнер академиясы) үлкен залға жыр сүйер қауым сыймай кететін. Ұмытпасам, Ерік онда Алматыдағы Ленин көшесі бойындағы (қазіргі Достық) №2 әдебиетті тереңдетіп оқытатын мектептің түлегі болатын.

Мінберге ортадан жоғары, аққұбаша, сұлу балаң жігіт көтерілді. Бұл кім дегендей зал тына қалды. «Соңғы сөз» деген өлеңін оқыды. Өлең оқылып болғанда демін ішіне тартып тыңдап отырған жұрт ду қол шапалақтады. Өлең жұртқа қатты әсер етті. Ол кезде жас ақын атанып жүрген біздер соңымыздан шыққан бір серпінді таланттың дүбіріне құлақ түріп сүйсінген едік. Сондағы мектеп оқушысы Еріктің өлеңі мынау еді:

*Шерлі заман келтірсе де толгағын,  
Тәтті болмай, ащы болды тордағы үн.  
Өтті шырқап,  
Өтті бірақ айта алмай  
Талай Ақан, талай Мұхит соңғы әнін.*

*Бір халыққа тұлға болу оңай ма,  
Сондай тағдыр бұйырыпты Абайға.  
Барласа да арғы-бергі заманды,  
Соңғы сөзін айта алған жоқ алайда.*

*Мұңдас болып кәрімен де, жаспенен,  
Қолын бастап жауға шапқан тасберен.  
Махамбеттің соңғы сөзі кетті гой  
Қапияда бақи болған баспенен.*





*Теңіздейін жата алмайтын шайқалмай,  
Толқып-толқып тыным алды байқалмай.  
Қара сөздің пайгамбары болса да,  
Өтті Әуезов соңғы сөзін айта алмай.*

*Өрттей шарпып жүректерді жаңғырған,  
Кәусар ойы сезім шөлін қандырған,  
Ұлылар тек жырын емес,  
Ұрпаққа  
Айта алмаған сөздерін де қалдырған...*

Жаңа талап Ерік осы тырнақалды өлеңімен-ақ жас ақындар легіне қосылып еді. Мектепті енді бітірген бозбаланың балғын қаламынан туған бұл өлең қазақ жырының шалқар айдынына қосылған мөлдір тамшыдай еді. Қаламы жүйрік, қалыптасқан ақынның туындысы секілді, көркемдік кестесі нақышты, айтар ойы салмақты осы өлең Еріктің жыр әлеміндегі төлқұжаты болды.

Сол жылдардан бастап Ерік әдеби ортаның ерке баласындай еркін басып жүрді. Қазақ драма театрында, баспаларда, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеді. Ағалы-інілідей арамыз жақын болды. Соғыста тұтқынға түсіп, Түркістан легионында болған, «Сайран» деген бүркеншік атпен «Жас Түркістан» журналында қызмет еткен жерлес ақын ағасы марқұм Хамза Абдуллинмен мені жақын таныстырған да Ерік еді. Хамза Мағжан өлеңдерін жатқа айтатын, ақындығы да ешкімнен кем емес дарынды кісі еді. Біз ол кезде тыйым салынған Мағжан өлеңдерін Хамза ағаның аузынан тамсана тыңдайтынбыз. Қайран Хамза, өмірі КГБ-ның бақылауында болып, бағы жанбай өтті өмірден! Мағжанның суретін де мен тұңғыш рет Хамза ағаның қолынан көрдім.



Ерік аса талантты еді. Әр жанрда жазды. М. Әуезов театрының кіші залында қойылған «Арманымның ақ құсы» дейтін тұңғыш спектаклінің тұсаукесеріне де шақырғаны есімде.

Сексенінші жылдардың ішінде Жазушылар одағында қызметте жүрген кезімізде жиі араласып, сырлас, сыйлас болдық. Алғашқы кітабы «Көгілдір» Жазушылар одағының М. Мақатаев атындағы сыйлығын алғанда қатты қуанып, қанаттанып жүрді.

Айтыстың алғашқы жылдарында биік деңгейге көтерілуіне Ерік те үлкен үлес қосты. Батыл айтудың, елдің көкейіндегі ойды шенеуніктердің шымбайына батыра айтудың шебері еді.

Астана көшіп келген жылдары да Ерік өндіре жазды. Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық тойында мүшәйраның бас жүлдесін алды. Қайсыбірін айтайын, қайда салсаң да қасқайып жарып шығатын қайран Ерік ойда жоқта көзден көшті. Өкінгенмен, өксігенмен, амал жоқ. Тағдыр өз дегенін істейді екен. Ерікті сағынған жылдар да жылжып созылып барады. Көзге қуаныш, көңілге жұбаныш – соңында қалған сом алтындай жырлары.

Есіл Ерік өзі де соңғы сөзін айта алмай кетті. Оған соңғы сөзін айтуға өте ерте еді. Айтатыны да, жазатыны да көп еді. Кемеліне келген, желмаядай желген шағында ғұмыр сапары көлік апатынан жол үстінде кілт үзілді. Қазақ жырының аспаны күңіреніп, Еріктің орны үңірейіп қалды.

*Осы мен қайда асығам?*

*Түсінбедім.*

*Тулаған өр толқынның ішіндемін.*

*Өмірдің қайталанбас қас қағымын*

*Келеді жырымменен мүсіндігім, –*

дейді бір өлеңінде өз тағдырын өзі болжағандай. Зады, шын таланттар өз ажалын күні бұрын сезеді деген сөз рас шығар. Кім білсін?..



Ерік аз ғұмырында артына мол мұра қалдырды. Туған халқын, туған топырағын емірене, егіле жырлап өтті. Абайды пір тұтып, Мағжанға тағзым етті, Қасымды ардақтап, Мұқағалиға мұңын шақты. Тұманбайдың соңына ерді. Тірі болса ендігі қазақ жырының талай тойларын бірге тойлап, талай бәйгетөбенің басында топырлап бірге жүрер едік. Тағдыр ол бақытты маңдайымызға жазбапты. Бізге бұйырғаны – өзіндей де, көзіндей де артында қалған жыр-мұрасы. Бұған да шүкір.

Ақындарды шартты түрде «қыза шабатын» және «шыға шабатын жүйрік» деп екі топқа бөлуге болады. Ерік шыға шабатын саңлақ еді. Кім біледі, жүйріктігінен де болар, бізден қарасын үзіп, көкжиекте бұлдыраған сағымға араласып, мәңгі жеткізбейтін елеске айналып, шексіздікке сіңіп кете барды асыл Ерік...

2008 жыл





## ӘБДІЛДА АҚЫН

Жетпісінші жылдардың басында біз Алматыға оқуға келіп, қазақ жырының босағасын жасқана аттаған бозбала едік. Жазушылар одағы үйінің есігін күзетіп, әйгілі ақындардың қайсысын көрсек екен-ау деп күні бойы сонда жүретінбіз. Биыл туғанына 100 жыл толып отырған қазақ жұртының абызы Әбділда ақынды мен сол кезде көрдім. Даңқы аспандап тұрған әйгілі ақын Жазушылар үйіне қарай қолындағы ақ таяғын сілтей ұстап, шеки басып келе жатыр екен. Біздер, жас ақындар, қымсына сәлем беріп, қызыға қарап тұрдық сыртынан.

Ұмытпасам, сол күні Жазушылар одағында бір жиналыс болды. Біз де қатыстық. Әбділда ақынның мінбеден сөйлегенін де сонда тұңғыш көрдім. Сөзін саңқылдап, бұлқына бастап толғаған ақын сәт сайын құдіреттеніп, буырқанған бурадай айбаттанып кетеді екен. Керемет шешен сөйледі. Бейне бір таудан аққан арынды өзендей сөз тасқынын сонда көрдім. Содан бірер жыл бұрын Әбділда ақынның «Аралдар» деген кітабы шыққан болатын. Меніңше, «Аралдар» жинағына кірген өлеңдер Әбділда поэзиясының асқар шыңы десек артық айтқандық емес. Тіпті дәл солай!

*Аралдан алдық ащы ойлар,  
Ауырлап кетті кемеміз.  
Теңізде емес, қайғыда  
Жүзгендей болып келеміз.*

Нағыз ақындар ғана осылай толғай алады, осылай толғана алады.

Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ поэзиясының аса ірі өкілі Әбділда Тәжібаев хақында тереңдей сөз қозғау оңайға түспейді. Ақынның туған өлкесі Сырға арналған алғашқы өлеңінен бас-





тап, өмірінің соңғы жылдарына дейінгі өлең-жырларын, поэмаларын талдап айтсақ сөз ұзаққа кетеді.

Кешегі жиырмасыншы ғасыр қандай күрделі болса, Әбділда Тәжібаев та сондай күрделі тұлға. Өткен ғасырдағы халық басынан өткен қасіретті оқиғалардың бел ортасында жүрді. Ол туған халқын сүйе де білді, заман басқа салған зобалаңның отына күйе де білді, өмірінің соңында Мағжан ақынның аруағынан кешірім өтініп, ақ басын әділеттің алдында ие де білді. Бұл оның ақындық та, азаматтық та ерлігі еді.

Қазіргі мынау жастардың өз тілінен алшақтап, өз ұясынан бауырын суытып бара жатқан сұмдық кезеңде Әбділда ақынды бүгінгі ұрпақ жете біле білмеуі де, түсіне білмеуі де мүмкін. Бірақ қазақ сияқты рухы мәңгі сөнбейтін саңлақ халық барда Әбділда Тәжібаев жырлары да мәңгі тірі. Әлі кітап оқитын да, ұлы ақындарын іздейтін де күн келеді. Аққан дүние артына қайырылмай тұрмайды. Сонда Әбділда ақын да ақ маңдайы жарқырап, болашақ ұрпақтың алдынан шығары сөзсіз. Жыр абызының өз өлеңі емес, оған табынған шәкірті Мұқағалидың мына өлеңін оқыықшы. Осыдан-ақ Әбділда Тәжібаевтың нарқын анықтай жатарсыздар:

*Тұрғанда ұйқы-түйқы ақ самайың,  
Мен қалай,  
Әбе, сені жат санайын?  
Абыржып асаңды ұстап отырғаның –  
Ашулы Грозный патшадайын.*

*Сөйлесең,  
Бурадайын лықсып-тасып,  
Жаралы жауынгердей сылтып басып,  
Әбігер боп жүргенің қашан көрсем,  
Жырдағы жалғандықпен мылтықтасып.*



*Бой түзеп, босқа кетпей сауықпенен,  
Боз қырау босағасын тауыпты өлең.  
Жаман жыр жазғанымда,  
Ақ таяғың  
Арқамда ойнай ма деп қауіптенем.*

Мұқағалидың осы өлеңінен кейін қазақ жырының жиырма-сыншы ғасырдағы абызы Әбділда Тәжібаев туралы сөз сөйлеу артық сияқты көрінеді маған.

1976 жылы наурыз айының ішінде Мұқағали дүние салды. Жерлеу рәсімінде қаралы жиынды Әбділда аға ашты. Мен табытта көлденең жатқан Мұқағалиға бір қарап, таяғына сүйеніп, күңірене сөйлеп, бауырымен бақұлдасып тұрған Әбділдаға бір қарап, жалтақтап тұрдым таяқ тастам жерде. Бәрі де күні бүгінгідей көз алдымда. Сонда Әбекең ботасы өлген бозінгендей боздап сөйледі. Жанарынан тарам-тарам жас кетті. Ел де қосыла жылады. Маған сол жолы Әбділда ақын қара жерге Мұқағалиды емес, жүрегін жерлеп тұрғандай көрінді.

Бұл дүниенің ғажабын қойсаңызшы, 1967 жылы Қарақалпақстанда Төлеген Айбергенов өлгенде жерлеу рәсіміне Қазақстаннан Мұқағали ғана барыпты деп естідім, рас болса... Төлегеннің басында да Мұқағали өз басында еңкілдеп тұрған ағасы Әбділда құсап зар еңіреп жыр оқыпты:

*Өлгенін көрдім анық шын ақынның,  
Қызарып батты қайта шығатын күн.  
Қайран өлең шырылдап бара жатты,  
Аузында ажал деген сұрапылдың, –*

депті.

Міне, көрдіңіздер ме, шын ақындарды шын ақындар ғана жоқтай алады екен.

*«Алтын тамыр» журналы,  
2009 жыл*





## ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ АҚЫН

Тұманбай Молдағалиев есімі қазақ поэзиясының алтын кітабына жазылғалы қашан! Сонау елуінші жылдары қазақ лирикасына жаңа бетбұрыс әкелгендердің бірі болған жас ақын – бүгінде халқының қалаулы ұлы, көрнекті жыршысы.

Оқырман көңілінен берік орын алу – нағыз таланттылардың пешенесіне ғана жазылған бақ. Тұманбай сондай жұлдызы биік ақындардың қатарына жатады. Алғаш қалам тартқан қаршадай шағынан бастап, ел жүрегінің нәзік қылын шерте білді. Көптің көкейінде қоздап жатқан қуаныш-қайғыны дәл басып айта білді. Соғыстан соңғы жылдардағы өмір тынысын, жеңіс салтанатын, адамзат жүрегіне түскен ауыртпалық салмағын, қасірет ізін арынды ақынға тән өр дауыспен жырға қосты. Кітаптан кітапқа көшкен сайын, биіктен биікке өскен сайын Т. Молдағалиев поэзиясы шын мәніндегі халықтық поэзияға айналды. Ол қайсы тақырыпты жырласа да азаматтық асыл ойларға құлаш ұрып, нәзік лиризммен қалың көпшілікті баурап алды.

Ақын махаббаты – үлкен махаббат. Тұманбай жырларын оқып отырып, Отаныңды, халқыңды ақынша сүйіп, еліңнің кешегісі мен ертеңіне ақынша үңіліп, туған жер табиғатына ақынша елжірей қарап, өмірге ақынша ғашық болуға талпынасың.

*Ғашық болып келемін*

*Осы өмірге тугалы.*

*Табамын деп керегін*

*Жүрегім де тулады, –*

деп өз жүрегіне үңіле отырып, жалпыға тән тірлік тынысын толғап, бүкіл дүние-көкірегінің ішкі әлеміне барлау жасайды. Қай кітабын қолға алсақ та оқырманын өз жан әлеміне сайрандатып әкететін, өзімен қоса қуантып, өзімен қоса мұңайтатын



ақынды көреміз. Ақын сезімі мен оқырман түйсігі бірлік, ұштастық тапқан поэзия қуатын сезінеміз.

Шексіз қиял, мазасыз толғаныс, түпсіз ой – жыр қанаты. Қуа берсең жеткізбейтін, аша берсең таусылмайтын ой құпиясы, сезім сиқыры, көңіл қатпары ақын санасының бір сәттік жарқылымен шарпысып барып, шуақты сәулеге, мол жарыққа айналмақ.

*Аспанға шықсам, тезірек  
Түссе екем жерге деп тұрам.  
Мазалаған соң өзі кеп,  
Көз жұмып ойды көп қуам.*

Мазасыздық, ізденгіштік – Тұманбай ақынның туа біткен қасиеті. Көп жазады, көркем жазады. Дәуірдің әр дыбысына елеңдей құлақ түріп, дер кезінде үн қосып отырады.

Тұманбай өлеңді мазаламайды, өлең Тұманбайды мазалайды. Ол өлең құрастырушы емес, құюшы. Табиғи талант иесі. Сондықтан да өлең тағдыры үшін көбірек күйінеді, оның келешегі үшін күреседі. Өлең үшін күрес көркемдік үшін, поэзия тазалығы үшін, халық қазынасының келешегі үшін күреске саяды. Оның жырлары – өмірдің өзінен туған, жасандылығы жоқ, қарапайым да қанатты жырлар.

Тұманбай өлеңдерінің көбінесе еркін, мүдіріссіз болып келетіндігі «бәлен тақырыпқа бәлен өлең жазсам» деп күні бұрын жоспар құрмайтындығынан. Кенеттен жазады, көз алдындағы күнделікті құбылыстардан поэзия табады. Тұманбай үшін күнделікті өмір – өлең. «Фотографқа» деген өлеңі бар. Әркімге белгілі жай. Көбіміз мән бере бермейтін үйреншікті іс. Өзін суретке түсіруге келген фотографты тілге тиек ете отырып, ақын үлкен философиялық ой түйген. Мәселе тақырыпта емес, айта білуде, қалам құдіретінде.



...Бақ тілеп, бақыт тілеп бір аққудан,  
Ай астын, жұлдыз ішін тұрақ қылған.  
Ақ жаным түспей қалды объективке,  
Өкінген сен де жоқсың бірақ бұған.

Өзінше қараңғыны жарық етер,  
Аспанмен ел арманын алып өтер.  
Жүрегім сыймай қалды объективке,  
Ендеше еңбегіңнің бәрі бекер.

Сен мені ұқпадың-ау, суретші аға,  
Менде де ұқтыратын бар ма шара?  
Суреттен сен түсірген жас ұрпаққа  
Қайтемін қарап тұрса бір бейшара?

Тек содан қысыламын, ал айтпесе,  
Құмардың бірі едім мен сурет десе.  
Ұрпаққа керегі не оның, аға,  
Сол сурет ешбір нәрсе үйретпесе?..

Ертеңді ойлау – азаматтық парыз, перзенттік қарыз. Ал мұны ең алдымен сезінетіндердің бірі – ақын. Жаңа кітапта да азамат Тұманбай еркін бой көрсетеді. Салмақты ой, сырлы сезімді жүрек түбінен шым-шымдап отырып бойға сіңіреді. Аптығып айғайламайды, жөн сілтеп мезі қылмайды. Өлең тілімен ұғынысып, жыр ырғағамен әлдилейді.

Артық сөйлеу ағадан ұят деймін,  
Өзгертпейтін қашанда шуақ кейпін.  
Қандай құрмет көрсеттің келіндерге,  
Қайнағаның алдынан қия өтпейтін?



Суық күзге ауысып ерте көктем,  
Қан майданда жарлары ерте кеткен.  
Қандай құрмет көрсеттік жеңселерге,  
Қаймақ беріп, қайным деп еркелеткен?

Артта қалып бал дәурен, балғын дәурен,  
Аппақ шашын жүретін сәл құндаумен.  
Қандай құрмет көрсеттік әкелерге,  
Кетсем дейтін сендердің алдыңда мен?

Көңіліңді көктемге жетектейтін,  
Сенен қалған қызық та жетед дейтін.  
Не жақсылық істедің інілерге,  
Айтқаныңды ешқашан екі етпейтін?

Биіктейтін секілді тауың бірден,  
Ол жанишиды көрсе егер жауыңды үрген.  
Не қызмет көрсеттік ағаларға,  
Інім аман болсын деп шауып жүрген?

Соның бәрін ойласам бас қатады,  
Ойлар, ойлар атымды ақсатады.  
Қалың елдің қарызы мойнымдағы  
Сүйегімді күн-түні қақсатады...

Еріксіз ойланасың. Өзіңе өзің осы сұрақтарды қоясың. Шынында да не жақсылық жасадың? Бір сәт ақын алдыңда қысылғандай да боласың. Осының бәрін ойлағанда ақынмен бірге сенің де сай-сүйегің сырқырайды. Отанды, елді, жерді сүю, оған деген парызды ақтау – алдымен айналаңдағы адамдарды сүюден, соларды танып-білуден, құрметтеуден, тіпті өзге емес, өзіңді ұғынудан басталатындығына көз жеткізесің. Өнер үлгісі, өлең тағылымы осында.





Бүгінде жетпістің бел ортасына шыққан ақын ежелгі сыршылдығынан жазбаған. Өз отының басын жырлап отырып та биікке, тұтастыққа, асқаралы арманға құлаш ұрады. Махаббат жырларынан да, арнау өлеңдерінен де жанға жылы леп еседі.

Әдетте кейбір ақындардың жолсапардан туған жырлары көп ретте сырттай таңырқап, көргенінің бәрін қағазға тізумен шектелетіні белгілі. Тұманбай ақында ол жоқ. Көзге іліккеннің бәріне қалам тарта бермейді. Қашанда оқырманды толғандыруға, ойландыруға ұмтылады. Адамды қозғамаған, жан дүниенің бойламаған өлең – өлең болмақ емес. Тұманбай ақын өлеңдері сүйсіндіреді, күрсіндіреді.

*Жер барда, мынау күн барда,  
Алдыңнан дәйім жол қашсын.  
Көзіңде теңіз тұрғанда,  
Өзің де тегін болмассың;*

немесе:

*Жүрмесің, ұлым, ұғынбай,  
Толқынсыз жанды қайғы орар.  
Теңіздің ұлылығындай  
Ұлылық деген қайда бар?!*

Тағы да ақын болашағына көз қадайды, алысқа қарайды. Өмір теңізінің толқынында өз кемесінің мәңгі жүзуін армандайды. Асыл үміт көзін іздейді. Ұлына сыр айта отырып, келер ұрпаққа үн тастайды. Ақынның кез келген өлеңінде тосын тұжырым, оқыс ойлар, соны сырлар мол. Шеберлік шырайын құлпырта түсуге, жұмбақ сезім дүниесінің тылсым түкпірлерінің ғажайып құпиясын ашуға толассыз ізденеді.

Зады, ақын бақыттылығы – оқылуында. Келесі кітабын қалың оқырман тағатсыз күтіп отырса, ақынға одан артық абырой-





атақтың керегі қанша? Тұманбай – осындай жұлдызды, өмірге өлең сыйлағыш ақындарымыздың бірі. Әрбір жаңа кітабын оқырмандар пышақ үстінен талап алатынын жақсы білеміз.

*Мына жүрген халықтың бәрі ақын ба,  
Ел есінде еңбегі қалатын ба?  
Әлде көбі әйтеуір жүргендер ме  
Жазушылар деген сөз қанатында?*

*Әңгімеге әр түрлі құмар көбі,  
Көктөбелде секілді шығар көгі.  
Мен бұлардың көбісін оқығам жоқ,  
Оқып жүрген жоқ шығар бұлар мені.*

Осы сөзде шындық бар. Автордың өз әріптестерінің біразын оқымайтыны рас шығар. Алайда ақындар бір-бірін оқымағанмен, қалың қауым сүйікті ақындарын іздеп жүріп оқиды. Өз кітаптарының құндылығына, оқырманының молдығына Тұманбай ақын да сенімді. Ең бастысы – сол.

*«Жаңа Сарыарқа» журналы,  
2010 жыл*



## ӨЛГЕННЕН KEЙІН БІЗДІҢ ДЕ КЕЗЕГІМІЗ КЕЛЕР

Әдебиет пен өнерге екі жылда бір берілетін Мемлекеттік сыйлық өткен жолы ешкімге берілмей қалды. Үміткерлерге Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссия тарапынан көпкөрінеу қиянат жасалды. Ол туралы республикалық баспасөз беттерінде үлкен шу көтерілді. Қазақ өнерінің білгірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның мүшесі, жазушы, марқұм Ақселеу Сейдімбек ағамыз «Айқын» газетіне берген сұхбатында былай деген еді: «Қазақ халқы халық болып ұйысып, мемлекет болып еңсетіктегелі сөз өнері ең рухани басты қызметші болып келе жатыр еді. Әлі де солай екеніне ешқандай күмәніміз жоқ. Рухани мәдениеттің басқа толып жатқан салаларының барлығының көшбасшысы – сөз өнері. Барлық мәдени-рухани саланың іргетасы, өзегі болып келе жатыр. Қазақтың сөз өнері бұл қызметінен бір сәт кірпік қаққан жоқ, бір сәтке жалтарып көрген жоқ. Ал енді биылғы доданы сөз өнерінің қадір-қасиетін парықтауға келгенде жіберілген кемшілік деп есептеймін. Бұл – үлкен орны толмас өкініш. Мұны, қажет болса, саяси ұстанымдағы қателік деп есептеймін. Биыл іріктеліп, сұрыпталып шыққан екі ақынымыз отызға тарта бәйгеге түскен сөз өнерінің ішіндегі ең әділ сұрыпталып шыққан, ең қуатты ақындарымыз еді. Бұл азат рухымызды жырлаған, азат рухты әдебиетімізді жаңа деңгейге көтерген сапалы сөз иелері еді екі ақын. Осыны тани алмағанымыз, тани тұрсақ та саяси қисындарды желеу етіп, солардың қадір-қасиетін түсіне алмағанымыз мені қатты өкіндіреді. Президенттік сыйлықтың бағасын арттырамыз деп, әдебиетіміз бен өнерге баға беруді шектесек, ол біздің саяси қателігіміз болады. Әрі саяси қателік деп тұрғаным, Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл біздің рухани

бедеулікке ұшырағанымызды көрсеткендей қисын болады. Бірақ бұл шын қисын емес. Бұл асылды тани алмаған, шын биік өнерді парықтай алмаған біздің тоғышарлығымыз болады-ау деп ойлаймын. Әдебиетке қатысты адамдардың ғана дауысын іріктеу керек еді. Ал енді құзырлы комиссияның ішінде қазақша оқымаған, қазақ тілін білмейтін басым көпшілік адамдар отырды, олар келді де асыл әдебиетіміздің парқын білмегендіктен сызды да тастады...»

Қайран Ақаң айтуын айтты. Бірақ оған төрде отырғандардан қыбыр еткен жан, елең еткен құлақ болмады. «Баяғы жартас – бір жартастың» кебін киіп, ескерусіз, елеусіз, жаңғырды да қала берді.

Мемлекеттік сыйлыққа үміткерлердің 2010 жылғы додасы да басталып кетті. Мемлекеттік комиссия Алматыда маусымның 3-і күні өткен алғашқы отырысында қазақтың екі ұлы перзенті, марқұм Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденовті көлденеңнен әкеп бәйгеге қосты. Бұл құзырлы комиссия тарапынан жіберілген өткен жолғыдан да сорақы қателік болды. Қателік болғанда ешбір қисынға да, ешбір қағидаға да, керек болса мұсылмандыққа да сыймайтын, елдікке де, азаматыққа да сын, конкурстың шартын өктемдікпен өрескел бұзған шолақ шешім болды.

Бұлай дейтінім:

1. 2010 жылғы Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығынан үміткерлерге 29 желтоқсан 2009 жылы жарияланған конкурс шарты бойынша конкурсқа шығармаларды қабылдау 2010 жылдың 1 ақпанына дейін ғана жүргізіледі деп анық жазылған. Осы көрсетілген мерзімге дейін бұл авторларды ешкім ұсынбаған. Жұмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқовтың аты-жөндері протоколда жоқ.

2. Конкурс шартында: «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Мемлекеттік сыйлықты алуға



жұмыстарды қабылдау аяқталғанға дейін бес жылдан әрі емес және кемінде бір жыл бұрын көпшілік айналым үшін орындалған бір автордың немесе авторлар ұжымының жұмысы қабылданады» делінген. Шарттың бұл талабы бойынша, әлдеқашан қайтыс болған авторлардың шығармалары конкурсқа қабылдануы тиіс емес. Бұл – заң! Осыны көре-біле отырып, Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның төрағасы, оның үстіне басқа емес, ЕҚЫҰ- на төрелік етіп отырған адам – Қанат Саудабаев мырзаның өзі бас болып, демократиялық-құқықтық мемлекетке тән заңдылықтарды комиссияның өрескел бұзуына жол беріп отырғандығын қалай түсінуге болады? Бұл – халық бар-ау, ел бар-ау демеушілік, тізеге салып, белден басушылық! Әдебиет пен өнер адамдарын бұлай басыну бұған дейін тарихта болмаған!

Мен бұл жерде пендешілікке салынып, өз басымды ойлап отырған жоқпын. Имандай шыным. Аруақтарынан айналайын, Жұмекен мен Шәмші ағамыздың қай-қайсысы да қандай да бір мәртебелі сыйлыққа лайықты тұлғалар. Оларға еңселі ескерткіш қойса да, қаһармандық атақ берсе де артық емес. Аттары аталып қалған екен, Мемлекеттік сыйлық берілсін! Екі қолымды көтеріп қолдаймын. Бұл пікірімді биылғы Мемлекеттік сыйлықтан үміткер менің басқа әріптестерім де қуаттайды деп ойлаймын.

Дей тұрғанмен, оу, ағайын, қай заманда халқымыз өлі мен тіріні бәсекеге салып жарыстырушы еді? Біз – аруақ сыйлаған елміз. Қазақ «аруақ аттаған оңбайды» деп жатады. Аруақпен жарысып, өлінің алдына түскен жан бұрын-соңды болған емес. Болса білместіктен, пендешіліктен абайсызда кеткен бірер жағдайлар болған шығар. Тірінің тартысына өлі аруақты сүйрелеп әкеліп салу – жақсы ырым емес! Ұлы тұлғалардың көзі тірісінде өз бағасын ала алмағаны – әрине, үлкен өкініш. Сонда өткен өкініштің орнын толтырудың, өлі аруақты разы етудің



жолы осы ме еді? Өлінің тынышын алып, тірінің сағын сындыру кімге керек болды? Турасын айтсақ, бұл – өліні де, тіріні де қорлау. Намысқа тиетін масқара қылық. Немесе тірінің жолын кесу үшін өлі аруақты әдейі көлденең тартқан әлдекімдердің жымысқы, пасық әрекеті. Ең көп дауыс алып, конкурстың екінші кезеңіне шыққанымға қарамастан, мен өзімді қазір аруақ аттағандай сезініп отырмын. Егер бұл мәселені әу бастан ашып айтып, «Жүмекенге Мемлекеттік сыйлық берейік» дегенде кім қарсы болатын еді? Онда бұл жолы біздер конкурсқа қатыспай-ақ қоятын едік қой. Комиссия бізді өте ыңғайсыз жағдайға қалдырды.

Теледидардан комиссия төрағасының аузынан: «Дүниеден өткен таланттарға Мемлекеттік сыйлық беру – 1997 жылдан бері дәстүрге айналып келеді» деген сөз естіліп қалды. Мен төрағаны сыйлай отырып, оның бұл пікірімен мүлде келіспеймін. Бұл – ойланбай айтылған асығыс сөз, ағат пікір. Мұндай істі дәстүр түгілі, әдетке айналдырудың өзі ұят. Рас, бұған дейін Асқар Сүлейменов пен Мұқағали Мақатаев марқұмдарға Мемлекеттік сыйлық берілген. Алайда, өкінішке орай, оларды да тірімен таластырдық.

Бірақ оларға әлдеқалай кезеңдік жағдайға байланысты берілген болар деп ойлап, енді қайталанбас деп сендік. Соған сай іле дүниеден өткендерді сыйлыққа ұсынуды тоқтату жөнінде арнайы қаулы да шыққан еді. Ұмытпасам, 2006 жылы сол қаулыны тілге тиек етіп, Мемлекеттік комиссия талантты ақынымыз, марқұм Жарасқан Әбдірашевті конкурсқа жібермей, ұстап қалғаны есімізде. Әйтпесе Жарасқан кімнен кем еді?

Енді сол алынған қаулы да, тоқтасқан пәтуа да далада қалып отыр. Аруақты тағы да қозғадық. Егер Шәмші мен Жүмекеннің жөні бөлек, Мемлекеттік әнұранның авторлары ретінде конкурс шартына қарамай-ақ, орта жолдан қостық



дейтін болса, онда әнұран мәтінінің екінші авторы Елбасының да аты-жөні неге аталмайды? Әйтпесе тірілермен жарыстырып, аруақтарды мазаламай-ақ, ерекше құрмет көрсетіп, арнайы Үкімет қаулысымен марқұмдардың өздерін жеке неге марапаттамасқа? Мемлекеттік саралаудан өткен, Парламент бекіткен, мәтіннің жаңа нұсқасын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі жасаған қасиетті әнұранды кезінде ұсынбай, енді әкеліп конкурсқа салудың бізге белгісіз әлдебір сыры бар ма? Сондықтан да біздер өзімізді өзіміз сыйлайтын болсақ, мемлекеттік рәміздерімізді қастерлейтін болсақ, әнұран авторларына олардың мәртебесін төмендетпей, жалпымен жарыстырмай, жеке құрмет көрсету керек емес пе?! Ал олай болмайтын болса, осы келеңсіздікті дәстүрге шын айналдырғымыз келсе, аруақтарды алаламай, ұлт мүддесі тұрғысынан тұтас қарайық. Арыға барып, Абайды мазаламай-ақ қояйық, Алаш арыстарынан бастап, кеңес заманында дүниеден өткен әйгілі тұлғалардың бәрін түгендеп шығайық. Ұлт үшін бастарын оққа байлаған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтардың қайраткерлігін былай қойғанда, арттарына қалдырған асыл мұраларының кез келгені Мемлекеттік сыйлық алуға хақылы. Соңына «Күй», «Күйші», «Құлагердей» поэмалар қалдырған Ілияс Жансүгіровті, қара сөздің майталманы Бейімбет Майлинді, сырлы сазды Сәкен Сейфуллинді, қазақты әлемге танытқан жыр алыбы Жамбылды, дастан дүлдүлдері Иса Байзақов пен Нұрхан Ахметбековті, Мұқағалидың өзі табынған Қасым Аманжоловты, сөз зергері Зейін Шашкинді қайда қоямыз? Одан бері түссек, кеше көзіміз көрген Бердібек Соқпақбаев, Төлеген Айбергенов, Сағи Жиенбаев, Оспанхан Әубәкіров, Тәкен Әлімқұлов, Қанипа Бұғыбаева, Зейнолла Шүкіров, Еркеш Ибраһим, Сағат Әшімбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Жұматай Жақыпбаев, Жарасқан Әбдірашев, Марат Қабанбаев, тағы басқалар бар.



Музыка саласына келсек, Парижде әлемді қазақ әнімен таңғалдырған Әміре Қашаубаевты, «Қорландай» бір ән шығарсам арманым жоқ» деп Шәмшінің өзі табынған Естай Беркімбаевты, әйгілі «Махаббат вальсінің» авторы Бекен Жамақаевты, қазақ ән өнерінің жарық жұлдызы Әсет Бейсеуовті қайтеміз? Дәстүрлі әннің бұлбұл көмей, жезтаңдайлары Жәнібек Кәрменов пен Мәдина Ералиеваны қалай ұмытамыз? Замандасы Қайрат Байбосынов, шәкірті Бекболат Тілеуханов алған сыйлықты Жәнібекке, әріптесі Мақпал Жүнісова алған сыйлықты Мәдинаға неге бермеске? Осылардың бәрі де Мемлекеттік сыйлыққа лайық марғасқалар! Сондықтан дүниеден өткендерді рет-ретімен, жөн-жобасына қарай кезекке қойып, нөмірлеп, шетінен Мемлекеттік сыйлық берейік те отырайық. Сонда аруақтар да риза болады. Міне, «дәстүр» деп осыны айтады.

Ал Тәуелсіздік алған жиырма жылдан бері әдебиет пен өнер саласында әлемді аузына қаратып отырған азат Қазақстанның бүгінгі тынысын толғаған, ауыз толтырып айтарлық талай тамаша туындылар дүниеге келді. Тек оны көре білетін көз, таразылай білетін түйсік, саралай білетін зерде, бағалай білетін биік өре керек, ең болмағанда, көркем шығарманы қазақша түсініп оқи алатын сауат керек. Өзгені айтпағанда, биылғы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, алғашқы талқыдан өтпей қалған Мұхтар Мағауин, Смағұл Елубаев, Жәркен Бөдешов, Сейіт Кенжеахметов, Софы Сматаев, Рахымжан Отарбаев, Адам Мекебаев, Жолтай Әлмашев, тағы басқалардың Тәуелсіздік тұсында тудырған тегеурінді шығармалары әдебиетіміздің үлкен олжасы екені анық. Тәуелсіз Қазақстанның тұғырлы тарихын жазу, жасампаз келбетін жырлау қазақ қаламгерлері барда мәңгі жалғаса береді. Сыйлық алса да, алмаса да!

Егер ешқандай өзгеріс болмайтын болса, Мемлекеттік сыйлықтың биылғы жылғы бәйгесін ендігі жерде әрі қарай



жалғастырудың мәні жоқ деп білемін. Осымен тоқтатса да болады. Өйткені тарихта аруақпен жарысып абырой тапқан адам жоқ! Марқұм Жүмекен мен Шәмші ағаларымыздың рухтары разы болсын! Мәселе сыйлықта емес, аруақты сыйлай білуде! Өлі аруақпен жағаласып, етегіне жармасып жату тіріге жараспайды. Менің бұл пікіріме бәйгеге түсіп жатқан қаламгер әріптестерім де қосылатын шығар. Ар жағын Мемлекеттік комиссия мүшелерінің ар-ожданы білсін. Өлгенмен жарысып, өнеге қалдырмай-ақ қояйық! Өлгеннен кейін біздің де кезегіміз бір келе жатар...

*«Жас Алаш» газеті,  
10 маусым, 2010 жыл*





## МӘСЕЛЕ – СЫЙЛЫҚТА ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫҚ ҚАСИЕТТІҢ ҚАДІРІН КЕТІРМЕУДЕ

Құрметті Сейфолла аға, Сіздің «Жас Алаш» газетіндегі (29.06.2010) менің мақалама қатысты шыққан «Олардың өздері емес, шығармалары жарысқа түседі ғой» деген пікіріңізді оқыдым. Сөз өзіме тікелей айтылған соң, жауап беруіме тура келді.

Пікіріңіздің сыңайына қарағанда, мені кінәлайтын сияқтысыз. Әрине, ағыңыздан жарылып, ағалық ақыл айтып, қазаққа тән кісілік танытып жатсаңыз құба-құп. Алайда мына сөздеріңіздің сиқы оған үш қайнаса сорпасы қосымайды екен. Сөз білетін адамсыз, менің мақаламда көтерілген мәселелерді түсінбей қалуыңыз мүмкін емес, әдейі бұра тартып, пендешіліктің қызыл итін қыңыр жүгіртіп отырғаныңыз болмаса... Сөзіңіздің басында «Сенің «өмілерді тірілермен жарыстырмаса екен» деген пікіріңнің жөні бар сияқты» деп бықылдайсыз. Бұған да шүкірлік. «Жөні жоқ» деп айтуға арыңыз жібермеген болар.

Көке-ау, менің Жұмекен мен Шәмші марқұмдарға Мемлекеттік сыйлық берілмесін деп айтқан бір ауыз сөзім жоқ қой. Ұмытып қалсаңыз, қайта оқыңыз: «Аруақтарынан айналайын, Жұмекен мен Шәмші ағамыздың қай-қайсысы да қандай да бір мәртебелі сыйлыққа лайық тұлғалар. Оларға еңселі ескерткіш қойса да, қаһармандық атақ берсе де артық емес. Аттары аталып қалған екен, Мемлекеттік сыйлық берілсін! Екі қолымды көтеріп қолдаймын!» демедім бе? Сол сөзім – сөз. Тек марқұмдарға қандай сыйлық бергіміз келсе де, оларды тірілермен жарыстырып, дауысқа салып жатпай-ақ, жөнімен берелік дедім ғой. Ал өлі мен тіріні жарыстыру қай дәстүрге, қай тектілікке, қай кісілікке сыяды? Мен осыны айттым. Мәселе бұл жерде тіпті сыйлықта емес, елдікте екендігін неге ескермейсіз? Аруақты



құрметтеудің жолы бұл емес. Қайталап айтамын, бұл – қорлау. Сондықтан дүниеден өткен ұлыларға қандай да бір сыйлық берер болсақ, қасиеттеп, қадірлеп берейік. Мәртебесін асырып, өздеріне жеке, жөн-жоралғысымен берейік дегенім үшін жазықтымын ба?

Басқа басқа, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының тізгінін ұстап отырған адамның аузынан «Дүниеден өткен таланттарға Мемлекеттік сыйлық беру – 1997 жылдан бері дәстүрге айналып келеді» деген сөз шыққаннан кейін елдік қасиетімізге, халықтық тектілігімізге нұқсан келетін болған соң шырылдап, азаматтық үнімді білдірдім ғой. Елдікке де, ешбір дәстүрге де келмейтін осы келеңсіздікті шынымен дағдыға айналдырсақ не болғаны? Сондықтан да мен аруақтармен жарысып, конкурстың келесі кезеңін жалғастырудың ешқандай мәні жоқ, өлінің кебініне жармасқандай болмайық, марқұмдардың рухтары разы болсын, оларға бәйге шаппай берілсін деп айтпадым ба?! Сыйлықтан үміткер әріптестерімді де соған шақырдым. Мұның несі айып, несі шам? Бұл жерде қандай пенделік бар?! Сіз «Олардың өздері емес, шығармалары жарысқа түседі ғой» депсіз. Ағатай-ау, жарысқа өнер адамдарының шығармалары: әншінің әні, күйшінің күйі, ақынның жыры түспегенде, қара басы жарысқа түсе ме? Мұны не деп айтып отырсыз? Жалпы конкурс – тірілер арасында ғана өткізілетін шара. Мұны Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Қалихан Ысқақов ағамыз да «Мемлекеттік сыйлық – тірілерге берілетін сыйлық, бұл – тірілерге берілетін стимул, ынталандыру» деп қадап айтты ғой. Ол кісі де білгендіктен айтып отырған шығар. Өлі мен тіріні тайталастырған сорақылық бізден басқа қай елде, қай халықта бар? Адамзат тарихында жоқ нәрсені дәстүрге айналдырғанымыз сұмдық емес пе? Мен сыйлық емес, осыған шырылдадым ғой. Біздің Мемлекеттік сыйлық түгілі, Нобель



сыйлығының өзі өмірден өткендерге ешқашан берілмеген. Тек Кеңес Одағы кезінде Лениндік сыйлық фашистер түрмесінде өлген татар ақыны Мұса Жәлилге ғана берілген. Оның өзінде де біз құсап тірілермен таластырмаған. Арнайы Үкімет қаулысымен берілген. Біле білсеңіз, аруақтарға адвокаттың керегі жоқ. Аруақ – ұлтымыздың рухы, елдік намысы. Оларды әспеттеу, ардақтау – барлық тірілердің ортақ парызы. Сондықтан да мен түсінген адамға конкурс шартының белден баса бұзылғанына қарамастан, марқұмдармен бәсекеге түспейік деп отырған жоқпын ба? Жұмекен мен Шәмші марқұмдарға сыйлық беріледі. Оған дау жоқ, қам жемеңіз. Бойында қазақы қаны бар кез келген адам оларға қарсы болмайды. Қарсы болса, тек жолсыздыққа, жөнсіздікке қарсы. Сөзіңіздің тағы бір жерінде «Несіпбек інім, өзіңнің кішкентай өкпеңмен бүкіл қазақ аруағын қазбалағаның тым артық» депсіз. Кешіріңіз, керісінше, Сіздің бұл сөзіңіз тым артық қиянат деп ойлаймын. Ақыл айтар болсаңыз, ойланып айтыңыз. Мен арғы-бергі аруақтарды түгендеп айтсам, жол беріліп отырған келеңсіздікке тосқауыл, тыйым бола ма, көпке ой салам ба деп айттым, әдебиетке жасалған қиянатты айттым. Конкурс шартының өрескел бұзылғандығын, алынған қаулының аяқасты болғандығын айттым. Сіз өкпе туралы айтасыз. Қайдағы қаңғырған өкпе? Бұл жерге, түсіне білсеңіз, ешқандай өкпе жүрмейді. Өкпе ағайын, дос, туыс арасында болады. Бұл – Сіз айтқандай «кішкентай өкпе» емес, принципті үлкен мәселе! Турасына көшсек, мемлекеттік, ұлттық мәселе! Аруақтарды қазбалап отырған мен емеспін. Ол сөзіңізді тыныш жатқан аруақтарды қозғап, сүйрелеп әкеп жарысқа қосып жүргендерге айтыңыз. Менің аруақтардың жолын кесіп немесе қарсы келген жерім жоқ. Марқұмдармен бәсекеге түсейін деген ойдан да адамын. Өкінішке қарай, менің «Өлгеннен кейін біздің де кезегіміз келер» деп ащы мысқылмен айтқан





сөзімнің астарын кейбір ағайындар түсінбеген сыңайлы. Сіз де байыбына бара алмапсыз. Түсінсеңіз, ағалық әдептен асып, інінің көңіліне тиетін ауыр сөздерді айтпаған болар едіңіз. Мен де сол аруақтарды қозғамайық, қазбалауға жол ашпайық деген пікірді көлденең тарттым емес пе? Әйтпесе өлгеннен кейін сыйлық алам деп есі дұрыс адам ойлай ма?

Аруақтардың бірін қозғасаң, бәрі қозғалады. Аруақтар тірілер сияқты бөлініп-жарылмайды. Олар тұп-тұтас. Сол себепті бірінен бірін жоғары қойып, оларды алалауға болмайды. Аруақтарға құрмет – ұлтқа құрмет, тарихқа құрмет, Тәуелсіздікке құрмет! Марқұмдарды қасиеттеп, шынайы қадір тұтқымыз келсе, кеңінен қарайық. Өлілерді тірілердің ішкі есебіне араластырып, саясат жасап, ұпай жинау – әрі ұят, әрі күнә!

Сіздің біріне-бірі қайшы, кедір-бұдыр пікірлеріңізді оқып отырып таңғалдым. Өлілер мен тірілерді жарыстырудың жөнсіз екендігін мойындай отырып, «Жұмекен мен Шәмші марқұмдарды ұсынудың өзіндік үлгі-өнегелік ұлағаты жетерлік-ау деп ойлаймын» деп былай бір шығасыз. Марқұмдарды сыйлыққа не атаққа ұсынудың үлгі-өнегелік мәні жоқ дегенді кім айтты Сізге? Мәселе – өлі мен тіріні жарыстырмауда ғана! «Мұқағали мен Асқар Сүлейменов марқұмдарға берілген сыйлық кезінде тосын көрінгенімен, бүгін сондай жарасымды және ұлағатты болып кетті» деп түлкі бұлаңға саласыз. Көңіліңізге келмесін, мұның ешқандай жарасымы да, ұлағаты да жоқ. Абзалы – талантты көзі тірісінде бағалағанға не жетсін?! Жарасым сонда ғана болмақ. Көзі көріп, құлағы естімеген сыйлықтың өлілерге қажеті қанша? Ашығын айтсам, сыйлық талантқа тірісінде керек, өлгеннен соң керегі – құрмет! Ойланбай жасалған шаруаның аяғы қашанда осылай шу болады. Аруақтарды ардақтаудың елдікке тән, дәстүрге сай өзге де ұлы үрдістері бар. Соны неге ойластырмасқа? Бұған мысалдар өзге

емес, өз елімізде де жетерлік. Айталық, көптеген әдебиет, өнер-ғылым, мемлекет қайраткерлеріне театр, университеттер аты берілгендігі соның айғағы. Сол сияқты Поэзия театрын ашып, оған Мұқағалидың атын берсе, әлдеқайда жарасымды болмай ма?! Мұның бәрін ойласу мақсатында айтылған жеке пікір деп қабылдарсыз. Әйтпесе өз айтқанымның бәрін жөнге санап, өзеуреп отырған мен жоқ. Ағат кетсем, қалың оқырманнан және Сізден ғафу өтінемін.

Сөз соңында, Өзіңіз аруақтарды қозғамайық дей тұра, соған Өзіңіздің мұрындық болып отырғаныңызды айта кеткім келеді. Араға жылдар салып, Сағи Жиенбаев, Еркін Ібітанов, Төлеген Айбергенов, Сағат Әшімбаев, Жарасқан Әбдірашевті Мемлекеттік сыйлыққа ұсынуды жөн көресіз. Өткен өкініштің орнын толтыру үшін марқұмдарды өз дәрежесінде марапттаудың қалай да бір оңды жолын табу керектігін мен де қолдаймын. Мұны өткен мақаламда да айтқанмын. Егер ойланбай айтқан Сіздің осы ұсынысыңыз алда-жалда қабыл болса, түптеп келгенде, мен айтқан бүкіл аруақты еріксіз түгендейтініңіз айдан анық. Сіз атаған санаулы адамдармен біздің қазақ тоқтай қоймайды. Бұған кәміл сеніңіз! Сонда, өз сөзіңізбен айтсам, түптің түбінде «барша аруақты қазбалап, тебірентетін» мен емес Сіз болып шығасыз... Мен Сізді де, басқаларды да осыдан сақтандырғым келеді.

Тағы да сөзіңіздің бір жерінде алдыңғы пікір білдірген замандастарыңыз Оразбек Сәрсенбаев пен Қалихан Ысқақовты кекетіп, «...шамасы бұлар өлі арыстаннан тірі мысық артық деген-ау деген ойға қалдым» дейсіз. Бұл сөзіңіз де кісілікті сөз емес. Біріншіден, олар «сыйлық Н. Айтұлына берілсін, Жұмекен мен Шәмшіге берілмесін» деп отырған жоқ қой. Екіншіден, олар да тірілер мен өлілерді жарыстырудың өрескел екендігін айтып, алынған қаулыдан аттамау керектігін ескертті. Әдебиетіміздің ақсақалдары ретінде өз пікірле-



рін білдірді. Оны құлақтарына ілу, ілмеу биліктегілердің құзырында. Ал Сіздің жоғарыда айтылған орынды пікірлерді ақыл таразысына салмай, ақсақал басыңызбен айдалаға кеткеніңізге жол болсын...

Мен айтарымды айттым. Ары қарай сөз таластырып, мұны дау-дамайға айналдырмайық, аға! Сыйластығымыз үзілмесін!

*«Жас Алаш» газеті,  
маусым, 2010 жыл*



## ЖОҚТАУДЫ МЕН ЖАЗҒАН ЕДІМ

«Жас Алаш» газетінде осыдан біраз жыл бұрын жазушы Ғаббас Қабышевтің «Жоқтауды жазған кім екен?» деген шағын мақаласы жарияланды. Мақалада Ғабекен Санжар жөнінде шыққан естелік кітапта қазақтың арыс азаматы, марқұм Санжар Жандосовтың жарқын бейнесін еске ала отырып, Сәкен қайтыс болғанда айтылған жоқтауды кім жазғанына сұрау салыпты. Ғабекен осы жауапты сол кезде жазған едім. Алайда газетке берілмей, көп қағаздың арасында қалып қойыпты. Таяуда тауып алдым. Кеш те болса оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

Ұмытпасам, Санжар ағамыз 1992 жылы кездейсоқ қатерден қайтыс болды. Мен ол кісімен өмірінің соңғы жылдарында біраз аралас-құралас болдым. Оған себепкер Санжардың қайнағасы, Ілияс Жансүгіровтің немерелес інісі, белгілі журналист Талап Сұлтанбеков еді. Мені Тәкеңмен ертеден таныстырған бала кезімнен сыйлас, сырлас ағам – бұл күнде Семей қаласында тұратын қарт қаламгер, кезінде Шұбартау ауданында басшы қызметте болған Сейітжан Тәбәрікұлы болатын.

Соғыстан соңғы жылдары жоғары оқу орнын жаңа бітірген жас жігіт Талап халық жауының баласы ретінде құғындалып, Семей облысы Абралы ауданының орталығы – Қайнар ауылына мұғалім болып барады. Сейітжан да сол мектептегі жас мұғалімнің бірі екен. Екеуі сонда танысып, табысып, достасады. Қайнарда Талап Сейітжанның үйінде тұрады. Секеңнің Талаптың шешесі, белгілі ақын Дәмеш Берсүгірованың ұлын іздеп Жетісудан Қайнарға келгенін талай жыр қылып айтқаны әлі есімде.

Мен 1969 жылы Алматыға келіп, оқуға түстім. Сол жылы Алматыға келген бір сапарында Сейітжан аға мені Талап досымен таныстырып кетті. Содан бастап Тәкеңмен үй ішімізбен араласып, тумасақ та туғандай болып кеттік.



Санжар ағамен біз Тәкеңнің үйінде жиі ұшырасып жүрдік. Ильфа апаймен де сол үйде талай бірге дәмдес болдық.

Санжар ағаның қазасы үстінде маған сол кездегі Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың атынан көмекшісі телефон шалып: «Өткенде досыңыз Жәнібек Кәрменов қайтыс болғанда жазған жоқтауыңызды Мырзекең газеттен оқыған екен, қазақтың арыс азаматы ғой, Санжар ағасына да жоқтау жазса жөн болар еді деп жатыр, қалай қарайсыз?» – деді.

Мен сол тапсырма бойынша осы жоқтауды жазған едім. Бір данасын Ильфа апайға берген болатынмын. Ол кісі жоқтаудың аяғына қол қойылмағандықтан кім жазғанын қайдан білсін.

Келесі жылы қазақтың дүлдүл ақыны Сырбай Мәуленов ағамыз дүние салды. Сырағаңа да жоқтау айтылды. Гүлжамал шешейдің атынан ол жоқтауды да мен жазған едім. Сол жоқтауды оқырман қауымға реті келгенде ұсынуды жөн көрдім.

### **Сырбайды жоқтау**

*(Жары Гүлжамалдың атынан)*

Жалған да жалған, сұм жалған,  
Жалғанда, сірә, кім қалған?  
Құтылып шыққан жан бар ма  
Сұм ажал қазған зынданнан?

Кімдерді құдай алмаған,  
Кімдерге қайғы салмаған?  
Өңеші толмас сұм өлім  
Талайдың басын жалмаған.

Зарласа тілім тақылдар,  
Зарлыда қанша ақыл бар?  
Әдеті арсыз ажалдың –  
Жақсыны көрсе тақымдар.







Шыдайын қалай жыламай,  
Көзімнің жасын бұламай?  
Өлмесе қайда бабалар,  
Бәрін де алды-ау сұрамай.

Шыдайын қалай жыламай,  
Көзімнің жасын бұламай?  
Өлмесе қайда Абылай,  
Ыбырай, Шоқан, ұлы Абай?

Ойымнан арман кетер ме,  
Солардан жайсаң өтер ме?  
Жоқтаусыз кеткен қазақты  
Жоқтасам ғұмыр жетер ме?

Үзіліп алтын өзегі,  
Ажалдың жетті-ау кезегі.  
Сырекем өтті-ау дүниеден,  
Асылдан қалған көз еді.

Қарайып таңның атысы-ай,  
Қызарып айдың батысы-ай!  
Арыстан сынды Сырекем,  
Арыстай болып жатысы-ай!

Артқыға мойын бұрғызбай,  
Жеттің-ау, ажал, тұрғызбай.  
Кеттің бе сен де, Саңлағым,  
Аспаннан аққан жұлдыздай?!

Қасірет келіп қаусырды,  
Қайратым бүгін таусылды.  
Жоқтасам қайдан естимін  
Сапырған көкті даусыңды?!





Жесірлер құсап бұрынғы,  
Жайып бір тастап бұрымды,  
Жоқтасам қайдан табармын  
Жазылмай кеткен жырыңды?!

Шаңырақ сынып шалқайды,  
Босаға құлап жантайды.  
Айналып шықсам табам ба  
Алатау, Арқа, Алтайды?

Патшадан қайсы кем едің,  
Данышпан, дархан, кең едің.  
Ішінде қалың ақынның  
Қобыланды батыр сен едің.

Табаны таймас дүлдүлім,  
Таңдайы кеппес бұлбұлым.  
Еңіреткен қалың еліңді,  
Қиямет болды-ау бұл күнің?

Көз жасым дертті жуар ма,  
Іштегі шерді қуар ма?  
Жақсыдан жайсаң туса да,  
Сырекем, сендей туар ма?

Алладан енді сұрарым:  
Сөнбесін мәңгі шырағың.  
Алдыңнан құдай жарылақп,  
Бейіштен болсын тұрағың...

2010 жыл





## ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ХАНТӘҢІРІ

Қазақтың маңдайына өнер, таңдайына өлең біткен ықылым заманнан бері көзді алдып, көңілді арбап жалт-жұлт еткен мынау жарық дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеді десейші. Қайсыбірін айтамыз, Асан қайғыдан тартсақ арыға кетеміз, беріден-ақ бастайық.

*Жас – қартаймақ, жоқ – тұмақ, туган – өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек, –*

деп Абай өтті.

*Ойхой, дүние – серуен,  
Адам – бір көшкен керуен, –*

деп Жамбыл өтті.

*Дүние – жалт-жұлт еткен кең мекенім,  
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.  
Арпалыс, алақұйын заманалар  
Арбасып тұрып алды, мен не етемін? –*

деп Қасым өтті.

*Ей, менің сайран мекенім!  
Мен ертең сенен кетемін.  
Айдынын қимас аққудай,  
Айналып ұшып өтемін, –*

деп Мұқағали да өтті бұл жалғаннан.





*...Осылай болған,  
Осылай болды,  
Осылай тағы болады.  
Уақытты ұстап тұратын құдірет жоқ әлі.  
Осылай күз кеп, осылай боран соғады,  
Құлдилап барып, көзіңнен гайып болады, –*

депті тағы сол Мұқағали.

Қай заманда да тағдырдың тұрлаусыздығын, өмірдің баянсыздығын ойлы адамдар ғана жұрттан бұрын сезініп, опасы жоқ бес күндік жалғанда мағынасыз қарын қампайтудан, мәнсіз көңіл марқайтудан безініп, тоқтаусыз шыр айналған шексіз ғаламнан тиянақ-тиекті өлмейтін, өшпейтін, өлтірмейтін сөз өнерінен ғана тапқан сыңайлы.

*Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, –*

деп Абай осы ақиқатқа көзі әбден жеткендіктен айтқан болар.

Ал Мұқағали:

*Батар күн,  
Келер түн,  
Атар таң,  
Шығар күн,  
Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын!  
Мен осы, осылай мәңгілік тұрармын.  
Мен осы, сірә да, өлмейтін шығармын! –*

дейді.

Жұмыр басты пендеге жұмбағы ғұмыр бойы шешілмейтін сиқырлы да сырлы ғаламға, тылсым табиғатқа, күн сайын то-



тыдай түрленген, жыл сайын тобылғыдай бүрленген, шөл қанбайтын, жан тоймайтын тіршілікке осынша ғашықтық, осынша құмарлық – Тәңірдің нұры түскен, өзі өлсе де сөзі өлмейтін, туған елі барда, туған тілі барда рухы мәңгі жасайтын ерекше жандарға ғана тән құбылыс. Соның бірі – біз бүгін 80 жылдығын тойлап отырған қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев.

Мұқағали небары қырық бес жасында мезгілсіз көз жұмса да суынған шоқтай сөніп кеткен жоқ, ол өзінің ұлылығына, асыл мұрасының мәңгі өлместігіне кәміл сеніп кетті. Оның өлмес рухы өзі айтқан айдынын қимас аққудай, дәл қазір біздің тас төбемізде үнсіз ғана айналып ұшып жүрген болуы да мүмкін.

*Күн – мені шомылдырған асыл анам,  
(Жан-жағым ақ моншақтар шашыраған).  
Ақ таудың бөлеп мені бесігіне,  
Ақ таңның сүтіменен асыраған.*

Неткен ғажап?! Біз бүгін сәби Мұқағалиды нұрына шомылдырған құдіретті күннің астында, Мұқағали емген ақ таңның ақ сүтінен мейірлене сіміріп, Мұқағалиды тербеген алып бесік – алып тау құшағында, Мұқағалидың кіндігін кескен қасиетті қалың елдің, Мұқағали сағынған «Қайран Қарасаз» бен Шалкөдеде тұрмыз. Қарасазы аңырап, қарағайы жамырап, еліктері маңырап, туған жері, өскен ауылы мұңлы Мұқағалиын сағына аңсап тұрғаны және рас.

*Сағына аңсап барғанда,  
Сағына күткен жан бар ма?  
Оттары қайда ауылымның,  
Ошақ та сөніп қалған ба?*



*Лақтай орғып өсіп ем  
Суатта, анау жарларда.  
Өскен ем, өмір кешкен ем  
Осынау ұлы тауларда.*

Аспан кеңістігін аңсаған қырандай, тауға деген керемет құштарлық, еркіндікті аңсаған қамаудағы құландай елге деген шексіз ынтызарлық, ыстық махаббат Мұқағали жырларының кез келгенінен алуан гүлдей шешек атып, самал желдей жұпар шашып тұрады.

Мұқағалиды оқып отырып, толқымау, тебіренбеу, еміренбеу мүмкін емес. Ол тау болып күрсінеді, дала болып толғанады, өзен болып өксиді, бұлақ болып еркелейді, кейде тіпті шектеулі тіршіліктің шеңберіне сыймай құлазыған шақтарында самұрықтың қанатынан ұстап, көкке де самғап кеткісі келеді. Алабұртқан албырт көңілі шартарапты шарлап алқынады, мұңға батқан асау жүрегі түпсіз дүние сырын толғап, әр қияға талпынады. Ол өзінің көкірек-сандығындағы жан сырын ақ қағаз, қара сия арқылы жарқырата ашып, артына мол мұра шашып кеткен аса жомарт талант иесі еді.

*Кең дүние, тәсіңді аш, мен келемін!  
Алынбаған ақым бар сенде менің.  
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,  
Бура бұлттар – бусанып терлегенім, –*

деп қазақ жырының асқар таулары мен шалқар даласына жар сала келген еді ол сонау алпысыншы жылдары. Оның осылай биік сөйлеп, батыл мәлімдеме жасайтын жөні де бар. Өйткені ол бесігін тау тербетіп, өзен әлдилеген, анасының алтын құрсағынан жылап туған емес, жырлап туған, тылсымның сырына, сезімнің нұрына шомылған жан еді. Басқаша айтқанда, өлең Мұқағалидан емес, өлеңнен Мұқағали жаралған еді. Сондықтан



да ол басынан бақайшығына дейін өлең боп өрілген, қолына қалам алса, саусағынан жыр саулаған жойқын талант еді. Азапты көп тартқан, қара өлеңді кие тұтқан қазақтай халыққа Абай, Махамбет, Жамбыл, Мағжан, Ілияс, Қасым сияқты Тәңірдің тартқан тосын сыйы еді. Ол Абайды мұрат тұтты. Қасымды қадірледі. Сондықтан да:

*Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,  
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем бір кісіден, –*

деп толғанды. Мұқағали аңсары, Мұқағали мұңы, Мұқағали сағынышы ұлы ұстазының адамзаттық ұлы арманымен үндесіп, ұштасып жатты. Адамзатты жырлау үшін, адамның асыл сезімдерін, ізгі қасиеттерін жырлау үшін өмірге келгенін ақынның өзі де ерте түсінді. Сондықтан да қысқа ғұмырында күйкі тірліктің күйбеңінен бойын аулақ салып, туған халқының қуаныш-қайғысын, қадір-қасиетін, кіршіксіз жан тазалығын, шексіз махаббатын, өлшеусіз мейірім-қайырымын, көлдей көңілін, сағынышқа толы өмірін, бабадан қалған байтақ мекеннің асқар тауларын, дархан даласын, өзен-көлдерін, аспандағы құсы мен жердегі жәндігіне дейін қатардағы пенделерге сезіле бермейтін бір керемет құдірет күшпен жырға қосты. Табиғаттың тылсымнан сорғалаған сиқырлы сәулесіне көкірек аясын тосып, өзгеге естіле бермейтін нәзік те құпия дыбыстарына құлақ түрді. Міне, бұл – Мұқағалидың мұңды әлемі.

*Бас қатырып несіне күн кешемін,  
Бәрі өтеді...  
Ешкім де білмес емін.  
Бәрібір табиғатпен бірге өсемін,  
Бәрібір табиғатпен тілдесемін, –*



дейді. Расында да, оның өлмес рухы мәңгілікке ұласып, Мұқағали табиғатқа, табиғат Мұқағалиға айналып кеткендей.

*Жапырақ-жүрек, жас қайың,  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын,  
Келісесің бе, жас қайың?*

*(Көрінер мүмкін кімге ерсі),  
Өміріңді маған бір берші.  
Дүрбелең мына дүниені  
Адам көзімен бір көрші.*

*Қайың боп мен де бағайын,  
Орманнан орным табайын.  
Беймәлім маған өмірге  
Қайың көзімен қарайын, –*

дейді.

Жаратылыстың хикметінде шек жоқ. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла!» – деп Абай атасы айтқандай, Мұқағали да біз үшін әлі толық ашылып болмаған жұмбақ дүние. Кім білсін, осы сәтте оның «мәңгілікке өзімен ала кеткен» сырға толы нәзік жаны қапталдағы әлдебір ақ қайыңның көзімен бізге мейірлене нұрын төгіп, күлімсірей қарап тұрған да шығар. Зады, Мұқағали жырларын жіліктеп, талдап, тәптіштеп түсіндіріп жату бос әурешілік. Ол мүмкін де емес. Абайды, Мұқағалиды түсіну үшін жүректе көз, санада саңылау болса жетіп жатыр. Тек оқи біл, ойлана біл, сезіне біл.

Шапқан аттай, атқан оқтай зулап бара жатқан уақыт-ай! Өткенді ойласаң, көкірегің қарс айрылып, көзіңе жас келеді.





Алматыда жыр кештерінде тұғырға қонған қырандай саңқылдап өлең оқып, соңынан жас ақындарды шұбыртып ертіп жүретін көңілі жайсаң, қолтығы кең Мұқағали ақынның да дүниеден көшкеніне, міне, отыз бес жылдың жүзі болыпты.

*35 жыл...*

*Өмірді кезіп келем.*

*Және 35 бола ма?*

*Сезіктенем... –*

деп жазыпты ол отыз беске толғанында. Қайран ақын жүрегі енді он жылдан кейін – қырық бес жасында өмірмен қоштасарын қалай сезіп-білгеніне таңғаласың. Содан бері де отыз бес жыл өтіпті- ау!..

Мұқағали Мақатаев бодандықтан бордай тозған қазақтың басына қара бұлт үйірілген қатыгез жылдарда дүниеге келді. Ол бабалары – Хангелді, Райымбек батырлардың жорық сарындарын, 1916 жылдың ащы зарын жөргегінде жатып тыңдады. Бұның аяғы 1941 жылғы жесірлер мен жетімдер зарына ұласты. Бала Мұқағали осының бәрін де өз жүрегінен өткізді.

Соғыс жылдарындағы ауыл суретін, ондағы адамдар тағдырын, әсіресе әйелдер қасіретін, олардың аласапыран ішкі жан дүниесін Мұқағалидай кең қамтып, жеріне жеткізе жырлаған ақын жоқ. Осы тақырыпқа жазылған Қасым Аманжоловтың «Ақын туралы аңыз», «Дариға, сол қызынан» кейінгі классикалық шығармалар – Мұқағалидың жаралы жүректерді жұбатқан шерлі жырлары болды.

*Су сұраса сүт берген, айран берген,*

*Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем.*

*Қарғаның валетіндей едірейіп,*

*Қасыңа мына біреу қайдан келген?*



Осы бір шумақтың өзінде қаншама шытырман тағдыр, өксікті өмір, өкініш пен қайғы, сағыныш пен сабыр жатыр.

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс...» – деп Қасым ағасы айтқандай, соғыстан соңғы жиырма-отыз жылдың көлемінде қазақ жыры қанатын кеңге жайып, көркемдік билікке құлаш ұрды. Кеңестік қатал саясаттың қатпар-қатпар тоңы жібіп, жылымық біліне бастаған сол тұста аға буын – Сырбай, Жұбан, Хамит, Қалижан, Қуандық, Мұзафар, Ғафулардың ізін баса әдебиетке Тұманбай, Қадыр, Сағи, Жүмекен, Төлеген, Фариза бастаған таланттар тобы келді. Солардың бел ортасында бапсыз шапқан жүйріктей буырқана бусанып, тұрпаты бөлек марғасқа Мұқағали да жүрді. Сөз танитын жұрт Мұқағалиды бірден мойындады. Рас, қызғанышқа бой алдырған кейбіреулер мойындағысы келмеді. Бірақ арнасына сыймай тасып аққан қуатты талант кедергілердің бәрін күндер өте келе бұзып-жарып, поэзияның шексіз де шалқар айдынына жөңкіле жол тартты. Оның таудың таза ауасындай, жібек самалындай, тұнық бұлағындай мөлдір жырларынан туған халқы мейлінше сусындады.

Мұқағали поэзиясы – сан қырлы гауһар тастай, төңкерген сайын төгіліп, алуан түрлі сәуле шашатын ғажайып поэзия. Ол – ХХ ғасыр поэзиясының әлемдік алыптары – Пабло Неруда, Гарсио Лорка, Расул Ғамзатов, Олжас Сүлейменов, Евгений Евтушенко, тағы басқалармен үзеңгі қағыстырып, иық теңестірген, ұлы Дантениң шыңына ой қанаты талып жететін «Құдіретті комедиясының» өзін туған тілімізге қаз-қалпында тәржімелеп жеткізген қазақ әдебиетінің аса ірі өкілі.

Мұқағали өзінің ана сүтімен қанына біткен қазақтың қара өлеңін пір тұтты. Туған тілін ту етіп көтерді. Халқының асыл қасиеттерін бесікте жатып бойына сіңірді. Өз ұлтын жан-тәнімен сүйе білді. Ұлы сағыныштан, ұлы махаббаттан, ұлы жүректен ғана ұлы жырлар туатындығын тағдырымен де, өлеңімен де дәлелдеп кетті.



*Батар, кетер келмеске күнім менің,  
Қалар бірақ киелі тілім менің,  
Қасіретті шақтардан түңілгенде,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім, –*

деп жырлады.

Мұқағали кімнен түңілді, неден түңілді? Осыған бір ой жіберіп қарайықшы, ағайын. Кейбір естелік айтушылар «Ой-бай, Мұқағали анадан қиянат көрді, мынадан қиянат көрді...» деп жатады. Ақын да ет пен сүйектен жаралған пенде. Мынау қым-қуыт тіршілікте біреулерге өкпелеген шығар, біреуге ренжіген шығар. Тіпті тұрмыс тауқыметін де көрген шығар. Оны кім көрмеді? Екі қазақтың бірі көрді. Оған бола түңілетін Мұқағали емес. Біз білетін Мұқағалидың мұңы жеке бастың күйініші емес, одан әлдеқайда тереңде жатыр. Мұқағалиды біз әлі толық түсініп болғанымыз жоқ деуіміздің себебі де сонда.

Рас, Мұқағали өз дәуірін барынша жарқырата жырлаған ақын. Алайда оның да айта алмай кеткен, айтса да тұспалдап қана айттып, өзімен бірге ала кеткен асқақ арманы қаншама?! Оның өз заманының қалыбына сыймай, тарпаң мінез танытып, айнала-сынан түңілуі – ұлт азаттығына деген іңкәрлік еді. Мұны кезінде біреу түсінді, біреу түсінбеді. Мұқағалидың басты қасіреті міне, осында. «Қасіретті шақтардан түңілгенде, Қасиетті тілімнен түңілмедім...» – деуінде үлкен мән бар. Тәуелсіздік қол жетпес қиялдай көрінген Мұқағали ғұмыр кешкен кеңестік кезеңде қазақ ұлтының туған тілден басқа таянышы да, үміті де қалмаған еді. Оның: «Айтып өткен ақында арман бар ма?» – деп өкініш білдіруі сондықтан. Мағжандар болса, айтарын айттып, атылып кетті. Қит етсең, қиып түсетін алмағайып заман кейінгі ақындарды ауыз басып, аңдап сөйлеуге мәжбүр етті. Бұл тұрғыдан алғанда, Мақатаев пен Аманжолов тағдарлас. Қасым өзі туралы толғауында: «Арпалыс, алақұйын заманалар Арба-



сып тұрып алды, мен не етемін?» – деп назаланды. Түсінген адамға ол өлім мен өмір ортасында жатқан сәттегі өзінің жанталасы емес, алақұйын, арпалысқан заманалар кесірінен тәлкекке түскен тәуелсіздік тағдырын бүркемелеп жеткізіп отыр.

«О, Бостандық, мен сені Құдай көрем!» – деп жазды Мұқағали «Чили – шуағым менің» поэмасында. Мұқағалидың да Чили халқының тағдырын жырлаған болып, өз халқының азаттығын көкसेп отырғандығы күмәнсіз. Алайда олар тәуелсіздіктің түбінде бір келерін сезіп білді:

*Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,  
Қараймын елесіңе мен таңырқап, –*

деді Қасым.

*Білемін, керемет бір күн келеді!  
Жайнайды жасыл бағым, гүлденеді! –*

деді Мұқағали.

Айтқандары айдай келді. Осыдан кейін мұндай ақындарды қалай әулие демейсің?!

«Қазақ поэзиясына Ұлы Отан соғысы Қасымның «Ақын туралы аңызын» берді. Ондай поэма туғыза алмаған қазақ – халық болып та танылмас еді. Мен осындай сөзді Мұқағали және оның ең ғажап соңғы шығармасы «Жан азасы» деп аталатын реквиемі туралы да айтамын. Мен Қасымның поэмасын оптимистік трагедия деп атаймын. Біз өмірді сүюді, оны биік поэзияға айналдыруды осы екі ақыннан үйренуіміз керек», – деді Мұқағалидың 1982 жылы шыққан екі томдығына жазған алғы сөзінде қазақтың абыз ақыны Әбділда Тәжібаев. Бұл пікірге біз де қосыламыз. Себебі Мұқағали – қазған сайын тереңдей беретін шыңырау, көсілген сайын көкжиегі кеңі



түсетін шексіздік. Оның қанатты әнге айналып, қазақ аспанында самғап ұшып жүрген жырларының өзі неге тұрады?! Ол эпикалық жанрда да шашасына шаң жұқтырған жоқ. Саяси тақырыпқа жазылған поэмаларының өзі ешқашан құнын жоймайтын, уақыт өткен сайын жарқырай түсетін, тот басуды білмейтін асыл туындылар. Той үстіндегі шағын сөзімізде бәрін қамтып айту мүмкін емес.

Тәубе дейік, ағайын! Мұқағали аңсаған керемет күнге ол жетпесе де, төрт құбыламыз түгел, міне, бүгін біздер жетіп отырмыз. Ол керемет күннің аты – Тәуелсіздік!

*Бүгін менің туган күнім, ой, пәлі-ай,  
Мына жұртым неге жатыр тойламай?  
Бір той жасап берер едім өзім-ақ,  
Тәңірімнің жарытпай-ақ қойғаны-ай! –*

деп налыған Мұқағалидың бүгін Хантәңірі бөктерінде – Шалкөде жайлауында шалқар тойын жасап жатқанымыз да, түптеп келгенде, Тәуелсіздіктің арқасы. Осыдан үш-төрт жыл бұрын Астанада – Президенттік Мәдениет орталығында Мұқағалиға арналған кеш өткізіп, сол кештің атын «Қазақ жырының Хантәңірі» деп атап, Мұқағалиды Хантәңіріге тұңғыш рет мен теңеген едім. Осы айтқаным – айтқан! Олай болса, Тәуелсіздігіміз баянды болғай, Хантәңірінің бөктерінде туып, өзі де қазақ жырының Хантәңіріне айналған Мұқағалидай аруақты ақынымыздың рухы жас ұрпаққа жар болғай, киелі қара өлеңнің алтын кіндігі мәңгі үзілмегей деп тілейік.

*«Жетісу» газеті,  
6 тамыз, 2011 жыл*



## ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ

Бұл күнде алты алашқа әйгілі қазақтың ардагер ақыны Кәкімбек Салықов жырларымен мен сонау жетпісінші жылдарда жүздестім. Алғаш Тұманбай Молдағалиев ағаның аузынан: «Арқада Кәкімбек деген керемет ақын бар. Оқып көрдің бе? Өзі партия-совет қызметінде жүріп, өлеңге жан-тәнімен берілген адам», – деген сөзі әлі құлағымда. «Иә, оқып жүрмін. Арқада Еркеш Ибраһим де бар ғой...» – деп едім, Тұмаған ұзақ-сонар әңгімеге көшті. Еркешке еріп жүрген студенттік шағын еске алып, көзіне жас алды. «Мен жетім өскен жігітпін. Еркештің плащын сұрап киіп би кешіне барушы едім. Кәкімбек пен Еркеш – Арқаның арда ақындары ғой. Оларға ақындық ана сүтінен дарыған. Азаматтықтары да биік жігіттер», – деп бір тоқтады.

Жалпы ғасырлар қойнауынан керуен тартқан қазақ жырының ұзақ-сонар көшіне көз жіберсек, шашасына шаң жұқтырмас небір сөз саңлақтарын – сан түрлі, сан қырлы ақындарды кездестіреміз. Ақындық пен әкімдікті қатар ұштастырып, қайраткерлігімен де, қаламгерлігімен де халық жүрегінде қалған ұлы тұлғалар баршылық. Оның басы – Абай. Абай атамыздың ел билеп, болыс болған қыры бір басқа да, ақындық әлемі тіпті өзгеше. Өткен ғасырдың екінші жартысында Абай дәстүрін жалғастырған бірден-бір ақын – Кәкімбек ағамыз.

Кәкімбек ағамыздың қайраткер ретінде халқына жасаған қызметі ұшан-теңіз. Өз заманының биік азаматы бола жүріп, ұлтын ұмытпаған, халқының қазынасын құнттаған қаламгердің бірі де осы кісі. Көп жылдар Арқа өңірінде қызмет етті. Мәскеу барды, Қарақалпақстан асты. Қайда қызмет етсе де өз міндетін адал атқарды. Ешкімге ешқашан қылдай қиянат жасамаған, жаны жайсаң ақын зейнеткерлікке шыққаннан кейін бірыңғай шығармашылыққа көшті. Ағамыздың өндіре

жазған кезі де осы жылдар болды. Рас, билік басында жүргенде қауырт жұмыстан, қаптаған жиналыстардан қолы қалт еткенде қолына қалам алды. Күндіз қызметтен шаршап қайтқанына қарамастан таңмен таласып талай тамаша жырлар тудырған түндері бүгінгідей көз алдында. Мен ағамыздың қайраткерлік тұлғасына тоқталмаймын. Биліктің асау тұлпарының үстінде талай тұлғалар өткен. Алайда ақындық өнердің жөні бір басқа.

Кәкімбек ақын жырларына бойлай түссек, бүкіл бір дәуірді көз алдыға елестетеміз. Қиын да күрделі кезеңде, ұлттың тілі күрмелген кезеңде, өзі жауапты қызметте жүріп халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтау кез келген қаламгерге оңай шаруа емес. Кәкімбек аға өнердің осы бір ауыр да қиын жолынан сүрінбей өтті. Ол өз заманын жырлай отырып қазағының көкірегіне үңіле білді, ұлттың арман-мүддесін ұғына білді. Ақынның алғашқы жылдардағы жырларының өзінен-ақ тұнықтықты, тереңдікті, сұлулықты, сыршылдықты анық байқайсыз.

*Күн артынан құштарлана күн шығып,  
Өрге ұмтылар тынымы жоқ тіршілік.  
Тегін өткен уақытты ойлап тебіренем,  
Бос отырсам кетердей-ақ тұншығып.*

*Осындайда тұңғыықтан зіл шығып,  
Ойда жоқта кетеді екен тіл шығып.  
Маңдайыңның ыстық тері бүрқ етер,  
Өз қолыңмен өз жүрегің шымшылып.*

Осы екі шумақ жырдың өзінен-ақ ақынның бүкіл өмірінің терең тынысын сезінесіз. Кемел айтқан, шебер айтқан. Абай: «Жас жүрек жайып саусағың, Талпынған шығар айға алыс», – десе, Кәкімбек ағамыз: «Өз қолыңмен өз жүрегің шымшы-



лып», – деп қиыннан қиыстырады. Ішкі жан тебіренісін аса бір шеберлікпен бейнелейді «Нұрлы күндер» жинағында. Әдетте алғашқы жорға жүрісінен жазбай, үйреншікті қалпын бұзбай, бір сарынның жетегінде кететін, бір деңгейде ғана өтетін ақындар болады. Кәкімбек ақын ол топқа жатпайды. Тереңнен кен іздеген Қаныш Сәтбаев ағасындай өлеңнен кеніш қазған, ізденгіш талант. Кәкімбек ақын кітаптан кітапқа ауысқан сайын үнемі өсіп отырады, бір екпіннен екінші серпінге көшіп отырады. Лирикалық жырларын былай қойғанда, халқымыздың өнер тарихынан, өмір тарихынан сөз қозғайтын «Тайжан ақын», «Тәттімбет», «Еркеғали» сынды кең тынысты, кең құлашты поэмалары – қазақ поэзиясының қоржынына үлкен олжа салған дүниелер. «Тәттімбет» поэмасы – Ілиястың «Күй», «Күйші» дастанынан кейінгі өнер туралы жазылған дара шығарма. Сондай-ақ, әнге жазған өлеңдері мен әндері бір төбе. Ақынның «Жезкиік», «Ақ тырналар», «Әйгерімнің әні», «Ерке бала», «Ерке сері», «Бүкіл әлем жан сәулем боп кеткендей», «Күй-аға, Нұр-аға», ««Аққуды» тартшы, Қаршыға», «Шәкіртің түр ән салып», «Жылжиды аққу», т.б. әндері қазақ ән өнерінің өрнекті бір қанатындай әсер қалдырады. Жан тербетіп, жүректі сағыныш нұрына бөлейді. Қараңыздаршы: «Жылжиды аққу айдында, жылжымайды...» – дейді. Бұл суретті тек ақынның не сазгердің көзі ғана көре алады. Кәкімбек ағамыздың әнге жазылған мұндай маржан жырлары жетерлік. Немесе:

*Қайтқан құстар барады  
Еділдетіп Оралмен.  
Бірге кетіп солармен,  
Елге жетіп қалар ма ем...*

Ақынның Мәскеуде жүрген жылдарында туған осы бір ән-өлеңде қаншама көңіл тебіренісі жатыр. Шынайы сағыныштың





самалы еседі. Жалпы Мәскеуде жүріп сағыныштан саңлақ өлең тудырған екі ақын бар. Оның бірі – Мәскеуден елге қайтарында: «Қош боп тұр, қош бол енді, сардар аға, Мен ертең кетем ұшып сар далама», – деп Пушкинмен қоштасқан Мұқағали болатын болса, екіншісі – осы Кәкімбек ағамыз.

Бұл күнде жетпістің жотасынан асқан, сексеннің сеңгіріне аяқ басқан саңлақ ақынның қай шығармасын алсақ та, қай қырынан келсек те кемелдік пен кесектікті көреміз. Ақын алғашқы жырларынан бастап соңғы жылдардағы өлеңдерінде тек халқының арман-мүддесін, бабалар аңсаған, бүгінгі біздер бақытына бөленіп отырған Тәуелсіздік рухын жырлап келеді.

*Аспаннан құлатқандай қағып Айды,  
Қансырап Кенесары бағы тайды,  
Исатай, Махамбетті аңыз етіп,  
Сағынды қалың қазақ Абылайды.*

*Шықпады түзу түтін түндіктен де,  
Береке тайды хандық, биліктен де.  
Орыстың бекіністері қаптап кетті,  
Құрсаулап қилы заман киліккенде, –*

деп жырлады туған халқының кешегі тағдыры жөнінде ақын.

Кешегі қазақты қанға бөктірген бекіністердің бірі – Ақмола болатын. Ақын аңсаған арманына, халқы күткен бақытына жетті. Тәңірге тәубе. Тәуелсіздік алғанмызға жиырма жыл болды. Осы жылдар ішінде де Тәуелсіздік ту тіккен Астана төрінде халқымыздың абыз ақындарының бірі Кәкімбек ағамыз да жаңа заман келбетін, еркіндік салтанатын шабыттана жырлап келеді. Иә, шалқар ақынның барлық шығармасын егжей-тегжейлі талдап, жіліктеп шығу мүмкін емес. Ол – келешектің, әдебиет қайраткерлерінің міндеті.



Басқаны былай қойғанда, көркем аударма саласында ақын әкелген жаңа өрнектер, шеберлік әдістері неге тұрады?! Пушкинді Кәкімбек ағаға дейін де Абайдан бастап қазақтың Қасым Аманжолов, Ғафу Қайырбеков сынды талай ақындары тәржімелеген. Алайда Кәкімбек ақындай тереңнен шалып, түптеп, төңкере аударғандары некен-саяқ. Ағамызға алғы күндерде де қолыңыздан алтын қаламыңыз түспесін, аман-есен бола беріңіз, қазақ жырының қара нары дегіміз келеді!

*2012 жыл*



## ҚЫРАН ТЕКТІ ТАЛАНТ ЕДІ

Әділбек Абайділданов ақынды алғаш рет өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Жазушылар одағында көрдім. Шашы қара көмірдей, аққұба өңді, бойы ортадан жоғары, қыран кеуделі, сымбатты жігіт ағасы екен. Шалқая қарап, тік жүретін тұрпаты басқалардан ерекше көрінді. Бір қарағанда тәкаппарлау көрінгенімен, тілдесе келе кімді болсын бауырына тартып, үйіріп әкететін жайдары жүзі күні бүгін көз алдымда.

Ол әдебиетке өз даусымен, өз өрнегімен келген тегеурінді талант болатын. Туған өлкесін шабыттана жырға қосқан, кез келген тақырыпта еркін көсілетін, Ілияс ағасынша кеңге сілтейтін, жалған, жадағай, жылтырауық сөздерден бойын аулақ салған, қазақы қара өлеңнің нағыз бел баласы еді ол.

*Оу, далам, кемеңгерім, асыл арнам,  
Жайсаң бел, жомарт жазық, жасыл орман.  
Кеудеңді кернеп өскен құт-береке,  
Кеудеңде ұялаған тосын арман.*

*Мінезің бала күннен таныс маған,  
Мың ғасыр мейіріңді тауыспаған.  
Оянып шырт ұйқыдан, жетем саған,  
Үніңді ести қалсам дауыстаған.*

Ақынның туған ел мен туған жерге деген ыстық махаббатқа толы туындылары оқыған жанның көңілін толқытпай қоймайды. Әсіресе оның «Қыран» поэмасы заман қысымына қарамастан қазақ халқының азаттыққа деген аңсарын қыранның тағдыры арқылы бейнелеген бірегей шығарма болды.

*О, шіркін, арымайтын ар қанаты-ай,  
Қағылар күнің болды-ау арман алты ай.*





*Тасыңа төсін бассын, мауқын бассын,  
Көзіне бір көрініші, қайран Алтай.*

*Қан жұтты, қара жерді жастанды кім?!  
Керемет ерлік өтті-ау бастан бүгін.  
Айшылық аралықты асып өтіп,  
Жеткізбек енді еліне ол бостандығын.*

Ақын бүгінгі Тәуелсіздік таңының алтын сәулесін сол күндердің өзінде-ақ сезіп-білгендей әсер қалдырады.

1932 жылы Алматы облысы Ақсу ауданының Бақалы ауылында туған болашақ ақын 1950 жылы Лепсі педучилищесін бітіргеннен кейін Ақсу ауданының Октябрь жетіжылдық мектебінде мұғалім болған. 1956 жылы ҚазМУ-ге түсіп, алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде жарық көрген жас ақын газет-журнал жұмысына ерте араласқан. 1956-1959 жылдары Талдықорған облыстық «Советтік Жетісу», бертін келе Алматы облыстық «Жетісу» және «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет істеген. Оның соңында «Салтанат», «Қыран» «Алыс көкжиек», «Маржан», т.б. көптеген жыр кітаптары қалды.

Ақын аударма саласында да жемісті еңбек етті. М. Лермонтов, И. Франко, т.б. шығармаларын, орыс-кеңес поэзиясының антологиясын аударуға қатысты. 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Латын Америкасының ақындары» жинағынан Г. Мистраль мен П. Неруданың өлеңдерін, 1976 жылы «Өнегелі адамдар өмірі» сериясымен жарық көрген «Николай Островский» атты кітапты аударған.

Қысқа өмірінде туған халқымен бірге жасайтын ғұмырлы шығармалар қалдырған Әділбек ақынды қазақ елі ешқашан ұмытпасына кәміл сенеміз. Қолыңыздағы ақын шығармаларының толық жинағын шығаруға мұрындық болған – қызы Ботагөз бен күйеу баласы Жүнісбек.

2013 жыл



## БӘЙТЕРЕКТИҢ ОҚШАУ ШЫҚҚАН БҰТАҒЫ

«Адамзат тарихы Алтайдан басталады» деген сөз бар. Сол асқар Алтайда, көрікті Алтайда Қосағаш дейтін жерді білмейтін қазақ кемде-кем. Кезіндегі қызыл саясаттың кесірінен қасиетті өлке, атадан қалған асыл жер шет елге, жат жұртқа алпауыт елдер арасында пышақ үстінен үлестірілгендей кесіліп кете барған. Тұтас қазақ жерінің бөлініп қалған пұшпағын ойлағанда, талайлы тағдыры мен қиямет-қасіретін еске түсіргенде күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалатынымыз сондықтан. Құйқалы өңірді бабасының мұрасындай жатқа қимаған, кезінде дүркіреп мемлекет құрған Найман ұлысы, одан шығып ну ормандай қалың елге айналған Қаракерей-Қаратай жұртының, кейінгі Сарғалдақ, Дәулет, Шоңмұрын, Қожамбет, Самай, Ақнайман, т.б. рулардың ғасырлар бойы жалғасқан қилы тарихы осы қолдарыңыздағы кітапта біршама баяндалады. Атамекеннен жырақ қалып, қиыр қонып, шет жайлаған елдің ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында көрген қиындығы, замана тудырған құбылыстар, қоғамдық формациялардың өзгеруін қазақтардың қалай қарсы алғаны, Шүй жеріне орныққан елдердің қарым-қатынасы жан-жақты суреттеледі. «Бәйтеректің оқшау шыққан бұтағы» деген кітап атауының өзі де көп нәрсені аңғартқандай, түбі бір туыс, қандас елден ажырап қалған тағдырының оқшаулығын, оңашалығын сөз еткендей.

Өткен өмір, кешкен ғұмыр жүзінде өз көрген-білгенін, өмірден түйгенін ақ қағазға төге салумен қатар оны мұрағат деректерімен, әр түрлі фактілермен дәлелдеудің жөні бөлек. Бұл тұрғыдан алғанда кітап авторы Пионер Мұхтасыров шығармасындағы оқиғалар желісін ауызекі сөйлеу тілінен алғанымен, оны кейінгі тың, соны материалдармен толықтыруы құба-құп. Есігіне қара құлып салынған бұрынғы НКВД



мекемелерінен тілдей қағаздың өзін алу қиямет-қайым заманда оқырмандарға қажетті дүниені, қат дүниені ұсына алуы да кітаптың құндылығын арттыра түседі. Үшінші, төртінші бөлімдердегі фотосуреттер мен ондағы кейіпкерлердің тайға таңба басқандай анықталуы, зұлмат жылдардағы ауыл тұрғындарының, қарапайым еңбек адамдарының әр қилы тағдырының баяны – бәрі-бәрі осылайша тасқа басылып, таңбаланған.

Тұтас бір кезеңді кең полотнода, түгелдей суреттемесе де, өзі білген, таныған өлке мен қоғамның, ілгері уақыттың және замана шындығын, өтпелі дәуірдің тынысын шым-шымдап жеткізуге тырысқан. Және онысы өте сәтті болғанын айтуға тиіспіз. Сондықтан ата қазақ тарихы үшін титімдей болса да үлес қосып, ұлт жоғының іздеушісіне айналған азамат ағамыз – Пионер Мұхтасыровқа алғысымыз шексіз.

Ал ұлт тарихының жоғын түгендеуге септігін тигізер бұл кітаптың оқырманы көп болары даусыз.

2013 жыл



## СӘКЕН МҰРАЖАЙЫНА – ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛ

Мұражай туралы ұғым осыдан екі жарым мың жыл бұрын пайда болған деген болжам бар. Көне гректер муза шырақтарын жағатын орынды «мусейон» деп атаған көрінеді. Келе-келе ол әдебиетшілер мен ғұламалар бас қосатын өнер ошағына айналған дейді. Міне, музей, біздіңше – мұражай ұғымының түп қазығы сол «мусейон» сөзінде жатыр.

Өркениетті елдерде мұражай – мемлекеттің басты құндылықтарына кіреді. Өйткені сол елге сапарлап барған көкірегі ояу, көзі ашық жолаушы мұражайға соқпай кетпейді. Мұражай – кез келген ұлттың терең тарихы, мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі, ұлы тұлғаларының тағдыр-талайы, өмір шежіресі, түйіндеп айтқанда, алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті мен аманаты, асыл мұраты. Адамзат тарихымен ұштасып жатқан өркениеттің осы бір озық үлгісі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда қанатын бұрынғыдан да кеңге жая бастады. Тәубе, жиырма жылдың көлемінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен қазақ елі әлемге танылды, Сарыарқа төсіне азат елордасы – Астана салынды. Елорда төрінде еңсе тіктеген қаншама әсем ғимараттардың қатарында ұлттық мұражайдың да шаңырақ көтеруі – соның басты айғағының бірі.

Тағдыры талай тәлкекке түсіп, небір аласапыран арпалысты бастан кешірген кешегі Ақмола тәуелсіз қазақ елінің елордасына айналып, Астана атанған тұста осыдан ширек ғасыр бұрын ашылған Сәкен Сейфуллин мұражайының да айы оңынан туып, жұлдызы жарқырай түсті. Халқымыз азаттыққа жету жолында қаншама тайғақ кешу, тар кезеңді басынан кешірген болса, Сәкен мұражайының тағдыры да Сәкеннің өз



тағдырындай тартысқа толы болғанын сөз басында айқындап айта кеткеніміз жөн сияқты.

1984 жылы Сәкен Сейфуллиннің 90 жылдығын атап өту мерекесі қарсаңында ол кезде Целиноград аталған Ақмола өңірінің бір топ өрелі азаматтары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесіне хат жазып:

*Өлімге жан екенсің қия алмайтын,  
Өлеңнің құшағына сыя алмайтын.  
Қазақты көргің келсе, міне, осы деп  
Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын, –*

деп Сырбай ақын жырлаған сұңқар Сәкенге ескерткіш орнатып, мұражай ашуды сұрайды. Алайда көптің тілегі бірден орындалмайды, тыңға түрен салған сабаздар Сәкенге ескерткіш орнатып, мұражай ашуға үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Соған қарамастан сол кездегі Целиноград облыстық Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы кеңесі төрағасының орынбасары, жатқан жерің жарық болғыр, марқұм Молдахмет Досаев бастаған жергілікті ұлт өкілдерінің табанды күресінің арқасында хат жолданғаннан төрт жыл өткеннен кейін, 1988 жылы ақпан айының жиырма күні ғана Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен облыстық Сәкен Сейфуллин мұражайын ашуға жарлық шығады. Құдай оңдағанда, сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы, бүгінгі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі қол қояды. Артынан – 1995 жылы тамыз айында Елбасы ақын мұражайына арнайы ат басын бұрып: «Асыл бабамыз Сәкен Сейфуллиннің аруағы тәуелсіз елімізді желеп-жебеп жүрсін!» – деген қолтаңбасын қалдырады. Осы екі оқиғаның өзі-ақ бір тылсым күштің бар екеніне көңіл сендіреді.





Міне, ашылғанына 25 жыл толып отырған Сәкен мұражайы дүниеге осылай келген. Бұл – қазақ елінің асыл перзенті, дауыпаз ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллинге арналған бірден-бір тарихи ескерткіш еді. Мұражай ашылуы ашылғанымен, оны жан-жақты жабдықтау, төрт құбыласын түгендеу оңай шаруа болмады. Ауыр жүкті мұражайдың тұңғыш басшысы, қазақтың қайсар қызы Роза Иманғалиқызы Асылбекованың қайыспай көтере білгенін айта кеткеніміз абзал. XIX ғасырда салынған екі ағаш үй ол кезде қазіргідей жайнап тұрған жоқ еді. Роза апамыз екі ғасырдың куәсіндей осы екі ескі үйді қайта жөндеуден өткізгенде тозған тонды жамағандай күй кешіпті.

Ол кезде Сәкеннің артында қалған мұраларын қызғыштай қорып, көзінің қарашығындай сақтап жүрген жары Гүлбаһрам да бұл дүниеден озған еді. Алайда Сәкеннің көзін көрген адамдар да, ет жақын туыстары бар еді. Роза апамыз өз жұмысын ең алдымен Сәкенге қатысты құжаттардың көшірмелерін, отбасының тұтынған заттарын жинастырудан бастайды. Аз уақыт ішінде мұражай қызметкерлерін Мәскеудегі кинофотоқұжаттар мұрағатына, Алматыдағы мемлекеттік мұрағаттар мен мұражайларға, Сәкен қызмет атқарған Қызылорда, Ташкент қалаларына, туған жері Жезқазғанға – Жаңарқа ауданына, өзі жырға қосқан Көкшетауға жіберіп, іздестіру жұмыстарын жүргізеді. Сәкенді көрген көзі тірі кісілермен кездесуге мүмкіндік жасайды. Соның арқасында мұражайдың негізгі және қосымша қоры жинақталады. Атап айтсақ, Сәкеннің 1930 жылдары киген костюмі, 1934 жылы өзбек достары сыйлаған тақиясы мен шапаны, шет елде демалғанда сатып алған чемоданы, жолға шыққанда қолға ұстайтын саквояжы, отбасында тұтынған ыдыс-аяқтары, қабырға және қол сағаты, қаламы, жазу машинкасы, қалпағы, мойын орағышы, өзі жатқан ақ кереуеті және тағы басқа көптеген дүниелері мен құжаттары, фотосуреттері



мұражай төрінен орын алады. Сондай-ақ, Сәкенге қатысты жәдігерлер мен фотосуреттердің, құжаттардың жиналуына Сәкеннің туған інісі Мәжиттің әйелі Әмина, қыздары Рымжан, София, Бағдат және басқа жақындары белсене атсалысады.

Мұражайдың қалыптасуына және ғылыми қызметкерлерінің жан-жақты ізденуіне Есмағамбет Ысмайылов, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Жайық Бектұров, Сейділ Талжанов, Амантай Сатаев, Амантай Кәкен сынды сәкентанушы ғалымдар мен белгілі қаламгерлердің сүбелі де терең еңбектері адастырмас бағдаршам болғаны анық. Айтулы ағаларымыздың Сәкен рухына сіңірген ерен еңбектеріне ел-жұрт дән риза.

Мұражайға Роза апамыздан кейін басшылыққа келген қос Серік – ақын Тұрғынбек пен әнші Оспанов та Сәкен рухына адал болды. Екі азамат та мұражай тарихында есте қаларлық игілікті істер атқарды.

Сәкен Ақмола уезі Нілді болысының бірінші ауылында – қазіргі Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында ауқатты отбасында дүниеге келгенін жасөспірім жастар үшін айта кеткеніміз артық болмас. Әкесі Сейфолла сері, саятшы әрі күйші болған кісі екен. Шешесі Жамал әңгімешіл, аңыз-ертегіні көп білетін зерделі әйел болыпты.

Әкесі тоғыз жасар Сәкенді тіл үйренсін деп Нілдідегі орыс мектебіне береді. Онда екі жыл оқиды. Одан кейін бес жылдай Ақмолада оқып, 1913 жылы Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға түседі. Оны 1916 жылы тәмамдайды. Алғашқы жинағы 20 жасында, яғни 1914 жылы Қазан қаласында жарық көреді. Осы кезден бастап 1938 жылы жазықсыз опат болғанға дейінгі аралықта Сәкен қазақ поэзиясының аспанында еркін самғайды. Жаңа заманның жаңа әдебиетін жасауда қазақ қаламгерлерінің көшбасшысына айналады.

Осындайда қара сөздің хас шебері Ғабит Мүсіреповтің: «Сәкен қазақ-совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы,

көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқара алған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді», – деген сөзі ойға еріксіз оралады.

Сәкен Сейфуллиннің халық үшін атқарған қайраткерлік қызметі де ұшан-теңіз. 1922 жылы Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болды. Осы қызметте отырғанда ақын ұлт тағдырына қатысты түйіні шешілмеген қордалы мәселелерді шешіп берді. Арнайы декрет қабылдаттырып, қазақ тілін мемлекеттік тілге айналдырды. Ең бастысы, 1922 жылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік!» деп мақала жазып, 1925 жылға дейін «Киргизия» боп келген ұлттың төл атын қайтарып, Қазақ елі деп атаған да осы Сәкен Сейфуллин болатын! Бұл теңдессіз ерлік еді.

1923 жылы үкімет басында отырған шақта ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдық мерейтойын өткізіп, өзі баяндама жасады. Сонда: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті», – деп зерделі сөз айтқан тағы да Сәкен болатын. Ақынның және бір ерлігі – 1935 жылы ол кезде атын атауға тыйым салынған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі – Мәжнүн» дастанын жариялағаны еді.

Сәкен Сейфуллиннің 1994 жылы Ақмолада өткен 100 жылдық тойында халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Бүгінгі той иесі – Сәкен Сейфуллин. Ең алдымен ол – қазақтың классик ақыны. Сәкен теңдік, бақыт, еркіндік аңсаған тұлға еді. Сол жолда өзі де «тар жол, тайғақ кешуден» өтті. Проза саласындағы



шығармаларының шыңы аталатын романына адам бойындағы ерлік, табандылық, сенім қасиеттерін арқау етуі сондықтан. Азап вагонынан, абақтыдан аман өткен сол аяулы жанды отыз жетінің зұлматы жалмағанына жаның сыздайды», – деп айтқан пікірі қашанда құнды.

Ата-бабамыз көксеген, Алаш ардагерлері армандаған азаттықты Сәкен аңсамады деймісіз? Рас, ақынның ақ жүрегі өзі қолымен орнатқан Кеңес өкіметіне имандай сенді. Сол жолмен халқын бақытқа жеткізгісі келді. Алайда күткен үміті ақталмады. Жан жүрегімен жырлаған қызыл өкіметі өзін қызыл қанға бояды. Тағдырдың жазуы солай. Кеңес өкіметіне Сәкен ғана емес, жарты әлем сенді. Ол үшін Сәкенді кінәлаудың реті жоқ. Сәкеннің тағдыры туған халқының тарихымен егіз.

Бүгінгі біз жеткен азаттық таңына Сәкеннің көзі жетпесе де сөзі жетті, рухы жетті. Соған тәубе дейік, ағайын!

Сәкен – қасиетті де қасіретті, саналы ғұмыры сан алуан күреспен өткен күрделі әрі трагедиялық тұлға. Сәкенді түсіну үшін алдымен өзіңді, туған халқыңның басынан өткен тауқыметті тағдырды терең түсінуің керек. Сонда ғана ақынның шынайы азаматтық бейнесін айқын танып, ұлт үшін торғайдай шырылдаған жан дүниесін еркін сезіне аласың.

Сәкен мұражайының шырақшысы болып мен келгелі де биыл екі жылдан асты. Осы уақыт ішінде мұражай қызметкерлері отырған екінші үйіне толық қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұражайға тиесілі аула қоршауға алынып, мұражай үйлері стилінде күзетке арналған шағын үй салынды, автоматты шлагбаум орнатылды. Мұражайда тұрған жәдігерлердің реэкспозициялық жұмыстары жасалып, жаңартылды. Жыл сайын экспонаттарды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп отырады. Барлық кабинеттер жаңа жиһаздармен, компьютерлермен жабдықталды. Мұражайдың қызметтік көліктері де жаңартылды.



Осының бәрі Астана қаласының әкімі, ұлт руханиятының жаңашыры, аяулы ініміз Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовтің тікелей назарында болғандығының нәтижесі. Орайы келгенде айта кетейін, қала әкімінің орынбасары Аида Ғалымқызы Балаева қарындасымыз бен мәдениет басқармасының бастығы Болат Бауыржанұлы Мажағұлов інімізге де айрықша ризамыз. Бүгінгі тойдың да жасау-жабдығын өз мойнына алып отырған – осы азаматтар.

Бүгінде мұражайға кірген адам Сәкеннің балалық шағынан бастап, «тар жол, тайғақ кешуге» толы бүкіл өмірімен, сан қырлы, сан салалы шалқар шығармашылығымен, қан кешіп жүріп халқына сіңірген ұлан-ғайыр еңбегімен кеңінен таныса алады. Алайда ұлы тұлғаның байтақ әлемі мұнымен шектелмейді. 1957 жылы ақын ақталғаннан бері ол туралы қаншама көркем туындылар дүниеге келді. Қаншама өлеңдер, поэмалар, прозалық шығармалар жазылды. Сәкеннің шығармалары негізінде түсірілген кинофильмдердің өзі бір төбе. Бұл ретте әйгілі әртісіміз Досхан Жолжақсынов ойнаған «Бандыны қуған Хамит» фильмін айтсақ та жеткілікті. Сәкен бейнесін сомдаған драмалық шығармалар қаншама. Сурет, бейнелеу өнерінде де Сәкен тұлғасы жарқырай ашылған. Сәкеннің әндерін айтсаңшы. Омбы, Орынбор мұрағаттарында жатқан, бізге жетпеген ақынның еңбектері де бар. Алла бұйыртса, алдағы жылдарда ол да қолымызға тиеді. Сәкентану ғылымы ешқашан толастамайды.

Қазіргі таңда мұражай қорындағы жәдігерлердің жалпы саны – 5696 дана. Оның ішінде негізгі қорда – 2645 дана. Қосымша қорда – 3051 дана. Ал мұражай төрінен орын алған жәдігерлер – 530 дана ғана. Өкінішке орай, мұражайдың тарлығына байланысты Сәкенге тікелей қатысты негізгі қордағы дүниелерді толығымен көрсетіп, насихаттауға мүмкіндік жоқ. Ең қиыны, қыруар жәдігерлерді жертөледе сақтап отырмыз. Сон-



дай-ақ, Астанадағы зиялы қауым, ақын-жазушылар бас қосатын рухани шаңыраққа айналып отырған мұражайда мәдени-әдеби шараларды өз деңгейінде өткізе алмай жүрміз. Кіреберістегі 30-40 адамдық шағын залға келушілер сыймайды. Осы мұқтаждықты айтып, мүмкіндік болса, мұражай қызметкерлері отырған екінші үйді де мұражайға айналдырып, Сәкен ескерткішінің арғы жағындағы алаңқайға «Сәкен үйі» салынса, оның бірінші қабаты жазушылар бас қосатын жүз кісілік залдан тұрса, екінші қабаты офис болса, Сәкен мұражайы Астананың көркіне сай үлкен рухани шаңыраққа айналар еді деген тілекпен Премьер-министр Серік Ахметұлы Ахметов мырзаның атына хат жолдаған едім.

Осы мереке қарсаңында Үкімет үйінен қуанышты хабар келді. Үкімет басшысы біздің ұсынысымызды қолдап, болашақ үйдің жобасын жасап, келесі жылдың бюджетіне енгізуді Мәдениет және ақпарат министрлігіне тапсырыпты. Сол үшін сіздерден сүйінші сұрағым келеді.

Иа, аспанында кешегі сұңқар Сәкеннің қанатының суылы, топырағында тұлпар Сәкеннің тұяғының дүбірі қалған Ақмола – бүгінгі тәуелсіз Астана асыл Сәкенін, аяулы Сәкенін ешқашан ұмытпақ емес. Бүгінгі Сәкен мұражайының мүшелтойы Астана төрінде дүбірлеп өтіп жатуы да сондықтан.

Осындайда ойға түседі, елім деп еңіреп өткен тарихи тұлғаларға өз қалтасынан қаржы шығарып, ескерткіш орнатып жүрген асыл азамат Қуат Есімхановты білмейтін қазақ жоқ шығар. Осыдан біраз жыл бұрын Қуат ініміз Сәкеннің екі жасында репрессия құрбаны болған ұлы Аянға да ескерткіш орнатты.

Екеуміз Көкшетау қаласындағы зиратқа жерленген Аянның басына тас орнатуға бара жатқан жолда, машинаның ішінде ойыма мына өлең оралды:



Еске алып басқан күнді қара тұман,  
Ескерткіш тас тұрғыздық ел атынан.  
Үзілген бір қауырсын жатыр мұнда  
Сәкендей ақ сұңқардың қанатынан.

Айдауда бара жатып аяулы ана,  
Көз жұмған құшағында Аян бала.  
Көргендер іштен тынып күрсініпті,  
Көмегі амалсыздың – аяу ғана.

Қатыгез қай заманда жендет деген,  
Сәбиін өз қолынан жерлетпеген...  
Жанары жасқа толып Гүлбаһрамның,  
Өлгенше көкірегінен зар кетпеген.

Сәкендер қызыл қанды кешіп өлді,  
Аламыз кімнен оның үшін енді?  
Сұмдықтың халық көрген бір куәсі –  
Аянға орнатылған осы белгі...

Өлеңдегі «Үзілген бір қауырсын жатыр мұнда Сәкендей ақ сұңқардың қанатынан» деген екі жолы Аянның тасына жазылды.

Құрметті әлеумет, тағдырдың ауыр сынын тірісінде де, өлісінде де көтере білген Сәкеннің қанатының қауырсыны үзілгенімен, оның халқымен бірге соққан ұлы рухы мәңгі тірі!

2013 жыл





## ЖАРҚЫРА, ЖАЙНА, АСТАНА!

Астана – азаттықтың төл туындысы. Оның авторы және бас архитекторы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!

*Ойланышы, кеше, қазақ, кім едің сен?  
Құлпырып, бүгін қайта түледің сен!  
Ортаңа Астананды орнатқаның –  
Ғасырдың оқигасы біле-білсең!*

Астананы жырлау – азаттықты жырлау, байтақ даланың бай тарихын, тәуелсіздікке жету жолындағы қазақ халқының тар жол, тайғақ кешулі тағдырын, бүгінгі баға жетпес бақытын жырлау деген сөз. Осыдан он бес жыл бұрын қыстың көзі қырауда ұлы көшті Елбасының өзі бастап, қазақтың азат астанасының Алатаудан Арқаға қоныс аударған тарихи сәті әлі көз алдымызда. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, өзегіміз талып жеткен, біз үшін қымбат та киелі тәуелсіздіктің іргетасын бекіту оңайға түспегенін кеудесінде қазақы жүрегі бар әрбір азамат терең сезінуге тиіспіз. Астананы Арқаға көшіру идеясы – бабаларымыздың тұсында басқыншыларға кеткен есені қайтару, тәуелсіздікті баянды ету, ел іргесін бекіту, тұтастық пен тыныштықты сақтаудан туған ұлы идея болатын.

Тәубе дейік! Үміт ақталды, арман жүзеге асты. Баяғы – Ақмола, кешегі – Целиноград бүгін Астана болып, еркін елдің елордасына айналды. Көз алдымызда Бәйтерегі асқақтап, Ақордасының күмбезін күн шалған көрікті қала бой түзеді. Астананың салынуы бүкіл ұлт санасына ғаламат сілкініс жасады, халықаралық қатынасқа, ұлт өркениетіне, ел экономикасына мүлде жаңа өзгеріс әкелді. Тәуелсіздіктің тірегі, қазақ елінің жүрегі – Астана өз орнын Сарыарқадан ғана емес, әлемдік ортадан да ойып ала білді. Бейбітшілік туын биік көтерген, адамзат мүддесін мұрат тұтқан, түрік дүниесінің төрт құбыласын түгендеген, ішкі және сыртқы саясатта да көш бастаған көсем қалалардың қатарына енді.





Астананың айналасына Елбасының тапсырмасымен отырғызылған жасыл орман күн сайын қалай қаулап өсіп келе жатса, елордаға ағылып, қоныс аударған жұрт та жыл сайын солай көбейіп келеді. Күні кеше «Астана Арқаға көшеді» дегенде сенімсіздік танытып, қарсы болған кейбір ел ағалары өз қателіктерін кейін ашық мойындады. Әсем ғимараттары күнге қол созған, өнер мен мәдениеттің ордасына айналған Астанаға бойымыз үйренді, көңіліміз толды, көзіміз қанықты. Ал бүгінгі әлемге әйгілі тәуелсіз Қазақстанды бір сәт көз алдарыңызға қазіргі Астанасыз елестетіп көріңіздерші. Қалай болар еді? Айналасы он бес жылда Астана төрінде қаншама халықаралық ауқымды шаралар өтті. Солардың ішінде Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп, Қысқы Азия ойындарын өткізгенімізді айтсақ та жеткілікті. Енді, міне, алдымызда «Экспо – 2017» көрмесін өткізу мәртебесі тұр. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы бөркімізді аспанға атып қуанатын ғасырлық ғажайып оқиға. Сондықтан да Тәуелсіздік пен Астананы жырлау – өзін ақынмын деп санайтын әр қазақтың перзенттік парызы болмақ. «Абылайдың асында шаппағанда қайда шабасың?» дегендей, зарығып көрген өз тәуелсіздігімізді, өз Астанамызды жырламағанда нені жырламақпыз? Басқа басқа, қазақ үшін тәуелсіздіктен қасиетті, Астанадан ардақты еш нәрсе жоқ екендігін әлдеқашан түсінетін кезіміз жетті.

*Танылып алысқа да, жақынға да,  
Қазағым, шықты шырқап атың дара.  
Жайнаған Астананы көз алдыда  
Көрмесе, көрмейді тек соқыр гана...*

Рас, бес саусақ бірдей емес, шуақ бар жерде көлеңке бар, өмір болған соң кемшіліксіз қоғам болмайды. Оны айту да керек. Алайда тәуелсіздіктің арқасында ту тігіп, еңсе тіктеп жеткен жетістіктерге, тапқан табыстарға, асқан асуларға, шыққан



биіктерге шын жүректен қуана білмесек, елдігіміз қайсы? Шолақ шылбырдай қысқа ғұмырда жамандыққа қамшы бола бергенше, жақсылыққа жаршы бола білгенге не жетсін, шіркін!..

Астанада осымен үшінші рет өтіп, дәстүрге айнала бастаған жыр бәйгесінің басқа мүшәйралардан мазмұны да, мәртебесі де бөлек. Осы бір асыл мұратты жүзеге асыруға тікелей қолдау көрсеткен Астана қалалық әкімдігіне, оның басшысы Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов мырзаға айтар алғысымыз мол. Алғашқы мүшәйраны «Тәуелсіздікке тарту», екіншісін «Байтақ елім – бақытым» деген айдармен өткізген болсақ, бұл жолғы бәйгені «Жарқыра, жайна, Астана!» деп, елордамыздың он бес жасқа толған мерейлі тойына арнап отырмыз.

Жыр бәйгесіне еліміздің әр өңірінен, алыс-жақын шет елдерден 70-ке тарта өлең өнерінің небір өрелі жүйріктері қатысты. Бәйгенің басты мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның азат Астанасын жан-жақты жарқырата жырлау болғандықтан, көптеген ақындарымыздың бәйгеге үкілеп қосқан жырларының көркемдік кестесі құлпырып тұрғанымен, мүшәйра қойған тақырыптық талаптың биігінен көріне алмады. Әйгілі ақындарымыздың осынау мерекелік шараға қатысқанына рахмет айта отырып, алдағы жыр жарыстарында жұлдыздары жарқырауына тілектестік білдіреміз.

«Алаш» сыйлығының иегері, ақтангер ақынымыз Серік Ақсұңқарұлы төрағалық еткен, белгілі қаламгерлерден құралған қазылар алқасы бәйгеге түскен шығармалардың барлығын талғам таразысынан өткізді. Соның ішіндегі ең бір сүбелісі Серік Тұрғынбековтің «Астана – Дастан» атты өлеңдер циклі болды. Бұдан бұрын да талай мүшәйралардың жұлдесін қанжығасына байлаған Серік ақын бұл жолы тіпті көсіле түсіпті. Көркіне әлем жұрты тамсанып отырған елордамыздың болымыс-бітімін жыр тілімен әдемі өріпті:

*Жиегі жасыл құрақ, жас қарагай,  
Әлемде қала бар ма Астанадай?!*



*Жүргінші көшедегі біз түгілі,  
Қарайды тебіреніп тастағы Абай, –*

деп тұғырда тұрған тұлғалардың өзіне жан бітіргендей әсер қалдырады.

Екінші бір жан сүйсінткен шығармалар арынды ақын Бауыржан Жақыптың «Астанамен сырласу» өлеңдер топтамасы мен бізге бейтаныс автор, таяуда Қарақалпақстаннан көшіп келген қандасымыз Махсет Алсейтовтың «Астана жырлары» болды. Қазақ жырының тарланбозы, ардагер ақынымыз Кәкімбек Салықов та мүшәйра күткен биіктен көріне білді. Ақын ағамыз Астана тойына арнап тұтас бір кітап жазып бітіріпті. Сол еңбегінен бәйгеге таңдап ұсынған бір топ өлеңі Астана ажарын жарқырата ашқандығымен көңілден шықты. Сондай-ақ, талантты ақын қыздарымыз Сәуле Досжанова, Жанат Әскербекқызы, Мағиза Құнапияқызы да Астана көркін әдемі айшықтапты.

Әкімдік тарапынан қолдау үзілмей, осы дәстүр жалғасын тапса, Астананың жыр-шежіресін жасамақ ойымыз бар. Соның дәлеліндей «Тәуелсіздікке тарту» деген атпен мүшәйраның алғашқы кітабын да шығарып үлгердік. Астана мүшәйрасының болашақ ұрпаққа қалдырар жыр-шежіресі де осы кітаптан басталмақ.

Уақыт өтеді, дүние көшеді. Астананың бүгінгі салтанаты дәурені болашаққа жырмен жалғасып, тарих қойнауына сүңгиді. Сонда орта ғасырларда өткен жыраулар поэзиясы арқылы бүгінгі біздер көне заманның керуен күмбірін, жорық сарынын қалай сезіне алсақ, келер ғасырларда келешек ұрпақ та біздің бүгінгі жырларымыз арқылы Астана рухымен ұштаса алатынына кәміл сенемін!

Ардақты әлеумет! Астана тойы, бүгінгі жыр мерекесі құтты болсын! Халқымыздың қанаты талмасын, ақындар ел бақытын жырлаудан танбасын!

2013 жыл



## МҰХИТТАН МАРЖАН СҮЗГЕНДЕЙ

«Назабаев орталығында» таяуда ғана ашылған Баспа үйінің өз жұмысын Ел үшін де, Елбасы үшін де маңызы зор осы кітапты шығарудан бастағаны өте орынды болған. Мен ең алдымен кітапты құрастырған және безендірген азаматтарға рахмет айтқым келеді. Жапондық құнды қағазға басылып, мұқабасы алтынмен безендірілген бұл кітаптың сыртына қарап көзің, ішіне үңіліп көңілің тояды. Себебі халқымыз тәуелсіздік алғаннан бергі ширек ғасырға жуық уақыттағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел алдында сөйлеген сөздерінен, толғаныстарынан, мақалаларынан, әр жылдарда шыққан кітаптарынан мұхиттан маржан сүзгендей, оны алтын жіпке тізгендей іріктеліп алынған мәйекті де дәйекті сөздері оқыған адамды ойға қалдырмай қоймайды.

Жаңа кітаптың алғашқы оқырмандарының бірі ретінде айтарым:

Бірінші – кітаптың халыққолдылығы. Елбасының кез келген қарапайым оқырманының көкейіне қона кететін қанатты сөздері, пайымды пікірлері тарихилығымен құнды. Салмағы сары алтындай сөздерінің астарында шалқар ой, терең мағына, тұңғыық таным, өткенді таразылау, бүгінді байыптау, болашаққа алаңдау бар.

Екінші – әр сөзге ыждағаттылықпен мән беріп үңілген оқырман бұл кітаптың тәуелсіз елдің тұғырлы шежіресі және ел басқарудың озық үлгісі екендігіне көз жеткізеді.

Үшінші – «Айтылған сөз – атылған оқ» дейді қазақ. Ел тізгінін ұстап отырған тұлғаның аузынан шыққан әр сөзді қалың ел қашанда қалт жібермей қадағалап отыратындығы өзінен өзі белгілі. Сондықтан Президент айтқан түйінді тұжырымдар мен берік байламдарды халық ерекше қабылдайды, оған сенеді және



нәтиже күтеді. Өйткені Елбасының мойнында ұлт тағдыры, мемлекет мүддесі, ұрпақ аманаты тұр.

Осы бір ұлы парызды Ұлт Көшбасшысы аса кеменгерлікпен терең сезінетіндігі жүрек тербейді: «Әлемдегі қазақтың бір ғана Отаны бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан!», «Мен ешқашан мүмкін болмайтын мәселеге уәде берген емеспін, ал уәде берсем, қашанда орындаймын», – дейді Елбасы. Тағы бір сөзінде: «Ел туралы жадағай ойлау да, халықтың тағдырымен ойнау да түбі жақсылыққа апармайды», – деп ағынан жарылады. Ойланып қараңыздаршы, ағайын! Бүгінде қазақ өз алдына ел болып, өзгелермен терезесі тең болып, күллі әлемге қасқая қарап отырса, Елбасының сөзі мен ісінің әрқашан бір жерден шыққандығының арқасы. Нұрсұлтан Назарбаев ешқашан елге берген уәдесінен тайған да емес, ел тағдырымен ойнаған да емес, қайта өз қолымен орнатып, іргесін бекіткен жаңа Қазақстанның болашағын, халқының қамын, ұлтының тағдырын ойлағандықтан осындай аталы сөздерді айтып отыр. Ең бастысы – бұл кітапты әр қазақ, әрбір қазақстандық азамат басына жастап жатып оқуы керек. Сонда ел Президенті Назарбаевтың ғана емес, ұлт перзенті, қатардағы қарапайым пенде Назарбаевтың да шынайы жан дүниесіне, адамдық болмысына терең бойлай алады.

*3 шілде, 2013 жыл*





## ҚЫЗҒАНШАҚ АЙҒЫР ҚҰНАНЫН ТАЛАЙДЫ

«Жас Алаш» газетіне үстіміздегі жылғы 26 қыркүйек күнгі санында Қабдеш Жұмаділовтің бір бет мақаласы шықты. Біріншісі – Асқар Тоқпанов, екіншісі – мен туралы. Автордың өлі аруақпен алысып, тірілермен жұлысып келе жатқанын жалпақ жамағат біледі. Бұл бірінші рет емес. Мына екі мақалада сол мінезі тайга басқан таңбадай көрініс тапқан. Мен туралы жалған өсек таратып, намысыма тиетін ауыр сөздер айтылған. Сол мақалада айтылған орынсыз кінәлаулар мен гайбаттарға жауап беруді өзіме міндет санадым. Мақаланы ақиқат пен шындықтың шеңберінен шықпай отырып жаздым. «Айтұлына обал болады-ау» деместен Жұмаділовтің шектен шыққан сөздерін жариялап, мені жұрт алдында жазықсыз масқаралап отырсыздар. Сондықтан таразының екі басын тең ұстап, менің де оның атына айтылған сөздерімнің жұртқа жетуіне мүмкіндік беріңіздер», – деп басылым басшыларына үшбу хат та жазғанмын. Алайда «Жас Алашқа» жіберген жауап мақаламның кейбір тұстары қысқартуға түсіпті. Сондықтан... Он ойланып, жүз толғанып, Жұмаділовке жазған жауап хатымның толық нұсқасын «Қызғаншақ айғыр құнанын талайды» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетіне қайта жолдап отырмын. Осы нұсқаны үтір-нүктесіне дейін тимей басуларыңызды сұраймын.

**Несіпбек АЙТҰЛЫ,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**

Қабдеш мырза! Құрметті демеймін. Сыпайылық үшін ғана сіз дейін. Сіз «Жас Алаш» газетінің 2013 жылғы 26 қыркүйек күнгі санында менің жер-жебіріме жетіпсіз. Хош. Дулат Бабатайұлының қабірі табылғаннан бергі соңғы он жылда

шығарған кітаптарыңызда, жазған мақалаларыңызда, сөйлеген сөздеріңізде, берген сұхбаттарыңызда мені жоспарлы түрде бірыңғай жамандауға көштіңіз. Тарихта ағасымен де, інісімен де айтысып ешкім береке таппағанын білесіз. «Енесі тепкен құлынның еті ауырмас», жасы үлкен аға ғой. Оның үстіне бір топырақта туған жерлес, тағдырлас, түбі бір туыс ағайын, жауап қайтарып, бетінен алып жатқаным жараспас, басылар, сабасына түсер деумен шыдамдылық танытып келдім. Үндемеген соң қорықты деп ойлаған болуыңыз керек, басынып барасыз. Ақыры қуа-қуа тығырыққа әкеп тіредіңіз. Ендігі жерде өзімді өзім қорғамасам, ел-жұрт не демек? Қалың оқырман сіздің зымиян ойлы сөздеріңізге сеніп қалуы мүмкін ғой. Сондықтан жауап қайтарайын. Тыңдаңыз!

Сөзіңіздің басында «Біреулер мені керек кезінде пайдаланып, аларын алған соң қарасын батырды» депсіз. Болса болған шығар. Бірақ сізді кімдердің пайдаланып, кімдердің сатып кеткені маған белгісіз. Басын ашып алайық. Менің сізді пайдаланған жерім жоқ. Тіршілік бар жерде біреуге біреу бармай-келмей, біреуге біреу қол ұшын бермей, біреу біреуден көмек сұрамай тұра алмайды. Ол пайдалану емес. Өмір заңы. Адами қарым-қатынас. Орайын тауып, біреуді пайдаланып кету – арамдар мен алаяқтарға тән қылық. Өмірде ондайлар жетеді. Бірақ мені ол топқа жатқыза алмайсыз. Әуреленіп қайтесіз. Аққа Құдай жақ. Қазанның түбінде қара күйеңізді қанша жақсаңыз да маған жұқпайды. Өйткені сізден гөрі жаным да, арым да таза.

Алдыңызға келгенді тістеп, артыңызға келгенді теуіп, сіз кімге кінә тақпадыңыз, кімге қарсы шаппадыңыз, кімге күйе жақпадыңыз? Жау іздеуден жалықпайсыз. Жан-жағыңызды жайпап отыратын бұл қылығыңызды қоймасаңыз, Құдай оның бетін ары қылсын, түбінде бақсының моласындай сопайып жалғыз қалуыңыз да әбден мүмкін. Алда-жалда сый-сияпат, сыбағадан құр қалсаңыз, шоқпарыңызды шошаңдатып, шала



бүлініп, шаптығып шыға келесіз. Осы әдетіңізге қарағанда, «жалған атақ пен арзан абыройға» жаны құмар мен емес, алдымен өзіңіз сияқтысыз. Оның бір дәлелі – өзіңізді өзіңіз қолдан «қаһарман» жасап, «1962 жылғы көшті мен бастап келгенмін» деген тарихи өтірігіңіз. Ойланыңызшы, көш бастаған адам көштің алдында болуы керек емес пе? Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында «Көшті мен бастап өткенмін» деп сөйлегеніңіз бар. Солай-ақ болсын. Кейінгі бір естелігіңізде «Мені шекарадан Қажытай Ілиясов арқалап өтті» деп жаздыңыз. Бір сөзіңіз бір сөзіңізге қабыспайды. Қажытайдың жазуынша, сіз елдің алды шекарадан өтіп кеткенге дейін еш нәрседен хабарсыз, Шәуешектегі үйіңізде қарашайыңызды сораптап отырған көрінесіз. Оу, көке, көш бастайтын саяси басшы мұндай тарихи сәтте ат үстінде жүрмей ме? Ал сізді ала қап құсатып көштің соңында Қажытай арқалап жүр. Қалған атақ-абыройыңыз да жетеді ғой. Жалған «көсем» болмай-ақ, Қажытайдың арқасында ала бағанның түбіне аманесен жеткеніңізге тәубе демейсіз бе?

Мақалаңызда әлдекім арнаулы тапсырма бергендей шұқшиып, түп-түқиянымды қазып, аттестат, төлқұжатыма дейін тексеріпсіз. «1947 жылы туған, жасын бүгіп жүрген, осының өзінен жасандылық сезіп, секем алып қалдым» деп сәуегейлік қыласыз. Қабеке, ауылдан аға деп іздеп барып, үйіңізге алғаш түнеген, ол кездегі он тоғыз жастағы жас жігіт – мен не бүлдіріп қойыппын сонша?

Иә, төлқұжатымдағы туған күнім нақты емес екені рас. Менің қашан туғанымды сізден гөрі тапқан әке-шешем жақсы білетін шығар. Шешем «1949 жылы 9 желтоқсанда тудың» деп отыратын. Мұны өзім де айтып жүрмін, айналам да біледі. Менің қай жылы туғаным о дүниелік әкеңізді куәға тартып, ұрынарға ілік таппай әлекке түсесіз. Өлген адамды куәға тартып, бір-біріміздің туған жылымызды анықтау керек болса,





мен де досыңыз Төлеубектен естігенімді көлденең тартайын. Төлеубек «Қабдеш менімен жасты, 1932 жылы туған» деп талай айтқан. Сонда біз де сізден секем алып, жан дүниенізден жамандық іздеуіміз керек пе? Мұнымен қоймай, «Аттестат алу үшін паспортымды солай тураладым деп айтты» деп өзеурейсіз. Қазақ «өтіріктің өзіне сенбе, қисынына сен» демей ме? Ойлаңызшы, аттестат алу үшін паспортты оған туралап керегі қанша? Тураласаңыз, шекарадан арлы-берлі өтіп, бірді-бірге соғып үйренген өзіңіз туралаған боларсыз.

Құдай-ау, осыдан қырық төрт жыл бұрын бір бозбала үйіңізге қонып кеткен екен, оны тергеушідей тергеп, әрбір сөзін қалай жадыңызға сақтап қалғансыз? Мүмкін қойын дәптеріңізге түртіп алған шығарсыз? Әйтпесе, қырық жылғыны ұмытпай, қыдай тізіп жүретініңіз қорқынышты екен. Кішкентайыңыздан құпия мекемеге тыңшылық қызмет атқарғаннан сауымысыз өзі? Мысалы, менің үйіме де кім келіп, кім кетпеді? Арғы бет, бергі беттен аға деп іздеп келген інілердің бәріне күйім келгенше қол ұшын беріп келемін. Осы пайғамбар жасына жеткенше солардың бірде-біреуінің ата-тегін қазып, қайда, қашан туғанын тергеп-тексеріп, ілік іздеп көрген емеспін. Әрі-беріден соң менің құжаттарымда қанша шаруаңыз бар? Жайыңызға жүрмейсіз бе? «Оқуға мен түсірдім, «Балдырған» журналына мен орналастырдым» деп өтірікті судай сапырасыз. 1969 жылы шілде айында Төлеубек Жақыпбайұлынан хат алып барып, үйіңізге қонып шыққан күннің ертесінде «Жазушы» баспасының бас редакторының орынбасары Мұхтар Мағауинге ертіп барып тапсырғаныңыз рас. Ол жақсылығыңызды ұмытқан жоқпын. Рахмет! Мұхтар Мағауин екеуіміз бір ауылданбыз. Бұрыннан білем. Әке-шешесі де ол кісіге менен сәлем айтқан болатын. Мұқаң мені сол күні түстен кейін Рымғали Нұрғалиевке ертіп барып табыстады. Қазақстанның әр түкпірінен келген талантты жастарды бауырына тартып баулыған, жатқан жері жарық





болғыр, Рымғали ағамыздың сол жылы талай жасқа шарапаты тиді. Менің оқуға түсу тарихым осы ғана. Ал сіз мақалаңызда «Ол жылдары пара алу әлі белең ала қоймаған, бет-бедел өтетін кез. Жасырын блокноттарда «Жұмаділовтің жиені» боп тізімделген Несіпбек оқуға түсті де кетті» дейсіз. Мені тақ бір қолымнан жетелеп жүріп оқуға түсіргендей күпінесіз. Қабеке, мен ол кезде сіз ойлағандай қаражаяу, шала сауатты әлдебіреу емес, әдебиеттен, тарихтан хабары бар, қазақ тілі грамматикасын жаңғақша шағатын, аудандық газетте бір жыл жұмыс істеп ысылған, мақала-очерк жазып жүрген жас тілші, талантты ақын болатынмын. Сіз болсаңыз «бет-бедел» деп шіренетіндей жағдайыңыз шамалы, «Тұңғыш кітап» сериясымен шыққан биттің қабығындай ғана өлең кітаптың авторы, баспаның қатардағы қарапайым редакторы едіңіз. «Көкейкесті» одан кейін – сол жылы қысқа таман шықты. Сондықтан «Жұмаділовтің жиені болып тізімделді» деген сөзіңіз жалған. Қара қылды қақ жарған әділ болсаңыз, неге сөз арасында Мұхтар мен Рымғалидың атын атай кетпедіңіз?

«Балдырғанға» да сіз орналастырған жоқсыз. Мұзафар Әлімбаевқа таныстырған тағы да Рымғали Нұрғалиев болатын. Рымғали тірі болса, мұны айтпас едіңіз. Жалпы өмірден озған адамдарды куәға тартып, олардың істеген ісін мен істедім деп иемдене кетуге ыңғайлы тұрады екенсіз. Мұныңыз адамгершілікке жатпайды. Өзіңізше айтқанда, «жоқ жерден арзан абырой табу» деген, міне, осы. Өзіңіз оңып тұрғандай, мені «тоқтының асығындай томпиған біреу», «жылпос», «пысық», «жағымпаз», «ешкіні апа, текені жезде деп жүріп талай жерге шапты», «адамшылық жолдан тайды», «жарға жығылды», «жалған атақ, арзан абыройға жете қоймақ болды» деп аузыңызға не келсе соны айтасыз. Ағасы, біреуді кемсітіп, мұқатпас бұрын, адам алдымен өзінің басы-көзіне бір қарап алуы керек қой. Біреудің жеке басын қорлап, ар-



намысына тигендер заң алдында жауап беретінін өзге білмесе де сіз жақсы білесіз. Әбдіжәміл Нұрпейісовпен айқасамын деп омақаса құлағаныңыз кеше ғана еді ғой. Адвокат жалдап, Астанаға шапқылап, айып төлеп, зорға құтылғаныңызды қалай ұмыта қалдыңыз?

Газеттегі «Әңгіме» деп ат қойылған өсек-аяңыңыздың біріншісінде халқымыздың аяулы перзенті, қазақ мәдениеті мен өнерінің шын мәніндегі абызы («абыз» деп көзі тірісінде өзіңіз де айтыпсыз ғой), бүгінде марқұм Асқар Тоқпанов туралы кілең өмірде жоқ адамдарды (С. Иманасов, Б. Әшімов, Т. Ахтанов, т.б.) куәға тарта отырып, аузыңызға келгенді айтыпсыз. Асқар Тоқпанов көз жұмғалы қашан. Айтқыш болсаңыз, кеше ғана арамыздан кеткен тірі куә Сәкен барда неге айтып қалмадыңыз? Тоқпанов айтты деп қойып, қазақ халқының дарынды ұлы, Қазақстанның халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұловтың да ар-намысына тиетін былапыт сөздерді оңды-солды төгесіз. Асқар Тоқпанов марқұмға әлдебір қылығыңыз ұнамай қалып, жеке басыңызға тіл тигіссе тигізген шығар, бірақ Асқар ақсақал тұтас рулы елге тіл тигізетіндей соншалықты ақымақ адам емес еді. Демек, сіздің мұныңыз да жер қойнындағы Тоқпановқа кеткен кегіңізді тұтас найманның намысы арқылы түгендеп алудан туған бақай есеп. Ал Тоқпанов – жоқтаушысы бар адам. Кісіліктің таразысы, әділдіктің шырақшысы сіз емессіз. Абайлаңыз!

Алла сақтасын, сізге мұндай сөз айтып, бетіңізден алайын деген ойым жоқ еді. Бұл – мен айтуға лайық, сіз естуге тиіс сөз емес еді. Амал қанша? Ағалық орныңызды білмей, намысыма тиіп, ауымды қыздырған өзіңіз. Әйтпесе «Халық жазушысы», «Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты» деген атақтарыңыздан кейін Әбдіжәміл Нұрпейісов берген «қабаған Қабдеш» деген даңқыңыз бар сіздей дағдылы даукеске қарсы тұрып өле алмай жүрмін бе?



Қырық төрт жыл бұрын үйіңізге қондырғаныңызды, Мұхтар Мағауинге ертіп барғаныңызды бұлдап, мені жерден алып, жерге салатындай сонша не жазығым бар еді? Ағалап алдыңызда зыр жүгіріп, інілік қызметім мен құрметімді көрсеткеннен басқа оймақтай айыбым жоқ екеніне сенімдімін. Өзіңіз қыр соңыма түсіп құлғанадай қуған соң жақын-жұраттар ортасында өкпе-назымды айтсам айтқан болармын. Сол үшін мені көк есекке теріс мінгізіп, жұртқа жексұрын көрсетуіңіз керек пе? «Несіпбек жолын тауып кетті» деп, өкінгендей сыңай танытасыз. Сонда қалай, мен осы күнге дейін өз жолымды таппай адасып жүруім керек пе? Сізге сол ғой керегі. «Пысық-ақ. Ешкіні апа, текені жезде деп жүріп, қатарынан қалмай, біраз жерге шапты» деп кекетесіз. Мұны қалай түсінуге болады? «Ешкі мен теке» деп кімдерді меңзеп отырсыз? Әулие болсаңыз, кімнің ешкі, кімнің теке екендігін анықтап, саусақпен санап беріңізші. Сонда сіздіңше, өлісі бар, тірісі бар, осы күнге дейін мен араласып-сыйласқан қазақтың қасқа мен жайсаңдарының бәрі ешкі мен теке болып шыққаны ма? Мені қанатының астына тар-тып, қамқорлық жасаған Еркеғали Рахмадиев, Олжас Сүлейменов, Мұзафар Әлімбаев, Қабдыкәрім Ыдырысов, Мұқағали Мақатаев, Тұрсынбек Кәкішев, Сайын Мұратбеков, Әбіш Кекілбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғалиев, Сұлтанғали Садырбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев, Қалихан Ысқақов, Оралхан Бөкеев, Әкім Тарази, Сейіт Қасқабасов, Қойшығара Салғара, Сұлтан Оразалинов, Ақселеу Сейдімбеков, Құрманбай Толыбаев, Нұрлан Оразалин, Кәдірбек Сегізбаев, Қуанышбай Құрманғалиев, тағы басқа толып жатқан азаматтар теке болатын болса, солардың бел ортасында мүйізіңіз қайқайып өзіңіз де тұрсыз. Алда-жалда Мұхтар мен Әбіш ағалар сияқты алғашқы кітабымның шығуына көмектесіп, Мұзафардай жұмысқа алып, Тұрсынбектей балаларымның оқуға түсуіне жәрдем жасап,



Ақселеудей Астанаға көшіп келуіме себепкер болып, Мырзатайдай үй беріп жақсылық жасаған болсаңыз төбеме шай қайнататын түріңіз бар ғой.

Айтыңызшы, «жылпос» болып мен кімнің қорасына түсіппін? Сіздің қай тесігіңізден жылып етіп өтіп кетіппін? Артыңыздан ерсем, аға деп ердім. Әкем айтушы еді: «Бәледен қашық жүрсең, бәленің сенде несі бар, бәленің құйрығын басып жүрсең, бәленің сенен басқа несі бар?» деп. Мұндайыңызды білгенімде сіздей бәленің маңы тұр ғой, шаңына да жоламайтын едім ғой. «Жарға жығылды» дегеніңізді қалай түсінеміз? Мен сіз құсап тегіс жерде сүрініп, жарық күнде жарға жығылған емеспін. Жолыма ор қазып жүрсеңіз, оны өзіңіз білесіз. Жақынға жамандық тілеп, жарға жығуға ниет қылғаннан Алла сақтасын! «Біреудің есебінен жалған атақ пен арзан абырой іздеп жүр» дейсіз. Мен сіздің қайсы есебіңізге тура келмей қалыппын? Атақ пен абыройды көне зираттан іздеп жүрген мен жоқ, өзіңіз болмасаңыз.

Елім деп еңіреп өткен Дулат сияқты ұлы ақынның аруағына қызмет ету – тірі жүрген әр қазақтың парызы. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ жерінде қаншама тарихи тұлғалардың басы көтерілді. Өліні разы қылып, тірінің батасын алған сол көптеген азаматтар атақ-абырой іздеп жүрді дейсіз бе? Аруақ сыйлап жүрген жалғыз сіз емессіз. Біз де сізден кейін Дулаттың басына сол ниетпен барған болатынбыз. Оқиғаның тонын теріс айналдырып, бүйректен сирақ шығара бермеңіз.

Аяғездегі жиында талағыңыз тарс айырылып, тарпа бас салдыңыз. Шыдай алмай атып шығып, «Қабеке, зиратты мен таптым деп еш жерде айтқан емеспін. Сіз де тапқан жоқсыз. Тапқан кісі – Ғабділахмет ақсақал, міне, отыр ғой. Әңгіме зират емес, қабір жайында. Дөңгелек зираттың ішіне 11 адам жерленген екен. Қыбыла жақтан, яғни зират есігінен кіргенде сол жақтан санағанда төртінші топырақ Дулаттікі сияқты. Өйткені





басында қалақтай қара тас тұр. Онда «Дулат», «Әріп» деп араб әрпімен жазылған жазу тұр. Соған қарағанда, тасты Әріп Тәңірбергенов қойған болуы керек. Бұл – көп болып қуанатын жаңалық емес пе, аға? Неге ұрсасыз? Соны тапқаным үшін кінәлі болсам, сабасаңыз, міне, арқам, кешіріңіз...» деген болатынмын. Оған сол жиналысқа қатысқан жұрт куә. Бірақ менің шырылдаған сөзімді шыбын шаққан құрлы көрмедіңіз. Сөйтсем, мұның сізге түкке керегі жоқ екен. «Осы шалға не жаздым?» деп аң-таң болып жүруші едім. Мына мақалаңыздағы «...Қабдеш Жұмаділов Аягөзге келіп Дулаттың қабірін тауып, басына белгі қойып кеткен екен десе, аузына күйдіргі шыға ма?» деген сөзіңізді оқығанда барып бір-ақ түсіндім. Сіздің көкейіңізді тесіп, көмейіңізді жыбырлатып тұрған құрттың дәл үстінен түспегеніме енді өкініп отырмын. «Егемен Қазақстан» газетінің 2001 жылғы 25 шілде күнгі санында Дулаттың басына барып, құран оқып қайтқаныңызды көпке жариялап жазғаным да, «Хабар» арнасына берген сұхбатта айтқаным да далаға кетті. Аңғал басым қалай аңғармағам? «Қабдеш Жұмаділов ағамыз Дулаттың басына барып қайтты» деп емес, «Қабірін тауып қайтты» деп дүркіретуім керек екен.

Сонда шындықты айтып тұрған мені «миллиондардың алдында беті бұлақ етпей, қалай өтірік айтуға болады?» деп бүгінгідей жазғырмас едіңіз. Амал бар ма? Өзіңіз құсап бір өтірікті айтып кеп жібергенімде, құда да тыныш, құдағи да тыныш, менің құлағым да тыныш болады екен. «Өртеді» деген атым да шықпас еді. Менен жақсы кісі де болмайды екен. Қайдан білейін, сіздің қисынсыз жерден құрмет, айдаладан абырой іздеп жүргеніңізді. Қабеке, аузыңызды шайып жүріңіз, енді күйдіргі шықса, сіздің ерніңізге шығуға тиіс...

Сөзіңіздің соңында «...Бәйтеректен» бастап, Астананың бұлың пұшпағын жырлаумен келеді, «Сарай ақыны», мәртебелі ұлықтардың ата-бабасы жайында дастан жазды. Таяуда Сәбит



Досанов екеуі Мемлекеттік сыйлық алды деп естідім. Мен оған түк те таңданғам жоқ» деп шіренгеніңізге жол болсын. Рас, мен соңғы он жылда Тәуелсіздік тақырыбына көбірек қалам тарттым. Бостандық жолында қан кешкен қазақ батырларын бөліп-жармай, тұтас жырладым. Саусақпен санап айтайын: «Бөгенбай батыр», «Ту» (Қабанбай батыр туралы), «Бердіқожа батыр», «Жалаңтөс», «Наурызбай батыр», «Ақмола шайқасы» (Кенесары туралы), «Төлегетай», «Мұқағали – Желтоқсан», «Шақантай батыр», «Көкала үйрек», «Бәйтерек», т.б. жиыны – он тоғыз поэма жазыпшын. Мемлекеттік комиссия сыйлықты осы шығармаларымды ескеріп берген болуы керек. Сіз айтқандай, осылардың ішінде қайсысы мәртебелі ұлықтың ата-бабасы екен? Сұқ саусағыңызбен нұсқап көрсетіңізші, қане? Бәрі де қазақтың қасиетті де қаһарман ұлдары. Осы поэмаларымда кешегі Абылай заманынан тартып, бүгінгі Көк байрағы желбіреп, Бәйтерегі асқақтап тұрған Тәуелсіздікке дейінгі халқымыздың азаттық жолындағы күресінің ерлік шежіресін жасадым. «Бәйтерек» – соның соңғы түйіні. Орындалған бабалар арманы. Сол үшін «Сарай ақыны» атансам өкінбеймін.

Әдебиет деген – үлкен орда. Оның да оңы мен солы, босағасы мен төрі бар. Босағасыз – төр, төрсіз – босаға болмайды. Әркімнің өз орны бар. Төрде отырғаныңызды кім біледі, босағада біреу болмаса? Бірақ төрде сіз жалғыз отырған жоқсыз, Қабеке. Әдебиеттің басты мұраты – адамды тәрбиелеу, адамгершілік туын биік ұстау емес пе? Жазушылығыңызда қапы жоқ, бірақ адамгершілігіңізде ақау бар сияқты. Әйтпесе қан жұтып, қасірет тартып отырған адамға жығылған үстіне жұдырық сілтеп, табалау қай адамгершілікке, қазақтың қай ата жолына сыяды? «Иттің иесі, бөрінің тәңірісі бар» демей ме? Сәбит сізге ұнамайтын шығар, бірақ халық жауы емес қой. Дәл осы кезде қолтығынан демеп, жұбатуға жарамасаңыз да



адамдық, ақсақалдық жолдан жаңылмауыңыз керек еді. Осындайда бір досымның ағасына өкпелеп жазған:

*Іші мен сырты бірдей қара кісі,  
Бетіне келмейді адам қарағысы.  
Боқ бермейтін жуан ит секілденіп,  
Келеді көрінгенді талағысы, –*

деген бір ауыз өлеңі ойға түседі. Осы өлең сізге де арналғандай екен деуге аузым бармай отыр.

Қашан көрсем де жұрттың ағасы өз інілерін өгіздей өрге сүйреп, жылт еткен жетістігіне қуанып, тілеуін тілеп отырады, ал сіз неге осы, өз күшімізбен бір төбеге шыға қалсақ, етегімізден тартып, төменге түсіре алмай әлек боласыз?

Қатты кетсем, ғафу етіңіз! Қанша дегенмен аға деген атыңыз бар. Өкпеге қисақ та өлімге қимаймыз. Аман жүріңіз!..

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
11-17 қазан, 2013 жыл*







## СЕЙІТЖАН

Өмірде тағдыр табыстырған, бірге өсіп, біте қайнасқан бір адамдарың болады. Бұл күнде Семей қаласында тұратын қадірлі қарт Сейітжан Тәбәрікұлы – мен үшін сондай кісі. Қысқа ғұмырда ұзақтан сыйласып келе жатқан ағаны алғаш рет 1964 жылы жаз айында, Аягөз өзені бойындағы шопандар тойында сыртынан көрдім. Кең маңдайлы, мығым денелі, қараторы жігіт ағасы бәйгені басқарып ат үстінде жүрді. Мен онда бәйгеге шабуға барған шабандоз бала едім.

Келесі жылы Шұбартау Аягөзден бөлініп, өз алдына аудан болып құрылғанда Сейітжан ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып келді. Менің әкем ол кезде қой бағатын. Мал аралап келіп-кетіп жүрді. Келе-келе әкем екеуі достасып кетті. Екі құрдас бүгінге дейін араласып тұрады. Секеңе мен де бала кезден бауыр бастым.

Секеңнің анасы Қадиша ашық жүзді, әңгімешіл, дастарқаны мол, ақжарқын, көпшіл еді. Қолынан талай рет дәм таттық, әңгімесін тыңдадық. Әкесі Тәбәрік өз еңбегімен күн көрген, атбегі, сөзге шешен жан болыпты. Өмірде көрмегені жоқ. Тәбәрік пен Қадиша 1932 жылдың аштығында бала-шағасын арқалап Сібірге дейін қаңғыған. Забалаң жылдары талай жақын-жұрағатынан айырылған. Сейітжан сол аштық кезінде туған әпкесінен ажырап қалады. Күні бүгінге дейін сол кісіні іздейді.

Секеңмен тағдыр табыстырған бір адам – қазақтың аяулы азаматы, белгілі қаламгер, атақты ақын Ілияс Жансүгіровтің немере інісі Талап Сұлтанбеков. Оқу бітіргеннен кейін Талапты арнаулы орындар полигонның ошағы – Дегелеңнің түбіндегі Абыралы ауданының орталығы Қайнар ауылына жолдамамен мұғалімдік қызметке жібереді. Кім білсін, «халық жауының» тұқымын шалғайға әдейі шеттеткен болар. Әскерден оралған соң Секең Қайнар орта мектебінде тарих пәнінен сабақ беріп





жүрген. Жаңа келген жас мұғалім Талаптың «халық жауы» Илияс Жансүгіровтің туысы, ақын Дәмеш Берсүгірованың ұлы екенін білген соң көлеңкесінен қорқып, зәтте болып қалған жұрт үйіне жатқызуға сескенеді. Мектеп директоры жас мұғалімге жататын орын таппай қиналып тұрғанда Сейітжан: «Жүр!» – деп үйіне ертіп кетеді. Көпті көрген, талай тауқымет тартқан Тәбәрік пен Қадиша бір ұлы екеу болғандай қуана қарсы алады.

Міне, содан басталған достық күні бүгінге жалғасып келеді. Соңынан ұлын іздеп Абыралыға барған қазақтың белгілі ақыны Дәмеш Берсүгірова сол сапардың әсерінен полигон туралы поэма жазады. Өзінің Қайнарда өткен жылдарын Талап: «Қайнар шын киелі жер, қасиетті ел екен. Менің фантаст-жазушы болуыма Абыралының тауы мен тасы себепкер болды. Тау биігі қиялымды шарықтатып, ұшар қанатымды қомдады. Қайнар – мен үшін айтып сөзбен жеткізе алмастай, өміріме бетбұрыс, жаңалық ашқан мекен», – деп еске алады.

Өз өмірі туралы сөз қозғағанда Сейітжан ағаның аузынан тастамайтын үшінші бір адамы – Қайнар орта мектебінде сабақ берген шәкірті, тағдырлас, жерлес інісі, қоғам қайраткері, академик, жазушы-ғалым Рымғалы Нұрғали. Абыралы ауданының полигонға айналып, қыршынынан қиылған жерлестерін көріп, қызғыштай шырылдап келе жатқан аға мен інінің қайраткерлігі – кейінгі жастарға үлгі. Екеуі де осы елдің тартып отырған азабы жөнінде талмай айтып та, жазып та келеді. Туған жерлері көз алдында тозаққа айналған сол өңірдің перзенттері полигон қасіретін басқалардан гөрі қатты сезінетіні анық.

Осыдан он шақты жыл бұрын екі ағама еріп, Абыралы ауданына барғаным бар. Сол сапарда жол бойына тоқтаған сәтте екеуінің аспанынан құс, суынан балық көрінбей кеткен туған жерлеріне күрсіне қарап, көздеріне жас алғанына куә болдым. Жүрекке жүк түсірген сол бір сәтті соңынан өлеңге айналдырған едім:



Қарайып сонадайда тұр Дегелең...  
– Ойпыр-ай, сұмдық еді бұл не деген?  
Қасына аяқ басып бара алмайсың,  
Жеріңді осы емес пе түрмелеген?

Байқашы, безіп кеткен құс баласы,  
Суында балық бар ма, түс, қарашы?! –  
«Шаганның» жағасында шырқ айналып,  
Бойына тарамай тұр ішкен асы.

Ағаның тілегімен зыр жүгіріп,  
Қарадым ойдым-ойдым суға үңіліп.  
Тұнық су телміреді тірлігі жоқ,  
Түңілдім түбіндегі сырды ұғынып.

Буып тұр бір қасірет бар тынысты,  
Құсы жоқ аспан қандай қорқынышты.  
Күрсініп көздеріне жас алды да,  
Екі ағам тостағанды сарқып ішті.

Дегелең күйіп кеткен жана-жана,  
Тозақтан шыққандай бір жаңа ғана.  
Екі ұлы Дегелеңнің мөлтеңдейді  
Тауға да, өзенге де, далаға да.

Аһ ұрып, азап тартқан тау-тасына,  
Батып тұр ауыр салмақ арқасына.  
Кеткендей Дегелеңмен бірге шөгіп,  
Екеуі алып мені ортасына...

Полигон жайлы сөз болғанда Сейітжан аға бала кезден бірге өскен досы, қазақтың аяулы азаматы, өнер білгірі, ала-



бөтен тағдырлы Бақтажар Мекішев, белгілі ақындар Нұтфолла Шәкенов, Төлеужан Ысмайылов, Семей, Омбы мұрағаттарын жылдар бойы ақтарып, өз қаржысымен төрт томдық «Абыралы тарихын» шығарған іскер азамат Болат Нәсенов, тағы басқалар жөнінде де тебірене түседі.

Саналы ғұмырында жақсылармен жанасып, өз өмірін әр қиырдағы талай жандармен ұштастырған, үнемі туыс, дос іздеп жүретін Секең көптеген басшы қызметтерде болды. Қайда, қай қызметте жүрсе де бетегеден биік, жусаннан аласа қалпынан өзгермеді. Мансаптың буына мастанбады. Туған тілінің, өз дінінің қамқоршысы болды. Ұлтын естен шығармады.

Жасынан өнерді мұрат тұтқан, сөз қадірін терең сезінетін, әуелетіп ән шырқайтын, сегіз қырлы, бір сырлы Секең зейнеткерлікке шыққаннан кейін қарап отырмады. Орнынан түссе ойсырап қалатын әлдекімдерше шөгіп қалмады. Қолына қалам алып, өткен өмірін оймен шарлап, қағаз бетіне түсірді. Ел ішіндегі ескі сөздерді жинады. Жаңа Шүлбі ауданында атқару комитетінің төрағасы болып жүргенде, салынып жатқан су қоймасының орнындағы зираттар көшірілгенде, сондағы Абайдың немересі, Мағауияның қызы, Мұхтар Әуезовтің жары Кәмиланың сүйегіне иелік етіп, Ақшоқыдағы Құнанбай қорымына қайта жерленуіне мұрындық болғаны туралы жазды. Осы оқиғаны жазу барысында Кеңес өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған Абай ұрпақтарының тағдырына терең бойлай түсті. Жанақ ақынды зерттеп, ел аузында шашылып жүрген өлеңдерін жинап, оны жеке жинақ етіп шығарды. Сегіз серінің ортаншы ұлы Мұсайын жазған «Ер Жиенбай мен қыз Балқия» поэмасын жазып алып, 1998 жылы «Өлке» баспасынан шыққан «Замана ағысы» кітабында жариялады.

Зерттеушілердің назарына ілінбеген, Секең тапқан бұл қисса – әдебиетке қосылған үлкен олжа. Онда орыс отаршыларына қарсы күрескен, Ертіс бойындағы Бәсентиін руынан шыққан



Жиенбай батырдың ерлігі, оның ғашығы Балқия қыздың Сібірге айдалған арыстың артынан іздеп барған оқиғасы сөз болады. Жиенбайдың ерлігі Ермакты өлтірген Сәтбек батырды еске түсіреді.

Ермек үшін емес, маржан термек үшін еңбек етті. Бойына біткен азын-аулақ талантын ұштай түсті. Әуелетіп ән салды, әуен шығарды. Белгілі ақын, өзінің жерлесі марқұм Нұтфолла Шәкеновтің сөзіне шығарған «Қайнарым менің» әні республикалық баспасөзде жарияланып, елге тарады.

Секеңнің қаламынан туған дүниелер Семей өңіріндегі оқырмандардың жүрегіне жол тапты. Әлдекімдерше өткен кеңестік замандағы дәуренін көксеп күрсінбеді, тәуелсіз аспанның таза ауасымен еркін тыныстап, ел аузындағы асыл мұралардың жұрнағын іздестіруге бел шешіп кірісті. Еңбегі еш кеткен жоқ. Басқасын айтпағанда, Жанақ ақын жөнінде жинастырған дүниелері – әдебиет тарихына мысқалдай болса да қосылған құнды үлес.

Жанақ – әйгілі ақын, Абайдың өзі Жанаққа ден қойған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Жанақ жырлаған нұсқасы көпке белгілі. Алайда Жанақ өлеңдері бізге там-тұмдап жеткенімен, өмірінің ұзын ырғасы көмескілеу еді. Секең ел аузында әлі де болса сақтаған Жанақтың бізге белгісіз өлеңдерін теріп, ақын өміріне байланысты жаңсақ деректердің түп-тамырын қазып, анықтап, аршып беріп отыр. Әдебиет тарихын зерттеумен арнайы айналысқан ғалым болмаса да, өз ынтасымен еткен бұл еңбегіне рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Рас, Жанақ ақын жөнінде мерзімді баспасөздерде белгілі ғалымдарымыз талай рет сөз қозғап, келелі-келелі пікірлер айтып келеді. Сейітжан Тәбәрікұлы еңбегінің олардан өзгешелігі – Жанақ жүріп өткен соқпақтардың соқыр сорабын көмескі уақыт шаңының астынан іздеп табуында жатыр.



Санаулы жылдарда Сейітжан аға бірнеше кітап жазды. «Тауқымет» кітабында ашаршылық пен репрессия жылдарындағы ел басынан өткен азапты қасіретті қозғаса, соңғы «Жүрек сөйлейді» кітабында өз өмірін тілге тиек ете отырып, заман, уақыт, тәуелсіздік және замандастары жөнінде толғанады.

Өмірімен де, өнерімен де еліне үлгі, халқына қадірлі осы бір асыл ағаның алғашқы кітабына жазған алғы сөзімде: «Сейітжан Тәбәрікұлы сияқты жайсаң жанды, бала мінезді адаммен менің жолымды тағдыр ерте түйістірді... Зады, Кеңес өкіметі тұсында атқа мініп, ел басқарғандарды екі топқа бөліп қарауға болады. Бірі – қарақан басының қамын ойлап, партияның атса оғы, шапса қылышы болған қызыл мәңгүрттер, екіншісі – ақырын жүріп, анық басып, партияға да адал, халыққа да адал қызмет еткендер. Ұлтын ұмытпағандар. Сейітжан осы екінші топқа жататын азамат», – деппін. Шынында да солай.

2014 жыл



## ОТАНШЫЛ РУХТЫҢ АҚЫНЫ

(Жәркен жырау)

Бүгінде біреу біліп, біреу білмес, өткен ғасырда Сәлімғазы Әбеев деген ақын өтті. Бізден үш-төрт жас үлкендігі бар еді. Баяғы Көктұма сиязында Абаймен сөз жарыстырған атақты – әрі би, әрі шешен Отыншының үрім-бұтағы. Қырғи тілді, қырыпсалма ақын еді марқұм. Өлеңдерін баспасөзде жариялағаны болмаса, пышақтың қырындай кітабын да шығара алмай, өмірден ерте кетті. Өзі Алматының іргесіндегі, бұрынғыша айтқанда, Қараесек, қазіргі Әлмерек ауылында тұрды. Алғаны Алакөл жақтың қызы еді. Бірде қайын жұрты Сәлімғазыға соғымға деп бір тай береді. Қалтасы жұқа Сәлімғазы тайды сатқысы келеді. Біреуден біреу естіп, әлгі тайды сол кезде «Жалын» баспасында қызмет істейтін бірнеше жігіт бірігіп, күздікке сою үшін сатып алады. Өкінішке қарай, тай арық шығыпты. Содан бір жұма өткенде Сәлімғазы салаң етіп баспаға бара қалса керек. Есіктен кірген бетте арық тайдан аузы күйген жігіттердің бірі:

*Алдап арық тай сатқан, –*

депті. Екіншісі іліп әкетіп:

*Аулақ жүр бұл найсаптан, –*

депті. Сонда Сәлімғазы табан астында:

*Көрмей, білмей алған жоқ,  
Бұл шатқаны – қай шатқан?*

депті, отырғандарды ду күлдіріп.





Бұл күнде қара танитын қалың қазаққа мәшһүр Жәркен ақынның – Жәркен жыраудың атын осыдан қырық жыл бұрын сол Сәлімғазыдан естіген едім. «Көкшетаудан бір керемет ақын келіпті, өлеңдері бірінен-бірі өтеді, өзі құрылысшылар жатақханасында менімен бірге тұрады», – деді Сәлімғазы, біздің үйде қонақта отырып. Мен елең еттім де қойдым. Арада ай өтпей «Лениншіл жас» газетінің бетінде Жәркеннің «Көгілдір әлем ішінде» атты өлеңі жарқ ете қалды. Өлеңді оқыған сәтте Сәлімғазының «керемет ақын» деген сөзіне анық көзім жетті. Көкшенің көркем табиғатындай түрлене құлпырып төгіліп түскен, кестелі де келісті жырдың жан дүниемді ерекше бір ыстық сезімге бөлегені әлі есімде. Мені Сәлімғазыдан гөрі Жәркенмен шынайы таныстырған да, табыстырған да осы өлең еді. Көкшетаудың ғана емес, Жәркеннің де көркемдік бояуы көзді арбаған, сырлы да нұрлы, құпиясы мол көгілдір әлеміне оқырман көңілін ынтықтыра түскен осы өлең оның ақындық төлқұжаты десек те болады.

Шөп шыққан жеріне шығады. Киелі Көкше жерінен кезінде кім шықпаған?! Ән мен жырдың Арқаға туын тіккен Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтарды айтсақ та жеткілікті. Дей тұрсақ та, тыңға түскен қалың түреннен топырағы тозып, іргеден үңгіп, төбеден төнген қилы тауқыметтен қайран туған тілдің сүті сұйылып, қаймағы бұзылып, өксіген өңірден Жәркендей туасы қасқа, тұрпаты басқа ақын қалай шыға қалды екен деп әу басында көңіліме күдік ұялағаны рас еді. Ойым алдамапты. Сөйтсем, Көкшетауға Жәркен Алланың әмірімен қоса заманның зәбірінен жапа шегіп, айдалып барған көрінеді. Жәркеннің туған жерінен, өскен ортасынан, әкешесінен, аға-бауырларынан еріксіз бөлініп, ақ қар, көк мұзда ақ боранмен алысып, аш бөрімен айқасып, тау асып, тау басып, атажұртын адаспай тапқан ауыр азабын көлденең жұрт біле бермейді. Қазір оны тәптіштеп, таратып айтып





жатудың қажеті де шамалы. Жәркеннің Қытайда қиындық пен қыспаққа түсіп, өрт шарпыған өмірін, күрмеуі қиын күрделі тағдырын шын түсінгісі келген адам алдымен оның өкініш пен сағынышқа толы өлеңдерінің тарихи тамырына терең бойлай алуы керек.

*Текеге теңдеп теңдерін,  
Қошқарға артып қоржынын,  
Алтайдың асып белдерін,  
Тағдырдың көріп қорлығын –*

*Рулы ел тұтас ауғанда,  
Ұлардай малын шулатып.  
Қайыңның безін сауғанда,  
Аңызақ ернін құрғатып.*

*Көш бастаған Мауқара,  
Қарайды басып артына.  
Жан баспаған тау, дала  
Кезіккен екен қартыңа.*

Иә, алыс қалған аласапыран заманда Мауқара бабасы көш бастап барып қоныс қылған:

*Жусаны бітік сайлары  
Сеңсеңнен тіккен тұлыптай.  
Үйірге түскен сайғағы  
Үйіріліп жауған бұлттай, –*

Жәйір таудан енді Жәркен табан аударып, жылап қоштасқан уақытқа куә болып отырмыз. Қүдіреттің мына кереметін қараңызшы:



*Май бетеге, бұйырғын,  
Тон тоздырмас, ат арып.  
Қайтейін, жатқа бұйырдың,  
Қайран, Жәйір – атажұрт! –*

деп, ащы зары жиырмасыншы ғасырдан жиырма бірінші ғасырға ауысқан Жәркен аңыраса;

*Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,  
Балығы көлге жылқы жаптырмас,*

*Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт! –*

деп сонау он бесінші ғасырдан Қазтуған күңіренеді. Екеуінің де заманы басқа демесең, зары бір. Жәркеннің сөз саптауы да, сарыны да Қазтуған бабасынан аумайды. Тап бір Қазтуғанның саптыаяғынан сарқыт ішкен секілді. Осыдан кейін Жәркенді қалай «Жәркен жырау» демейсің?!

Көз жіберіп қарасақ, ошағының оты өшпеген қазақтың құлазыған жұртын тастап үдере көшпеген кезі жоқ екен. Есте жоқ ескі замандардан басталып, Қазтуғанға жеткен, одан бері желі тартып, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұласқан, одан бері құлдилап, Мауқара бабасынан Жәркенге жалғасқан қасіретті қазақ көшінің ұзын-сонар соқпағы енді қаншаға дейін созылары бір Алланың өзіне ғана аян... Тек елдің мұңын, көптің жоғын жоқтаудан ақындар мен жыраулардың тілі мүдіріп, жағы талмасын деп тілеңіз.



Жәркен – бесігін жыр тербеген, жүрегін мұң тербеген ақын. Жәйір таудың төсінде көзін ашып, табаны қара жерді басқаннан бергі көргені – халық басына түскен қиыншылық пен қиянат. Ол зорлық пен зомбылықты көре жүріп, көндіге жүріп, ата-бабаларының асыл сөзіне ұйып өсті, өзінен бұрынғылардың зар-мұңын көкірек аясына құйып өсті. Талайдың ініне су құйып, тұқымын тұздай құртқан империялық сұрқия саясат алдыңғы ағалары Таңжарық мен Омарғазылар киген кепті Жәркенге де жастай кидірді, қиянат отына күйдірді. Оны ажал тырнағынан алып қалған алыстан – атамекен төрінен жылтыраған үміт шамының сәулесі ғана еді. Сол үміт шамының сәулесінің жетегімен атамекен құшағына аман-есен оралған Жәркеннің жырдағы бақ жұлдызы бірден жарқырап жаңды. Қапастан босаған бұлбұлдай сайрады, көктем шуағынан қуат алған гүлдей жайнады.

*Жоңғария ойпатынан – өлі құм,  
Сарыарқаға дейін жортқан бөрімін.  
Төрт құбыласы тұрған темір құрсауда,  
Анау шығыс Түркістанда тусам да,  
Атажұртқа жетті менің өмірім.*

*Самай шашы құдай болған қарт ана,  
Жер жете ме салқын Сарыарқаға?!  
Еменімді осында әкеп егермін,  
Кіндік қаным өзге жұртқа тамса да, –*

деп көсіле жырлады, шешіле жырлады, емірене жырлады, тебірене жырлады. Өз тағдырын тілге тиек ете отырып, туған елінің тұтас тағдырын кең толғайтын халық ақынына айнала білді.

Жәркен үшін әлемдегі бар қазақ – бір қазақ. Сондықтан да оның қасірет-қайғысы да, қуаныш-шаттығы да, арман-мұраты да



байтақ ұлтқа ортақ. Жәркен сол үшін күйінеді, сол үшін сүйінеді. Сүйінген сәтінде көк аспаны мөлдіреп, көк байрағы желбіреп тұрған, бостандық шуағына бөленген байтақ елінің иіген уызына жариды, күйінген сәтінде қақ жарылған тағдырына налиды, жүрегін ызғар қариды. Әйтпесе:

*Жүректегі жан жырым –  
Шым-шытырық тағдырым.  
Бірде сөзім – шырын-бал,  
Бірде сөзім – қанжылым.*

*Көп қарадым қабаққа,  
Аз қосылдым санатқа.  
Бір көзімнен сор ағар,  
Бір көзімнен қан ақса.*

*Тұла бойым сыз, қайғы,  
Салқын жүрек сыздайды.  
Бір бүйірім жылыса,  
Бір бүйірім мұздайды, –*

деп зар еңіремес еді ғой. Немесе:

*Қайыр жоқ қу тағдырға жауыққаннан,  
Шындықтың бетін бірақ жауып қалман.  
Несіне жасырайын, Жәйір, саған  
Әкем де осы Арқадан ауып барған.*

*Семірген жан емеспін қара суға,  
Мәңгілік серік болмас жан – ашуға.  
Бір әулет күні бүгін сандалып жүр  
Жәйір мен Сарыарқаның арасында, –*

дейді.



Айтқанының бәрі айдай анық. Өйткені Жәркен өмірде де, өлеңде де жалған сөйлеп көрген емес. Қайсы тақырыпты жырласа да жеріне жеткізе, жеті ықылымнан өткізе жырлайды. Құдай берген дархан дарын, қуатты ой, өткір тіл алып та жығады, шалып та жығады.

Тіл демекші, Жәркеннің қазіргі оқырман көптен көз жазып қалған, қара өлеңнің қара сабасынан құйылған қымыздай, көктемгі алғашқы уыздай, өлі сөзге жан бітіретін қордалы да құнарлы тілі бүгінгі поэзияға қазақы мінез, қазақы қисын, қазақы ою-өрнекті, жыраулық сарынды қайта әкелген ақжолтай тіл болды. Сондықтан да оның өлеңдері сұлудың бұрымындай әсем, қамшының өріміндей әдемі өріледі, қолтаңбасы өзгелерден дара, айналасына айшықты көрінеді.

Қаншама өлеңдер мен поэмалардан тұратын жиырмаға тарта кітаптың авторы, республикалық жыр мүшәйраларында талай рет топ жарған, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Түркі тілдес елдер поэзиясы ІІ фестивалінің лауреаты Жәркен ақынсыз өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан кейінгі қазақ поэзиясын көз алдыға елестету мүлде мүмкін емес. Өлеңнен-өлеңге, кітаптан-кітапқа көшкен сайын тосын бұрылыстар, көркем құбылыстар жасап, тереңнен толғайды, алыстан қозғайды, көкірегі қобыздай боздайды. Ахмет Байтұрсынов ағасы: «Жат жақты жаратқанға күзеттіріп», – деп қазақтың кеңқолтықтығына, бейқамдығына, етекбастылығына күйінсе, бүгінгі Жәркен де: «Қотанға күзет қойсам да, Отанға күзет қоймадым», – дейді өзегін өткеннің өкініші өртеп. Әсіресе, ақын жүрегі тәуелсіз елінің бүгінгі бақытына қуана лүпілдеп, ертеңгі болашағына да алаңдап аласұрады. Сол шақта:

*Көкіректегі оттай ыстық жүректі,  
Бір жапырақ тірі етті –  
Соқпаса ұлтым деп, жұртым деп,*



*Лақтырдым итіме есігімді күзеткен,  
Итім артық емес пе ондай мәңгүрт жүректен! –*

дейді. Бұлай деп Отаншыл рухтың ақыны ғана айта алады. Міне, ақын арманының алтын қазығы – ел бірлігі, ұлт мүддесі, мемлекет мұраты. Сол үшін де:

*Қор болмай босқын, қашқыңға,  
Жем болмай ит пен қасқырға,  
Біз қашан түгенделерміз,  
Бір шаңырақ астында? –*

деп назаланып, иісі қазаққа жар салады біздің Жәркен. Ел аман, жұрт тыныш болса, ақын аңсаған ол күнге де жетерміз. Жәркеннің жұлдызды жырлары сол болашақ күндерде де туған халқының жүрегіне тура жол тауып, ұлттың рухани игілігіне қалтқысыз қызмет етері сөзсіз. Зады, өмір де, өнер де – күрес. Өресі биік, зердесі тұнық, таза жүректі таланттар ғана уақытпен үзеңгі қағыстыра, тағдырмен тайталаса жүріп, өміршең өнер тудыра алады. Оның бірден-бір үлгісі – Абай. Асан қайғыдан – Абайға дейін, одан кейін де талай ойшылдар өткен. Барлығы да Асанша қайғырып, Абайша тебіренген, Абайша күңіренген. Себебі ұлылардың қам-қайғысы да – ұлы! Ұлттық әрі адамзаттық! Солардан ұшқын алған Жәркен де:

*Иш-сыртымды көрсетер Абай – алтын шарайнам,  
Шарайнасыз күркеден көңілім бек қарайған.  
Айырылсам да әкемнен,  
Айырылсам да шешемнен,  
Айырылсам да бауырдан,  
Айырылмаймын өлеңнен,  
Айырылмаймын Абайдан!*



*Абай болып жалғанның артын көріп түршігем,  
Абай болып армандап, Абай болып күрсінем.  
Абай қара емен гой тамырын терең бойлатқан,  
Сол еменнің көгерген құттай гана бүршігі ем, –*

дейді ақындық сүйегіне біткен жампоз Жәркен ағынан жарылып. Иін қандырып айтқан сөзге иланбасқа болмайды. Бұл жалғанда Абайдай алып еменнің бүрлеген бүршігі болғанға не жетсін?! Шын ақынға бұдан асқан бақыт жоқ...

*Жазбасаң бұл өлеңді аш қалардай,  
Уа, Жәке, жүгірмейсің басқалардай.  
Сарқыты жыраулардың жалғыз өзің,  
Әр сөзің алынбайтын тас қамалдай.*

*Жасаурап екі көзің тостағандай,  
Жаныңды қырау шала бастағандай.  
Көрінер топқа түссең күндік жерден,  
Сендегі жырға біткен қасқа маңдай.*

*Ақынның бағы да өлең, соры да өлең,  
Тағдырдың өзі жазған қолыменен.  
Тарта бер, адамзатты адастырмас,  
Абайдың салып кеткен жолыменен!..*

12 мамыр, 2014 жыл





## АРЫНДЫ ЖЫРДЫҢ АЛКҮРЕҢІ

Алғаш тәуелсіздік жариялаған кезде, мемлекеттің атын иеленіп отырған титулдық ұлттың үлес салмағы 40 пайыз ғана еді. Ал қазір 70 пайызға жеттік. Бұған масаттануға болмас, бірақ тәуба деуге тиіспіз. Бұл ненің арқасы? Бұл елдегі алтын құрсақты аналар мен Елбасымыз жүргізіп отырған көші-қон саясатының арқасы. 20 жылда бір миллионнан астам бауырларымыз елге оралыпты. Бұны балшықтан қазақ жасай алмай отырған біздің еліміз үшін өте ауқымды күш, сарқылмас қуат, ұлы жеңіс деп бағаласақ несі айып?!

Біздегі қалам ұстаған қауым көбінде елге оралған ағайындардың санын ғана қызықтап кететін секілді. Ал шұқшия зерттеп, үңіле қарасақ, елге оралған ағайындармен бірге жас мемлекетімізге ұлттық рух, дәстүр-салт, мұнда өшкіндеп бара жатқан сан түрлі дәстүрлі мәдениет үлгілері, бізге ауадай қажет өнер-білім келіп жатқанына көз жеткізер едік. Сондай-ақ, олардың ішінде еліміздің ғылым-білім, руханият, экономика саласында жемісті еңбек етіп, Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде қалыптасуы мен дамуына өз үлесін қосып жүрген талантты, өнерлі, іскер азаматтар мен білікті мамандар қаншама?!

Солардың бірі – азаттықтың алғашқы жылында-ақ елге оралып, содан бері еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында табан аудармай еңбек етіп, елімізге аса қажетті мамандар тәрбиелеу ісімен айналысып келе жатқан ұстаз, талантты ақын, шебер аудармашы, белгілі қытайтанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Дүкен Мәсімханұлы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы алакеуім шақ. Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып жұмыс істеп жүрген кезім болатын. 1993 жылы ма, әлде 1994 жылы ма, бір күні есігімді қағып орта бойлы, қараторы, мұртты жігіт: «Ассалаумағалейкум, аға!» – деп кіріп келді. Қимылы ширақ, киімі ретті, сөзі





орнықты. Тілінен ешқандай акцент байқалмайды. Сонысына қарап мен бастабында өзіміздің осындағы жас қаламгерлердің бірі шығар деп ойлап отырғам. Сөйткенше болған жоқ, келген жігіт өзін қысқаша таныстырды. Сөйтсем, соның алдында ғана біраз газет-журналда өлеңдері, сұхбаттары жарияланып, «Қытайдан келген ақын жігіт» ретінде жырсуіер қауымды елең еткізген Дүкен Мәсімханұлы деген бауырым екен. Мені Қытайда жүргеннен білетінін, іздеп оқитынын айтып, бір-екі өлеңімді жатқа соқты. Біраз әңгімелестік. Ата-бабалары әйгілі «1916 жылғы Қарқара көтерілісінен» кейін Кеген-Нарынқол өңірінен Қытай асыпты. Өзі университетті Пекиннен оқыпты. Осы кездесуден кейін-ақ аға-іні болып, сирек болса да араласып жүрдік.

1998 жылы қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Мағауин мені «Жұлдыз» журналына поэзия және ғылым бөлімінің меңгерушілігіне жұмысқа шақырды. Бардым. Бас редактор тарапынан аталған бөлімді көтеру, жандандыру міндеті жүктелді. Әуелгі жұмысымды редакцияның қоржынында не бар, не жоғын түгендеуден бастадым. Бір қызығы, шаң басып жатқан құшақ- құшақ қолжазбалардың арасынан жарамсыз дүниелермен қоса, халқымыздың азуын айға білеген, небір мықты ақындарының да өлеңдері табылды. Міне қызық, бір кезде қолыма Дүкен Мәсімханұлының «Мен қолымды туға беркер созбаймын» деген жалпы тақырыппен берілген топтама өлеңдері іліне кетті. «Несі қызық?» дейсіз ғой, қолжазбаның бұрышында бас редактордың «Нөмірге!» деген бұрыштамасы мен қолы тұр. Қол қойған кезі, жаңылмасам, 1996 жылдың іші. Өлеңдерді оқи бастадым. Алғашқы өлеңнің аты «Түрік туы» деп аталады екен:

*Ай-жұлдызды Түрік туы мақтаным,  
Сен болған соң тым күйреп те жатпадым.*



*Қиын кезде адассам да үйірден,  
Тонькөктің аманатын сатпадым,  
Ататүрік өсиетін жаттадым.*

*Ойхой, менің оттай қызыл киелім,  
Әз басымды мен саған да иемін.  
Мен сен үшін оққа төсеп кеудемді,  
Мен сен үшін отқа түсем, күйемін, –*

деген шумақтары бар, Мағжан ақынның «Алыстағы бауырыма» атты әйгілі өлеңінің заңды жалғасы іспетті көлемді толғау-жырды тебіренбей оқу мүмкін емес. Келесі өлең «Алматы көктемі» деп аталады. Ондағы сурет те жаңа, үлгі де тың.

*Алматының жас талы, алып терегі,  
Жымысқы түрде жыбырлап, бүршік жарып келеді.  
Ару қаланың шешініп-киінген шақтарын  
Алатау-жігіт анық та қанып көреді.*

*Даламның жақын-шалғайларында,  
Бақыттың барқын бал-қаймағында,  
Әнші-жыршының таңдайларында,  
Шалқыған сәттің қандайларында,  
Қазақтың жүрген әр жайларында,  
Дүкеннің жазық маңдайларында –  
Алматы көктемі.*

Аталған өлеңінде ақын, міне, осындай құйқалы мазмұн, әрлі де нәрлі сөз кестесі арқылы сол кездегі ел астанасы Алматының әсемдігін де, саяси орнын да айшықтап берген. Осы топтамадағы келесі бір өлеңнің аты «Көк туым қолымда» деп аталады екен. Бұл өлеңдегі:

*Көк түс – менің Тәңірім мен кеңдігім,  
Өрнек – менің тыныштығым, елдігім.*



*Ал алтын күн – менің туған құдайым,  
Ата қыран – серілігім, ерлігім.*

*Көк ту барда ақындардың мен дүрі!  
Көк ту барда мен ешкімнен кенде емен,  
Бақыт, байлық, жетіп жатыр шен деген...  
Мен ауырсам, өткенді ойлап ауырып,  
Сосын келіп көк туыммен емделем.  
Біз бақытты өлшемейік теңгемен! –*

деген шумақтарды оқығанда ақын сезіміне ілесіп жүрегің елжіреп, арқаң қозады. Енді бір кезде ақынның «Көктем келді гүлін алып...» деген өлеңін оқи бастадым. Содан осы өлеңнің:

*Жан болсаң да санаң тас, ойың берік,  
Табиғаттың тасисың тойын көріп.  
Жаңа оянған жас ана секілденіп,  
Есінейді күнгейлер бойын керіп, –*

деген шумақты оқыған соң, дереу Дүкен бауырымның үйіне телефон соқтым. Трубканы өзі көтерді. Мына топтама өлеңдерінің «Жұлдызда» немесе басқа басылымдарда жарияланған-жарияланбағанын сұрадым. «Мұхтар аға апарған бойда «Келесі нөмірге шығады» деп еді, поэзия бөлімінің меңгерушісі эне-міне деп екі жыл ұстады. Мұхаңа ол туралы айттайын десем, арызқой болып көрінем бе деп, әлі күтіп жүрмін. Ол өлеңдерді өзге ешқайда ұсынған жоқпын», – деген жауап алдым Дүкен інімнен. Сөз осымен бітті. Мен Дүкеннің аталған топтама өлеңдерін «Жұлдыздың» 1998 жылығы №7 санына үтір-нүктесіне тиіспей, тұтастай салып жібердім.

Осыдан көп өтпей мен Астанаға қоныс аудардым. Менен кейін, араға бір-екі жыл салып Дүкен бауырым да көшіп келді.



Соңғы он шақты жылдың жүзінде Елордамыздың руханият алаңында аға-іні болып, қатар еңбек етіп келе жатырмыз.

Негізінде мені Д. Мәсімханұлымен таныстырған да, табыстырған да әдебиет. Оның ішінде поэзия. Өйткені ол анау-мынау өлеңші емес, талантты ақын, әрі мықты әдебиетші. Дүкеннің шығармашылықта да, ғылымда да осындай жоғары деңгейге көтерілуіне оның еңбекқорлығымен қоса, қытай тілін білуі де көп септігін тигізгендігін байқаймын.

Сондай-ақ, жалпы әдебиеттің қай саласы болса да, тағдырлы туынды қашанда тағдырлы қаламгерден туатыны ақиқат. Поэзия тіпті де сондай. Онда ақынның бар болмысы, мінезі мен қайраты, өмір соқпағының бұрылыс-бұлтағы мен бұралаңдарындағы жүрек лүпілі, көңіл толқынысы сайрап жатады. Мұқағали ақынның «Менің өмір бойы жазғаным бір ғана дастан» дейтіні сондықтан болса керек. Дүкен бауырымды мен сондай тағдырлы қаламгерлердің қатарына жатқызар едім. Өйткені елімізде тәуелсіздік туы желбірегенде, Қытай еліндегі бауырларымыздың ең алғашқысы болып Отанына оралды. Содан ширек ғасырға таяу уақыттан бергі еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында талмай, табан аудармай істеп келе жатқан ұстаздық қызметі мен ғылыми- зерттеу жұмыстары өз алдына бір төбе. Ол жайлы өз саласының мамандары айта жатар.

Дүкен ақын бүгінде қазақ поэзиясы деп аталатын ұлы сарайдың қабырғасына өз қолтаңбасын қашап үлгерді. Оның әр жылдары жарық көрген «Жүрекке саяхат» (1991 жыл, ҚХР, Үрімші), «Семсер суы» (1998 жыл, Алматы), «Көкпар» (2003 жыл, Алматы), «Алтынның буы» (2006 жыл, ҚХР, Пекин), «Алкүрең арман» (2008 жыл, Астана) қатарлы жыр жинақтары – патша көңілді, талғампаз оқырман жүрегіне жол тапқан шығармалар. Оның жырында тағдырдың жазуымен шекара сызығының сыртында қалған қазақ жерінің құйқалы бір



пұшпағына, өзінің туған жеріне деген мәңгі бітпес зарықты сағыныш пен адамды еріксіз бас шайқататын қуатты рухани бұлқыныс, емендей берік жігер жатады. Қане, сондай өлеңнен бірер шумақ оқып көрейік:

*Туған жер десе, желпінбес жан көріп пе едің?!  
Тауынан рух, суынан нәр беріпті елім.  
Ауылға деген сағыныш – сары ала мұңым,  
Қобыз кеудемде сарнайды саз болып менің.*

*Текесім – менің текті ордам, шаңырақ күні,  
Түндігі – шаңқан бұлт-киіз, арым – ақтығы.  
Керегелері – таулардан, уығы – нұрдан,  
Сағынамын деп ойлап па ем аңырап түбі?!*

Бұл автордың «Туған жер» деп аталатын лирикалық поэма-сынан алынған үзінді. «Сал күрең тайын ерттеп, тарлан ұлдарға ерген» балалық шағы мен «ай мүсін қыздың жүрегін балаң жырымен тербеген» туған өлкесін, атасы күйеу болып барған, анасы келін болып түскен, жат жұртта қалған бейкүнә ауылын жүрегі сыздай сағынған ақын әрі қарай:

*...Қайран да Ақши – ауылым,  
Артымда қалған сауығым.  
Аптақ шилері ормандай,  
Тал-теректері қорғандай,  
Жаһанда жәннат жер едің,  
Қыдыр да қалап қонғандай;*

немесе:

*Ар жақта қалған базарым,  
Заржақ та қылған газалым... –*





деп бабаларынан қалған бағзы әуенге боздатып салғандай, жүректің түбінде жатқан ескі бір сағынышты қоламтадай қоздатады. Қазақтың классик жазушыларының бірі Ғабит Мүсіреповтің «Құдай қазаққа бәрін берген, тек жақсы көрші бермеген» дейтін сөзі бар еді. Екі алпауыт көршісінің зымыян саясатының салдарынан тұтас даласын шекара сызығы шимайлаған қазақ даласының қасіреті – қазақтың барлық ақындарының жан жарасы, жүрек дерті. Көңілін тұман жапқан шайырлар кешегі ертегідей ерлік заманын ойлап зарланады. Керуені теріс бұрылған тарихтың көшіне көк түркінің, батыр ғұнның, бастының бәрін идірген, тізеліні бүктірген бабаларының көзімен қарап, көңіліне медеу тапқысы келеді. Мағжанның «Әдемі өткенді ойлап айнымасам...» дейтіні сондықтан. Дүкеннің «Қытай қорғанына» да сол батыр бабалардың ерлігі арқау болған:

*...Өткенімнің қайда арғы-бергісі,  
Қорған соққан қорқақ – бүгін ер кісі.  
Миллиардқа мақтан болған бұл қорған –  
Көк түріктің ерлігінің белгісі.*

*Қымбаттысын қия қойсын жатқа кім?  
(О, ақиқат, осы тұста ақтарыл!)  
Түбін қусаң, Ұлы Қытай қорғаны –  
Менің гана ерлігім мен мақтаным! –*

деп кешегі ерлік заманын, кеудесі биік бабалардың дәуірін аңсайды.

Қаймана жұрттың қалай ойлайтынын қайдам, ақындар үшін жырдың екінші аты – сағыныш. Олар ғасырлар тұманы арасында мұнартақан кешегі Алаштың еңсесі биік күнін сағынады. Дүбірлі тұяғы жалпақ жаһанды тітіреткен, көсіліп шапқанда



шашасынан от шашқан «арғымақ ару-аттарды» сағынады. Баһадүр бабалардың болмысын сағынады. Ер-азаматтарының аты затына сай жігіт болып ғұмыр кешкен кезін аңсайды.

«Жігіт» демекші, Алаш жұртының аузынан түспейтін «жігіт» деген ұғым – өте күрделі пәлсапалық категория. Оның, әрине, «жас ер адам» деген де мағынасы бар, бірақ көбінде ер адамның азаматтық, кісілік, дегдар болмысының ең жоғары деңгейін безбендейтін қазақы дүниетанымның бір көрінісі. «Жас ер адамды» ғана емес, атам қазақтың қатты разы болып кеткенде, заты ұрғашы болса да, іші кең, мінезі ірі әйелдің өзіне де «Жігіт екен!» деп жататыны содан. Осы ұлттық ұғымдағы, биік пәлсапалық түсініктегі «жігіт» ұғымын Дүкен ақын өте шебер суреттейді. Бұған көз жеткізу үшін ақынның «Жігіт» деп аталатын шарболаттай шымыр да шағын өлеңін толық оқып шыққанның еш артықтығы болмас:

*Күж денесі қорғасыннан құйғандай,  
Жүрегі бар ғалам түгел сыйғандай.  
Ақылы бар түн-түнекті түргендей,  
Айбаты бар алапатты тыйғандай.*

*Ар-ожданның күзетшісі қабағы,  
(Сол қабаққа ілінбесең жарады).  
Намыс тұнған, иман сіңген екі бет,  
Екі беттен қан да, нұр да тамады.*

*Гадауатты кірпіктермен байлаған,  
Сақшы дей бер қос жанарды жайнаған.  
Адамдықтың ақ жолы мен арманы  
Қазан баста қашан көрсең қайнаған.*

*Тау-даланың, замананың сұлтаны,  
Қам-қайғысы – Отаны һәм ұрпағы.*



*Батыл, батыр,  
Бірақ оны байлауға  
Жетіп жатыр қыз шашының бір талы.*

*Барын бұлдап, жоғын айтып зарламай,  
Отырады көктен түскен қамбадай.  
Сол ер жігіт, қыздар түгіл, бүгінде  
Заманаға арман болып қалғаны-ай!*

Иә, бұл өлеңді теорияның қасаң ережелеріне салып талдаудың қажеті шамалы. Өлеңге өзек болып отырған «жігіт» ұғымы, жоғарыда айтқанымыздай, жай ғана еркек жынысты дегенді меңзеп отырған жоқ. Керісінше өлеңдегі «жігіт» – «қыздар түгілі, заманаға арман болып қалған», кешегі алып таулардан кертіп алғандай ірі, «қам-қайғысы – Отаны мен ұрпағы» ғана болған, адамдықтың биік үлгісін жасап кеткен бабаларымыздың шын болмысы-тын. Сондай кесек болмысты арыстан-қазақтар елдің еркіндігі үшін ойда орыспен, қырда қытаймен жан аямай күресті. Алаштың сондай адал ұлдарының бірі қырық екі жыл қытай түрмесінде отырған Қажығұмар Шабданұлы болатын. Сол қайсар рухты Қажекеңнің ішкі запыраны ақын қаламынан тотияйындай уытты шер-толғау болып құйылыпты:

*...Айға, күнге, отқа, суға... жүректі  
Қиялыммен ұсынамын күн-түні.  
Қазақстан қабыл көрсе тілекті,  
Мен өлгенде бірге көмсін құлпыны...*

Шабданұлы монологінің тұжырымды түйіні іспеттес осы шумақты оқығанда жүрегі еттен жаралған кез келген адамның өзегін бір ақ жалын шарпып өтері анық. Бұл – кең тынысты ақындар ғана жете алатын көркемдік.





Көркемдік демекші, Дүкен поэзиясындағы суреткерлік те біраз зерттеуге жүк боларлық тақырып. Ақынның көптеген өлеңдері шебер салынған картина секілді. Табиғатты тірілтіп көз алдыға әкеледі. Қазақы ауылда өсіп, құнарлы сөздің қаймағын қалқып ішкендігіне риза болып, көңіліңіз байыз тауып, рақаттана оқисыз.

*Жайлауда.*

*Тауға бұлт ілінді де,  
Жоқ болды шоқ боп тұрған күнің, міне.  
Қара аспан қара сел боп ақтарылды,  
Әр жері от қамшымен тілінді де...*

**(«Қара айғыр. Ақсақ қой және адам»)**

*Бәйшешекке толып бір атырабы,  
Тоңы кеппей теріскей «аһ» ұрады.  
Бұтақтары бұлғаңдап тал-теректер,  
Әлдекімін, білмеймін, шақырады...*

**(«Көктем суреті»)**

Біз ақынның сере түскен қазыдай мұндай құнарлы шумақтары мен тіркестерін тере берсек, ұзаққа шабарымыз анық. Көзіқарақты оқырман теңіздің дәмін тамшыдан сезіп те отырған болар. Егер сезінуге бұл жолдар аздық қылатын болса, ақынның мына жыр жинағын толық оқып шығарсыз.

Жылқы қазақтың қос қанаты ғана емес, ең адал серігі. Тарихтың мың тараулы жолында қазақ пен бірге сан қансоқтаға түскен де жылқы. Жылақының жалындағы жылудан қуат алған бабаларымыз «күңіреніп күн түбіне жортқан», жеңбеген жауы қалмаған. Қылқұйрық пен қазақтың рухани байланысын қапысыз пайымдаған кешегі залым империя да қазақты жеңу үшін атынан түсіру керек екенін жақсы түсінген. Дүлдүл





мінезді Алаш баласын қашыр құлықты құлаға айналдыруға барын салды. Ол саясат жемісін де бермей қалған жоқ. Атынан айырылған біздің жұрт, қанаты қайырлыған қыран құс секілді пұшайман, пәсең күйге түсті. Елдің ежелгі болмысын іздегенде ақындардың жылқыға жиі айналып соғатыны сондықтан болса керек. Сондай тұшымды жырдың бірі – Дүкен ақынның «Құла айғырдың үйірі» деген өлеңі. «Үйірден құлын тұр ғой қыл бермейтін» көсем айғырды таусыла жырлаған ақын бүгінгі азаматтарымыздың азғындап, ұсақтап бара жатқанына налиды:

*...Әттең дейсің!*

*Әттең, Алаш жұртының*

*Тамырынан жерігені сор екен.*

*Өзге түгіл, тек бір ғана жылқының*

*Ер жігітке үйретері мол екен.*

*Бір ауылды қабағымен қайырған,*

*Туған елін бермейтұғын дауылға.*

*Қара қылды қақ екіге айырған,*

*Құла айғырдай бір жігіт жоқ ауылда.*

«Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейді халық даналығы. Бұл нақыл арқылы бұрынғылар жалпы «көңілдің жүйріктігін» меңзеп отыр. Ал жүйріктің жүйрігі, ұшқырдың ұшқыры – ақын қиялы. Себебі ақын қиялы үшін қас қағым сәтте кеңістікті көктей өтіп ғарышқа, мұнар шөгіп, мүк басқан уақыттың белінен бір-ақ аттап ту бағзыдағы өткен күнге барып байырқалау түк те емес. Ондай сәтте үшбу ғасыр мен ұшықыры жоқ тарих үш-ақ шумақ жырға сыяды екен. Біз ақынның «Ормандар көшінен» соны аңғардық:



Түннің түп-тура жарымында,  
Он бесте толған айдың жарығында:  
Қара орман күбірлесті,  
«Көшейік бүгін...» десті.  
Осыны мақұлдасты,  
Тау-таспен бақұлдасты...

«Тездеңдер! Үркер ауып кетті... » десін,  
Бір-біріне «Жол болсын!» деп тілесін.  
Тау-тасын – атажұртын тастады да,  
Қара орман бір-ақ түнде кетті көшіп.

Қолдағанменен Тәңірі,  
Табылғанменен сарығы,  
Көшпелі қара орманның –  
Тауында қалды тамыры.

Біздің тауымыздан орман емес, жерімізден қазақ құрып кете жаздаған қасіретті тарих болды. Еске алсақ, алқымға тығылған жастан кеңсірігіміз ашитын кесірлі заман, бодандық қамыты, қара орман Алаш елтұтқа ерлерінен бір-ақ жылда көз жазып қалған күндер болды. Кешегі сол қайғылы да қасіретті күннің зілмауыр сызы түгел сыйып тұрған бұл үш шумақ жырды бір роман десе де болғандай. Орман көшкенімен «тауында тамыры қалды». Тәңірі тағаланың рахметінде шек жоқ екен. Бүгін еліміз еңселеніп келеді. Қазақияның тартылып қалған арнасына әр саладан бұлақтар келіп құйып жатыр. Кешегі көнекөз шалдар айтып кеткен «Орнында бар оңалар» деген осы шығар.

Атыңнан айналайын ардақты тәуелсіздіктің арқасында біздің санамызда отарсыздану процесі жүріп жатқаны белгілі. Бұл үрдіс әсіресе жыртқыш қызыл империя тұсында жоғалтқан ұлттық болмысымызды, өр мінездерімізді қайта жаңғыртуда,



яғни психологиялық жақтан отарсыздану бағытында үздіксіз жүріп жатқаны ақиқат және бұл керек те дүние. Үдере көшкен, бірақ «тауында тамыры қалған» ормандай жұртымыз дүрк көтеріліп өсіп келеді. Тура ақынның «Іле өзені» атты өлеңінде айтылғандай:

*Дала ашып өзегін,  
Жол беріпті тау, тас та.  
Туған жердің өзені  
Құйып жатыр Балқашқа,  
Сыйып жатыр Балқашқа...*

Иә, Іле елге оралып, Балқашқа құйып та жатыр, сыйып та жатыр. Ел аман болсын дейік. Сонда ғана Алаштың бар мұраты, бар арманы біртіндеп орындала бермек. Кемеліне енді келіп, елі үшін аянбай тер төгіп жүрген, Алаштың ай маңдай ақын ұлы Дүкен ініме де зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілегім келеді.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
3 қазан, 2014 жыл*





## НАРҚЫЗЫЛ МЕН ЖАЛҒЫЗ ҰЛ

Әйгілі жазушы Мұхтар Мағауиннің туған топырағы, өскен ортасы – тұнып тұрған шежіре. Мұхтар аға қалың оқырманға Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан белгілі Бақанас өзенінің бойында – «Көпбейіт» деген жерде дүниеге келген. «Көпбейіт» атауы өзен жағасындағы көнеден келе жатқан қалың тас қорымға байланысты қойылса керек. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары ұйымдасқан колхоз басқармасы алғашында осы арада болғандықтан жұрт күні бүгінге дейін «Ескі кеңсе» атайды. Жазушының ата-бабасының үш ғасырдан бергі көң төккен қыстауының орны да осында. Бақанас өзені Шыңғыстаудан басталып Балқашқа құяды. Шәкәрімнің тошаласы Бақанастың басында – Шақпақты жайлауында, ал Шәкәрім отыз жыл жатқан Құрқұдық Бақанастың шығысынан Үшқызылдың тұсынан келіп қосылатын Байқошқар өзенінің бойында. Үшқызыл – ауыл орталығы. Бұл ауылды Байқошқар деп те атайды. «Көпбейіт» бұдан бес шақырымдай төменде.

Мұхтардың бабасы – Құрымбай. Абаймен замандас, сыйлас, дос болған адам. Құрымбайдың алғаны, Мұхтардың ұлы әжесі – Қаракөз Абай елінің қызы. Кезінде Абай Құрымбайдан сұрап, бір жаз «Көпбейітте» отырыпты. Абайдың атақты «жазды күн шілде болғанда» деген өлеңі осы «Көпбейітте» шыққан. Бұл туралы Мұхтар ағаның өзі кең толғап жазған.

Құрымбайдан – Мағауия, Берікбол туады. Мағауия әкесі Құрымбай Абайдың көңілін сұрай барғанда қасында болған. Сонда 9 жаста екен. Зеректігі сонша әкесі мен Абайдың арасындағы болған әңгімені кейінге дейін қаз-қалпында айтып отыратын. Берікболдан – Мұхан, Мұханнан – Мұхтар. Берікбол ертерек қайтыс болған көрінеді. Екеудің ортасында жалғыз ұл болғандықтан Мұханды Мағауия бауырына салған. Еркек кіндіктіден Мұханнан Мұхтар жалғыз.



Мұхан – Шұбартау өңірінен шыққан алғашқы зиялылардың бірі, белгілі ұстаз. «Халық жауы» атанып талай жыл айдауда болған. Ақыры соның кесірінен инсульт алып көп азап тартты. Мінезі жұмсақ, орта бойлы, дөңгелек жүзді ақсары кісі еді. Бәйбішесі Рахима елде қайтыс болғаннан кейін, Алматыға Мұхтардың қолына кеп, біраз жыл тұрып дүниеден өтті.

Әкесі Мұхан түрмеде жүргенде жас Мұхтарды әлпештеп өсірген кісі – атасы Мағауия, әжесі – Орынбасар. Орынбасар қайтыс болғаннан кейін Мағауия ақсақал Балсары деген кісімен отасқан. Балсары шешейді жұрт айғайлап сөйлейтін адуынды мінезіне қарап «Айғай апа» деуші еді. Бертін келе дүние салды.

Мағауия – ұзын бойлы, қара торы, мұртты, шоқша сақалды, ел мен жер тарихына жетік, арабша сауатты, атбегі, аңшы, шежіре, көненің көзі еді. Шәкәріммен дос-жар, сырлас болған. Аңға талай бірге шыққан. Алаш азаматтарымен де пікірлес болған. Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов Шәуешекке барған сапарында жолай Көпбейіттегі Мағауияның үйінде бірнеше күн жатқан деген сөз бар.

Болашақ кемел жазушы Мұхтардың бойындағы талант көзінің кең ашылуына ең алдымен Мағауия бойындағы мол қасиеттің әсер еткені айқын. Біздің бала кезімізде Мағауияның даңқы атақты жүйрік ат Нарқызылмен шықты. Мұхтар Мағауиннің «Нарқызыл» повесінде тұлпардың тағдыры жан-жақты баяндалған. Повестің аяғында Нарқызыл қалың жылқымен бірге Семейдің еткомбинатына айдалады. Бұл – жазушының өз ойынан туған көркемдік шешімі. Шындығында Нарқызыл 1968-69 жылдың қысындағы қатты жұтта бір топ жылқымен бірге боранда терең орға түсіп кетіп, қайта шыға алмай аязда қатып өлген. Мен Нарқызылды сол жылдың күзінде он шақты жылқымен бірге жайылып жүрген жерінде соңғы рет көрдім. Қайран тұлпар бұрынғы қызылкөк түсінен айырылып, ақбозға айналып, сүйектері арсаланып қартайып қалған



екен. Нарқызылдың өлігін мал қарап жүріп, Дүтжан деген қыстақтың маңынан көрген әкем: «Қасындағы бірге өлген басқа жылқылардың бәрі қалай болса солай құлап жатыр. Жануар Нарқызыл терең ордан соңғы рет ұмтылып барып, иегін ернеуге сүйеген қалпында тік тұрып қатып қалыпты», – деп, өкіне айтып келгені есімде. Менің Шәкір Әбеневке арнаған толғауымда «Өледі екен хас тұлпар, ернеуге сүйеп иегін» деп жүргенім содан алған әсер. Мағауия ақсақалдың ат баптауы да ерекше болатын. Нарқызылды жаратқанда күн қақты қылмай киіз үйдің ішінде ұстайтын. Екі-үш бие байлап, күн сайын саумалмен сусындатып отыратын. Саумалға үйренген жүйрік суды да көп іше бермейді. Биенің сүті сүйегіне сіңген сайын құлындай ойнақ салып, қолға тұрмайды. Айғай, дүбір шықса ала жөнеледі. Бірде әбден бабына келген Нарқызыл жетектеп келе жатқанда елегізіп атқи жөнелгенде қолындағы қыларқан оралып қап, Мағауияның сұқ саусағын жұлып әкетіпті. «Нарқызылдан қалған белгі» деп қолын көрсетіп, күліп отыратын қария. Нарқызылдың бітімі де бөлек болатын. Төрт тұяғы құрыштан құйылған тостағандай дөп-дөңгелек, тұрасы қалың, бақайы қысқа, шашалы, жал-құйрығы сұйық, қабырғалы, белі қайқылау, бауыры жазық, шақпақ еті мен ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы, тірсегі сіңірлі, екі құлағының аралығы кең, көзі аялы, алды-арты бірдей, сандықтай ғана шаршы жылқы еді. Бабы келіспесе бәйгенің алдында шапшып, үстіне бала мінгізбейтін. Ондайда Нарқызылды Мағауия ақсақал бәйгеге қоспайтын. Нарқызыл шыға шабатын. Алдына қара салмайтын. Ортекедей орғып, сұлу жүгіретін. Өткен ғасырда Аягөзде Ай өзенінің бойында бүкіл Шығыс өңірінің, Қарағанды, Талдықорған облыстарының жүйріктері жиналған ұлы дүбір той болыпты. Сол бәйгеде де Нарқызыл әдеттегідей бес айналымда да мәреден бірінші өтіпті. Сонда тойға келген орыс ағайындар «Бұл атқа бес бәйге беру керек!» деп, шу шығарыпты. Ат бәйгесіне маши-



на тігетін қазіргідей шалқыған заман емес, Нарқызылға жапқан қызыл кілемді Мағауия ақсақал сол жолы тойға келген әйгілі әнші Жүсіпбек Елебековке сыйлапты. Бұл да бір айта жүрер оқиға.

Тарихтан жақсыға да, жүйрікке де жасалған неше түрлі қысастықты, қастықты білеміз. Нарқызыл да сол қызылкөз қызғаныштан қиянат көрген тұлпар. Елдің айтуынша, Абай ауданында өткен бір бәйгеден соң Нарқызыл аяғын шекіп қалады. Ертесінде шоқтығы күптей болып ісіп шыға келеді. Жара көпке дейін жазылмай қояды. Ақыры анау-мынау ем-домға көнбеген соң, мал дәрігерлері жараны тіліп қарайды. Сөйтсе, жауырын сүйегіне шеге қадалып тұр екен...

Мағауия қартайған тұста жарасы жазылған Нарқызылды жаратып, қайта бәйгеге қосқан атбегі – Төлеміс қария. Төлеміс – Абай жолы романында Абайға араша түсетін керей Уәйс Шондыбаев ақын жырлаған «Тәуке-Жікібай» поэмасындағы Жікібай батырдың баласы. Сол жолы Аягөз өзенінің бойында өткен бәйгеде Нарқызылға мен мініп шапқан едім. Ол 1964 жылдың жазы еді. Ал, Нарқызылдың бәйге бермей тұрған кезіндегі шабандозы – Есентай Төлеутаев деген азамат. Бүгінде Аягөз қаласында тұрады, жасы жетпіске таяп қалды. Нарқызыл жөнінде менен гөрі сол кісі жақсы біледі.

Жатқан жері жарық болғыр Мағауия марқұмның талай бәйгенің алдында келген бір жүйрігі – жылқының тұлпары Нарқызылы болса, өмір, өнер бәйгесіне үкілеп қосқан енді бір жүйрігі – әдебиет әлемінің аламан бәйгесінің алдында келе жатқан ақтаңгер тұлпары, маңдайға басқан жалғыз ұлы – Мұхтар Мағауин!..

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
2015 жыл*



---

❧

## АБАЙДЫҢ БАС ШӘКІРТІ немесе САРАНЫҢ ӨЗ МҰРАСЫ ӨЗІНЕ ЖЕТЕДІ

Абайдың бас шәкірті, сөз өнерінің өрен жүйріктерінің бірі – Әріп Тәңірбергенұлы 1856 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданында бұрынғы Аягөз уезінде дүниеге келген. Әріптің шын аты – Мұхаммедғарып. Ауыл молдасынан ерте хат танып, хисса-дастандарды өз бетінше судыратып оқып кеткендігіне қарап айналасы оны Ғарып, келе-келе Әріп атаңдырған.

Әріптің 1969 жылы «Жазушы» баспасынан «Ұмытпаңыздар мені» деген атпен алғаш рет шыққан жинағына жазған алғысөзінде филология ғылымдарының кандидаты Өмірзақ Есназаров: «Әріптің әкесі Әлі Тәңірбергенов шаруа баққан кедей, момын кісі екен де, шешесі Аяжан шешендігімен көзге түскен өткір адам болған» деп жазады. Әріптің өмірі мен шығармашылық жолын бүге-шігесіне дейін зерттеген ғұлама ғалым, Абай мектебінің білгірі Қайым Мұхаметханұлы 1995 жылы шыққан «Абайдың ақын шәкірттері» деген еңбегінде Әріптің ата-бабасын былай таратады: «Руы – Найман. Найман ішінде Сыбан. Сыбанның бес баласының бірі – Жанкөбек. Жанкөбектен – нар дауысты Нарынбай. Нарынбай 17 жасында Ташкенттің бегі болған адам. Нарынбайдан – қу дауысты Құттыбай би, одан – Байғара би. Байғараның бес баласынан екеуін ғана атаймыз: олар – атақты би әрі ақын Ақтайлақ және Ақтайлақпен бірге туысқан Байсал, одан Әлі, Әліден – Тәңірберген. Тәңірбергеннің баласы – Әріп», – деп нақпа-нақ айтады. Сонда Әріптің әкесі Өмірзақ Есназаров жазғандай Әлі емес – Тәңірберген. Ол заманда үлкен әкесінің атына жазылу әзіргідей салтқа ене қоймаған болуы керек. Абай Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Ахмет Байтұрсынов деген сияқты Әріп те әкесінің атына жазылған. Өмірзақ Есназаров осы жағын ескер-



мей, Әріптің әкесі мен атасының орнын ауыстырып алған Өмірзақ Есназаровтың бұл қателігін Қайым Мұхаметханұлы одан әрі «Найман шежіресін» өлеңмен жазған Сүлеймен Бердікеұлының төмендегідей өлеңімен дәлелдей түсіп, күдікке орын қалдырмайды.

*...Байсалұлы Әліден – Тәңірберген,  
Оның ұлы Әріпті Найман білген.  
Тұсында «Әріп ақын» атаныпты,  
Ақындық Байгарадан үзілмеген.*

Ақындық жеті атасынан желі тартқан Әріптің даңқы өз тұсында ел арасына, әсіресе Алтай, Тарбағатай, Арқа, Жетісу өңірлеріне кең жайылған.

Орыс оқуына үрке қараған Жарқынбай болыстың кедей Тәңірбергеннің ұлы Әріпті өз баласының орнына жалдап, Семейдегі миссионерлік мектепке жіберуі болашақ ақынға кең жол ашады. Мұсылманша хат танып, орысша сауатын ашқан Әріп оқу-білімге ерекше құныға түседі. Өз бетінше ізденуден жалықпайды. Мұсылманша, орысша кітаптарды көп оқиды. Өлеңге де осы кезден үйір бола бастайды.

*Ақ сөйле, жеңгелерім, жүйе болса,  
Ғашығың балбыраған шиіе болса:  
...Тай деп ең мың теңгелік жүні шұбар,  
Тайыңыз қойға мінген бие болса.  
Тақпаған жез бұйдасын науша деп ең,  
Наушаңыз жабу киген түйе болса, –*

деп он жеті жасында қайнына барғанда жеңгелеріне табан астында шығарған қалжың өлеңінен-ақ оның ақындық дарынын анық байқауға болады.



Әріп орысша бастауыш мектепті бітіргеннен кейін, біраз жыл ауылда мұғалім болады да, 23 жасында Семейдегі училищеге түседі, оқуын қайта жалғастырады. Семейде оқып жүрген жылдарында орыс, араб, парсы, қытай және түркі халықтарының тілдерін үйренеді. Халық ауыз әдебиетінің қайнарынан мол сусындап, батыс-шығыс әдебиетінің классиктерімен жете танысады. Бір қызығы, Семейдегі осы училищеге Әріппен бірге Абай шәкірттерінің бірі – Көкбай Жанатайұлы да оқиды. Нағашылыжиенді, әрі туыс, әрі дос Әріп пен Көкбай өмір бойы өлеңмен қағысып, өнер жарыстырып өткен ақындар. Әл үстінде жатқан Әріптің көңілін сұрай келген Көкбай:

*Халіңді келіп едім білейін деп,  
Бір ауыз қалжың айтып күлейін деп.  
Кеше гөр, жиен едің, қатем болса,  
Жатырсың ба ақыретке жүрейін деп? –*

дегенде Әріп:

*Халімді сұрай келген Көкбаймысың?  
Өліп қалсам, артымнан жоқтаймысың?  
Кешпесем, Көкбай, сенің айтқаныңды,  
Өлген соң сүйегімді соттаймысың?!  
Кетемін дүниені саған тастап,  
Осымен к... қысып тоқтаймысың?! –*

деген екен.

Қайым Мұхаметханұлының мұрағат мәліметтеріне сүйене отырып анықтауынша, Әріп 1884-1887 жылдары Шәуешек қаласындағы орыс елшілігіне ауысады. Шәуешектен кейін Қапалда, Бішкекте, Алматыда заң орындарында, байланыс мекемесінде қызмет істейді. Қапалда жүргенде ақын Сарамен



көңіл жарастырып, бір-біріне ынтық болады. Әріптің «Қисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны» атты шығармасы да осы кезде дүниеге келгенге ұқсайды.

Жетісу, қырғыз жерлерінде болған жылдарында Жамбыл бастатқан ақындармен араласып, жақын жүреді. Ауызша айтып, жаздырып қалдырған естелігінде Жамбыл: «... Сол отырғандардың ішінде бір қызылшырайлы сары жігіт менің сөзімді ден қоя тыңдап отырған тәрізденді. Әлгі қызылшырайлы сары жігіт Әріп екен. Алматыда қызмет істейді екен өзі. Сөз әлпетіне қарағанда, бұл да бір кесек ақын-ау деген ойға келдім.. Таныса жүрейік деген соң сол топта мініп жүрген жақсы ерімді бердім оған. Бұдан кейін де әлденеше жолығып жүрдік. Өзі көбінесе өлеңін жазып айтатын ақын екен. «Біржан – Сара» айтысының кейбір жерлерін жатқа айтып беріп жүрді. Өзі тұтқиылда сөзге тапқыр жігіт екен...» деп Әріпке жоғары баға берген. Жамбылдай ұлы ақынның бір көрген адамына осыншама ықыласы түсіп, астындағы мініп жүрген «жақсы ерін» сыйлауы тегіннен-тегін емес. Үлкен таланттардың бірін-бірі жазбай танығандығының мысалы.

1890 жылдары Жетісудан қайта оралған ақын өз елінде – Еңірекей, Қандығатай болыстарында тілмәш бола жүріп бала оқытып, шәкірт тәрбиелеу мәселесімен де айналысады. Әріптің ақындықтың биік белесіне шығып, кемелденуі де осы жылдарға тұспа-тұс келеді. Өмірдің талай-талай тар соқпақ, тайғақ кезеңдерін бастан кешірген, ел арасындағы зорлықшыл топтардың қиянатын да көп көрген, надандықпен Абай ұстазынша алысып өткен ақын 1924 жылы 68 жасында Еңірекей бекетіне таяу Жыланды деген жерде қайтыс болған. Сүйегі сондағы өз қыстауы Қарабұлаққа жерленген.

Жан-жақты білімді, көп оқыған кемел ақын Әріп Тәңірбергенұлының артында мол мұра қалғанға ұқсайды. Өкінішке орай, Қасым ақын айтқандай «арбасқан алақұйын заман-

дардың» салдарынан бізге толық жетіп отырған жоқ. Мұны зерттеуші Қайым Мұхаметханұлы да қадап айтады.

Оқырман қауым Әріп өлеңдерімен алғаш рет 1969 жылы «Жазушы» баспасының «Ұмытпаңыздар мені» деген атпен шыққан шағын жинағы арқылы хабардар болса, екінші рет 1995 жылы Қайымның «Абайдың ақын шәкірттері» атты зерттеу еңбегі жарық көргеннен кейін ғана кеңірек танысуға мүмкіндік алды.

Әріптің әдеби мұрасын ертеден ізіне түсіп зерттеген, бүгінге жеткізген марқұм Қайым Мұхаметханұлының тарихи еңбегін әрқашан құрметпен еске алып отырғанымыз жөн.

Аталмыш еңбегінде Қайым аға былай дейді: «Мен Әріптің шығармаларын жинап, зерттеу мәселесімен 1939 жылы шұғылдана бастаған едім. Сол кезде Шұғыбанмен таныстым. Әріп ақынның шығармаларын ең көп білетін адамның бірі де Шұғыбан еді.

Ақынның өлең-жырларын Шұғыбаннан алдым. Ол екі жыл бойы Әріп өлеңдерін үзбей жіберіп тұрды. Сөйтіп, әсіресе Шұғыбаннан және басқа адамнан келіп түскен ақын шығармалары көлемді бір жинақ дәрежесіне жеткен соң баспаға әзірлеп, 1941 жылы июнь айының басында Қазақстан Біріккен мемлекеттік баспасына жібердім».

Алайда ақынның бұл жинағы 1941 жылғы баспа жоспарынан соғыс жағдайына байланысты түсіп қалады. Одан кейінгі жылдары қазақ зиялыларының басына қара бұлт үйірілгені, Қайымның өзі «ұлтшыл» атанып түрмеге кеткені, Әріп мұраларына да тыйым салынғаны жұртқа белгілі.

Әріп қолына қалам алған күннен бастап Абайдан көз жазбаған, Абай дәстүрін бойына жастай сіңірген аса ірі ақындардың бірі. Әрқашан Абайға ұқсауға талпынып, елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, Абай ағасынша «екі жаққа бірдей үңіліп», батыс-шығыс әдебиетінің озық үлгілерінен көп



үйренген. Сондықтан да дүние салғанда оны шәкірттері Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Есенсары Құнанбаев, Шәкір Әбенів, Боранбай Отынбаев, Шұғыбан Қауметовтер күңірене жоқтаған. Сол кездегі 22 жастағы жас ақын Шәкір Әбенів:

*Шөктің бе, бес Байыстың шөңгел нары,  
Қайғыңа ортақ болды жас пен кәрі.  
Ғылымнан он екі пән хабардар боп,  
Кеудеңе түсіп еді күн дидары.*

*...Өнерге қолың создың бала жастан,  
Қорытқан құрыштай боп қара тасан.  
Батыс пенен шығысқа қанат жайып,  
Бүркеген надандықтың бетін ашқан, –*

деп жоқтаса, Сапарғали Әлімбетов:

*Семейден алтын ойлы Абай туып,  
Күрескен көп наданмен белін буып.  
Абайдың үлгісімен барлық ақын,  
Сөзінің тазалаған кірін жуып.*

*Абайдың бас шәкірті – ақын Әріп,  
Атағы кеткен жүйрік жерді жарып.  
Бір ол ма, барлық қазақ ақынына,  
Шынымен Қыдыр болған Абай дарып.*

*Бар ақын содан оқып, түзетті ойды,  
Дананың терең ойы жеңіп бойды.  
Абайсыз қашан қазақ білуші еді,  
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Толстойды! –*

дейді.



Міне, тұсындағы үлкенді-кішілі ақындардың бәрі бірауыздан Әріпті Абайдың бас шәкірті деп таниды. Әріптің өзі де Қуанышбай ақынмен айтысында ұстазы Абай туралы:

*Абайды ұнасады мақтағанға,  
Болат қой екі жүзді сақтағанға.  
Алтыңға дым тигенмен қараймайды,  
Жұдырық хан артынан боқтағанға, –*

деп аса жоғары бағалайды. «Қисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысындағы» өзінің Сараның аузынан Абай атына албырттықпен айтқызған бірер ауыз сөзін бетіне басқанына орай «Алтыңға дым тигенмен қараймайды» деп Абайдың ұлы аруағына тағзым етіп, іштей кешірім өтінгендей болады.

Әріптің Абай рухын бойына сіңіргендігі соншалық, оның кез-келген өлеңінен Абай үлгісінің лебі есіп тұрады. Сөз арасын бөтен сөзбен былағмай, Абайша өрнек салуға, Абайша ой толғауға жасынан машықтанғандығы оның әр шығармасынан тайға таңба басқандай байқалады. Тіпті тырнақалды туындыларының өзі тікелей Абай әсерімен жазылғандығын көреміз. Абай шығыс ақындарына еліктеп, «Әліфби» деп өлең жазса, Әріп те түп-тура сол үлгіде «Әліфби» деген өлең жазған.

Мың құбылған заман мінезін көріп, ел тағдырына, ұрпақ келешегіне алаңдап, ойға түсіп толғанған өлеңдері көбіне Абаймен сарындас, үндес келіп жатады.

***Абай:***

*Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,  
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.  
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ,  
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.*



**Әріп:**

Сорлы елім, көріп жүрсің еңбекті жау,  
Ел кезіп, өсек айтып, ізденіп дау.  
Істейтін бар кәсібің ұрлық-зорлық,  
Кісі жоқ алдын ойлар бір дені сау.

**Абай:**

Байлар жүр жиган малын қорғалатып,  
Өз жүзін, онын беріп алар сатып.  
Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,  
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?

**Әріп:**

Байлар жүр мансап іздеп құр далақтап,  
Көрінбей малы көзге жүр жалақтап.  
Би мен болыс көрінсе қошемет қып,  
Қойын сойып, ет тартар қос табақтап.

**Абай:**

Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

**Әріп:**

Дарига-ай, қайрат кетті, жасым жетті,  
Өнерлі қызық күнім өтіп кетті.  
Жас қартайып, жаңаның тозбағы хақ,  
Осылай амал бар ма тағдыр етті.

Әріп өлеңдері шыншылдығымен, сыншылдығымен өміршең. Дулат пен Абай жұрт үстінен күн көрген, ел арасын ала-





тайдай бүлдіргіш надан байларды сөз семсерімен қалай сойып салса, Әріп те сол дәстүрден айнымайды.

*Болса да сыртың – қажы, ішің – арам,  
Дұрыс деп тіпті айтпайды білген адам.  
Пара десе, асайсың балдай көріп,  
Жалғыз-ақ ұнамайтын соның жаман! –*

дейді «Серікбай қажыға деген» өлеңінде. Мұндай өмірдің өзінен туған өткір өлеңдер Әріп ақынның қолда бар мұрасының ішінен мол кездеседі.

Әріп ақындығының енді бір қыры – оның шаппа-шап айтыскерлігі. Әріптің айтыс өлеңдері көбінесе шиеленіскен тартысқа құрылады. Қысқа қақтығыстардың астарында ел басынан өткен оқиғаларды меңзейтін тұжырымдар жатады. Бұл, әсіресе Көкбай екеуінің айтыстарынан анық көрінеді. Сондай-ақ, Әріп, Сәдір, Байсеке, Әсет, Боранбай ақындармен айтысқан. Абай ағасымен де ара кідік сөз қағыстыратын жері бар. Сонымен қатар, Әріп шығыс ақындарының сарынымен көптеген қисса-дастандар да жазған ақын. Солардың бізге белгілісі – «Қисса Зияда-Шаһмұрат» (1884), «Қисса Қожа Ғафан» (1876), «Қисса Таһир» (1878), «Нұрғазырұн» (1890) дастандары. Бұлардың «Нұрғазырұн» қиссасынан басқасының бәрі өз заманында Қазан баспасынан әлденше мәрте жарық көрген.

Ең өкініштісі – артына осынша мол мұра қалдырған ғұлама ақынның шығармалары осы күнге дейін толық жинақталмай, ал қолда бар дүниелердің өзі басы қосылмай жарық көре алмай жатқандығы. Басқаны былай қойғанда, «Біржан – Сара» айтысының ауызекі айтыс емес, айтыс түрінде жазылған поэма екендігі әлдеқашан дәлелденгендігіне қарамастан, ақынның өзінің төл жинағына қосылмай келеді. Рас, Біржан мен Сара айтысы болды ма, жоқ па деген мәселе төңірегіндегі дау-



дамай әлі аяқталған жоқ. Біржан мен Сара кездесті дейік, сонда олар Ешкіөлместің маңайында қай жылы кездесті? Жұрттың басын қатырып келе жатқан осы сұрақ. Кездескен күннің өзінде жазылып жүргендей 1871 жылы емес екендігін Қайым Мұхаметханұлы бұлжытпай дәлелдеп отыр. Мүмкін Біржан мен Сара 1871 жылдан берірек уақытта кездесіп, айтысқан болар. Бірақ қолымыздағы айтыс ол айтыс емес. Қазір «Біржан мен Сара айтысы» деп, малданып жүрген шығармамыз жазба әдебиеттің туындысы екені айдан анық. Сөзіміз күмәнді болмас үшін ғұлама ғалым, М. Әуезовтің сенімді шәкірті Қайым Мұхаметханұлының дәлелдерін тағы да естеріңізге қайталап салайық.

Қ. Мұхаметханұлы алдымен Біржанның туған жылына байланысты С. Мұқанов, А. Жұбанов, Есмағамбет Исмайлов еңбектеріндегі және «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ совет энциклопедиясындағы» мағлұматтарды егжей-тегжейлі салыстыра келіп, Біржанның баласы Теміртастың өз аузынан айтқан сөзіне табан тірейді: «...Е. Байболов деген жолдас «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылғы 2 (106) санында жарияланған «Біржан – ел аузында» деген мақаласында: «... 1928 жылдың жаз айы еді. Қасымда әнші Өтебайұлы Хамит бар – екеуіміз Біржанның баласы Теміртасты іздеп, Аққөл деген жерде – жайлауда отырған Қожағұлдың аулына келдік... Әдейлеп келген мақсатымыз әншінің өмірі жайында мәлімет жинап, Біржан ұрпақтарының әңгімесін дәл осы айтылған күйінде хатқа түсіріп алу еді. Теміртастың сөзін айнытпай қойын дәптеріме жазып алдым», – дейді. Одан әрі Теміртастың өз сөзін келтіреді... Теміртас әкесінің туған, өлген уақыты туралы былай депті:

«Біржан өлгенде, шешеміздің қолында үш бала қалдық. Қыздары – Асыл, Ақық, ұлы – мен. Біржан алпыс үштен алпыс төртке қараған жасында дүние салды. Ол қайтқанда мен



тоғыз жасар бала едім... Ал өзім биыл отыз тоғыз жастамын». Осы Байболовтың мағлұматы сенімді дейтін болсақ, Теміртас 1928 жылы 39 жаста екен. Олай болса, Теміртас 1889 жылы туған, ол туғанда әкесі елу бесте, яғни Біржан 1834 жылы туған. 63 жасында дүниеден қайтса, 1897 жылы өлген болады. («Абайдың ақын шәкірттері». Үшінші кітап, 45-бет).

Біржанның туған-өлген жылы ашылды дейік. Енді Сара туралы пікіріне жүгінейік: «Біржан, Сара және «Біржан – Сара айтысы» туралы Қазақ Совет энциклопедиясында... Энциклопедияның екінші томындағы (553-554-беттер) «Біржан Қожағұлұлы» деген мақалада Біржан 1834 жылы туған, 1897 жылы өлген деп көрсетілген. «Біржан – Сара айтысы» деген мақалада (555-бет) Біржан мен Сараның 1875 жылы қазіргі Талдықорған облысының Қапал Ақсу өңірінде кездескені айтылады. Түрлі деректерге қарағанда айтыстың сөзін Сараның айтуымен Жүсіпбек қожа Шайхысламұлы жазып алып, 1872 жылы баспаға дайындайды. Ол 1898 жылы тұңғыш рет Қазанда басылып шықты» деген.

Энциклопедияның 10-томында (28-29 бет) Сара Тастанбекқызына арналған мақалада Сара 1878 жылы туып, 1916 жылы 38 жасында қайтыс болған деп жазылған. Сонда 1878 жылы туған Сара Біржанмен 1871 жылы айтысты дегеніміз қалай болады?

Сараның нақтылы туған және өлген жылдары осы күнге дейін анықталған жоқ. 1878 жылы туған делініп, 1978 жылы Сараның туғанына 100 жыл толуына арналған мереке өткізілді. Ол туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде де жарияланды (1978, 2 тамыз).

1989 жылы шыққан «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясының» 4-том, 515-бетіндегі «Сара Тастанбекқызы» деген мақалада Сара 1853 жылы туған, 1907 жылы өлген деп көрсетілген.



1978 жылы Сараның туғанына 100 жыл толуына арналған мереке өткізілген болса, енді 14 жылдан кейін 1992 жылы Сараның туғанына 125 жыл толуына арналған тағы бір үлкен мереке өткізілді. Бұған қарағанда, Сара 1878 жылы да емес, 1853 жылы да емес, 1867 жылы туған болып шығады.

Енді «Біржан – Сара айтысын» Әріп жазбаған деген мәселеге келейік. 1939 жылы «Әдебиет майданы» журналының 1-санында жарияланған «Айтыс және ақын» атты мақаласында Сәбит Мұқанов: «Біржан мен Сара айтысы» деген өлеңді Найман Әріп шығарыпты деген сөз бар. Сараға Біржан 37 жасында жолыққан, бұл 1862 жылы Сараны Біржанның іздеп барып жолығуы. Айтысуы – болған оқиға, оған сол кезде Біржанның атқосшысы болып барған, айтысты көзімен көрген Біржанның ағасы Нұржанның баласының сөзі куә. Ол бала – қазір қартайған шал», – дейді.

«Сара 1862 жылдан 16 жыл кейін, яғни 1878 жылы туған болса Біржанмен 1862 жылы айтысқан деуіміз қалай болады?» – деп сауал тастайды Қайым Мұхаметханұлы (сонда, 42-43 беттер). Егер Сара мен Біржанның кездесуі рас дейтін болсақ және айтыстағы сол кезде Біржан отыз жетіде, Сара он жетіде дегенге сенсек, Сара 1853 жылы туған деген дерек жобаға келеді. Ал, өлген жылы 1907 жыл болса, сонда Сара 38 жаста емес, 44 жаста өлген болып шығады. Бірақ Сәбит Мұқановтың 1862 жылы Сара мен Біржан жолыққан деген дерегі мүлде қисынға келмейді. Тіпті, Сара 1853 жылы туғанның өзінде, 1862 жылы тоғыз-ақ жастағы қыз емес пе?..

Сараны 1853 жылы туған дейік. Онда ол 1856 жылы туған Әріптен үш жас үлкен болып шықпай ма? Әріп Қапалға Шәуешектен ауысып 1887 жылдары келеді. Сарамен танысқанда ол отыздан жаңа асқан жігіт ағасы. Сара Әріпке жазған өлеңінде:



Толганып терең ойға баттым, агай,  
Бір таңға көз іле алмай жаттым, агай.  
Жайдары жүрегіме от боп тиді  
Әр сөзі сіздің жазған хаттың, агай.  
Сөзім жоқ жалғыз ауыз қарсы қояр,  
Әр сөзің ем секілді дертті жояр.  
Қорғаған бұтағыңмен бәйтерек ең,  
Қай жағынан болса да көңілім тояр.  
Етегін жел жаққа ұстап болған пана,  
Ақ жүрек адал ниет, асыл сөзді,  
Тең тұтқан ғылым, білім артық баға.

Бұл өлеңге қарасақ, Сараны 1853 жылы туды дегеніміз жоққа шығады. Қалай болғанда да Сара Әріптен кіші екені даусыз. Олай болса, Сара мен Біржанның 1871 жылы кездесіп айтысқаны тағы да сендірмейді. Себебі, Сарадан үлкен Әріптің өзі 1871 жылы 15 жаста. Одан Сара кем дегенде 1-2 жас кіші дегеннің өзінде 13-14-те ғана. Сайып келгенде, қалай қисынға келтіргіміз келсе де, Біржан мен Сара 1871 жылы жолықты дегенге негіз жоқ. Дей тұрғанмен, Біржанның Жетісу жеріне қалайда бір ат ізін салғаны анық сияқты. Сонда Біржан қай жылы келді? Біздің топшылауымызша, Біржан Ешкіөлмес бауырына 1884 жылдың жаз айларында келген болуы керек. Өйткені, «Абай жолы» романындағы Біржанның Абай ауылына келуі осыған тұспа-тұс келеді. Романдағы Біржанның Абай ауылына келуі ойдан шығарылмаған, болған оқиға. Бұл жөнінде семейлік қарт шежіреші, Абай жеріндегі тарихи оқиғалардың білгірі, «Ұлылар мекені» атты кітаптың авторы, Бөрлідегі М. Әуезов мұражайының меңгерушісі Бекен Исабаев ақсақал былай дейді: «Мен 1959 жылы Құнанбайдың үлкен Ақшоқысындағы бұрынғы Ысқақтың ескі қорасында Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың өз аузынан естідім. Өзге өтірік айтса да Әрхам



өтірік айтпайтын кісі. Әрхамның сөзін шындық деп білуіміз керек. Біржан жайлы әңгімені Әрхам Әйгерімнен естіпті. Қар кетіп жатқан мезгілі көрінеді. Біржан келе жатыр дегенді естіп Абай «Сасық қамал қорада қалай қарсы аламын?» деп, қыстауға таяу Тізесу деген жерге үй тіккізеді. Біржанды сонда күтіп алады. «Мен сонда бір балама босанып, қыстауда отыр едім. Несін айтайын, Біржанның Тізесудан салған әні тап қасымнан естілгендей болды. Біржан сол жылы Тізесуда бір ай жатып, жайлауға бізбен бірге шықты» деген екен». Абай Әйгерімге 1874 жылы үйленген. 1875 жылы Тұрағұл туған. Егер Біржан Тұрағұл туған жылы келсе, Әйгерім «бір балама» демей, Тұрағұл немесе тұңғыш балам туған жылы десе керек еді. Соған қарағанда Біржан Әйгерім екінші баласы Мекаилге босанып отырғанда келгенге ұқсайды. Семейдің Абай мұражайындағы дерек бойынша Мекаил 1884 жылы туған. Олай болса, Шыңғыстауға Біржан 1884 жылы 50 жасында келген болып шығады. Абай бұл кезде 39 жаста. Нағыз болып-толып тұрған шағы. Айтыстағы «Сол кезде он жетідегі Сара» дегенге сенсек, Сараның 1867 жылы туғаны анықталады. Сонда 1992 жылы Сараның туғанына 125 жыл толғандығын дұрыс атап өткен деп ойлаймыз.

Біржан Абай ауылымен бірге жайлауға шығып ел араласа, Шыңғыстың күнгейінде жатқан өз туыстары Керей еліне, іргелес жатқан қалың Найманға бармауы мүмкін емес. Ар жағында Шұбар ағаш, Ой жайлау, Қапал тиіп тұр. Міне Біржанның Ешкіөлмеске баруы да осы сапар болуы мүмкін.

Ал, ол кезде Абайды ұстаз тұтып елде жүрген 28 жастағы Әріптің Біржанға сәлем беріп бармауы мүмкін емес. Ел ішінде Біржанды Жетісуға Әріп бастап барған деген сөз де бар. Елудегі Біржан мен он жетідегі Сара айтысты ма, жоқ па, ол жағы беймәлім. Мүмкін, айтысқан да шығар. Бірақ бүгінгі «Біржан – Сара айтысы» деп жүрген шығарма ол айтыс емес екендігі басы

ашық. Жұрттың бәрін осы күнге дейін жаңылыстырып жүрген нәрсе – айтыстағы «Біржан сол кезде отыз жетіде екен» деген сөз. Біржанның жасын Әріп Сараны шалмен айтыстырғысы келмей, әдейі кішірейтіп алған. Алайда, Біржанның кәрі екендігін:

*Тез келіп амандассын Біржан салға,  
Көрінсін айбаттанып арғын шалға! –*

деп Сараның аузымен Жиенқұлды шақыртқан тұста қалай байқатып қойғанын Әріптің өзі де аңғармай қалған. Соңғы жылдары Шәуешек қаласында тұратын зерттеуші Асқар Игенұлының «Шыңжаң қоғамдық ғылымы» журналының 2003 жылғы 1-санында шыққан «Біржан – Сара айтысы және Әріп ақын» деген мақаласында Әріптің жаңадан табылған өлеңінен бір шумақ мысалға келтіреді.

*Жасымнан мен қиссаны көп шығардым,  
Білмеген гибрат алсын деп шығардым.  
Бір сөзім қанша күнә, кім біледі,  
«Біржан мен Сара айтысты» деп шығардым.*

Өлеңнен Әріптің қолтаңбасы, сөз саптауы анық танылып тұр. Нұрлыбек Баймұратовтың естелігіндегі: «...Отырған жұртқа оның өлеңінің сонша ұнағаны менің есімнен әлі кеткен жоқ. Өлең айтылып болған соң Әбікей (Ә. Сәтбаев) Әріпке қарап: – «Біржан – Сараны» сіз шығардыңыз ба? – деп сұрады. Әріп біраз үндемей отырды да:

– Иә, бұл айтысты бірер себептермен мен жазып едім. Бұл сөзде қанша кінә бар екенін өзім де білмеймін, әйтеуір Біржан–Сараның айтысы деп жаздым, – деді ақын Әріп» деген сөзбен өлең бір жерден шығып тұр емес пе? (Қ. Мұхаметханұлы, «Абайдың ақын шәкірттері», 147-бет).



Әріптің «Біржан мен Сара айтысы» деп шығардым дегеніне қарағанда, айтыс мүлде болмаған, Біржанның Жетісуға баруы ғана Әріпке осы шығарманы жазуға ой салған деген берік тұжырым жасауға да болады.

Бұл ойымызды зергер жазушы Тахауи Ахтановтың: «...Соңғы кездерде осы айтыс туралы әрқилы пікірлер айтып, әртүрлі деректер келтіріп жүр. Бірақ, солардың көбі осы «айтыстың» поэтикалық жүйесін, стиль бірлігін тексермей, көбіне кәріқұлақ, ескілердің сөзіне сүйенеді. Ал, біздіңше мықты деректі «айтыстың» өзінен, оның өлең табиғатынан іздеген жөн» деген пікірі одан сайын орнықтыра түседі. (Тахауи Ахтанов, «Керуен», Алматы, «Жазушы», 1969 жыл).

Шынында да, үңіліп қараған адамға бұл екі ақынның айтысы емес, айтысты сыртынан суреттеп жазған үшінші адамның туындысы екендігі және осындағы өлең құрылысы Әріптің басқа өлеңдерімен бірдей келетіндігі, Әріптің авторлығын тағы да дәлелдей түседі. Көкбаймен айтысында: «... Осымен к... қысып тоқтаймысың?» дейді. Осы жол Әріптің өлеңінде де, айтыста да жиі қолданылады. Айтыстың бір жерінде Сараның аузынан Біржанға: «Көтіңнің ашыларын білмейсің бе?» деген дөрекі сөз айтылады. Егер Сара шын айтысқан болса, осы сөз қаймағы бұзылмаған қазақы ортада өскен 17 жасар Сарадай әдепті де ақылды қыздың аузынан шығатын сөз бе? Бұл ру арасындағы тартыстың ызасына булыққан жігіт ағасы Әріпке ғана тән сөз. Біз бұл шағын мақаламызда «Біржан – Сара айтысының» басқа нұсқалары, ол туралы зерттеу еңбектер жазған ғалымдардың еңбектеріне тоқталғымыз жоқ. Себебі, ол кезде Әріпке еліктеп «Біржан – Сара» айтысын әр жерде өзінше жырлаған ақындар болған.

Қысқасы, біз жаңалық ашып отырғанымыз жоқ. Қиссаның авторы Әріп екендігін М.Әуезов, Абайдың немере інісі Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов, Ілияс Жансүгіров, Нұрлыбек





Баймұратов, Ғали Орманов, Тахауи Ахтанов, Сәду Машақов және Әріптің шәкірттері Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Шәкір Әбенев, Шұғыбан Қауметовтердің куә сөздерін, тиянақты тұжырымдарын көлденең тарта отырып, бұлтартпастай дәлелдеп кеткен кемел ғалым Қ. Мұхаметханұлы. Сондай-ақ, осы айтыс төңірегінде осыдан біраз жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов те келелі пікір білдіріп, айтыстың жазба ақынның туындысы екенін нақты мысалдармен шегелей түсіп, өз иесіне қайтару керектігін баса айтқан еді. Осындай көптеген дәлелді пікірлерден кейін 2006 жылы Аягөзде өткен Республикалық ғылыми конференцияда көптеген ғалымдар сөйлеп, Әріптің талай талас-тартысқа өзек болған, айтыс түрінде жазылған бұл әйгілі поэмасы туғанына 150 жыл толуына орай шыққан шығармаларының толық жинағына кіргізіліп, ақынның өз дүниесі өзіне қайтарылған болатын. Соған қарамастан, соңғы кезде Сараның жыртысын жыртқансып, даудың сөніп қалған шоғын қайта үрлеушілер шыға бастады. Бір қызығы – олар шығарманың тарихи тамырына үңілмей, зерттемей, сыртынан тон пішіп, ой-жота сөйлейді.

Біздіңше, олар жүз жерден бұра тартқанымен айтыстың мүлде болмағаны, болған күнде де ол айтыс Әріптің нұсқасы емес екені айдан анық. Айтыс жөнінде алдыңғы пікір білдірушілер айтқандай, ер-азамат ру намысына шабатын заманда, руы керей Біржанның арғын атынан айтысқа түсетін тіпті жөні жоқ. Қалың керейдің сүйегіне таңба түсіретін ондай әбестікке Біржан бармас болар. Бұл айтыс түріндегі поэманы жазу барысында Әріптің тапқан әдеби әдісі деуге толық негіз бар. Әріп Біржанның керей екенін білмей, болмаса тобықты мен сыбан арасындағы тартысты жырлау үшін Біржанды әдейі арғын атынан айтыстырған болуы керек.

Айтыс болмады деуімізге тағы бір дәлел: Біржанның осы «Біржан – Сара» айтысы деп жүрген айтыстан басқа бұрын-



соңды айтысқа түсті деген деректің еш жерде жоқтығы. Ал, бұрын айтысқа түсіп көрмеген адамның мұндай көркемдік деңгейі жоғары айтыс жасауы неғайбыл.

Ендігі жерде басы ашық ақиқатты қайта-қайта тартысқа салып, Әріп ақынға қиянат жасай беру елдігімізге жараспайды. Бұдан қазақ жырының тарихында өзінің биік орны бар ақын Сараның даңқына дақ түсе қоймас деп ойлаймыз. Сараның өз мұрасы өзіне жетеді.

*«Жас Алаш» газеті,  
2015 жыл*



## ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ ТУРАЛЫ ТОЛЫМДЫ ЕҢБЕК

Қазақ хандары туралы еңбектерді қолымызға алған сайын ақиық ақын Гафудың «Басқаның патшасының бәрі жақсы, неліктен біздің хандар жаман болған?» деген өлең жолдары ойға оралады. Өйткені Кенесарыны жарқыратып жазған отаншыл азамат, білікті тарихшы Е. Бекмаханов 25 жылға сотталғаннан кейін осы тақырыптың өрісі тарайып қалғаны тағы да бар. Тәуелсіздіктің шарапатымен біраз қазыналар жарыққа шығып, шетелден «Мәдени мұра» арқылы архив деректері оралды, кейбір тұлғалар, көрнекті мемлекет қайраткерлері туралы еңбектер де жариялана бастады. Әйткенмен қазақ хандары туралы сүбелі еңбектер, ғылыми, төрт құбыласы түгел монографиялар жарыққа шықпай келеді. Мұндайда қазақ хандығы дәуірінің әдеби мұрасын түгендеп, сол дәуір туралы мәліметтерді сұрыптап алғашқылардың бірі боп «Қазақ тарихының әліппесі» деген тұғырлы жылнамалық баян жазған М. Мағауин, «Кенесары хан», «Жәңгір хан», «Айшуақ», «Жантөре», т.б іргелі еңбектер жазған профессор Жанұзақ Қасымбаев, кейінгі уақытта шетелдегі қорлардан мәліметтерді жүйелі жинақтап, Қазақ ордасының дипломатиялық құжаттарын, хандарымыздың хаттарын араб-парсы, манж-цинь, моңғол тілінен аударып жариялап жүрген Меруерт Әбусейітова, Бақыт Еженхан, Нәпіл Базылхан, Ғалия Қамбарбекова секілді деректанушы ғалымдардың тірнектеп жинаған сүбелі еңбектері еске түседі. Биыл, міне, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өткелі ел елеңдеп отыр. Осы тойға рухани жеміс сыйлайтын, қазақ елінің тарихының тамырына ыстық қан жүгіртетін көлемді де нәрлі дүниелер енді жарық көретін шығар деген үміттеміз.

Жуықта «Әбілпейіз» деген жаңа туындымен танысудың реті келді. Еңбек Семейдегі Шәкәрім атындағы мемлекеттік





университеті тарапынан дайындалыпты. Авторлары – жергілікті тарихшылар Мұхтарбек Кәрімов, Мұхаметбек Асылбеков. Осы еңбектің зерттелуіне, жарыққа шығуына мұрындық болып, алғы сөзін жазған – Айбек Кәрімов.

Бұл шығарма Абылайхан, Қабанбай заманында шығыс қазақтарын басқарған белгілі сұлтан жөнінде зерттеу, сол себептен де атын «Әбілпейіз сұлтан» деп бірден айшықтап қойғаны дұрыс болар еді деп еңбекті парақтай бастадық. Жалпы, қазақ хандары туралы еңбектер сирек болғандықтан жекелеген сұлтан туралы қандай дәрежеде жұмыс жасалды екен деген көкейде беймаза ой болды. Алайда кітапты бастан аяқ оқып шыққаннан кейін түрлі сауалдарға, қазақ хандығы дәуірі туралы белгісіз жайттар мен қазақ-жоңғар, қазақ-орыс, қазақ-қытай, қазақ-қырғыз қатынастарының беймәлім тұстарына, Әбілмәмбет, Абылай, Қабанбай бастаған ел жақсыларының қазақ елінің бір бұтағын үш ғасырдан кейін байырғы атажұрты Тарбағатай, Алтайға қайта қоныстандыру тарихы, жоңғарлармен болған соғыстың шытырман оқиғасы, қазақ хандары арасында болған бір-біріне сыйластық әдебі, еліміздің саяси билігінде болған төрелер мен төлеңгіттер институты туралы тың мәліметтерге қанықтық.

Бұл зерттеуде Әбілпейіз сұлтанның (1732-1783) қайраткерлік өмірі арқау болғанымен сол замандағы Әбілмәмбет хан, Абылай, Әбілқайыр, Барақ сұлтан, Қабанбай, Боранбай би, Ер Жәнібек, Сырымбет би, Төле би, Ералы, Нұралы сұлтандар секілді сол кезеңдегі бірсыпыра тұлғалардың өмірдеректері мен қайраткерлік қызметтері де қамтылған. Әбілпейіз сұлтанның туған кезінен бастап оның ұрпақтарының шежіресі, ел билеу түзімі, айталық Қытайдағы қазақтарға балаларының төре болуы, одан кейіннен ел басына зобалаң туып орыс бодандығына өткен 1820 жылғы зауалды дүрбелең, 1868 жылғы «Жаңа нисам» заңының кесапаты, сол кезеңдерде орыс отыршылдығына



қарсы шыққан, 2000 мың қол жабдықтап шығыс қазақтарының наразы тобын артынан ерткен, ақыры сібірге айдалған Әбілпейіз сұлтанның тағы бір баласы Сыбанқұл Ханқожиннің күрделі тағдыры, тіпті сұлтанның бүгінгі ұрпақтарының хал-жағдайына дейінгі ұзақ уақыттағы елеулі оқиғалар жүйелі де хронологиялық тәртіппен мұқият сұрыпталып баяндалады.

Зерттеуде бұрын белгісіз болып келген архив деректері, тың пайымдаулар сарапқа салынады. Бұрыннан белгілі делініп жүрген кейбір тарихи оқиғаларға басқаша баға беріліп, шынайы да байсалды тұжырымдар жасалған. Мұнда Қытай, Ресей, Жоңғария деректері, архив материалдары жүйелі ұсынылып, осы қасаң мәліметтер ел аузындағы шежіре, тарихи жырлармен, фольклорлық қазыналармен қамтамасыз етіліп, қатар өрілуі еңбектің танымдық құндылығын, кеңістік аймағын арттыра түскен.

Кітаптың «Қазақ даласындағы төрелер институты» деген тармағы ауқымды, маңызы зор. Құнанбай қажының Меккедегі хазіреттерге «Тіріміздің билігі Арқар ұранды төреде, өліміздің билігі Алла ұранды қожада, қазақ деген елміз» деген сөзі ұлтымыздың кім екенін, бет-бейнесін, ең бастысы мемлекеттік түзімін айқындап тұрған жоқ па?! Құнанбай айтқан осы анықтамалыққа ғылыми жауап берілмегені былай тұрсын төрелерді қуғын-сүргінге ұшыратып, ұрпағын абақтыда атып, төре деп айтуға тыйым салған күндеріміз де болған. Қазақ хандығының тағаны арысы Шыңғысұлы Жошыханға, берісі Керей мен Жәнібек хандарға тірелетіні белгілі. Алайда осынау төре институтының ел билеудегі орыны, олардың отаны алдындағы жауапкершілігі, басын бәйгегеге тіккен жанқияр күрестері туралы мәліметтер қазақ мемлекеттік дәстүрінің ерекшелігінен хабар береді. Айталық, осы қаршадай бала Әбілпейіз сұлтанды жоңғар мен қазақ қидаласып жатқан тұста Боранбай би бастаған депутация Әбілмәмбет ханнан сұрап



алуы ел билеушілердің көрегендігін айғақтайды. Ол туралы еңбекте былай дейді:

«Төресіз ел, төбесіз бел болмайды» деген қағиданы басшылыққа алған Боранбай би, Сырымбет би, Толыбай би, Қыстау және Ботақара батырлар сонау Түркістандағы Әбілмәмбет ханның бір баласын найман еліне төрелікке сұрап барады. Хан оларды жақсы қарсы алып, елдің хал-жағдайын сұрап, үлкен қонақжайлық көрсетеді. Олар бірнеше күн Түркістанда Әбілмәмбет ханның қонағы болады. Бұйымтайларын елге қайтарларында, хан өзі сұрағанда ғана айтыпты.

– Япыр-ай, баламның бәрін басқа елдер қалап, таратып әкеліп еді, – депті хан. Сол жерде Боранбай би:

– Алланың маған берген аяны рас болса, біздің төре ханымның құрсағында болуы керек, тақсыр, – депті.

Хан ханымды шақыртып алып сұрағанда, ол құрсағында үш айлық бала барын жасырмапты. Содан ұл боп туса беруге ханның уәдесін алып қайтады. Айтқанындай, ұл бала дүниеге келеді. ...Би Боранбайлар Әбілпейізді Түркістаннан алып қайтқанда, ол 12-13 жасар бала көрінеді».

Осылайша, тағдыры ана құрсағында ел басқаруға жазылған бала сұлтан Әбілпейіз шығыс жеріне аяқ басады. Осы уақытта Абылайдың Қалдан Серен ордасына қолға түсуіне байланысты «Ақ үйлі аманатқа» енді Әбілпейіз сұлтан ұйғарылып, Абылайды босатып алу үшін қазақ дипломатия өкілдерімен бірге аса жауапты сапарға аттанады. Ол туралы еңбекте: «Әбілпейіздің қаракерейден тарайтын байыс ұрпақтарының ішіне келуі 1743-1744 жылдар деп шамалауға болады. Осы келерінің алдында Жоңғар мемлекетінің билеушісі Қалдан Серен қонтайшы қазақтың ел билеушілерінен, оның ішінде ұлы хан Әбілмәмбеттен аманат беруін сұраған. Жалпы, Орталық Азия елдерінде қауіпсіздік кепілі ретінде ел билеушілердің бірінің баласын немесе етжақын туысын бір-бірінен аманат

түрінде алу ертеден бар дәстүр. «Ақ үйлі аманат» мәселесі Абылай хан тұтқынға түскен осы кезде көтеріліп, Әбілпейіз ханзада алғаш рет тарих сахнасына бала кезінен-ақ шығыпты». Осы көріністерден-ақ төрелер институты, олардың қазақ мемлекеті саяси құрылымында атқарған қызметі, ел билеу салтында қандай міндет пен нендей жауапкершілік жүктегенінен оқырман қауым тыңғылықты хабардар бола алады деп ойлаймыз.

Советтік кезеңде жарық көрген еңбектерде Әбілмәмбет Түркістанда қартайса да билікке жармасып отырған қария кейпінде көрінетін, сонымен бірге жау өтінде атойлап жүрген Абылайдың көптеген құжаттарға басқан мөрінде «Абылай сұлтан» деген сөз бар екенін көргенде «Абылай хан болмаған ба, бұл қалай?» деген сұрақ та туындайтын. Ал қызыл коммунизм идеологтары қазақ елінде хандық билік бытыраңқы болды, хандар бір-бірін мүйіздеп жүрді дегендей мемлекеттік дәстүрімізді қасақана жұтаң көрсетіп дәріптейтін. Зерттеуде бұрындары белгісіз болып келген осындай күрделі «ақтаңдақ» мәселелерге сәуле түсірілгендіктен, көшпелі хандық қоғамның еуропалық ұғым стандартына сай келе бермейтін өзіне тән ерекше құрылымы мен саяси жүйесі, рухани-моральдық әдеби мен әдеті, далалық ар-намыс ұжданы берік болғандығын көре аламыз. Мысалы, еңбектің 49-бетінде мынадай мәліметтер жазылған: «Қазақтың ұлы ханы Әбілмәмбет Абылайды тұтқыннан босату және бейбітшілікті сақтау үшін өзінің баласы Әбілпейізді Қалдан Серенге кепілдікке берген. Біз осыдан-ақ Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан арасындағы өзара сыйластық пен үлкен адамгершілікті, мемлекет мүддесін ойлаған қайраткерлікті байқаймыз. Осы сыйластық қарым-қатынасты олар өмір бойы сақтап өтті.

Патша үкіметі осы екі тұлғаны арандату мақсатында Абылайды Орта жүздің ханы болып сайлануға қаншама итермеле-



се де оның бұған келісім бермеуі, Абылайдың Әбілмәмбетке деген ризашылығын және ел бірлігін ойлаған кемеңгерлігін көрсетеді. Әбілмәмбет пен Абылай арасындағы осы сыйластықтың кейіннен Абылай мен Әбілпейіз арасында да жалғасқанын көреміз... Омбы губернаторы Рейнсдорп Абылайдың шарықтап бара жатқан беделін түсіру үшін де осы әдісті қолданып көрмекші болған. Әбілпейізге ұлы хан Әбілмәмбет өлгеннен кейін «сен әкеңнің нағыз мұрагерісің, әрі беделің де ешкімнен кем емес, бізден қолдау болады ғой» дегенді барған адамдары арқылы ақырындап сездіртіп, оның пиғылын білуге тырысқан... Абылаймен таласатын ешқандай ойы жоқ екендігін білгеннен кейін Әбілпейізге қайтып ондайды айтпаған».

Қазақ елінің билеушілері ежелгі атажұрт Тарбағатай, Алтай тауларына қарай жауды өкшелей қуып, қоныс пен өрісті кеңітіп, елді қайтадан байрғы мекеніне орналастырғаны стратегиялық үлкен маңызды қызмет еді. Аңыз шежірелерде, тарихи эпостарда болмаса осы жайт ауқымды ғылыми дәлелді дәйектермен түйінделе қоймағаны тағы бар. Бұл еңбекте шығысқа қарай жауды жапырып тасқын судай лықсып қоныстанған қазақ елінің көші-қон бағыты, оны бастаушы тұлғалар, көштің қай өңірге, қай жылдары барғаны туралы нақтылы мәліметтер келтірілгені құнды болған. Өз отанын жаудан азат етіп тазалай отырып, шығысқа қарай елдің түбегейлі қоныстану себебін кейбір тарихи еңбектерде шалағай түсіндіріп, әсіресе Қытай, Моңғолия қазақтарына қатысты бірен-саран еңбектерде малға өріс іздеген қазақ қауымының бытыраңқы қозғалысы секілді, кейбір ағайындардың араздығынан туған іс секілді аңыз-әңгімеге сүйеніп жазып келгені де рас. Бұл зерттеуде осы түйткілді мәселеге тың деректер арқылы нақтылы талдау жасалған. Шығыстағы атажұртты жаудан тазартып, елдің шұғыл қоныстануына Түркістандағы



Әбілмәмбет ханның бұйрығымен, Абылайдың пәрменімен араласқан тұлғалар Әбілпейіз, Барақ сұлтан, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Райымбек, Ботақара, Қыстау батырлар, би Боранбай, Сырымбет би, байсиық Толыбай би секілді ел жақсылары болғандығы сарапталған.

Тарихи құбылысқа кеңінен қарасақ жоңғардан босатылған жерлерге жеңімпаз қазақ рулары бей-берекет көшіп, өз беттерімен қоныстана салған жоқ. Бұл сол кездегі Әбілмәмбет пен Абылай хандардың қазақ элитасы саналатын рубасы батырлар мен билердің келісімімен мемлекеттік деңгейде шешілген аса күрделі үрдіс болғаны да шындық. Бұл туралы авторлар еңбектің 66-бетінде былай деп Омбы мұрағат құжаттарынан мәлімет келтіріледі:

«1757 жылы Абылай 10 мың сарбазбен Қашқария жерінде қалған торғауыттарды қырды (басқарған батырлар: Арғын – Атығай – Күлеке батыр – 2000 сарбазбен; Керей Мерген батыр – 2000 сарбазбен, Көкжал Барақ батыр (Найман) – 2000 сарбазбен), қалған қалмақтардың бірде-бірін қалдырмай тұтқындап, қазақ жеріне құлдыққа таратты. 1760-1764 жылдар аралығында Қабанбай батырды Абылай сұлтан Зенгор жеріне бас қолбасшы етіп тағайындады. Қабанбай батыр Қаракерей Наймандарды, төлеңгіт Райымбек батыр Уак, Керейлерді Зенгор жеріне көшірді. Бұл тек қана Абылай сұлтанның талабымен іске асты».

Бұл деректерде 2000 қолды басқарған Керей Мерген батыр кім? Біздің ойымызша, бұл манж-цинь мен орыс деректерінде Қосайберген, Ходжамерген деп түрлі дыбыстаулармен аталған әйгілі шұбарайғыр Қожаберген батыр болса керек. Сонымен бірге авторлар төлеңгіт Райымбек батырды албан Райымбек батыр болуы ықтимал деуі көкейге қонады. Тарихи деректерде Райымбек батыр туралы мәліметтер сараң кездесетіндіктен авторлардың бұл ізденісі бағалы болған. Бұл пікірге авторлар мына мәліметті тиянақ етеді:



«1760 жылы 20 мамырда князь поручик Иван Ораков генерал-майор және Сібірдің шекаралық әскери бас командирі Иван Иовемарнға жазған хатында былай дейді: «19 ақпан күні Абылай сұлтанның төлеңгіт қырғызы Райымбек былай деді: «Өткен күзде Абылай сұлтан өз атынан мені Орданың Қаракерей Найман руына жіберді. Олар Звенигорск қамалының жанында Қаратал атты жайлаудағы көштермен бірге жүр.... Кейін қайтар кезде сол рудың бас старшыны Қабанбай Абылай сұлтанның атынан Райымбекке бұйрық береді. Ол Райымбекке өзінің ұлыстарын түгелімен алдағы жазда Зенгор хандығының жеріне көшіруін, ондағы Зенгор ханы Қалдан Серен урғасының тұрған жеріне барып тұруын бұйырды». Тарихшы авторлар осы мәселеге байланысты ойын былай сабақтай түседі: «Абылай хан заманында және одан бұрынғы кезде «төлеңгіт» деп хан ордасындағы мемлекеттік қызметкерлерді атаған. Ол кезде төлеңгіт болу кәдімгідей мәртебе болған. Осы Райымбектің албанның атақты батыры екендігін «Райымбекке өзінің ұлыстарын түгелімен алдағы жазда Зенгор хандығының жеріне көшіруін..» айтады. Оның үстіне Қабанбай батыр оған Қалдан Сереннің урғасының орнына, яғни Іле бойына, Жетісуға көшуді бұйырады. Ал, бұл жерлерді сол кездерден бастап албандар мекендейді. Бұдан шығатыны албан Райымбектің халқы үшін Абылайдың жанында мемлекеттік қызметте жүрген кезіндегі болған оқиға орыс құжаттарында сол қалпында түскен деуге болады».

Авторлар жоңғарлардан атамекенді босатып, елді қоныстандыру, халықтың күйреген шаруашылығын оңалдыру, дипломатиялық сапарлар ұйымдастыру, сауда-саттық байланыстар құру кездерінде қазақ елінің билеушілері мен батырлары, билері мен сардарлары ауызбіршілікте болып, бір-бірін қас-қабағынан танып сыйласа білгенін нақтылы деректермен дәлелдейді. Зерттеуде түрлі дереккөздерін келтіре отырып осы байлам бы-



лайша тұжырымдалады: «Қиыр шеттегі Кіші жүздің қолын бастап Ералының Шуға келуі, Жетісуға ел қондырып жүрген Ұлы жүз Райымбектің, Орта жүз Әбілпейіз, Қабанбайдың бір бағытта, бір мақсатта Әбілмәмбет, Абылайдың басшылығымен жұмылуы – ел тұтастығының айқын көрінісі».

Әбілпейіз сұлтан соғыс аяқталған соң Қытай мен Ресей арасына дипломатиялық делегация жолдап, сауда-саттық жолдарын қалпына келтіріп, елдің қажеттілігі мен талап-тілегін орындаған халқына қамқор әмірші екендігі де еңбекте тартымды жазылады. Мәселен, Әбілпейіз император Петр Федоровичтің атына 1762 жылы 21 қаңтарда Семипалат бекінісінен сауда орталығын ашу туралы сұрап хат жазыпты.

Әбілпейіз Ресей патшасына өзінің Семипалат бекінісіндегі сауданы тікелей қадағалайтынын, егер сауда орталығы ашылып, оған Ресей саудагерлері келген жағдайда, әкесі Әбілмәмбет ханмен келісіп, оңтүстіктен керуен келтіруге уәде етіпті. Осы хатты Кіші жүздің билеушісі болып отырған қайын атасы Нұралымен ақылдаса отырып жазғанын да көрсетіпті. Демек, Әбілпейіздің бұл маңызды қадамы Семей шаһары тарихына ғана емес, шығыстағы елдің тұрмыс-тіршілігінің, әл-ауқатының көтерілуіне үлкен үлес қосқан елеулі іс болды деуге бүгіндері әбден негіз бар.

Кітаптың соңында Әбілпейіз сұлтан өмірінің хронологиясы және Әбілпейіз әулетінің генелогиялық шежіресі беріліпті. Әбілпейіз сұлтанның Көгедай, Сәмен, Жабағы деген балалары Қытайдағы қазақтардың саяси-қоғамдық жүйесіне игілікті із қалдырған қайраткерлік қырлары да мейлінше әділ бағаланады.

Түйіндей айтқанда бұл зерттеуде батыс, шығыс деректері, архив материалдары, қазақтың ауыз шежіресі, фольклорлық нұсқаларымен шебер үйлестіріп талданып, Әбілпейіз сұлтанның қазақ халқының алдында атқарған қайраткерлік істері тиянақты зерделенген. Еңбек Әбілпейіз сұлтанның тұлғасын сомдауға



арналғанымен оның дәуірі, сол замандағы қазақ елін билеген Әбілмәмбет, Абылай, Әбілқайыр, Барақ сұлтан, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Ботақара, Төле би, би Боранбай, Сырымбет би, тіпті жоңғар қолбасшылары Қалдан Серен, оқымысты Зая Пандита секілді ірі тұлғалардың қызметі мейлінше шынайылықпен талданып, тарих қойнауынан бүгінгі ұрпаққа тағылымды сабақ боларлық түйіндер жасалған.

Сөз соңында жанашыр оқырман ретінде аз ғана данамен шыққан бұл кітаптың болашақта көп таралыммен қайта жарық көруіне тілеулестік білдіре отырып, төмендегідей ойларымызды айта кетуді де парыз санадық.

Біріншіден, кітаптың аты «Әбілпейіз» екен, оны «Әбілпейіз сұлтан және оның дәуірі» десе сол заманның келбеті, тыныс-тіршілігі зерттеуде анық көрінер деп ойлаймын.

Екіншіден, тарауларының аты өзгерсе, мәселен 1-ші тарау «Қазақ даласындағы төрелер институты», бұл «Қазақ даласындағы төрелер институты және төлеңгіт әулеті», 2-ші тарау «Әбілпейіз сұлтан – XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының көрнекті қайраткері», бұл «Әбілпейіз сұлтан және XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының ахуалы», 3-ші тарау «Әбілпейіз сұлтанның ұрпақтары хақында», бұл «Әбілпейіз сұлтан ұрпақтарының елге қызметі» дегендей өзгерсе зерттеудің мағынасы ашыла түсер еді.

Үшіншіден, кітап туралы аннотацияда Әбілпейіз сұлтан (1732-1783) деп туған, қайтыс болған жылы бірден көрсетілсе, өйткені сұлтанның өмірбаян дерегі осы еңбекте алғаш тиянақты анықталып отырғандықтан, ел назарына бұл жаңалық тікелей ұсынылса жөн болады.

Төртіншіден, кітаптың 30-бетінде «...Тарбағатайдан мүлде айырылып, ежелден құт қоныс болып келген мекендерін 350 жылдан астам уақытқа жат жұрттың қолына тастап кетуге мәжбүр болды» деп жазылған. Осы сөйлемде статистикалық



анықтама секілді 350 жыл деген сөз цифрмен берілмесе, сөйлем жұмсартылып, «үш ғасырдан астам уақыт» деп берілсе де болар. Еліміздің шекаралық шебі Алтай, Тарбағатай алтын қамалымыз болғандықтан, арғы бетте осы тауларды пана тұтып қаншама халқымыз отырғандықтан да мұндай шындықтардың өзін бергенде ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін деректердің тігісі жатқызылып, әдептілікпен ұсынылса.

Бесіншіден, 82-бетте Қытайға Әбілпейіз сұлтан жіберген Жошы, Санияз төре баратын делегация құрамына «Алтай-арғын Ақтайлақ би кірген» деп жазылыпты. Бұл сыбан Ақтайлақ би емес пе, осы мәлімет қайтадан пысықталса.

Алтыншыдан, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты тарапынан «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген Меруерт Әбусейітова, Бақыт Еженхан, Нәпіл Базылхан секілді ғалымдардың деректанулық тың құжаттарымен зерттеу толықтырылса кітаптың ғылыми сапасы арта түсер еді. Мәселен, Бақыт Еженхан тапқан Қабанбайдың мөрінің үлгісі туралы деректер маңызды емес пе!

Жетіншіден, Ресей Император Академиясының мүшесі, дәрігер, дәрілік өсімдіктерді зерттеуші-ғалым И. Сиверстің 1793 жылы Тарбағатай Боғаста Қожамбет ауылында Сырымбет бидің үйінде 10 күн болғанда жазған күнделігі аса құнды дерек. Осы мағлұматтармен зерттеу толықтырыла түссе нұр үстіне нұр болар еді.

*«Ертіс өңірі» газеті,  
2015 жыл*



СҰХБАТТАР



## ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ

*– Жүректен шықпаған сөздің гұмыры қысқа болатынын ақындар жақсы біледі ғой, сондықтан әңгімемізге кіріспес бұрын келісіп алайық, ағыңыздан жарылып тек шындықты ғана айтсаңыз. Осыған келісесіз бе?*

– Келістік.

*– Онда сауалыма көшейін. Қай кезден өлең жаза бастадыңыз?*

– «Балалық» деп аталатын алғашқы өлеңім, ұмытпасам, 1965 жылы Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде жарық көрді. Одан да бұрын бала кезімде ауылдың (ауылым Тарбағатай) үлкендерінің қызық көріп қолдауымен той-томалақта қыздармен айтысып жүрдім. Ол кезде жанымыздан өлең шығармаймыз, үлкен кісілер жаттатады. Мысалы, әлі есімде, бір жолы мені бір қызбен айтыстырды. Ол қыздың да әкесі өлеңші болса керек, оған да біраз дүние үйретіп қойыпты. Менің де құлағыма Ниязбек дейтін жездем талай сөзді құйып қойған. Екеуміз жаттанды өлеңді бұрқыратып отырмыз.

Қыз айтты:

Әй, қалқам, ондаймысың, мұндаймысың,  
Жүгің шешіп, түйеңді қомдаймысың?..

Ойбай-ау, иә, астапыралла, былай еді ғой:

Әуеде ұшып жүрген шіркеймісің,  
Бетіңді шіркей шақса бүркеймісің?





Малыңды жиған-терген маған беріп,  
Артына әке-шешең тіркеймісің? –

деді.

Оның алдында мен бүй дегем:

Қаратаудың басынан келі аламын,  
Келімді жерге қойып демаламын.  
Ыдырыстың қызы, сен керім болсаң,  
Бар малымды берсем де сені аламын.

Осы сөзден кейінгі айтқаны жаңағы ғой. «Артына әке-шешең тіркеймісің?» деген сөз оңай емес, мен жеңіліп қалдым. Әрине, қыздан жеңілу – үлкен намыс, бала болсақ та оны білеміз. Іш алай-дүлей. Жездем басу айтып, «Ондай-ондай бола береді, жасымау керек» деп қыздың жаңағы сөзінен кейін қалай сүріндіруге болатынын үйретіп кетті. Сонымен екінші бір тойда үлкендер бізді тағы да айтыстырды. Сол жаттанды айтыс тура өткен жолғы жеріне келіп тоқтаған кезде жездем үйреткен мына бір жолдарды айтып жібердім:

Қалқатай, ондаймысың, мұндаймысың,  
Ауылың алыс болса қонбаймысың?  
Малымды жиған-терген саған берсем,  
Әм малым, әм қатыным болмаймысың? –

дедім. Жұрт ду күлді. Қыз сөз таба алмай қалды.

Өлең жазуыма себеп болған жай – мына біздің Семейдің Шұбартауында (Баршатаста) 5-6-класс оқып жүрген кезімде...

Ол кезде совхоз орталықтарында сегіз жылдық мектеп те, аудан орталығында он жылдық үлкен мектеп-интернат бар. Сол интернатқа ауылдың балалары келе бастайды ғой. Сонда Айқыз



деген ауылдан (бұрын Калинин атындағы совхоз деп аталушы еді) Оразғали Мұхиев деген жігіт келді. Сол жігіттің «Қазақстан пионері» газетіне «Теңіз» деген бір шумақ өлеңі шығыпты. «Оразғали деген ақын жігіт келіпті!» деп балалар шу ете қалды. Мен әлгі өлеңді оқыдым да, іштей Оразғалимен бәсекеге түстім. «Әй, ондай өлеңді мен де шығарамын» дедім. Бірге жататын бес-алты бала «Шығара алмайсың» деді. Сол күннен бастап тырп етпей жеті күн отырдым. Аудандық газетке жазғанымды алып, жүгіріп барамын. Өлеңімді жаратпай қайтарып береді. Жетінші күні өлеңім шықты! Төлеуғали Есімжанов деген ақын ағамыз үстінен сәл өңдеп, «Балалық» деген өлеңімді аудандық газетке жариялапты. (Төлеуғали Есімжанов кейін «Ара» журналында істеп жүрген кезінде, 37 жасында қайтыс болды. Өте талантты жазушы еді). Маған түрткі болған – Оразғалидың «Қазақстан пионері» газетіне шыққан бір ауыз өлеңі. Артынан бір-екі айдан соң «Семей таңы» газетінде үш-төрт өлеңім шықты.

Содан кейін мен дәндеп, Алматыға, «Лениншіл жас» газетіне өлеңдерімді жібере бастадым. Әлі есімде, сол кезде «Лениншіл жас» газетінен, Оразбек Сәрсенбаев ағамыздан хат келді. «Талаптана түс. Мына өлеңдеріңді жариялай алмадық» депті ағамыз. Сол хатты балаларға көрсетіп мақтанғаным бар.

**– Өлеңді не үшін жазасыз?**

– Біреулер «Өлеңді елім үшін, Отан үшін, халқым үшін жазамын» деп жатады. Мен өзім үшін жазамын. Ақын болып қалыптасқан соң сол ақындығымды өлтіріп алмас үшін... Құдайға шүкір, қалың оқырман біледі. Өзімнің атымды жоғалтып алмас үшін жазамын. Ал енді ол қалай шығады, не болады, жұртқа ұнай ма, ұнамай ма – ол құдай берген таланттың шама-шарқына байланысты нәрсе. Мүмкін кейін бізді жұрт қабылдамай қалуы да... Әркімнің өзінің «Мені» бар, әркімнің өзіндік кеудесі бар. Өзін жақсы көрмейтін қаламгер, өзін жақсы көрмейтін



адам жоқ. Мен де өзімді жақсы көремін. Бірақ солай екен деп жұрттың бәрі менің өнеріме, менің жырларыма өліп-өшіп тұрмауы да мүмкін ғой. Мүмкін мен нашар ақын шығармын. Сондықтан... оны уақыт көрсетеді. Мен керемет едім, анау-мынау деп айта алмаймын. Әйтеуір өзімнің қолымнан келген, кеудемнен, жүрегімнен шыққан нәрсемді қағазға түсіремін. Осы...

– *Шәкәрімнің:*

*Басында жас бала едің сен,  
Ойың бұзылмаған, көңіл!  
Періштедей таза едің сен,  
Қиянат қылмаған, көңіл! –*

*деп басталатын өлеңінде:*

*Қырық жылдан жас өткенде,  
Қызудың көбі кеткенде,  
Есептер кезі жеткенде,  
Не болар бұрмаған көңіл?  
«Келіп қайдан, барам қайда?  
Не қылғаным болар пайда?  
Қалам ба мал боп сайда?»  
Деген ой тырнаған көңіл! –*

*дейтін еді ғой. Қырық жас – ақылдың толысып, алдыартыңды бажайлайтын, болжайтын меже болса керек. Ақын Несіпбек қырықтың қырқасынан асқан кезде былай деп толғаныпты:*

*Қырықтан асқан жастамын,  
Қырқылжың тарта бастадым.  
Құбыла соққан құйындай  
Қылықтың бәрін тастадым.*



*Қайқаңға салсаң қасқамын,  
Ойпаңға салсаң басқамын, –*

*дей келіп:*

*Қырқаға өрлеп жоталап,  
Қарасам, өмір қатал-ақ.  
Жаныған пышақ секілді  
Жағыма тиді шапалақ.  
Жүректің басы қапалап,  
Көзімнің жасы боталап,  
Сарқырап аққан өзеннің  
Сарынын құдым қаталап.  
Қарсыдан ұрған көк дауыл  
Үстімнен өтті тапалап.  
Тұлданып тағдыр талағы,  
Тұйғынды тепті жапалақ.  
Мысықты қағып тобықтан,  
Лақтырды тышқан жата қап.  
Қордаға қоңыз өрт салды,  
Ордаға доңыз жапалап.  
Шолтиган тонның етегі  
Шоңқайсам болды саталақ.  
Шамына тиді иемнің  
Сайтаннан туған сапалақ!*

*Осы жолдардан сонау жиырма мен отыздағы жалында-  
ған оттың жас қырықтан асқанда салқын сабырға, терең  
ақылға қарай ойыса бастағанын аңғарасың.*

*Түлкіге өлім – түгінен,  
Ақыңға қатер – тілінен.*

❧ ————— ❧

❧ ❧ ❧

**Ашыған сүттей іріген,  
Сасыған еттей шіріген,  
Шошынам елдің түрінен, –**

**деген жолдарды оқығанда жаным түршіккенін несіне жасырайын. Осы жыр жолдарынан Дулаттың, Шортанбайдың сарынын естігендей әсерде болдым. Жыраулар поэзиясы мен сіздің жырларыңыздың ішкі үндестігінің сыры неде?**

– Халықтық жырлар, қара өлең – алғашқы таңдайымызға тамған уыз. Бесік жырынан бастап, «Батырлар жыры», «Лироэпостық жырлар», Шығыс поэзиясының жауһарлары – осының бәрімен ерте сусындадым. Мағжандарды жасырын оқыдық, Дулаттарды оқыдық. Абай, Шәкәрім өлеңдерімен сусындап өстік. Шәкәрім кейін ашылып жатқанымен, ол кісінің өлеңдерін біздің елдің көнекөз қариялары жатқа айтып отыратын. Осының бәрі бойға сіңді, ойға дарыды. Ал енді жаңағы өлеңдегі ашынып айтқан жайтқа келетін болсақ, менің тағдырым... және мен сияқты біраз қазақтардың, талай тағдырлардың көрінісі бар бұл өлеңде.

Жасыратыны жоқ, кезінде мұндай шындықтарды біз айта алмадық. Бұл бір менің ғана емес, халықтың белгілі бір бөлігінің «жағына тиген шапалақ» болатын.

**– Орагаңның (Оралхан Бөкей) кейде әзілдеп «Тіреп тұрған аспаның болса, тастап жібер» дегенін естуші едік. Сол Орагаң айтпақшы, ақындарда бет-жүзің демей айтып тастайтын бұла мінез болады. Шабыт үстінде әлдекімдердің шымбайына бататын өлең туып кетіп, артынан содан таяқ жеген кездеріңіз болған жоқ па?**

– Мен әлі өлеңнен таяқ жей қойған жоқпын. Құдайға шүкір, қазақ баспасөзіне разымын. Бұл жағынан жолым да болды. Менің басылмай қалған өлеңім жоқ. Газет-журналдарға шықпағандары кітаптарыма кірді. Шабыт үстінде айтылған



сөздер әлі менің алдымнан шыққан жоқ. Дегенмен кітап шығару жағынан көп қағажу көргенім рас.

*– Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жүз құбылған салт шықты, –*

*деп Абай атамыз айтпақшы, қазірде жүз құбылған мінезге кез келіп жүрміз. Биліктен кетсе «елім» деп «еңірейтін», билікке қолы жетсе елін ұмытып, кеңірдегін ғана ойлап, кекірейіп шыға келетін шенеуніктерді де көретін болдық. Халық соларға не үшін қажет деп ойлайсыз?*

– Ұлтың, елін, халқын сүйетін үлкен азаматтар жауапты орындарда отыратын болса, бұл – үлкен бақыт. Ал тек өз қара басын ғана ойлайтын алаяқтар ел тізгінін ұстаса, ұлттық рух бойына қалыптаспаған, ұлттық деңгейде ойлай білмейтін жандар билікке келсе – қасірет. Көп жағдайда халқымыздың қамын ойлайтын азаматтар жоғарыда аз ба деп күдіктенемін. Ұлттық тілін білмейтін, ана сүтімен бойларына дарымаған, ана тілінің уызымен ауызданбаған адам ұлтының, халқының мұң-мұқтажын жете түсіне алмауы мүмкін. Оларды кінәлау да қиын. Бойына сіңбеген нәрсені қалай талап етесің олардан? Ондай жандар өз жатырынан, өз ана сүтінен, өз топырағынан, өз ұлтынан жерініп тұрады екен. Қаншама ынталы боп талаптанғанымен де бойына сіңіре алмайды. Басқа бір бесікке бөленіп, өзге бір бесік жырын естіген жанның өз топырағына, өз ұлтына оралуы өте қиын екен. Олжас ағамыз сияқты арғы-бергі тарихты зерттеп, ұлы ойшылдықпен зерделеп келіп оралмаса, өз төтесінен жол тауып келуі қиын-ақ. Қарапайым пенделер, «ит тойған жеріне» деген сияқты, ұлттық деңгейде ойлауға көтеріле бермейді. Ұрпақ алмаспай, бұлар жаңармай мен қазақтың рухани әлемінің аспаны жарқырайды,

ұлтымыздың басында үйіріліп тұрған қара бұлттар кетеді дегенге сеніңкіремеймін.

**– Ақшаға қалай қарайсыз? Біреулер «Байлық – талантқа тұсау» деп жүр. Біреулер «Аш адам ақылды сөз айта алмайды» дейді. Қазіргі қазақ ақындарының хал-ахуалы қалай? Шығармашылықпен айналысатын адамдарға мемлекет тарапынан қандай қолдау, жәрдем көрсетілуі тиіс деп ойлайсыз?**

– Ақшаны жек көретін адам жоқ шығар. Ақшаға теріс қараймын десем, ол өтірік болады. Ақша қажет. Бала-шағамның тамағына, киіміне, пәтерақыға, еркін жүріп-тұруға жететін ақша болса, содан кейін алаңсыз жазуға отырсаң, ол бақыт қой. Ал қарның ашып жүріп, жүгіріп жүріп, ертең бала-шағамды қалай асыраймын дейтін мына заманда «Аш болса жақсы өлең туады екен» дегендері бос сөз. «Байтал түгіл бас қайғы» боп кетеді. Тұрмыстың батпағына батып жатқандықтан қазір рухани әлеміміз өгейсіп, ойсырап, жұтап тұр. Қанша жерден Кеңес өкіметін жамандасақ та, ол кезең шығармашылық адамдарына жағдай туғыза білді. Еркін жаздық. Тұрмысқа онша алаңдағанымыз жоқ. Абай атам алаңсыз жатты. Жағдайы жақсы еді, дәулеті жеткілікті болатын. Құнанбайдың баласы болғандықтан да дүниеге алаңдаған жоқ. Абайдікі ой күйзелісі еді. Ал біздікі тұрмыс күйзелісі. Біздің қасіретіміз осы. Әдебиетке мемлекет тарапынан көмек керек, шетелмен бізді салыстыруға келмейді. Онда ғасырлар бойы қалыптасқан жүйе бар. Қалыптасқан сана бар. Онда жақсы кітап шықса сатып алатын жұртта жағдай бар. Жақсы қаламақы бар. Олардың экономикасы дамыған. Тұрмыстары жақсы. «Нан болса, ән де болады» деген сөздің жаны бар. Қарны тоқ ел көшелі сөз іздейді. Аш адамға ақыл емес, кеңірдегіңнен өтетін ас керек. Міне, әңгіме қайда жатыр?!

Біз – социализмнен капитализмге көшкен елміз. Жүйе өзгерді. Сана өзгерді. Бұрынғы қалыптасқан түсінік бүлінді,

бұзылды. Халыққа сын тағу қиын. Біз қалыптасу дәуірін бастан өткеріп жатырмыз. Өз күнімізді өзіміз көруге, шынын айтқанда өлмеудің қамына көштік. Қалайда жан бағу керек. Бала-шағаны асырау керек. Үлкен өнерді, үлкен әдебиетті ойлау мұндай кезде қиын тиеді. Экономика қалыптаспай елдің жағдайы түзелуі қиын. Қаламгерлерге тіпті қиын тиеді. Қаламынан өзге, ой мен сезімнен басқа берері жоқ ақын-жазушылар абдырап қалғаны рас. Бүгінгі туған балалардың жөні басқа. Бүгін туған ақындар да заманына бейім туады. Біз орта жолда борттан лақтырып тастағандай күйге түстік. Бұрынғыдай жағдай туғызбаса да, кітап шығару, қаламқысын төлеу мәселесін шешу керек деп ойлаймын. Бұл – адам еңбегін қанау. Авторлық құқықтың бұзылуы. Міне, осы мәселелер шешілуі тиіс деп есептеймін. Қазақстан Жазушылар одағының мүшелерін қайта қарау қажет. Әдебиетке қосары бар, талантты жазушыларға Қытайдағы сияқты айлық белгіленсе де дұрыс болар еді. Әйтпесе өнерсіз, әдебиетсіз ел ешқайда бара алмайды. Халық онсыз да тоналып болды. Рухани тоналуға түссек, онда ұлт ретінде сақталып қалуымыз екіталай. Бүйте берсек ұлттық тәуелсіздігімізден айырылып қалуымыз мүмкін. Рухани тәуелсіздіктен айырылу – ұлттық тәуелсіздіктен айырылу деген сөз.

– **Жас ақындардың ішінен кімдерден үміт күтесіз?**

– Бізде таланттар өте көп. Солардың ішінде ерекше дарындар бар. Құбылыс болған таланттар бар. Мысалы, Гүлнар Салықбаева. Сонау Саралардан келе жатқан дәстүрі бар қыздар поэзиясы: Зияш Қалауова, Фариза, Марфуға, Күләш, Ақұштап, Қанипа, Шәмшия, Гүлнар Шәмшиева, Оңайгүл...

Көріп отырған шығарсыз, міне, біздің қазақ поэзиясында осындай жарық жұлдыздар бар. Осындай толқын-толқын боп ауысып отырады. Біз көбіне өзгелерге таңғалып, табынатын елміз. Анна Ахматоваға, М. Цветаеваға таңғалып жатамыз ғой. Біздің қыздар олардан бір де кем емес. Кей тұста



тіпті артық кететін кездері бар. Гүлнарлардың келуі құбылыс болды. Қазір Гүлнарға еліктеп жазатындар шықты. Оңайгүлдің өлеңдері оңайлығымен де маған ұнайды. Фариза, Марфуға, Қанипа, Ақұштаптар – қазақтың үлкен маңдайалды ақындары. Бұларға қыз деп қарауға болмайды. Керек десеңіз, осы ақындар жігіттерден де ауыр жүк көтеріп, поэзиямызды асқақтатқан тұлғалар.

Ал інілеріме келетін болсам, Ұлықбек – біздің артымыздан келе жатқан толқындардың алтын дінгегі. Есенғали, Бауыржан Жақыпов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Маралтай...

Замандастарыма келетін болсақ, Серік Ақсұңқарұлы, Иранбек, Жұматай, Кеңшілік, Нұрлан Оразалин, Темірхан Медетбек, Шөмішбай, Жарасқан Әбдірашев, Асқар Егеубаев, Жүрсін Ерманов, Әбубәкір Қайранов... Әлі де тізе беруге болады. Ақындар көп. Жақсы ақындардың көп болуы – қазақтың бағы.

Ұлықбекке, Есенғалиға еліктеп жазатындар шықты.

Қазақ поэзиясы – өте күшті поэзия. Осындай ортада жүріп, мықты ақын болмау, жақсы өлең жазбау күнә сияқты.

*– Біз Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханов сынды ұлтын сүйетін, ұлтының мүддесі жолында жанын қиюға дайын азаматтарды көре алмай қиналамыз. Тәуелсіз елміз, бірақ тіліміз төменшіктеп, тұрмысымыз ауырлап тұр. Жұмыссыздық. Қиыншылық иектеп барады. Осы тығырықтан шығар жол қайсы? Ахмет, Мағжан, Әлихан сынды азаматтар қазақтан енді қашан туады? Әлде «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деп біз бағалай алмай жүрміз бе ондай саңлақтарды?*

– Меніңше, ел болған соң, ондай ерлер жоқ деп айтуға болмайды, ерлеріміз бар қазірде. Біздің қазіргі ең медет тұтарымыз – тәуелсіздігіміз. Өзіміз дербес мемлекет болдық қой, дүние жөнделетін шығар деп, қырық құрақ елміз ғой, елдің тыныштығы бұзыламасын деп, көмпістікке салынып отырған жайымыз



бар. Ол мына заманда қажет те шығар. Бірлікті, татулықты сақтау, елдің іргесін сақтау қазақ мемлекеті үшін өте қажет. Және осы тұрғыда Президентіміздің жүргізіп отырған саясатын мен дұрыс саясат деп бағалаймын. Ал енді ұлт үшін жүрегі қанжылап, ұлт үшін сөз айтып, ұлттың мүддесін, мұратын ойлап жүрген азаматтар да, ұлтын сүйетін патриоттар да жетерлік. Кез келген қазақ қаламгері сондай. Кез келген жазушы. Әріге бармай-ақ, алдымыздағы көзі тірі ағаларымыздың барлығы да ұлттың үлкен қайраткерлері. Мысалы, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Ф. Оңғарсынова, Ш. Мұртаза... Міне, мұндай қайраткерлер ұлт мүддесін көздеп, биік мінберлерден ел қамын айтып жүр. Әрбір өлеңде, әрбір сөзде айтылып жүр. Ұлттың қамын жеу, ұлт үшін отқа түсу деген көшеге шығып айғайлау емес. Дегенмен соны танып, көкірегіне тоқитын (анау жоғары жақта отырғандарға) көрер көз, естір құлақ керек. Сол жетіспейді деп ойлаймын.

***– Ақын Несіпбектің пенде Несіпбекті кейде қомсынын, ұнатпай қалатын кездері бола ма? Болса қай мінездерін жақтырмай қалады?***

– Көп жағдайда ақын Несіпбек мына пенде Несіпбекпен келісе алмай жатады. Кейде өзіңнің тіршілігіңді, жүрген жүрісіңді, істеген ісіңді ойлап, өз-өзіңді ұнатпай, іштей опық жеп, дөңбекшіп ұйықтай алмай шығатын, өзіңді-өзің жек көретін сәттер менде өте көп болады. Пендеміз ғой. Біздің де адасқан кездеріміз болды. Біз де елуге келіппіз. «Елу – ердің жасы» деген. Мені қатты қинайтын мәселе – ағаларымыз бар, інілеріміз бар, барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұлт үшін тізе қосып іске жұмыла алмай бара жатқанымыз, тұтаса алмай жүргеніміз үлкен өкініш. Соның ішінде өзім де бармын. Сол пендешіліктің ішінде. «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді» дейді. Алдыңғы арбаларға еріп кеткен кездеріміз болды. Бірақ оның бәрі кешірілер еді, егер адам өз-өзіне сын



көзбен қарап, әркім өзін іштей тазарта білсе. Міне, мен соны тілеймін. Өзім де соған ұмтылғым келеді. Анау «Ағалар-ай» деген Жәнібек шығарған әнде (сөзін мен жаздым) көбіне осы мәселе қозғалады. Сондықтан трибунадан ұлттың сөзін айтып, айнала бере рушыл азаматтарымыз жоқ емес. Осыдан арылсақ... Және біз отырып аламыз да, «Анау ауылдың баласы рушыл» дейміз. Ол ауылдың баласы отырып «Аналар рушыл» дейді, бір-бірімізге қолымызды шошайтып отырамыз. Алдымен сол бір-бірімізге қол шошайтқанды қойып, өзіміздің ішімізге шұқшисақ, өзіміздің жүрегімізге үңілсек, онда басқаша болар еді. Мен де тап-тазамын деп айта алмаймын. Уақытпен бірге, қоғаммен бірге мен де былғанған адаммын. Бірақ қаламның үстінде, жазудың үстінде тазарамын. Сол тазарған кезімде өзімді шексіз бақытты сезінемін. Өз ішімді ептеп тазартып келе жатырмын. Бірақ айнадай ғып жарқыратып жібердім деп тағы айта алмаймын.

**– Адамның қай мінезін ұнатасыз? Қай мінезінен жиіркенесіз?**

– Менің балаларыма да, достарыма да айтатын үш принцип бар. Мен өмірі дос сатып көрген жоқпын. Ұрлық жасап көрген жоқпын. Содан кейін уәдеде тұрмай, өтірік айтып көрген жоқпын. Осы үшеуіне берік болса, адамның қалған пендешілігін кешіре беремін.

**– Ақынға атақ керек пе өзі?**

– Былай қарасаң керек те сияқты. Атағың болса сені жұрт елейді, шенеуніктер көзге іліп, төрге оздырады. Жағдайыңа қарасады. Атағың болса тұрмысың да түзеледі. Осы жағынан қарағанда атақ керек те сияқты. Ал бұл атақ дегеніңіз – осы өтпелі уақыттың ғана жемісі. Ол арғы, мәңгілікке қызмет атқара алмайды. Халық сенің атағыңа қарап сөзіңді алмайды, кімнің сөзі алтын, кімнің ойы кесек, соны ғана қабылдайды. Сол ғана қалады.



Атақтың түбі – шатақ. Осының қажеті де жоқ. Бұл да бір партиядан қалған ауру ғой. Шын төреші – уақыт. Уақыт тұяғының астында тапталып қалмаған жазушы ғана ұлы, міне, нағыз атақты сол... Абайды кезінде бүкіл қазақ даласы естіді, мойындады. Бірақ сол тұстағы патша өкіметі ешбір атақ берген жоқ. Солай атағы болмаған екен деп ескерусіз қалған жоқ қой. Міне, әңгіме осында. Құдайдың бергені мен адамның бергенінің айырмашылығы бар. Адамның берген атағы уақытқа қызмет атқара алмайды. Құдайдың бергені, Алланың бергені ғұмырлы болады...

– ***Сіз үшін өмірдің мәні неде?***

– Ұрпақ сабақтастығында. Өлеңімді біреу оқыр, біреу оқымас. Бірақ өмірге келген екенмін, мына өмірдің дөңгелегін ілгері жылжытуымыз қажет. Өмірдің өз заңдылығын орындауға тиіспін. Өмірдің басты заңы – ұрпақ...

– ***Толстойдың «Құдай дегеніміз – махаббат» деген сөзін қалай түсінер едіңіз?***

– Ей, оныға менің шама-шарқым жетпейді, көке...

– ***Арманыңыз бар ма?***

– Арман көп қой.

– ***Не туралы жазуды ойлап жүрсіз?***

– Менде жоспар деген болмайды. Көңіл күйге байланысты өлең туады. Соны дер кезінде жазып қалу керек. Кейде бірдеңе жазып отырғаныңда екінші бір ой сарт етіп өзі келе қалады. Өлең дегеніміз жарқ ете түскен найзағай сияқты, шырт етіп жатқан сіріңкенің шиі сияқты. Кейде бір болымсыз нәрседен де жыр туып кетеді. Жапырақ селт ете түссе де... Өлең ойламаған жерден туады. Сондықтан өлеңді жоспарлап жазу деген нәрсе менің миыма кірмейді. Өлең өзі келеді. Келген өлеңді ғана жазу керек деп ойлаймын.



**– Әнші Жәнібек Кәрменовтің жан досы едіңіз. Жәкеңнің сізге аса риза болған немесе қатты өкпелеген кезі болды ма?**

– Екеуміздің дос болғанымыз рас. Оның менен өзге де көптеген достары болды. Біз керемет тату жүрдік деп айта алмаймын. Біздің де шошаңдап, біздің де арамызға қара мысық жүгірген кездер болған. Бір-бірімізбен көріспей кеткен, біреулердің сөзіне еріп, бір-бірімізді жамандап, сырт айналған сәттеріміз де болған. Бірақ құрдас едік. Қатар жүрдік. Бір-бірімізбен өкпелескенмен кетіскен жоқпыз. Қайта табыстық. Бір-бірімізден кешірім сұрасқан кездеріміз болды. Жұрт сияқты өмір сүріп жүрдік. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дейді, Жәнібектің көптеген әндерін кезінде жазып алып қалмағанымыз өкінішті. Жәнібек – қайталанбайтын тұлға. Жәнібектің аруағының алдында өзімнің арым таза деп ойлаймын. Мұраларын іздестіріп, жинастырып, соны сақтап қалудың шараларына жүгіріп жатырмын. Біздің қолдан келетін іс осы енді. Жәнібекті біз ешқашан жүрегімізден өшірмейміз. Жәнібек қазақ ән өнерінің жарық жұлдызы ғой. Халқымен бірге жасай береді.

**– Сіз Әлішер Науаиды аударған ақынсыз. Сізге Науаи не берді?**

– Адам өзін-өзі байқайды ғой. Мен өзіме Әлішер Науаиды аударғанға дейінгі және Науаиды аударғаннан кейінгі Несіпбек деп қараймын. Әрине, бұрынғы дүниелерімнің ішінде де тәуір дүниелер бар. Бірақ олар әлі ашылмаған сияқты. Өзіме шикілеу көрінеді. Менің көзімді ашқан – Әлішер Науаи. Менің шығыс поэзиясына оралуым – бақытым екен. Соны түсіндім. Маған шығыс поэзиясы басқа бір тыныс, басқа бір қанат бергендей болды. Мен Науаиды аудару үстінде көп өстім. Оны достарым да, қалың оқырман да, сыншылар да байқады. Осыдан кейін ғана мен шынайы ақындық деңгейге көтерілдім. Оған дейінгі дүниелеріме өз көңілім толмайды. Оларды қайтадан бастырғым да келмейді, шыны керек.





Жас елуге келді. Елуден кейін керемет дүние тудырам деудің өзі қиын нәрсе. Әсіресе ақындар үшін. Құдай төтесінен бірдеңесін беріп, жақсы дүние туып жатса көрерміз. Аз ба, көп пе, жақсы ма, жаман ба, осы күнге шейін халқыма берген дүниелеріме тәубе деймін. Егер соның ішінен елдің есінде қалатын он өлеңім болса жетеді. Он шақты әнім қалса жетіп жатыр. Менсіз де қазақтың әдебиеті, мәдениеті алтын мен інжу-маржандарға толы. Тіпті мен болмаған күннің өзінде де қазақ әдебиетіне келіп-кетері жоқ. Ал мен осы үлкен әдебиетке тамшыдай үлес қоссам өзімді бақыттымын деп есептеймін. Жоғалып кетсем тағы да өкінбеймін. Жоғалған ақынның, жоғалған таланттың бас-аяғы мен емеспін... ол тағдырдың ісі.

Ең бастысы, жарық дүниеге келіп, сүйініп, күйініп, сүрініп, тұрып, күліп, жылап, шалқып, қамығып, ел қатарлы өмір сүрдік. Құдайға тәуба, ұрпағымыз бар. Адам үшін қажетті дүниенің бәрі де менде бар. Құдай маған талант берді. Өмірімді өлеңмен өрнектедім. Одан асқан не бақыт керек?!

Тәуба, тәуба, тәуба деймін...

*Әңгімелескен Талаптан Ахметжан,  
жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты*



## ӘННІҢ СӨЗІ – ПОЭЗИЯНЫҢ МАРЖАНЫ БОЛУ КЕРЕК

– *Қазіргі қазақ әндеріне жазылып жүрген сөздер сізді қанағаттандыра ма?*

– Өз басым әнге жазылған сөз кешегі Абайдың, Шәкәрімнің, Әсеттің, Үкілі Ыбырайдың әндеріндегі биіктігінде көрінсе деймін. Жалпы әннің сөзі өлеңнің ең бір тазасы, судай мөлдірі болуға тиіс. Онда терең мағына, мән ғана емес, адамның көңіл күйін, ішкі жан дүниесін жарқырата ашардай сезім жатуы керек.

Ал енді бүгінгі әндер жайына келсек, ішінара болмаса, көпшілігінің сөздерінің деңгейі төмен. Біз оны құлдыратып, аздырып алдық. Тіпті 50-60-жылдар ішіндегі М. Әлімбаев, Т. Молдағалиев, Н. Әлімқұловтар көтерген деңгейден көп төмендеп кетті. Кейінгі тұстары М. Мақатаевтың сөздерімен ән көтерілді. Өзі қайтыс болардың алдындағы біраз жазғандары болмаса, арнайы әнге жазбаған. Бірақ Мұқағалидың өлеңдерінің өзі-ақ әнге сұранып тұр. Музыка мен поэзияның астасып жатқанын осыдан көруге болады. Ел ішінде Мұқағалидың әндері неге көп айтылады? Себебі олар елдің тағдырымен, ұлттық дәстүрімен тамырласып жатыр, халықтың көкейіндегісін дөп басады. Кейде орташа әндерді ақынның сөзі көтеріп тұратыны болады. Ал кей жағдайда керемет жақсы сөздерді нашар ән өлтіріп алады.

– *Осындай әні нашар, сөзі жақсы немесе керісінше әндерге мысал келтіре аласыз ба?*

– Мысалы, Исрайыл Сапарбайдың әндеріндегі әуен мен сөз бірін-бірі тауып тұр деп айтуға болады. Сосын біздің қатарымызда Серік Тұрғынбеков әнге жақсы сөздер жазып жүр. Ал енді бір жақсы ән айтылып жүр, мынадай жол бар: «...сағындым, әке, иісіңді». Айтылған кезде «иісіңді» сөзі «итіңді» болып естіледі.



Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелейтін, қазақ қылып шығаратын – музыка ғой. Енді осы музыкадан айырылсақ, жағдайымыздың қиындағаны. Себебі ұлттық музыка құлағына сіңбеген бала ертең тәуелсіздігімізге де, ұлтына да, мемлекетке де немқұрайдылықпен қарайды. Оларға кінә арта алмаймыз, олардың санасына ұлттық сазымызды сіңіре алмаған өзіміз.

Қазіргі халыққа газет-журнал жете бермейді, кітап оқи бермейді. Көпшілігі, соның ішінде жастар да, теледидарға көз салып, радиоға құлақ түреді. Осы кезде ұлттық музыкамызды тазаламасақ, оның қайнар бұлағының лайланғаны – лайланған.

**– Ол үшін өнер адамдарының өздері талғампаз болуы керек шығар?**

– Әрине, солай болу керек. Өнер адамдарын төмен деп айта алмаймын. Бізде нағыз ақындар, нағыз композиторлар бар. Бірақ бізді құртып отырғандар – жолдан қосылған көлденең көк аттылар.

Бұрын бақылау жасап отыратын комитет бар-тын, әндердің бәрі коллегиядан өтетін, солар бекіткеннен кейін ғана эфирге жіберілетін. Қазір кімнің мүмкіндігі бар, кімнің ақшасы бар, сол эфирді босатпайтын болды.

**– Кейінгі кезде Бекболат Тілеуханның «Елім менің» әні гимнге лайық деген сөздер жиі айтылып жүр. Осындай бағыттағы, жоғары рухты, патриоттық әндер аз болғандықтан болар деп ойлаймыз. Сіздің ойыңызша ше?**

– Ол рас. Бұл ән – халықтың көкейінен шығып жүрген жақсы ән болғандықтан гимн етіп қабылдасақ деп айтылып жүрсе керек. Гимн қандай болғанда да осы әннің деңгейінен төмен болмауы керек. Осындай пікірлердің көптеп айтылуының себебі неде? Төлебаев жазған музыкаға баға бере алмаймын, маман емеспін. Ал оның сөзі кезінде неше түрлі жолдармен өтіп кетті. Әуелі Есенғали Раушанов, Иран-Ғайып, Нұрлан Оразалин және мен төртеуіміз жазған сөз өткен болатын. Кейін Пар-



ламентке барғанда өйтіп-бүйтіп жүріп, шалдардың сақалының арқасында бүгінгі текст өтіп кетті. Оның сөзі мемлекеттің рухын көтере алмайтын әлжуаз, ұйқасының өзі төмен. Сондықтан сөзін қайта жазу керек.

– *Әнге жазылған өлең поэзия болуы керек пе?*

– Әлбетте, поэзия болуы керек! Поэзия мен ән бірдей ғой, поэзия болмаған жерде ән де болмайды. Менің ұғымымша, әнші, саз, поэзия бірігіп жақсы ән құрайды.

Абайдың «Айттым сәлем, қаламқас», Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» сияқты әндерінің немесе халық әндерінің әуенін алып тастап, өлеңін оқыңызшы, таза поэзия, әрқайсысында образ жатыр. Алтынды құмның ішінен шайқап, екшеп алады ғой, сол секілді әннің сөзі де поэзияның маржаны, шайқап алған алтыны болуы керек.

Әсіресе Әсет Найманбаевтың әндерінде артық бір сөз жоқ, поэзияның озық үлгісі. Әсеттің сөзіндей бір сөз жазсам арманым жоқ. Соған жете алмай жүрмін.

Қазір ше? Күлдібадам бірдеңені алады да, ән шығарып, эфирге береді. Әннің сөзі екінші кезекке қалдырылып, «әуеннің ырғағына, буын санына келсе болды» деп жүргендер қатты қателеседі. Ән өнерінің құлдырауының басты себебі осында.

– *Жәнібек Кәрменовтің «Ағалар-ай» әні белгілі бір себептерге байланысты туып па еді?*

– Жұрт солай деп айтып жүр. Бірақ шындығында олай емес. Өзімнің алдымдағы буын – ағаларға, бүгінгі ел ағалары Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов сияқты ағаларыма емес, олардың алдындағы буынға қатысты жазылған өлең еді. Әуел баста жазылғанда, ән шығартсам деген ой болған жоқ.

Жазушылар одағында істеп жүргенде үлкен ағаларымның елдің мүддесі талқыға түсерде пендешілікке барған, көңілге сыймайтын істерін көріп жүріп, ішкі сарайыма сыймай, со-

дан туындаған өлең-тін. Арнайы әнге бола жазбадым, формасы да қызық болды. Кейіннен «Ән жазса қалай болады?» деп Жәнібекке бердім. Ол үш жылдай ұстады. Кейін Жәкең дүниеден өтті, сол күйінде қалған еді. Содан Жәнібектің 50 жылдығында осы әнді оның шәкірті Рамазан Стамғазиев орындап шықты. Өлерінен аз бұрын студияда Рамазанға бірекі рет қағып үйреткен көрінеді. Рамазан өзі пісіріп, құлпыртып жіберді. Жәкеңнің жұрт естімеген бір әнін осылай тыңдарманға жеткізді. Өнерге, ұстазға деген адалдықты осы Рамазаннан көріп риза болдым.

**– Сөз жазған әндердің ішінен өзіңіз өте жоғары бағалайтын, жүрегіңізге жақын қай әнді ерекше атар едіңіз?**

– Ең бірінші «Ән-домбыра» әнін атар едім. Содан соң Ақселеу Сейдімбековтің «Сарыарқа» мен «Дәурен-ай» әндерін жоғары бағалаймын. Кез келген әнші орындай алмайтын әндер. Жәнібектен кейін қазір Бекболат орындап жүр. Кейініректегі әндерден ұнайтыны: Тұрсынжан Шапайдың әні – «Арман». Бұл әнді ел де жылы қабылдады. Тағы да айтар болсам, Секен Тұрысбековтің әндері де көңіліме жақын, жүрегіме жылы тиетін әндер.

**– Қазақ әдебиетінің тарихында әннің сөзін жазушы ретінде ме немесе жазбаша ақын ретінде ме, қайсысы болып қалам деп ойлайсыз?**

– Мен жалпы әнге көп еңбек сіңірдім деп ойлаймын. Жиырма-отыз әнге сөз жазыппын. Кесіп-пішіп айту қиын, қаламыз ба, қалмаймыз ба – оны халықтың талғамы біледі, болашақ көрсетер.

**– Кейінгі поэзияға, жас ақындарға көңіліңіз тола ма?**

– Жастарды жиі оқимын. Бір байқағаным, жастарда табиғилық сезіле бермейді. Ұйқасы жақсы, жалт-жұлт етіп тұрады. Дегенмен, Абай салған дәстүрдегі көркемдік қарпайымдылық жетіспейді. Бірақ жастар талантты, тегеурінді, көп оқитындары

көрініп тұрады. Бір айтарым: ұлттық өнерден, тілден, нәрден, тамырдан ажырамаса екен. Қазіргі поэзия жалаңаш, баяндау басым. Образбен, тұспалмен айтатын нәрсені баяндай салады.

**– Сіздер шыққан ауыл – қаймағы бұзылмаған қазақы ауыл еді. Кейінгі жастар қайта құру, батыс легі жеткен тұстағы аласапыранда өсті. Бәлкім, содан болар?..**

– Иә, біздің бала кезімізде жөн білетін, сарынды ақсақалдар бар еді. Бұлардың тұсында кешегі анау комбикорм ұрлаған, шопыр болып жүрген жігіттер шал болды. Ол несін айтады? Мұны жастардың кінәсі емес, заманның зобалаңы деп ұғам.

**– Сіз өзіңіз білетін, өз қатарыңыздағы, сізден үлкен ақын-жазушылардың көбінің балалары қазақша білмейді, орыс тілінде сөйлейді. Сол туралы...**

– Дәл сол баласы қазақша білмейтін жазушыны жазушы демес ем.

Кезінде Шона Смаханұлы талай мектептер ашып кетті ғой, сол кісі бір жиналыста айтып еді «Анау отырған Әбділда Тәжібаевтың, Ғабит Мүсіреповтің, тағы біразының (сол қатардағы) балалары қазақша білмейді. Өздері қазақ әдебиетінің төрінде отырады, әдебиеттің қамын ойлайды, егер балалары қазақша білмесе, олардың жазғаны кімге керек?» деп. Тұрсынбек Кәкішев «Кезінде заман солай болды, қателестік. Балаларымыздан айрылып қалдық, енді балаларымыздың бауырындағы немерелерімізді қайтарып, қазақша тәрбиелесек, кешегі қатемізді түзерміз» деген ой айтқан еді. Бәріміз осылай қателігімізді мойындай отырып, осындай батыл іске баруымыз керек.

**– Қалай дегенмен де, жалпы өнерге көз жіберсек, бәрібір әдебиетшілерде қозғалыс бар, халықтың қамын ойлап қозғалады, басқа өнер адамдары неге қимылсыз?**

– Мұның себебі, қанша дегенмен, ақын-жазушылар шығармасын қазақша жазады. Тілге байланысты. Музыка мен сурет-

те тіл жоқ. Олардың көпшілігі орыс ортасында тәрбиеленген, кейбірі қазақша білмейді. Олардың өнерін нағыз қазақ өнері деп айта алмаймын, бұлардың бәрі – жартыкеш өнер. Кеңес заманындағы бір қасірет – бұларды біз қазақ өнері деп танып жүрміз. Мысалы, бір суретшінің (кім екені нақты есімде жоқ) туындысында сиырды сол жағынан сауып отыр, атқа сол жағынан мініп жатыр. Ау, қазақта атқа сол жақтан мінгенді қайдан көрдіңіз? Сиырды оң жағынан сауады...

«Құлагер» фильмінде Құлагердің жалы жерге төгіліп тұр. Бәйге атының жалы ұзын болмаған ешқашан. Шауып келе жатып, тағасы ұшып кетеді. Қазақ бәйге атты тағалап қоспайды, табаны қызып кетеді. Міне, кино, музыка, сурет өнерлері маңайында жүргендер қазақтың өмірін, дәстүрін, ұлттық ерекшелігін жете біле бермейді. Осыдан кейін өнеріміздің шекесі қызбайды, әрине.

– **Не істеу керек?**

– Ол үшін мемлекет басшысы мен қарпайым қазаққа дейінгі аралықтағылар тұтас болу керек. Ырың-жырың жүзге бөлініп, билікке таласып жүргенде барымыздан айырыламыз. Сондықтан, өкімет қана емес, әрбір қазақ ойлану керек. Экономика көтерілер, жағдайымыз жақсарар. Бірақ рухани өмірімізді тұралатып алсақ, қайта тұрғызу оңайға соқпайды.

– **Өзіңізге қатысты немесе құрдастарыңыз жайлы бір қызық әңгіме айтып берсеңіз...**

– Тұрсын (Жұртбай), марқұм Жәнібек (Кәрменов) – бәріміз құрдаспыз. Олар менің сыртымнан ыңғай өтірік айтып жүреді. Бірде үшеуіміз демалуға Алакөлге бардық. Жылда баратынбыз. Бір күні олар қайыққа мініп балыққа кетті, мен қалдым. Бес-алты балықтары бар, оралған соң олар «Уха деген болады. Балықтың сорпасы, керемет дәмді» деді. Мен Арқаның баласымын, оны қайдан білейін, солардан естідім. Екеуі маған уха жасауды тапсырды да, өздері ұйықтап қалды. Балықты қазанға салдым, «үш



рет қайнатасың» дегені есімде, қайнаған соң суын төгіп, таза су құйып тағы қайнаттым, сөйтіп үш рет қайнатып отырмын, суы мөп-мөлдір, балық аппақ қайыңдай болды. Үшінші рет қайнаған соң екеуін ояттым. Жәнібек тамақсаулау еді, атып тұрып, «Қарға бойлы Қазтуған (мені солай атаушы еді – Н.А.), жақсы болды ғой» деп қазанды ашып қалып, көзі бақырайып, маған тұра ұмтылды. Сөйтсем, үш рет суды емес, балықты ауыстыру керек екен ғой. Мен қайдан білейін...

**Сұхбаттасқан Нәзира Сәрсек.**

*«Жас Алаш» газеті*





## ЖАСТАРДАН КӨП ҮМІТ КҮТЕМІН

– Қызмет бабымен Астанаға ауысқаныңызға көп бола қойған жоқ. Бауыр баса қоймасаңыз да, елорданың тірлігіне етіңіз үйрене бастаған шығар? Астанада арқалы ақын-жазушылардың бар екенін білсек те, әдеби орта жоқ дегенді жиі естіп қаламыз. Көңіліңіз қоңылтақсып жүрген жоқ па?

– Астанада әдеби де, мәдени де орта бар. Қалыптасып келеді. Өнер, мәдениет, әдебиет қайраткерлері де аз емес. Түрлі әдеби, мәдени шаралар өтіп жатады. Көптеген ақын-жазушылармен кездесулер өткізіледі. Атқарылып жатқан мұндай игілікті істерді тізе берсек, ұзақ әңгіме.

Мәселен, мен бір ғана сала бойынша айтайын. Астанада Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Төлен Әбдіков, Алтыншаш Жағанова, Рымғали Нұрғали, Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбек, Ұлықбек Есдәулет, Қойшығара Салғарин, Ерік Асқаров, Серік Тұрғынбеков, Тұрсын Жұртбай сияқты әдебиетіміз бен мәдениетіміздің мақтанышы боларлық тұлғалар қызмет істеп, еңбек етуде. Осының өзі-ақ Астанада әдеби орта жоқ деген сөзді жоққа шығара алатын шығар деп ойлаймын. Ал мұнда келіп жатқан өнер адамдары қаншама. Атақты күйші Секен Тұрысбековтің ансамблі келді. Талантты жастар да жыл өткен сайын көбейіп келеді. Тағы бір айта кететін мәселе, Еуразия ұлттық университеті Астанадағы Жазушылар одағының орнын жоқтатпай, қаламгерлер қауымына үлкен ықылас-пейіл танытып жүр. Университет жанынан Мағжан Жұмабаев атындағы бірлестік ашылды. Енді Еуразия рухани орталығын ашсақ деген ойымыз бар.

Бір сөзбен айтқанда, Астанамызда мәдени, әдеби орта да қалыптасып келе жатыр деп нық сеніммен айта аламын.

Ал жалпы еліміз бойынша айтсақ, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары мәдениет пен өнерге деген шетқақпайлықтың бол-

ғаны рас. Ол өліра кезеңнің өтпелі тіршіліктері еді ғой. Ел болатын ел ең алдымен мәдениетке көңіл бөлу керек.

Ұлттық өнеріміз бен әдебиетіміздің өсуі мен дамуына қамқорлық жасап, үнемі демеп отырған жөн. Жаңа өзіңіз де айттып өттіңіз, қазір шын мәнінде ұлттық мәдениетке деген жаңа көзқарас қалыптасып келеді.

Кітап шығару ісі өз шешімін тапқан сыңайлы.

Менің ойымша, жақсы кітап, құнды еңбек енді ешуақытта тартпада жатпайтын болады. Иманғали Тасмағамбетовтің «Отырар кітапханасы» деген сериямен шығарып жатқан кітаптарының өзі ауыз толтырып айтқандай жаңалық емес пе?! Енді осы дәстүр жалғасын тапса екен деген тілек бар. Тағы бір айтайын дегеніміз, кітап шығару ісіне үлкен жауапкершілікпен қарау керек сияқты. Көркемдік сапасына да үлкен мән берген жөн. Таңдаулы деген, сапалы кітаптар шығарылса екен деген тілек қой баяғы біздікі.

*– Республикалық «Жұлдыз» журналы өмірден ерте кеткен талантты Артығали Ыбыраев атындағы жас ақындар мүшәйрасын жариялап, игілікті іске мұрындық болып отырғанын білеміз. Сіз осы мүшәйраны ұйымдастырушылардың бірісіз. Бүгін осы мүшәйраның қорытынды кеші өтеді. Ойдан шықты ма?*

– «Жұлдыз» журналының Артығали атындағы мүшәйра өткізудегі басты мақсаты – ақынның мұраларын насихаттау, сондай-ақ жас есімдерді ашу һәм таныту еді. Ол мақсатқа жеттік пе, жетпедік пе – оны жұрт айта жатар. Ал біз алдымызға қойған мақсатымызға қол жеткіздік қой деп ойлаймын.

Артығали Ыбыраев – өмірден ерте кеткен талантты ақын, соңында бар-жоғы екі баспа табақтай өлеңдері қалған. Бұл, әрине, аздық етпейді. Саннан гөрі сапаға көңіл қою керек. Бір өлеңімен де әдебиет тарихында қалған ақындар баршылық. Біз алғашында жүрексініп, күдіктенген едік. Қазір күдігіміз сөйліп, үмітіміз толық ақталды ғой деп ойлаймыз. «Жұлдыз»



журналының хат қоржынына жүзге тарта талапкердің өлеңі келіп түсті. Біз солардың таңдаулыларын ғана жарияладық. Жаңа есімдерді де аштық қой деп ойлаймын.

Ең басты демеушіміз – Артығалидың бауыры Рысқали Ыбыраев. Әрине, басқа да демеушілер таптық.

**– Сіз қазіргі қазақ өлеңі туралы ойланасыз ба, қазақ поэзиясының болашағы жөнінде не айтасыз? Қазақ жырында өсу байқала ма?**

– Жалпы өнер, оның ішінде өлең жөнінде де әркімнің өз пікірі бар ғой. Мен қазақ өлеңінің ұлттық дәстүрінде қалыптасқан ақынмын. Әрине, бәрін білу керек. Көп оқып, көп іздену қажет.

Мен қазақ өлеңінің болашағына үміт арта отырып, қорқамын. Образбен сөйлеу, ешкім айтпаған ойды емеурінмен білдіру азайып барады. Жалпы поэзияның құпиясы терең ғой. Мағжандардан кейін рухымыз жаншылды, өлеңіміз сәл сұрғылттау тартқаны рас. Біз жетпісінші жылдардағы биікке әлі жете алмай келеміз. Сол биіктердің шыңын бағындырған Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, одан кейін Темірхан Медетбек, Серік Тұрғынбеков, Жүрсін Ерман, бізден кейінгі буын Есенғали, Ұлықбектердің дәреже-деңгейіне қол жеткізу керек сияқты. Жиырмамыншы ғасырдағы ақындардың үлкен шоғыры осымен түйінделеді. Ал талантты жастар көп. Әсіресе кейінгі кезде ақын қыз-келіншектер шығармашылығы қызықтырып жүр. Жастардан көп үміт күтемін.

**– Кейінгі кездері қандай жақсы кітап оқыдыңыз?**

– Ең бірінші оқыған жақсы кітабым – Тұрсынжан Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» атты сын еңбегі. Шынымды айтсам, қатты таңғалдырды, тамсандым, риза болдым. Екіншісі – Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітап» деп аталатын үлкен жыр жинағы. Мен бұл кітаптан Ұлықбектің ұлт ақыны деңгейіне көтерілгенін көрдім. Дәл бүгін қазақ поэзиясы қандай жетістікке жетті десеңіз, осы кітапты атар едім.



Орайы келгенде айта кетейін, қазақ баспасөзі өлеңге таршылық жасамаса екен деймін. Іште жүрген ой еді. Мәселен, жақында «Қазақ әдебиеті» газеті ақын Жүрсін Ерманның қос беттік өлеңдер топтамасын жариялады. Қандай жарасымды, жақсы өлеңдер. Жақсы өлеңдердің көлемі қанша болса да, өзін өзі ақтайтынына көзіміз жетті. Жалпы Жүрсін – үлкен ақын, өлеңдері алмас сияқты жарқылдап тұрады. Менің айтайын дегенім – қазақ баспасөзі қазақ өлеңіне көбірек орын берсе екен деген ой. Әсіресе жастарға қамқорлық жасау керек сияқты. Жаңа тыныс келе жатыр.

*– Жалпы әдебиет әлемінде ақындық мектептер, ағымдар көп. Сіз өлеңнің мазмұнына, яғни сөзіне, тіліне көп көңіл бөлесіз. Әр сөзіңізде қорғасындай салмақ бар. Дегенмен, ақындық өнер сөзден сұлу сарай тұрғызу емес шығар?..*

– Жоғарыда айттым ғой, менің мектебім – қазақтың қара өлеңі. Абайдан, оның алдындағы жыраулық дәстүрден үлгі алдық, үйрендік. Жан-жағымызға қарадық, көз салдық.

Ана тіліміздің уызымен өстік, тәрбиелендік. Жалпы менің ұғымымда, поэзия деген – адамның көңіл күйі. Қайғыруы, күлуі. Ал оны шығара ала ма, алмай ма – екінші мәселе. Ақындық деген – қабілет, іштегі көркем ойды кестелі оймен көпшілікке ұсына білу, көптің көкейдегісін тап басу. Өнердің құдіреті осы.

*– Әдебиет, жалпы өнер салыстыру арқылы, оқып-білу арқылы өсетіні белгілі. Ол үшін аударма мәселесін қолға алу керек сияқты. Бұрынғыдай емес, қазір бізде аударма мәселесі жылы жабылып тасталған сияқты.*

– Кеңес өкіметі тұсында аудармаға көп көңіл бөлінгені рас. Ал қазір аударма мәселесі мүлде ақсап қалды. Аудармашылар жоқ емес, бар. Соларды орнымен пайдалану жағы кемшін. Яғни, мәселе басқада. Меніңше, бұның бәрі қаржыға кеп тіреледі. Төккен терлері, еткен еңбектері еш болып, желге ұшса, кім аудармаға жолай қойсын? Еңбек өтелмесе, қаламақы төленбесе, аударманың көсегесі көгермесі анық. Жарайды,



өзіміз үшін-ақ аударалық делік, ал оның жарыққа шығуына кім кепілдік бере алады?

Бізде аударманың небір озық үлгілері бар. Арыға бармай-ақ, беріден бастасақ, Ғафу Қайырбеков, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Сағи Жиенбаев, Қуандық Шаңғытбаев сынды қазақ әдебиетінің ірі өкілдері жасаған классикалық үлгілерін айтсақ та жеткілікті шығар. Сөз жоқ, өлеңді аудару қиын. Өлеңнің ішіне енуің керек. Автордың көңіл күйін сезінуің қажет. Сол шығармасын аударып отырған қаламгердің дәреже-деңгейінен төмен түспейтіндей, шама жетіңкірейтіндей қабілет-қарымың болуы шарт. Сонда ғана дiттеген мақсатыңа қол жеткізе аласың. Сондықтан әдебиеттің көркейіп, өсуі үшін аударма ауадай қажет. Онсыз алысқа ұзай алмайсың. Әрине, кез келген күлдібадам дүниені аударуға болмас. Әлем әдебиетінің озық үлгілерін, асылдары мен жауһарларын ғана іріктеп, қазақ ұлтының қажетіне жарайтын хас үлгілерін көптеп аудару күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе болуға тиіс.

Жоғарыда айтқанымыздай, бізде аудармашылардың үлкен мектебі қалыптасып келе жатыр еді. Сол бір жақсы дәстүрдің құрдымға кетер түрі бар. Сол себепті де бұл бағытта жаңа бір серпіліс-серпіндер қажет сияқты.

**– Әдебиеттегі насихатқа қалай қарайсыз? Қазір қолдан классик жасайтындар көбейіп бара жатқан жоқ па?**

– Қолдан дақпырт ұйымдастыруға болар, бірақ данышпан жасай алмайсың.

Жалған дақпырттардың бәрі ертең далада қалады. Уақытша ұпай жинауы мүмкін. Бәрібір уақыт бәрін өз орнына қояды. Тек бір нәрсеге қынжыламыз, олар көркем ойдың дамуын тежеп, жалған таным қалыптастыруы мүмкін.

Қазір әдебиетке көлденең көк аттылар төрелік айтатын болды. Қалай жазуды үйрететіндер көбейіп кетті. Өздерінің қортық танымын өзгелерге де таңғылары келеді.



Ал бізде үлкен әдебиет бар. Олардың кейбіреуі уақыттың сүзгісінен өткен. Жалпы кез келген жақсы шығарма танымның, зерденің, түйсіктің сүзгісінен өтіп барып, әдебиеттің алтын қорына қосылатыны белгілі. Одан басқаның бәрі уақыттық дүниелер.

**– Сын жанрына да мұрын шүйіре қарау басым. Бұл жанр біреуді сынап-мінеудің құралы ғана сияқты көрінеді. Ал, шынтуайтқа келгенде, мүлде олай емес қой. Сын да әдебиеттің басқа жанрлары сияқты шығармашылық ойдың жемісі емес пе?**

– Бұл пікіріңе қосыламын. Сынмен айналысу – қабілет-қарыммен қоса, үлкен білім-біліктілікті талап етеді. Ол үшін көкірегіңде көз болу керек. Көркем шығарманың ішкі әлеміне тереңдей бойлау қажет. Сондықтан сыни дүниелерді көркем шығарма деп қарастыру керек. Мәселен, поэзия – өте нәзік нәрсе. Сондықтан өлеңнің өзіндей нәзік көзбен қарайтын сыншылар керек. Тұқырға даттайтын, құрғақ мақтайтын сындардың қажеті жоқ. Ондай сындар авторға да, әдебиетке де өз кесірін тигізери сөзсіз. Ондай жалдамалы сындармен ешкім шың басына шыға алмайды. Көркем шығарма жалған дақпыртсыз, халықтың жүрегіне жол тапқанда ғана, көңіліне орныққанда ғана барып мәңгілік жасамақ.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбатты жүргізген Думан Рамазан.**

«Қазақ әдебиеті», 2001 жыл



## ЗИЯЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ

Өткен жылы рухани әлемімізге «қан жүгірткен» елеулі оқиға болды. Ол – «Мәдени мұра» бағдарламасының қабылдануы еді. Шынында да, мәдени мұра мәселесіне мемлекет тарапынан үлкен мән берілуі баршамызды қуантты. Енді бұл бағдарлама дұрыс жолмен, жүйелі түрде жүзеге асса, ұлттық мәдениетімізде қордаланып қалған талай мәселелердің түйіні шешілуге тиіс. Согоан сай рухани дүниеміздің өркендеп, құндылықтарымыздың мольға түсетініне сеніміміз мол.

Әрине, жас мемлекеттің мәдениет әлемінде ашылмай жатқан сырлары көп. Бәрін бір уақытта жедел жүзеге асыру мүмкін де емес. Асығыс жасалған істің нәтижесі аз болады. Сондықтан неден бастау керек, қаржыны әуелі неге жұмсаған жөн? Бұл да ойланатын жайт. Ал осы жөнінде зиялы қауым өкілдері не дейді? Біз белгілі ақын, «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының аға қызметкері Несіпбек Айтұлына жолығып, «Мәдени мұра» бағдарламасы төңірегінде ой өрбіткен едік.

**– Несіпбек Айтұлы, дәстүрлі мәдениетімізді жаңғырту, бар мен жоғымызды түгендеу мақсатында қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ең бірінші нендей мәселелерге басты көңіл аудару керек, жалпы бұл бағдарламаның маңызы қандай болмақ?**

– Ұлттық құндылықтарымызды түгендеуге, мәдениетіміздің кең қанат жаюына Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қомақты жұмыстар қолға алынып жатыр. Бұл істің басында Мемлекеттік хатшы, өнер жанашыры Иманғали Тасмағамбетовтің өзі жүруі көңілге қуаныш ұялатады.

Меніңше, «Мәдени мұра» дегенді белгілі бір уақытқа мөлшерлеп, науқанға айналдырудың қажеті жоқ. Бұл – бүгін де, болашақта да үздіксіз жүргізіліп жатуы тиіс шаруа. Мәдени мұра

ең бірінші – біздің тарихымыз. Сондықтан ең әуелі тарихымызға қатысты дүниелерді жинақтаған жөн. Бізге еш қоспасыз, нақты тарих қажет. Археологиялық қазба байлықтарды құнттап, көне қалаларымыздың орнындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтірсек, тарихымыздың тұтастығы да осылардан құралмай ма. Сондай-ақ өнер саласында да қордаланып жатқан жайттар жетерлік. Халықтың аузында жүрген музыкалық мұралар қаншама. Қазақтың ауыз әдебиетінде де әлі жинақталмай жатқан жазбалар көп. Марқұм болып кеткен көптеген ақын-жазушылардың мұралары шашылып қалды, тіпті бүгінгі күні көзі тірі тұлғаларымыздың қолжазбаларын, әншілердің дауыстарын дер кезінде сақтап қалмасақ, ертең кеш болуы мүмкін. Өйткені уақыт озған сайын олардың құндылықтары да арта түспек. Күні кешегі әнші-күйшілеріміздің біраз мұралары біздің бейнекөріністерімізде бар ғой. Айталық, «Алтын қорымыздағы» Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Жәнібек Кәрменов сынды әйгілі әншілеріміздің таспада жазылған дауыстары қазір тоза бастаған. Осылардың бәрі жаңа технологиялық құралдар арқылы сапалы таспаларға қайта көшіріп, жазылып алынуы керек. Көне қолжазбаларымыз бен кітаптарымызды да жинақтайтын кез келді. Өзім қызмет ететін «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының өзінде қаншама көне әрі сирек кездесетін қолжазбалар бар. Соның көбін өзіміз іздеп тауып, жинақтап алдық. Талай көне кітаптардың жекелеген адамдардың қолында немесе басқа өңірлерде бар екендігін көзіміз көріп отыр. Соларды жинастырып алу керек. Осы мұраларды сатып алғымыз-ақ келеді. Бірақ оған «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының мүмкіндігі жете бермейді. Бұған нақты қаржы бөліну керек деп ойлаймын. Ғылыми орталықтың да келешекте керегесін кеңейтіп, өрісін ұзартқан жөн.

Мәдени мұра дегеніміз – тек өткенді жинау емес. Ол айтылған ән, жазылған кітап, жасалған өнер туындысымен ғана



шектелмейді. Мәдени мұра – бұл көзі тірі тұлғалар, зиялы қауым өкілдері. Олардың мұралары. Бүгінгі күні көптеген ақын-жазушыларымыздың кітаптары басылмай жатыр. Талантты әншілеріміз қол қысқалығынан танылмауда. Оның есесіне рухани әлемімізде көлденең көк аттылар көбейді. Кімнің қалтасында қаржысы бар, солар сахнаны жаулап алды. Жазушы еместер кітап шығаратын болды, «қалталылар» қолдан батыр жасап жатыр. Көрінгеннің әкесі батыр, би-шешен болып кетті. Кез келген бай адам аты тарихта жоқ, белгісіз атасының атынан түрлі байқаулар ұйымдастыра бастады. Міне, тізе берсек, осы сияқты сорақылықтар қаптап кетті. Осылардың бәрін жөнге келтіру керек. Алтынды топырақтан ажырататын кез келді. «Мәдени мұра» бағдарламасының да маңызы осында.

**– Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында «Мәдени-рухани даму жөніндегі шаралардың ішінде біздің бас қаламыздың мәдени ортасын қалыптастыруға айрықша назар аударылуы тиіс» деген еді. Сіздің көзқарасыңыз бойынша Астанада мәдени орта қалыптасты ма, осы орайда өткізіліп жатқан іс-шараларға көңіліңіз тола ма?**

– Астанада мәдени органы қалыптастыру – Президентіміздің елорданы көшірген күннен бастап айтып келе жатқан тапсырмасы. Құдайға шүкір, бас қаламызда мәдени орта қалыптасып келеді. Айталық, быттырғыны биылғымен салыстыра алмайсыз. Мәдени деңгейі өсіп келеді. Астанаға ағылып жатқан елімізге танымал мәдениет, әдебиет, өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қаншама. Басқаны былай қойғанда, елордада нақты 152 Жазушылар одағының мүшесі бар екен. Бұл көршіміз Қырғызстанның Жазушылар одағы мүшелерімен пара-пар. Мен білсем, республикада 600-ге жуық Жазушылар одағының мүшесі бар. Оның тең жартысындай бөлігі басқа қалаларда, ауылдық елді мекендерде тұрады. Сонда бас қалада 150-дей жазушы тұрады дегеніміз – әдебиеттің ықпалды өкілдері де осын-

да деген сөз. Ал Жазушылар одағына мүше еместері қаншама. Талантты жас ақын-жазушылар да елордада баршылық. Демек, Астанада зиялы қауым ортасы қалыптасып үлгерді. Алайда мәдени ортаны нақты қалыптастыру үшін әлі де көптеген іс-шаралар қажет. Айталық, Алматыдағы Жазушылар одағын Астанаға көшіру керек. Негізі басты мәдениет ошақтары Астанада қалыптасуы тиіс. Алматыдағылар, керісінше, филиалы болып қалған жөн. Сонымен қатар «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» сынды ықпалды басылымдарды да елордаға әкелген дұрыс деп ойлаймын.

Әрине, мәдени ортаны қалыптастыру осы саладағы адамдардың әлеуметтік жағдайына көп байланысты. Әуелі соларға көңіл бөлу керек. Қазір шақырылған азаматтардың өзі үйсіз-күйсіз жүр. Өзіңіз білесіз, зиялы қауым өкілдерінің үй сатып алатын қаржысы да жоқ. Сондықтан да мәдениетті жасаушыларға жағдай жасамасақ, мәдени орта ешқашан қалыптаспайды.

Ал қазір Астанада ұлттық өнерге деген жанашыр көзқарас жақсы. Осы орайда атқарылып жатқан істер баршылық. Бұған өзім де куәмін. Бүгінде елорда сахналарында аптасына кемінде 1 рет концерт немесе түрлі рухани шаралар өтіп жатады. Шетелдердің әйгілі жұлдыздары өнер көрсетеді. Кейде бұған сын айтушылар да бар. Меніңше, бұдан үркудің қажеті жоқ. Өйткені сыртқы елдермен рухани-мәдени алмасу – қашанда қажет мәселе. Ол біздің ішкі-сыртқы саясатымызға оң әсерін тигізеді. Рас, ұлттық өнеріміз қағажу көрмеу керек. Ол бірінші кезекте насихатталуы тиісті. Бірақ шетелдермен рухани байланыс та қажет.

Астана еліміздің мәдениет пен өнердің басты орталығы болып қалыптасуы үшін мұнда көптеген жұмыстар атқарылуда. Осы орайда Астана әкімі Темірхан Досмұханбетов және әкімнің орынбасары Төлеген Мұхамеджановтың еңбегі ерекше.

***– Еуразия ұлттық университеті – зиялы қауым өкілдері шоғырланған басты рухани ордамыз ғой. Университет-***





**те елімізге танымал ғалымдар, белгілі айтыс ақындары жұмыс істейді. Бұл зиялы қауым өкілдері «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қандай шаралар атқарып жатыр?**

– Астанада мәдени ортаның қалыптасып, дамуына бірден-бір ықпал етіп отырған орта – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Мұнда ата-бабамыздан мұра болып қалған қаншама дүниелер бар. Көне Күлтегіннің көктасы, Құтлұғ қағанның тас мүсіні де осында. Университетте жазу тарихы мұражайы ашылған. Бұл – бірде-бір елде жоқ құнды мұражай. Сондай-ақ, университет аясында ақындардың мұраларын зерттейтін зертхана ашылды. Онда қазақтың ауыз әдебиетін түбегейлі зерттеп, соған қатысты мағлұматтарды жинақтап отырмыз. Қазіргі ақындар айтысының екі томдығын да шығармақ ойымыз бар. Мәдени мұраларымыздың молығуына Еуразия университеті алда көптеген іс-шараларды жүзеге асырмақ.

**– Сіз бір сөзіңізде «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында жинақталған көне қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптар туралы айтып өттіңіз. Оқырман қауымға бұл жөнінде толығырақ айтып берсеңіз.**

– «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында бүгінгі күні 300-ден аса көне кітаптар бар. Әйгілі ғалым-жазушыларымыз Әлкей Марғұлан, Сапарғали Бегалин, Тұрсынбек Кәкішев, Мұхаметжан Қаратаев, Мырзатай Жолдасбеков, Рәбиға Сыздықовалардың кітапханалары да осында. Бір ғана мысал. Сапарғали Бегалин – 90 жасап кеткен адам. Бұл кісі ауыз әдебиетін, өнер адамдарының мұраларын көп жинаған екен. Соның бір айғағы – Ілияс Жансүгіров ақталғанша оның «Құлагер» поэмасын жастығының ішіне салып сақтап келгені.

Бұрын бізде Төлеу Көбдікұлы деген ақын болған. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ақын қыз Қуандықтан туған. Қуандықтың әкесі Сабырбай – атақты Ақтайлақ





бидің кенже ұлы. Міне, сол Төлеудің Кеңес өкіметі кезінде жариялануға тыйым салынған «Арқа сарыны», «1916 жыл» толғаулары, «Ақтайлақ» атты поэмасы Сапарғали Бегалин мұрасының арасынан шығып отыр. Сондай-ақ, атақты «Біржан – Сара айтысының» авторы Әріп Тәңірбергеновтің бұрын белгісіз болып келген өлеңдерін, атақты әнші-сазгер Әсет Найманбаевқа қатысты мағлұматтарды да осы Сапекеңнің қорынан тауып алдық.

– ***Сапарғали Бегалиннің мұраларын қайдан алдыңыздар?***

– Бұл құнды мұраларды кезінде маған С. Бегалиннің баласы Хамит Бегалин әкеліп тапсырған еді. Негізі Сапарғали Бегалин – Шығыс Қазақстан өңірінің тумасы. Осы облыстың Абыралы ауданында Бегалиннің мұражайы болған. Сондағы заттардың бәрін біз осында көшірдік. С. Бегалиннің қолжазбалар мұрасында Абылай ханға, Мөңке биге, қаз дауысты Қазыбек биге, тағы басқа да тарихи тұлғаларға қатысты деректер көп. Сондай-ақ, еш жерде жарық көрмеген дастан-қиссалар да кітапхана қорында сақтаулы. Жақында осындай тың шығармалардың басын қосып, «Жеті қазына» атты кітап шығармақпыз. Осы сияқты нақты еңбектер мәдени мұрамызға үлес боп қосылары сөзсіз.

– ***Әңгімеңізге рахмет.***

***Әңгімелескен Қымбат Тоқтамұрат.***

*«Астана ақшамы» газеті.*

*2004 жыл*





## «БАЙТАҚ ЕЛІМ – БӘЙТЕРЕГІМ»

Жырсүйер қауым өлеңін іздеп жүріп оқитын ақынның бірі – Несіпбек Айтұлы. 1970 жылдардың ортасынан бері оқырманына оннан астам кітап сыйлап, желдей есетін, жебедей тесетін ұтқыр жырларымен өнер өлкесінде өзіндік өрнегін қалыптастырды. Қазақ поэзиясының қазғидасын қатаң сақтай алғандығымен оның өлеңдері рухтың ерлігін, елдің бірлігін көркем сипаттап келеді. Несіпбек ақын соңғы жылдары жазылған «Мұқағали – Желтоқсан» және «Бәйтерек» атты қос поэмасымен қазақ оқырманын тағы бір елең еткізді. Бар ғұмырында бостандықты бар болмысымен жырлап келген Несіпбек Айтұлы тәуелсіздіктің он үшінші жылында «Парасат» орденімен марапатталды. Бұған дейін де Қазақстан Жазушылар одағының М. Мақатаев атындағы және Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтардың иегері атанған қазақтың көрнекті ақыны Несіпбек Айтұлымен ақын Ақылбек Манабаевтың 70 жылдығына орай Семейде болып қайтқанымда аз-кем әңгімелесудің сәті түскен еді.

**– Несіпбек аға, әуелі еңбегіңізді елеулі биіктен көрсетіп тұрған «Парасат» орденіңіз құтты болсын! Ал сұраққа келер болсам, бүгінгі шыққан биік – артта қалған сан тарау жолдардың жемісі ғой. Әңгімеңіздің басын алыстап кеткен күндердің күнделігін парақтаудан бастасаңыз. Мемлекеттік марапатқа қол жеткізуде ақындық өнеріңіздің қай қыры басым түсті деп ойлайсыз?**

– Лебізіңе рахмет, бауыр. Ақындық өнеріме келер болсам, мен өлеңді 15-16 жасымнан жаза бастадым. Шұбартау ауданының «Жаңа өмір» газетінде басылған өлеңдерімді қоспағанда, үлкен басылымдардағы алғашқы жырым 1967 жылы «Семей таңы» газетінде жарияланды. Ақындықтың туын тіккен Семейдей киелі топырақта қанат қатайтып, Абай, Дулат жырларының



сарыны қалған, қыдыр дарыған өлкенің бір пұшпағында өсіп, өнер жолында осы аймақтың намысын қорғауға жарағанымды мақтан тұтамын.

1969 жылы Шұбартаудан Алматыға кеттім. Содан кейінгі ғұмырым Алматыда жалғасты. Оқыдық, өндік, өстік дегендей. Кейінгі 4 жылда Астанада тұрып жатырмын. Жиыны 15-тей кітап шығарып, 100-дей әнге сөз жазыппын. Аудармашылыққа да аз еңбек сіңірмеген сияқтымын. Кезінде аса ірі философ Ә. Науаидың «Ескендір қорғаны» атты шығармасын аудардым. Кейінде министрліктің тапсырысымен Ә. Науаидың «Хамсасын» тәржімелеу үстіндемін. Орыс қаламгерлерінің балаларға арналған бірнеше классикалық шығармаларын қазақшаладым. Ал «Қай қырыңыз бағаланды?» деген сауалға «Менің мына ерекшелігім ескерілді» деп айту, әрине, автордың өзі үшін қиын. Мемлекеттік марапатқа ие болып жатқаным – көзі ашық, көкірегі ояу жандардың менің азды-көпті еңбегіме берген бағалары деп түсінемін. Өз топшылауымша, маған баға берушілер менің ақындығымдағы эпикалық жанрды көбірек ескерген шығар деймін.

*– Өлеңді талғаммен оқитындарға сіздің жырларыңыздан сөз саптау шеберлігінің қазақы үлгісі мен ұлттық иістің есіп тұратынын қиналмай аңғарады. Қай жылдардағы өлеңдеріңізді алып қарасақ та, бүкіл шығармаларыңызды елдік нышандарға негізделген бір үн байланыстырып тұрады.*

– Ақын боп қалыптасу, тіл байлығы, сөз қоры өскен ортаға байланысты. Адамды қалыптастыратын – орта десек, бұл түсінік ақындыққа да қатысты. Бала күнімде тіл мәйегі тұнып тұрған Тарбағатай төскейінде өскен менің жас дәурен шағым Шұбартау мен Шыңғыстау арасында өтті. Бақытыма орай, қазақ тілінің қаймағын қалқып ішкен ауылдарды мекендедік. Замана зобалаңы ығыстырып, ары-бері көшүмен өткен қазақтың



ұрпағы болғандықтан біз тәуелсіздікке шөлдеп өскен жұрттың өкіліміз. Туған жерге тұрақты мекендей алмай тағдырдың теперішін көрген үлкендердің атақонысты, азаттықты аңсауға толы әңгімелері кішкене күнімізден құлағымызға сіңді. Сонымен бірге Ақтанберді, Дулат, Абай сөздерінің өзегі сақталған өлкеде өсуімнің өзі менің бойымдағы ақындықтың ұлт тағдырына ойысуына тікелей себеп болса керек.

Кейін қанша оқыдық, іздендік, кеңестік шығармалармен де сусындадық. Ел қатарлы үй-күйіміз болды, қызмет те істедік. Бәрібір бойдағы сол бір әлденеге деген сағыныш қылаң беріп, қалғып бара жатсақ оятып, тоқмейілсіп бара жатсақ түртпектеп, тым жайбарақаттыққа салғызбайтын көкірек түбінде бір шоқ сөнбеген күйінде сақталды. Сол шоқты сөндірмеудің амалын шығармашылық арқылы жасадық. Өз шығармашылығымыз арқылы азаттық туралы ойымызды астарлап айтудың жолын іздедік. Ақындығымның алғашқы кезеңінде жазған «Бас сүйектер» атты поэмада сол ойларды аштық. Одан кейінгі «Үндістер, үзілмеңдер» деген поэмада Америкадағы үндістердің ауыр тағдырын, олардың шектеулі мүмкіндіктерін жырлай отырып, өз еліміздің де мұң-мұқтажын сипай жеткізу көзделген. Ол кезде бұдан артық әрекетке бару қиын болатын. Ұлтжандылық үнімізді қысқа өлеңдермен де, әнге жазылған өлеңдер арқылы да, балалар жырын жаза отырып, оған қазақы мінез, болмыс қосу жолымен де жеткізе білдік деп ойлаймын.

*– Әнге сөз жазу жағынан, яғни өлеңіне ән жазылған ақын ретінде де сіздің есіміңіз елеулі. Әсіресе сонау жылдарда Ақселеу Сейдімбеков, Жәнібек Кәрменов үшеулеріңіз бірлесіп бірнеше рухтық ән бердіңіздер. Сол үштік одақ уақыт өте Тұрсынжан Шапай, Рамазан Стамғазиевпен араларыңызда жалғасын тапты. Бұл кездейсоқтық па, әлде жобаланған шаруа ма?*

– Бұл тұрғыдан мен «Ой, біздер арнайы бір уақыттар белгілеп, жүйелі түрде бірігіп жұмыс істедік» десем, тым

артық әрі жаңсақ сөз болар еді. Бізді табыстырған – өнер. Мен олардың күйшілік, әншілігіне, олар менің ақындығыма деген қызығушылықпен, құрметпен қараудың нәтижесі бірнеше сәтті шығармалардың жарыққа шығуына өз септігін тигізді. Ақселеудің күйшілік, сазгерлік, тарихшылық, шешендік, қолөнершілік секілді толып жатқан ерекшеліктері мен Жәнібектің әншілігінен басқа сан қырлы қасиеттері кімді өзіне жақын тартпасын? Екеуі ақындықтан да қаражаяу емес. Сондықтан екеуінің талғамынан шығу қиынның қиыны еді. Әсіресе оларды толғантқан әуендерге сөзді сәйкестендіру кезінде екеуі екі жақтап сілікпемді шығаратын. Шумақтардың жеке тармақтарын қойып, әр сөз бен дыбысқа дейін мұқият үңіліп, дауысты-дауыссыз, жуан-жіңішке дыбыстарға да мән беретін. Әннің кейде шарықтап, кейде құддилап кететін тұстарына сөз буындарын дөп келтіруіңе композитор тарапынан талаптың қатаң болуына қуанбасам, ренжіген емеспін. Мұндайда марқұм Жәнібек Кәрменов керемет еді ғой. Қазіргі қанаттасып жүрген Тұрсынжан Шапай да тек композитор емес, ептеген ақындығы бар. Сондықтан оның да сөз салмағын саралай алатын ерекшелігі басым. Сөздің әнге айналып кетуі оңай дүние емес. «Бұған нақышты әсем сөз керек» деп Шәкәрім айтқандай, әр әннің салмағына қарай, ауыр мен жеңілдің, беріктік пен нәзіктіктің ортасындағы нүктеге тиетіндей немесе «көлге тамған аққудың көз жасындай» сөз қажет деп есептеймін.

*– Жәнібек демекші, Жәнібек жайлы естеліктерде Сіздің, Тұрсын Жұртбайдың есімдері жиі аталып жатады. Асыл ерді еске алуға қатысты игі істерге сіздің белсенділігіңіздің басымырақ болғанын «Егемен Қазақстан» газетінің Семейдегі тілшісі Дәулет Сейсеннің аузынан да естіп қаламыз.*

– Жәнібек деген ерекше жаратылған адамның қатарынан ғой. Арманы биік асыл ер, амал қанша, ортамыздағы орнын ой-



сыратып қайтпас сапарға аттанып кетті. Оның қазақ өнеріне қосқан үлесін айтып шығу – таусылып бітпейтін әңгіме. Бір ғана Ақтанбердінің «Күлдір, күлдір кісінетіп» толғауын тірілтуі неге тұрады?! Ал жаңағы еске алу шараларындағы белсенділік жағына келер болсақ, атқарылған барлық шаруа – бірінші кезекте көпшілікпен біткен істер. Өйткені Жәкеңнің халық арасындағы қадірі ерекше. Жақын деген жолдастары Жәкеңнің өмірден өткеніне мерзімді уақыттар толуына орай жанымыз қалмай жүгіргеніміз рас. Сондағы біздің көзіміз жеткені – Жәкеңе қатысты шаруа десек, кім-кімнің де болыса кетуге әзір пейілдерін байқап риза болдық. Бұл – оның өнерге өз қолтаңбасын қалдырғанының белгісі. Сол атқарылған шаруалардың ішінде Жәкең тұрған үйге ескерткіш-тақта орнату мен мектеп қабырғасында жүрген ұлы Шәкәрімге болашақта Еуразия университетінің студенті болуға кепілдік құжат әперуде менің бастамашылдық рөлім көбірек болғаны ақиқат. Дәукеңнің айтып жүргені сол болса керек.

Осындайда айта кетейін, Жәнібектің тікелей араласуымен шыққан әннің бірі – «Ән-домбыра». Әні – Мейрамбек Жанболатовтікі, сөзі – менікі. Осы әннің бір бағы ашылмай-ақ жүр. Жәнібек жанындай жақсы сүйіп айтатын. Қазір де орындалып жүр. Бірақ бүгін бұл ән республикалық биікте шырқалып жүрген жоқ. Кейде болмашы әндерге клип түсіріліп, ал «Ән-домбыраның» үлкен сахналарға жете алмай жатқанына қынжыласың.

*– Кешегі күндер көрінісіне үңілсек, тіптен тереңдей беретін сияқтымыз. Бүгінгі күннің белесіне бет бұрсақ, дәл қазіргі шақта жұрт аузындағы шығармаңыз – «Бәйтерек» поэмаңыз. Тәуелсіздік төңірегіндегі толғанысыңыз туралы Әзілхан Нұршайықов, Мырзатай Жолдасбеков, Сауытбек Абдрахманов, т.б. дуалы ауыз қаламгерлердің бір тобы үлкен басылымдарға кесек пікірлерін жариялады. Мәселен,*



**Мұқағали «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын бір түнде жазып шығыпты деп естиміз. Сіз «Бәйтерекке» қанша уақытыңызды кетірдіңіз.**

– Жалпы менің айтарым – ақындардың ұлттық ойдың басында болғанын қалаймын. Сонау ата-бабаларымыздан бері аңсап келген тәуелсіздігіміз қолға тигенде, ұлан-байтақ жерімізге өзіміз иелік жасай бастаған уақытта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға әрбір қазақ мүдделі. Бұрынғы біртұтас Одақ ыдырағанда әркімнің ізіне бір ілеспей, өз сара жолымызды таңдап, сол қадамды бүгінде басқа елдер мойындап жатса, одан артық мақтаныш бола ма? Ел жетістігі қай қаламгерді болсын толғандырады хақ. Бірақ әркім өз түсінік, танымына қарай. Десек те кез келген пікір қайшылықтың, сыни көзқарастың түпкі нысанасында алмағайып заманда елді адастырмайтын, болашағына оң бағыт беретін берекелі мақсат тұрса екен деймін.

Бұл поэмада осындай ұстаныммен қатар, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегімен бірге тәуелсіздік тақырыбы тереңдей айтылған. Тәуелсіздік алғаннан бергі ерекше оқиғалар мен елеулі сәттерді жырлай отырып, поэмадағы негізгі ой – оқырмандарды елдігіміздің қадірін білуге, болашақты берекелі қарсы алуға шақыру.

**– Несіпбек аға, Семейге ат басын арнайы шаруалармен бұрсаңыз да, «Семей – өз жерім, өз елім» деген сағыныш бірінші кезекте тұрса керек. Осы жолғы сапарыңызда қандай көңіл күйдесіз?**

– Семей – мен үшін қашанда қасиетті мекен, киелі топырақ. Әрі мақтанышым. Ақылдың алыптарын тудырған топыраққа деген тағзым менің жүрегімде мәңгі орын алған. Ақын болған соң сөз соңын ілгеріректе жазылған «Семейдегі сөз» деген өлеңіммен аяқтасам.

Шақырған сауыққа да, сайранға да,  
Дүние неге теріс айналды, аға?



Әкенің қасиетін біле бермес,  
Шешенің уызына тойған бала.

Сырғыса сынаптай сыр тереңдегі,  
Наз қиын наласы көп өлеңдегі.  
Болсаңыз нар қарағай белеңдегі,  
Бұтағың емес пе едім төмендегі?

Қаңғытса шартарапқа тірлік қамы,  
Қазақтың қайда тамбас кіндік қаны.  
Жігіттің маңдайынан сор арылмас,  
Жүректің тазармаса кір жұққаны.

Санаумен шыққан күнді, туған айды,  
Көз жасы бұл ғасырдың құрғамайды.  
Жамайтын өз жыртығын өлермен көп,  
Япыр-ау, ел жыртығын кім жамайды?

*– Пейілді әңгімеңізге рахмет.*

**Қайрат Сабырбай.**  
«Семей таңы» газеті.  
28 қаңтар, 2005 жыл





## ЖАЗУШЫ МЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ҮЗІЛІП БАРАДЫ

**– Әдебиеттегі ірілік ұсақталып бара жатқан жоқ па?**

– Бұл сөзіңізге қосыламын. Ұсақталып бара жатқанда, әдебиеттің беделін түсіретін кейбір жайлар бар. Жасыратыны жоқ, жеке бастың айтыс-тартыстарының шырғалаңына түсіп жүргендер аз емес. Үлкен жазушылар, үлкен қайраткерлер ұлттық мәселелерге араласып, сол үшін тер төгіп, сол үшін айқасып жатса, құба-құп болар еді. Ал жеке бастың әңгімесін баспасөзде көтеріп, шуласып жату жазушылардың да, әдебиеттің де беделін түсіретіні анық.

**– Қалай дегенмен де, кейбір дау-дамайлар кеңестік кезеңде алшаңдаған ақын-жазушыларымыздың портфельге қолы жетпей, өздерін тақтан түсіп қалғандай көруінен, күнкөріс қамын күйттеп кетуден туындап жатса ше?**

– Кеңестер Одағы тұсында ақын-жазушылардың қаламақысы жақсы болды. Алшаң басқандары да рас. Бірақ оны еркіндік деп қарауға болмайды. Ақын-жазушылардың нағыз жазатын уақыты енді келді. Бүгін не жазамын, қалай жазамын десе де, ешкімнің ойын, ешкімнің тілін ешкім байлап отырған жоқ. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлеуметтік-тұрмыстық жағынан ауырлық түсті. Кітап шығару, бала-шағасын асырау қиын болды. Жұмыс орындары қысқарды. Газет-журналдарда қаламақы болмады. Қаламақы болмаған жерде жазушылардың жағдайының қандай болатынын өзіңіз білесіз. Сондықтан бизнесмендерді жағалап кеткендеріміз бар. Ақын-жазушылардың еріксіз біреулерді мақтауына тура келген сәттер де болды.

Ал қазіргі жағдайда, құдайға шүкір, елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы қайта көтеріліп келеді. Кітап шығару проблемасы да шешіле бастады. Білікте жүрген Иманғали Тасмағамбетов, Мұхтар Құл-Мұхаммед сияқты азаматтарымыздың талай ақын-жазушыларға шарапаты тиіп, қиын кездің





өзінде әдебиетке дем беріп, жанын сақтап қалғанын айтпай кетуге болмас. Қазір бағдарламамен кітап шығарылып жатыр деп шүкіршілік еткіміз келгенмен, бұл әдебиеттің шекесін қыздырып тұр деу тағы артық болар еді. Мәселен, таяуда менің бір кітабым шықты. Таралымы – 2000 дана. Мұндай тираж, айтар болсақ, елдегі кітапханаларға да жетпейді. Ол кітап өзіңнің отбасың мен айналаңдағы дос-жарандарыңның ғана көзайымы болады да, қалың оқырманға, халыққа жетпейді.

– **Қазір қайта кітап көп те, оқырман жоқ демей ме?**

– Жақсы кітап қашанда өз оқырманын табады. Егер де арзанқолды дүниелер көбейіп, оқылмай жатса, ол басқа әңгіме. Сол сияқты қазіргі кезде ақпарат кеңістігінде электронды жүйенің үстемдік ала бастағанын жоққа шығара алмаспыз. Мысалы, үйіңіздің төріндегі қара жәшік өзіңізді де сиқырлап алмай ма? Ал сол телеарналардың барлығы өз қожайындарының мүддесі үшін ғана жұмыс істейді. Өз саясатын жүргізеді. Мемлекеттің саясаты тыс қалады. Ұлтқа, халыққа қажетті дүниелер берілмейді. Осындай үлкен құралды біздер ұлт мүддесіне дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Әлдебір күштердің әсері бар ма, білмеймін, әйтеуір қазақ тілінде дұрыс хабар таппайсың. Рас, авторлық бағдарламалар бар. Бірақ дүниенің бәрі авторлық бағдарламаларға сыймайды ғой.

### **Рухани аштықты бастан өткізуде**

– **Экономикамыз қарыштап алға басқанмен, рухани жұтаңдықтан арылған жоқпыз ба сонда?**

– Жазушылар мен оқырман қауымның арасында байланыс жоқ. Кезінде Жазушылар одағының әдебиетті насихаттау бюросы арқылы бүкіл елді аралап жүретінбіз. Қазір ондай мүмкіндіктер жоқ. Кітаптар, жоғарыда айтқандай, жетпей жатады. Ауылдағылар кітап түгілі, газет-журналдарды да алмайды. Біздің қазақтың негізгі тамыры – ауылда. Халық сөз ұстайтын

адамдардан айырылып, олардан қатынасын үзгенде қалай болмақ? Осы ретте Мұхтар Әуезовтің «Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» деген сөзі еске түседі. Әрине, кейінгі жастардың томаға-тұйықтыққа ұшырамауын ойламауға және болмайды. Сондықтан біз бұл мәселені шешпесек, алдағы уақытта өте қиын болады. Бір-екі ұрпақ алмасқаннан кейін алда не болады, халық өзінің тарихынан, әдебиетінен қол үзіп қалмау қамын ерте бастан ойламасақ, ертең кешігіміз.

**– Сіздің айтпағыңыз жаһандануға жұтылып кетпей, ұлт болып сақталып қалу жайы ма?**

– Ұлттық әдебиет, мәдениет қамын ойламай, ұзын арқан, кең тұсауға салсақ, жаһанданудың астында ұлтымыздың тұншығып, жоқ болып кетуі ғажап емес. Құдайға шүкір, Қазақстанның байлығы жетеді. Кітап тиражын көбейтіп, қаламақы мәселесін жолға қойған жөн. Газет-журналдар кеңестік дәуірдегідей ауылға жеткізілуі үшін поштаның дұрыс жұмыс істеуін жолға қою керек. Телеарналардың уақытын Ресейдің хабарларын таратуға арнамай, ұлттық әдебиетімізді, мәдениетімізді насихаттап, халыққа жеткізуге пайдаланылуы тиіс. Есіңізде ме кеңестік дәуір кезінің өзінде теледидарда жақсы дүниелердің болғаны? Мәселен, сол кезде Сағат Әшімбаевтың «Қарыз пен парызына» біздің ақын-жазушыларымыздың бәрі қатысып, өз пікірлерін білдіруші еді ғой. Одан қалды, ақындар өлеңдерін бұрқыратып оқып жатушы еді. Бүгін мұның бірі жоқ. Содан кейін зиялы қауым неге үндемейді, неге көрінбейді дейсіздер. Зиялы қауымның аузын байлап тастап отырса, қалай көрінеді? Зиялы қауымның шығатын да, көрінетін де жері – сол телеарналар, газет-журналдар, кітап. Оның бәрі халыққа жетпей жатса, қалай шығады?

Зиялы қауымның көшеге шығуы міндет емес. Зиялы қауымның құралы – қаламы, дуалы сөзі. Сондықтан телеарналарда көрнекті мәдениет қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың



мінбері болғаны дұрыс. Олар еліміздің ішкі-сыртқы саясатына өз көзқарастарын білдіріп жатса, артық болмас еді. Иә, бүгін айтыс кез келген телеарнадан көрсетілетін болды. Айтысты телеарналардың бергеніне қарсы емеспін. Бірақ бүкіл телеарналардан күндіз-түні беру айтыстың құнын түсіріп, халықты мезі етеді. Тәттіні көп жесең, оның да дәмі кетпей ме? Өнерге де, әдебиетке де, айтысқа да солай қарап, әр нәрсенің мән-маңызын түсініп, құнын кетірмеген дұрыс. Бүгін поэзияға керемет ақындар келіп жатыр. Өткір өлеңдер жазып жүрген жастар бар.

– *Сіз сонда бұл тілек-ұсыныстарыңызды кімге арнап отырсыз?*

– Мен біреудің түсін түстеп, бәленге арнап отырмын демеймін. Әйтеуір сол биліктің басында жүргендердің бәріне айтып отырмын, солардың құлағына жетсе екен деймін.

**Туған тілін білмеген адамнан нағыз патриот шықпайды**

– *Билікте жүргендер Сіздің тіліңізді түсінбесе ше?*

– Билікте қазақ тілін білмейтін, түсінбейтін адамдар отырса, онда ол – қасірет. Біздің қазіргі үлкен бір қасіретіміз сол болмақ.

Мен бұл пікірімді бұған дейін сан айтқанмын. Биліктің басында болсын, басқа да кез келген жоғары лауазымдық қызметте болсын, мемлекеттік тілді білмеген адамның отыруға хақысы жоқ. «Ұлтқа қожалық жасауға болмайды. Оған тек қызмет етуге ғана болады. Ұлтқа қызмет жасай білген адам ғана оның қожасы бола алады. Халыққа қызмет – тілге жанашырлықпен танылуға тиіс» деген Ататүріктің керемет сөзі бар. Бұдан басқа не деуге болады?

– *Бірақ біз соған жете алмай отырмыз ғой...*

– Қазір мүмкін аса білімді кадрлардың жетіспеуінен амалсыздан осындай қадамға барып отырмыз десек, түбінде билікте мемлекеттік тілді білетін адамдар болуы керек. Онсыз мемлекеттің болашағы жоқ. Ел-жұртты сүю дегеніміз – ана тіліңді қадір тұту.

**– Сіз сонда бүгін басшы кадрларды тағайындауда ұйымдастырушылық қабілетіне, білімі мен біліктілігіне басымдық беріліп отыр, ертең бәрі орнына келеді дейсіз бе?**

– Билікте жүргендер білімді, ел басқарудың тізгінін ұстай алатын, экономиканы білетін азаматтар екені рас. Олардың қазақ тілін білмеуі империяның ұзақ жылдар бойы жүргізіп келген саясатының «жемісі» десек, өзімізді-өзіміз жұбатқанымыз болмағанын қалар едім. Олар кеше орысша оқып, білім алғаны болмаса басқа жақтан келген жоқ, өзіміздің балалар. Орыс тілін былай қойғанда, ағылшын тілінде мүдірмей сайрайтын олардың қазақ тілінің қадірін біліп, түсінетініне сенгім келеді. Бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтанбай, ойланыңқыраса деймін. Туған тілін білмеген адамнан нағыз патриот шығады деп ойламаймын. Және өзінің ана тілін білмеген адам мемлекеттің, ұлттың қамын жейді дегенді тағы айта алмаймын. Қалай дегенмен де бұл – кемтарлық. Ғабең айтқандай, ана тілін өгей ұлдары ғана менсінбейді, тек өгей ұлдары ғана аяққа басады. Кеше де Сіздің бір әріптесіңізге айтып едім, енді Сізге айтайын. Екінші бір қасіретіміз – бесік жырын білуден қалып бара жатқанымыз. Бізде бесік жыры жоқ. Біздің ұрпақ ұлттық әуеннен алшақтап кетті. Ұлттық әуен бойына сіңбеген адамнан ұлттық патриот тағы шықпайды. Бұл да ойласатын іс. Ұлттық әуеннен, тілден айрылсақ, ұлттық сипатымызды жоғалтқанымыз. Сондықтан ұлттық рухқа жастарды қайырып әкелуіміз қажет. Әйтпесе мына істеп жатқан істеріміздің, айғайымыздың бәрі бос далбаса болып шығады. Бұл ұлттың, мемлекеттің болашағы үшін өте қауіпті.

**– Қошеметшіл ұлықты сыйлайды, құрметшіл халықты сыйлайды. Билікті төңіректен жүргендерді құрметшіл деуге халықтан алшақ, сонда қошеметшіл болғаны ма?**

– Қай заманда болмасын билеушінің, ұлықтың айналасында қолпаштаушылар, мадақтаушылар болады. Олар билеуші көсемді құдайға айналдырады. Өз билеушісінің мұрат-мақсатына



берілген адамдар болғанмен, солардың арасында бетпердесін тұмшалап, жылытырап көрініп, іштей мысық тілеумен жүретін, шынайы пікірін іште бүгіп, көзіне мадақтап, қолпаштаумен жүретін адамдар болады. Және сондайлар көсемдердің түбіне жеткен. «Даттаушы түгел жау емес, мақтаушы түгел ел емес» деген сөз осындайдан шықса керек. Мұны көсемнің өзінің байқап, білмей қалуы да мүмкін. Мұндай жағдайлар тарихта болған. Мысалы, кешегі Сталинді алыңыз. Құсайын Байқараны алыңыз. Құлтегін заманында да болған. Кешегі Абылайдың тұсында да болған. Абылайдың тағдырының немен біткенін өзіңіз де білесіз. Жоңғарды жеңген соң жалғыз өзі Түркістанға барып көз жұмды емес пе?! Бұл – тарих сабағы. Сонымен қатар ел билеушісін қадірлеу, құрметтеу қажет.

Демократия дегеніміз жамырап, жұрт ойына келгенін істесін дегендік емес. Белгілі бір деңгейде тізгін де керек. Диктатура дегеніміздің өзі билеп-төстеу ғана емес, тәртіп. Тіпті үйде «эй» дейтін біреу болмаса, отбасына, бала-шағасына да ие бола алмайды. Мемлекетке де тәртіп керек. Жүйе қажет. Ал көсемнің айналасында жаңағыдай жарамсақ қолпаштаушылар көбейіп, өз пайдасын, мүддесін көздеп кетсе, көсем халықтан алшақтап кетеді. Төменде не болып жатқанын білмейді де, өзі биікте отырмын деп ойлап, түптің түбінде терең құзға кеткенін білмей қалады. Ондай болған, болады да. Егер Президентімізді қадірлейтін болсақ, саясатын шын ниетімізбен жүзеге асырғымыз келсе, тәуелсіздігімізді баянды еткіміз келсе, халқымыздың бұдан да жақсы, жарқын істерге жеткенін қаласақ, шын жүрегімізбен қолдап, бір жерде болмаса бір жерде аяқтан шалындыратын, сүріндіретін не адастыратын істерден, әрекеттерден аулақ болуымыз керек. Шынайы, адал сөзімізді айтуға тиіспіз.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Рәзига Әшеева.**

*«Астана хабары».*

*17 шілде, 2007 жыл*



## МЕНІ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ, ҰЛТ ТАҒДЫРЫ АЛАҢДАТАДЫ

*– Несіпбек аға, ақын қауымы дүниеде ерекше жаратылған адамдар ғой. Ақындардың өз мақсаты, өз арманы бар. Олар қай қоғамда өмір сүрсе де, өзінің ерекше көзқарасы, айтар ой-пікірі болады. Еліміздің бетке ұстар ақыны ретінде ойларыңызды ортаға салып, көпке білдірсеңіз.*

– Шынында да, қандай бір қаламгер болмасын қоғамдық, әлеуметтік оқиғалардан, көзқарастардан тыс қалмайды. Өйткені кез келген ақын, кез келген жазушы алдымен ел тағдырын ойлайды. Олар өз елінің, жерінің тағдырын күні бұрын көрегендікпен көріп, хабардар болып, біліп отыруы керек. Әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге, әсіресе зиялы қауымның араласуы мемлекетке үлкен ықпал етеді. Ұлт тағдырына, ондағы күрделі түйіндерді шешуге өз пайдасын тигізері сөзсіз.

Тәуелсіздік алғанымызға, міне, он жеті жылдан асты. Алда әлі де алар асулар көп. Өйткені жас мемлекетіміздің бұғанасы әлі қатая қойған жоқ. Екі аяғын тең басып, төрт құбыламыз түгел болуы үшін қажымай еңбектенуге, күресуге тура келеді. Шүкір, тәубе, елдің іші тыныш, халқымыздың тұрмысы да көтеріліп келе жатыр.

Жасыратын несі бар, ауылымыз бір кездерде қатты қиналды. Бар байлығы талан-таражға түсті. Сол кезде есін жинап ала алмай есеңгіреген халық қалаға көш түзеді. Елін, жерін, туған ауылын қимағандар әлі де жергілікті жерлерде тұрып жатыр. Міне, сол ауылдағыларға мемлекет тарапынан жан-жақты, әсерлі көмек керек. Жас мемлекетімізге де оңай болып жатқан жоқ. Жаңадан Астана салынып, керемет әсем ғимараттар бой көтерді. Бұл – үлкен көрегендікпен жасалған қадам, бүкіл әлемді елең еткізген елеулі оқиға.

Сырттан келіп жатқан күштер бар. Бізге қызғанып та қызығып қарайтын, көз алартып отырған елдер бар. Ұлтты





іштен іріткісі келетіндер де кездеседі. Неше түрлі діни ағымдар белең алып кетті. Осындай қиын сәтте мемлекеттің көзі ашық, көңілі ояу болып, бәріне сергек, сақтықпен қарағаны жөн. Оған тек мемлекет қана емес, ең алдымен біз де – қаламгерлер алаңдауға тиістіміз.

**– Баяғыда орыстың ұлы жазушысы Николай Чернышевский айтқандай, ол үшін не істеу керек?**

– Не істеуге болады? Қазір көңіл алаң. Ойбай, біз керемет екенбіз деп тоқмейілсуге, өзгелерден төмен екенбіз деп еңсемізді түсіруге болмайды. Алда шешетін де, шешілмеген көп мәселелер бар. Әсіресе мынау тіл мәселесі, ұлттың тағдыры алаңдатады. Тілге, ұлт тағдырына біздің соңымыздан келе жатқан жас толқын – жастар да жауапты. Сол жастар ертең қандай азамат болып шығады? Ұрпағымызға сенбегенде, енді кімге сенеміз? Олар ешқайда көшіп кетпес, ата-бабасының жерінде өмір сүрер. Бірақ елге, тілге, әдет-ғұрып, салт-санамызға ие болатын нағыз патриот қазақтар бола ма, жоқ па? Мен осыған күдіктенем. Өйткені жастарымыздың жартысына жуығы ана тілін білмейді. Осыны бәріміз ақ тер, көк тер болып айтып жатырмыз. Тіл комитеттері құрылды. Бірқатар облыстар іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшті. Министрліктер де осылай жасауда. Алайда соның барлығы теңізге тамған тамшыдай ғана.

Тіл жолындағы күрес оңай күрес емес. Уақыт жұлдыздай зымырап өтіп жатыр, баяғы жартас – бір жартас. Осы күнге дейін ана тілімізді үйретуге дайындықтың тиісті дәрежеде еместігіне қынжыламын. Мұны әр жанұядан, балабақшадан, мектептен бастаған абзал. Басқару аппаратында отырғандарды үйретіп, оқытып, жүйелі түрде жүргізу арқылы мемлекеттік үлкен бағдарламамен жүзеге асырудың жолын ойластыру керек.

Кезінде Олжас Сүлейменов «Тіл жөнінде мәселені қозғайтын болсақ, қоғамда бомба жарылып кетуі мүмкін» деп



айтқан еді. Бұл – үшқары пікір. «Шегірткеден қорыққан егін екпес» дегендей, жасқаншақтап отыра беруге болмайды. Осы мәселені ұзаққа соза беру өкінішке ұрындырады. Таяу жылдары оны шешкен жөн. Егер бұдан кешігетін болсақ, көп нәрседен ұтыламыз.

Бұл бір адамның қолынан келетін шаруа емес, бүкіл ел болып, жұдырықтай жұмылып, бел шешіп кірісетін жұмыс. Ал енді оның тәсілдері, әдістері қандай болады, бұны жоғары жақта мемлекет болып ойластыратын шара деп санаймын.

***– Сол әдістер мен тәсілдер бізде қазір де бар емес пе? Өзіңіз айтқан тіл комитеттері, тіл басқармалары және түрлі тіл қозғалыстары соған қосылады ғой.***

– Бірақ олардың қолдарында күш жоқ. Мысалға, былай болса деп ойлаймын. Мемлекеттік тілді білмейсің бе – билікке қол созба. Президент болуға үміткерлерден қазақ тілінен емтихан алып жатыр ғой, сол сияқты жоғары лауазымды азаматтарға қазақ тілінде мүдірмей сөйлеуді билік тарапынан міндеттеу керек. Бір ауыз мемлекеттік тіл білмей Президент әкімшілігінде, Парламентте, Үкіметте, түрлі министрліктерде отыр ғой талайлар. Басқа ұлттың өкілдеріне кешіріммен қарасақ та, өз қазақтарымызға қатаң талап қоятын уақыт әлдеқашан жетті. Сондықтан тіл мәселесіне келгенде ешқандай ымыраға келуге болмайды.

***– 70 жылдан артық Кеңес өкіметінің қол астында болған кезде де біздің ана тіліміз дамыған жоқ. Тәуелсіздік алып, дербес мемлекет атанғанымызға да 17 жылдан асты. Сонда барлығы 87 жыл бойы тіліміздің бағы жанбай келеді екен...***

– Иә, бір ғасырға жуық.

***– Жаңа өзіңіз тіл үйретуді отбасынан, балабақшадан, мектептен бастау керек дедіңіз. Қазақ тілін білуді отбасынан, мектептен бастаған сіздің де, біздің де күйіміз мынау. Бір кезде заманның қандай болатынын кім біледі? Қазір***



**қазақ тілін оқып жатқандарға ертең барлық жерде жол ашық болады деп ойлайсыз ба?**

– Өз тілі жоқ мемлекет мемлекет емес. Менің ұғымымда ондай мемлекет мемлекет бола алмайды. Әрине, жағдай осылай бола беретін болса, тіліміз өсіп-өркендемесе, олар да біздің көргенімізді көреді. Бір кезде «Орысша білмесең, нан тауып жей алмайсың...» дегенде бүкіл қазақ орысша сайрап кетті емес пе? Қазір сондай мәселені тікесінен қою керек. Кедергі жасап отырған басқа ұлттар емес, орыс халқы да кедергі жасап отырған жоқ. Бізге кедергі жасап отырғандар – тура өзіміздің қазақша білмейтін, білгісі де келмейтін қазақтар.

**– Тағдырдың тәлкегімен дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылып кеткен қазақтардың тағдыры да бізді алаңдатады. Сырттағы бауырларымыз біртіндеп келіп жатыр. Дегенмен соларға әлде де жеткілікті көңіл бөлініп отырған жоқ сияқты. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?**

– Мен Дүние жүзі қазақтарының үшінші құрылтайына қатыстым. Бұл – жақсы шара, қазаққа керек дүние. Дүние жүзіндегі қазақтардың басын қосып, мемлекет екенімізді білдіріп қою – елдігімізге үлкен сын. Бірақ осы құрылтай келген адамдардың көңілін бері тартудың орнына, әрі итергендей әсер қалдырды.

«Елге келгенде не алам деп емес, Отанға не берем деп келу керек» деген бір сөз айтылды. Әрине, Отанға келерде сыртта жүрген қазақ не беремін деп ойлануы қажет. Іштегісі де солай ойлануға тиіс. Біз бәріміз туған Отанымызға қызмет етіп, бойымыздағы асылымызды халқымызға беруге міндеттіміз. Сыртта бизнеспен, саудамен айналысып жүрген қазақтар бар. Алайда ондайлар аз.

Егер біз еліміздің демографиясын қалпына келтіреміз десек, сырттағы қазақтарды елге шақыртуды одан әрі жалғастыра беруге тиістіміз. Келген қазақтарға әр адам басына 600 доллар-



дан ақшалай көмек көрсетіледі деген шешім қабылданыпты. Бірақ мұндай шешіммен олар елге көшіп келе алмайды. Оны айтып жүрген жігіттер – сырттағы қазақтардың жай-күйін білмейтіндер.

Мәселен, мен жуырда Қытайға барып келдім. Сонда 2 миллионға жуық қазақ әлі отыр. Жердің нулы жерін қытайлар алған. Мал басы азайған. Тұрмыстары өте төмен. Келгенде үй сатып алатын жағдайы жоқ. Бұл қалыппен біз ешқандай қазақты көшіріп ала алмаймыз. Олар келгенде ештеңесін бере алмайды, берсе, бойындағы талантын береді. Жат жерде атажұрт қол ұшын береді деп көздері жәудіреп отырған бауырларға бірдеңе берсең кел, бермесең келме деп айту өте ұят. Бұл көкіректен итергенмен бірдей.

***– Мәскеуде Переделкино деген қалашық бар дейді. Бүкіл ақын- жазушылар сол қалашықта тұрады екен. Сондай жер Астанада да болса ғой, ақын-жазушыларымызға жақсы емес пе? Шетелден кісілер келсе «Мынау біздің мәдениетіміздің қаймағы тұратын қалашық» деп мақтанбай ма?***

– Ондай жағдай болса, ғажап болар еді ғой. Патшаның заманында да нағыз таланттарға жағдай жасалған. Осындай әңгіме Астанада да бұдан бірер жыл бұрын көтеріліп, ақырында басылып қалды. Қазақстанда ондай дүние жасалып жатса құба-құп.

**Марфуға Бектемірова.**

*«Есіл» газеті.*

*2009 жыл*





## ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ БЕРГЕН ДҰРЫС ПА?

Бұл – тіпті асқан-тасқандық, адамгершіліктен кеткендік. Бұл – айта берсең, осыны айтып отырған Парламенттің азғандығы. Өткенде Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың өзі айтып отыр, елімізде 46 мыңдай жетім бала бар екен! Олардың 16 мыңдайы ғана жетімдер үйінде тәрбиеленеді екен. Миллион бала болса бірсәрі, сонда осы аз ғана баланы бағып-қағуға біздің шамамыз жетпей ме?! Асып-тасып жатыр дейтін байлығымыз, мұнай-газымыз қайда? Жарайды, ауру дейік. Басқалар емдеп жазған ауруды бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіргелі отырған Қазақстан мемлекеті емдеп жаза алмай ма? Дамып жатыр деген медицинамыз қайда сонда? Жыл сайын салынып жатқан ауруханалар, озық техникамен жабдықталған емханалар, арнаулы орталықтар бар емес пе? Солардың бірі – Астанада тұрған «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы». Оларға әкелініп жатқан соңғы үлгідегі жабдықтар, оны меңгеру үшін шетелге білім алуға жіберіліп жатқан маман-дәрігерлеріміз бар емес пе? Студенттеріміз қайда «Болашақ» бағдарламасымен оқып келіп жатқан? Әлде осының бәрі әншейін құр атақ, ақшаны желге шашқандық па? Онсыз да елдің ақшасын үріп ішіп, жымқырып жатқан генералдар мен министрлер, комитет пен басқарма бастықтары шетінен ұсталып жатыр ғой. Әбден іріп-шіріп кеттік.

Бұл – ұрпақты қатыгездікке тәрбиелейтін идея. Ертеңгі күні қартайған, ауырып-сырқаған әке-шешенді де сат, лақтырып таста деген әңгімеге келіп саяды ғой бұл. Елдігімізге сын әрекет жасап отырмыз, түсінген адамға. «Мал құлағы саңырау», бұл адам айтатын, қазақ айтатын сөз емес. Не жетпей жатыр жетім баланы сатып?! Қазақ қолындағы баққан малын сатқанда да қатты күйзелетін халық емес пе еді? Балалардың 80 пайызы ауру дейді.



Денсаулығы 100 пайыз кім бар екен?! Соның бәрі шетінен өлім аузында тұр дегенге сену қиын. «Бір төл артық туса, бір шөптің басы айыр шығады» деген. Олардың әрқайсысының өз несібесі бар. Ауру деген – әншейін құр сылтау. Айта берсең, соны арқау етіп сау балаларды да шетел асырып жатқандар жоқ екенін кім тексеріп көріпті? Әуелі одан бизнес жасап жатқандар да бар. Барлық елде ауру балалар бар. Соның бәрі сатып, шетелге беріп жатыр ма екен?

Меніңше, рухы берік, намысы биік елдер әсте ондай опасыздыққа бармайды. Біздің мынадай әрекетіміз арқылы ертең қатыгез ұрпақ тәрбиеленіп шығады. Ауру-сырқауына қарамайтын, лақтырып тастайтын қоғам қалыптастырады олар. Өйткені бүгінгі айтып отырғанымыз, көрсетіп отырған өнегеміз – осы. 6 мың жетім баламызды америкалықтар алыпты. Олар ауру балаға не үшін қызығады? Мүмкін, денесінің сау мүшелерін алып, пайдаға жарататын шығар? Құдай оның бетін аулақ қылсын. Сондықтан ауру болса да, өз қанымызды, бауыр етімізді кесіп алғандай жағдай жасамайық. Өзіміз асырап, өзімізде-ақ емдейік. Сонда ғана Отанына адал, ақ жүрек ұрпақ өсіре аламыз.

**Жазып алған Мұрат Алмасбекұлы.**

*«Алаш айнасы» газеті.*

*23 сәуір, 2009 жыл*





## АҚЫН ЕЛІНЕ КЕЛГЕНДЕ

Қазақ поэзиясында өзіндік өрнегімен, айтар ойының орамдылығымен оқшауланып тұратын ақындар тобы баршылық. Жыр аламанының алдыңғы легінде алқынбай келе жатқан ай маңдайлы ақтангерлердің бірі – жерлесіміз, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының М. Мақатаев және Жамбыл атындағы сыйлықтарының иегері Несіпбек Айтұлы десек, ешкім дау айта қоймас. Оның өлеңдерін оқып отырып қазақтың даласының шексіз кеңдігі мен бабасының көзсіз ерлігін көресің. Ел арасында кеңінен тарап, әнсүйер қауымның сүйікті әндеріне айналған «Ағалар-ай», «Домбыра», «Дәурен-ай», «Сарыарқа», «Ақ-бөкен», «Дарига, дәурен» әндерінің сөзін жазған ақын Несіпбек Айтұлымен Аягөз ауданының Өскеменде өткен мәдени күнінде кездесіп, әңгімелескен едік.

**– Қазіргі қазақ поэзиясының туын көтеріп жүрген алдыңғы, соңғы толқындағы аға-інілеріміздің шығармашылығы жайлы не айтар едіңіз?**

– Қазақ поэзиясы – өте биік поэзия. Біз кейде өзімізді өзіміз бағалай алмаймыз. Әйтпесе біздің алдымызда да, артымызда да небір марғасқа ақындар бар. Қасым Аманжолов пен Мұқағалидың орны қашанда бөлек. Мен Төлеген Айбергеновті көрген жоқпын. Біз Алматыға келген кезде ол кісі 1967 жылы қайтыс болып кетіпті. Сол тұстарда Төлегеннің көзін көрген толқын соның жүріс-тұрысын, өмірі мен өлеңдерін аңыз ғып айтып жүретін. Ал біздің толқын Мұқағалиға қарап бой түзеп, соған еліктеп өстік.

Қазақтың небір мықты ақындары бойларындағы керемет мүмкіндіктерін халыққа толық бере алмай, өмірден ерте озып кетті. Олардың қатарында Кеңшілік Мырзабеков, атыраулық Марат Отаралиев, Жұматай Жақыпбаев, Төлеуғали Есімжанов сынды саңлақтар бар.

Бүгін де ортамызда жүрген Ғафу, Сағи, Қадыр, Тұманбай ағалар да – қазақ поэзиясының төрінен ойып тұрып орын алған ақындар. Бұл толқын поэзияға шоғыр-шоғырымен, лек-легімен келген кілең бір тұлпарлар іспетті тума таланттар еді. Барлығының атын атап, түсін түстеу мүмкін емес.

Ал енді бізден кейінгі буында Ұлықбек Есдәулетов, Есенғали Раушанов, кеше ғана арамызда жүрген жерлесіміз, марқұм Нұрлан Мәукенұлы, Салықбаева Гүлнәр қарындасымыз, бұлардың барлығы да өлең өлкесінде өз орындарын тапқан, ешкімге ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбалары бар ақындар.

Жершілдікке бөлінгенім емес, проза саласында болсын, поэзияны алсақ та, жалпы шығыс қаламгерлерінің шоқтығы қай өңірден болмасын биік тұрады. Арысы Ақтанберді, Дулат жыраулар, Абай мен Шәкәрімнің айналасы, бертіндегі Шәкірлер, Мұхтар Әуезов, Мұхтар Мағауин, Оралхан Бөкеев, Қалихан Ысқақов және де аттары аталмай қалған қаншама қарымды қаламгерлер бар. Білген адамдарға осылардың өзі бір өңір емес, тұтас бір ұлттың әдебиетін көтеріп кете алатын қара нарлар.

***– Ертректе Сізді айтысқа да түскен дейді. Ол жағын біле бермейміз. Ал небір аламан айтыстарға қазылық еткеніңіз елге мәлім. Қайсыбір газет оқырмандары «Соңғы кездері теледидардан айтысты мүлде көрсетпей кетті, себебін білесіздер ме?» деп жатады. Ұлтымыздың осынау бірегей өнерінің ерекшелігі мен болашағы жайлы айта кетсеңіз?***

– Менің айтыскерлігім дастархан басында бірер шумақ өлең құрастырып, әзіл-қалжыңмен отырғандардың көңілін көтеру болмаса, әрі барып көрген емес. Мен домбыра тарта алмаймын. Музыкалық қабілетім шамалы болғандықтан, орындаушылық шеберлігім де оңып тұрған жоқ.

Ал бірнеше мыңдаған жанкүйерлері бар аламан айтыстарға «нар тәуекел» деп шығу үшін ақынның бойында бір емес, бірнеше өнері болуы керек. Айталық, оның шебер домбырашылығы мен орындаушылығы, суырыпсалма ақындығы мен



ұшқыр ойы, табан астында тауып айтар тапқырлығы, қала берді, естіген-білгенін жаңылмай айта білетін ерекше жаттау қабілеттері бірімен-бірі ұштасып, тұтасып жатуы керек. Сонда ғана бел буып сахнаға шыққан ақын өз-өзіне сенімді отырады. Сонда ғана оның бойындағы табиғи дарынын көпшілік мойындайды.

Айтыс – қазақ халқының өліп-тірілген қасиетті төл өнері. Қай заманда болсын халық айтыстан зиян шекті деуге болмайды. Мәселе айтыс қай кезеңде, қандай дәрежеде болды, оны кімдер ұйымдастырып, қалай өткізді және ел арасына қандай жолдармен насихатталды дейтін болсақ, ол бөлек әңгіме.

Бір кездері қазақ халқының теледидардағы айтыстан басқа тамашалайтын қызығы да қалмаған болатын. Кейін айтыстың ықпалы күшейгені соншалық, айтыскер ақындар қатары жазба ақындардан да көп болып кетті. Бұл дегеніміз – жас ұрпақтың өзінің тілі мен ділін, салт-дәстүрін, ұлттық рухын танып-білуге деген қызығушылығын оятатын нағыз идеологиялық құрал.

Айтыстың осындай идеологиялық қасиетін сол кезде-ақ жіті байқаған Кеңес үкіметі кезінде айтысты өзінің қолшоқпарына да айналдыра білді. Мысалы, бір совхозға екіншісінің кемшіліктерін айтқызды немесе сол кездегі билікті, компартияны жер-көкке сыйғызбай мақтатты дегендей. Ол кезде ақындар өздерінің еркін, тәуелсіз ойларын да айта алмады. Жазып дайындағандарын әуелі қатал цензурадан өткізіп тексеретін. Сосын мәтінде артық-ауыс ештеңе болмаса ғана сахнадан айтуға рұқсат беретін.

Ал бүгінгі айтыстың орны бөлек. Қазіргі сахнадан жақсы-жаман көп дүниелер айтылып жүр. Оның осындай дәрежеге жетуіне Жүрсіннің де еңбегі зор.

Айтыс белгілі бір дәрежеге көтерілді десек те, кешегі Сүйінбай мен Қатағанның, Әсет пен Рысжанның немесе Жамбыл мен Құлмамбеттің классикалық деңгейіне жете алған жоқ.





Соңғы жылдары айтысты жөн-жосықсыз, жиі-жиі өткізіп қадір-қасиетін кетіріп алдық. Халықты сағындырып, екі-үш жылда бір, аламан бәйге секілді республикалық айтыс өткізіп тұрса, айтыстың болашағы зор. Бір сөзбен айтатын болсақ, айтыс – қазақ үшін, қазақ – айтыс үшін жаралған. Екеуін бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Сондықтан қолда бар алтынымызды қадірлеп, қастерлей білуіміз керек.

**– Сіздің «Ту» деп аталатын поэмаңызда:**

*Болмастан ойларында ешбір қауіп,  
Батырлар сатырлатып келді шауып.  
Күйінде ту ұстаған қатып қапты,  
Өлсе де құламаған аттан ауып.  
Қос жебе қатар тиіп өндірішектен,  
Аққан қан омырауын кеткен жауып.  
Аты да астындағы қозғалмайды,  
Тізгінін тұқыртыпты ебін тауып, –*

**деп қалмақ пен қазақ шайқасында қазақ қолының туын ұстаған Қазымбеттің ерлігі ерекше баяндалады. Поэманың осы тұсы автордың қиялынан туган жоқ па?**

– Бұл ешқандай да қиял емес. Бір кездері Аягөз ауданындағы «Тарбағатай» совхозының директоры болған Сапар Өзбековтің «Мұра» деп аталатын кітабы шыққан. Сол кітапта найман руының шежіресі, Аягөз, Тарбағатай өңірлерінің тарихы жан-жақты баяндалады. Поэмадағы Қазымбет, Жақыпбек, Кәрібай сынды батырлар мен ақындардың ерекше қасиеттері «Мұра» кітабынан алынған.

Жалпы, майдан даласында тудың қисаюы жаман ырым, ол жеңілістің белгісі. Сондықтан шайқастарға шығарда елдің байрағын кім көрінгеннің қолына ұстата салмаған. Ту елге ерлігімен танылған азаматтарға сеніп тапсырылған. Поэмадағы



қазақ туын ұстаған Қазымбет те – небір сынақтардан сүрінбей өткен найманның батыры. Поэманың соңында:

Төбеңнен елдік нұрын тұрған құйып,  
Өмірде еш нәрсе жоқ тудан биік.  
Күн туса ел басына туды қорғап,  
Өледі Қазымбеттей кім жан қиып?! –

деген шумақ бар. Бүгін бейбіт заман десек те, қандай ауыртпашылықтарға тап болсақ та тәуелсіз мемлекетіміздің туы қисаймасын дегім келеді.

– *Найман демекші, таяуда теледидардан көрсетілген «Шыңғыс хан» атты тарихи көркем фильмде наймандардың мойнына крест тағып, шоқындырып, майдан даласында сужүрек етіп сипаттайды. Осы фильмдегі қайсыбір тарихи деректер бұрмаланған секілді.*

– «О шиқылға бұ шиқыл ұқсамайды» дегендей, ол крест пен бұл кресті шатастырмау керек. Ислам дінінде Мұхаммед пайғамбардың өзі 571 жылы туып, 632 жылы дүниеден өткен адам. Ал бүкіл адамзат баласының тіршілігі осы кезден басталған жоқ қой. Оған дейін қанша мың-миллион жылдар, неше ғасыр болғандығы бір ғана Аллаға аян.

Сол ықылым замандарда да неше түрлі халық болған. Олар да түрлі-түрлі діндерді ұстанып, сан алуан діндерге табынған. Мен өзі дін туралы білгір маман да, тарихшы да емеспін. Сондықтан қайсыбір жеке көзқарастарым тарихи, діни деректермен сәйкес келе бермеуі де мүмкін. Мысалы, қазақтың керей тайпасының таңбасы ежелден «х» болып белгіленген. Ал енді осы таңбаны тіктеп қоя салсаң «+», яғни сен айтып отырған крест шықпай ма? Осы тұрғыдан алғанда крестің өзінің шығу тегі әлі жұмбақ.

«Шыңғыс хан» фильміне келетін болсақ, ең әуелі мұны Қытай шығарғанын ұмытпауымыз керек. Ал Қытайдың әлем

жұртшылығына, оның ішінде айналасындағы көрші мемлекеттерге деген өзінің саясаты, ұстанымы мен мүддесі бар. Тарихи деректердің өзінде Шыңғыс ханның өмірбаяны жайлы бірнеше нұсқа берілген. Оның қайсыбіреуі бір-біріне кереғар келіп те жатады.

Найман руы сол кинода әжуалап көрсеткендей нашар болса, кешегі Күшлік хан моңғолдармен 15 жыл үзіліссіз соғысар ма еді? Сосын көркем фильм болған соң режиссердің де фантазиясы болмай ма?

**– Сіздер былтырдан бері «Алтын тамыр» деп аталатын әдеби-танымдық журнал шығара бастапсыздар. Осы шығарылымның мақсаты, көтерер жүгі, оқырманға берері не?**

– Жалпы, алтын тамыр – республика бойынша Алтай тауында ғана өсетін, емдік қасиеті өте күшті шөп. Егер мұны рухани жағынан алатын болсақ, бүкіл қазақ тарихының, әдебиеті мен мәдениетінің рухани тамыры ретінде де қабылдауға болады.

Шекараның арғы-бергі жағында, тастың қуысында, сандықтың түбінде жатып қалған көне дүниелер, авторы о дүниелік болып, қолжазбалары бала-шағасының қолында қалып қойған, не болмаса кешегі Кеңес үкіметінің тұсында «жолы болмаған авторлар», яғни цензурадан өтпей, «заңға төмпақ» деп шықпай қалған құнды шығармалар ел ішінде өте көп.

Бытыр желтоқсан айынан бастап екі айда бір рет шығып жатқан журналымыздың өткен сандарында атақты Төлеу Көбдіковтің «Ақтайлақ би» поэмасы, Иса Байзақовтың «Ағыбай» дастаны жарық көрді.

Осы тектес дастандардың бірнешеуі қазір өз кезектерін күтіп жатыр. Журналдың бірінші санынан бастап Қытайдағы қарт жазушы, жарты ғұмырын түрмеде өткерген Шабданұлы Қажығұмар ағамыздың «Қылмыс» романын үздіксіз беріп келеміз. Осы тұрғыдан алғанда, «Алтын тамырдың» негізгі мақсаты – бұрыннан елге мәлім дүниелерден гөрі ел естімеген,



бұрын-соңды еш жерлерде жарияланбаған тың дүниелерді іздеп-тауып, халыққа ұсыну, кешегі көздері бітеліп қалған бұлақтардың көзін ашу.

Кеңестік кезеңде қазақтың батырын да, байын да, ел билеген сұлтандарын да құбыжық етіп көрсетті. Тарихымызды бұрмалап, барымызды жоқ етуге дейін барды. Осындай қиянат пен қияпаттың орнын толтыру мақсатында «Ата тарихының баяны», «Ескірмейтін есімдер» дейтін жаңа айдарлар ашып жатырмыз.

Өткен сандарымыздың бірінде Еркеғали Рахмадиевтің естелігін бердік. Болашақта халқымызға танымал Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев, Қойшығара Салғарин сынды ғалымдарымыз бен қаламгерлеріміздің өнер адамдары, саяси қайраткерлер жайлы қызғылықты естеліктерін беру де жоспардағы дүниелер. Сондықтан, өзің де байқап отырған боларсың, журналдың көтерер жүгі ауыр, көпшілікке берері де мол. Бір сөзбен «Алтын тамырды» халықтың жоғын жоқтаушысы деуге де болады.

Біздің журналымыз республиканың барлық төңірегін қамти отырып, негізінен өзіміздің шығыс өңіріне көбірек мән беріп, осы өңірге байланысты дүниелерді көбірек жоқтайтын болады. Өйткені Жамбыл облысында «Жамбыл», Қызылордада «Сыр», батыс өңірінде «Үш қиян» деген өздерінің аймақтық журналдары бар.

**– Журнал негізінен шығыс өңірді қамтитын болса, бұған шығысқазақстандықтардың елең ете қалары сөзсіз. Сондықтан оны жаздырып алу жағы қалай болар екен?**

– «Алтын тамыр» қазір республикалық «Қазпошта» АҚ каталогына кірді. Өткен жартыжылдықта біраз жұрт жазылды. Әзірге екі мың данамен шығып жатқан журналымыздың көлемі – 14 баспа табақ, 200 беттің үстінде. Мыңға жуығын өзіміздің қаламгерлер жаздырып алады.

– Болашақта елге танымал тұлғалардың естеліктерін бермекпіз деп қалдыңыз. Бір жылдары республикалық «Жас Алаш» газетінің біраз санында белгілі ақын Қадыр Мырзалиевтің «Иірім» атты естелігі берілді. Кейін сол естелікке байланысты қатарлас замандастарынан наразылық, өкпе-реніш туындағанын да білеміз. Жалпы естелік жазуды жөн деп санайсыз ба, өзіңіз естелік жазасыз ба?

– Қадыр – әлем әдебиетін бойына судай сіңірген, оқығаны мен тоқығаны өте көп, ұлттық ойдың басында тұрған ғажап ақын. Оның білетіндерін көбіміз біле бермейміз. Мысалы, Абай, Мағжандар несімен биік дейтін болсақ, олардың поэзиясында ұлттың мұңы, халықтың қайғысы мен қасіреті менмұңдалап тұрады. Қадыр да сондай ақындардың бірі. Менің ойымша, естелік жазған дұрыс. Ол – білген адамға білім мен ғибрат. Одан жұрт тәлім-тәрбие алуы керек.

Қадырдың «Иірімі» – қаншама жыл көз майын тауысып, өте шебер әрі сауатты жазылған тағылымды дүние. Өмірден, өткеннен сабақ алмай біз қалай ел болып, қайтіп бой түземекпіз? Ол біреуге жала жауып отырған жоқ. Егер ол біреулерге жала жауып, күйе жаққан болса, ендігі Қадырды соттатып жіберер еді.

Менің ойымша, естелік жазғанда мынандай нәрсе ескерілуі керек. Біртұтас халыққа немесе оның тілі мен дініне, жер-суына, азаматына жасалған қиянаттар бұрмаланбай, жасырып-жабылмай, ашық жазылуы керек.

Ал адам болған соң, бәріміз де пендеміз, біріміз алай, біріміз бұлай дегендей. Жеке басқа қатысты «анау анамен жүріп қойыпты, мынау ішіп-жеп қойыпты» деген айтуға тұрмайтын ұсақ-түйектер авторға да, оның кітабына да абырой әпермейді, қайта құнын түсіреді. Естелік ұлттық, биік тұрғыдан жазылуы керек, сосын өте абай болған жөн. «Иірімнің» де біреулердің



шамына тиіп кеткен де жерлері бар. Оған бола авторды кінәлауға болмайды.

Өз басым естелік жазып көргем жоқ. Болашақта өткен-кеткен дүниелерді саралап-салмақтап, қағазға түсірсем бе деген ойым бар.

**– Несіпбек аға, халықтың сүйікті ақыны ретінде жерлестеріңізге бір ауыз тілегіңізді білдіре кетсеңіз.**

– Ең алдымен елден жырақ жүрген жерлестерге құрмет көрсетіп, арнайы шақырған облыс басшысы Бердібек Сапарбаевқа үлкен алғысымды білдіремін.

**Сұхбаттасқан Серік Құсанбаев.**

*«Дидар».*

*23 қазан, 2009 жыл*



## САЯСАТТАН ТЫС ӘДЕБИЕТ БОЛМАЙДЫ

*– Несеке, бүгін бәріміз тым саясаттанып барамыз ба, қалай, әңгіме тақырыбын әдебиет емес, саясатқа арнағымыз келіп отырғаны. Бұған қалай қарайсыз?*

– Болсын.

*– Ақын адамсыз, Сіз үшін саясаттың орны қандай?*

– Қолына қалам алған кез келген адам, соның ішінде сергек ақын-жазушы саясаттан тыс өмір сүрмейді. Жалпы саясаттан тыс әдебиет болмайды. Әдебиет – саясаттың, сол қоғамның, сол қаламгердің өзі өмір сүрген заманның көрінісі. Ал оған көзқарасы қандай, биліктің жүргізіп отырған саясатымен келісе ме, келіспей ме – бұл басқа мәселе. Сөйте тұра оппозицияда жүрген жігіттер «Зиялы қауым өз көзқарасын білдірмей, пікірін айтпай, бұғып қалды» дегенді жиі айтады.

*– Неге оппозиция?*

– Мен басылымдардан оқығанымды айтып отырмын. Газет-журналдарда осылай жазылып жататыны да рас қой. Бірақ мен мұндай пікірмен келіспеймін. Себебі тәуелсіздік алғанға дейінгі империя билеген қиын-қыстау кезеңдерде, кеңес тұсында да ақын-жазушылар тәуелсіздікті ұлтқа тұспалдап, емеурінмен білдіріп отырды. Тіпті ашық жазған кездері де бар. Мысалы, Есенберлиннің романдары, Мағауиннің кітаптары, біздің қазіргі мүйізі қарағайдай Әбіш ағамыздың, Бердібаевтың кезінде «Қазақ әдебиетінде» жарық көрген пікірлерін алсақ, оның барлығы біле білгенге тәуелсіздік үшін күрес болатын. Өткен ғасырдың 60-70-жылдарында ұлттық рух Мұқағалидың, Қадырдың өлеңдерінде бой көтерді. Немесе одан бұрынғы Қасымды алайық. Әрине, өткен ғасырдағы қуғын-сүргін кезіндегі жағдай басқа десек те, соның өзінде де әркімнің өзінің көкірегінде көптеген шығармалар жазылып, тәуелсіздікке қол жетті. Байрағын тікті. Бірақ бұл ақын-жазушылар саяси өмірден аулақтап кетті деген сөз емес.

– *Аулақтап кетпегенмен, өзін-өзі таппай қалса ше?*

– Алдымен мынаған келейік. Әр уақыттың өзінің талабы бар. Мәселен, қазіргі назар, аңсап жеткен тәуелсіздікті орнықтыру жолында біз қай жолмен жүреміз? Билік қалай басқарып отыр? Осы тұрғыдан келгенде де біздің ақын-жазушылар бұғып қалды, үндемей қалды демеймін.

Әр кездегідей қажетті жерде аға жазушыларымыз да, орта буын өкілдері де, кейінгі толқын жастар да тіл жөнінде болсын, мемлекеттің мүддесі болсын, халықтың жағдайы болсын, барлық кезде өз сөздерін айтып, мақаласымен де, ашық хаттарымен де үн қосып келеді. Ал «Мемлекет басшысының шаужайынан алып, айғайға баспады» дегендерді өз басым түсінбеймін де, қоштамаймын. Барлығын парасаттылықпен шешуге болады. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдарында істеліп жатқан үлкен шаруаларды көрмеу көрсоқырлық болар еді. Басқаны айтпағанда, елордамыздың Ақмолаға көшірілуі – үлкен ерлік. Дүние жүзінде қиын кезде астанасын көшірген бізден басқа ел жоқ. Әрине, кемшілік жоқ емес. Кемшілік өз үйіңнің ішінде де болады. Мұнымен қоса, біз жеке бір томаға-тұйық мемлекет емеспіз, жаһандандудың әсері, халықаралық алыс-беріс, қарым-қатынастар тағы бар. Сондықтан, осының бәрін ойлай келгенде, бағытымыз дұрыс, жолымыз түзу. Егер де ақын-жазушылардың кейде ақылмен, сабырмен әліптің артын бағатын тұстары болса, оны елдің саяси өмірінен аулақтану деп түсінудің қажеті жоқ.

– *Сіз Мұқағалидан жылы лебіз естіген екенсіз. Сол жайлы аз-кем айта кетсеңіз.*

– Мен Мұқаңды ең алғаш сол 1969 жылы көрдім. Еңгезердей, иықты, қызыл шырайлы азамат екен. Қырыққа жетпеген шағы ғой. Жас ақындардың бір тобы Мұқаңның соңынан ілесіп, шұбырып жүруші едік. Сөйтіп, ақынның әлі сиясы кеуіп үлгермеген өлеңдерін тыңдайтынбыз.

Студент кезімде жазғы демалысқа ауылға бара жатып, он бес шақты өлеңімді тапсыра кетейін деп шешіп, «Жұлдыз»



журналына барсам, түстің кезі, ешкім жоқ. Дәліз бойымен келе жатсам, бір есіктің ашық екені байқалды. Елтеп қарасам, ақын Мұқағали Мақатаев жалғыз өзі отыр екен. Кіре алмай жасқанып тұрғанымды сезіп, «Әй, зэнталақ, кір, кіре бер!» деді. Ішке еніп, амандасқан соң жөнімді айтып, қолымдағы өлеңдерімді ұсындым. Ол кісі алып қалды, мен жөніме кеттім. Содан күзде ауылдан сабаққа келсем, біраз жұрт «Жұлдызға» және «Лениншіл жасқа» бір топ өлеңімнің шыққанын естіп алыпты. Бұл қуанышты өзім де солардан естідім. Әлгі журналды тауып алып қарасам, 9 өлеңімді жариялапты. Сол «Жұлдыз» менде әлі сақтаулы. Содан бес өлеңімді топтастырып, алдына алғы сөз жазып, суретімді таптырып алыпты да, өз аяғымен «Лениншіл жас» газетіне апарып, Оралхан Бөкеев пен Сағат Әшімбаевқа «Мына баланың өлеңдерін жариялау керек» деп беріп кетіпті. Қыркүйекте сабаққа келсем, «Жұлдызда» – 9, «Лениншіл жаста» 5 өлеңім суретіммен және Мұқаңның алғы сөзімен жарық көріпті.

Рахметімді айтайын деп, Мұқағалиды іздеп «Жұлдызға» бардым. Кіріп баруға батылым жетпей жүріңкіреп қалдым. Сол сәтте өзі де мені көріп қалып, «Әй, бері кел. Сен осы Нарынқолдың баласысың ба?» дегені.

«Жоқ, Семейденмін».

«Бәсе, Мұқағали өйтпейді...» дегені өзінен-өзі.

Сөйтсем, Мұқағалидың менің өлеңімді өз қолымен андамұнда апарып дәріптегенін кейбіреулер қызғанып, «Өй, ол Нарынқолдың баласы, жерлесі болған соң болысып жүр...» деп сөз шығарып жіберіпті.

Көбіміз Мұқағалиға үйір болдық. Жүрсін, Тұрсын, Айтуған бәрімізді Мұқағалидың құшақтап тұрып түскен суретін бертінде жоғалтып алып, қатты өкініп жүрмін.

Шәкіртақы алғанда біз Мұқаңды, қаламақы алғанда Мұқаң бізді іздейтін кездер де аз болмады. Кейде менің құлағымды



бұрайтыны бар. Құлағымды бұрап тұрып, «Зэнталақ, сен нашар өлең жазған күні мен көрімде тыныш жатпаймын» деуші еді, жарықтық.

Бірде лекциядан шығып келе жатып, қазіргі Абылай хан көшесінің бойында қарама-қарсы жолықтық. Мұқағали «Әй, бала, соңымнан ер!» деген соң еріксіз кері бұрылдым. Жаңбыр жауып тұр. Менің қолымда сабаққа ұстап жүрген сөмкем бар еді, көзі соған түсті де, «Ананың аузын аш!» деп бұйырды. Сөмкемнің аузын ашқаным сол еді, қойнынан бума-бума ақша шығарып, сөмкеме тоғыта бастады. Сөйтсем, Мұқаң «Мавр» жинағының қаламақысын алыпты. Бақандай 5000 сом! «Бүгін қазы жеуіміз керек» деп, такси тоқтатып, қазы іздедік. Мені соңынан ертіп, жолдан қазы-қарта алып үйіне келдік. Лермонтов театрының артындағы министр Ілияс Омаровтан босаған пәтерде тұратын.

Етті бықытып асып, әңгімесін айтып отырғанда Лашын жеңгеміз де келді. Алдында араларында ақша туралы сөз болса керек, жеңгемізге қаратып, «Ақша деген – міне!» деп жаңағы көп ақшаны басынан асырып шашып кеп жіберді...

*– Кейінгі жылдарда жедегабыл жарық көрген поэмаларыңыз бірінен-бірі өтеді. Бұлар қалай дүниеге келді? Әйгілі ақын Фариза Оңғарсынова «Қараөткел қырғыны» поэмасын оқып, «Несіпбек, сен қазақтың құлдырап бара жатқан жыр үлгісін, көмескіленген дастан жазу дәстүрін қайта тірілттің, разымын» деген пікір білдіріпті. Республикалық «Жас қазақ» газеті «Қараөткел қырғыны» поэмасын айқара бетке жариялады. Мемлекеттік бәйгеге ұсынған кілең поэма, дастаннан тұратын «Тоғыз тараудан» кейін іле-шала тағы бір тұрпаты бөлек, кесек те керемет поэмалар жазып тастапсыз...*

– «Қараөткел қырғыны» поэмасына қазіргі Астана өңірінде, Кенесары хан дәуірінде өмір сүрген адам – Саққұлақ шешеннің естелігін арқау еттім. Бұл – Кенесары заманындағы

ұлт қайраткерлерінің ерлігін, батырлар мен билер болмысын сомдаған 285 шумақтан тұратын поэма. Саққұлақ шешен баласымен арасындағы оқиғаларды өз аузымен баяндап, қағазға түсіртеді. Ералы 1930 жылдары Семей жерінде қайтыс болыпты. Бұл естеліктің түпнұсқасы ұзақ жыл қазақтың танымал жазушысы Қойшығара Салғараның мұрағатында сақталады. Қойшығара ағамыз бертінде Саққұлақ шешеннің шежіре сөзінен бірдеме шығарар деген үмітпен маған беруді шешіпті. Естеліктің жазылу үлгісі, ішіндегі оқиға желісі, тарихи деректердің нақтылығы, әсіресе елдік мәселеге мән берілгендігі мені қатты қызықтырды. Поэманы жазып шығуға көп уақыт кеткен жоқ. Ең бастысы, тарихи деректерден ауытқымадым.

Негізінен поэма жанры сенің жоспарыңа бағына бермейді. Жыр жолдары бірде құйылып, бірде сұйылып келетіндіктен, қай дүниең қай уақытта, қандай деңгейде шығатынын дөп басып айта алмайсың. Эпикалық шығармаларымның көп болуы – өзімді қызықтырған тақырыпты қалайда өлеңіме арқау етпей қоймайтындығымнан шығар.

Жалпы эпикалық шығармаларды ерте бастан қолға алып келем. Цензураның қатты кезінде де «Бас сүйектер», «Үндістер, үзілмеңдер» деген поэмалар жазғам. Біріншісі – аштық, қуғын-сүргін көрінісін сипаттаса, екіншісі – Америкадағы ауыр тағдырлы үндістер жайында. Соларды айту арқылы өз елімнің де мәселелерін түспалдап айтқым келген кезінде.

Ал соңғы алты-жеті жылда жазған поэмаларымның саны оннан асып кетіпті. Поэмалардың бірқатарын күтпеген жерден жазып шықтым. Әрине, кез келген тақырыпты игеру ақындық қарым-қабілетке байланысты. Сен тақырыпқа қызыққанмен, оқырман сенің жазғаныңа қызықпай жатса, масқараның көкесі сол. Сондықтан әр тақырып төңірегінде «жүз ойланып, мың толғанасың». Негізі поэма – күрделі жанр. Жақсы жазылған поэма бір романның жүгін көтеріп кетеді.



Соңғы жылдары жазылған өлеңдерімді есептемегенде, «Сардар», «Бердіқожа батыр», «Шақантай», «Сары қыз», «Көкала үйрек», «Кәмей ұшқан» және тағы басқа да көлемді дүниелер ұсындым. Айтпақшы, «Кәмей ұшқанды» өскемендік талантты жас режиссер Рүстем Есдәулет сахналады.

Бәрін айт та, бірін айт, бұрынғы жырауларды айтсаңшы, шіркін! Мысалы, Қазтуғанның «Қайран да менің Еділім, Сен салмадың, мен салдым» немесе «Қайырлы болсын сіздерге Біздерден қалған Еділ жұрт» деген жыр жолдары – сол кездегі ел тағдырының көрінісі.

Әдебиетке ең адал болған ақынның бірі Шәкір Әбендер едім. Дулат Бабатайұлының өз заманындағы поэзияны қалыптастырушы, Абай ұстаз тұтқан тұлға екендігі жөнінде әділін айтқан – Шәкір ақсақал. Жалпы Шәкір ақсақал нағыз дастаншыл ақын болатын. Оның адам образын ашып беру шеберлігі тіпті керемет! Шәкірді тану, зерттеу әлі дұрыс қолға алынбай келеді.

**– Соңғы жылдары елдің рухын көтеретін, жан дүниесіне рухани азық болатын шығармалар аз болмағанмен, ол халық қолына жетпей келеді. Авторлар мен алыстағы оқырман арасы да алшақтап бара жатқан сияқты ма, қалай?**

– Жергілікті билік ақын-жазушылардың аудан-ауданды, жер-жерді аралап, жұртпен жүздесуіне жағдай туғызуы керек. Жасыратыны жоқ, неше жерден патриоттық танытқаныңмен, өз күшіңмен аймақтарды аралап қайту нарық заманында мүмкін емес. Қарап отырсам, осы уақытқа дейін өзім өскен Семейімде, не бір ауданда шығармашылық кешім өтіп көрмепті. «Ақын» деп арқамыздан қағады, бірақ бірде-бір басшыдан «Халықпен кездесіп, кешіңді өткіз, оқырманмен бетпе-бет сұхбаттас» деген ұсыныс естіген емеспін. Ел тізгінін ұстаушылар тарапынан ұсыныс болмаған соң қалайша өзің



сұранарсың?! Жалғыз мен емес, басқа да ақын-жазушылардың ел ішінде кездесуі, шығармашылық кеші өтіпті дегенді естімей келеміз.

Басты мәселе – халықпен тікелей байланыс орнату. Қазіргі кітап таралымы тоқырап қалған шақта автор мен оқырман арасын жақындастыратын жол – жұртпен жүздесуді жиі ұйымдастыру. Қаламгерлер сөзін елдігіміздің еселене түсуі үшін пайдаланғаны жөн. Халық басқаларға қарағанда ақын сөзін ақиқат санайды. Мемлекет саясатын жүргізуде қазақша білмейтін шенеуніктер мен депутаттарды ауылға жібергенше, бізді жіберсін! Кезінде Кеңес өкіметі ақын-жазушылардың қайратын мемлекет мүддесіне барынша пайдалана білді емес пе?

**– Әңгімеңіз үшін рахмет, Несәга!**

**Сайлау Төлеуов.**  
«Алтын орда», Семей.  
7-13 қаңтар, 2010 жыл



## ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІНЕН БІР МҰҢ КӨРЕМІН

*– Шығысқа барып, Абайдың 165 жылдық тойына қатысып қайтқан бетіңіз осы екен. Абай еліне арналып сіздің де шығармашылық кешіңіз ұйымдастырылыпты...*

– Иә, Абайдың 165 жылдық тойынан бір күн бұрын Семейдегі Абай театрында «Дариға, дәурен» деген атпен кеш өткіздім. Мұнда мен өз кешімді өткізейін деп барған жоқпын. Шығыс Қазақстанда, өз елімде мен жеке кешімді өткізген адам емеспін.

*– Бұл бірінші рет пе?*

– Бірінші рет. Негізінен осы өмірімде үш-ақ рет кеш өткізген адаммын. Біреуі осы. Тағы бірі – 50 жылдық мерейтойым Алматыда ұйымдастырылды. Астанаға келгенде 2004 жылы бір кеш өткіздім. Кеш өткізіп, өзімді жарнамалауға, дабыралауға құмар адам емеспін. Бұл жолғы шығыстағы кештің мәні былай. Баяғыда атам қазақ ас берілгенде жүйрік атын, палуанын, әнші, жыршы, ақындарын сайлап апарып қызмет жасайтын. Тіпті мешкейлерін де ерте баратын. Осы жолға Абай атамның тойына тартқан тартуым, шашуым осы ұйымдастырған кешім болды. Бұл менің кешім емес – Абай рухына арналған тағзым.

*– Тәуелсіздік жылдарынан кейін біраз көлемді дүниелер жазып әрі жауапты қызметтер де атқарып жүрсіз. Осының бәріне қалай үлгересіз?*

– Тәуелсіздікті жырлау – бала күнімнен арманым. Біз оны аңсап келдік. Тәуелсіздікті әлі де жырлай береміз. Сонау кеңестік заманда жазған «Бас сүйектер», «Үндістер, үзілмеңдер» деген поэмаларым тәуелсіздік тақырыбына арналған. Желтоқсан оқиғасынан кейін «Мұқағали – Желтоқсан» деген поэма жазғам. Ол да осы тақырыпқа бағытталған. Кезінде біздің батырларымыз көп жырланды. Бірақ олардың барлығы бізге толық жеткен жоқ. Әрі Кеңес өкіметі оның бәрін жарыққа шығарта бермеді. Ал оларға бүгінгі заман көзқарасымен қарап, Абылай заманының арғы-бергі дәуіріндегі батырларды қайта

жырлап шығуды алдыма мақсат етіп қойдым. Мысалы, кез келген поэманың ішінде Абылайға соқпай өте алмайсың, жеке өзіне поэма арналмағанымен, жырланды деп ойлаймын. Сол сияқты Қабанбай, Бөгенбай, Бердіқожа, Шақантай батыр туралы жырланды. Қазір Шапырашты Наурызбай жөнінде жазып жатырмын. Ары қарай атақты Жалаңтөс Баһадүр жөнінде жыр жазу ойымда бар. Мұның бәрі бүгінгі ұрпақты отаншылдыққа, елдікке тәрбиелеуге септігін тигізетін еңбектер.

Шығармашылықпен айналысуға уақыт табу жөнінде айтар болсам, Астанаға келгеніме он шақты жыл болды, Мырзатай Жолдасбековпен бірге қызметтес болып жүрмін. Ол кісі менің шығармашылықпен айналысуыма көп мүмкіндік жасап келеді.

**– Астанаға келгеніме он жыл болды деп отырсыз. Сөз жоқ, одан бері де бас қаламыз көп өзгерді. Сіздіңше, эттеген-ай дегізетіндей тұстары жоқ па?**

– Ондай жағдайлар бар. Мәселен, қаланың архитектурасында ұлттық нақыш жоқ. Салынып жатқан көп үйлер – әлемдегі басқа қалалардың үзіп-жұлған көшірмесі.

Біздің архитекторлар ізденбейді. Ұлттық нышанға көңіл бөлмей жатыр ма деп ойлаймын. Одан кейінгі мәселе, көптеген тұрғын үйлердің сырты жылтырап, іші қалтырап әрең тұр. Қаншама адамдар жаңа үйлеріне кіріп алып, үлкен жөндеу жасайды. Басқаны былай қойғанда, орталық монша «Керемет» пайдалануға берілгеніне 4-5 жыл ғана болғанымен, үш ай сайын ішінде жөндеу жүріп жатады. Өте сапасыз салынған. Оған қанша қаражат жұмсалғанын мен білмеймін, бірақ тым сапасыз. Мысалы, Алматыдағы кеңестік кезде салынған «Арасан» моншасымен салыстырсақ белгілі болады.

**– 1972 жылы сіздің бір топ өлеңдеріңіз Мұқағали Мақатаевтың алғы сөзімен «Лениншіл жаста» басылыпты. Ол кісі екеуіңіздің араларыңызда аға-інілік қарым-қатынас болып па еді?**

– Ол кезде ҚазМУ-дің бас корпусы қазіргі Өнер академиясы тұрған үй болған. Мен ғана емес, сол кездегі өлеңге үйір



жастардың барлығы сабақтан соң түстен кейін Мұқаңның қасында жүретінбіз. Ол кісі ата қаз сияқты ортада жүретін. Қазіргі Жазушылар одағының алдындағы бақ сол кезде ертедегі Омар Наям заманындағы патшалардың бақшасындай ақындар жиналатын орын еді.

Мұқағали эмоцияның адамы болатын. Жасыратыны жоқ, кейде қызып та жүретін. Қатты ашуланғанда болмаса, қыздай биязы адам еді. Биік денелі, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, буырқанып келе жататын. Бірақ «Мұқағали ананы көрді, мынаны көрді, оған біреулер, үкімет қиянат жасапты» деген пікірлермен келіспеймін. Мұқағалидың басынан өткен тұрмыстық қиындық кез келген ақын-жазушының басынан өткен. Кейбіреулер өзін көрсету үшін «Ол анадан таяқ жеді, мынадан қиянат көрді» деп айтып жатады. Бірақ одан бетер зорлық көрген адам бар.

Мұқағалидың қарсылығы – ішкі ақындық қарсылық. Ол ел тәуелсіздігін аңсау еді. Айта алмай іштей бұлқынатын. Мысалы, ол кезде қазақты Алматыға тіркеуге алмайтын. Қазақ мектептері жабылып жатты. Сол кезде Алматыда бірде-бір қазақ мектебі жоқ болатын. Шона Смаханұлы, Әбу Сәрсенбаев ағаларымыз бастап, біздер, студенттер қостап, қазақша білім беретін №12 мектепті әрең аштырғанбыз. Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Сайын Мұратбеков, Қалихан Ысқақов бастаған қаламгерлердің және олардан кейінгілердің балалары қазақша жақсы біледі. Олар сол №12 мектепке балаларын берген. Одан бұрынғылардың көпшілігінің балалары қазақша білмейді.

**– Ұлықбек Есдәулетов ағамыз «Мұқағали Мақатаев «Туады, туады әлі нағыз ақын» деген өлең жолдарын өзгеге емес, Несіпбекке арнауы мүмкін» деген екен. Бұған не дейсіз?**

– Ол өлеңді маған ғана арнады деу артықтау. Өмірде көзі тірісі бар, өмірден өткені бар, небір мықты ақындар болды. Солардың бәріне арналған шығар. Немесе Мұқаң айтқан «нағыз ақын» әлі тумаған шығар, бәлкім.



**– Кеңес уақыты кезінде қаламгерлерді идеология құралы ретінде жақсы пайдаланды. Қазір солай пайдалануға жарайтын қаламгер бар ма?**

– Екінші бірін пайдалануға болады. Біздің журналистер бір жаман пікір қалыптастырды, «Зиялы қауым үнсіз отыр, зиялы қауым жоқ» дегендей. Зиялы қауым айтарын айтып-ақ жатыр. Бірақ баспасөзде айтылған мәселеге бақылау жасап, одан бір нәтиже шығарып отырған билік жоқ. Қазір неше түрлі діни ағымдар қаптап кетті. Ол біздің Тәуелсіздігімізге, елдігімізге кесірлі жағдай тудыруы ғажап емес. Олардың артында дін ғана емес, біздің елге, жерімізге қызыққан арам пиғылды топтардың саясаты жатуы да мүмкін.

**– Жаңағы зиялыларға қатысты сұрап отырған себебім, бұрын бір сұхбатыңызда «Сауаты бар, бірақ білімсіздер. Құр ұраншыл, ұрдажықтар. Бір бөлігі тау құлап жатса да тас көтермейтін қойторылар» депсіз...**

– Ондайлар бар екені рас. Олар – есеппен жүретіндер. Ұлтына жаны ашымайтындар. Бұлардың қарасы кеңес уақыты тұсында көбірек болды. Бұл күндері ауылдың жағдайы жақсы деп жүрміз ғой. Шын мәнінде арғы түкпіріне барсаң, әбден дүниеден түңілген адамдарды көресің. Ауылға газет, кітап бармайды. «100 мектеп, 100 аурухана» деген бағдарлама да дұрыс қамтылып отырған жоқ. Соңғы жылдары ауылда бірде-бір үй салынбаған. Олардың жағдайы барлары қала маңына көшіп кетті де, шамасыздары қалды. Кеңес үкіметі тұсында салынған жаман үйлер жұдырықпен бір қойсаң, арғы жағынан қолың өте шығады. Бұл – өте үлкен мәселе. Ел шенеуніктердің ішіп-жегені мен қашқаны туралы әңгімеден жалықты.

**– Жастармен араласып тұрасыз ба?**

– Қайсыбірін айтайын, әсіресе Астанада тұратындықтан, елордалық жастармен көбірек жолығамын. Мысалы, Жанат Әскербекқызы, Айгүл Кемелбаева, Таласбек, Дәулеткерей, Серікзаттар бар. Үйге журналистер келіп тұрады. Алматыға



барғанда жаңа танылып, шығып келе жатқан жастармен де жүздесіп тұрамын.

Дәл қазіргі уақытта жастардың тек қана шығармашылықпен айналысып кетуге мүмкіндігі жоқ. Жастардың көзінен бір мұң көремін. Өйткені 30-40 жасқа дейін үйсіз жүреді. Жігер байқалмайды. «Өз күніңді өзің көр» деген заманда олардың бәріне бірдей жұмыс табылмайды. Ал жеке бизнеспен айналысса, шығармашылығы қалады. Социализм уақытында жастар оқу бітірген соң жұмысы әзір тұратын. Сондықтан нарық заманының қатал заңына шыдап кеткен адам ғана шығармашылықпен айналысады.

– **Қазіргі қоғамда сізді мазалап жүрген қандай мәселе бар?**

– Сырттағы елді жинап алу мәселесі бізде баяу жүріп жатыр. Олар келмей болмайды. Бір облыстан екінші облысқа көшудің өзі қиын. Ал шеттен келген қаңдастар бейімделіп кеткенше, өте ауыр жағдайды бастан кешіреді. Бізде қазір парақорлық жайлаған жүйе. Сырттан жаңа келген ағайыннан анау алыстағы ауыл әкімінен бастап пара тілейді. Елге енді ғана келген олар несін береді? Оған шыдай алмайды. Жасыратыны жоқ, біздің қол-аяғымызды жемқорлық матап отыр. Егер бізде ол жоқ болса, Президент жемқорлыққа қарсы қаулы шығармайды ғой. Жемқорлық жайлаған елде шеттен келген адам тез бейімделіп кетеді дегенге кім сенеді? Оны қойып, осы жерде туып-өскен шағын бизнестегілер зар қақсап отыр.

Екіншіден, бізде көптеген ұлттың диаспоралары тұрады. Елбасының сарабал саясатының арқасында олар мәдениетін, ұлттық келбетін толық сақтап, еркін өмір сүруіне жағдай жасаған. Ал бірақ олар осының барлығы қазақ халқының кеңдігінің арқасы екенін түсінуі қажет. Қазақтың ұлттық мүддесін басқаларға жығып беру арқылы саясат жасауға болмайды. Мен осыған қарсымын.

– **Шеттен келіп жатқан ағайындарға жағдай жасап отырмыз деп күнде зарлаймыз ғой...**



– Иә, кезінде Президенттің өзі бас болып игі істер атқарып еді. Бірақ соларға бөлінген ақша дұрыс қолдарына жетпейді. Атын атамай-ақ қояйын, көші-қонның басында отырған талай азаматтар бизнесін дамытып, керемет жақсы коттедждер салып алды емес пе!

**– Жаңа бір сөзіңізде дінге байланысты айтып қалдыңыз. Қазір жастар имандылыққа бет бұрып жатқаны қуанарлық жағдай. Бірақ біз түсінбейтін ағымдар, көзге ұрып тұрған тым тақуалық бағыттар көп сияқты.**

– Өзім діншіл адам емеспін, шыны керек, намазға жығылған жоқпын. Бір нәрсеге қарсымын. Әсіре діншілдікке. Діннің осыдан 100-200 жыл бұрынғы киім киісі мен жүріс-тұрысын қабылдай беру қажет пе, жоқ па? Білмеймін. Меніңше, қажет емес сияқты. Өйткені біз өркениетке кетіп қалдық. Дін де заманға лайық дамып, бейімделуі қажет сияқты. Сондықтан бет-аузын оранып, таза фанатизмге берілу дұрыс емес. Кейбір әсіре діншіл адамдардың басында, мінез-құлқында бір ауытқушылық пайда болатын сияқты. Аруақты атамайды, әкең бе, шешен бе, өлсе үш күнге қаратпай тез арада көмуің керек. Олардың ұғымында арабтан басқа ел жоқ сияқты. Ал мен ешқашан араб болғым келмейді. Егер ол дін менің ата-бабамның рухына, салтыма, дәстүріме, мемлекеттігіме, жеріме, тәуелсіздігіме сызат түсіретін болса, ондай дінде болғым келмейді. Мен үшін бірінші орында дін емес – ұлттық мүдде. Біздің ұлтымыз осыдан мың жыл бұрын, VII ғасырда, V ғасырда – тәңіршілдік діні тұсында керемет мемлекеттер құрған. Әрине, кейіннен исламды қабылдадық. Ал анау Абай заманында да атын шаптырып, асын беріп, ата дәстүрін ұмытпай ұстап отырды ғой. Менің ақындық көкірегімнің айтысы бойынша, дін ұлтқа қызмет етуі керек. Халық дінге қызмет етпеуі қажет. Осы күнгі кейбір діндарларымыздың оғаш қылықтары көп. Өкінішке қарай, олар қатарларын кейбір өнерде жүрген адамдармен де толықтыруда.





Бұл қатерлі. Мұны реттеуіміз қажет. Бұған мемлекет араласуы керек.

**– Алпысқа келдіңіз. «Алпыс – тал түс» дегенмен де, біраз белес астыңыз. Жүріп өткен жолыңызға, артыңызға бұрылып бір қарайсыз ба?**

– Мен екі нәрседен қорқамын. Бірінші – тізгін ұстап отырған азаматтардың көбі (бәрі деп айта алмаймын) дүниеқоңыздыққа бой алдырған сияқты. Бұл – біз үшін ең қатерлі жау. Және олардың көбінен ұят кеткен. Қазір жұрт солардың айналасындағы ішіп-жегені мен аңда-мұнда ақшаны шашқаны жайлы әңгімеден жалықты. Олар енді тойғаннан соң таққа ұмтылуды көздеп отыр.

Екінші өкінішім – руханият мәселесі. Тіл – мемлекеттің алтын тұғыры. Одан айырылсақ, мемлекеттің бет-бейнесі, тәуелсіздігі түкке тұрғысыз. Ол қатер бізде бар. Мемлекеттік тілге арнап қаншама ақша шашып, 10 жылдық немесе 5 жылдық жоспар құрғанымызбен, бұл жөнінен біз қуана қоюға әлі ерте деп ойлаймын. Тілге байланысты жоспарды ұзақ жылға қайта-қайта соза беру халықты алдау деп білемін.

**– Біраз әнге мөлдіретіп сөз жазғаныңызды білеміз...**

– Мен көбінесе әннің сөзін сазға арнап жазамын. Әуенді тыңдап отырып, қандай сөз қалап тұрғанын тұспалдап жазамын. Әуеннің көңіл күйін, сұранып тұрған сөзін дәл баса білсең, ән мен сөз қабысып, жақсы туынды шығады. Қазіргі эстрададағы балалар ақын болмаса да өздері бірдеңе жазып алатын болды. Ал әннің сөзі адамның асыл сезімдерін, жанының мөлдірлігін жырлауы қажет. «Әннің сөзіне философия берсең болмайды» деген бос сөз. Керісінше, қысқа сөзге көп мағына беру керек.

**– Әңгімеңізге рахмет.**

**Бейбіт Тоқтарбай.**

«Халық сөзі» газеті.

15 қазан, 2010 жыл

---



## ҚАЗАҚТЫҢ АСЫҒЫ ТҮГЕЛ БОЛМАЙ, БАСҚАНЫҢ ДҮНИЕСІ ТҮГЕНДЕЛМЕЙДІ

*Татулық пен тұрақтылықты, ел азаматтарын қазақ ұлтының маңайына топтастыруды өзек ететін 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында ақын, Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Несіпбек Айтұлына жолығып, ел тұрғындарының бірлігі мен тұтастығына қатысты бірер сауал қойған едік.*

***– Несіпбек аға, 1 Мамыр – Бірлік мерекесі. Бұл мерекені әлемнің көптеген елі түрлі мазмұнда тойлайды. Қазақ халқы үшін бұл мерекенің мән-маңызы неде?***

*– Біз бұрынырақта, бала кезімізде 1 Мамырды Халықаралық ынтымақ күні деп мерекелеп келдік қой. 1 Мамыр біз үшін сол кездегі үлкен мерекелердің бірі болатын. Есімізде қалғаны, дәл осы күні Бүкіл дүние жүзі халықтарының ынтымақ күні деп ақ көгершін ұшырып жататынбыз.*

*Ал енді Қазақстан үшін бұл күннің мәні тіпті тереңдеп кетті деп ойлаймын. Себебі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік алғаннан бергі 20 жыл ішінде көп ұлтты Қазақстан халқын сүттей ұйытып, тағдырын жарастырды. Қазір Қазақстан бейбітшіліктің үлгісіне айналған ел болды. Себебі түпкі саясат – әлем халқын, халықтар арасындағы руханиятты, мемлекеттер арасындағы сыйластықты жарастыру.*

*Рас, Кеңес өкіметінің тұсында халықтар достығы деген үлкен саясат жүзеге асты. Бірақ, шыны керек, сол саясаттың тегеурінімен Қызыл империяның қабағынан, тізесінен қорыққаннан кейін ғана жұрт ішінде тыныштық орнағандай, ел бір-бірімен, ұлттар бір-бірімен жақындасқандай көрінетін. Алайда әр ұлттың, әсіресе аз ұлттардың ішінде бір сыз, өкпе, тіпті қан қатып жатты. Өйткені Кеңес өкіметі тұсында кешегі*



репрессиялық қырғын, халықтың аштық жылдары көрген қиянаты, яғни 30-жылдардың басында қолдан жасалған геноцид, әлеуметтік теңсіздік секілді келеңсіздіктер кеңінен көрініс берген еді. Бұған қоса тіл мәселесі жөніндегі Кеңес Одағының Конституциясында жазылған «Ұлттар өз бетінше дамиды, өз бетінше гүлденеді» деген ұлт саясаты қағазда жазылды да, ал шын мәнінде жүзеге асқан жоқ. Бұл қолдан жасалған, күштеп таңылған саясат болды.

Ал еліміздегі соңғы 20 жыл ішіндегі ұлт саясаты ешқандай күштеусіз, ешқандай зорлықсыз, шынайы түрде жүзеге асып отыр. Қазақстандағы әр ұлт өкілдеріне еркіндік берілді. Олардың мәдениетіне, тіліне, қызметіне ешқандай қысым жасалған жоқ. Қазақстандағы ел бірлігі, ынтымағы дегеніңіз күштеп таңылған емес. Ол табиғи түрде жүріп, халықтың ақжарма тілегінен бір-біріне деген шынайы сенімі орнады. Осыған әрдайым тәубе деуіміз керек. Кейде артық-кем сөздер айтылып жатады. Кейбір мәселелерге қатысты ой-пайымдар шолақ қайырылып жатады. Мен мұндай пікірлерге көп жағдайда қосыла бермеймін.

**– Қазақ жеріндегі ұлтаралық бірлік идеясына қарата айтылған «этносаралық толеранттылықтың бірегей моделі» деген түсінікті өз ішімізде жиі естіп жатамыз. Әлемнің кейбір елдерінің азаматтары да ой-пайымдарын осы пікірдің төңірегінде өретінін көріп жүрміз. Сіздің пікіріңіз қандай?**

– Төзімнің де шегі бар. Әрине, қазақ халқы – ежелден кең, дархан халық. Жеріміз қандай кең болса, пейіліміз де соншалықты кең. Қонақжайлығымыз және бар. Қазақ өзі бастап, басқа халыққа шабуыл жасап, өзгенің қолындағысын тартып алатын халық емес. Табиғатында жоқ. Қазақ халқының осы төзімділігін, дархандығын, кеңпейілдігін пайдалана беруге болмайды. Әр ұлттың өзінің намысы болады. Кез келген кішкентай ұлт, аз халық болсын, оның намысына тиген кезде шамданады. Намыс дегеніміз – өзгенің тарихын жоққа шығармау және аяққа



таптамау, тілін қорламау, әдет-ғұрпын сыйлау. Баяғыда сақ патшайымы Томирис Кир патшамен соғысқан кезде, «Бізбен шын соғысқың келетін болса, алдымен біздің бабаларымыздың зиратына тиісіп көр, сонда көресің сақтардың қалай соғысқанын» депті. Сондықтан мәселе – әр халықтың өзара, бір-бірімен сыйластығында жатыр. Бұл бір-бірінің мәдениетін, тарихын, тілі мен ділін сыйлаудан да көрінеді. Және бұл бақай есеппен, басқа да бір қулық-сұмдықпен емес, шынайы сыйластық түрінде болуы керек. Қазақта сөз бар «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген. Біз осындағы өзге ұлт өкілдерін сыйладық па? Олар да бізді солай сыйлауы керек. Біз оларды алақанымызға салып, төбемізге көтердік пе? Олар да қазақ халқына сондай сый көрсетуі керек. Сыйластық екі жақтан бірдей болмаса, ешқашан шын мәніндегі береке-бірлік болмайды. Әрине, қазақ халқының кейбір тұстарда төзімділік танытатын көнбістігінен, кеңдігінен есесі кетіп жататын тұстар кездеседі. Бірақ аса бір айғай-шу тудыратындай, одан бір трагедия жасайтындай жағдай жоқ.

***– Қазақ халқы – мемлекет құрушы халық. Яғни, ол елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына алдымен мүдделі және жауапты. Ал өзге этностар мемлекет алдындағы жауапкершілігін соншалықты сезініп отыр ма? Олар қазақ ұлтының маңайына қаншалықты топтасып, ел дамуына үлес қоса алып отыр?***

– Өткенде телеарнадан Мұрат Ахмадиевтің сөзін тыңдадым. Ұйғыр халқының белгілі өнер қайраткері «Біз қазақтың тарихын, тілін білмесек, осы мемлекеттің азаматы болып отырғанымыз шынайы емес» деп айтқан еді. Қазақ жеріндегі этностар елімізге тура осы тұрғыдан қарайтын болса, оларға мың да бір рахмет. Қазақ тілін білуге талпынып жатқан өзге ұлт өкілдерін көргенде ішің жылиды. Әрине, түрлі жағдайлар да орын алып жатады кейде. Ондай жәйттер болмағанын қалар едім. Алдымен қазақ халқын, негізгі халықты сыйлап, тәуелсіздігімізді, мемлекеттілігімізді шынайы мойындау керек.



*– Тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде өзге этнос өкілдеріне өз мәдениетін, тілін дамытуға, әдет-ғұрпын сақтауға, жандандыруға жан-жақты жағдай жасалды. Енді олардың да мемлекеттік тілді үйрену деңгейі сыналатын кез жетті деп ойламайсыз ба?*

– Әлдеқашан жетті. Алайда солардың тілге керенаулық танытып отырғандары қазақша білмейтін қазақ азаматтарының кінәсінен деп ойлаймын. Өзінің жерінде, өзінің бесігінде отырып, қазақ тілін білмеу – намыссыздық. Алдымен қазақтар қазақ тілінде сөйлейтін болсақ, жағдай басқаша болар еді. Мәселен, Қасым-Жомарт Тоқаев аз жылдың ішінде тілді үйреніп алды ғой. Демек, іс басындағы, билік басындағы азаматтарда ниет болуы керек. Бұл мұз ерімей, біз басқаға тілімізді қалай үйретеміз? Қазақ өзінің намысын оятып, өз көшін түземей ме алдымен? Барлығын өзімізден бастауымыз керек. Ниетімізді түзейік.

Екіншіден, өзге этностар мемлекеттік тілдің мәртебесін, деңгейін көтеру үшін күресуі керек. Олардың тілі мен мәдениетіне ешқандай көлеңке түспейді. Біз оларға «өз тілінде сөйлеме» деп отырған жоқпыз ғой. Үйінде сөйлесін, мектебі ашылып, әдебиеттері дамып жатыр. Газеттері шығып жатыр. Этностар қазақ халқына көмектесіп, біз тірек болсақ, олар сүйеу бола білуі керек. Сонда ғана елдің шаңырағы асқақтап, босағасы берік болмақ.

*– Егемендік алған жылдар кезеңін саралай келе көз жүргіртсеңіз, бірлік қуаты қаншалықты нығайыпты?*

– Меніңше, бекіді, нығайды. Әйтпесе айналамызда қандай жағдайлар болып жатқанын көріп отырмыз ғой. Қазір Қазақстанда тұратын этностар өздерінің Отаны Қазақстан екенін түсінді. Кеткендер қайтып келіп жатыр. Германияға кеткен немістер қайтып келіп, «Қайран, ауылым!» деп жылап көрісіп жатқан жағдайлар кездеседі. Демек, олардың тағдыры қазақ жерімен мәңгі байланған. Біз дұрыс өмір сүру үшін, үйіміздегі баламыз, отбасымыз, ошақ қасымыз аман болу үшін





де бір-бірімізбен тату болуымыз керек. Бізде шын мәнінде басбұзарлық, тентектік жасап, бүйректен сирақ шығаратын топтар жоқ. Бар болса, сырттан келіп жатқан ағымдар, оның ішінде діни ағымдар. Ал Қазақстанның өзінде тұратын түпкілікті халық мұндай сыңаржақтық пен сыңарезулікке бара қояды деп ойламаймын. Бұл, әрине, бірлік қуатының арқасы.

**– Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII съезінде «Биыл біз 1 Мамырды алғаш рет жаңа форматта атап өтетін боламыз. Бүкіл Қазақстан бойынша бұқаралық шерулер, патриоттық акциялар өтеді. Көктемгі 1 Мамыр мерекесі біздің еліміздің барлық этностарын бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түсуге тиіс» деген еді. 1 Мамыр, сіздің ойыңызша, қандай сипатта түрленіп, жандануы керек?**

– Баяғы 1 Мамырдың сарынымен кете беруге болмас. Әрине, түпкі мазмұны сол. Яғни ұлттар арасындағы достық пен бірлік, ел ішіндегі тыныштық. Бірақ мұның астарында қазақтың мүддесі тұруы керек. Атап айтқанда, мемлекет тәуелсіздігі, тұтастығы, рәміздері құрметтелуі тиіс. Қазақстанға, қазақ жеріне, қазақ халқына деген құрмет тереңдей түсуі керек. Міне, осы тұрғыда жандануы керек.

**– Мереке қарсаңында халыққа айтар тілегіңіз?**

– Кешірімді болайық, кең болайық. Қазақ – осы жердің иесі. Сондықтан қазақтың асығы мен есебі түгел болмай, басқаның дүниесі түгел болмайды. Қазақтың мерейі үстем болса, мемлекетіміздегі өзге ұлт өкілдерінің де төрт құбыласы түгел болады. Үй ішінен үй тікпейік. Елімізге тыныштық, халқымызға бірлік тілеймін.

**Ләйла Еділқызы.**

«Егемен Қазақстан» газеті.

30 сәуір, 2011 жыл





## «ӘРКІМ ӨЗ ІШІНЕН ТА ЗАРУ КЕРЕК»

– Несіпбек аға, «Әдебиет – ардың ісі». Кез келген классикалық шығарманы оқып шықсаңыз, адамның әлсіз жақтарын көрсете отырып, мінез мәселесін керемет бейнелеп шығады. Бізде қазір «қазақы мінез» дейтін ірілікті азайтып барады. Осыған ең бірінші араша түсетін әдебиет болуы керек деп ойлаймын. Айтыңызшы, бізде неге классикаға татитын тақырып көп те, бірақ классикалық шығарма жоқ қазір? Неге ақын-жазушылар көзге көрініп тұрған рухани кеселдерді дөп басып жазбайды?

– Қай заманда да қазақ әдебиеті тоқырады дегенге келіспеймін. Бірақ та кешегі кеңестік дәуір, Ұлы Отан соғысы уақыты, 1930 жылдардағы қуғын-сүргін тұсында әдебиет, әрине, бір шеңберге түсіп, содан шыға алмады. Ақын-жазушылар ішіндегіні бұлқынып айта алмай қалған заман болды. Бірақ әдебиет мұз астынан жүрген су сияқты, ұлттық ойлар қашанда ұлттық әдебиеттің жүгін арқалады. Сондықтан әдебиет тоқырады, қазір әдебиетте классикалық дүниелер жоқ дегенге өз басым қосылмаймын.

– **Мысал келтіріп өтесіз бе?**

– Мәселен, тәуелсіздіктен кейін туған Мұхтар Мағауиннің шығармаларын, әсіресе әңгімелерін ерекше айтуға болады. Содан кейін Қадырдың «Иірімі» сияқты кесек туындылар келді. Есенғали Раушанов, Ұлықбек Есдаулеттің еңбектері бар. Жас таланттар да жетеді.

Сонымен бірге Тәуелсіздікті жырлау жағы кемшін дегенге де қосылмаймын. Өз басым Тәуелсіздікке арналған поэмалар циклын жасадым. Бүкіл қазақ батырларын қайта жырлап шықтым. Соңғысы – Шапырашты Наурызбай жақында жарық көрді. Бұрын Қабанбай, Бөгенбай, Бердіқожа, т.б. көптеген батырды жырға қостым. Кенесары да жырланды.

Енді Жалаңтөс баһадүрге түсіп отырмын. Сырым батыр туралы Қажығали Мұхаметқалиевтің романы жазылып жатыр. Мен тек оқығандарымды ғана айтып отырмын. Таласбек Әсемқұловтың Біржан сал жөніндегі киносы, Фариза апайдың өлеңдері, Қойшығара Салғараұлының тәуелсіздікке арналған шығармалары бар. Ал мен білетін қазақ поэзиясы көштен қалған жоқ, қай елдің поэзиясынан болсын кем емес. Мысалы, Бауыржан Жақып, Ғалым Жайлыбаев, Оңайгүл Тұржановалардың поэзияда өз орындары бар.

– **Онда неге жастар арасында торығу басым?**

– Кейбір жастар кейбір пікірлерге сеніп кетіп жатады. Осы заманда, әсіресе ауылда жікшілдік, әлеуметтік теңсіздік, қаламақы төленбеу, тұрмыстық қиналыс кезеңін олар бүкіл бір Тәуелсіздік жылдарындағы трагедия деп қабылдайды. Содан кейін барып биікке өкпелеу басталады. Қарсы жазып жатқандар да бар, кейде олардың да пікірін қолдаймын. Бірақ биікке бір қырынан қарап, қаралай, даттай беруге болмайды. Тәуелсіздік жылдары биліктің де, олардың да еткен еңбегі, жеткен жетістігі жетеді.

Тағы да қайталаймын, қазақтың тілі барда әдебиет тоқырады дегенге сенбеймін. Өкініштісі – қазір оқырман азайып кетті. Жұрт кітап оқымайды. Туған әдебиетті талдап, халыққа көрсетіп айтатын сын азайды. Содан болар, журналистиканың осындай кездегі ұшқырлығы, шапшаңдығы әдебиетті басып кетіп жатқаны. Осыдан кейін журналистер «Әдебиет жоқ» дегісі келеді. Әдебиет деген журналистика емес қой! Әдебиет – ұзақ жылдар толғанып, толғатып барып туатын дүние, мысалы, романдардың өзі жеті-сегіз жыл, он жыл жазылады. Күні бүгінге дейін Әбдіжәміл ағамыз «Қан мен терін» әлі өңдеп келе жатқан жоқ па?!

Сондықтан әдебиетті қолжаулыққа айналдырып, жеңіл-желпі қарауға болмайды. Әдебиет – халықтың рухы, тарихы, тынысы. Толғаныстан туатын туындылар мен шапшаң шығатын



мерзімді баспасөздің аражігін ажырату керек, шатастырмау керек. Екеуі екі бөлек сала ғой.

**– Аға, ендеше біздің қаламгерлер қазіргі қоғамдағы рухани дерттерді ашып айтып, көрсете алып отыр деп айта аласыз ба?**

– Әдебиетте оқылымды шығармалар жоқ емес, бар. Бірақ қазіргі әдебиетте көлденең келген көк аттылар көбейіп кетті. Әдебиетке қатысы жоқ адамдар кітап шығарып, оқырманның талғамын, талабын шатыстырды. Біздің оқырмандар айтыс ақындарын ақындардың ең кереметі деп ойлайды. Мен айтыс ақындарына қарсы емеспін, ол – көнеден келе жатқан өнеріміз. Шындығында жазба ақындары мен айтыс ақындарының деңгейі бірдей емес қой! Екеуі екі басқа дүние. Теледидардан көреді де, «Ақындарымыз осы екен» деген ойға қалады. Ал олар керемет жазба поэзияның тереңіне бара алған жоқ. Жазба ақындарының сөзі халыққа жетіп жатқан жоқ. Өйткені таралым аз. Бізде оны саралап, талдап, жеткізіп жүретін сыншылар жоқтың қасы. Сыншылар «Аш пәледен қаш пәле» дейді. Оларға қаламақы төленбеген соң жау іздеп қайтеді? Содан кейін қазақта, біздің әдебиетте, авторларда сынды қабылдау мәдениеті әлі орныққан жоқ. Сын айтса, сыншының желкесінен шоқпарды үйіреді. Мінін көріп, керегін алып, керек емес жерін іріктеп, сыншымен сәлемдесіп жүру, міне, бізде жоқ нәрсе.

**– Тәуелсіздіктің 20 жылдығында мәдениет пен әдебиет саласында жеткен ең басты жетістігіміз деп нені айтар едіңіз?**

– Қазір тап басып айта алмаймын. Негізі көптеген автор тәуелсіздікті дұрыс сезініп отырған жоқ. Өйткені тәуелсіздік пен билікті шатыстырады. Билік уақытша, ертең ауысады. Біз билікпен күресетіндей кешегі басқыншылармен немесе отаршылармен күресіп жатқан жоқпыз ғой. Тәуелсіздік алдық, ту тігілді, Президенттің қазақ, Құдайға шүкір! Ал биліктің кемшілігі

болса, айту керек. Бірақ ол күрес емес қой. Күрес деген басқа. Ал тәуелсіздіктен құнды нәрсе жоқ. Тәуелсіздікті жан-тәнімізбен жырлауымыз керек. «Той дегенде өлең таппас, әншейінде ауыз жаппас» деп, Ленинді де, балшебекті де – бәрін де жырладық осы. Ал ақ түйенің қарны жарылған кезде неге тәуелсіздікті жырламасақ?! Тәуелсіздікті жырлауға шақырамын.

Тәуелсіздік – қанша ғасыр күткен қазақ халқының бақыты, төгілген қаны, көзінің жасы, кешегі бабалардың арманы. Тәуелсіздік пен билікті шатыстырмауымыз керек. Билік мәңгілік емес. Бірақ биліктің де жақсылығын көре білу керек. Астана салдыру, шекара бекіту, тағы басқа істер жетерлік. Әрине, жиырма жылдың ішінде бәрін тындыру мүмкін емес. Бірақ мен бір нәрсеге өкінемін, жиырма жылда мемлекеттік тілді орнықты-ра алмағанына. Соған жете алмай отырмыз. Міне, істелмей отырған шаруа – осы. Тіл тағдыры жолында тиімді күресуіміз керек әлі.

Жақында Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов есеп бергенде Астана қаласындағы 51 балабақшаның барлығын қазақ тіліне көшіргенін айтты. Бірде-бір қалада, бірде-бір әкім бұлай жасаған жоқ. Құр айғайлап, газет бетінде шулатып, даурыққаннан гөрі осындай нақты шаруа жасау керек. Заманның қиын кезінде, 1990 жыл мен 2000 жылдар арасында біздің жас жазушылар қалыптаса алмай қалды. Тұрмыстың әлегімен кетті. Сондықтан әдебиет жоқ деп жылай бергеннен гөрі жазушыларға ептеп жағдай жасалса, сабасына түседі. Қазір жөнге келе жатыр, әдебиетіміз дамиды ғой деп ойлаймын. Проза біраз саябырлағаны рас. Бірақ қазақ поэзиясы өз деңгейінен түскен жоқ. Ақындарымыз жазу жағынан кеңде емес. Қаулап жас ақындар келе жатыр. Мысалы, Дәулеткерей Кәпұлы, Ақберен Елгезек, Моңғолиядан келген Бауыржан Қарағыз, т.б.

*– Ақын әлеуметтегі келеңсіздікті көрсе, айтпай отыра алмайды ғой. Қазір суицидтен Қазақстан алғашқы орынға*



*шығып, бәрінен озып кетті. Кеше ғана Ақтауда бір қыз 9-қабаттан секіріп, өз-өзіне қол жұмсады. Бұдан басқа нашақорлық, араққұмарлық, ажырасу, т.б. бойынша еліміз әлемде жиырмалыққа, тіпті ондыққа кіреді. Аға, неге біз жастар тәрбиесінен жаңылып қалдық?*

– Бұл – трагедия. Әсіресе мен бет-аузын бүркеп алатындарға қарсымын. Қазақ қызы ешқашан бетін жапқан жоқ, қазақ қызы бетін ашып, басына бөркін, әдемі тақиясын киіп жүрген, аналарымыз ақ кимешек, келіндер басына байлауыш тартқан. Қара киімді қара жамылғанда киеді. Қазақ оны «қара жамылу» дейді. Бізде бабаларымыздың аруағын сыйлап, бір Алла деп, ас беріп, ат шаптырып жатады. Қазір ата-баба дәстүріне қарсы шығатын бір ағымдар пайда болды. Мен үшін барлығынан да ұлтым қымбат, ұлтымның тілі, дәстүрі қымбат. Қысқаша айтқанда, мен мұсылман араб болғым келмейді, мұсылман қазақ болғым келеді. Егер мені мұсылман қазақтықтан әкетіп, мұсылман араб қыламын дейтін болса, одан да кәпір қазақ болғаным жақсы. Мен бәріне осы принциппен қараймын. Жат ағымдарды дамытып отырған сыртқы жаулардың, ішкі жаулардың қазақ халқын, жастарды құртуды мақсат тұтып отырғаны белгілі. Нашақорлыққа, араққұмарлыққа, түрлі күмәнді дінге бөліп, елді ыдыратуды көздеген сыртқы күштердің әсері. Мұнымен үзілді-кесілді күрес жүргізу керек. Біздің жастарымыз осыдан адасып жүр. Кім ата-баба дәстүрін білмейтін болса, неғұрлым надан болса, соларды алдымен қақпанға түсіреді. Өзінің көзқарасы, ұлттық көзқарасы, позициясы қалыптасқан адам кеселге ұрынбайды. Дәстүрін, тілін білмегендіктен көрінген ортаға түсіп, құрбан болып кетіп жатыр біздің жастар. Сондықтан мемлекетіміз осы жөнінде қатты ойлану керек. Өйткені олар күшейіп барады. Бұл тәуелсіздікке қауіпті, елдігімізге, болашағымызға қатер төндіреді. Сондықтан жастарды осыдан арашалауымыз, құтқаруымыз керек.

Сырттан келіп жатқан мәдени экспансия арамызға кіріп, құрт сияқты жеп жатыр, соңында қауақ болғанда лақтырып жіберуі мүмкін. Кешіктірмей ел болып ойланатын шаруамыз – осы.

**– Өзіңізде торығу, шаршау жоқ па?**

– Тәуелсіздігім болса, халқым аман, ұрпағым көбейетін болса қалайша торығамын?! Мемлекеттің, әдебиеттің игілігін өзі көріп отырып, басқаның баласына «Қазақша оқу, сөйлеу керек!» деп трибунада айқай салып, ал үйінде немересі мен әйел-баласына ие бола алмайтын адамдарды көргенде торығамын. Қазір бізге ең керегі – тіл, елдің тұтастығы, шекара, жастарды көлденең көк аттылардың жетегінен құтқару.

**– Қоғамның зиялысы деп жазушыларға қарайлаймыз. Бірақ қазіргі кезде мүйізі қарағайдай жазушы ағаларымыз ел алдында дауласып, бір-бірімен қырқысып жатқанын көріп мұқалып қаламыз... Бұл жазушылардың да торыққанын көрсетпей ме?**

– Мен осыған қарсымын. Біздің ағалар ұсақ-түйек өкпеге бола том-том кітап жазады. Оның оқырманға керегі жоқ. Бір-бірімен бет жырттысқанын халық көреді, естиді. Сосын ел алдында беделі түседі. Естелік жазғанда да халыққа қажет, ұрпақ үлгі алатын, елдің тағдырына байланысты мәселелерге қалам тарту керек, ал от басы, ошақ қасындағы жеке бастың күйкі тірлігін кітап қылып, оқырманға ұсынып жату – ұят нәрсе. Шыны керек, осы жайттар біздің біраз ағаларымыздың беделін түсірді.

**– Қазіргі кезде жазушылар арасында рушылдық мәселесі бар деген сөз әр жерде бір айтылып қалып жүр, бұған не дейсіз?**

– Рушылдық мәселесі жазушылардан басталған жоқ, әу баста Кеңес өкіметінің тұсында қазақты бір-біріне қарсы қою үшін рушылдық дертін ушықтырған, бұл сол кезде басталған. Билік кезінде үшке де бөлінген. Саясат әдейі солай жасаған. Әрине, соның салқыны әлі үзілмей келе жатыр. Бізге ұлттық деңгейге көтерілетін уақыт әлдеқашан жетті. Ұлттық деңгейде ойлауымыз керек. Рас, бөлінді, іріді, шіріді. Тіпті тәуелсіздіктің тұсында





кейбір өңірлер ұлттық деңгейден төмендеп, рушылдықтың құдығына түсіп кетті. Міне, торығатын нәрсе – осы. Қазір бізге бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, кеше кеткен кемшіліктен қайта тазарып, арылу керек. «Анау рушыл» деп көрсетеміз, әркім өз ішінен тазару керек. Әркім өзін тазаратын болса, қазақ есін жияды. Өтер іс өтті, өткенге салауат, қателік болды, енді мына заманда тазарып, бабаларымыздың бір ту астында жиналған кезеңіндегідей бір ниетке ұйымайтын болсақ, қатерлі күндер алда деп ойлаймын.

– *Аға, шын ұялған кезіңіз болды ма?*

– Орынсыз сөз айтып, әкемнің, шешемнің, жолдастарымның алдында ұялған кезім болған шығар. Ақын болғасын шалқып жүреміз, тартып жүреміз дегендей. Ал халқымның алдында ешқандай ұялатын жайым жоқ, ұялатындай өрескел іс жасағам жоқ. Арым таза.

– *Лев Толстой деген жазушы «Бәрі Ресейді құтқарғысы келеді, ал ешкім өз жанын құтқарғысы келмейді» деген екен. Ішкі дүниеніңізді жадыратар, қайғырғаныңызда демеу болатын өмірлік ұстыныңызды айтып бере аласыз ба? Сол өмірлік тәжірибеден шыққан рухани қуатты жастар да пайдалана жүрсе деп сұрап отырмыз.*

– Қазақты құртатын – көреалмаушылық. Кең болу керек. Ғафу Қайырбековтің «Аспан кең ұшам деген қанаттыға» деген сөзі бар.

Тазаратын кез келді. Өткен ғасырда ағалар тастап кеткен былықтан ХХІ ғасырда тазаруымыз керек.

– *Сонда өзіңізді өмірде жағымды кейіпкер ретінде сезінесіз бе?*

– Өзін жек көретін ешкім жоқ, айналайын. Кез келген шошқа өзін жақсы көреді. Бізде кез келген «халтурщик» өзін классик санайды. Сондықтан бұл сұрағың мен үшін орынсыз!

– *Қазір кәрістің керемет тарихи сериалдарын халық тамашалап отыр, балалар бойларына сіңіріп жатыр. Мен*



**Жұмоңмын, мынау Дон И деген сияқты қаһармандар пайда болғаны белгілі. Осылай... шынайы, моральдық кейіпкерлер мен тақырыптарға барар біздің жол әлі ұзақ па? Ол «ауыл» бізден неге алыс?**

– Осының барлығы біздің өзіміздің қаһармандарды насихаттай алмай отырғанымыздан. Ұрпаққа насихатталсын деп, бұрынғы батырларды қайталап жазып жүрмін. Балалардың көретіні шетелдің батыры болса, олар ертең кім болып шығады? Мысалы, Сыр бойындағы Жанқожа батыр. Оны қазіргі бала білмейді. Осының бәрін насихаттау керек, жазу керек. Балабақшадан бастап, өткенімізді, батырлық жырларымызды санасына құю керек. Әркім өзінің отбасын, баласын, қызын, немересін тәрбиелесін.

**– Аға, күнделік жазасыз ба?**

– Күнделік жазбаймын, жазып көрген жоқпын, бірақ жазу керек еді. Әдетке айналдырған жоқпын. Мен өлеңнің адамымын. Айта кетейін, бұрын бір шығарма, өлең газетке шықса, екінші газет қайталап басып шығармай қоятын жағдай болады. Меніңше, бұл дұрыс емес. Өйткені қазір кітаптың тиражы аз. Басылған дүниелерді де қайталап баса беруіміз керек. Мысалы, шығыс өңірде шыққан шығарманы батыстағы «Үш қиян» басса, әдебиетіміз насихатталар еді. Себебі газеттер де өздері шығып отырған өңірге кең тарайды, басқа жерге жетпейді. Әдебиетті насихаттаудың бір жолы – осы. Өзеннің бұлақтан басталып, бір арнаға құятыны белгілі. Әр басылым өз өңірін қамтып жазып жатыр. Одан рушылдық, топтық нәрселерді іздеп, елді адастыруға болмайды.

**– Рахмет сұхбат бергеніңізге!**

**Сұхбаттасқан Дәурен Сейітжанұлы.**

«Үш қиян» газеті.

14 маусым, 2011 жыл



## АУЫЛДА ОТЫРА БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Қоғам қанша қарыштап дамыса да әдебиеттен, мәдениеттен бөліне алмайды. Ұлт руханияты, ұрпақ тәрбиесі халықтың тарихи тамырымен біте қайнасып, ұлт болашағының іргетасы болуы тиіс. Ардың ісі – әдебиетті жасайтын – жазушылар. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі әдебиет өкілінің өресі ұлттың ұлы мұраттарын қалыптастыруға қызмет етіп жүр ме? Қазақ ақыны, қазақ жазушысы қандай болуы керек деген сұрақтар төңірегінде Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының директоры, ақын Несіпбек Айтұлымен ой бөліскен едік.

**– Қазақстан Жазушылар одағының Астана филиалын басқарғаныңызға көп бола қойған жоқ. Бұрын Астанада Жазушылар одағы болған да жоқ. Жаңа құрылған одақтың мақсат-міндеттері қандай?**

– Жалпы Жазушылар одағы дегенде алдымен ұлт зиялылары, ақын-жазушылар, аузы дуалы қоғам қайраткерлері ойға оралады. Біздің қазіргі міндетіміз Астанада қазақ ұлтының рухани, әдеби, мәдени ортасын қалыптастыру болып табылады. Үнемі болмаса да, көңілі қалаған кезінде айтар ойы, қолында қаламы бар жазарман қауымның бас қосып, пікір алмасып тұрғаны жақсы ғой. Одақ жөнінде қала әкімі Иманғали Тасмағамбетовпен сөйлестік. Одаққа ғимарат табылар-ау. Бірақ оны ұстап тұру, қаржы мәселесі қалай шешіледі, соны ойластыруымыз керек.

Менде бір ой бар. Қазақтың Жазушылар одағының негізгі іргетасын қалаған адам – Сәкен Сейфуллин. Сәкен мұражайымен қатар тұрған ғимарат қазір Астанадағы Жазушылар одағының ұясына айналып отыр. Бірақ бұл келешекте бізге тарлық етеді. Сондықтан, мүмкіндік болса, әрине, осы екі ғимараттың ортасындағы бос орынға қала әкімдігі қолдап, Қаламгерлер үйін салып берсе. Мұнда қазақ тарихын, Алаш



арыстарын, ұлттың ақын-жазушыларын, жалпы қазақ рухын топтастырсақ. Кезінде Алматыдағы Жазушылар одағының өз шайханасы, баспаханасы болды. Ондағы әдеби-мәдени өмір қазандай қайнап жататын. Бірақ ол дәурен өткен. Ол кезде мемлекеттік бюджетте болатын. Қазір қоғамдық ұйым болып құрылып жатырмыз. Тәуелсіздіктің 20 жылында жеткен жетістіктеріміз ұлан-ғайыр. Бұл – қазақ баласына берілген теңдессіз үлкен сый. Бірақ біздегі бір өкініш – қазақ ұлт болып ұйыса алмай отыр. Әркім әр жаққа тартады.

**– Мақсатымыз бір деп отырсыз ғой. Сонда қырық пышақ болып, жан-жаққа тартып жүргендер кім?**

– Кім дейтін несі бар? «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дегендей, соңғы кездері атыс-шабыс, жарылыс деген жиілеп кетті. Қазақ өзі дарақылау халық. Еркіндік, тәуелсіздік келіп еді, бас-басымызға би болып кеттік.

Демократия деген ол ойына келгенді істеу емес, бейберекет, бейбастақ болу емес. Кең екенбіз деп тізгінді тым босатып жібердік. Неше түрлі ағымдар халық арасына дендеп еніп, өздерінің пасық ойларын тықпалап жүр. Әр нәрсенің шегі болуы керек. «Саптаяққа ас құйып, сабына қарауыл қой» деген де қазақ. Елдік, ерлік, еркіндік рухы қазақта ежелден бар. Қазақ халқы – тарихи осы елдің қожасы, иесі. Елімізде пәленбай ұлт бар дегенге мен сенбеймін. Оның бәрі ұлт емес – ұлттық диаспора. Қазақстанда бір-ақ ұлт бар, ол – қазақ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дүние астан-кестен болып жатқанда, қырық құрау елді бір тудың астына, ынтымақ-ырысқа топтастыра білді. Барлық этностардың жағдайы жасалды. Біз оларды сыйладық. Олардың тыныштығын, тоқтығын ойладық. «Кәпір тоқ болса, мұсылман тыныш» қағидасымен өмір сүріп келдік. Кейде мен елдегі барлық ұлт өкілдері қазақтың есебінен күн көріп отырғандай сезінемін. Әйтеуір сабыр сақтап, ұлт ретінде есеміз кетіп жатқандай. Сондықтан ендігі кезекте олар қазақты сыйласын, шаңыраққа қарасын. Бұрын біз бейбітшілік, тыныштықты



ойласақ, енді олар ойласын. Ұлттық идеология деген аспаннан түсетін нәрсе емес. Оны ұлттың өзі жасауы керек. Ендігі кезекте мемлекеттік, елдік деңгейдегі шаралар ұлт мүддесі тұрғысынан шешілуі керек.

**– Бір сөзіңізде Абылай заманынан бергі батырлардың барлығын дерлік жырлады деп едіңіз. Сіз жырлаған батырлар жыры өз оқырманын тапты ма? Бұған дейін ұлтты, ұрпақты тәрбиелеп келген қазақтың классикалық бай әдебиеті дәл қазір неге өз миссиясын жоғалтып алды?**

– Бүгінгі қазақ әдебиетінің оқырманы жоқ дегенге келіспеймін. Оқылатын кез келеді. Біздің буын халық ауыз әдебиетімен, батырлар жырымен сусындап өстік. Ұлттық рухты әдебиет арқылы бойымызға сіңірдік. 1986 жылғы Желтоқсанда қазақ жастарын алаңға алып шыққан да бабалардың батырлық, өрлік рухы.

Қазір қаншама кітап, қаншама газет-журнал жарық көріп жатыр. Алайда бірде-біреуі қазақ оқырманына қызмет етіп отырған жоқ. Әлі күнге дейін қазақ тарихы, батырлар жыры, қазақ ертегілері бір жүйеге түскен жоқ. Балалар оқитын қазақ тіліндегі кітаптарды, ертегілерді, әңгімелерді еш жерден таппайсыз. Тапсаңыз тілдік, логикалық тұрғыда сауатсыз. Сондықтан, әсіресе балалар әдебиетін дамытуға қатты көңіл бөлуіміз керек. Балалар әдебиетін жасау үшін сол тақырыпта жазатын ақын-жазушыларды алақанға салып, ынталандыру жетіспейді. Аналар бесік жырымен, өлең тілімен ұрпақ санасын тәрбиелей білуі тиіс. Бала тәрбиесінде, тіл мәселесінде ақсап жатқан тұстарымызға аналар, әйелдер кінәлі деп те ойлаймын. Өйткені «қызға қырық үйден тыйым» жоғалды. Ана тілі дейміз, аналар көбіне орысша сөйлейді. Ана тілі дегенді «мама тілі» деп түсінетіндер бар арамызда. Сондықтан ана тілі емес, ата тілі, баба тілі деген дұрыс шығар. Балалар тілінен, бабалар рухынан нәр алған ауыз әдебиетін әдемі безендіріп, баланың сана сұранысына сай етіп бастыру жағы қолға алынбай жатыр. Қазақ мультфильмдерін-



де «жан» жоқ. Бесіктен басталған қазақы тәрбие бала санасына балабақша, мектеп табалдырығында – 7 жасқа дейін табанды түрде сіңірілуі тиіс. Және сол тәрбие баланың өсіп, ержету кезеңімен қатар өріліп, өн бойында, қанында қайнап жатуы – үлкен мәселе. Елінің, жерінің кешегісімен, бүгінімен мақтана алатын ұрпақты тәрбиелеу, әрине, әдебиеттің ісі. Қазақтың классикалық ауыз әдебиетін ғана емес, қазіргі тәуелсіз азат рухты жырлай алатын балалар әдебиеті жасалмай жатыр. Сондықтан тек ауыз әдебиеті ғана емес, заманға лайық балалар әдебиетін, балалар әлемін жасауға күш салсақ.

**– Тәуелсіздік қарлығашы Желтоқсан көтерілісіне биыл 25 жыл толып отыр. Ауызға алынбай, «Жоқтаушысы жоқ Желтоқсан» атанып жүрген сол тарихи кезеңде сіз қайда болдыңыз? Қазақ жастарын ұрып-соғып жатыр дегенді естігенде қандай сезімде болдыңыз?**

– Мен ол кезде Алматыда Жазушылар одағында болдым. Желтоқсанды көрдім. Алайда ол кезде біз бірдеңе дей қоюға дайын емес едік. Абдырап қалдық, қан қайнады. Ойландық. Қалай десек те, Желтоқсан көтерілісі қазақтың бір тұяқ серпюі болды. Тоталитарлық жүйенің қабырғасын қақыратты. Өзбектің «Орыс боламын десең, алдымен қазақ болып ал» деген келемежіне тойтарыс бердік. Қазақтың түбі бір түркі халықтары ішінде, жалпы Орта Азия халықтары арасында рухы жасымаған ұлы халық екенін, батыр халық екенін дәлелдедік. Үндемесек те, намыс қисса атойлап шығатын ерлік қанымызда бар екеніне төрткүл дүниенің көзі жетті. Елдік, ерлік, азаттық, ұлттық мәселеде адам ең алдымен соны сезіне алатын ұрпақ тәрбиелеуі керек. Билік бала тәрбиелеп бермейді. Ұрпақты ата-ана 18-ге толғанша тәрбиелесін, 18-ге толған соң әркім өзін-өзі, қоғамды, отбасын тәрбиелесін. Біз Жапония секілді мемлекет құруымыз керек. Сондай санаға жетуіміз керек.

**– Қазақ ұғымында ақын-жазушы ұлттық рухтың жаршысы секілді еді. Бүгінгі қалам ұстаған қауым жағымпаз-**





**жалтақ кейіпке түсті. Біреуді мақтау-мадақтау қазіргі қоғамда жан бағудың бір амалы ма?**

– Ода – бұрыннан бар жанр. Тәуелсіздікті, азаттықты жырлағанда тұрған не бар? «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме? Мадақ жыр ұрпақтың жүрегіне мақтаньш сезімін ұялатады. Өзін бағалай білуге үйретеді. Мадақ жыр халықтың рухын көтереді. Мақтау – жағыну емес, қуана білу. Кезінде Абылайды да мақтаған. Мақтау Ақтанберді, Шалкизде де бар. Қытайда «Басшың қамыс болса, басыңды и» деген тәмсіл бар. Мадақ жыр ел ішін алатайдай бүлдіріп, халық арасына іріткі салып жатқан жоқ қой. Барыңмен мақтанғанда тұрған ерсі ештеңе жоқ. Бес саусақ бірдей ауызға сыймайды. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Бүгін басқаның жұлдызы жанды ма, ертең сенің жұлдызың жанар. Әркім қоғамда өзінің не істейтінін, өзінің орнын білуі керек. Жаман болсаң өзіңнен, жақсы болсаң өзіңнен. Жасампаз 20 жылға мен өзім ризамын. Неге дейсің ғой, қазақ халқы қаланың айналасына топтасты. Астана салды. Ел іргесін бекітті. Қазақ байыды. Ауылда бір отбасында екі-үш машина. Қазақ жалқау халық еді. Менің тағы бір қуанғаным – қазір қазақ үй сала бастады. Бұрын өзбектер, өзгелер істегенді енді қазақ істей бастады.

**– Қазақ байыды дейсіз, қазір үйсіз-күйсіз жүргендер – қазақтар...**

– Бәрі бір күнде бола қалмайды. Тіпті мәңгі бақи шешілмейтін проблемалар болады. Өйткені халық өсіп жатыр. Ақша бөлген күннің өзінде, үй салып үлгере алмайсың. Қазақстанға жан-жақтан халық ағылып жатыр. Халық өсімі бар жерде бұл проблема жалғаса береді. Біздің халық жалқаулау, мемлекетке ауыз аша беруді әдетке айналдырған. Біздің тепсе темір үзетін жігіттер арақ ішіп көшеде жүр. Ұрлық жасайды. Мал бағуға барғысы келмейді. Біздің қазақ бастық болып кабинетте отырсам дейді. Бастық болу үшін де бойыңдағы жалқаулықты жеңіп, ізденуің, оқуың керек қой. Жалған диплом, жалған намыс ешкімді де,



ештеңені де көгертпейді. Қазір қай саланы болмасын жайлаған – кезінде дипломды сатып алған сауатсыздар, надандар. Соңғы кездері бір байқағаным, қазақтар дәнекерлеуші, сантехник, электрик дегенге бара бастапты. Мемлекет қайта оқытып, мамандандырып, қоғамға қажет маман дайындауды қолға алып жатыр. Мемлекет жасап жатыр. Қазақ өзі икемделуі керек. Ауыл қирап қалды деп жатамыз. Бірақ сол ауылдың сақталмағаны да дұрыс болды. Қазақ қалаға келмей білімді ұлтқа айнала алмайтын еді. Барлығымыз мал бағып, ауылда отыра бергенде, бүгінгі қарыштап дамыған ғылымды кім меңгеретін еді? Қазіргі ең басты міндет қалтаның емес, халықтың қамын ойлайтын, ұлттың болашағын ойлайтын сананы қалыптастыруымыз керек. Ондай күнге жетеміз. Өйткені бізде айқын мақсат, айқын бағыт бар. Бұрын қазақтың кім екенін білмейтін, Жамбылдан басқаны білмейтін әлем бүгін қазақты, Қазақстанды таныды. Әлемдік саясатқа Қазақ елі мұрындық болып отыр. Қазір «Қазақстан не дер екен?», «Назарбаев не дер екен?» деп бізге құлақ түріп отырғандар көп. Әлемдік проблемалар Қазақстанмен санаспай шешілмейді. Алып елдердің өзі бізбен санасады. Мұның бәрі Елбасының арқасы деп білем мен.

– *Рахмет.*

*Әңгімелескен Тілекгүл Есдәулет.*

*«baq.kz» порталы.*

*12 желтоқсан, 2011 жыл*







## ЕҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫМ – ҚАРА ӨЛЕҢ

*– Несәга, қай жерде туып-өстіңіз? Балалық шағыңыз қай жерде, қай ауылда өтті?*

– Шығыс Түркістанда Шәуешек деген қала бар. Сол қаладан солтүстікке қарай отыз шақырым жерде Тарбағатай тауы тұр. Ол Аягөзден басталып, Алтай, Сауырға барып ұласады. Шәуешектен 20-30 шақырым жердегі ең шеткі ауыл – Теректі, Қызбейітте туып-өстім. Шығыс Қазақстанның Тарбағатайының арғы беті – ежелден тұтас жатқан қазақтың жері. Шетке тарыдай шашылған қазақтардың көбі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте, 1928 жылғы кәмпескеде, 1932 жылғы аштықта кеткендер ғой. Адайлар Түрікменстанға, Ауғанстанға қарай өтсе, Арқа қазақтары Челябинге, тіпті Сібірге, Қиыр Шығысқа дейін барған. Моңғолия қазақтары тым ерте кеткен. Қытай қазақтары Абылай заманынан кейін Тарбағатайға ертерек барған. Бірақ 1916 жылы, 1928-32 жылдары қашып барғандар да бар. Жұрт «Шетке кеткен қазақтың бәрі – Кеңес өкіметіне оқ атып кеткен байдың тұқымы» деп ойлайды. Олай емес. Үш жүз жыл бұрын, Абылай, Қабанбай заманында жоңғарларды жеңгеннен кейін қазақтар жылжып отырып, Алтай, Тарбағатайға қайта қоныстанған. Менің төрт атама дейінгі бабаларымның басы сол жақта жатыр. Одан арғыларын құдай білсін...

Он екі жасыма дейінгі балалығым Тарбағатайда өтті. Атамның баласы болғандықтан, ерке болдым. Жұрт мені «Айттың баласы» дейтін. Ауылдың көбі – біздің туыстар. Бірақ кімнің қайдан келгенін білмейтінмін. Сөйтсем, атам 1932 жылы аштықта Ақсуат, Ақжардан Тарбағатайға қашып барған адамдардың басын қосып, бір ауыл құрған екен.

Балалық шағым өте қызықты өтті. Ерке болғаным соншалық, қоқаңдап ауыл балаларының бәріне қамшы үйіреді екенмін. Соғым сойғанда тайға мініп, қоржынымды салып алып,





ауылдағы 20-30 үйді түгел аралап шығатынымын. Әр үйдегі апалар сиыр сойса, бүйрегін міндетті түрде маған сақтап қоятынды. Атқа, аңшылыққа қатты құмарттым.

Әкем Тұрысбек – бір әкеден жалғыз. Жасы 85-ке келді. 81-дегі шешем қазір қатты ауырып жатыр. Ол – он үш құрсақ көтерген адам. Тіріміз – тоғыз. Төрт ұл, бес қыздың үлкені – мен. Төрт-ақ сыныптық білімі бар әкем – қарапайым адам. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуын біледі. Үлкен атам Айттың суретін ғана көрдім. Фотосуреті кейін жоғалып кетті. Қырық тоғыз жасында дүние салды. Өзі аңшы. Балуан болған. Ептеп өлең шығаратын өнері бар екен. Әкем де домбыра тартып, екі ауыз өлең шығарады. Сол жағы маған да дарыған шығар, кім біледі?..

Он екі жастан кейінгі бозбалалық шағым бұрынғы Семей облысының Шұбартау ауданында өтті. Біздің совхоздың орталығы – Үшқызыл деген жер. Екі өзеннің түйісуі болғандықтан, Бақанас-Байқошқар деп те атайды. Мұхтар Мағауиннің туған ауылы осы ара. Одан әрі Шыңғыстаудың күнгейінде Рамазан деген жер бар. Шәкәрімнің Құрқұдығы сол жерде (менің ауылымнан 10-15 шақырым жер). Абай қайтыс болған Шақпақ жайлауы да бізге жақын. Абайды көрген қариялар ауылда көп болды. Солардың әңгімесін тыңдап өстім. Шәкәрімнің әңгімесін сыбырлап айтатынды. Бұл – Абай мектебінің қайнаған ортасы ғой.

**– Бала кезіңізде кім болуды армандадыңыз? Сол арманыңызға жеттіңіз бе?**

– Бастауыш сыныпта оқып жүргенде математикаға қызықтым. Тіпті Алматыдағы математика мектебінен талантты балаларды жинауға келген комиссияға еріп, оқуға барғым келген. Алыс деп шешем жібермей қойды. Ол кезде Алматы тұрсын, Аягөзге баруға да қорқатын жұрт... Қазақ аз. Ауыл-ауылда шешендер көп болды. Жүк тасыған шешендер жалғыз-





жарым отырған ауылдың малын көлігімен соғып, сойып әкете беретін. Ел үйден шығып, «Әу» деуге қорқатын. Кейін қазақ еңсе көтеріп, шешендерді бастық қой. Содан «Алматыға жібермедің» деп көңілім суып қалды да, математиканың бетін жауып қойып, әдебиетке көштім.

**– Алғашқы ұстазыңыз кім болды? Қандай ұстаздардан тәлім алдыңыз?**

– Ұстаз – өзіңнің өмірің. Таланттыға «Бәленбай – менің ұстазым» деп оның етегінен ұстап, нақтылап айту қиын. «Жетектеген тазы түлкі алмайды» дейді қазақ. Мен 8-9 жасымда А. Байтұрсынұлының қарпімен «Ботагөз» романын оқыдым. Жамбылды да сол кезде оқыдым. Абай да қолыма түсті. Бірақ Абайды оқу ауыр болды. Кейін Шұбартауға келіп, «жас ақын» атана бастағанымда Қасым культ болатын. Шәкәрімді жұрт онда біле бермейді. Көбіне мен Қасымның өлеңдерін жаттап, еліктеп өстім. Әрі қарай Мұқағали, Қадырларды оқыдық. Қазақ поэзиясынан түгел сусындадық. Маған Қасымның әсері мол ма деп ойлаймын. Тани білсең, өзіңнің ортаң да – ұстаз. Олар – әке-шешен, отбасың, айналаңдағы адамдар. Өскен ортаңда дегдар ақсақалдар, сөз білетін қариялар болса қандай ғажап! Алғашқы ұстазым – әкем деуіме де болады. Жұмысынан келген соң, кешке қара домбырасын кеудесіне көлденең тастап, қара өлеңді бірінен кейін бірін төгіп-төгіп айтатын. Әкемнен дарығаны шығар, қара өлеңді көп білем. Бір таңға отырып айта аламын. Ақселеудің қара өлеңдер жинағында менің де атым бар, көптеген қара өлеңдерді мен бергем. Осыған қарағанда, ең ұлы ұстазым – қара өлең!

**– Алғаш құлай ғашық болған кезіңіз есіңізде ме? Өмірлік қосағыңызды қалай таптыңыз?**

– Өмірлік қосағым – Манат деген кісі. Отбасында еркелетіп «Майнан» дейді. 4-сыныпты бітіріп, Шұбартау ауданының орталығы Баршатасқа 5-сыныпқа оқуға барғанда таныстық. Содан жұбымыз жазылған жоқ. Біз мектепті бітіре сала үйлендік.

**– Жеңгей сізді қандай қылығымен, мінезімен баурап еді?**

– Жас болған соң көңілің бір адамға құлайды. Өмірде әйелі күйеуіне ұқсас болады деген табиғи заңдылық бар. Сол шын ба деп ойлаймын. Өйткені кез келген адам айнадан өзінің түрін жақсы көреді ғой. Өзіне ұқсас адамды сұлу деп ойлауы мүмкін. Жас кезімізде Алматы мен ауылдың арасында пойызбен көп жүрдік. Сонда бізді көргендер «Қарындасың ба?» деп сұрайтын. «Жоқ, әйелім» деп қоямын. Түрі маған ұқсайды. Өте салмақты. Мінезі ауыр. Керісінше, мен шарт-шұрт еткен шатақпын. Бірақ ақкөңілмін. Кек сақтамаймын. Ішімде көп сыр да тұрмайды. Басымнан сөз асырмаймын. Мазасыз адаммын. Әсіресе отбасында.

**– Өмірде әйел затына неше рет ғашық болдыңыз?**

– Ғашықтық деген – ғаламат сезім. Мұқағалидың «Бала махаббат» деген өлеңі бар ғой. Сол сияқты жас кезіңде, албырт шағыңда сұлу қыздың бәріне ғашық боласың. Бәрін алғың келеді. Көңіліңе сыйғанымен, құшағыңа сыя ма оның бәрі?! Неше рет ғашық болғанымды кім біледі?! Төрт-бес қызға ғашық болған шығармын.

**– Ең алғашқы «Балалық» деген өлеңіңізді он бес жасыңызда жазыпсыз. Содан бері қанша өлең, қанша поэма жаздыңыз?**

– Өлеңдерімді санаған жоқпын. Поэмаларымның саны отызға жуық. Мүмкін, одан да көп. Кеше ғана «Бүгінгі заман әдебиеті» сериясымен «Ту» атты поэмалар жинағым шықты. Оған он тоғыз поэма кірді. Жас кезімде жазған, оған кірмеген поэмаларым қаншама?! Балаларға арнап жазған шығармаларым – бір том. Әлі баспаға бермей, тартпада жатқан өлеңдерім, аудармаларым өте көп. Өзімді өзім жариялауға, насихаттауға салақ адаммын. Кітап шығаруға да солай.

**– Шығармашылық адамының тоқырауға ұшырайтын кездері бола ма? Сіздің басыңызда сондай жағдай болды ма?**



– Тоқырау дегенді шартты түрде қарауға болады. Неге екенін білмедім, жаз айларында өлең жаза алмаймын. Қолым жүрмейді. Көп адамның екі туған күні бар. Төлқұжатымда «1950 жылы 22 қыркүйекте туған» деп жазылғанымен, нақты туған күнім – 1949 жылдың 9 желтоқсаны. Туған күніме қарай жақсы жазам. Төл алатын уақыт сияқты. Қараша басталса-ақ өлеңмен ауыра бастаймын. Содан ақпан, наурыз, сәуірге дейін жазамын. Бірақ тоқырау дегенді білмеймін. Тоқырайтындар тоқырайтын шығар. Мен әлі тоқыраған жоқпын.

– *Несага, сіз марапаттан, атақтан кенде емессіз. Жамбыл, Мұқағали атындағы сыйлықтар, «Парасат» ордені, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлық... Білгіміз келетіні, сіздің Мемлекеттік сыйлыққа шығармаларыңызды төрт мәрте ұсынып, төртіншісінде алғаныңыз рас па?*

– Рас. 2004 жылы «Бәйтерек», «Мұқағали – Желтоқсан» атты екі поэмады ұсындым. Бірақ олар газетке шығып, талқылауға жіберілмеді. Шығармаларымды ұсынып жатқанымда аяқ астынан «Парасат» орденін берді. Бекер емес шығар деп ойладым. Сонда Ақселеу марқұм «Сәл ертерек ұсынып жатырсың-ау. «Бәйтерекке» бес-алты поэмаңды қосып, бірге ұсынсаң жөн болар еді» деді. Араға төрт жыл салып, 2008 жылы «Тоғыз тарау» атты поэмалар жинағымды ұсындым. Бұл – батырлық, тәуелсіздік туралы поэмалар. Сонда жұрт тоғыз поэманың бірі «Көкала үйректі» мақтап, Мемлекеттік сыйлықты сол үшін ғана беруге болады деген пікірлер айтты. Қазақтың үлкен ақыны Жәркен Бөдешұлы «Көкала үйрек» туралы мақала жазды. Бәсекеге түскен жиырма бес адамның соңынан екі-ақ адам қалдық. Серік Ақсұңқарұлы және мен. Серік – қазақтың маңдайалды ақындарының бірі. Өте білімді, тегеурінді ақын. Серіктің поэзиясы – ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының ең бір шоқтықты поэзиясы. Неге екенін білмедім,

әдебиет секциясындағы он сегіз адамның он жетісі маған дауыс берді. Бір-ақ адам қарсы болды. Ақырында уқит-суқит қылып, екеуімізге де бермеді. Уақыт өтіп кеткен соң кімге өкпе артасың? «Жас Алаш» бастаған газеттердің бәрі «Әдебиетке қиянат жасалды!» деп шырылдады. Ақселеу Сейдімбек, Қадыр Мырза Әли ағаларымыз, Әмірхан Меңдеке мақала жазды. Шыны керек, көпе-көрнеу әдебиетке қиянат болды. Мүмкін, біреулердің қызғаншақтығы болған шығар?.. Оны бәлен-түген деп қайтеміз?.. Әрине, бәйгеге шығармаларың лайықты болған соң ұсынасың. 2010 жылы «Ақмола шайқасы», «Ту» деген екі дастанмен қатыстым.

– ***Биыл неше адам бәйгеге түстіңіздер?***

– Басында жиырма бір адам қатыстық, сегіз адам талқылауға түстік. Соның ішінен екі адам қалдық. Ұсынылған адамдардың бәрі де – әдебиетке еңбек сіңіргендер. Көбі лайықты. Сәті солай болған шығар. Кеше біреулер «Комиссия кітап оқымайды» деп жатыр. Комиссиядағы он сегіз адамның ішінде Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдік, Дулат Исабеков, Мырзатай Жолдасбеков, Алдан Смайыл, Әлібек Асқаров, Уәлихан Қалижанұлы, Сауытбек Абдрахмановтар бар. Олар – оқығанда шағып тұрып оқитындар. Кімнің кім екені оларға бес саусақтай белгілі. «Кітап оқымайды» деп ғайбат айтып, комиссияны жағасынан алып, артық сөз айту ұят деп білем. Мемлекеттік комиссияның үлкен жауапкершілігі бар. Арғы жағында министр, Мемлекеттік хатшы отыр.

– ***Сыйлықты аларда сізге кімнің көмегі тиді?***

– Тілеулес болғандар көп. Қайсыбірін айтасың. Екі рет құлағанда «Жасыма, үшіншіде аласың» деп ақыл берген ағаларым болды. Мысалы, Қойшығара Салғара. Осы жолы қатыспаймын деп ойлағам. Қойшығара ағам шақырып алып, «Несіпбек, мен де екі құлап, үшіншіде алғанмын. Комиссия мүшелері өткен жолы да, алдыңғы жолы да саған қиянат



жасағанын біледі. Осы жолы қолы барып, сені ешкім сыза қоймас» деп бәйгеге мені сүйрелеп қосқандай болды.

– *Ол кісі комиссияның құрамында бар ма?*

– Жоқ.

– *Мемлекеттік сыйлықты аларда біреуге жол беру деген болады. Сіз солай жол беріп көрдіңіз бе? Сондай ұсыныс білдіргендер болды ма?*

– Осы күнге дейін «Жол бердім. Өйттім, бұйттім» деген ешкімді көрген жоқпын.

– *Бізде «Талантты алған сыйлығы арқылы мойындау белең алған» деген түсінік бар. Осымен келісесіз бе?*

– Бұл пікірмен келісуге болады. Марқұм Оралхан Бөкей ағам «Маған сыйлықтың түкке қажеті жоқ. Бірақ сыйлық керек! Өйткені ол – сенің қалқаның, қорғаның. Біреуге шабуылдамайсың, бірақ қорғану үшін керек» дейтін әзілдеп. Бәріміз де пендеміз. Кім атақтан бас тартады?! Маған атақтың керегі жоқ дейтіндер – сол атақты алудан үміті жоқтар! Талантсыздардың айтатыны бұл. Атақ сенің талантыңа ештеңе қоспайды. Бірақ үлкен атақ керек. Әдебиетті дамыту, жастарды өсіру, шығармашылығыңды ынталандыру үшін. Жасыратыны жоқ, Қазақстан Жазушылар одағы (бір пұшпағын өзім де басқарып отырмын ғой) бәйгеге кейде лайықсыз адамдарды жіберіп қояды. Олар таланттыларға көлеңке түсіреді. Алғашқы іріктеу өте қатал болуы керек. Шыны керек, әдебиетке үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамдар жүреді сабылып. Шөп те өлең, шөңге де өлең дейтін, поэзияда ұйқастыруды ермек қылып жүргендер де кітабын ұсынып жатады. Оның жанында мен бүкіл өмірімді әдебиетке арнаған адаммын. Мені ешкім «ақын емес» деп айта алмайды.

– *Жуырда галамтордағы сайттар «Назарбаевты келістіріп жырлағанға бір миллион теңге бәйге бар» деген ақпар таратты. Бұл қай бәйге? Жалпы бізге мадақ жырлар қажет пе?*

– Біз қаламгерлерді қолдау үшін былтыр «Тәуелсіздікке тарту» атты мүшәйра өткіздік. Бас бәйгесін Оңайгүл Тұржанова жеңіп алды. Осындай атаумен кітап шығардық. Биыл бұл мүшәйраны 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні құрметіне арнап өткізуді жөн көрдік. Мүшәйраның айдары «Байтақ елім – бақытым!» Мәтінін оқып берейін: «Бүгінде өз алдына тәуелсіз ел болып, еңсе көтерген, ұлан-байтақ іргесін бекітіп, елордасын көшіріп, биік Бәйтерегін орнатқан, айшықты Астанасын әлемге танытқан, ядролық қарудан бас тартып, халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісімге мұрындық болған, ынтымағы ұйыған, Алаш арманын, бабалар ерлігін, ел намысын, ата-салтын мұрат тұтып, мәдени мұрасын қастерлеген, өшкені жанып, өлгені тірілген, керегесі кеңейіп, терезесі теңелген, жаңа заманның жаңа сипатына сай керуен көшімен болашаққа бет түзеген жас Қазақ мемлекетінің мәртебесі мен мерейін асқақтатқан, осының бәрін жүзеге асырудағы Елбасының ерен еңбегін, қайраткерлік тұлғасын жалаң мадаққа ұрынбай, ел тарихымен, ұлт рухымен ұштастыра тереңнен толғап, кеңінен қамтып, шынайы да көркем жырлай білген ақындарға бәйге бар!» делінген.

Қазақ елінің тағдырынан, тәуелсіздіктен Нұрсұлтан Назарбаевты бөле-жара қарай аласыз ба? Міне, бүгін күллі дүниеге танылған Астананың төрінде отырмыз. Егер Елбасының батырлығы, батылдығы болмаса, осы қала салынар ма еді?! Басқаны былай қойғанда, елордамызды Арқаға көшіргені үшін-ақ Елбасыға ескерткіш орнату керек! Алаш арманын, ата салтыңды, өткен тарихыңды, ұлтыңның намысын жырла деп отырмыз. Ыңғайы келсе, еліміздің Тұңғыш Президентін де қосып жырласын... Осыған сай ол кісінің еңбегі бар. Тұңғыш Президент күнін мен жариялаған жоқпын ғой. Бүкіл ел болып тойлағалы отырмыз. Ал осы тойда Елбасының атына бірер шығарма жазылып жатса, одан ешкім де кеміп қалмайды. «На-





зарбаевты ғана жырлаңдар» деп айтты деп, бізді ниеті бұзықтар қасақана арандатып отыр. Мұндай жалған хабар таратушыларды ауыздықтау керек. Жуырда журналистердің этикасы жөніндегі кодекс шықты. Тілшілер сөз бұрмалау дегенді қашан қояды?! Бұл – халықты, оқырманды Президентке қарсы қою! Керек десе, заңды мүшәйрамыздың мазмұнын бұрмалағаны үшін оларды мен сотқа беремін! Сонда Елбасы халыққа қарсы жұмыс істеп жатыр ма?! Президент «халық жауы» ма?! Менің ойымша, барды бар, жоқты жоқ деп айту керек. Біздің кейбір журналистер қисық сөйлеуге, бұра тартуға бейім тұрады.

**– *Адам өмірде сүрінбей тұрмайды. Сондай сүрінген сәттерді не нәрсеге сүйенесіз?***

– Сүріну деген үлкен ұғым – біреуге қиянат жасау, өмірден таяқ жеу, істі болу. Менің ондай сүрінген жерім жоқ. Біреудің көңілін қалдыруды сүрінгенге жатқызбаймын. Құдайға шүкір, бүгінге дейін осынша жетістіктерге жетсем, сол сүрінбей келе жатқанымның арқасы шығар.

**– *Арагідік арнау, толғаулар жазып жүрсіз. Солардың ішінен әсіресе «Бәйтерек» атты поэмаңыз, «Елбасы» атты толғауыңыз ел ішінде әрқилы әңгімелер туғызды. Елбасының өзі поэмаңыз бен толғауыңызды қалай қабылдады?***

– «Бәйтерек» атты поэмам 2002 жылы жазылды. Елбасы бұл поэманы оқыды. 2004 жылы қабылдауында болғанымда алғысын айтты. Шынында да, бұл – тәуелсіздік туралы толғау. Тәуелсіздікті, Астананы жырласақ, одан Елбасын бөліп қарай алмайсың. Осы шығармамды оқымаған кейбір жандар «Ой, сен сарай ақынысың! Сен жағымпазсың!» дейді. Біле білсе, сол поэманың ішінде Елбасына ой салатын нәрселер өте көп. Қараңыз:

Жеткізбес Құдай сүйсе баққа кімді,  
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.





Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла, қазақ,  
Тәуелсіз Президентің атқа мінді!

Ошақтың үш бұтындай үшкіл қазақ,  
Ел болып, еңсе көтер, күш қыл, қазақ.  
Сырдың бүйрегіндей бытырасаң,  
Қашанда көрер күнің мүшкіл, қазақ!

Жасайды өз дегенін озған заман,  
Құбылып, қылаң ұрып, көзді алдаған.  
Тау құлап, орман қурап, теңіз көшер,  
Тағынан Тәңір ғана қозғалмаған.

Өмірдің ажыратпай ақ-қарасын,  
Шарадай шайқаған көп шақша басын.  
Әлек боп ел басқару әркімге оңай,  
Халыққа көсем болу – патшаға сын!

Елбасына арнаған толғауымның бары рас. Бұл – менің өз ұстанымым. Елбасы менің шығармашылығымнан хабардар. Кітаптарымды оқып, жазған хаты бар, сондықтан бұл шығарманы сан саққа жүгіртудің қажеті жоқ. Қазір қазып айтатын, көріп айтатын, тереңдеп айтатын сыншылар жоқ. «Ит жоқта шошқа үреді қораға, би жоқта құл жүреді жораға» дегендей, әдеби сыншылардың жоқтығынан көрінген журналист әдебиетке билік айтатын болды. Өздері кітап оқымайды. Оқымаған соң, поэзияның табиғатын түсінбейді. Ел аузындағы өсек сөзбен жұмыс істейді. Қазақша айтқанда, аузына келгенін оттайды. Бұл – ұят.

– *Досыңыз көп пе, әлде жауыңыз көп пе?*

– Досым көп сияқты еді. Бәйгеге түсіп, атағым шығып еді, аяқ астынан көре алмайтындар көбейіп кетті. Қазақтың



қазақпен жауласып жүруі қайбір жақсы дейсің?! Мен ешкімді жау тұтпаймын. Өкпелеуім мүмкін. Осы бәйгеге түскенімде маған қиянат жасап, арыма тигендер де болды. Оларға жауап қайтармадым. Өйткені олар – тыраштар. Әйтеуір бір ретін тауып, қауып қалғысы келеді. М. Әуезов айтыпты деген бір сөз бар: «Ит қапты деп мен қапсам, аузымда не қасиет қалады?» Яғни, «ит үреді, керуен көшеді». Уақыт бәрін орнына қояды. Мен ондайлармен айтысып-тартысқанша, уақытымды шығармашылығымға жұмсағанды қош көремін.

– **«Сарай ақыны» дегенге ренжіген шығарсыз?**

– «Сарай ақыны» деген ұғым ол басқа. Сарай ақыны патшаның жанында, сарайдың ішінде отырады. Жалақысын алып... Мысалы, баяғы Науаи, Хафиздер сарай ақыны болған. Олар патшаның қамқорлығында өмір сүрді. Бұқар да – сарай ақыны. Өлісі бар, тірісі бар, кешегі Кеңес өкіметін, компартияны, Ленинді жырламаған ақын жоқ. Бұл тұрғыдан қарайтын болсақ, кешегі Жамбыл, Жұбан, Мұқағали, Қасым, Сәкен, Қадыр, Әбділда, Сырбай, Ғафу, Тұманбай, Мұзафар, Фариза және т.б. барлығы сарай ақыны болып шығады. Тәуелсіздік, Астана, Елбасы туралы бір-екі шығарма жазған мен ғана сарай ақыны боламын да, басқалары Махамбет бола ма?! Бұл қыпқызыл жала ғой. Оттамасын олар!..

– **Өз ұлтына қызмет ету деген ұлы мұратты қалай түсінесіз? Сіз ұлтыңызға адал қызмет етіп жүрсіз бе? Өмірлік кредоңызды білуге бола ма?**

– Мен шығармаларыммен ұлтыма қызмет етіп келемін. Бүкіл шығармашылығым тәуелсіздікке арналған. Ұлт – біздің жанымыз, өміріміз, болашағымыз. Ұлтыңнан, еліңнен, жеріңнен, тіліңнен айырылған күні азамат болып өмір сүрудің қажеті жоқ.

Егер тілім ертең болса құрымақ,  
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ! –



деп Расулдың жазатыны бар ғой. Мен күллі ғұмырымды ұлтыма арнап келемін.

Менің шығармаларымды сүзіп оқығандар өмірлік кредомды көре алады. Менің кредом – өле-өлгенше халқыма, еліме қолымдағы қаламыммен қызмет ету.

**– Ұлтымыз ұлықтаған ақын ретінде сізді не алаңдатады?**

– Мені ұлтымның, тәуелсіздіктің тағдыры алаңдатады. Жаһандану жан-жағын жайпап келеді. Тіліміздің, ұлттық қауіпсіздігіміздің мәселесі қалай болады? Ұлт болып қаламыз ба? Кейінгі ұрпақ қандай арнада, қандай бағытта тәрбиеленеді? Олар ертең ел мен жерге, ата салтымызға, әдебиет пен өнерімізге ие болып қала ала ма? Алдағы елу-жүз жылдан кейін қандай күйде дамимыз? Менің алаңым – осы.

**Төлен Тілеубай.**

«Жұлдыздар отбасы» журналы.

№24, 2012 жыл





## «ДӘУРЕН-АЙ» – АҚАҢНЫҢ ӨЗ ТАҒДЫРЫМЕН ӨЗЕКТЕС ӘН

Алаштың арда туган абыз ұлы Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 70 жыл, есті ғұмырдың естелікке айналғанына – 3 жыл. «Еркіңе бағынбас асау арманын» алып ұрған сұм тағдыр Ақаңды «іздесең табылмас» сартап сағынышқа айналдырды. «Атқан оқтай, шапқан аттай» жүйрік уақыт сол сағынышымызды ұлғайтып, Ақселеу сынды тұғырлы тұлғаны асқар шыңға да айналдырып барады. Тау алыстаған сайын биіктей береді екен.

Ақаң арамыздан алыстаған соңғы үш жылда ол туралы жазылған естеліктер қобыз кеуделі абыз тұлғаның мәңгілік ғұмыры басталғанын дәлелдеп-ақ жатыр. Ақаң қазасына Алаш-Анасы аңырап, барша қазақ жұрты қамықты. Ұлтының жоғын іздеп, барын түгендеген перзентінен көз жазған «боз жусаны омырау қаққан Сарыарқасы», жазиралы Жаңаарқасы бүгін гана сабырға келіп, біртуар ұлының 70 жылдық мерейтойына сауын айтып жатыр.

Ақаңның өзі көрмеген 70 жылдық мерейтойы қарсаңында соңына ерген рухани інісі, қазақтың талантты ақыны Несіпбек Айтұлына телефон шалып, аз-кем сұхбат құрған едік. Байланыс желісі арқылы байыпты күйінде түсе қалған сол сұхбаттың қаз-қалпындағы желісін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

**– Несіпбек аға, Алаштың Ақселеуімен үзеңгілес жүріп, рухани інісі болдыңыз. Бүгінгі естелікке арқау болар сол ұлы достықтарыңыз қай жылдары басталып еді?**

– Ақаңмен таныстығым өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70-жылдарының басында басталды. Біз – ол кезде қарашаңырақ ҚазМУ-дің журналистика факультетінің студентіміз. Ақаң Қарағандыда қызмет істейді екен, «Лениншіл жастың» сол облыстағы меншікті тілшісі болып. Ақаңның



Арқадан жазған ойлы дүниелерін іздеп жүріп оқитынбыз. «Лениншіл жасқа» Ақаңның өнер, мәдениет, тарихқа қатысты көлемді туындылары апта сайын шығып тұрады. Болашақта журналист болам деген арманның жетегінде жүрген біз облыстардағы меншікті тілшілер арасынан осы Ақаңның белсенділігіне қайран қалатынбыз. Жиі жазады. Көп тілшілер ақпаратпен шектеліп жатқанда, Ақаң тереңінен толғап жазады. Жүрсін Ерман, Тілеуқабыл Байтұрсын, Әбусаттар Тұрғанбеков, Самат Жүнісов секілді Қарағандының жігіттері қазақ журналистикасының қара нары Рамазан Сағымбековті төңіректейді де, біздер, семейліктер – Тұрсын Жұртбай екеуіміз Рымғали Нұрғалиев ағамызды арқа тұтамыз. Ақаң осы кісілерге жиі келеді. Рухани достықтарына сыртынан сүйсініп жүреміз. Бұл кісілердің қазақ руханиятының бір-бір алыбы болатыны сол кезде-ақ айқұлақтанып тұратын.

Кейін Ақаң «Социалистік Қазақстанға» бөлім меңгерушісі болып ауысып келді де, Алматыдағы рухани ортаның нағыз серкелерінің біріне айналды.

Мені Ақселеу ағамен жақынырақ қазақ әнінің қайталанбас дүлдүлі марқұм Жәнібек Кәрменов таныстырып еді. Ақаң Жәнібекті эфирде де, өмірде де жанынан қалдырмайтын. Ақаң жүрген жерде домбырасын арқалап Жәнібек жүреді. Естеріңізде болар, сол жылдары «Жәнібек ән салады, Ақселеу тамсанады» деген әңгіменің жиі айтылғаны.

1982 жылы Ақаң 40 жасқа толып, «Ақаң келді қырыққа» деген толғау жаздым. Сол күні Ақаңның үйінде болып, Оралхан Бөкей, Кәдірбек Сегізбаев, Бексұлтан Нұржекеев сынды белгілі қаламгерлер – өздері айтпақшы «жетімдер» бас қосып, шағын дастарқан басында 40 жасын атап өтті. Сол отырыста мен әлгі толғауымды оқып, мақтауды ұната қоймайтын Ақселеу ағам сол бір шағын ғана пейілімді жылы қабылдап еді.

Жалпы Ақаң жан-жағына шапағатын тигізуге асығып тұратын абзал жан еді. Өзінің шығармашылығын ысырып қойып,



соңындағы інілерінің шығармашылығын қадағалап, тапсырма беріп, олардың кітабын шығаруға көмегін тигізіп жүретін. Таланты – телегей, өресі – биік, тұнығы – терең жан ғой, өзіне де, өзгеге де уақыт табатын. Маған әлем әдебиетінің классиктерін аударуды жиі тапсыратын. Ақаңның ықпалымен біраз аударма жасадым. Шындығын айту керек, кейбіріне шамам келмесе, кейбіріне уақыт таппадым.

**– Байқауымша, Сізді Ақаңмен таныстырған Жәнібек Кәрменов, ал рухани тұрғыдан жақындастырған ән секілді. Басқасын былай қойғанда, Ақаңның «Дәурен-ай», «Сарыарқа» атты екі танымал әнінің сөзін жазған өзіңіз. Бастама кімнен болды?**

– Рас, Ақаң екеуіміздің аға-іні ретінде сыйластығымыздың дәнекері – адами болмысымыз да, шығармашылық байланысымыздың алтын көпірі – ән. Өзіңіз айтқан екі ән – «Дәурен-ай» мен «Сарыарқа» Ақаң екеуімізді ажырамас біртұтас әлемге айналдырып жіберді.

Мен Ақаңның «Дәурен-айына» дейін де әнге сөз жазып жүргем. Алғашқы туындымның бірі – семейлік сазгер, марқұм Мейрамбек Жанболатовтың «Ән-домбыра» әні. Тамаша ән. Мақтанғаным емес, сөзі де үйлесім таба кетті. Жақсы дүниеге құлағы түрік жүретін Ақаң осы әнді естігеннен кейін Жәнібек екеуімізді шақырып алып, «Дәурен-айдың» сазын тыңдатты. Ақаң бұған дейін Ақтанбердінің «Күлдір, күлдір кісінетіп» толғауына мақам жазған болатын. Әрине, «мақамы менікі» деп айтқан емес. Көп иірімін Сүгірдің «Ыңғайтөкпе» күйінен алғанын айтып, «Ақтанбердіні насихаттау үшін осылай жасау керек болды. Бұл толғауда қазақ халқының асқақ рухы бар, ол рухты қағаз бетінен екінің бірі оқи бермейді. Халықтың мұңын да, шерін де, рухын да ғасырдан-ғасырға жеткізіп келе жатқан домбыра ғой. Ақтанбердінің «күлдір, күлдір кісінеген» рухын халықтың көкейіне жеткізудің бір жолы – оны рухты мақаммен орындау керек» деп отырушы еді жарықтық.

Сонымен, Ақтанбердінің толғауынан кейін «Дәурен-ай» келді өмірге. Маған «Осының сөзін өзің жазсаң қайтеді?» деген ұсыныс айтты. Мен келістім. Бірақ «Дәурен-айға» сөз жазу өте қиын болды.

Тыңдап жүрсіздер ғой, бұл әннің алғашқы екі жолынан кейінгі бөлігінің бәрі – қайырма. Құрылымы өте күрделі ән. Буынды ойнату керек. Алайда ұйқасты сақтау – шарт. Оның үстіне әннің табиғатын танып, идеясын игеріп тұрған маған жеңіл сөзбен өріп шығуға әсте болмайды. Сөйтіп қиналдым. Бір ай жүріп, алғашқы нұсқасын дайындадым. Оны Ақаң, Жәнібек үшеуіміз отырып ұзақ талқыладық. Кейбір жерлеріне «Мына жері былай болса қайтеді?» деген емеурін жасады Ақаң. Ақаңның талғамын таңғалдыру мүмкін емес. Дегенмен елең еткізген жері болды-ау деймін, ән мәтінін қабылдады. Тұңғыш рет Жәнібек орындады. Радио, телевидение жазды. Бірақ бұл ән Жәнібек орындаған алғашқы нұсқасында «Жастықта не көрсең де жарқын екен, Әр күнің ат басындай алтын екен» деп басталады. Кейін Ақаңның ұсынысымен «Самғаған аспанында сары даланың, Сағындым бозторғайдың салған әнін» деп өзгерттік. Қазір осылай орындалып жүр.

Жалпы «Дәурен-ай» – Ақаңның өз тағдырымен өзектес ән. Қараңыз, «Еркіңе бағынбас, Асау арман-ай!» деп бұлқынған ән «Аспандап алатын, Асқақ қанатым, Саған да кез келер – Тыным табатын» деп шырылдайды. Тура өз өмірін, талдауға келмейтін тағдыр жолын әнмен өрнектеген.

**– Ақаңның «Сарыарқасының» да сөзін Сіз жаздыңыз. Осы әннің авторлары мен орындаушысы кезінде «ұлтшылдық» сарынымен қудаланды деген әңгіме шындыққа жанаса ма?**

– Иә, бұл әннің сөзіндегі «шер-күйігім» деген тіркес бізге пәле болып жабысты. Ән мәтініндегі «Кермиығым, Жезкиігім, Шер-күйігім – Сарыарқа» дейтін қайырманың емеуірінін, елең талдамақ түгілі, сөздің мәнін білмейтін «үш әріп» түсініп



қойып (әрине, әлдекімдердің ықпалымен), соңымызға түсіп берді. Алғашында осыны Жәнібек марқұм айтып еді. «Осы жерін өзгертсек қайтеді? Осыны бізге айтқызбайды-ау...» деген сезікті пікір «Сарыарқаның» алғашқы орындаушысы Жәнібектен шыққан. Содан біз бұл иірімді, ән салмағын жеңілдетіп жіберсе де, «Сөз түйінім» деп өзгерттік те, ресми сахналарда осылай орындалып жүрді. Алайда жиын-тойларда, бейресми басқосуларда «Шер-күйігім» болып айтылатын. Сол пәле болды бізге. Сөйтсек, біздің осы «ұлтшылдығымыз» ортамыздағы кейбіреулердің аузымен «үш әріпке» жетіп жатады екен. Оны біз қайдан білейік. Әсіресе Желтоқсан оқиғасы тұсында «Халықтың «шер-күйігін» әнге қосып, жастарды арандатқан сендерсіңдер» деген желеумен біраз әуреледі.

**– Ақаңның «Дәурен-ай» мен «Сарыарқадан» басқа әні бар ма? Болса, олар неге осы екеуіндегі танымал бола алмады?**

– Бар. Ақаң кейін Астанаға көшіп келгеннен соң, еңселеі елордада Есілдей толқып, біраз ән жазды. Бірқатарының сөзін мен жаздым. Бірақ олар жарыққа шыға алмады. Неге әншілерге бермей жүргенін сұрағанымда, «Е-е... «Дәурен-айым» мен «Сарыарқамдай» құлпыртатын Жәнібегім жоқ, ол әндердің жолы бола қоя ма?! Рухты ән үлкен сахнаға жолдама алу үшін оның тұсауын Жәнібек кесу керек. Сонда ғана ол әннің ғұмыры баянды болады» деп мұңаятын.

**– Сонда ол кісі Жәнібек Кәрменовтен басқа әншіні мойындамады ма?**

– Жоқ, олай емес. Мойындады. Ақаң Қайрат Байбосыновты керемет бағалайтын. Бекболат Тілеуханды да.

Екеуінің әншілік талантын тамсана әңгімелегенін талай мәрте өз құлағыммен естідім. Әсіресе Қайрат пен Жәнібекті бөле-жармайтын. Бірақ Ақаң үшін Жәнібек марқұмның жөні бөлек болды. Мүмкін, әр әншінің орындау стилі әрқилы





болатындықтан шығар. Ақаңның табиғатына да, талғамына да Жәнібектің орындау мәнері қолай келсе керек. Сондай-ақ жаңа әніне орындаушы таңдаудағы талғамын қазақы ырымшылдығы шығар деп ойлаймын.

Дүниеге келген нәрестеге ат қоюда да, тәй-тәй басқан сәбидің тұсауын кестіргенде де ырымдап, жолы жақсы адамға бұйымтай жасайтын халықпыз ғой. Ақаңның да жаңа әнді жарыққа шығаруда, оның тұсауын кесуде таңдауы Жәнібекке түсуші еді. Енді, міне, Ақаң да, Жәнібек те жоқ ортамызда. Талғамы зор тыңдаушыға жетпеген өрелі әндер жатыр Ақаңның мұрағатында.

**– Ән сарыны құлағыңызда шығар, сөзі – қолыңызда. Неге өзіңіз жарыққа шығармасақ?**

– Әнге сөз жазғаным болмаса, музыкаға шорқақтауым. Менің орындаушы таңдаудағы талғамым Ақаң талғамының ширегіне келмеуі де мүмкін. Сондықтан батылым бармай жүр. Ал орындаймын деген әнші болса, құлақтағы сарыны ғана емес, Ақаң әндерінің нотасы алты томдық таңдамалы жинағына енген.

**– Сіз сөзін жазған Тұрсынжан Шапайдың «Дарига-дәурен», «Арман-ай» әндерін жетесіне жеткізе орындап жүрген Рамазан Стамгазиевке ұсыныс жасап көрдіңіз бе?**

– Рамазанның әншілік шеберлігін Ақаңның өзі де мойындап кеткен. Алайда Ақаңның әндері Рамазанның «оң жамбасына» келмеді. Рас, Рамазан – талантты әнші. Дегенмен, жақсы әннің табиғаты орындаушымен үйлесім тапқанда ғана ән ғұмырлы болады деген қағида бар емес пе?!

**– Рахмет!**

**Ерсін Мұсабеков.**

«Орталық Қазақстан» газеті.

23 тамыз, 2012 жыл





## «ӘДЕБИЕТ ӨШТІ, ТОҚЫРАП ҚАЛАДЫ» ДЕГЕН ҰРАНДАРҒА СЕНБЕЙМІН

– «Қазақ әдебиетінің алтын дәуірі өтті» деген пікірді біраз адамдар айтып қалып жүр. Жалпы «Алтын дәуір» дегеннің өлшемі не? Әдебиетке жасалған қамқорлық па, жоқ, әлде көп таралыммен шыққан кітап па? Әлде талантты ақын-жазушының өз заманынан озып шыққан бірегей шығармасы ма?

– «Алтын дәуір» деген ұғымға біржақты қарауға болмайды. Қазақтың рухы сынбаған, ерлігі асқақтаған жыраулар заманында да әдебиеттің алтын дәуірі болды. Одан кейін Абай заманынан бері, қызыл үкімет орнағанға дейін де әдебиеттің биікке құлаш ұрған тұсы болды. Ал бүгінде көп айтылатын алтын дәуір 1937-38, 1950 жылдардан кейінгі бұралаң уақыттан соң орнаған «жылымық заманмен» бірге келді. Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев сынды ақындар лириканы ала келіп, ел жер жайын жырға қосты.

Бірақ осы тұста Кеңес өкіметі өз идеологиясы үшін әдебиетті қатты пайдаланды. Соған сай кең жол ашты деуге болады. Кітап шығару, аударма мәселесі алға озды. Мысалы, Пушкин, Лермонтов, Толстой, Тургенев, Чехов секілді орыс классиктері түгел аударылды. Бұл қатардан әлем классиктері де қалған жоқ. Бауырлас түркі жұртының әдебиетін де қазақ тілінде кеңінен оқуға мүмкіндік туды.

Ол тұста ел-елді аралау, халықпен кездесу секілді әдебиетті насихаттау жұмысы қарқынды атқарылды. Жалпы ақын-жазушыға жан-жақты жағдай жасалғаны белгілі. Осы кезде проза жанры айтарлықтай дамыды, үлкен-үлкен романдар өмірге келді. Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ахтанов, Хамза Есенжанов, Ілияс Есенберлин, Ғабдол Слановтар кесек туындылар әкелсе, олардың ізін баса Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин,



Сайын Мұратбеков, Дулат Исабеков, Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкеев, Төлен Әбдік, Дүкенбай Досжан, тағы басқа толып жатқан жазушылар прозада екпінді еңбек етті. Олардан кейін Әлібек Асқаров, Дидахмет Әшімхан, Марат Қабанбай, Қуандық Түменбей, Рахымжан Отарбаев және өзге де талантты жазушылар әдебиет көгінде еркін қанат қақты.

Әсіресе әдеби сын жақсы дамыды. Керемет сыншылар қалыптасты. Серік Қирабаев, Рымғали Нұрғали, Қалжан Нұрмұханов, Зейнолла Серікқалиев, Зейнолла Қабдолов, Сағат Әшімбаев, Төлеген Тоқбергенов, Сайлаубек Жұмабековтер сын жанрын биікке көтерді.

Қазір балалар әдебиеті қалт-құлт еткен күйге түсті. «Балдырған» журналын біреу алып, біреу алмайтын жағдайда. Ал ол тұста балалар әдебиетіне, балалар жазушысына жақсы көңіл бөлінді. Жақан Смақов, Әнуарбек Дүйсенбиев, Мұзафар Әлімбаев, Сұлтан Қалиев, Өтепберген Ақыпбеков, Бейсебай Кірісбаев, Ермек Өтетілеуов, Ескен Елубаевтар балалар әдебиетіне қалам тартты. Менің өзім де бұл салада біраз еңбек еттім. Бұлардың бәрі балалар поэзиясын өркендеткен қаламгерлер болса, балалар прозасында Бердібек Соқпақбаев, Танаш Дәуренбеков бастаған классиктерді айтуға болады. Тіпті балалардан бір саты жоғары жасөспірімдер әдебиеті де өз бағытын қалыптастырды. «Жалын» журналы ашылды, «Лениншіл жас» газеті жұмыс жасады. «Жігер» деп аталатын фестиваль өтіп тұратын. Ауыл-ауылдан таланттарды іздеп жүріп тауып алушы еді. Ондай жастар жарқ етсе, үлкен-кіші ақын-жазушылар оларды көп болып қолдайтын. Поэзияға Өтежан Нұрғалиев, Қанипа Бұғыбаева, Тұрсынзада Есімжанов, Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаевтардың келуі үлкен оқиға болған десек, артық емес.

Бүгін әдебиеттің жағдайын ол заманмен салыстыруға келмейді. Қазір ұрпақ алмасты, қоғам технологияның жетегінде



кетті. Бүгінгі балалар анасынан туа сала теледидарға телміріп, компьютер мүжиді деуге болады. Ол заманда теледидар, компьютер жоқ. Менің өзім теледидарды 17-18 жасымда Шұбартауда көрдім. Кітап культ болды. Жұрт жаппай кітап оқитын. Аудан, колхоз, совхоздың орталықтарында кітапхана бар еді. Кітап саудасының жүйесі кәсіподақтар арқылы жолға қойылған. Бүгінгі іс басында жүрген, ана тілін онша дұрыс білмейтін азаматтар ол кезде мектепте еді, ал қазақшаға жүйрік басшы, мемлекеттік кадрлар көп болды. Өзінің ана тілін білмейтін ұрпақ көбейсе, ұлттық әдебиеттің тынысы тарылатыны мәлім.

*– Әр заманның әдебиетінде өзінің алтын дәуірі болары анық. Қазір жас ұрпақ технологияға ауып, әдеби шығармаға елеусіз қарап жүр десек те, осы ХХІ ғасырдың әдебиеті толықсыған кезеңіне жететін, яғни алтын дәуірін бастан кешетіні белгілі, сіздіңше, ол қалай қалыптасады және уақыты қашан келуі мүмкін?*

– Бұған дәл басып, сәуегейлік айту қиын. ХХ ғасырда әдебиет бүтіндей бір алтын дәуірге қолы жетті деуге де келмейді. Ол кезде әдебиет таптық тұрғыда қаралып, социалистік реализмнің рамкасына салынды. «Абай жолын» жазған Мұхтар Әуезовтің ішінде де талай дүние тұншығып бірге кетті ғой. Партияның әнін әндетіп, саясаттың шашбауын көтерген талай туынды бар. Амалсыздан өмірге келген ондай шығармалар алыс болашаққа жетеді деп ойламаймын. Келер ұрпақ оның ішінен талдап-таразылап өз керегін алады.

Ал ХХІ ғасыр – әдебиеттің нағыз алтын дәуірін жасайтын шын еркіндіктің заманы. Тәуелсіздіктің арқасында бүгінгі ұрпақ осындай бақытқа қолы жетіп отыр. Бұл кезең жаһандаудың келе жатқанымен қорқытса да, қазір бұрынғыдай емес, ауыздан қақпақ, бастан тоқпақ алынды. Қалай жырлап, қалай жазамын десе де әрбір шығармашылық иесінің өз еркінде. Мен «Әдебиет

өшті, тоқырап қалады» деген ұрандарға сенбеймін. Халық бар жерде әдебиет онымен бірге жасайды. Бірақ бір қауіп бар, ол – тіл мәселесі. Егер қазақ тілін сақтап қалып, оны ұрпақтың бойына сіңіре білсек, алаңдаудың қажеті жоқ. Бүгінгі балалар мен жастар тек ауызекі тілде ғана сөйлеуге дағдыланып барады. Олар кітап оқымаған соң әдебиеттің нәрін бойына дарыта алмайды.

Қазір тұрмыс та өзгерді, кешегі ауыл жоқ. Біз тілді ауылдан, ауылдағы ата-әжелерден үйренгенбіз. Бүгін ол орта алыстап барады. Көне сөздердің көбін бүгінгі жастар ести бермейді. Сондықтан әдебиет бір тоқырайтын болса, осы тілден тоқырайды. Ал тіл жоқ жерде ұлттық әдебиет болмайды. Мүмкін, біздің таланттар келер ғасырда ағылшын, болмаса басқа тілде жазатын шығар, бірақ өзінің тілінде жазылмаған әдебиет ұлттық әдебиет бола алмайды. Бір қорқатыным осы болса, бір үміттенетінім де сол болашақ ұрпақ.

Қазір сәбилеріміздің басым бөлігі қазақ балабақшасына барып, балалар қазақ мектебінде оқуда. Жастардың да ұлттық намысы ояу. Оның үстіне оңтүстік облыстарда ұлттық болмысын сақтап қалған ордалы қазағимыз отыр. Сырттан келіп, қазақтың елдік ерекшелігіне жаңа бет-бейне дарыта түскен қандастарымыз да көп. Солтүстік облыстағы қазақтардың да өз тамырына оралуға деген талпынысы жақсы. Осының бәрін дер кезінде қолдап, балабақша мен мектепте ұлттық әдебиетіміздің нәрін ұрпақ бойына ұтымды қондыра білсек, осы ғасыр әдебиетінің алтын дәуірі болатынына және оны жасайтын таланттар көптеп шығатынына сенемін.

**– Әдебиеттегі жаңалық, жаңа идея дегенді қалай түсінесіз?**

– Жаңалық деп жұрт айтып жатады. Меніңше, аспаннан жаңалық түсе қалмайды. Қазақ әдебиетінде тұтас бетбұрыс жасаған адам Абай екенін білеміз. Біздің жастар көп оқиды, әлем классиктерінен бас алмайтындары да жоқ емес. Сосын олардың әсеріне бірден шалдығады. Ең алдымен өз халқыңның



әдебиетін бойыңа сіңіріп, ұлы Абай секілді өзгеден оқыған дүниемен ұштастыру арқылы өзіндік ерекшелікке ие дүние жасай білсе ғой. Бірақ көбі олай істедің орнына, басқалардан оқығанын әкеліп, бізге жаңалық ретінде ұсынғысы келеді. Көбіне өзі оқыған шетелдік әдебиеттің ырқына көніп, айдауында кетіп қалады. Ол қайдан жаңалық болсын. Оны көзіқарақты әдебиетші қауым біліп отыр. Рас, өзгенің ерекшелігін, тың идеясын пайдалану керек, бірақ оны өз әдебиетіңді толықтырушы фактор ретінде кәдеге жаратқан нанымды болар еді.

Сосын әлемдік әдебиет деген түсінік кейде қасаң қағидаға иек сүйеп алатыны бар. Әлемдік әдебиет деген жеке бір халықтың, яғни ағылшын не орыс пен немістің, арабтың ғана әдебиеті емес, ол – бүкіл әлем халқының әдебиеті. Оның ішінде қазақ халқының ұлттық әдебиеті де бар. Біздің де асыл туынды, жауһар шығармаларымыз жетерлік. Біз кейде әлемдік әдебиетті мүлде басқа әлем ретінде танып, оны биік, зор, өзімізді қор санайтын жасық әдетіміз бар. Біз солардың ішіндеміз, алдында болмасақ та, қатарынан қалған емеспіз. Кешегі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» ғашықтық дастандары, «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» секілді батырлар жырлары – әлемдік әдебиеттің қайталанбас қазынасы.

Әлем әдебиетіндегі Абайдың орны Низамиден, Гетеден, Пушкиннен кем бе? Керек болса, мен олардан артық санаймын. Проза мен поэзиядағы талантты тұлғаларымыз да әлемдік жазушылардың ешқайсысынан төмен емес. Әдебиет бір-біріне ықпал етпей тұрмайды, алайда ұлттық әдебиетті олардың ықпалына беріп қоймай, өзіндік ерекшелігімізді әйгілей білуіміз керек.

*– Әр халық өз әдебиетін жасайды, олардың бәрі жиылып әлемдік әдебиетті құрайды. Ал біз ұлттық әдебиетімізді түзе отырып, әлемді жалт қаратар, адамзатқа ой салар үлкен идея айта алдық деп ойлайсыз ба?*

– Адамзатқа ортақ идеяны хакім Абай айтты. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейді. Осыдан артық қандай идея керек? Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар айтты бұндай идеяны. Бірі «Кел, балалар, оқылық» деп, екіншісі «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деу арқылы халықты басқалармен тең білімге, ғылымға ұмтылуға үндеді. Мағжан Жұмабаевтың халықты байлық пен құр мансапқа таласпай, елі мен жеріне ие болуға үндеген ащы жырлары әлі өз тұғырынан түскен жоқ. Коммунистік партия кезінде үлкен идея айтқызған жоқ. Тіл туралы ауыз ашудың өзі мұң болды. Бірақ ақын-жазушылар ұлттың қамын жеп, мұнын жеткізу деген үлкен идеяны тұспалдап болса да айтуға тырысты. Қазір де ұлтты сақтап қалу, тәуелсіздікті нық ұстау, мемлекетті дамыту деген идея айтылып жүр. Бұл ары қарай биіктерге көтеріле береді деп ойлаймын.

***– Астанадағы әдеби ортаның қазіргі хал-ахуалы, шығармашылық көңіл күйі қалай? Жастарға бағыт-бағдар беріп, түрлі әдеби шаралар ұйымдастыру барысы туралы айтып өтсеңіз?***

– Кейде жастар арасында бізге көңіл бөлмейді, бағыт беріп жетелемейді деген пікірлер айтылып қалады. Менің ойымша, әдебиетте ешкім ешкімді жетелемейді. Әр талант әдебиетпен бетпе-бет қалады. Әркім өз тағдырын өзі шешеді. «Сүйреп қосқан тазы түлкі алмайды» деген сөз бар. Әдебиет топтасып, ұйымдасып, белгілі бір науқан, шарамен атқарылатын дүние емес, оны әркім жеке жасайды. Әр жеке талант – өзінше бір әлем.

Ал таланттарды танып, оларға әлеуметтік тұрғыдан жәрдем беру бір басқа. Кітаптарын шығарып, тұсаукесер рәсімін жасау істері бөлек әңгіме. Біз Жазушылар одағының Астанадағы филиалымыз, мүмкіндігіміз шамалы. Жеке ғимаратымыз әзірше жоқ. Қайта Ұлттық академиялық кітапханаға Әлібек Асқаровтың



директор болып келгені жақсы болды. Көптеген шаралар сонда өтіп жүр. Кейде өзім отырған Сәкен Сейфуллин мұражайында өткіземіз. Жазушылар одағы өз күшіне сүйеніп өмір сүріп жатыр қазір. Кеңес кезінде ол үкіметтің бюджетіне кіргізілетін еді. Меніңше, бүгінгі күні де Жазушылар одағы сынды үлкен шығармашылық мекемені мемлекеттің бюджетіне қосу керек. Мұндай тәжірибе Қытай сияқты елдерде бар.

Бүгінгі күні Сырбай Мәуленов, Мұқағали Мақатаев, Сафуан Шаймерденов, Оралхан Бөкей, Марат Қабанбай сынды дарынды қаламгерлер мен ұмытылыңқырап бара жатқан жазушылардың көптомдығы шығып жатыр. Жастар әдеби кештерін өткізіп жатады сол кітапханада. Ал жастарға Кеңес Одағы кезіндегідей үй беру біздің қолымызда емес қазір. Ол – мемлекеттің шаруасы. Қиналып жүрген жастарды қолдап, хат жазуға, көмек сұрауға дайынбыз. Жазып та жатырмыз, бірақ одан келіп жатқан пайда шамалы.

Бүгінгі күні аз болса да жастардың кітабы шығып жатыр. Керемет талант едім, кітабым шықпай жүр десе, жазған дүниесін алып келсін. Жыл сайын Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасымен таралымы аз болса да жастардың көбі кітаптарын оқырманға ұсынып жүр. Дегенмен, кешелі-бүгінгі жастардың арасынан кереметтей бір тау қопарып, тас жаратындарды байқай қойған жоқпын. Талантты қыз-жігіттер бар.

**– Бүгінгі күні шетелдегі қазақ әдебиетімен байланыс, шығармашылықпен алмасу жағы қалай?**

– Кеңес кезінде көршілес елдермен, одақтас республикалармен әдеби байланыс өте мықты еді. Әсіресе татар, қырғыз, өзбек әдебиетімен тығыз қарым-қатынас орнаған. Екі жақты әдеби күндер жиі өтетін. Әр республикамен келісіп, өзара шығармаларымызды кезегімен аудару ісі де жақсы дамыған болатын. Қазір осының бәрі тоқтап, біз томаға-тұйық, өзімізбен-өзіміз қалдық.



Ал Қытай қазақтары мен Моңғолия қазақтарының әдебиеті – қазақ әдебиетінің үлкен бір бөлігі. Дегенмен, екі арада ресми байланыс жоқ, тек келіп-кетіп жүрген ақын-жазушылар арқылы хабар-ошар, хал-жағдай білу деңгейіндегі қарым-қатынас қана бар.

**– Әңгімені айтыс тақырыбына бұрсақ. Қазір айтысты белгілі бір мекемелер қолына алып, солар ұйымдастырып, жүргізе бастады. Сіздің ойыңызша, қазақтың айтыс секілді ұлттық құндылықтары саясаттың қолшоқпарына айналып кеткен жоқ па?**

– Айтысты Сұлтан Оразалин ағамыз кезінде телевидениеде мен бастап жүргізген едім деп жүр. Оны кейін Жүрсін Ерман сынды азамат жалғастырып, биікке көтеріп әкетті. Айтыстың тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, жұрт кітап оқымай кеткен уақытта халыққа тигізген әсері мол болды. Айтыс біздің рухани әлеміміз үшін үлкен қызмет атқарды. Соның арқасында талай таланттар шықты.

Алайда осындай биік дәстүрді тым жадағайлап, көрінгеннің әкесінің асын берсе де айтыс өткізіп, қадірін кішкене кетіріп алдық. Қазір айтысты «Нұр Отан» партиясы қолға алып, оны мемлекеттің саясатын насихаттауға пайдаланып жүр. Бұл қажет те шығар. Бірақ, менің ойымша, айтысты топырлатып, тым жиі өткізуге болмайды. Өйткені айтыскерлер бірімен-бірі келісіп алып, оны шоуға айналдырып бара жатыр. Сосын жоспарлап айтысу дегенді мен онша қабылдай алмаймын. Баяғыдағы Сүйінбай мен Қатағанның айтысындай, кезіккен жерде суырып салып айтысса, бұл өнер сонысымен қызық. Солай болған да. Айтыс ұлы өнер болғандықтан оны саясиландыруға болмайды.

Кейде айтыста билікке қарсы айтылған ащы ойлар бұл өнерді тізгіндеуге әкеліп жатады. Айтыскерлер де тұра кеп бет тырнамай, салиқалы сөзбен, парасатпен ой өре білуі керек. Көркемдік жағына келсем, қазір сөз сұйықтанып бара жатыр.



Жалпы айтыстың керек екенінде дау жоқ, алайда оны саяси қолшоқпарға айналдыруға болмайды.

– *Бүгінгі шығармашылық жұмысыңыз қалай? Жоспарларыңызбен бөлісе отырсаңыз.*

– Қазір Мағжан Жұмабаев туралы поэма жазып жатырмын. Жекелеген өлеңдер де түртіп қоямын. Алдағы уақытта Боранбай би туралы жазсам деген ой бар. Мен балалар туралы да қалам тарттым, біраз аударма да жасаппын, арнау өлеңдерім, әнге арналған өлеңдерім де көп екен. Енді соның бас-аяғын жинап, том қылып қойсам деп жүрмін, реті келгенде шыға жатар. Өзімнің жазған мақалам, мен туралы жұрттың жазған дүниелері де бар, бәрін қосқанда жеті-сегіз том болатын секілді. Соларды реттеудің өзі маған үлкен жұмыс. Ондай ұқыпты адам емеспін, кейбір сақталмай қалған дүниелерді кітапханадан жинастыруға енді кірістім. Жас болса келіп қалды, бәрін реттестіріп қойған артық болмас деп ойлаймын.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

*Әңгімелескен Мұрат Алмасбекұлы.*

*«Жебе» газеті.*

*16 қаңтар, 2014 жыл*

# МАЗМҰНЫ

## МАҚАЛАЛАР

Өлеңмен ерте әуестендім .....	5
Аударма: өре мен өріс .....	7
Жас ақындарда жаңалық бар ма? .....	17
Өлең өзегі – өмір .....	27
Өлең сыйлап өмірге... ..	33
Жырдың жарқын мінезі .....	41
Көкейде жүрген көп ойлар .....	49
Талант тегеуріні .....	61
1987 жыл және поэзия.....	66
Дарабоз.....	114
Жүрегі – жырдың ұясы .....	122
Майкөт ақын немесе екі өлеңнің бір тарихы .....	133
Ғасырдың көзі тірі куәгері .....	147
Өлең етіп өмірін.....	160
Есенғалидың ерекшелігі .....	176
Қарымды қаламгер .....	184
Нүкеш ақын .....	188
Шекара бойы – шытырман тағдыр .....	197
Талант табиғатымен тамаша .....	206
Қайран, Жәнібек! .....	213
Көк шапанды, көтек арбалы Керім .....	215
Мөлдір мұң.....	230
Білікті ұстаз, бірегей ғалым.....	237
Дулат ақынның қабірі қалай табылды? .....	242

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күмбезі неге құлазиды? .....	251
Шәкәрімнің дәл өзі .....	256
Кітап-ғұмыр .....	258
Ұлттың ұлы жыршысы.....	264
М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының	
С. Бегалин көшірмесі .....	274
Мұзарт Мұзағаң .....	278
Елбасының күрескерлік өмірнамасын	
деректермен сомдаушы.....	284
Биіктеп бара жатқан ақын.....	288
Ер Жәнібек неге ескерусіз? .....	292
Жыр жүйрігі .....	301
Қадыр туралы сөз.....	307
Баққожа .....	311
Төлеуғали.....	318
Тұлпар туралы толғау.....	324
Шыға шапқан жүйрік еді .....	326
Әбділда ақын .....	330
Өмірге ғашық ақын .....	333
Өлгеннен кейін біздің де кезегіміз келер .....	339
Мәселе – сыйлықта емес,	
халықтық қасиеттің қадірін кетірмеуде.....	346
Жоқтауды мен жазған едім .....	352
Қазақ жырының Хантәңірі.....	356
Қазақ жырының қара нары .....	367
Қыран текті талант еді.....	372
Бәйтеректің оқшау шыққан бұтағы .....	374
Сәкен мұражайына – жиырма бес жыл .....	376
Жарқыра, жайна, Астана! .....	385
Мұхиттан маржан сүзгендей .....	389
Қызғаншақ айғыр құнанын талайды .....	391
Сейітжан .....	402

Отаншыл рухтың ақыны.....	408
Арынды жырдың алкүреңі.....	417
Нарқызыл мен жалғыз ұл.....	430
Абайдың бас шәкірті немесе	
Сараның өз мұрасы өзіне жетеді.....	434
Әбілпейіз сұлтан және оның дәуірі туралы толымды еңбек.....	452

## СҰХБАТТАР

Ой түбінде жатқан сөз.....	465
Әннің сөзі – поэзияның маржаны болуы керек.....	480
Жастардан көп үміт күтемін.....	487
Зиялы орта қалыптасып келеді.....	493
«Байтақ елім – бәйтерегім».....	499
Жазушы мен халық арасындағы байланыс үзіліп барады .....	506
Мені тіл мәселесі, ұлт тағдыры алаңдатады .....	512
Жетім балаларды шетелдіктерге берген дұрыс па? .....	517
Ақын еліне келгенде.....	519
Саясаттан тыс әдебиет болмайды .....	528
Жастардың көзінен бір мұң көремін.....	535
Қазақтың асығы түгел болмай,	
басқаның дүниесі түгенделмейді.....	542
«Әркім өз ішінен тазару керек» .....	547
Ауылда отыра беруге болмайды.....	555
Ең ұлы ұстазым – қара өлең .....	561
«Дәурен-ай» – Ақаңның өз тағдырымен өзектес ән .....	573
«Әдебиет өшті, тоқырап қалады»	
деген ұрандарға сенбеймін .....	579

**Несіпбек Айтұлы**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

7 томдық

Жетінші том

*Мақалалар мен сұхбаттар*

Редакторы *Ботажоз Мұхиден*  
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*  
Корректоры *Айдана Сыдықбай*  
Компьютерде беттеген *Ақмарал Кадикенова*

Басуға 15.05.15 қол қойылды.  
Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 37,0.  
Тапсырыс №0137. Таралымы 2000 дана.

ISBN 978-601-302-222-2



«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13



